

БЕКТҰР ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

12015

3582к



ҒАСЫРЛАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Үсттүк сөздөмдүк
Түштүккө чыгыш
Сөздүк сөздүк.

~~Сөздүк~~ Б. Мамыраев

17.09.2015 жер.



авторские

11 2015/5200000

БЕКТҰР
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ҒАСЫРЛАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



АРЫС

Алматы
2014

821.512.122

УДК 391/395

ББК 63.5

Т 65

Жауапты редакторы
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

Т 65 Төлеуғалиев Б.
Ғасырлар құндылықтары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014.
– 416 бет + 16 бет суретті жапсырма.

ISBN 978-601-291-250-0

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бектұр Төлеуғалиев «Балдағы алтын ақ болат» және «Бас сардар» тарихи-танымдық хикаяттары мен «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесі арқылы көпке танымал. Ардагер жазушының жаңа кітабына «Ұлттық мәдениет және салт-дәстүр» атты танымдық зерттеуі, «Махамбет және Исатай» тақырыпты хикаяты, сондай-ақ үшінші бөлімде түрлі мерейлі жиындарда жасаған баяндамалары мен сойлеген сөздері, өзекті заманауи ұлттық мәселелер хақындағы мақалалары, естелік-эсселері топтастырылып отыр.

Маңғыстау өңіріне сыйлы да қадірлі Б. Төлеуғалиевтің 75 жылдық мерейтойы жақындап келе жатқандықтан кітап соңында ол туралы замандастарының жүрекжарды ой-пікірлері мен әдебиетші, сыншы мамандардың жазушының шығармашылығы туралы талдау еңбектері де жинаққа енгізілді.

Кітап ана тілі мен сөз өнерінің қадір-қасиетін бағалаушы көзі қарақты қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 391/395

ББК 63.5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

00325258

ISBN 978-601-291-250-0

© Төлеуғалиев Б., 2014

© «Арыс» баспасы, 2014

САҒАСЫ АЛТЫН НАР БОЛАТ

Бәкеңмен жүздескенімізге, ағалы-інілі болып біліскенімізге үш-төрт-ақ жылдың жүзі толыпты. Десек те бір-бірімізді баяғыдан-ақ білетіндейміз, сырмінез туыс болып кеткен жайымыз бар. Қашан кездескенше сағынысып, шұрқырасып ұшырасамыз. Бой-сойының пәстiгi болмаса алыс ауылдағы көз көрген аталарыма ұқсап-ақ тұр. Марқұм әкемнің гұмыры тым қысқа болмағанда зой, ол қалайша қартайар еді, Бәкеңдей қазыналы қарияға айналар ма еді, дабырадаңқы шығандап көпке жайылар ма еді, деп те ойлап қоямын...

Жүрек!.. Соңғы жылдары Бәкеңнің жүрегі мықтап сыр бере бастады. Емделуден кенде емес, ота да жасатты. Алланың құдіреті десеңші, қаншама мүшеңді қос-қостан жаратқан ием жалғыз-дара жүректің өзінің тірлігін ұзағырақ қылып, тозбастай қылса ше?! Мүмкін, кім біліпті, жүрек-тірек нар болаттай берік те шығар?! Оның тозуы мен озуы өзіміздің тарта алмас жүкті мойынға іліп, шыдас бермес белге салғанымыздан ба екен?! Өмір-сынақтың, керме-тірліктің колденеңдеп, көлбеңдеймейтін кезі аз ба?!

Гұмыр баяны, әсіресе балалық шағы дегенде Бәкеңнің пешенесіне жазылғаны тура «кітаптағыдай», классикалық үлгі. Жақсыдан қалған жалғыз тұяқ! Асылдың сынығы! Қайран, әке, қырмызы қызықтан құралақан, төрт жыл қан кешіп, қыршынынан қиылоды, топырақ шығандағы Польшадан бұйырды. Қайран, шеше, жалғыздың тілеуін тілеп, жетімек дегізбей, жесір-гұмыр кешті. Жоқты – бар қылғызған, азды – көп дегізген, қара нан мен қара суға қарап қалған дүние-жалған. Тірлік еткен ғана тірі қалып, өзін өзі сүйреген, өзін өзі қалыптаған заман-уақыт!

Ауданның атырабында саусақпен санарлық өкпесін сүйреткен трактордың бірін нөқталап, рөліне қонғанда кеуде керген қуаныш-мақтанышы жүлдызды уыстаған гарышкер-космановтан бір кем бе еді?! Техникум бітіргенде дүниенің оқуын тауысқандай болғанын қалай ұмытсын?! Ту десе түкірігі жерге түспейтін обком хатшылары мен министрлердің атишаптырым кабинетінің есігі алдынан айқара ашылатынын армандап па еді?! Қазағынын жеке шаңырақ

көтеріп, Ел болғанын, оның Тұңғыш Президенті-Елбасымен құшақ айқастырып, рәсім-суретке түсетінін кім болжапты!?

Пенде шіркін қызыққа тойған ба, әйтседе, адам баласы азапты да өз басына өзі тілеп алады екен. Азап емей немене, соңғы он бес жылда жазу үстелінен тұрмаса, қолынан қаламы түспесе?.. Жазушылық жолды таңдап алса, онда да желдірген желбуаз сөз қуғыншы-естелікші емес, қиынның қиыны – тарихи тақырыпты таңдап алса. Жүректі тоздыру, жүйкені жүн ету дегеніміз осы емес пе?!


Әрине, уақыты жетіп аттан түскенде жанына жақын музатұлпарды оралып келіп қайта ауыздықтаған Бәкеңсіз ақын-жазушылар арасы, қаламгер қауымы азайып та, көбейіп те кетпесі анық. Бар мәселе оның туындыларының кәсіби деңгейінің шама-шарқына, ұлан-асыр бәсеке-бәйгеде шаң қауып қалмауында болса керек. Құдайға мың шүкір, «Тұлпар бой жасырады» дейді ғой, бәкене бойлы Бәкеңнің қалам қайраты, талант-дарыны биік-биіктерден көріне білді. Қазақ әдебиеті атты ортақ қазанға олжа салған повесть-хикаяттары мен роман-эссесі көп көңілінен шықты. Құймақұлақ бала кезден тірнектеп жинаған дерек-мәліметтері, әсіресе ғұмырлық серік-досы – ана тілінің бары мен байлығына деген ыстық ықыласы, ғалам әдебиетінің әлемінде еркін жүзетін кітапқұмарлығы, зердесі мен зейіні оны соқтықпалы, соқпақты жолдан адастырмай, діттеген межесіне абыроймен жеткізді.

Сымсыз телефон қиыр-қиырдағы Алматы мен Ақтауды тез-ақ жалғайды. «Жүрек қалай, Бәке?» дейміз. «Болмай тұр ғой» дейді ағамыз. Беріштей берік, адайдай аңқылдақ ағамызды қайрап, «Жаңа жұмыс (кітап) не болды?» деуге ауыз бармай, тілімізді тістеп қаламыз. Әйтпесе екі заман куәгері, нар қоспақтың баласы тартып шығар тақырып та, ойдағы жоспар-жобалар да аз емес.

Бар болыңыз, сағасы алтын нар болаттай, ағатайым!

Ғарифолла ӘНЕС

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ
және
САЛТ-ДӘСТҮР





Тарихта жаңа кезең деп саналатын кезең болады. Ондайда белгілі бір саяси құрылыстардың ғана емес, күллі қоғамдық тіршіліктің тұтастай түгел өзгеруі талап етіледі. Біздің бүгінгі кезеңдеріміз сондай құбылыстардың жақындағандарын сездіреді. Осыдан туындайтын ұлттық мемлекет идеясы ұлттың дәстүрі мен салт-санасына, әдет-ғұрпына келіп тіреледі.

Кейбір азаматтарымыз жаһандану дәуірі басталды, ұлттық мемлекеттер тарих сахнасынан кетеді деп сәуегейлік айтады. Ал екінші ойшылдар, керісінше, кейінгі өзгерістер ұлттық мемлекеттің салт-санасының, дәстүрінің өшуі емес, өршуінің айқын көрінісі екенін дәлелдеп отыр. Ендеше адамзат қоғамында болып жатқан әлгіндей құбылыстарға байланысты біздің өз ұлттық болмысымызда, ұлттық санамызда қандай өзгерістер болуы ықтимал? Бұған жауап табу үшін өзіміздің өткен жолымызға, ұстанып келген салт-дәстүрімізге көз жүгіртпей болмайды. Ұлттық сана дегеніміздің өзі де әр адамның жеке азаматтық санасы сияқты, әр ұлттың өз тіршілігін өзі бағдарлауы, өзінің барар жерін, шығар биігін өзі белгілеуі, өзінің алдына өзі мақсат қоя білуі деп түсінеміз. Осыған орай Ә. Кекілбаев айтқандай, «Дәстүр-әдеппен, әдет-ғұрыппен, мың жылдап қалыптасқан дағдымен күресу есуастық. Бірақ оның бәрін жаңа жағдайға лайықтамай, жаңғыртпай, сол қалпында ұстануға тырысу – өз аяғыңды өзің тұсап, өз қолыңды өзің кісендеумен бара-бар».

Ендеше оның бойындағы қазір қол байлау болатындай қасиеттерді жағдайға ыңғайлап жетілдіріп, ал бұрын жасампаздығын жағдай болмағандықтан таныта алмай келген жақсы қасиеті мен тәрбиелік мәні бар дәстүрімізді қайтадан жаңғыртып, жарқыратып аша түсуді қолға алған жөн деген ойдамыз. Біздің ұлттық салт-дәстүріміз бен психологиямызда тәуір қасиеттермен қатар арылатын қасиеттеріміздің бар екенін білеміз. Олардың қауіпті де, қауіпсіз де жақтары болып келді. Қауіптенбейтін жері – ошарылып отырып қалуға, тоқмейілсіп тоқырап қалуға жол берілмейтіндігі. Қауіп шақыратын жері кеңістіктегі тұрақсыздықтың рухани тұрақсыздыққа ұрынуы, елгезектіктің ұшқарлыққа ұласуы ықтимал екендігі. Біздің жаңа заманға кішіпейілдігіміз сондай: кейде өз қоғамымызда атымен жоқ шатақтарды өзіміз іздеп таба қойғышпыз. Мысалы, отызыншы жылдары таптық қатынастар әлі кеңінен етек жая қоймаған

біздің әрқайсын қауым тап жауларын құрту жолындағы күресте басқа жұрттың бәрінен озып кеттік. Өзіміздің тамырымызға өзіміз балта шаптық. Сол сияқты жаһанданамыз екен деп өзіміздің ең жоғарғы адамгершілігімізді асқақтатып келе жатқан, адам тәрбиесінде үлкен маңызы бар салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызға да өзіміз шабуыл жасаудан сақтанған жөн.

Қазақтың салт дәстүрі мен мәдениетінің үш мың жылдық тарихының барлығына, оның түрлі жалғастық пен сыбайластық нәтижесінде кейінгі ұрпаққа, бүгінгі кезеңге қандай деңгейде келіп отыр деген ой кім-кімді де мазалайтын болуы керек. Мәдениетті ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан бөлек алып қарау, ол үлкен қателікке ұшыратады. Мәдениеттің көзі болып келген ата-бабаларымыздың бірін-бірі өте жоғары сатыда сыйлап, соның арқасында рухани құндылықтарды бойларына жинап, тұқымнан тұқымға дарыта білді. Бізге жетіп жүрген ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптың бәрі де осыны аңғартады. Қазіргі кезеңде өз ұлтымыздың мәдени деңгейін алып қарасақ көңіл толықырамайды. Мәдениетіміздің асыл мұраларын экспонат түрінде ғана көріп, шын мәнінде жастарымыз түсінбей танданатын сияқты. Батысқа еліктеушілік біздің басқа халықтардан жоғары тұрған салт-дәстүріміз бен мәдениетіміздің өресін күннен-күнге тарылтып, шектеулі ассоциация туғызуда. Әрине, қазіргі батыс елдерінің жоғары дамыған мәдениетін, өнердегі, ғылымдағы жетістіктерін жоққа шығаруға да болмайды. Солай бола тұрғанымен үлгі алуға болмайтын жағымсыз жақтары жетіп артылады. Дәл осындай біздің халқымыздың түсіне де кірмейтін көргенсіз әрекеттерді насихаттайтын шығармалардың немесе бейнетаспаға түсірілген фильмдердің ішімізге кіріп, кеңінен жайылып орын алуы, оған деген әй дейтін әже, қой дейтін қожалардың дәрменсіздігі, жастардың әулекі құштарлығының күшейуі шошынтарлық жағдайға жатады. Ал батыстың өзінде мұндай жапатармағайлықтарға жол беріле бермейді.

Қазақстан Республикасының Призиденті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы – «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында, жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің

ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қойып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек», – деген болатын.

Сондықтан да егеменді ел болып, өз тіліміз бен дініміздің тізгіні өз қолымызға берілгендіктен, мәдениетімізді жабайы көріністерінде жаңғыртуға тырысатындардың жолын бөгеп, оны ата-бабаның салт дәстүрімен суарып жандандыра алсақ қана оның ұлттық тарихи бейнесі сомдалмақшы. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтай жинақтап қазіргі жастарға жеткізу біздер үшін парыз деп түсінеміз.

Қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің жоғары екендігі дүниежүзіндегі өркениетті елдерге ертеден белгілі болған Қазақ еліне, оның салты мен дәстүріне, мәдениетіне деген қызығушылықты әріден бастамай-ақ, XVIII ғасырдан бастасақ, атақты ғалымдар В. Жуковский, В. Даль сияқтылар немесе Г. Потанин халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін таңдана қызығып жүріп, жинап жариялаған еңбектері дәлел бола алады. Немесе А.С. Пушкиннің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алып аудартуы біздің салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге деген құштарлықты байқатады.

Біздер 30-шы, 40-шы жылдары туған азаматтар ауыз әдебиетке деген құштарлығымыз мықты болғандығы сондай, жыр айтатын адамдар ауылымыздың бір үйіне келе қалса, сол маңның адамдары түгел жиналып, таң атқанша жыр тыңдайтын едік. Біздің елімізде жыр айтатындардың ішінен менің өзім көзіммен көріп, жырын тыңдаған жыршыларым: Айтқұл, Тоқсанбай, Қазихан, Тұрарбек, Бүркітбай, Әбдірахман ақсақалдар «Қарасай-Қазы», «Алпамыс», «Қобыланды», «Манас», «Мұңлық-Зарлық», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» дастандарын, Абыл, Қашаған, Ақтан, Нұрым, Мұрат, Әбубәкір, Бала Ораз жырларын, айтыстарын жатқа айтатын. Міне, осындай рухта тәрбиеленген ұрпақтардың өкілдері қазірдің өзінде әр салада жұмыс атқарып жүр. Солардың бірі – менің өзіммін. Өз бойыма сіңірген немесе сіңіре алмасақ та білетін игілікті әдет-ғұрып пен одан туындап жатқан мәдениетімізді кейінгілерге жеткізу біздердің мойнымызда.

Күні бүгінге дейін кейбіреулердің лексикасынан мықтап орын алған «қазақтың салт-дәстүрі, оның мәдениеті төмен, әйел тендігі болмаған, қыздар теңіне қосыла алмаған, малға сатып алып, күң есебінде ұстаған, тұтасымен алғанда адамгершілік мәдениеті төмен» деген пікірлерге талдау жасап қаралықшы. Қазір де, бұрын да кез келген ата-ана баласының көргенді, әдепті қызды келін етіп түсіргенін

жақсы көрмей ме? Осыған орай, баласына қыз қарап, өздерінің ұнатқан адамының қызына баласының келісімімен құда түсіріп айттырып алу салты бұрын болған, қазірде де бар. Бір үйдің әлпештеп отырған баласын келін етіп өз үйіне біржолата алатын болғандықтан, оған сый-сыяпат беру немесе қалың малын беруді сатып алған немесе қызды сатқан деп түсінуге бола ма? Немесе қыз ұзататын үй жарлылау болған жағдайда той шығынына қыздың жасауы үшін алдын ала мал беріп көмектесетін болған. Біз бұдан адамгершілікті, біріне бірі көмектесуді, достықты, адамдық қасиеттің ең жоғарғы мәдениетін көріп отырған жоқпыз ба? Қазақтың мәдениеті асқақтап, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы жалаулап тұрған кездерде алған келін күйеуімен ажырасатын, төркініне қайтып кететін ұнамсыз жағдайлар болмаған. Егер де қосылған күйеуі қайтыс болған уақыттың өзінде жыл садақасы өткеннен кейін сол ауылдың ақсақал қариялары келіннің келісуімен өзінің қалаған қайнысына немесе қайнағасына қосып отырған. Ол үшін де келіннің төркініне барып алдынан өтіп, ата-анасынан келісім алатын болған. Жесір қалған келінді, одан туған баланы рұқсат беріп, басқа адамға тұрмысқа шығуына, біріншіден, ар көрсе, екіншіден, жесір ана, жетім бала етіп жібермей, баласының шаңырағын құлатпай, қиындыққа ұшыратпай, қамқорлыққа осылай алып отырған. Немесе адамгершілік тәрбиесінің ең жоғарғы мәдениетін ұстанып келген.

Қазақта аналар қыздарының тәрбиесін өз қолдарына алатын болған. «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыздың жолы жіңішке» деген астарлы сөздерді ес біліп, етек жаба бастаған кезінен-ақ түсіндірген. Әрбір ана қыздарына болашақта тұрмыс құрып ана болатындарын, отау көтеріп перзент сүйетінін, сүйіп қосылған қосағын сыйлау, ер адам елдің ағасы екендігін, оның бетін қайтармай, араздаспай, тағулықты бұзбай жүрудің жолдарын түсіндіріп келген. Ақылды аналар қыздарына жатпай-тұрмай некеленбей тұрып жыныстық қатынас жасауы өз бақытын өзі мерт еткені, ақ некелі күйеуінің көзіне шөп салу өте кесапатты, қылмыс екенін түсіндіріп, жүрегіне берік ұялатуға тырысқан. Қыздар тәрбиесіндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрыштарды түгелдей сөз ету мүмкін болмайтындығын ескеріп, ұзатылған қыздың төңірегіндегі бір-екі салтымызға ғана тоқтай кетейік.

Тұрмыстық жағдайлары жоғары, бай адамдар қыздарын ұзатқанда алты канат отауын да даярлап беретін болған. Некесі қиылған жастарды отауы көтеріліп, даяр тұрса отауына кіргізеді. Жастарға отау тігілген жағдайда әуелі жеңгелері қалыңдықты кіргізеді. Кірген қалыңдық шаңыраққа иіліп сәлем етеді, содан соң сол жақ қанатқа барып бір тізерлеп отырады. Сол кезде үйге күйеу жігітті кіргізеді. Күйеу төрге барып отырады. Күйеу мен қалыңдыққа еріп келген

үлкенді-кішілі адамдар жаңа көтерілген отауға құтты болсын айтып, шашу шашып, көрімдіктерін береді. Әкелген бұйымдары болса керегенің басына іледі. Сол жерде құдай жолына деп мал сойылып, ақсақалдар келіп астан ауыз тиіп, жас жұбайларға баталарын береді. Қыз жеңгелері отауға немесе жастарға арналған орынға шымылдық құрып, жігіт пен қалыңдыққа арнап төсек салып, үстіне ақ неке деп ақ жібек жайып, екі жасты онаша қалдырады. Бұл түнді «ақ неке түні» деп атайды. Бұл түнде қыздың болашақ жарының алдындағы арының адалдығы мен абыройының биіктігі дәлелденеді. Қалыңдықтың адалдық қасиетті таза сақтап, заңды некеге дейін етегі ашылмай құтты орнына қонуы қыздың өзінің ғана емес, елі мен ата-анасының, туыстарының, нағашыларының мерейін үстем етіп, абыройын асырып, болашақ отбасының тату-тәтті, көңілді өмір сүруінің негізі қаланады.

Қазақтың қыздары өзінен жасы үлкен адамдардың алдынан кесекөлденең өтпеген. Егер де жасы үлкен адам сөйлеп жатса, қандай тығыз жұмыс болып қалса да сөзін бөлмей, сонын күткен. Келіндер танертең ата-енесін ұйқыдан оятпай, ерте тұрып үй шаруасын тіндырып, асын әзірлеп, атасының дәрет алатын суына дейін жылытып, даярлап қоятын болған. Келіндер жасы үлкендерге, туыстық жағынан жақындарына иіліп тәжім етіп, сәлем берумен келген. Осы бір әдет-ғұрыптан жасы үлкен адамды сыйлаудың ең үздік мәдениетін ғана көруге болады. Сол сияқты ата-енелерінің қайнаға, қайынінілерінің, қайынсіңлілерінің аттарын атамай, «ата-ене, үлкен үйдегі қайнаға, кіші үйдегі қайнаға, кіші бала, кенже бала», қайынсіңлілерін «сырғалым, шашбаулым», т.с.с. деп бадырайтып атын атауды ерсі көрген, ешбір адамға сен деп айтпаған, сіз деп сөйлеген.

Осыған орай, атын атамайды дегеннен шыққан бір күлдіргі әңгімені айта кетейін. Бір келіннің атасының аты Өзенбай, енесінің аты Гүлбұлақ, қайын ағаларының аты Қойлыбай, Қасқырбай, қайынінілерінің аттары Қайрақбай, Пышакбай болған екен. Бір күні келін су алуға құдыққа барса, атасы арғы жағынан айқайлап: «Бұлақтың арғы жағында, өзеннің бергі жағында қойға қасқыр тиді, үйге тез барып балаларға хабарла, қайрақты, пышақтарды ала келсін», – депті. Келін тездегіп үйге келіп, «Сылдыраманың арғы жағында, сарқыраманың бергі жағында, маңырамаға ұлыма тиіпті, атам кесетіндер мен жанымаларды алып, тез келсін деп жатыр», – деген екен. Осы әңгіменің астарынан қазақтың салт-дәстүрінің, мәдениетінің қандай екендігін анық байқауға болатын сияқты.

Қазақ қыздарының парасаттылығы мен ақылдылығы, мәдениеттілігі әртүрлі вариантта аңыз әңгімеге айналып отырған. Соның бірі:

айтып беруді дұрыс көріп отырмын. Бұрынырақта аталарымыздың аттан түспей жорытып жүрген кездерінде 7-8 жыл ел көрмей, енді ғана жорықтан оралып, ел шетіне келіп, бір құдықтың басына аттарын суаруға бұрылып келсе, талдырмаш қыз бала сәлем беріп, солардың ішіндегі егде тартқан бір кісінің атының тартпасын босатып, жүгенінің сулығын алып, ерекше ілтипат көрсетіпті. Осыны байқаған жорықшылардың бірі: «Әй, шырағым, осыншама адамның ішінен мына кісіге ерекше құрмет көрсетуіңіз қалай?», – деп сұрағанда, қыз: «Бұл кісі менің нағашы әкемнің жалғыз қызының күйеуі еді», – деп жауап беріпті. Сонда жолаушылар балдызы болды ғой десіп, аттарын суарып, жаңағы ерекше құрметтелген адамның ауылы сол жерден қашық емес екен, сол ауылға жүріп кетіпті. Жолда келе жатып, «Жаңағы баланы таныдыңыз ба?», – деп сұрағанда, «Елден кеткелі жеті-сегіз жыл болды, жас адамдар өзгеріп кетеді, таныта қоя ма, ауылға барғасын сұрастырып білерміз», – депті де қойыпты. Қайсы біреулері шамасы жиенің-ау десе, екіншілері нағашы қарындасы болу керек деп, толық ажырата алмаумен ауылға келіпті. Көп жылдар далада жорықта жүріп, елге аман оралу деген үлкен той емес пе?! Ауыл қуаныштың әбігерімен, қонақ күту қамына кірісіп те кетсе керек. Сол кезде малын суарып болып, қыз бала да үйге келіпті. Үйге келген қыз қонақтарға сәлем бермегесін, анасы ренжіп: «Әкең бастаған елдің азаматтары жаудан аман-есен оралып отыр, неге сәлем бермейсің?», – дегенде, «Мен жаңа судың басында кездесіп, көрісіп, амандасқанмын», – деп жауап беріпті. Осы әңгімені естігенде қыздың әкесі де, қасындағы адамдар да баланың сабырлылығы мен ақылдылығына, парасатына қайран қалса керек.

Бұндай ақылдылық пен сабырлылықтың ең жоғарғы мәдениеті тек қана қазақ жастарында болған. Бұрын қазақ салтында әйел адамдар ерекше құрметтеліп, сыйланып келген. Елге белгілі, күні кешеге дейін қазақ қыздары басына қызыл орамал тартып келді. Ол оның қыз бала екендігінің белгісі болып есептелді. Қыз келін болып түскеннен кейін оның орамалы өзгереді, басына ақ орамал тартады. Ондайда «орамалын өзгертті» деп айтылады. Бұл сөздің астарында қыз ұзатылып, басқа елге келін болғанын білдіреді. Басына қызыл орамал тартқан әйел адам келсе, оның қыз бала екендігі белгілі болып, оның қасында түрлі дөрекі әзілдер, ұнамсыз сөздер айтылмаған. Қазақ қыз баланы төріне шығарып сыйлаған. Бұл дәстүр қыз баланы әдепті, көргенді, үлкенді сыйлай білетін және ақылдылыққа тәрбиелеудің жолы деп түсінеміз. Қайырымдылық, бауырмалдық, достастық тұрғысында біздің ұлттық салт-дәстүрімізді ең жоғарғы деңгейге қоюға әбден болады. Көп мезгілдерге дейін қазақ еш

уақытта есігін кілттемеген. Қазіргі кезде де қазақтардың көбі күндіз есігін кілттемейді. Үйге келген адамға, ол танитын болсын, танымайтын болсын «жоғары шығыңыз» деп төрін ұсынады. Ол адам: «Шатысып кіріппін, іздегенім басқа үй еді», – деп рахметін айтып кететін жағдайда, «ас ауыз тиіңіз» деп, нан немесе басқа да тағам ұсынады. Бұндай дәстүр қазақтан басқа ұлтта жоқ.

Қазақ үлкен ұлына енші беріп, шаңырағын көтеріп, алдына мал салып, бөлек үй етіп шығарып отырады. Кіші ұлын қолына ұстайды. Әйтеке бидің өсиетінде: «Үлкен балаға енші тисе, кіші балаға мұра, үлкен ағаға төр бұйырса, кенже ініге қара орын бұйырған». Ата-ананың шаңырағы кіші балаға қалып отырған. Ғылымда бұл салтты «минорат үрдісі» деп атайды. Бұл қағида көшпелілердің тек қана ошақ басы қарым-қатынасында емес, саяси мемлекеттік құрылымында да қатты қадағаланған. Егер ағайын арасында туыстық жолмен табыса алмай жүргендерге «өкіл аға», «ноқта аға» етіп табыстыру да осы қағидаларға кіреді. Қазақ үшін татулықтың, тұтастықтың асқақ өлшемі – екі туып, бірі қалу, сондықтан да бүкіл ұлтымызды екі туып, бір қалған етіп көрсету идеологиясын ұстанған.

Ескіден келе жатқан, санаңа сіңіп қалған әдет-ғұрыптардың барлығын дұрыс, қазіргі еліміздің ұстанып отырған саясаты мен ұлттық идеологиясына сай деп толықтай қолдану керек деген тұжырым жасауға әрине болмайды. Кейбір қолданылып келе жатқан үрдістерге Әйтеке биден бастап наразылық көрсетіп, оны өзгертуін талап еткен. Әсіресе, қазақ қауымын өрге басуға кедергі келтіретін кертартпа дәстүрлерге батыл қарсы шыққандығында. Адамды, азаматты ата-тегіне қарап емес, қабілетіне қарап бағалауға үндегендігінде. Сол арқылы халқына қамқор, еліне пана бола аларлық шын асылдармен, шын арыстардың көбейе түсуін көксегенінде. Әсіресе қазаққа өз-өзін тұтас ел қылып басқарар уақыттың келгендігін айрықша баса көрсеткендігінде. Ешкімге есесін жібермес би, батырлықпен қоса, көрші елдермен тату болып, тіл табыса алар мәмілегерлікке де қатты мән беруде біздің Әйтеке сияқты билеріміздің мүдделі болғандығын айтқанымыз жөн болар. Біздің еліміз – қазақтың көсемі халықтық мұраттың көксеген биігіне емін-еркін көтеріле алатын майталман болса екен деп тілейді. Ел мұраты жолындағы сол ұғым, сол мақсат билік жолындағы күрестің құрбандығына шалынып кетпесе болар еді деп уайымдады. Сол бабаларымыздың көксеген армандары қазір орындалып отырғанына тәуба дейміз.

Сонымен қазақ жұртының қазақ болып, біртұтас елге айналуында, өркендеуінде айтулы хан-сұлтандарымыз, батырларымызбен бірге көсем билеріміздің де айрықша үлес қосқанын айту егемен елдікке қолымыздың жетуі арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Біз темір бұғаулы түрме салмаған, шыңырау-зындан қазбаған халықпыз. Бұл көріністер турасын айтқанда әлемге әйгілеп, ту етіп көтеруге тұратын қоғамдық адамдық мәдениеттің ең жоғарғы шегі десек қателеспеспіз. Дүние жүзі халықтарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының адам тәрбиесіндегі өресі, қазақ деген халықтың адам баласына деген ғибратты ойынан туындаған философиялық тұрғыда зерделенген, ақылшы билеріміздің өте жоғары мәдениетпен сусындаған асыл қазына болып есептелетін өсиеттерінен әлдеқайда төмен жатқандығын кейбір ойшылдарымыз мойындауда.

Осыған орай ойымды Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың қазақ билері туралы әңгімесінен үзінді келтіріп аяқтағым келіп отыр:

– Алақандай Сайрам Ұлы жүз тобы келгенде кәрі-жасы аяғынан тік тұрып, әкесін күткендей елпек қағар-ды, Орта жүз тобы келгенде ағасының алдынан шыққандай құрақ ұшар-ды, Кіші жүз тобы келгенде, қиырдан қиқар інісі келгендей маз-мәйрам болар-ды. Осындай әруақты жерде үш жүздің басын қосып өткізген жиындарда аузынан құс тістеген билер мен шешендердің сөзінен адам тәрбиесінің ең шыңында тұратын қазақтың салт-дәстүрлері мен дуалы мақал-мәтелдері туындап, халыққа тарап жататын болған. Сол кездерде әуелден, артық туып, ел үстінде күн кешкен киелі тұқым – төрелердің емес, халықтың өзінен өріп, халықтың өзі қамшы ұстатқан жабы тұқым – қызыл тілін безеген билердің абыройы аспандап шыға келгенді. Сұлтандардың не марқасқаларына бір тайпаның тізгіні не тиіп, не тимей жүргенде, от тілді, орақ ауызды билерге бір-бір ұлыстың тізгіні бұйырды. Қазақтың төрінде Тәукеден кейінгі аруақты адамдар да солар болып алды, Ұлы жүздің тізгіні де, қамшысы да үйсін Төле бидің, Орта жүздің тізгіні де, қамшысы да арғын Қазыбектің, Кіші жүздің тізгіні де, қамшысы да әлім Әйтекенің қолына көшті. Халық не десе, о десін, бірақ ол үш жорғаның жұрт алдында бір-бірімен кермар келгенін ешкім көрген емес. Бірі бастап берген әңгімені екіншісі костай жөнелгенде тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің аузының дуасындай бірлік бергенде қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырап еді?! Қандай қиын түйінді де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді?! Қандай қиқар дәукесің де Әйтеке айтқанда – құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда – құптамасқа, Төле айтқанда – төресі осы деп жығыла кетпеске жағдайы жоқ-ты. «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады» деген де содан қалғанды. Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар

еді-ау. Тіпті қаралар дау қаралып, шешілер түйін шешіліп біткесін де тарағылары келмей, үш бидің аузына қарап тамсанып бағар-ды. Осы жолы да Өз Тәукені күллі қазаққа хан сайлап, Сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, Жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт: «Ертең елге барғанда айта баралық. үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп тырыспей тұрып алған-ды.

– Сонда үш биден не сұрайсыздар? – деген-ді хан Тәуке.

– Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын, – дескен жұрт.

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле би шыққан-ды.

– О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінеп кеткен жоқ па. әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? – деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазабек көтеріліп, сонау мұнартқан көк жиекке қарап тұрып:

– Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетінде бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! – деп топқа қайта қосылған-ды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

– Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытын қатын, көк найзаң балаң болар, – деген-ді.

Қарақұрым халық үн түнсіз бастарын шұлғыған-ды.

– Енді не сұрайсындар? – деген хан Тәуке.

– Енді үш би бізге кәрілікпен пен жастық қақында не маслихат қосады екен? – деген жиылған көп.

– Үй сыртында төбең болса – ерттеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қарияң болса – жазулы тұрған хатың ғой, – деген-ді Төле.

– Жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе, бәріннің шыққан тегін сол; қалжыңдайды екен деп қарттықты сөкпе, ертенгі жетер шегін сол! – деген Қазыбек.

– Ар сатып алған атақтан – тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан – кәріден еңбегін тосқан бала артық! – деген Әйтеке.

– Тағы не білгілерің келеді? – деген Тәуке.

– Енді бізге үш би жомарттықтың қандайы жаман, сарандықтың қандайы жақсы – соны айтсын, – деп өңештеген бір шұнақ құлақ, қу ақсақал.

– Жомарттыққа суайттың куәге жомарттығы, молданың дуаға жомарттығы жаман, – деді Төле.

– Жомарттықтың және бір жаман түрі: еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі, – деді Қазыбек.

– Дуаға жомарт молда малынан қағылар, куәге жомарт суайт абыройынан қағылар, жігіттің көңілшектігі – атының соры, әйелдің

көңілшектігі – ... соры, ең жаман жомарттық – уәдеге жомарттық, – деді Әйтеке.

– Ең жақсы сараңдық – қасың сұрағанда барға сараңдық, досың сұрағанда жоққа сараңдық, – деді Төле қамшысын қолына қайтып алып.

– Көрсө қызардың алдында – жарыңа сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық лазым, – деді Қазыбек көп алдында қайта шығып.

– Тамыр мен тамырдың арасында бокшаға сараңдық, доспен достың арасында бопсаға сараңдық, – деді Әйтеке екі бидің соның ала сөйлеп.

Жұрт бұл жолы бір-біріне бас изесіп желпінісіп қалысты.

– Тағы қояр сұрақтарың бар ма? – деді Тәуке.

– Енді үш би бізге ұл мен қыз қақында не айтар екен? – деді көпшілік.

– Ұл өссе – ұрпақ, қыз өссе – өріс, – деді Төле.

– Ұл бала аптыққаннан өлсін, қыз бала тұншыққаннан өлсін, – деді Қазыбек.

– Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білесің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің, – деді Әйтеке.

– Енді үш жорға ерлі-зайыпты екеу туралы бірдеңе айтсын, – деді біреу жиылған жұртты ду күлдіріп.

– Жарақтыдан құтқарса атың мұра, жалғыздықтан құтқарса қатын мұра, – деді Төле.

– Төсекте қызық көрмеген, тамұқта жаны шошымас, жар құшып бауыры күймеген, ұл сүйіп ерні тұшымас, – деді Қазыбек.

– Азынаған айғырды үйірінде көр, аңқылдаған еркекті үйінде көр, – деді Әйтеке.

– Енді де сұрақтарың бар ма? – деген хан Тәуке.

– Үш би бізге енді адам құлқынан үш ауыз сөз айтсын! – деген жиылған жұрт сол тырп етпеген қалпы.

Қамшысын алып Төле би қайта ортаға шығып:

– Биікке шықсаң – көңілің ашылар, жақсымен тілдессең – зейінің ашылар, – депті.

– Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер, Алланың сүйгені – азан, халықтың сүйгені – қазан. Күлтөбеге жақын ауыл біздікі екен. Жиналған көп әлеумет, жүріп дәм татындар депті (Әбіш Кекілбаев, 3-том, 298-299-бб.).

Осы бір үш бидің айтқан сөздеріне талдау жасап қарасаңыз, ұлттың салт-дәстүрі де, әдет-ғұрпы да, оның жоғары мәдениеті де толығымен қамтылған асыл қазына екендігі көрініп тұрған жоқ па?!

Елімізде туыстық сыйластықтан да құдалар сыйластығы жоғарғы сатыда тұрады. Құдандалы болудың төңірегінде салт-дәстүрлеріміздің сан алуан түрлері кездеседі. Күні бүгінге дейін қолданыста келе жатқан «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деген қанатты сөздің астарында да достық пен татулықтың шынайы көрінісінің тұрғанын сеземіз. Қазақта құдаларды бірнеше бөлікке бөледі:

- Бұрын араласы жоқ танымайтын адамдармен немесе қоныстас емес шалғайда тұратындармен балалардың жүрек қалауымен құда болса «Құдайы құда» деп аталған.

- Достығы ұзақтан жарасым тауып келе жатырған екі жігіттің бір-бірімен, екеуіміздің баламызда ұл болса, біздің достығымызды жалғастыратын анттасқан дос болсын, егер біреуіміздікі ұл, екіншіміздікі қыз болса құда боламыз деп уәделесіп, нақтысында солай болып құда болса, бұны «Бел құда» деп атаған.

- Екі достың келіншектері бір мезгілде бала көтерген жағдайда да достығымыз жалғассын деп құда болысса, ол «Құрсақ құда» делінген.

- Кейбір ата-аналар бесіктегі ұл-қыздарына құдаласады. Бұл құдалық «Бесік құда» деп аталады. Сайып келгенде бұндай құдаласудың түп қазығы адамдар арасындағы сүйіспеншілікті, татулықты орнықтырып, болашақ жастар арасындағы достықты жалғастырады.

- Қазақ салтында кейбір отбасыларының аурулықтан, еңбекке жарамсыздықтан қолындағы қыз баласын асырай алмайтын болғанда немесе ата-анасы өліп қалып, туыстары жоқ болып жалғыз жетім қалған қыз баланы «Мен қолыма алып, өз баламнан кем қылмай қол бала етіп өсіремін, Алланың алдында уәде беремін, елім, халқым куә болыңыздар» деп алып бағып өсіреді. Балалы болдым деп тойын да жасайтын болған. Баланы алған адам оны өзінің туған балаларынан кем қылмай мәпелеп өсіріп бағады. Қыз бала бойжеткенсін балалар өздері келісімін берсе, өз ұлдарының біріне қосып, келін қылып алады. Осындай жағдайға ұшыраған отбасылары ер балаларын елдің ішіндегі өздерінің танитын абыройлы, қайырымды, өздеріне ілікшатыстығы бар азаматтардың біреуін шақырып: «Мына баланы мен о дүниелік болып кетсем, өкіл әке болып қолыңа алып тәрбиеле», – деп тапсыратын да болған. Бұндай жағдайда «Өкіл әке» болудан ешкім де бас тартпайтын көрінеді.

Адамдардың балалы болуы, оны өсіріп жетілдірудің төңірегіндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, істелетін ырымдардың бәрін түгендер болсақ – үлкен бір зерттеуді қажет ететін жүйе пайда болмақшы. Сондықтанда негізгілерін қамтығанды дұрыс көрдім. Жастар бірімен-бірі қосылып тойы жасалып, отауы көтерткеннен кейін балалы болуды аңсайды. Келін бала көтеріп, дүниеге перзент әкелсе, өзінің отба-

сы ғана емес, ағайын-туыс, дос, жекжат, танитын барлық ел қуанады. Кіндік кесіледі, шашу шашылады, азан шақырылып ат қойылады, бесікке салынады, тыштырмай жасалады, ит көйлегі тасталынады, тұсауы кесіледі, қарын шашы алынады т.б. кәделер жалғаса береді.

Арасында баласы тұрмай шетіней беретін де отбасылары болады, бұндай жағдайларда жасалатын ырымдар да көп. Баланың атын Өлмесін, Тоқтасын, Өмірұзақ, т.б. деп атаған. Қойылған есімдерге, басқа да ырымдарға тоқтамаса, ішіндегі күйсіздеу жас балалары көп, емшекте баласы бар адамға бала етіп асырап ал деп беретін болған. Баланы алатын адам баласы тұрмайтын әйелдің кіндігін де өзі кесіп, жас нәрестені өзінің үйінен жөргектерін әкеліп орап алып кететін көрінеді. Баланың атын үйіне апарғасын азан шақыртып қойдыртады. Екі ай мерзім өткеннен кейін баланың әке-шешесі келіп, ердің құнын төлеп, баланы сатып алатын болған. Баланы алғаннан кейін өз үйіне бармастан, үлкен қариясы бар жеті үйге кіріп, батасын алады, содан соң барып өз үйінің есігінен емес терезесінен, қазақтың киіз үйі болса босаға керегесінің арасын ашып содан кіргізеді екен. Осы әдет-ғұрыптың ырымдары жасалған жағдайда нәрестенің шетінеуінің кідіретініне көзі жеткен.

Осы жағдайға байланысты Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері академик Әбіш Кекілбаевтың еңбегіндегі мына бір әңгімені келтіре кетуді жөн көрдім:

– Бөкенбай ұрпақтан кемдік көрген кісі еді. Әйел үстіне әйел алып, талай перзент көрсе де, бесіктен белі шықпай жатып шейіт кете береді. Тұрақтағаны осы – Тіленші. Тіленшіге екіқабат жылы шешесі Шөмекейдегі төркініне барып босанам деп некелі босағасын тастап, отауымен көшіп кеткен. Содан бір күні Бөкенбай жорықтан қайтып келе жатса, Қарақұмға енді іліге бергенде, тау-тау шағылдың арасынан алба-жұлба біреу шыға келіп:

– Бөгенбай батыр, жаудан алып келе жатқан олжаңды мойнымдағы мына дорбама айырбастайсың ба? – деп алдын кес-кестеп тұрып алады. Тізгініне жабысқан мына мүскінді кім деп түсінерін білмей аңтарылып қалған батырдың қасына Есет келеді. Оның қайын ағасының қасынан шықпайтынында да мән бар-тын. Біреу-міреу Бөкенбайға: «Қасыңа қара ермеген», – деп тіл тигізбесін дейтін. Ен таманың тәуекелін ұстап тұрған атакты үлкен батыр үлкен басын кішік қып, өзіндей кісінің қол баласындай соландап, соңынан қалмайтын. Сол Есет мынау жол бойынан шыға кеп, тобылғының сабындай қызыл тарамыс қолын Бөкенбайдың ақ танау тұлпарының жалына созып, жабысып айырылмай қалған, ит жұлған торғайдай қара сирақ біреуді көргенде жүрегі әлденеге шым ете қалды. Бұл да

бір жақсылықтың нышаны шығар деп ойлады. Әйтпесе, даңқы жер жарған Бөкенбай батырдың тізгініне тегін кісі жармаса ала ма?!

– Бөке, қайда қалмай жатқан дүние. Жауға кеткенше мына пақырға кетсін. Пәтихасы тиер. Аузына құдай салып тұрған шығар, – деді.

– Ал, пақыр, ала ғой. Олжа сенікі! – деді Бөкенбай. Артқы жақтағы жігіттерге:

– Анау айдалып келе жатқан қыл құйрықтарыңның маған тиесілісін мына кісінің алдына салыңдар, – деп желе жорытып жүре бермекші еді, қайыршы алдын тағы кес-кестеді:

– Ау, батыр, мен сенен садақа сұрап тұрған жоқпын, саудаласып тұрмын. Алдыма жылқы салсаң, астыма ат мінгіз, қанжығама қоржын іл. Қолыма қару бер. Әйтпесе, ол жылқыңды жол асқасын бір қаракшы қуып кетсе қайтем?! Ат мінгізгенде де астыңдағы ақ танауыңды түсіп берсең, қоржын ілгенде де, мынау қанжығаңдағы қоржынды ілесің. Қару бергенде де беліңдегі бес қаруды түгел сыпырып бересің.

Батыр атынан түсуге мәжбүр болды, сонда қайыршы атқа қарғып мініп:

– Қайыршының бұл дүниедегі жалғыз дәулеті дорбасы. Содан басқа несін айырбас қылсын. Қауыс-қауыс екен деп қомсынба! Сен көп дәулетіңнің шетінен бөліп беріп тұрсың, мен бар дәулетімді бүтін беріп тұрмын. Осы қауыс-қауыс дорба мына кешегі жеңісіңнен бетер желпінтбесе, төбеңді көкке жеткізбесе маған кел. Абайлап ұста, қолыңнан түсіріп алма, қатты нәрсеге тигізбе, ине-тікен кіргізбе! Анау, көз ұшындағы айқай шағылдан асқанша аузын ашып қарама! Айқай шағылдан асқасын, аузын ашып қарағасын, ертең елге жеткен бойда ұлан-асыр той жасағың кеп кетер. Сол тойыңа байғазым болсын, әлгі маған берген жылқыңды өзіңе қайтарып бердім. Қауыс дорбалы қайыршы едім, енді міне, астыма ат мінгізіп, қолыма найза ұстатып, қандыбалақ қаракшы еттің. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген ғой. Өз малымды өзім тауып алармын, – деп атын бір тартып, шауып ала қайқайды.

Аң-таң қол тұрып қалды. Батыр алдындағы айқай шағылдың басына шыққанша асығады. Айқай шағылдың басына шығып қараса... Мұрны пыс-пыс етіп, қызыл шақа ұл бала жатыр. Жүрегі жарыла қуанған Бөкенбай мен Есет сол арада сондарындағы Жетіру қолына: «Ертең елге барған бойда ұлан-асыр той болады!» – деп жар салады.

Міне, қазақтың осы бір салт-дәстүрінің адам игілігіне ізгілікпен сіңісіп келе жатқанына осы әңгіменің де куә болып тұрғанын көріп отырмыз.

Ұлтымыздың салты да, әдет-ғұрпы да, мәдениеті мен әдебиеті де әйел адамдардың төңірегінде көбірек сақталған. Мысалы, қазақта

қыз ұзату салтында ерекше тәрбиелік мәні бар, жоғары мәдениеті бар, қазіргі заманның өзінде қолданыстан алып тастауға болмайтын жөнді жоралғылар жеткілікті. Ұзатылатын қыз ұзатылу тойының алдында өзінің дос, құрбылары мен туыс ағайындарын, нағашыларын аралап тойына шақырып шығады. Ол дәстүрді «Қыз танысу» деп атайды. Танысып жүрген қызға барған үйдің үлкендері, ақсақалдары ақ батасын беріп, ақ жол тілейді. Барған үйлердегі туыстары мен нағашылары қыздың бұйымын сұрайды. Егер де қыздары бұйымын айтқан жағдайда, міндетті түрде сұраған бұйымын беріп, риза етіп шығарып салып отырған.

Күйеу мен қалыңдықтың некесін қидырту салты да ескірмейтін дәстүрге айналған. Неке қидырту дегеніміз қосылып жатқан жастардың тұсауын кесу немесе өмірге жолдама беру деп түсінеміз. Қазір де неке қиятын үкіметтік орындар бар. Одан басқа елдің батагөй ақсақалдары мен дін өкілдеріне де қиғыздырады. Некелерін қидыртуға келетін жастар өздерімен бірге үш адамнан, барлығы алты адам куәларын ертіп келеді. Неке қидырту рәсімі басталғансын неке қиятын адам куәларға «Жұбайлар ақ некелерін қидыртуға ризама екен сұраңыздар» деп тапсырады. Куәлар әуелі жігіттен, содан кейін қалыңдықтан ризалықтарын сұрап, ризамын десе куәлар қыз бен жігіттің риза екенін хабарлайды. Осыдан кейін неке қиюшы ақсақал жас жұбайларды алдына шақырады: «Бір-біріңізді сүйіп, ұнатып қосылу үшін неке қидыруға келіп тұрсыздар. Ақ некелеріңізді қидым», – деп неке дұғасын оқып, неке суын ішкізеді. «Сіздер осы мезгілден бастап отау иесі болдыңыздар. Шаңырақтарыңыздың астынан шаттықтың үні естіліп, балалардың қуанышты күлкісіне толып, көсегелеріңіздің көгеретін күнге жетіңіздер! Қосақтарыңызбен қоса ағарыңыздар!», – деп батасын береді. Қыз бен жігіттің некесін қиғанына куә болуға келген адамдар қыз бен жігіттен ризашылықтарын сұрағанда ризамын деп айтқан мезгілінде:

– *Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүредүрміз.
Таңда тәңір алдында,
Мұнда қазы алдында
Ақ куәлік бере тұрмыз, –*

деп дауыстап қосылып айтып, отау көтеріп жатқан жастардың көңілдеріне шынайылық сенім ұялатады.

Қазақ қуанса, той жасайды. Тойлардың негізгілерін атап өтсек: көген той, Мизам (сабан) той, мерейтой, Күміс той, Алтын той, Жеңіс той, түрлі қуаныш тойы. Мысалы:

- Балалы болғанда (ер бала) той жасалады.

- Бала жеті жасқа келгенде сүндеттейді, сүндет тойын өткізеді.

- Бала ер жетіп үйлену тойы болады.

- Баласы балалы болып, ақсақалы немерелі болғанда той өткізеді, сол сияқты баланың баласын немесе немелтайын көрсе оған да той жасалады.

- Қызын ұзатқанда сірә той болатыны белгілі ғой.

Осындай қуанышты оқиғалардың негізгі куәсі той болып есептелінеді. Той дегеніміз ұлтымызда болатын түрлі қуаныштардың тарихи тұжырымдамасы деп түсінеміз. Той жасау, ас беру деген әуелден біздің салтымызда бар және күні бүгінге дейін сақталып келеді. Берілетін астар мен тойлардың да көлемі жағынан үлкен, кішілері болады. Біреулер үш жүзге атшаптырып бір жыл бұрын хабар береді. Қайсыбір той кішігірім ауыл арасында өткізіледі. Бұл жағдайлар адамдардың күй-тұрмысына, әл-ауқатына байланысты болады. Қазақта «көрпеңе қарай көсіл» деген мақал осындайдан алынған болар. Халқымыз қандай той болса да немқұрайды бара салмайды. Тойға барудың да өзіндік дәстүрі бар. Тойға баратын үй иесі тойға шашуын, тарту-таралғыларын алып барады (ақшалай, малдай немесе бұйымдық заттар). Қазақ тойды пайда көздеп жасамайды. Керісінше, бар малын, жинақтарын қуаныштарына ортақтасуға келгендерді риза ету үшін шашады. Тойға дүние-мүлік, қымбат асыл заттар әкелгендерді емес, ақ жүрегімен жарыла қуанып келгендердің көп болғанын ұнатады. «Той десе, қу бас домалайды» деген мәтел бар. Адамдардың басына келетін қуаныштар мен реніштерге барлық уақытта халқымыз келіп ортақтасуы қанымызға сіңген әдет. Елдің арасындағы адамдардың анда-санда бастарын қосып, көптен көрмегендерді көрістіріп, арқажарқа қылып, көңілдерін көтеріп тастайтын ас, той дегендерініз ел арасындағы адамдардың өкпе, реніштерін де реттеп татуластырып, қайтадан достыққа жол ашатын да жайлары болады. Сонымен қатар тойға келген жастар бірі мен бірі танысып, артынан құда түсіп, тойдың тойға жалғасып жататын кездеріне де куә болып жүрміз.

Қазақ халқы адам тәрбиесіне, оның ішінде бала тәрбиесіне мықтап назар аударған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, бала жеті жасқа келгенде сүндеттеледі, сүндет тойы өтеді. Ер баланы бес-алты жасынан бастап атқа мініп жүруді үйретеді. Жеті жасқа толған күнінен бастап ата-аналары баланы білімді, мәдениетті адамдардың қасына қосшы бала қылып қосып, көргенді адамдардан ғибрат алудың жолдарын қарастырады. Күй-тұрмысы бар адамдар балаларын жас кезінен бастап дұрыс оқу орындарына жіберіп, өнер-білімнің бұлағына сусындастырып, еліне пайдасы тиетін ғалым, маман болып шығуын тілейді.

Осыған байланысты бала тәрбиесі туралы ел аузында келе жатқан бір әңгімені айта кетелік.

– Ертеректе қазақтың үлкен байларының бірі баласын он екі жасында Стамбулға алты жылдық мерзімі бар оқуға жібереді. Баласы оқуын бітіріп, еліне келгенсін бай қуанып үлкен той өткізеді. Тойдан кейін абыр-сабыр басылғанын той иесі елге белгілі абыройлы, адамгершілігі мол кісі болса керек, баласын өзінің алдына шақырып жеке қабылдайды.

Баласына көптеген сұрақтар қойып, алған білім деңгейлерінің шамасын байқап, турасын айтқанда сынақтан өткізеді. Ақсақал баласының алған білім деңгейіне көңілі толмайды. Сөйтіп баласын алты айдан кейін қасына күтуші қосып, күрделі қаржы беріп Бомбей қаласына оқудың ең жоғарғы сатысына, жеті жылдық академияға жіберсе керек. Содан баласы ол оқуды да бітіріп, жеті жұрттың тілін біліп еліне келеді. Ақсақал бұрынғыдан да үлкен, үш жүзді шақырып той өткізеді. Той өткенсін, алыс жолдан келген баласы тыныққанын әкесі баласын тағы да оңаша қабылдайды. Әртүрлі сұрақтар қойып баланың терең білім алғанын байқап көңілі толады. Ақсақал енді баланың жасы да отызға таяп қалды, құдайдың зердесіне берген ақылы қандай дәрежеде екен соны да байқағысы келіп, баласына сен отыра тұр мен сыртқа шығып келейін деп үйден шығып кетеді. Біраз уақыттан кейін келіп баласына мына менің қолымда не бар деп екі алақанын қосып, жұмған қолын көрсетеді.

Баласы әрі-бері ойланып, өзі дөңгелейді, ортасы тесік деп айтып келеді де, қолыңыздағы арбаның доңғалағы депті. «Сонда әкесі, оқуын оқыған екенсің, бірақ Алланың зердеге бергеніне қайдан жетсін, менің қолымдағы ұршықтың қалағы ғой, арбаның доңғалағы қолға сия ма», – деген екен.

Бабаларымыз адам тәрбиесінде де әр баланың туа біткен ақылдылығына, парасаттылығына назар аударып, соған сәйкес түрлі деңгейдегі қызметтерге әр баланың ой өрісі мен шама-шарғысына қарай жұмсап отырған.

Қазақта күні бүгінге дейін жеті атадан аспай қыз алып, қыз беріспеу салты сақталып отыр. Бұл жағдайдан генетикалық тұрғыда тұқым тазалығын сақтауды және адамдар арасындағы ағайындық, туыстық жарасымдылықты өрістетудің көздегенін сеземіз. Жеті атадан асып некелесу моральдық тұрғыдан да, генетикалық жағынан да тазалыққа жетелейді. Ғұрпымыздағы бұндай салттың мықтап сақталуы ұрпақты тазалыққа, тектілікке апаратын жалғыз жол екендігі кім-кімге де аян шығар.

Қазақ деген халық өзінің салты бойынша балаларына жеті атасын жастайынан ұғындырады. Бала ересілаға енгенше жеті атасын білмесе, ондай баланы өз отанының, өз елінің патриоты бола алмай-

ды деген қорытындыға келеді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп сондықтан айтылады. Біздің жұртымыз жеті атаға дейінгі барлық ұрпақты өзінің ет жақын туысы деп біледі. Жеті атаны білу өз араларында бір-біріне деген жақындық, сүйіспеншіліктерін арттырып, елінің қамын жеп, мұнын мұндап, арын арлайтын азамат болып жетілуіне жол ашады. «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер» деген мақал осы жағдайларға байланысты айтылған болу керек.

Біздің биік мәдениетімізді қамтитын салтымыз бен ғұрпымызда үш санымен басталып, сегіз санына дейін айтылатын әртүрлі бағыттағы өсиеттер мен нақыл сөздерге қатты назар аударылады. Сол сандармен аталатын кейбір қасиетті дәстүрлерімізге тоқтағанды дұрыс көріп отырмын.

XVII ғасырда өмірге келген, тарихта жақсы жақтарымен аты қалған Өз Тәукенің «Жеті жарғысынан» басталық. Тәукеден бастасак аз да болса хандық дәуірге токтала кетуге тура келеді.

«Хан дегеніміз – халықтың қанын сорушы, би дегеніміз – хан мен байлардың сойылын соғушы, батыр дегенің – бар болғаны барымташы, олар өмір сүрген кезде қазақта тарих болған жоқ, қазақтың тарихы Ұлы Октябрь төңкерілісі жеңгеннен кейін басталды...» – деп біздерді мектеп есігін ашқаннан бастап оқытып, санамызға сіңірген. Егеменді ел болып, есімізді жинап, жоғалғанымызды түгендеп, көк байрағымызды көкке еркін көтеруге толық мүмкіндік алған шақта «Қасым салған қасқа жолмен» қара қылды қақ жарып, хан, би, батырларымыздың кім болғанын, олардың әрқайсысының қоғамдағы, тарихтағы атқарған істері мен орнын бүгінгі ұрпаққа ұғындыру біздер үшін парыз болғаны рас.

Қазақ хандары турасында белгілі ғалым, тарихшы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ. Салғарин еңбектерінен үзінді бере кетейік.

– Қазақ хандығы Әбілқайыр өлгеннен кейін оның хандығындағы жұрттың Керей мен Жәнібекке көптеп келіп қосылуы нәтижесінде едәуір күшейе түсті. Ал Қасым ханның тұсында хандықтың территориясы айтарлықтай ұлғайып, қазақтар дербес ел ретінде Шығыс Еуропаға мәлім болды. Москва мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнатты. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын ел басқару ісінде қолданылатын әдет-ғұрып заңдарының ережелерін енгізді. Дегенмен, Қасым хан тұсында Қазақ хандығы орталықтанған ірі мемлекет бола қоймайды. Оның өзі Қасым хан өлгеннен кейін бірден байқалды. Хандыққа билік таласы басталды. Жиырма жылға жетпейтін уақыт ішінде бірнеше хан орын ауыстырды. Іштей ыдырап, құлауға айналған Қазақ хандығы Қасым ұлы Хақназар билік тізгінін қолға алғаннан кейін ғана түзеліп, қалпына келтіріліпті.

Оған Жайықтың сол жағалауындағы көшпелі ру-тайпалар, ұлыстар бағынды. Оның тұсында Жетісуды басып алуды көздеген Моғолстан ханымен болған соғыстағы сәтсіздікке қарамастан ойраттардың жорықтарына тойтарыс беріп, Жетісудың батыс бөлігін тұтастай өз билігінде ұстады. Хакназардан кейін таққа отырған Шығай хан пәлендей қабілеттілік таныта алмады. Хан болғанына екі жыл толар-толмаста оны Мауренәнахрға көшіріп жіберді. Шығайдың орнын басқан Тәуекел хан кезінде Қазақ хандығы жаңа саяси өрлеу жолына түсті. Орта Азияның сауда орталықтарына шығу жолындағы күрес саясатын жалғастырды. Сырдария бойындағы қалалар мен Ташкентті өзіне біржола бекітіп қалдырды. Есім ханның және одан кейін хан болған оның баласы Салқам Жәңгірдің тұсында жоңғар басқыншыларының шабуылдары жиі болып, олармен кескілескен күрес жүргізеді. Солардың ішінде Салқам Жәңгірдің 600 әскерімен жоңғардың 50 мың әскерін талқандаған Ұлы ерлігі қазақ тарихында ерекше орын алады.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНДАРЫ

1. Керей – шамамен 1456-1473 жылдар.
2. Жәнібек – 1473-1480 жылдар.
3. Бұрындық – 1480-1511 жылдар.
4. Қасым – 1511-1518 жылдар.
5. Мамаш – 1518-1523 жылдар.
6. Таһир – 1523-1533 жылдар.
7. Бұйдаш – 1533-1534 жылдар.
8. Қожа Мақмұт – 1534-1535 жылдар.
9. Тоғым – 1535-1537 жылдар.
10. Хакназар – 1538-1580 жылдар.
11. Шығай – 1580-1582 жылдар.
12. Тәуекел – 1582-1598 жылдар.
13. Есім – 1598-1628 (1645) жылдар.
14. Жәңгір (Салқам Жәңгір) – 1628 (1645) -1652 (1680)
15. Тәуке – 1680-1718 жылдар.
16. Батыр – 1718-1726 (1729) жылдар.

КІШІ ЖҮЗ ХАНДАРЫ

17. Әбілқайыр – 1718-1748 жылдар.
18. Нұралы – 1748-1786 жылдар.
19. Ералы – 1791-1794 жылдар.

20. Есім – 1795-1797 жылдар.

21. Айшуақ – 1797-1805 жылдар.

22. Шерғазы – 1805-1824 жылдар.

Патша өкіметінің 1801 жылғы 11 наурыздағы жарлығы бойынша Кіші жүз екі иелікке бөлінеді.

Жаңадан Ішкі орда немесе Бөкей ордасы құрылды.

23. Бөкей – 1801-1815 жылдар.

24. Шығай – 1815-1823 жылдар.

25. Жәңгір – 1823 -1845 жылдар.

ОРТА ЖҮЗ ХАНДАРЫ

30. Уәлі – 1781-1819 жылдар.

Патша өкіметі Орта жүзде халықтың көбеюіне байланысты, әрі айтқанына көніп, айдағанына жүрмеген Уәлі ханды кемсіту мақсатында 1815 жылы екінші хандық ұйымдастырды.

31. Бөкей – 1815-1819 жылдар.

32. Кенесары – 1841-1847 жылдар.

Кестеде Есім ханның өлген жылы – 1628 және жақшаның ішінде 1645 жыл деп көрсетілген. Мұның соңғысы кейіннен табылған құжаттардан алынған дерек. Сондай-ақ Есім ханның баласы Жәңгірдің де өлген жылын барлық деректерде 1652 жыл деп көрсетеді. Егер осы деректі дұрыс десек, онда Жәңгір өлгеннен кейін хан болған оның баласы Тәукенің таққа отырған кезімен (1680 ж.) арада бақандай 28 жыл ашық қалады. Бейне осы екі аралықта, яғни 1652 жыл мен 1680 жылдың арасында Қазақ хандығы хансыз қалған секілді. Ал шын мәнінде бұл екі аралықта хандық хансыз қалмаған. Қазақ ССР тарихынан бастап барлық құжаттық еңбектерде Жәңгірден кейін хан тағына 1680 жылы Тәуке отырды дейді. Егер осы рас болса, онда не Жәңгір 1652 жылы емес, 1680 жылы өлген болады, не Тәуке хан тағына 1680 жылы емес, 1652 жылы отырған болады. Екінің бірі. Сонда бірақ осының қайсысы дұрыс?

Бұл сұраққа жауапты іздеген жан ғалым В.А. Моисеевтің жақында ғана жарық көрген «Жоңғар хандығы және қазақтар» деген зерттеу еңбегінен табуына болады. Онда ол: «Сексенінші жылдардың басында ойрат армиясы Жетісу мен Оңтүстікке басып кірді. Осындағы соғыстардың бірінде қазақ ханы Жәңгір қаза тапты», – деп оның жекпе-жекте мерт болғаны жөнінде мәлімет береді. Ғалымның осы дерегі Жәңгір ханның біз айтып, жазып жүргендей 1652 жылы емес, 1680

жылы өлгеніне кепілдік берсе керек. Сондықтан да кестеде біз тарихта қалыптасқан мерзімді көрсетумен бірге өзіміз дұрыс деп тапқан жылды жақша ішінде қоса беруді жөн көрдік. Жәңгірдің баласы Тәуке ханның билік құрған кезі кейбір қақтығыстарға қарамастан халық арасында «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дегендей тыныш заман болды. Тәуке сыртқы жауға тойтарыс бере отырып, қазақтың ру, тайпалары арасындағы ішкі талас-тартысты тыйып, олардың өзара ынтымақта тұруына күш салды. Қазақ жүздерін іс жүзінде өздерінің ортасынан шыққан билерге, атап айтқанда, Әлібекұлы Төлеге, Келдібекұлы Қазыбекке, Байбекұлы Әйтекеге басқартты. Солардың көмегімен «Жеті жарғы» деп аталатын ел басқару заңдарының ережелері құрастырылды.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Негізінен қазақ халқы үш бөлімнен тұрады:

1. Ұлы жүз – Ақарыс
2. Орта жүз – Жанарыс
3. Кіші жүз – Бекарыс

Ұлы жүз тайпаларының құрамы

Жалайыр – ұраны Қабылан, таңбасы тарақ.
Шапырашты – ұраны Қарасай, таңбасы ай, тұмар.
Қатаған (Шанышқылы) – ұраны Айрылмас, таңбасы қолтаңба.
Қаңлы – ұраны Бәйтерек, таңбасы шылбыр, көсеу.
Дулат – ұраны Бақтияр, таңбасы дөңгелек.
Суан – ұраны Байсуан, таңбасы дөңгелек.
Албан – ұраны Райымбек, таңбасы абақ.
Ошақты – ұраны Бақтияр, таңбасы тұмар.
Ысты – ұраны Жауатар, таңбасы көсеу, шылбыр.
Шақшам – ұраны Қабылан, таңбасы жебе.
Сіргелі – ұраны Байтақ, таңбасы сірге.
Сарыүйсін – ұраны Байтақ, таңбасы Абақ, ашамай.

Орта жүз тайпасының құрамы

Арғын – ұраны Ақжол, таңбасы көз.
Қыпшақ – ұраны Айбас, таңбасы қос әлім.
Найман – ұраны Жалғабай, таңбасы бақан, босаға.
Қоңырат – ұраны Алатау, Мулкаман, таңбасы босаға.
Керей – ұраны Ашыбай, таңбасы ашамай.
Уақ – ұраны Жаубасар, таңбасы бақан, ашамай.

Кіші жүз тайпаларының құрамы

Кіші жүз үш атадан тарайды

1. Әлімұлы. 2. Байұлы. 3. Жетіру.

Әлімдердің таралуы

Кете – ұраны Майлыбай.

Қаракесек – ұраны Бақтыбай.

Шөмекей – ұраны Дөйт.

Қарасақал – ұраны Бақтыбай.

Төртқара – ұраны Майлыбай.

Шекті – ұраны Дөйт.

Байұлының таралуы

Шеркеш – ұраны Шағырай, таңбасы бақан.

Ысық – ұраны Бәйтерек.

Масқар – ұраны Қаратай.

Алтыбас – ұраны Байбарақ, таңбасы бақан.

Тана – ұраны Тана, таңбасы әліп, көсеу.

Байбақты – ұраны Дәуқара.

Қызылқұрт – ұраны Жиенбай.

Таз – ұраны Төремұрат, Бақай, таңбасы қамшы.

Беріш – ұраны Ағатай.

Адай – ұраны Бекет, таңбасы садақ.

Есентемір – ұраны Алдоңғар, таңбасы бақан.

Жаппас – ұраны Баймұрат, таңбасы түйемойын.

Алтын – ұраны Баймұрат.

Жетірудың таралуы

Төлеу – ұраны Арғымақ, таңбасы балға, шылбыр.

Рамадан – ұраны Дулат, Қайғұлым, таңбасы шөміш.

Тама – ұраны Қарабура, таңбасы көсеу, әліп, тарақ.

Кердері – ұраны Қожахмет, таңбасы тостаған.

Керейіт – ұраны Ақсақал, таңбасы шылбыр, қылыш.

Табын – ұраны Тостаған, таңбасы тарақ, көсеу, шөміш.

Жағалбайлы – ұраны Малатау, таңбасы балға.

Жүзге кірмейтін қазақ рулары:

Төре

Төлеңгіт

Қожа

Қараша

Сунақ

Қалпақ

Көлеген

Қырғызәлі

ҚАЗАҚ ОРДАСЫНДАҒЫ ХАН САЙЛАУ ДӘСТҮРІ

Қазақ хандары туралы кестені бергеннен кейін, хан сайлау тәртібі жөнінде белгілі ғалым тарихшы М. Мағауиннің еңбегінен үзінді келтіре кетуді жөн көрдік.

Жаңа ханды сайлау ашық түрде, жария жағдайда өткізілген. Әуелі бүкіл ұлысқа сауын айтылады. Жұртшылық белгілі бір жерге, көбіне-көп Түркістанға, Әзірет Сұлтан дүрбесінің саясына жиналады.

Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттан болса да атсалысуға ұлыстығы кәрі-жастың бәрінің де қақысы бар. Әйелдер мен бала-шаға ең жақсы, сәнді киімдерін кесе, кемел жастағы еркек атау-лы жарақтанып, қаруланып келулері міндетті болған. Бақыр басты әрбір кісінің кеңесші даусы бар. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал жасауға тырысқан. Яғни, Қазақ Орда-сындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған, әйткенмен, шешуші дауыс ел ағаларына тиесілі. Бұлар жұрт ұстаған сұлтандар, ру басы билер, әскербасы батырлар және ерлігімен иә бітімімен топтан озған игі жақсылар.

Әлбетте, ел ағалары алдын ала ақылдасып, кеңесе келе белгілі бір шешімге тоқтайды. Содан соң ғана жалпы жұрттың мақұлдауымен хан көтеру рәсімі өткізілмек.

Ел ағалары бітісе алмай, хан сайлау кеңесінің аяғы көпшілік талқысына түскен, дау-дамайға ұласқан жағдайлар да болған. Бұл – біртұтас ұлыстың тозып ыдырауы кезеңіне, дағдарыс заманына тән құбылыс екен. Мәселен, Қайып хан өлгеннен соңғы 1719 жылғы хан сайлауда, Болат ханнан кейінгі 1729 жыл шамасындағы хан сайлауда ел ағалары әрқайсысы әр жаққа тартып, ешқандай шешімге келмейді.

Хан тағына үміткер қашан да әлденешеу десек, ел ағаларының бәрінің қалауы бір жерден шыға бермейді. Бірақ бұрын, ұлыстың оң күнінде болашақ ханның жеке басының қасиеті бағаланатын, хан сайлау – белгілі бір сұлтанның билігін арттыру емес, бүкіл Орданың болашағын айқындайтын, мемлекеттік мәнді іс саналатын. Қайткенде хан кеңесіндегі көпшілік шешімі қалған жұрт үшін есепті болған.

Аталмыш екі сайлаудың алғашқысында ел ағасы би мен шон-жалар Әз Тәуке ханның бел баласы, бірақ ақыл-парасатымен де, ерлік, әскербасылығымен де топтан озбаған, көзге түспеген боркемік Болатты хан көтереді.

Қазақ ордасының хандығына Әбілқайырды ұсынған, енді әлгіндей теріс таңдауға күйінген, кеңес шешіміне тоқтамаған қаншама жұрт – Кіші жүздің жарым көпшілігі және Орта жүздің бір бөлігі үлкен Ор-

дадан суынады. Осыған дейін-ақ ұлыстың бір тарабында жеке билік жүргізе бастаған Әбілқайыр енді өзін дербес хан деп жариялайды.

Бұл ретте қазақтың ежелгі хан сайлау дәстүрі ғана емес, одан соңғы жол-жора да аяқасты болғанын көреміз. Адалына жүгінсек, хандыққа Әбілқайыр өтуге тиіс еді. Алайда Әз Тәуке заманында орталық өкіметтің босаңсуы салдарынан зор билікке жеткен ру басы билер мен шонжарлар Ордаға қуатты әміршінің келуін хош көрмейді, айтқанға көніп, айдауға жүретін Болатты таңдайды. Сонымен қатар хан сайлауының шешімін мойындамау – Әбілқайыр мен оның жақтастарының да үлкен кінәсы деп білуге тиіспіз. Осы екі бірдей жорасыздық салдарынан Қазақ елі мүлде дерлік иесіз, басшысыз қалды, арада үш-төрт жыл өтпей Ақтабан шұбырындыға ұшырады.

Қазақ Ордасы қираған, халықтың тең жарамына жуығы қырғын тапқан, ата қоныстан ауған қиыншылық жылдары өткізілген келесі екі сайлауда да, әрине, Әбілқайырдың үлкен хандыққа өтуі неғайбыл еді. Шынында да солай болды. Мұның әуелгісінде Әз Тәукенің кенже ұлы Сәмеке, соңғысында Әз Тәукенің немересі Болаттың ұлы Әбіл-мәмбет хан көтеріледі.

Енді Әбілқайыр ат басын мүлде теріске бұрады. Бұл реткі барлық кінә – ақыры, қиғаш жолда жүріп өзінің басын жойған Әбілқайырда. Бірақ трагедияның бастауы 1719 жылғы парықсыз сайлауда жатқанын атап көрсетуге тиіспіз. Ру басы билер мен шонжарлар Әбілқайыр сұлтан қазақ хандарының кіші бұтағынан шығады деген сылтау айтады. Соңғы жүз елу жыл арасында Қазақ Ордасында Әз Жәнібек хан немересі Шығай ханның ұрпақтары билік құрғаны рас, бірақ хандық атаның үлкен-кішілігіне қарап берілсе, бұл әлеуметтің өз ішінде Болатқа кезек тимес еді, Шығайдың үлкен ұлының ұрпағы Көкжал Барак сұлтан хан көтерілер еді. Ал Әбілқайыр атасыз әлдекім емес, ол да Қазақ Ордасының негізін салған Әз Жәнібек ханның тікелей (жетінші) ұрпағы болатын. Бабасының бар қасиеті бірдей дарымаса да, Ақтабан шұбырынды қарсаңында ханға бірден-бір лайық адам сол еді.

Біздің заманға қазақтағы хан көтеру рәсімі турасын да нақты суреттеме деректер жеткен. Хан көтеру рәсімі жұма күні, ашық аспан астында өткізіледі. Жиналған жұрт аттылы-жаяулы, алқақотан тұрады. Ортаға қымбат кілемдер, түрлі түсті текемет, сырмақтар төселген, жібек көрпелер жайылған. Бұл ең сыйлы жер төр деп есептеледі. Төрде хан сайлауға тікелей қатынасқан ел ағалары мансап-дәрежесі, атақ-беделіне қарай үш қатар, төрт болып дөңгелене отырады. Қак ортада, яғни төрдің төбесінде осы салтанатқа орай арнайы басылған, алтын әдіпті жұқа ақ киіз. Жұрт орнығып дабыра басылған соң, бүкіл

Ордаға танымал, атақ-абыройы зор ақсақалдардың бірі орнынан көтеріліп, жиналған жұртқа ұлыстың ұлы кеңесінің шешімін жариялайды, хандыққа кімнің сайланбағын айтады. Бұдан соң елге танымал екі адам екі жағынан қолтықтап әкеп, болашақ тақ иесін төрдің төбесіне ақ киіздің үстіне шығарады. Әлі хан емес үміткер жалпы жұртқа бой көрсеткен соң, ақ киіздің қақ ортасына, құбылаға бет беріп, қол қусырып, малдасын құрып отырады.

Енді хан сайлаудың екінші, көпшілік қауымға арналған және ең шешуші бөлігі басталады.

Ел ағалары – шешен билер, әскербасы батырлар, өздері де тақтан үміткер болған кейбір сұлтандар кезекпе-кезек тұрып, жамиғатқа қарата сөз сөйлейді. Барлық сөз болашақ ханның абзал қасиеттеріне арналады. Оның нұрдан жаралған хан Шыңғыстан бастау алатын ата-тегінің асылдығы айтылады, оның берідегі аталарының ұлыс мерейі жолында атқарған ұлы істері еске алынады; болашақ ханның өзінің жеке басының қасиетіне айрықша назар аударылады; ақыл-парасаты, әділдігі, мәрттігі мадақталады, қол бастаған көсемдігі, жұртқа мәлім ерлік істері атап көрсетіледі. Міне, осындай асылзада хан болса, алаш ұлының көсегесі көгереді, «сондай да жақсылықтар, игіліктер болады» деп насихат айтылады.

Әдетте әрбір шешеннің сөзін жұртшылық қостайды, мақұлдап айғайлайды, ризашылығын, қуанышын білдіреді. Ризашылығы болмаса, оны да ашық айтады. Мұндайда болашақ ханның бетіне басар, ер ұялар іс болса, оның да сыртқа шығып қалуы ғажап емес. Тілеулестікпен қатар өкпе-наз, реніш білдіруі де мүмкін. Сыртта тұрған, қандай дәрежедегі болмасын адамның өз пікірін айтуына шек жоқ. Өйткені хан сайлау – барша халыққа ортақ іс. Әлбетте, алдын ала ойластырған, көпшілік болып келіскен істен кінәрат шыға қоймайды. Жұртшылық оң тілегін айтады, мұндай ірі тұлғаның хан сайлауын мақұлдайтынын білдіреді.

Осыдан соң ұлыстағы дін басы ғұлама кәләмшәрифтан дұға оқиды, шартараптан жиналған жұртты пәтуаға келтіріп, хандыққа көтерілмек пендесіне әруақ пен құдай атынан, бүкіл ұлыс жұртының атынан бата жасайды. Бұдан кейін ұлыстағы айрықша беделді алдын ала белгіленген төрт кісі ортада малдас құрып отырған үміткерді ақ киіздің төрт бұрышынан алып, бастарынан асыра жоғары көтереді де, қайтадан жерге түсіреді. Хан сайлау рәсімінің ең түйінді шешімі – осы. Билікке жетті, таққа мінді деген мағынада айтылатын «ақ киізге көтерілді, хан көтерілді» деген сөздердің түп төркіні осы рәсімде жатыр. Әуелі төрт адам ақ киізге көтерген сәттен бастап хан болып есептелінетін әміршіні жаппай құттықтау басталады. Енді биік

сайлауға тікелей қатысқан, басқа емес, дәл осы адамның таққа жетуіне үлес қосқан игі жақсылар кезектесе келіп, топ-тобымен ақ киізде отырған ханды қайта-қайта көкке көтереді. Ханның үстіне, хан сайлау салтанатына жиналған жамиғатқа қарата үстіне алтын-күміс теңгелерден шашу шашылады.

Осыдан соң сайлаушы ел ағалары ханның жейде-дамбалдан басқа сырт киімін түгел шешіндіреді, белдіктен жоғарғы киімдерді ханды алғаш көтерген төрт кісі алады, одан басқасын хан сайлау кеңесінің қалған мүшелері тәбірік ретінде бір жапырақ, жарым жапырақтан пышақ үстінде бөлісіп алады.

Енді ханға арнап тігілген алтын қалпақ, қамқа тон, зерлі шалбар, оқалы етік келеді. Құрметті ақсақалдар өз қолымен киіндіріп, бойына бар жарағын асып қолтықтап әкеп, алтын ер-тұрманды арғымақ атқа мінгізеді. Қазақ Ордасының ханы толық билік алды деген сөз.

Қазақ рәсімінде ханға мандайын жерге тигізіп бас ұру болмаған. Үй ішінде болмаса, түзде тізе бұғу де жоқ. Ең үлкен құрмет – аттан түсу, түрегеп тұрып қол қусыру. Хан ерге қонғанда жаппай аттан түскен жұрт дауыстап қошемет танытады, ұлыстың оң болуына тілек айтады. Жолы үлкен, кезегі келген екі кісі хан мінген арғымақты сулығынан жетелеп, тағы қаншама жан ханның үзенгісінен ұстап, ұлы мереке салтанатына арнап тігілген Алтын Ордаға бастайды.

Қазақтағы «отыз күн ойын, қырық күн той» деген сөз осындай орайда айтылса керек. Уәлидің хан көтерілу турасындағы орыс деректерінде хан тойы жеті күнге созылғандығы нақты көрсетілген. Бұл, әрине, берідегі, жұрт тозған, халық қажыған кездегі жағдай. Хан тойында ет төбе болып үйіліп, қымыз өзен болып ағады. Неше күн бойы ақын-жыраулар жыр толғайды, домбырашы-қобызшылар күйі толғайды. Аламан бәйге, балуан күрес, жамбы ату, қыз куу, тенге алу, көкпар және басқа да ұлттық ойындар өткізіледі. Біреу келіп, біреу кетіп, ұлан-асыр тойға байтақ ұлыстың шар тарабындағы ел-жұрттың бәрінің де өкілдері қатынасады. Ұлыстың мерейін көтеретін, жұртты ерлікке, кісілікке баулитын, жаңа ұрпаққа үлгі тастайтын салт-дәстүрлерінің бәрі де хан тойынан көрініс табады.

Осы орайдағы басқа жұртта тағы бір рәсім – хан атқа мініп, ордаға түскен кезде әр тайпадан, әр тараптан арнайы іріктелінген қаншама адам ханның өрістегі малын, қозы-лақ, құлын-тайына дейін тұғ қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім «Хан сарқыты» деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауы тиіс деген сөз. сонымен қатар жақсы ырым. Сайлауға келе алмаған жұрт тойдан дәм татады, хан малының тұқымы қалған елге құт әкеледі. Ырым, паным

ғана емес, мақтан. Өзінің ұлттық мемлекетінің басындағы отырған халық қалауымен көтерілген ханға деген биік құрмет белгісі (Арада апта өтпей бұл мал он есе көбейіп, кері қайтады. Бірақ бұл ханның емес, қазынаның малы).

Айта кетейік, «Хан саркытына» мүлде қарама-қарсы, «Хан талау» деген салт та болған. Бұл – ел сенімін ақтамаған, дарынсыздығымен емес, қорқаулығымен жексұрын болған, ақылсыздығын ғана емес, арамдығын, аярлығын танытқан, түзелмейтін әміршінің мал-мүлкін тігерге тұяқ қалдырмай бөлісіп алу. Зорлық емес, барымта емес, жаміғат шешімімен жүзеге асатын жаза, дәстүрге сыйымды, заңды іс саналған.

«Хан талау» салты таққа мінген хан ғана емес, ел билеген кез келген әміршінің адамшылықтан аттамауының кепілі болды. «Хан талау» аяқ астынан, оқыстан жасалмаған, әуелі әміршінің, бек пен төренің оғаш қылықтары, мұның алаш жұртының жөн-жоралғысымен сыйыспайтыны турасында арнайы ескертулер жасалған; осыдан соң ғана, ел ағалары болып, жалпы жұрт болып жаппай баталасып, қатаң үкімді жүзеге асырған. Мәселен, XVIII ғасырдың аяқ кезінде, Жобалай Керейді билеп отырған ең соңғы төре осындай жазаға ұшырапты. Мейманасы тасыған, жұртта жүйрік ат қоймаған төре ең ақырында мұнымен де тоқтамай, игі жақсылардың намысына тиіп, қорлай бастаған кезде «Хан талауға» түседі.

Атап айту керек, «Хан талау» – жанға емес, малға қатысты рәсім. Жан – сауға, бірақ талауға түскен төре бар мүліктен айрылады, енді қайда барса да, абырой таптайды, қарауындағы халқымен санаспаған әміршінің оңбайтынын әйгілеген тірі өлік кебінде жүре береді. Бұл аяусыз, бірақ әділетті жора ел ішіндегі екінші мәртебелі әміршілерге қатысты болса керек. Бірақ халыққа жақпаса, ханның басына да қатер үйірілген. Бұл орайда ханды талақ ету рәсімі іске қосылған. Мәнісі – бүкіл ел-жұрт болып, ханнан безу, оны ордасында отырған қалпында тастап кету. Мәселен, 1530 жыл шамасында бүкіл алаш қауымы ымырасыз қаталдығымен жұрттың титығына жеткен, парықсыз билігі, дарынсыз қолбасылығымен ұлысты ауыр халге түсірген Тайыр ханнан жеріп шығады. Төңірегіндегі халқы түгел көшіп кеткен. Тайыр айдалада қалады, ақыры қазақтармен бір орда құрамындағы қырғызға барып паналайды. Әйтсе де бұл – біздің тарихымыздағы шегін мысал.

Қазақ Ордасының хандары өздерін көкке көтерген, ауыр міндет арқалатып, сенім білдірген халқына қаяусыз қызмет етті. Қажыр-қайратын аямады, жаннан кешті, қанын төкті, туған елдің мерейінен бөтен мұраты болған жоқ. Мұның ең басты сыры – қазақ әміршілерінің іріктесу жолымен сайлау негізінде хан көтерілуіне байланысты.

«Қырық кісінің ақылы ханда бар» деп, халық таңдап сайлаған хан өз жұртының алдындағы жауапкершілігін сезінумен қатар, қылдан тайса, сол жұрт алдында есеп беретін де кәміл түсінген.

Көне түркі дәуірінен бастау алып, Алтын Орда заманында сыннан өткен, Қазақ Ордасында біржола қалыптасқан хан сайлау дәстүрі әскери феодалдық демократияның айқын көрінісі ғана емес, мал шаруашылығына негізделген көшпенді тіршілік кейпіндегі жұрт үшін ең ұтымды жол екен. Алтын Орданың ұйықты орталығында, шалқар Еділдің бойында қалған Ноғай ордасы бай еді, қуатты еді. Бірақ жауынгер ұлыста ел билігі ханнан өтіп, биге көшті, орталық әміршінің алмасуы қалыпты дәстүр, белгілі жүйеден шығып кетті. Нәтижесінде, уақыт озған сайын Ноғай Ордасы бытырап, тоза берді, ақыры бір жола жойылды. Дүрбін-Ойраттағы тақ алмасу жүйесі де қалыпқа түсіп үлгермеді.

Билік басындағы қоңтажы өлген сайын жаңа әміршінің орнығуы ашық бақастық, кейде қантөгіс арқылы жүзеге асып отырды. Бүкіл ұлыс қабылдаған мұрагерлік заңы болмаған себепті әскер күші басым үміткердің тақты тартып алуы әдепкі құбылысқа айналды. Ақыры күдіретті Дүрбін-Ойрат тәуелсіздігінен ғана айрылған жоқ, ұлт ретінде де мүлде құрып кетті.

Ал қазақ халқы бұлыңғыр заман, тайғақ кешулердің бәрінен аман-есен өтіп, бүгінгі күнге жетіпті. Бұл – қазақ қоғамының өміршеңдігінің нәтижесі. Орталық Азиядағы Алтын Ордан соңғы ең байтақ ұлыс Қазақ Ордасының өткен тарихын нақты байыптасақ, ежелгі ғұн-түрік заманынан бастау алатын асыл қазыналарымызды қастерлеп сақтау және одан әрі өрістету арқасында біздің ұлы халқымыз өзінің берік мемлекеттік жүйесін қалыптастырғанын көреміз. Соның өзекті бір саласы – хан сайлау дәстүрі.

Түркі жұртының бұған дейінгі мың жылдық тарихында сыннан өткен жол-жора қалыптасқан, жүйе негізінде ер халықтың, мәрт жұрттың жиын ортасынан жарып шыққан, бар тілегі туған елінің мұратымен берік астасқан Шыңғысқан – Жошы хан – Орыс хан – Әз Жәнібек хан әулеті өз жұртын тарихтың барлық қиын өткелінен алып өтті. Қазақ Ордасы деп аталатын байтақта қуатты ұлыстың тұғырлы туын берік ұстады.

Біртұтас қазақ халқының ұлттық ұраны – «Алаш», мемлекеттік гербі – «Төре таңба» (яғни бас таңба) көне түркі заманынан тартылған, Алтын Орда тұсында қалыптасқан, дінгі бір үш ел бітік.

Қазақ Ордасының астанасы – бүкіл түркі жұртының зиярат орталығы Әзірет Сұлтан дүрбесі тұрған қасиетті Түркістан қаласы болды.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Қазақта жыл басы наурыз айының 22-нен басталып, он екі жыл бір айналғанда мүшел толатын болған. Жылдың басы Тышқан жылы болып белгіленген. 2000 жылдың Наурызында Ұлу жылы басталса, 2012 жылдың Наурызында қайта келеді, яки бір мүшел толады.

Осы кесте арқылы әркім ескіше жыл қайыру әдісімен өзінің қай жылы туғанын, неше мүшелге толғанын біледі.

Бірінші мүшел 13 жаста толады. Оған он екі жылды қосып есептеңіз келесі мүшел шығады.

Ай атаулары

	Қазақша	Арабша	Орысша
1	Наурыз	Мұһамар	Март
2	Көкек (Сәуір)	Сапар	Апрель
3	Мамыр	Раби (1)	Май
4	Маусым	Раби (2)	Июнь
5	Шілде	Жұмада (1)	Июль
6	Тамыз	Жұмада (2)	Август
7	Қыркүйек	Ражаб	Сентябрь
8	Қазан	Шағбан	Октябрь
9	Қараша	Рамазан	Ноябрь
10	Желтоқсан	Шаууал	Декабрь
11	Қантар	Зұлқағда	Январь
12	Ақпан	Зұлқажжа	Февраль

Жұлдыз айлар

(Ежелгі астрономиялық есеп бойынша күн жолындағы шоқ жұлдыздар. Мұны «жұлдыз ай» деп атайды).

	Қазақша	Арабша	Орысша
1	Токты	Хамал	Овен
2	Торпақ	Сәуір	Телец
3	Егіздер	Зауза	Близнецы
4	Шаян	Саратан	Рак
5	Бикеш	Әсет	Дева

6	Арыстан	Сүмбіле	Лев
7	Таразы	Мизам	Весы
8	Бүйі	Ақырап	Скорпион
9	Мерген	Қауыс	Стрелец
10	Ешкімүйіз	Жәді	Козерог
11	Сукұйғыш	Дәлу	Водолей
12	Балықтар	Хұт	Рыбы

Қазақтың Жаңа жылы 22 наурыз күнін еліміз елу жыл бойына тойлай алмады. Ұзақ мерзімдерден кейін сен бұзылып, 1988 жылдан бастап Қазақстан халқы Наурыз мейрамын – қазақтың Жаңа жылын тойлайтын болды.

Осыған орай «Наурызды ұйымдастырушыларға көмек» атты шағын ұсыныс пікірімді білдіре кеткенді дұрыс көріп отырмын.

НАУРЫЗДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРҒА КӨМЕК

Наурыз парсының *нау* – жаңа, *руз* – күн немесе «Жаңа күн» деген сөзінен пайда болған. Наурыз күніне байланысты халқымызда «Самарқанның көк тасы жібиді» деген сөз бар. Бұл сөз тектен-тек айтыла салмаса керек. Сол күні әр адам істеген қателіктеріне жаратушыдан кешірім сұрайды, сол күні кешірім беріледі. Себебі көк тасқа дейін еритін болғандықтан, кешірім беретін құдайдың да мейірімі түседі деген ұғым беріледі. Немесе сол күні Ұлықбек обсерваториясындағы тұрған көк тасқа күн сәулесі түсіп жібітеді екен деген мифтік аңыздан да шыққан болуы мүмкін.

Наурыз негізінде еліміздің ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Олай болатын себебі – март айының ескіше 9-да, жаңаша 22-де күн мен түн теңеліп, қыс өтіп, жазғытұрым басталады.

Мәдениеті жоғары, ғылым мен техникасы дамыған, зауыты, фабрикасы бар елдер қыстың қысымын қазақ сияқты білмеген. Бұрқасын-боранға, жауын-шашынға, шыққан бұлттың түріне, желдің қай жақтан шыққанына, жаңа айдың қалай туғанына қазақтың зор мән беруінің өзі тегіннен-тегін емес. Бар күнелтісі алдындағы малы болғандықтан ауа райын болжау арқылы қыс жақсы болса құт, ауыр болса жүт екендігін тәжірибе арқылы білгендігінен шыққан.

Амандасқанның өзінде «Мал-жаның аман ба?» деп сұрайтын қазақ көктемнің туғанына қалай қуанып, тойламасын!..

Жылдың басы, жаздың басы – Наурыз біздерге сондықтан үлкен мейрам.

Қазіргі ересилаға еніп келе жатқан балаларымызға ұлттық дәстүрімізді бойына дарыту баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Осыған дейін бойымызға сіңірген, көріп келе жатқан тәлім-тәрбиемізді қарғыс атқан деп топырақ шашуға болмас. Олай деп түсіну дұрыстыққа жатпас деп ойлаймын. Ол кездегі ортаның өзі солай болды. Біздің сол кездегі зиялы қазақ азаматтарының өзі балаларын ғылым мен техниканы оқып және тіл үйрену мақсатында орыс оқуларына берді. Соның салдарынан келіп бірте-бірте, әсіресе қалаларда қазақ мектептері өзінен-өзі жабыла бастады. Біздің кейбір азаматтарымыз «қазақ мектептерін күштеп жаптырды» деген жалған әңгімелерге барып жүр. Бұл туралы Д.А. Қонаев ақсақалдың жазған еңбектерінен әділдігін анықтауға болады. Қазірдің өзінде кейбір азаматтарымыз өз елімізде оқу орындары жеткілікті бола тұрса да, балаларын шетел экономикасы мен тілін үйрету мақсатында Англияға, Америкаға, Түркияға т.б. елдерге жіберіп жатыр емес пе?

Енді біз егеменді ел болдық. Өз дәстүріміз, өз дініміз бар. Парламентіміз бар, Президентіміз бар, еркін елдер санатына қосылдық. Сондықтан біз ең бірінші тәрбиені жас ұрпақ зор тағылым, терең білім алатындай етіп бастасақ деп армандаймыз.

Біздің көбіміз әлі күнге дейін Жаңа жылды шырша орнатып, көгілдір от жағып, Қыдыр атаның орнына Аяз атаны келтіріп қарсы алудамыз.

Наурыз тойы деп аталатын тойды да жасап жатырмыз. Әйтсе де жастарға қызғылықты етіп, тәлім-тәрбие алатындай дәрежеде өткізе алмай жүрген сияқтымыз. Наурыз тойында сауданы ұйымдастыратынымыз сондай, тіпті Наурыз тойы емес, арағы көп жәрмеңке сияқты көрінеді, ақындар айтысы да жабық залдарда өтіп жатады. Концерттерімізге де өзіміздің жыршы, термешілеріміз аз тартылады.

Дүние жүзі мұсылман елдерінің көбінде жыл басы, Наурыз тойы 21-ші наурыз күні болып есептеледі. Сол күні түнгі сағат 03.00-де аспаннан Қыдыр Ата түседі. Ол барша адамдарға жақсылық, қуаныш тілегімен келеді. Қыдыр Ата түскеннен кейін адам пенделерінің үйіне бас сұғады. Әрине, барлық үйге емес, ақ ниетті, еңбекқор, иман дарыған үйге барады. Кімнің үйіне көрінетіні, әрине, белгісіз. Әр отбасы біздің үйімізге бас сұғады деген ойда болмақ. Қыдыр көрген адамдар бақытты болмақшы деген халқымыздың мифологиялық түсінігі осындай болып келеді.

Осыған байланысты сол күні түнде Қыдыр Ата есігімізді қағады деп түсінуіміз керек. Ол үшін ақылы болсын, ақысыз болсын Қыдыр Ата қызметін ұйымдастырған дұрыс сияқты. Қыдыр Ата болатын адам білімді, қазақша жақсы сөйлейтін, ақынжанды, ұстамды, көргенді болғаны дұрыс. Қыдыр атаның қасында жас жігіттерден құралған бір топ жолдастары болу керек. Олардың әрқайсысының қолында шырақтары болу керек. Әр отбасы Қыдыр Атаны қарсы алатындай ерекше дайындық жасайды. Балаларға Қыдыр Атаның келетінін, оған дауыстап сәлем беру қажеттігін, ақ тілектер айтуды үйрету керек. Қыдыр Атаны күткен дастарқан үстінде наурызкөже, жеті шелпек, нан, сүр ет, сүт тағамдары, дәнді дақылдардан әзірленген тағамдар қойылады. Қыдыр Ата есіктен енгенде шашу шашылып қарсы алынады. Қыдыр Ата ұлтына қарамастан терезесінің шамы жанып тұрған кез келген отбасыға бара береді. Алдын ала «сіздің үйге барамыз» деп әзілдеп болса да айтылса, ол үлкен ұят болмақшы. Бұл ескерілуі қажет.

Қыдыр Ата ұзын бойлы, денелі, сымбатты, ақ сақалды, киімі де ұлттық нақыштағы сәнді күйде болуы керек. Сағат түнгі үштен бастап есігі іштен кілттенбеген, адамдары ұйықтамаған, қоңырауын басқанда кідіріссіз ашатын үйлерге кірмекші. Қыдыр Ата кірген үйге құр қол бармайды, қасындағы жолдас жеті жігіт барған үйдің балаларына түрлі ойыншықтар мен тәттілер береді. Жана жылдан қандай тілектері бар екенін сұрайды. Дастарқандағы астан, наурызкөжеден ауыз тиіп, бата береді. Осылай болса Наурыздың Жаңа жыл екені, Қыдыр Атаның келетіні, оны қарсы алудың рәсімдері әр баланың көңілінде мықтап ұялар еді, шыршаны да, Аяз атаны да біртіндеп ұмытқан болар еді. Наурыз тойы, біздіңше, наурыздың 22-сі күні барлық жерлерде, облыс орталығында, аудан орталықтарында, ауылдық жерлерде бір уақытта өткен жөн. Бізде кейбір жерлерде 14-ші наурыз күні Наурыз тойын өткізіп жатады. Қандай елдің қағидаларында да Жаңа жыл екі рет келмейтіні белгілі.

Дүние жүзі мұсылман елдерінің көбісінде 22-ші наурыз күнін жыл басы деп білгендіктен, біздің республикамызда да сол күн белгіленгендіктен 22 наурыз – жылдың бірінші күні деп мойындағанымыз дұрыс. Бұл той сол күнгі ауа райына қарамастан өткізілгені дұрыс. Өткен ата-бабаларымыздың жол-жоралғысымен Наурызымызды қызғылықты, ескі дәстүрді еске түсірерліктей дәрежеде өткізе алмай, келген халық сауда жасаумен айналысып кетіп, ішімдік ішіп сүрініп-жығылып, ән де емес, би де емес, әрі-сәрімен қалсақ ұятқа қалмаймыз ба?

Егеменді ел болғасын, басқа ұлттармен тереземіз тең болғасын, бабаларымыздың ардақты салтын қайтадан дұрыс жалғастыруға бар-

лық күш-жігерімізді жұмсайтын мезгіл әлдеқашан жетті. Әрбір ұйым мен ұжым, ірі мекеме басшылары бұл қызметке өз-дері араласып, қазақтың әдемі 6-7 қанат үйлерін тіккізіп, басқа да ұлт пен ұлыс өкілдеріне әдет-ғұрыптарымызды танытқанымыз, мойындатқанымыз құптарлық іс.

Бұның да әттеген-ай дейтін жақтарын көріп қалып жүрміз. Үй тігіледі, жасаулар ілінеді. Наурыз тойын тойлаушыларды «комиссия келіп көретін еді, қонақтар келетін еді» деп кіргізбей, қақпай-лайтынымызды, дастарқанға наурызкөженің орнына ішімдіктің түрін әкеліп қоятынымызды қалай түсінуге болады?.. Бұны біз ата-баба дәстүрі-не қайшы келетін жат қылық екенін білмейміз бе сонда?! Тігілген үйлердің ішін жасаулап, әдемілегеніміз дұрыс, бірақ ол комиссия емес, тойшы қауымның, олардың ішіндегі өзге ұлт өкілдерінің көруі үшін, қызықтап әңгіме жасауы үшін, біздің дәстүрімізге қызығулары үшін керек. Ішімдіктің орнына жақсылап дайындалған наурызкөже болуы шарт.

Наурыздың сахналанған көріністері өзінің табиғи қалпында өткізілгені дұрыс. Ол үшін қала сыртындағы далалық жерден 40-50 киіз үй сыятындай биіктеу жерге киіз үйлер жарты ай түрінде, арақашықтығы бір-бірінен 1,5-2 метрдей жерге тігіліп, төмендегі жиналған халыққа жақсы көрінетіндей болғаны дұрыс.

Көрермен тойшы қауым жиналып болған соң 4 жігіт атпен жүріп, көпшілікті аралап жарамазан айтады. Жарамазан өлең түрінде айтылса тәуір болмақшы. Содан кейін тігілген киіз үйлердің ортасындағы тоғыз үйден тоғыз жас жігіт пен тоғыз жас келіндер шығып, ортаға аласа үстелдер әкеліп қондырып, дастарқан жаяды. Дастарқанға әртүрлі тағам әкеліп қояды. Осыдан кейін ортадағы жеті киіз үйден жеті ақ жаулықты кейуана шығып, дастарқан басына наурызкөже, сүт, шұбат тағамдарын әкеледі. Содан соң жеті үйден жеті ақсақал қария шығып, дастарқан басындағы ақ жаулықты аналарға той құтты болсын айтып, дастарқан басына жайғасады. Дастарқанның айналасында 50-60 аласа отырғыш болуы тиіс.

Осының бәрі «Ақжарма», «Сарыарқа», «Адай», Абылдың күйлерін күмбірлеткен домбырамен сүйемелденіп тұрса, бұл көрініс әсіресе дәстүрге шөліркеген жастар мен балалардың есінде мәңгі сақталары анық.

Бұл айтылып отырған Наурыз дәстүрі ойдан шығарылып отырған жоқ, ол ата-бабаның Наурызды мерекелеу дәстүрлерін Сәбит Дөнентаевтың, Ахмет Байтұрсынұлының, Қойшығара Салғариндердің жазған деректеріне негізделді.

Содан соң киіз үйдің әрқайсысынан 7 шелпектен желінуі тиіс. Жарты ай түрінде тігілген киіз үйлердің ортасына ұзындығы 20-25

метрден кем емес дастарқан жайылып не аласа үстелдер орнатылып, тағамның барлығы қойылады. Қазақтың қара самаурындарында шәй қайнап жатады. Одан соң өңірдің имамы дастарқан басына келіп, өлі әруақтарға арнап аят оқиды. Аят жиналған барша жұртқа естіліп тұруы тиіс. Аят кезінде жиналған жұрт жүрелеп отырады. Аят оқылып болғаннан кейін көпшілік дастарқандағы наурызкөже мен шелпек наннан ауыз тиетін болады.

Осыдан кейін «Тойбастар» жырымен той басталады. Тойбастар айтқан жыршыға сыйлық халықтың көзінше беріледі. Осы кезде ел басшылары шығып халықты құттықтап, өткен жылдағы атқарылған істер мен жаңа жылдағы атқарылатын жұмыстарды таныстырып өтеді. Бұдан соң концерттік қойылым тамашаланады. Концерт барысында ата-баба салтымен жыршылар бұрынғы жыр-термелерді. күйшілер күй сайысын, ақындар айтыс көрсетсе нұр үстіне нұр болары хақ.

Наурыз тойын өткізудегі ата-баба дәстүрінің тағы бір көрінісі – ел басшылары қысқаша баяндамасын жасамас бұрын Құбыладан ақ түйеге мінген ақ сақалды, ұзын бойлы, жүзінде нұры бар Қыдыр Ата көрінеді. Сол кезде көпшілікке «Жаңа жыл келді! Қыдыр Ата келді!» деп жар салынуы керек. Атаны сәлем беріп қарсы алып, түйесін шөгеріп, қолтықтап үйдің алдына әкелетін жеті жас жігіт болуы керек. Үйдің алдынан дастарқан басында отырған қариялар, әжелер, ақ жаулықты аналар қарсы алып, құтты қадам тілеп, жол болсын айтып, сол жердегі тақ іспеттес орындыққа отырғызады. Қыдыр Ата жайғасқан соң жиылған жұртпен аман-саулық сұрасып, «Пенделерім, Алладан не тілейсіңдер, мен тілектеріңді жеткіземін» дейді. Осы кезде ел басшылары ел үшін, жұртшылық үшін атқаратын істеріне не жетіспесі бар, қандай арман-тілектері бар, арасында эзіл-қалжың есебінде (қызым саған айтам, келінім сен тыңданың жолымен) облыс басшыларынан сұрайтындарын қосып жіберуге тырысады. Қыдыр Ата: «Тілектеріңді естідім, менің әлі де баратын жерлерім көп» деп рұқсат сұрап, дастарқандағы дәмнен ауыз тиеді, бата жасап қоштасады. Қыдыр Ата бата жасаған кезінде де жиылған жұрт жүресінен отырып қол жаяды.

Әрі қарай ойын-сауық жалғаса береді. Наурыз мерекесінде қазақтың ұлттық ойындары көбірек көрсетілгені дұрыс. Ат жарыс, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, алтыбақан, алтын қабақ, арқан тартыс, қазақш күрес, жаяу жарыс, тең көтеру т.б. сияқтылар.

Мәдени-спорт мекемелері мен «Қазақ тілі» қоғамдары бұл шараларға мән беріп, алдын ала бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мерекені ұйымдастырудың жайын кең көлемде жұртшылыққа түсін-

діру ақпараттарын таратқан жөн. Бұл көптің аузы біріксе, қолдан келе-тін шара.

«ЖЕТІ ЖАРҒЫНЫҢ» НЕГІЗДЕРІ

1. Адамдардың қарым-қатынас заңы

Адамдардың арақатынас заңына хан мен қарауындағы халқының, ата мен баланың, ерлі-зайыптылар арасының, басшы мен қосшының, т.б., түрлі қатынастардың қолайсыз жайларын қарап шешу міндеттелген. Патшаның бұйрығына оның қарауындағы халық түгел бағынады делінген. Ханға бағынбай, түрлі қарсы сөздер айтылса, ондай адамдар жазаланатын болады. Әйелді орынсыз ренжіткен адам, соңынан кешірім сұрамаса істеген ісіне не сөзіне қарай айып салынады. Жеті атаға жетпегендер арасында некелесу, етек қатынасына барғандар өлім жазасына кесіледі немесе халықтың ұйғарымымен басқа да қатаң жазаға тартылады. Алыстан құдандалығы бар не алыс атаның адамдары құдайы қонақ болып келіп дұрыс күтілмесе, тиісті сый-құрмет көрсетілмесе не әдептен аттаған жағдайлары болса, ол үйдің иесіне ат-шапан айып төлеткен. Ата-анасына тіл тигізіп, ауыр сөз айтқан ұлды немесе адамгершілікке сыймайтын өте ұятты іс жасаған еркек адамдарды қара есекке теріс мінгізіп, қара құрымды мойнына орап, басына қара киізден кеп кигізіп ауыл айналдырып сабау, қыз болса қол-аяғын буып, төркініне апарып, қолына тапсыратын болған.

2. Қауым заңы.

Бұл заңға ел арасындағы талап-тілектер, ұсақ арыз-шағымдар, дат, салт-дәстүр, ырым, жоралғы, алыс-беріс, барыс-келістер енгізілген.

3. Дүние-мүлік заңы.

Мұрагерлік, кепілдік, уәкілдік, мал-мүлік, куәлік, айғақ сияқтылар кіргізілген.

4. Дау-шар заңы.

Жерге таласу, құдыққа, суға талас, алым-салық, жетім-жесір мен күнелтісі төмендердің жағдайларын қарайды.

5. Қарулы жасақ заңы.

Жасақтың міндеті, жасақ ұйымдастыру жолдары, шабуылға шығу, қорғану, шегіну, қарауыл, жасауыл, бөгеуіл ұйымдастыру.

6. Елшілік заңы.

Елшілерге лайықты болу тәртіптері, білімділік, саясаткерлік, шешендік, жүректілік, іскерлік, сезгіштік, қырағылық, салмақтылық, ойшылдық, ақылдылық, табандылықтарды анықтап, талдау жақтары қарастырылған.

7. Қылмыс заңы.

Бұл заңда қарақшылық, тонаушылық, барымта, ұрлық, құн, жаза, т.б. қарастырылған.

Зорлық-зомбылық, ұрлық жасау, қарақшылыққа өлім жазасы тағайындалған. Екі жақ келісімге келіп, ымыраласқан жағдайда өлім жазасының орнына ердің құнын төлеу арқылы қылмысы жеңілдетілетін болған. Құн заңында: ердің құны 100 ірі қара (1000 қой), әйелдің құны 50 ірі қара (500 қой). Бір-бірінің денесіне зақым салынған жағдайда жараның ауыр немесе жеңілдігіне қарай құн төлейді. Мысалы, бас бармақ сынса 10 ірі қара (100 қой), шынашақ – 2 ірі қара (200 қой), басы жарылса, көзі шықса 50 ірі қара (500 қой). Билер мен төре-қожалардың құны қара халықтан үш есе, хандардың құны жеті есе жоғары болған. Кісі өлтірген адам кім болса да өлім жазасына кесілген. Екі жақ келісіп жатса, құн төлеттіру арқылы жазасы жеңілдетіледі. Екіқабат әйел кісі өлтірген жағдайда ол жазадан босатылатын болған. Өзін-өзі өлтіргендер қауымға қойылмайды, бөлек жалғыз жерленеді. Әйелді зорласа өлім жазасы кесіледі. Қызды зорлаған адам оның қалың малын төлеп үйленсе, жазадан босатылған. Егер де күйеуі әйелінің сұйық жүрісінің үстінен шықса, дереу елге хабарлау міндетті. Егер де оның сөзін 4 сенімді адам теріске шығарса, әйел күнәсіз деп табылады. Көлік мінген адам екіқабат әйелді қағып кетсе не әйелді ұрып-сабаса, сол себептен одан өлі бала туылса, бес айлық бала үшін бес ат (50 қой) не одан жоғары болса, онда әр айына үш аттан құн төлейді. Бала тоғыз айлық болса 15 ат (150 қой) төлейді екен.

Ұрлық жасаған адам қолға түссе, алған мал-мүлікті үш тоғызымен қайтарады.

Белгілі адамдардың еліне айтып қалдыратын өсиеті ағайындары мен молланың қатынасуымен хатталады. Ел ішіндегі дау-жанжалдарды сол елдің биі атанып жүрген адамдары мен аузы дуалы абыройлы ақсақалдары шешеді. Даулы істерде үш адамнан кем емес куәлары болады. Билер не қазылар билік айтып әділ шешім қабылдағаны үшін кесілген малдың оннан бірін еңбек ақысы ретінде алатын болған. Айыпкер адам айыбын төлемеген жағдайда ру басыларының араласуымен күшпен барымта жолымен төлеткен. Ұрлық пен кісі өлтіруді қоса жасаған қылмыскерге екі бірдей жаза беріледі.

Жеті ата

1. Өке. 2. Бала. 3. Немере. 4. Немелтай. 5. Шөбере. 6. Шөншек. 7. Немене.

Кейде Бала, Өке, Ата, Арғы ата, Баба, Түп ата, Тек ата деп те жазылып жүр.

Жеті күн

1. Бүгін. 2. Ертең. 3. Бүрсігүні. 4. Арғы күн. 5. Ауыр күн. 6. Соңғы күн. 7. Азына.

Жеті жұт

1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылып, ел жұтайды). 3. Өрт. 4. Оба (тез тарайтын, өте жұқпалы ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су (жер шарының көптеген бөлігін су басатын жағдай). 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ

1. Жерде өлшеуіш жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Құрбақада құлақ жоқ. 6. Құста сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті ғалам

1. Шығыс. 2. Батыс. 3. Оңтүстік. 4. Солтүстік. 5. Аспан (жоғарғы ғалам). 6. Жер (орта ғалам). 7. Жер асты (төменгі ғалам).

Жеті қат көк

1. Ай. 2. Күн. 3. Шолпан. 4. Есекқырған (Меркурий). 5. Қызыл жұлдыз (Марс). 6. Сатурн. 7. Мүштәри (Юпитер).

Жеті ғашық

Эпостарда, жырларда, аңыз-әңгімелерде кездесетін жеті ғашық екі нұсқада айтылады:

1. Ләйлі–Мәжнүн, Жүсіп–Зылиқа, Фархад–Шырын, Таһир–Зуһра, Арзу–Қамбар, Уәлик–Ғарра, Уәки–Кулшаһ.

2. Сейпілмәлік (Бәдіғұл)–Жамал, Бозжігіт–Анула не Қарашаш деп те айтылады, Зияда–Хорлы (Хорлы–Ғайын), Ләйлі–Мәжнүн, Жүсіп–Зылиқа, Фархад–Шырын, Баһрам–Күләнда.

Жеті шәріп (Жеті әулие)

1. Меке шәріп. 2. Мәдина шәріп. 3. Бұхар шәріп. 4. Шам шәріп. 5. Қайым шәріп. 6. Құддыс (Мысыр) шәріп. 7. Кәләм шәріп (Құран).

Жеті жетекші

1. Басшы – ақыл. 2. Жетекші – талап. 3. Жолаушы – ой. 4. Жолдасы – кәсіп. 5. Қорғаны – сабыр. 6. Қорғаушысы – мінез. 7. Сынаушысы – халық.

Жеті жетім

1. Тыңдалмаған сөз жетім. 2. Киюсіз тозған тон жетім. 3. Иесіз қалған жер жетім. 4. Басшысы жоқ ел жетім. 5. Аққу-қазсыз көл жетім. 6. Жерінен айырылған ер жетім. 7. Замандасы таусылса, бәрінен де сол жетім.

Жеті амал

1. Үркердің батуы. 2. Қарашаның қайтуы. 3. Мұздың қатуы. 4. Киіктің матауы. 5. Қыс тоқсан. 6. Ай тоғамы. 7. Күннің тоқырауы.

Жеті қазына

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Қыран бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Құмай тазы (ит).

Қазіргі кезеңде ит дегенді жеті қазынаға кіргізуді дұрыс емес деп кейбір білімділеріміз бұралқы иттердің жағдайларын әңгімелеп, қазіргі қоғамға иттің қажеттігі жоқ, адамға да пайдасы жоқ екендігін өздерінше дәлелдеп жеті қазынаның қатарынан алып тастап жүргендері байқалады. Қазақ халқы ерте кезден бастап күнелтіс көзін төрт түлік малдан тауып, мал өсірумен айналысып келді. Сол малдың күзетшілері ит болғанын жақсы білеміз. Соғыс кездерінде де санитар иттер жараланып, қан кетіп жатқандарға бірінші дәрігерлік көмек көрсеткен жоқ па?! Иттің ішінде де ақылдылары көп болған. Осыған байланысты ертеректе болған бір ит жөніндегі «Құткелдің оралуы» деген деректі әңгімені айта кетейін.

ҚҰТКЕЛДІНІҢ ОРАЛУЫ

Таң шапағы жаңа білініп, қараңғылық ыдырай бергенде, бір топ суыт жүргінші аттарын ауыздыққа сүйеп келіп, өзбектерден шығатын керуен жолына жақын жердегі үлкен қаражалдың үстіне шығып аттарының басын тежеді. Маңдайында алақандай төбелі бар қара арғымақ мінген, қапсағай бойлы, ат жақты, қызғылт түсті тайлақтың жүнінен екі бет етіп тоқыған шекпенін қаусырып қайыс белбеумен буынып, аяғына ұзын конышты, былғарыдан тігілген саптама етік,

басында желкілдеген ақ сеңсең бөрік киген осы топтың басшысы, түркіменнің атақты қарақшысы Таған-Дұрды алысқа сүзіле қарап:

– Абдал, қарашы, тонау белестің үстінен не көрінеді? – деп сұрады.

Қасында тұрған қара шұбар атты, мұның да басында сеңсең бөрік бар бұжыр бет қара кісі:

– Иә, бірдеңе қозғалады, адам болсын, мал болсын, бір топ қара бар сияқты, – деді.

– Олай болса, аттарыңнан түсіп, айылдарыңызды қайта тартып алыңыздар. Қапталдағы қоласпен жақындап барып анықтармыз, – деп Таған-Дұрды өзі де атынан түсе бастады.

Таған-Дұрды жасы отызды орталап қалған, осыдан он жыл бұрын әкесі Мәмедқұлдың жасағының ішінде болып, Адай ауылдарына тұтқиылдан шабуыл жасағанда тұңғыш рет кісі өлтіріп, адам қанын жүктегеннен бері бірталай елді тонап, талай керуенді олжалап, талай жазығы жоқ жандардың өмірін өз қолымен қиған қандықол қарақшының өзі болатын. Алғашқы өзі қатынасқан жорықта қолға түскен жесірлердің ішінде Сүйінқара батырдың екі қызы, Айсалқам мен Жансалқам да болатын. Он алты жастағы Жансалқамды Мәмбетқұл әкесі кіші әйелдікке алған. Енді жылға жетпейтін уақыттан кейін сол өгей шешесі Жансалқамның қолынан өлетінін Таған-Дұрды сол кезде білмеген еді.

* * *

Биылғы жылдың қысы қар жаумай, қара қатқақ болып аяқталса, жазғытұрғы жауын бір тамбай жазға айқасып, қуаңшылық басталды да кетті. Жер еміп, күнелгіс жасап отырған Бесқала елінің шаруасын қуаңшылық шайқалтпай қойған жоқ. Ашаршылықтың болатынын алдын ала сезген Бесқаланың қолы ұзын азаматтары өзбектегі жақын таныстарынан астық сатып алудың қамын ертерек ойлай бастады.

Бесқала елінің жағдайын естіген Акбар саудагер отыз атан-нарға ақталған жүгері, тары, тұқымдық бидай, т.б. заттар тиіп, Бұхарадан шыққанына жетінші күн болатын. Бүгін таң сыз бере керуенді жолға салған Акбардың есебі – кештетіп Дархан атаның жайлауында отырған елге жетіп қону болатын-ды. Керуеннің еңкеуден енді түсе берген кезі-тін, алдарынан самсап шыға келген аттылы топты көргенде Акбардың тұла бойы шымыр ете түсті. Таң алакеуімде жолды тосып тұрған топтың жәй жүргіншілер емес екенін бірден түсінді. Жұрт шұбырып жатқан ұлы керуен жолымен жүрмей, Үргенішке жүргіншісі аз тіке жолмен жүргеніне қатты өкінді. Керуеннің алдында арқан бойы алда келе жатқан Акбар атының басын тежеп, олар-

дан тірі құтыла алмайтыны ойына орала бергені сол еді, өз қолының тақымына қыстырған шолақ мылтықты қалай суырып алғанын өзі сезбей қалды. Керуеннің алды ошарылып іркіліп қалды.

Жақындап қалған аттылы топтың алдыңғы жағында келе жатқан шұбар атты сенсең бөріктінің қолындағы алтыатардың аузы өзіне тіктеле бастаған бойда шолақ мылтықтың да даусы саңқ етті. Ақбар қол мерген адам еді. Қолын көтерген бойда мылтық қоса атылатын және көздеген нысанаға дәл тиетін-ді. Бұл жолы да солай болды. Алтыатар ұстаған қолы сылқ түсіп, сенсең бөрікті шұбардың үстінен құлап бара жатты.

Одан кейін болған жай көзді ашып-жұмғанша аяқталды. Ақбар атының басын кейін бұрам дегенше қара арғымақтының өзінің қасына қалай келгенін де, көз ілеспес жылдамдықпен Ақбардың басын қылышпен қағып жіберіп допша домалатқанын да, керуеннің қалған алты адамының қарақшылардың қылышынан әп-сәтте қаңқасап болғанын да айтатын қалашылардың түйелерінен басқа тірі куә қалмаған еді.

Қияқты мен Тұщықұдықтың арасында Сорқұдық, Ақшақұдық, Көндікұдық деген суы тұщы құдықтар бар (Қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы жер-су аттары қазір де осылай аталады).

Жарқұдық деп аталатын суды жылда Есіркеп ақсақал жайлайтын. Биыл да көктем шығысымен Жарқұдықтың қасында бұрынғы қонатын үлкен қоңыр төбенің басына келіп орналасқан. Есекең асқан бай адам емес, өзінің күнелтісіне жететін жүз елуге тарта уақ жандығы, онның үстінде түйесі, бір айғыр үйір жылқысы бар орта шаруаның бірі болатын. Осыдан 3-4 жыл орыстың байлары (купецтері) Маңғыстау түбегінің Каспиймен шектесетін жағалауына қалашықтар салып, олардың атын «Сарыташ», «Долгий», «Бұрынжық» пристандары деп атап, балық аулатып, Астраханға жіберіп отырған.

Есекең жылына малының терісі мен жүнін Долгийға апарып сатып, керекті заттарын алуды әдетке айналдырған болатын. Сол әдетімен бір барғанында қасындағы баласы Дәлубай қайтар мезгілде тас үйдің көлеңкесінде ойнап жүрген кішкентай күшікті ешкімге көрсетпей қапшыққа салып алыпты. Орта жолға келгенде барып Дәлубай қапшықтан күшікті алып әкесіне көрсетіпті. Есіркеп күшікті қолына алғанда қыңсылап дыбыс шығармағанына, бір рет ырылдап қойып, үнсіз жатқанына таң қалған көрінеді. Міне, сол күшік, үш қар басып үлкен сарғылт-қоңыр түсті арлан төбет болды. «Бұл ит ит сияқты емес, сөйлей алмайтыны болмаса, сөздің бәрін түсінеді, адамнан кем емес», – деп отыратын көрінеді Есекең сөзден сөз шыққан кездерде. Күшіктеріне Құткелді деп ат қойыпты. Соңынан Бердібек «Құткелді

деп қойған аттары орынды болды» дейтін болды. Оның себебі, қойдың ішінде Құткелді жүреді, өрістен түйе келмей қалса Құткелді кетіп айдап келеді. Бұрын күн аралатып тоқты-торым жеп тұратын қасқырлар былтырдан бері қарай Құткелді ит санатына қосылғасын бұл маңайға жууды қойған-ды.

Тамыз айының ішінде үйге жамағайын Бердібек келіп, Бесқаланың жәрмеңкесіне керуен алып жүретінін, соған Есекеңнің сататын малы болса Дәлубайды ертіп жібергенін дұрыс көреді. Жылда үйінен адам жібермей-ақ, Бердібекке 4-5 ірі қара малды қосып айдатып, керек-жарағын алдыртып келген Есіркеп: «Дәлубайды қосып жібермесем ұят болар, жылына Бердібектің мойнына мінгенім», – деп Дәлубайды Бердібекпен бірге жіберетін болыпты. Бердібек Дәлубайға: «Құткелдіні де өзіңмен бірге ала жүр, жолда түнемелікте ұры-қары тап болса, иттің қажеттігі болады», – деп Құткелдіні ертіп алып кеткен.

* * *

...Қалашылар айға жуық жол жүріп, Үргеніштің базарына келіп жайғасады. Базарға айдап апарған малдарын сатып, мал терісі мен түбіт, жүн өткізіп, «енді 3-4 күннен соң қайтамыз» деп отырғанда, керуенші түйелерінің қасында жүрген қызыл қоңыр, теңбіл шұбары бар басы үлкен, аяқтары жуан арлан итті алыстан көріп, әдейі бұрылып келген Таған-Дұрды қалашылардың бастығы Бердібекті іздеп тауып, жөн сұрасқаннан кейін Құткелдіні саудалайды. Бердібек иттің өзінікі емес екенін және сол иттің арқасында ұры-қарыдан аман келгенін айтып, сататын ниет білдірмейді.

Ақбардың керуенін қолға түсірген қаракшылардың суыт жүріспен Үргеніштің базарына келгеніне де үш күндей болып қалған. Керуеннің астығы мен күш-көліктерін сатып нобайлаған кезі, үш-төрт түйе мен алты-жеті қанар астық қалған болатын. Таған-Дұрды ойланбастан Бердібекке:

– Төрт қанар ақталған тары мен жүгері және екі атан түйе беремін, – деді. Қағыс естідім бе деп ойлаған Бердібек:

– Не дедің? – деп қайталап сұрапты. Таған-Дұрды қайталап айтады.

– Олай болса, мен иесін тауып, ертіп келейін, – деп жәрмеңкенің ішінде жүрген Дәлубайды тауып алып, хабарды толық жеткізеді. Дәлубай Таған-Дұрдыға итті беретін болып келіседі де, жаңағы айтылғандардың үстіне оқ-дәрісімен екі мылтық беруді сұрайды. Таған-Дұрды оқ-дәрісі мен екі мылтықты, төрт қанар астықты, екі атан түйені Дәлубайдың қолына ұстатып, өзі итке не болады.

– Сіздер кеткенше итке тамақты өзім әкеліп беріп тұрайын, сіздер тамақ бермеңіздер, – десе керек. Бұлар қозғалып кеткенше Таған-Дұрды итке күніге бірнеше рет жас қозының еті мен сорпасын, секер қосқан түйенің сүтін беріп тамақтап, үш күннің ішінде өзіне үйретіп алыпты.

Сөйтіп, Құткелдімен қоштасып, Дәлубай ауылға келеді. «Бір төбеттің құны екі түйе, екі мылтық, төрт қанар ақталған түйір астық болыпты» деген әңгіме елге аңыз болып тарап кетіпті.

Күз өтіп, қыс аяқталатын мерзімде, соңғы қанар астық орталап қалғанда, Есекеңнің бәйбішесі тары алып жатып:

– Есеке, мына қызықты қара, – деп қанардың ішінен салмағы әжептәуір кенеп қалтаны суырып алып, сылдыр еткізіп шалының алдына тастай салыпты. Есекең сол бойда қалтаның аузын сөгіп қараса, іші толы алтын теңге болып шығыпты.

Ертесіне Есіркеп Дәлубайды қасына алып, екеуі алтын ақшадан 9 дәнесті алып Долгийға жүреді. Азды-көпті мал терісін сатпақшы болады. Негізгі себебі, ақшаның алтын екендігіне көз жеткізу болса, оның құнының қанша екендігін де білуді жөн көреді. Азғантай жүн-терілерін сатып болып, байдың дүкеніне барып, дүкеншіге алтын теңгенің екі дәнесті көрсетіп, құнын сұрайды. Дүкен ұстап тұрған орыс шал алтын теңгені көріп, қожайынын шақыртады. Орыстың байы келіп көріп, тілмаш арқылы Есіркеппен сөйлесіп, бұл алтын ақшаны қайдан алғанын, қанша теңгесінің барын сұрайды. Есіркеп барлығы 9 екенін көрсетіп:

– Әкем бай болған кісі еді, сол әкемнің маған қалдырған мұрасы, – деген көрінеді. Тоғыз алтын теңгені қолына ұстап тұрған орыс байы:

– Мына ақшаға не алғың келеді? – деп сұрады.

– Бір пұт шай, екі қап ұн, 20-30 метр түрлі мата түсе ме? – депті Есекең.

Орыс байы дүкеншіге Есекеңнің айтқандарының бәрін есептетіп шығарып:

– Осының үстіне балаңыз екеуіңізге екі етік және осы заттарыңызды тиіп апаратын бір арба, оны сүйреп апаратын бір ат алуыңызға жетеді, – деп алған тауардың тізімін екі дәне етіп жасатып, өзі қолын қойып, Есіркептің бармағын бастырып, бір дәнесті Есекеңге беріп, жолға шығарып салыпты.

– Неге қағаз жаздырып, қол қойдырдыңыз? – деп сұрағанда: – Ертең «алтынымызды алып, құнын кем есептепті» деген наразылық әңгіме туатын болса, бұл құжат керек болады, – деп жауап беріпті.

Қуаныштары қойнына сыймай келген әкелі-балалы екеуі алтынның азғантайын үйлеріне қалдырып, қалғанын белгілі жерге көметін

болады. Сөйтіп, кешкі тамақтарын ішіп бола бергендерінде үй сыртынан иттің гүр еткен даусы естіледі. Есіркеп басын көтеріп:

– Мынау біздің Құткелдінің даусы ғой, – дейді.

Үйдегілердің бәрі түгелдей сыртқа жүгіре шықса, ит шөкесінен жатқан күйінде бауырымен жылжып келіп, Есіркептің екі аяғының арасына тұмсығын тығып, құйрығын бұлғаңдатады. Есекең үнсіз жатқан итті құшақтап көтеріп алып, үйге әкеліп қараса, иттің азып кеткенін, бұрынғы жылтырап тұратын қызыл қоңыр шұбар терісінің ұйпа-тұйпа болып қалғанын, көзінің жасының төгіліп тұрғанын көріп шыдай алмай:

– Құткелдім-ай, қалай келдің, қалай таптың? – дегенде босап, даусы бұзылып кетіпті. Кемпірі мен баласы да көздерінен қалай жас шығып кеткенін байқамай қалыпты.

Осыдан бастап Есіркеп үлкен байлардың қатарына қосылады. Отырған үлкен төбенің аты Құткелді деп аталып кетіпті.

Шындығында да Есіркептің шаңырағына құт дарытқан Құткелді еді. Құткелді болмаса, саудагер Акбардың ішіне алтын тыққан ала қанары Есіркептің үйіне келер ме еді?

* * *

...Кейін мәлім болғанындай, мұның өмірде өте сирек кездесетін, ешқандай азулы аңнан қорықпайтын нағыз иттің сырттаны екенін Таған-Дұрды бірден таныған екен. Құткелдіні қолына түсіргесін сол қыста 40-тың үстінде түлкі, 20-ға тарта қасқыр алыпты. Қыс өтіп, көктем келген уақытта Таған-Дұрды оншақты күн ауырып, Жансалқамның шұбатқа қосып берген уынан көз жұмады.

Дұрдыны жерлеп жатқанда Құткелді адамдардан аулағырақ жерде бәрін көріп жатады, жұрт кеткен соң қабір басына келіп, жер бауырлап кешке дейін жатады да, үйге келеді. Жансалқам бір аяқ жас етті сорпасымен итке беріп, жеп болғасын жылап тұрып:

– Құткелді, еліңе қайт, мен енді елге бара алмаспын, себебі түрікпеннің әйелі болдым, топырағым осы жақтан бұйыратын болар, кегімді алдым, – деп көзінің жасын сүртіп тұрып, ел жақты қолымен нұсқап қақпаны ашқанда, Құткелді «түсіндім» дегендей гүр еткізіп бір дыбыс шығарып, басымен Жансалқамға сүйкеніп жіберіп, есіктен шығып жүре беріпті.

Сол шыққан бетімен қанша жүргені белгісіз, үйіне жеткені осы ғана. Отбасының қуанышында шек болмады. Ертесіне Есекең елді жинап, құдай жолына ақсарбасты шалып садақа жасайды.

Құткелді қартайып өліпті. Дәлубай оны төбенің басына көміп, тастан белгі қояды. Төбенің аты күні бүгінге дейін Құткелді деп аталады.

Кейіннен, Адай елінің жігіттері жаугершілік жолмен емес, жок іздеп жүрген жолаушы болып Сүйінқараның қыздарының хабарын шығару үшін іздеп, тапқанда Жансалқам қырықтарға келіп қалған әйел екен. Іздеп барғандарға:

– Мен енді елге қалай барам? Елге барып түрікпеннің қатыны атанғанша, осы жерде қалғаным дұрыс болар, – деп шешкен көрінеді.

Сонда Жансалқам Таған-Дұрдыны өзінің өлтіргенін сол күнге дейін ешкімнің білмейтінін, адайлардың қалашыларынан бір итті сатып әкелгенін, иттің өте ақылды екенін, Дұрдыны өлтірген күні түнде «еліңе бар» деп итті шығарып жібергенін, ол иттің сол кеткеннен мол кеткенін айтыпты. Және Дұрды өлгеннен кейін қанды көйлек жолдастары келіп итті сұрағанын, итті өзбектердің керуенін тонап, содан түскен олжаға адайдың керуен басшысы Бердібектен сатып алғандығын, болған оқиғаны түгелдей Дұрдының итті алып кетуге келген жолдастарының бірі айтқан көрінеді. «Иттің жоқ болып кеткеніне он күндей болды» дегенде Дұрдының жолдастары иттің еліне кеткенін біліп сандарын соғып қалыпты.

Осы бір әңгімеден де адам мен иттің арасындағы достықтың қандай болатынын түсінуіміз керек қой деген ойдамыз.

Енді АЛТЫдан басталатын дәстүрлі сөздерге тоқталайық.

Алты алаш

1. Қазақ. 2. Қарақалпақ. 3. Өзбек. 4. Түрікпен. 5. Қырғыз. 6. Жайылған (Төле би) немесе Шыңғыс Айтматовтың айтуынша: 1. Ұлы жүз. 2. Орта жүз. 3. Кіші жүз. 4. Қарақалпақ. 5. Қырғыз. 6. Қазақтың құрама рулары.

Алты игілік

1. Денсаулық. 2. Дос. 3. Білім. 4. Бала. 5. Қазына. 6. Әйел.

Алты парыз

Адамдық қасиеттер немесе парыз:

1. Кішісі үлкенге сәлем беруге (әдейі барып).
2. Шақырса – баруға.
3. Кеңес сұраса – ақыл қосуға.
4. Сұрағына жауап беруге.
5. Ауырып қалса – көңілін сұрауға.

6. Қайтыс болған жағдайда жерлеуіне қатынасуға (*Мұхамбет пайғамбар*).

Алты асқар

1. Ақыл. 2. Білім. 3. Әділдік. 4. Шыншылдық. 5. Кең пейіл. 6. Жомарттық.

Киелі БЕС саны

Бес қатер: От. Жау. Борыш. Ауру. Сөз.

Бес жаратылыс: Күн. Ай. Жұлдыз. Күндіз. Түн.

Бес асыл, бес дұшпан

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...

Өсек, өтірік, мақтаншак,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рахым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз (*Абай*).

Бес парыз

1. Құдайдың барлығы мен Мұхамбеттің пайғамбарлық қасиетін мойындау. 2. Намаз оқу. 3. Ораза ұстау. 4. Қайыр садақа беру. 5. Қажылыққа бару.

Бес намаз

1. Таң намазы. 2. Бесін намазы. 3. Екінді намазы. 4. Ақшам намазы. 5. Жашиық намазы.

Бес борыш

1. Жаратушыға, пайғамбарға байланысты борыш. 2. Адамның өзіне байланысты борыш. 3. Мемлекет пен халыққа борыш. 4. Үй-іші, жақындарға борыш. 5. Адамгершілік әлеміне борыш (*Мұхамбет пайғамбар*).

Бес қару

1. Садақ. 2. Мылтық. 3. Найза. 4. Қылыш. 5. Айбалта.

Бес өсиет

1. Әрқашан сақ жүр.
2. Жауға иілме.
3. Өсекке ерме.
4. Өтірік айтпа.
5. Арыңды сатпа.

ТӨРТ санына қатысты қасиетті ұғымдар**Төрт күнә**

1. Аллаға күмән келтіру.
2. Нақақтан қан төгу.
3. Ата-анаға тіл тигізу.
4. Өтірік куә болу (*Мұхамбет пайғамбар*).

Төрт пір

1. Жарлының пірі – Қанағат.
2. Ұрының пірі – Өтірік.
3. Ұстаның пірі – Дәуіт.
4. Кәрінің пірі – Ақыл (*Әнет баба*).

Төрт кітап

1. **Тәурат** – Мұсаның кітабы.
2. **Зәбүр** – Дәуіттің кітабы.
3. **Інжіл** – Исаның кітабы.
4. **Құран** – Мұхамбеттің кітабы.

Төрт қылыш

1. Хәмхам.
2. Сәмсам.
3. Зұлпықар.
4. Зұлқожа.

Төрт періште

Аллаға араласып тұратын төрт періште бар. Олар: **Жебірейіл, Әзірейіл, Мекайіл, Исрафил.**

Төрт Халифа

1. Әбубәкір.
2. Омар.
3. Оспан.
4. Әли.

Төрт тұлға

1. От.
2. Су.
3. Жел.
4. Жер.

Төрт құбыла

1. Шығыс.
2. Оңтүстік.
3. Батыс.
4. Солтүстік.

Төрт маусым

1. Көктем.
2. Жаз.
3. Күз.
4. Қыс.

Төрт тоқсан

1. Қыс тоқсан. 2. Жаз тоқсан. 3. Шілде тоқсан. 4. Күз тоқсан.

Дүниенің төрт бұрышы

Шын-Машын (Қытай-Тибет), Мысыр, Рұм, Еуропа елдері.

Төрт түліктің пірлері

1. Түйе пірі – Ойсыл қара.
2. Жылқы пірі – Қамбар ата.
3. Сиыр пірі – Зеңгі баба.
4. Қой, ешкі пірі – Шопан ата, Шекшек ата.

Төрт мұрат

1. Дау мұраты – біту. 2. Саудагер мұраты – ұту. 3. Қыз мұраты – кету. 4. Жол мұраты – жету (*Сырым батыр*).

Төрт мүлік

1. Бас – ақыл. 2. Тіл – сөз. 3. Қол – еңбек. 4. Аяқ – көлік (*Асан ата*).

Төрт қорлық

1. Бала тілді алмаса. 2. Денсаулығың болмаса. 3. Жауыңның аяғына бас ұрсаң. 4. Абыройыңнан айырылсаң.

КИЕЛІ ҮШТІК**Үш тағылым**

1. Мейірімнен – сауап. 2. Жақсылықтан – шарапат. 3. Жамандықтан – кесапат.

Үш қасиет

1. Өліде – аруақ. 2. Малда – кие. 3. Аста – кепиет.

Үш тоқтам

Ақыл – арқан, ой – өріс, адам – қазық.

Үш қуаныш

1. Жақсылығың алдыңнан шықса. 2. Өзінді елің сыйласа. 3. Досжараның көп болса.

Үш биік

1. Дәреже. 2. Дәулет. 3. Даналық.

Үш асыл

1. Көз. 2. Тіл. 3. Көңіл.

Үш артық

1. Адалдық. 2. Еңбек сүйгіштік. 3. Өнерпаздық.

Үш ынтық

1. Еркін өмір. 2. Құрметке бөлену. 3. Пайдалы еңбек.

Үш апат

1. Зілзала. 2. Өрт, жұқпалы ауру. 3. Соғыс.

Үш кедейлік

1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3. Ұйқы (*Төле би*).

Үш кемдік

1. Баласыздық. 2. Жарымжандық. 3. Ақылсыздық.

Үш бақытсыздық

1. Жаман қатын. 2. Жаман ат. 3. Жаман көрші.

Үш көз

1. Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.

Үш ақиқат

1. Қымбат – шындық. 2. Арзан – өтірік. 3. Дауасыз – кәрілік (*Жан-құтты шешен*).

Үш тәтті

1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3. Жар тәтті.

Үш жамандық

1. Ата-ананы сыйламау. 2. Зорлық жасау. 3. Отанын сату.

Үш қадірсіз

1. Жастық шақ. 2. Денсаулық. 3. Жақсы әйелдің қадірін білмеу.

Үш қадірлі

1. Ырыс. 2. Бак. 3. Дәулет (*Жиренше*).

Үш даусыз

1. Ажал. 2. Мінез. 3. Кәрілік.

Үш арсыз

1. Тамақ арсыз.
2. Ұйқы арсыз.
3. Күлкі арсыз.

Үш ғайып

1. Ажал ғайып.
2. Қонақ ғайып.
3. Несібе ғайып.

Үш қуат

1. Ақыл қуат.
2. Жүрек қуат.
3. Тіл қуат.

Үш қат

1. Аспан қат.
2. Жер қат.
3. Жердің асты қат.

Үш арыс

1. Сәкен.
2. Бейімбет.
3. Ілияс.

Үш дана

1. Абай.
2. Шоқан.
3. Ыбырай.

Үш би

1. Үйсін Төле би.
2. Арғын Қаздауысты Қазыбек би.
3. Әлім Әйтеке би.

Үш байлық

Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық.

Үш жұрт

1. Өз жұрты.
2. Нағашы жұрты.
3. Қайын жұрты.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ «МЫҢЖЫЛДЫҚ САҢЛАҒЫ» ЖӘНЕ «ҒАСЫР САҢЛАҒЫ» ДЕГЕН АТАҚТАРҒА ИЕ БОЛҒАН ЕҢ ТАҢДАУЛЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

МЫҢЖЫЛДЫҚ САҢЛАҚТАРЫ

1. **Қожа Ахмет Яссауи** (1033-1166) – исламдық діни әдебиеттің негізін салған ақын, кемеңгер ойшыл. Кейінгі ұрпаққа «Диуани хикмет» – «Даналық кітап» атты өшпес мұра қалдырған, аты аңызға айналған қасиетті әулие.

2. **Әз Жәнібек хан Барақұлы** (15 ғ. басы - 1480) – Қазақ хандығының негізін салушы хандардың бірі. Ол қазақтың тұңғыш ханы Кереймен бірге ұлттық мемлекетіміздің шаңырағын көтерген.

3. **Мұхаммет Хайдар Дулати** (1499-1551) – қазақ халқының тұңғыш тарихшысы әрі жазушы. «Тарихи Рашиди» атты тарихи еңбек жазған.

4. **Үйсін Төле би Әлібекұлы** (1663-1756) – Ұлы жүздің төбе биі. Атағы жер жарған шешен. Әз Тәуке, Абылай хан тұсында Қазақ хандығын нығайтуға айрықша еңбек сіңірген мемлекет қайраткері.

5. **Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы** (1665-1763) – Орта жүздің қара қылды қақ жарған әділетті ұлы биі, жезтаңдай шешен. Төле, Қазыбек билермен бірге «Жеті жарғы» әдет заңын жасаған әрі хан кеңесшісі болған мемлекет қайраткері.

6. **Алшын Әйтеке би Баубекұлы** (1688-1748) – Кіші жүздің биі, белгілі шешен. Төле, Қазыбек билермен бірге «Жеті жарғы» әдет заңын жасаған әрі хан кеңесшісі болған мемлекет қайраткері.

7. **Абылай хан** (1711-1781) – Қазақ елін бір мемлекетке біріктіру жолындағы ұлы күрескер, елді ішкі-сыртқы жаулардан қорғаған қаһарман хан, саясаткер, қолбасшы, батыр.

8. **Құрманғазы Сағырбайұлы** (1823-1889) – қазақ халқының ұлы композиторы, күйші. Ұлттық музыка мәдениетін жоғары сатыға көтерген мәдениет қайраткері.

9. **Шоқан (Мұхамедханания) Шыңғысұлы Уәлиханов** (1835-1865) – қазақ халқынан шыққан тұңғыш ғалым. Тарихшы, этнограф, географ, саяхатшы, ағартушы-демократ.

10. **Абай Құнанбаев** (1845-1904) – қазақ халқының данышпаны, ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, жазба әдебиетінің негізін салушы.

ҒАСЫР САҢЛАҚТАРЫ

1. **Әлихан Бөкейханов** (1866-1937) – Алашорда өкіметі мен «Алаш» партиясының негізін салушы әрі көсемі. Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ұлы күрескер, мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым.

2. **Ахмет Байтұрсынұлы** (1873-1937) – ұлы ағартушы, аса көрнекті ғұлама ғалым, ақын, публицист, түркітанушы. Қазақ әліпбиі мен баспасөзінің негізін салушы. Азаттық жолындағы айтулы күрескер. Алашорда өкіметі мен «Алаш» партиясының негізін салушы әрі көсемі, мемлекет, қоғам қайраткері.

3. **Дина Нұрпейісова** (1861-1955) – қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, домбырашы, күйші, композитор.

4. **Мұхтар Омарханұлы Әуезов** (1897-1961) – аса көрнекті қазақ жазушысы, академик. Данышпан ақын Абай өмірінен тұңғыш энциклопедиялық эпопея жазған ұлы суреткер. Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

5. **Қаныш Имантайұлы Сәтбаев** (1899-1964) – аса көрнекті ғалым, біртуар академик. Қазақстан ғылымының негізін салған. Қазақ ССР Ғылым академиясының шаңырағын көтерген және оның тұңғыш президенті. Лениндік және Мемлекеттік сыйлық лауреаты.

6. **Бауыржан Момышұлы** (1910-1982) – Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери қайраткер, ұлт мақтанышы.

7. **Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев** (1912-1993) – КСРО және КОКП Орталық Комитетінің, Кеңестік Қазақстанның аса көрнекті басшысы, академик. Қазақстанның мәдениеті мен экономикасын дамытуға ерекше үлес қосқан ұлы тұлға.

8. **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** (1940 жылы туған) – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, көрнекті мемлекет қайраткері. Бейбітшілік пен татулық және ел бірлігі жолындағы жалынды күрескер.

9. **Олжас Омарұлы Сүлейменов** (1936 жылы туған) – қазақ халқының аса көрнекті ақыны. Қарусыздану мен бейбітшілік жолындағы табанды күрескер, дипломат, қоғам қайраткері.

10. **Тоқтар Әубәкіров** (1946 жылы туған) – қазақ ұлтынан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш. Кеңестер Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, қоғам қайраткері.

11. **Әбіш Кекілбай** (1939 жылы туған) – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА МҮШЕЛЕРІ

Бірінші Дума депутаттары (1906 жыл).

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамбетұлы (1886-1938) – Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтын бітірген, орман инженері, 40 жаста (Семей обл.).

Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы (1870-1927) – Қазан университетінің заң факультетін бітірген, 36 жаста. Орыс Парламентінде тұңғыш сөз сөйлеген қазақ (Торғай обл.).

Жантөрин Сәлімгерей Сейітханұлы (1864 – ө.ж.б.) – Москва университетінің физика-математика факультетін бітірген. Уфада губерниялық земство бастығы болған. 1917 жылы IV Мемлекеттік Думаға қатысқан (Уфа губерниясы).

Қалменов Алпыспай Қалменұлы (1869-1937) – Орынбор гимназиясын бітірген. Қазақ Ордасын басқару кеңесінің мүшесі (Орал обл.).

Қосшығұлов Шәймерден (1874-1932) – Бұқарада оқыған. Көкшетау молдасы, білімді адам (Ақмола обл.).

Ноян Тұндыт Дәуіт Санжынұлы – ірі жер иесі. Николай лицейінде тәрбиеленген. Шетел университеттерінен дәріс алған (Астрахань).

Екінші Дума депутаттары (1907 жыл).

Аллабергенев Тілеулі – беделді ел ағасы, бай (Сырдария).

Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы (1870-1927) – жоғары білімді заңгер (Торғай обл.).

Тынышбаев Мұхамеджан (1879-1937) – жоғары білімді теміржол инженері, 27 жаста (Жетісу обл.).

Қаратаев Бақытжан (1860-1934) – жоғары білімді заңгер. II Думада сөз сөйледі, бірнеше парламенттік комиссияға мүше болды (Орал обл.).

Құлманов Бақтыкерей (1859-1919) – жоғары білімді, ғылым кандидаты (Ішкі Орда).

Қосшығұлов Шәймерден (1874-1932) – дін басы, молда (Ақмола обл.).

Нұрекенов Темірғали (1857 ж.т.) – болыс, оқыған, ауқатты адам. II Думада сөз сөйледі (Семей обл.).

II Мемлекеттік Думаға 8 қазақ қатысқан. Осында мұсылман федерациясының хатшысы Мұстафа Шоқайұлы болды.

АЛҒАШҚЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚТАР

1. **Айбасов Кәрібай** – Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1883 ж. бітірген.

2. **Арғынғазиев Ғалиахмет** – Қазан университетінің медицина факультетін 1905 ж. бітірген.

3. **Арғынғазиев Кама** – Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

4. **Ақаев Серікбай** – Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

5. **Ақбаев Жақып** – Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1902 ж. бітірген.

6. **Алдияров Нұрмұханбет Қауменұлы** – Қазан университетінің заң факультетін 1888 ж. бітірген.

7. **Алдияров Әбубәкір** – Қазан мед. университетін 1904 ж. бітірген.

8. **Аманжолов Садық** – Қазан университетінің заң факультетін 1910 ж. бітірген.

9. **Айтбакин Әміре** – Томск университетінің медицина факультетін 1894 ж. бітірген.

10. **Асфендияров Санжар** – Санкт-Петербург әскери медицина академиясын 1912 ж. бітірген.

11. **Асфендиярова Гүлсім** – Петербург әйелдер медицина институтын 1908 ж. бітірген (Санжардың апасы).

12. **Асфендиярова Мәриям** – Петербург әйелдер медицина институтын 1908 ж. бітірген.

13. **Артанов Мухамед** – Қазан малдәрігерлік институтын 1882 ж. бітірген.

14. **Атанев Нұрғали** – Қазан университетінің заң факультетін 1905 ж. бітірген.

15. **Әділбаев Ахмет** – Мысырдағы «Джамие Агхари» жоғарғы медресесін 1879 ж. бітірген.

16. **Әлиев Мырзабек** – Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдер факультетін 1903 ж. бітірген.

17. **Байғожин Ахметбек** – Қазан университетінің заң факультетін 1901 ж. бітірген.

18. **Базанов Оразғұл** – Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.

19. **Бейсенов Бақтығали** – Саратов университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.

20. **Байзақов Қорғанбек** – Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын 1919 ж. бітірген.
21. **Бегішов Мұхамеджан** – Ыстамбул университетінің тілдер факультетін 1890 ж. бітірген.
22. **Бекетаев Мәтен** – Қазанның малдәрігерлік институтын 1898 ж. бітірген.
23. **Бірімжанов Ахмет** – Қазан университетінің заң факультетін 1895 ж. бітірген.
24. **Бірімжанов Ғазымбек** – Берлин ауылшаруашылық институтын 1928 ж. бітірген.
25. **Бердиев Ғұбайдолла** – Қазан малдәрігерлік институтын 1906 ж. бітірген.
26. **Бекмұхамедов Шапхат** – Қазан университетінің заң факультетін 1916 ж. бітірген.
27. **Бисенов Батырғали** – Саратов университетінің медицина факультетін 1915 ж. бітірген.
28. **Бөкейханов Әлихан** – Петербург орман технологиялық институтының экономика факультетін 1894 ж. бітірген.
29. **Боштаев Мұқыш** – Қазан университетінің заң факультетін 1917 ж. бітірген.
30. **Ғайсин Ғабдырахман** – Ыстамбул университетінің дін факультетін 1900 ж. бітірген.
31. **Ғаббасов Хали** – Москва университетінің физика-математика факультетін 1915 ж. бітірген.
32. **Досмұхамедов Халел** – Петербург әскери-медицина академиясын алтын медальмен 1909 ж. бітірген.
33. **Досжанова Аққағаз** – Ташкент университетінің медицина факультетін 1922 ж. бітірген.
34. **Досмұхамедов Жанша** – Тарту университетінің заң факультетін 1910 ж. бітірген.
35. **Дүйсенбаев Рахымжан** – Томск университетінің заң факультетін 1898 ж. бітірген.
36. **Есенғұлов Түбек** – Қазан малдәрігерлік институтын 1902 ж. бітірген.
37. **Есенғұлов Омар** – Саратов университетінің медицина факультетін 1914 ж. бітірген.
38. **Ермеков Әлімхан** – Томск университетінің математика факультетін 1923 ж. бітірген.
39. **Ермекова Рахила** – Томск университетінің медицина факультетін бітірген.
40. **Едігенов Асадолла** – Қазан университетінің заң факультетін 1895 ж. бітірген.

41. **Жанайдаров Сейілбек** – Петербург университетінің заң факультетін 1913 ж. бітірген.
42. **Жанқадамов Бижан** – Қазан университетінің малдәрігерлік факультетін 1915 ж. бітірген.
43. **Жанболатов Сахыпкерей** – Қазан университетінің заң факультетін 1914 ж. бітірген.
44. **Жасағамбетов Мұса** – Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.
45. **Жантөрин Сәлімгерей** – Москва университетінің физика-математика факультетін 1889 ж. бітірген.
46. **Жүсіпқалиев Батырғали** – Саратов университетінің медицина факультетін 1915 ж. бітірген.
47. **Исмаханов Батырша** – Петербург университетінің заң факультетін 1913 ж. бітірген.
48. **Ипмағанбетов Нұрғали** – Петербург әскери-медицина академиясын 1911 ж. бітірген.
49. **Ибрагимов Сүлеймен** – Қазан малдәрігерлік институтын 1901 ж. бітірген.
50. **Көтібаров Әли** – Петербург әскери медицина академиясын 1898 ж. бітірген.
51. **Көкбаев Мұстафа** – Саратов университетінің заң факультетін 1905 ж. бітірген.
52. **Көлбаев Досқала** – Ыстамбул университетінің 1916 ж. бітірген.
53. **Күшіков Әбілмәжін** – Варшава малдәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген.
54. **Кемеңгеров Қошке** – Омбы медицина институтын 1923 ж. бітірген.
55. **Қарабаев Мұхамеджан** – Қазан университетінің медицина факультетін 1887 ж. бітірген.
56. **Қаратаев Бақытжан** – Петербург университетінің заң факультетін 1890 ж. бітірген.
57. **Қаратаев Мағзұм** – Қазан университетінің заң факультетін 1897 ж. бітірген.
58. **Қасболатов Есенғали** – Саратов университетінің медицина факультетін 1915 ж. бітірген.
59. **Қашқынбаев Ғайса** – Қазан университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.
60. **Қосуақов Дінмұхамед** – Қазан университетінің заң факультетін 1857 ж. бітірген.
61. **Қисықов Иса** – Қазан университетінің медицина факультетін 1885 ж. бітірген.

62. **Құлманов Бақтыгерей** – Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1887 ж. бітірген.

63. **Құнанбаев Әбдірахман** – Михайлов артиллерия училищесін 1892 ж. бітірген (Жоғарғы білім беретін оқу орны).

64. **Құлпейсов Есенғали** – Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.

65. **Құсепқалиев Дәулетше** – Москва университетінің медицина факультетін 1900 ж. бітірген.

66. **Құсепқалиев Қазы** – Қазан малдәрігерлік институтын 1912 ж. бітірген.

67. **Лапин Серәлі Мұнайтпасұлы** – Петербург университетінің заң факультетін 1891 ж. бітірген.

68. **Маметов Базарбай** – Қазан университетінің медицина факультетін 1923 ж. бітірген.

69. **Машаев Әбірахман** – Ыстамбул университетін 1903 ж. бітірген.

70. **Мәмбетов Ахмет** – Саратов университетінің медицина факультетін 1907 ж. бітірген.

71. **Мұсағалиев Габдулғазиз** – Каир университетін 1909 ж. бітірген.

72. **Мәрсеков Райымжан** – Петербург университетінің заң факультетін 1902 ж. бітірген.

73. **Ниязов Әбдікәрім** – Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1896 ж. бітірген.

74. **Ниязов Батырқайыр** – Қазан университетінің заң факультетін 1896 ж. үздік бітірген.

75. **Ниязов Мірахмет** – Саратов университетінің медицина факультетін 1916 ж. бітірген.

76. **Нұрлықанов Сәлімгерей** – Томск университетінің заң факультетін 1909 ж. бітірген.

77. **Нұржанов Хамза** – Киев университетінің заң факультетін 1915 ж. бітірген.

78. **Оразов Ғабдрахман** – Москва университетінің заң факультетін 1903 ж. бітірген.

79. **Оразбаев Ғабдрахман** – Петербург университетінің заң факультетін 1897 ж. бітірген.

80. **Саматов Баскен** – Петербург университетінің заң факультетін 1895 ж. бітірген.

81. **Саркин Хәкімжан** – Қазандағы рухани академияны 1898 ж. бітірген.

82. **Сабатаев Сатылған** – Москвадағы Лазаревский атындағы шығыс тілдер институтын 1898 жылы, Петровско-Разумовский атындағы академияны 1915 ж. бітірген.

83. **Сабатаева Таным** – Москвадағы повивальный институтын (акушерлік) 1902 ж. бітірген.

84. **Сейдалин Жанша** – Петербург университетінің заң факультетін 1904 ж. бітірген.

85. **Сейдалин Әбубәкір** – Қазан малдәрігерлік институтын 1904 ж. бітірген.

86. **Сейдалин Жансұлтан** – Қазан университетінің заң факультетін 1882 ж. бітірген.

87. **Сейдалин Аббас** – Петербург университетінің заң факультетін 1916 ж. бітірген.

88. **Сермұхамедов Қарабатыр** – Қазан малдәрігерлік институтын 1903 ж. бітірген.

89. **Сұлтанғазин Дінмұхамбет** – Томск университетінде оқыған, бітіргеннен кейін Петербург университетінің шығыстану (1895 ж.) және заң факультетін (1897 ж.) бітірген.

90. **Сейітов Асылбек** – Томск университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.

91. **Сейітов Мұратбек** – Томск ауылшаруашылығы институтының орман шаруашылығы факультетін 1915 ж. бітірген.

92. **Сейітов Айтқари** – Саратов университетінің медицина факультетін 1909 ж. бітірген.

93. **Солтанбаев Жанак** – Варшава малдәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген.

94. **Сыздықов Мұхамеджан** – Қазанның малдәрігерлік институтын 1898 ж. бітірген.

95. **Сүйінішқалиев Сейдахмед** – Қазан университетінің заң факультетін 1881 ж. бітірген.

96. **Сырттанов Барлыбек** – Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1890 ж. бітірген.

97. **Танашов Уәлихан** – Қазан университетінің заң факультетін 1909 ж. бітіріп, кандидаттық қорғап шыққан.

98. **Танашев Ғұсман** – Қазан университетінің заң факультетін 1912 ж. бітірген.

99. **Танаева Мубина** – Саратов университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.

100. **Тынышбаев Мұхамеджан** – Петербург темір жол институтын 1906 ж. бітірген.

101. **Теміров Абдолла** – Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1890 ж. алтын медальмен бітірген.

102. **Тұрлыбаев Айдархан** – Петербург университетін 1902 ж. бітірген.

103. **Төгісов Көлбай** – Петербург университетінің заң факультетін 1900 ж. бітірген.

104. **Тұрғанбаев Мәннан** – Ыстамбул университетінің 1907 ж. бітірген.

105. **Тұнғаншин Ахмет** – Варшава малдәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген.

106. **Уәлиханов Ескендірғазы** – Петербург университетінің заң факультетін 1896 ж. бітірген.

107. **Уәлиев Бекболат** – Варшава малдәрігерлік институтын 1902 ж. бітірген.

108. **Шанов Смағұл** – Ыстамбул университетін 1916 ж. бітірген.

109. **Шоқаев Мұстафа** – Петербург университетінің заң факультетін 1912 ж. бітірген.

110. **Шойбалов Мәжит** – Қазан университетінің медицина факультетін 1903 ж. бітірген.

111. **Шорманов Асфандияр** – Омбы шаруашылығы академиясын 1918 ж. бітірген.

112. **Шалымбеков Әмірбек** – Варшава малдәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген.

113. **Шалымбеков Сәдуақас** – Петербург әскери медицина академиясын 1909 ж. бітірген.

114. **Шолтыров Махмұд** – Қазан университетінің медицина факультетін 1910 ж. бітірген.

115. **Ізбасаров Жүсіп** – Қазан малдәрігерлік институтын 1898 ж. бітірген.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСШЫЛАРЫ

РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының, РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің, ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылары (1920-1991 жылдар аралығында) болып мыналар сайланды:

1. **Пестковский Станислав Станиславович** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы президиумының төрағасы, 1920 ж., мамыр-маусым.

2. **Акулов Иван Алексеевич** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының саяси хатшысы, 1920 ж., қыркүйек – 1921 ж., қаңтар.

3. **Мырзағалиев Мухамедхәфий** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының хатшысы, 1921 ж., қаңтар-мамыр; РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің жауапты хатшысы, 1921 ж., маусым.

4. **Костолевская Мария Михайловна** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің хатшысы, 1921 ж., шілде-тамыз.

5. **Коростелев Георгий Алексеевич** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің хатшысы, 1921 ж., тамыз – 1924 ж., қыркүйек.

6. **Нанейшвили Виктор Иванович** – РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің хатшысы, 1924 ж., қыркүйек – 1925 ж., тамыз.

7. **Голощекин Филипп Исаевич** – РКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы, 1925 ж., тамыз – 1933 ж., қаңтар.

8. **Мирзоян Левон Исаевич** – ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы, 1937 ж., сәуір; Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1937 ж., сәуір – 1938 ж., мамыр.

9. **Скворцов Николай Александрович** – Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1938 ж., мамыр – 1945 ж., мамыр.

10. **Борков Геннадий Андреевич** – Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1945 ж., мамыр – 1946 ж., маусым.

11. **Шаяхметов Жұмабай** – Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1946 ж., маусым – 1952 ж., қазан; Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1952 ж., қазан – 1954 ж., ақпан.

12. **Пономаренко Пантелеймон Кондратьевич** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1954 ж., ақпан – 1955 ж., тамыз.

13. **Брежнев Леонид Ильич** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1955 ж., тамыз – 1956 ж., наурыз.

14. **Яковлев Иван Дмитриевич** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1956 ж., наурыз – 1957 ж., желтоқсан.

15. **Беляев Николай Ильич** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1957 ж., желтоқсан – 1960 ж., қаңтар.

16. **Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1960 ж., қаңтар – 1962 ж., желтоқсан.

17. **Юсупов Исмаил** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1962 ж., желтоқсан – 1964 ж., желтоқсан.

18. **Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1964 ж., желтоқсан – 1986 ж., желтоқсан.

19. **Колбин Геннадий Васильевич** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1986 ж., желтоқсан – 1989 ж., маусым.

20. Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1989 ж., маусымнан. 1991 ж. желтоқсаннан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ XV–XVII ғасырлар

1. Алшын Адай батыр – (1435-1550), 115 жасында өз ажалынан өлген.
2. Қарақыпшақ Қобыланды батыр (15 ғ.).
3. Адай Есенқұл батыр (16 ғ.).
4. Қарға бойлы Қазтуған батыр (15 ғ.).
5. Қаржас Қалқаман батыр (15 ғ.) – Бұқар жыраудың әкесі.
6. Арғын Ақша батыр (15 ғ.) – Бөгенбай батырдың әкесі.
7. Адай Сабытай батыр (16 ғ.).
8. Шақшақ Қошқар батыр (15 ғ.) – Шақшақ Жәнібенктің әкесі
9. Ағайынды Алшын Жиёмбет және Жолымбет батырлар (16 ғ.).
10. Алшын Жалаңтөс батыр (1576-1656) – Алшын Әйтеке бидің бабасы.
11. Шапырашты Қарасай батыр (1590-1671).
12. Арғын Ағынтай батыр (17 ғ.).
13. Қаңлы Сарбұқа батыр (16 ғ.).
14. Адай Бегей батыр (16 ғ.).
15. Найман Көксерек батыр (16 ғ.).
16. Арғын Қомпай батыр (16 ғ.).
17. Суан Елгінді батыр (16 ғ.).
18. Адай Құдайке (1458-1535).
19. Қоңырат Алатау батыр (16 ғ.).
20. Адай Қосай (1520-1687).

XVIII ғасыр

21. Адай Атағозы Айтқұл батыр (1704-1794).
22. Ақтанберді Сарыұлы (1675-1768).
23. Қаракерей Қабанбай (1691-1769).
24. Қанжығалы Бөгенбай (1690-1775).
25. Шақшақұлы Жәнібек (1693-1751).
26. Шапырашты Наурызбай (1706-1781).
27. Адай Шабай батыр (1768-1846).
28. Сіргелі Тілеуке батыр.

29. Сіргелі Қара батыр.
30. Адай Лабақ батыр (18 ғ.).
31. Албан Хангелді батыр (1688-1763) – Райымбек батырдың әкесі.
32. Қасқарау Молдабай батыр.
33. Әбілхайыр хан батыр (1693-1748).
34. Адай Сүйінқара батыр (1756-1841).
35. Өтеген батыр (1699-1773).
36. Ескелді батыр (1692-1780).
37. Адай Төлеп батыр (1752-1835).
38. Сеңкібай батыр.
39. Шойбек батыр.
40. Қаумен батыр.
41. Уақ Баян батыр.
42. Беріш Құлбарак батыр (1777-1832).
43. Көкжарлы Барақ батыр.
44. Шанышқалы Бердіқожа батыр.
45. Сырым Малайсары батыр.
46. Адай Қармыс батыр (18 ғ.).
47. Бәсентиін Сырым батыр.
48. Бәсентиін Жасыбай батыр.
49. Сүйіндік Олжабай (1696-1792).
50. Керей Жәнібек батыр.
51. Есенқұл батыр.
52. Адай Қонай батыр (18 ғ.).
53. Ошақты Саурық батыр.
54. Ұлы жүз Аралбай батыр.
55. Қанжығалы Айтбай батыр.
56. Тама Есет батыр (1667-1749).
57. Адай Дәуімшар батыр (1770-1810).
58. Балталы Оразымбет батыр.
59. Сіргелі Елшібек батыр.
60. Атығай Шәнеке батыр.
61. Аталық Есенгелді батыр.
62. Матай Шөңкей батыр.
63. Бұланбай батыр.
64. Балтакерей Тұрсынбай батыр.
65. Тарақты Наймантай батыр.
66. Тарақты Байғозы (1713-1810).
67. Тарақты Баймұрат батыр.
68. Үйсін Қаратай батыр.

69. Дулат Найманбай (1765-1885).
70. Сіргелі Тамаша батыр.
71. Сіргелі Жаулыбай батыр.
72. Тобықты Бақай батыр.
73. Адай Құдабай батыр (18 ғ.).
74. Терістанбалы Қарак батыр.
75. Сарыжетім Болданбай батыр.
76. Жалайыр Тәттібай батыр.
77. Шымыр Мәмбет батыр.
78. Бура Ақпантай батыр.
79. Сыбан Жобалай батыр.
80. Сыбан Шыңқожа батыр.
81. Шапырашты Бөлек батыр.
82. Артық батыр.
83. Адай Тілеубай батыр Шопықұлы.
84. Мұрын Қазымбет батыр.
85. Керейіт Тайлақ батыр.
86. Беріш Есет батыр.
87. Адай Шоғы (Қырықмылтық) батыр (1667-1726).
88. Мүйізді Өтеген батыр (1699-1773).
89. Дулат Бөкей батыр.
90. Дулат Сағыр батыр.
91. Қыпшақ Деріпсалы батыр.
92. Қыпшақ Маңдай батыр.
93. Қаңлы Жауғаш батыр (1738-1787).
94. Керей Бақай батыр.
95. Керей Еменәлі батыр.
96. Керей Жабай батыр.
97. Уақ Сары батыр.
98. Матай Бөрібай батыр.
99. Қаптағай Тауасар батыр.
100. Қаптағай Шоңай батыр (1700-1770).
101. Теке Сатай батыр.
102. Жәдік Жантай батыр.
103. Беріш Ағатай батыр.
104. Қанжығалы Қошқарбай батыр.
105. Сарым Жалаңтөс батыр.
106. Сиқым Шінет батыр.
107. Әлім Бақтыбай батыр.
108. Жаныс Қыбырай батыр.
109. Шапырашты Қаумен батыр.

110. Шапырашты Дәулет батыр.
111. Шапырашты Жәпек батыр (үшеуі де Қарасай ұрпақтары).
112. Адай Назар батыр.
113. Адай Шотан батыр.
114. Тілеу Орыс батыр.
115. Шөмекей Киікбай батыр.
116. Сыбан Жанай батыр.
117. Бағаналы Баянбай батыр.
118. Табын Бөкенбай батыр.
119. Үйсін Ақтанберді батыр.
120. Сүйіндік Аталық батыр.
121. Керей Шақантай батыр.
122. Садыр Жомарт батыр.
123. Садыр Алдияр батыр.
124. Матай Қара батыр.
125. Матай Майлыбай батыр.
126. Қыпшақ Ерназар батыр.
127. Қыпшақ Шақа батыр.
128. Ақнайман Жаман батыр.
129. Үйсін Сатай батыр.
130. Үйсін Бөлек батыр.
131. Тобықты Көкенай батыр.
132. Ысты Төлек батыр.
133. Керей Асқап батыр.
134. Сыбан Еспенбет батыр.
135. Тоқпақ Қасабай батыр.
136. Тоқпақ Матай батыр.
137. Болатшы Кенже батыр.
138. Жұмық Дәулетбай батыр.
139. Уақ Бармақ батыр.
140. Шымыр Қойгелді батыр.
141. Қосай Тама батыр.
142. Ботбай Сәмен батыр.
143. Тұма Шағалақ батыр.
144. Тұма Шынқожы батыр.
147. Мұрын Боранбай батыр.
148. Сиқым Рысбек батыр.
149. Байғана Шөрек батыр.
150. Өтей Бұланбай батыр.
151. Керней Жарылғап (1735-1786).
152. Әлтеке Жидебай батыр.

153. Тобықты Қарамен батыр.
154. Жетіру Барақ батыр (1743-1840).
155. Алшын Шолан батыр.
156. Алшын Сырым Датұлы (1742-1802).
157. Ақкете Алтай батыр (18 ғ.).
158. Ұлы жүз Аралбай батыр (18 ғ.).
159. Абақ Керей Арқалық батыр (18-19 ғ.).
160. Қанжығалы Жанатай батыр (18 ғ.).
161. Керей Жабай батыр.
162. Қаракесек Айтбай батыр.
163. Қаракерей Алдабек батыр.
164. Матай Шөңкей батыр.
165. Айдабол Байғозы батыр.
166. Дулат Жолбарыс батыр.
167. Шымыр Елші батыр.
168. Құрама Бүркітбай батыр.
169. Рамадан Алшынбай батыр.
170. Жалайыр Жәтен батыр.
171. Таңсыққожа батыр.
172. Қоңырат Жаманқара батыр.
173. Қоңырат Бәйтелі батыр.
174. Арғын Шерубай батыр.

XIX ғасыр

175. Кенесары хан батыр (1802-1847).
176. Шұбыртпалы Ағыбай батыр (1802-1847). Ерейментау.
177. Адай Қайыр батыр Бекбауұлы.
178. Адай Дәуқара батыр Бекбайұлы.
179. Сұлтан Наурызбай батыр (1822-1847). Көкшетау.
180. Адай Құлсымақ батыр Төлепұлы.
181. Адай Қаражан батыр Жұрқаұлы.
182. Сұлтан Саржан батыр (1834 ж. ө.). Көкшетау.
183. Кенесары Сыздық батыр (1837-1910).
184. Адай Сүгір батыр (1835-1872).
185. Төртуыл Жанайдар батыр. Атбасар.
186. Қыпшақ Иман батыр (1780-1847). Торғай.
187. Адай Бердалы батыр Базаргелдіұлы.
188. Адай Қонабай батыр Мүсірепұлы.
189. Табын Жоламан батыр (1847 ж. ө.). Шалқар.
190. Адай Бәймембет батыр Жантөлеуұлы.

191. Адай Еспенбет батыр Келдәулетұлы.
192. Дулат Бұғыбай батыр (1847 ж. ө.). Жетісу.
193. Атығай Аңғал батыр. Ақмола.
194. Адай Қарқын батыр Бабасұлы.
195. Қыпшақ Басықара батыр (Ақмола).
196. Алтай Жеке батыр (Тілеміс). Ақмола.
197. Адай Есен батыр (19 ғасырдың басы).
198. Дулат Жәуке батыр. Алматы.
199. Адай Темірбай батыр Өтегенұлы.
200. Шапырашты Сұраншы батыр (1815-1864). Алматы.
201. Адай Малбас батыр Мәтіұлы.
202. Адай Бәйден батыр Кенжеқараұлы.
203. Адай Бостыбай батыр Өмірұлы.
204. Шапырашты Саурық батыр (1814-1854). Алматы.
205. Адай Бердәулет батыр (1842-1915).
206. Дулат Бәйсейіт батыр (1831-1867). Алматы.
207. Адай Жолымбет батыр Жанкөбекұлы.
208. Адай Әлімбет батыр Жанкөбекұлы.
209. Табын Бұқарбай батыр (1790-1880).
210. Адай Қосымбай батыр Жанысбайұлы.
211. Қасымқызы Бопай. Көкшетау.
212. Адай Көшкінбай батыр Жұрқаұлы.
213. Адай Санахай батыр Әлжанұлы.
214. Қыпшақ Тұрғанбай батыр.
215. Адай Жоламан батыр (1855-1926).
216. Жанқожа батыр (1777-1860). Арал.
217. Адай Қуат батыр Бітімбайұлы.
218. Адай Салық батыр Үргешбайұлы.
219. Шекті Көтібар батыр (17-18).
220. Шекті Есет батыр (1803-1889). Шалқар.
221. Адай Қаржау Серік батыр Әлмұратұлы.
222. Адай Қара батыр Бекет ұрпағы.
223. Шекті Бекет батыр. Шалқар.
224. Шекті Ерназар батыр. Шалқар.
225. Адай Күшікбай батыр Төкейұлы.
226. Дулат Байзақ датқа (1789-1864). Әулие ата.
227. Адай Алтынбек батыр Елдесбайұлы.
228. Адай Хан батыр Еледесбайұлы.
229. Шұбыртпалы Дулат (1811-1857).
230. Адай Досан батыр (1829-1876).
231. Адай Иса батыр (1829-1810).

232. Дулат Сыпатай (1781-1868). Мерке.
233. Найманбай батыр.
234. Адай Досқана батыр Темірұлы.
235. Адай көріпкел Жылқыбай батыр Шөменұлы.
236. Олжабай батыр.
237. Адай Кенжебек батыр Өзденбайұлы.
238. Қаракесек Ақтан батыр. Арал.
239. Адай Досқана батыр Темірұлы.
240. Кіші жүз Байтабын батыр.
241. Адай Қалнияз – әрі ақын, әрі батыр (1816-1902).
242. Айдабол Аталық батыр.
243. Адай Оқбай батыр Төкейұлы.
244. Төлек Жәуке. Торғай.
245. Адай Қамысбай батыр Шектібайұлы.
246. Адай Көшер батыр Бекбауұлы.
247. Арғын Шәкір. Торғай.
248. Арғын Толыбай.
249. Адай Бектілеу батыр Өтебергенұлы.
250. Адай Шағыр Қуат батыр Тілеуұлы.
251. Керей Сегіз Сері. Қызылжар.
252. Адай Майман батыр Байбатырұлы.
253. Адай Шотан батыр Сүгірәліұлы.
254. Беріш Исатай батыр (1791-1838). Бөкей.
255. Махамбет батыр (1804-1846). Бөкей.
256. Адай Балуанияз батыр (1818-1856).
257. Найман Барақ батыр.
258. Адай Жанымжан батыр Күшікбайұлы.
259. Адай Қожантай батыр Қонысбайұлы.
260. Адай Малшы батыр Қонысбайұлы.
261. Алмат батыр (Ырғыз).
262. Адай Сақау батыр Жазықбайұлы.
263. Табын Қабан батыр. Арал.
264. Досан батыр (1875 ж. ө.). Маңғыстау.
265. Адай Саудагелді батыр Бейнеуұлы.
266. Қараман Тайшығара (Торғай).
267. Адай Аманша батыр Әлжанұлы.
268. Адай Есмағанбет батыр Арыстанбекұлы.
269. Бекауыл Баубек. Атбасар.
270. Адай Серғазы батыр Сармыс ұрпағы.
271. Сары Қошқар батыр. Торғай.
272. Адай Қосқара батыр Бекбайұлы.

273. Бағаналы Ерден батыр. Ұлытау.
274. Үмбетей Төлебай батыр. Торғай.
275. Адай Тұрмамбет батыр (1818-1916).
276. Сарыбай Айдосұлы (1821-1890). Алматы.
277. Адай Асар сұпы Жәрмәмбетұлы (19 ғ.).
278. Қордай батыр Қаражігітұлы (1827-1885). Жамбыл.
279. Дулат Ақмолда Батырбасы (1824-1873). Жетісу.
280. Адай Абыл батыр Тарақұлы.
281. Адай Тілеу батыр Жайылханұлы.
282. Ботбай Діқанбай батыр (1876 ж. ө.). Сыр бойы.
283. Адай Есен батыр Шабайұлы.
284. Жағалбайлы Жанқасқа батыр.
285. Адай Амандық батыр Жантөлеуұлы.
286. Дулат Андас батыр.
287. Дулат Тойшыбек батыр.
288. Адай Мәліке батыр Қабанбайұлы.
289. Адай Уәйс батыр Қалыбекұлы.
290. Орта жүз Базар батыр.

XX ғасырдағы батырлар

291. Аманкелді Иманов (1873-1919). Торғай.
292. Балуан Шолақ (Нұрмағанбет) Баймырзаұлы (1864-1916).
293. Бекболат Әшекеев (1848-1916). Жетісу.
294. Жақыпберді Сұлтанбекұлы (1932 ж. ө.). Қарқара.
295. Жәмеңке Мәмбетов (1916 ж. ө.). Қарқара.
296. Салықпай мерген (1937 ж. ө.). Созақ.
297. Иманжүсіп Құтпанұлы (1863-1931 ?).
298. Кейкі батыр (Нұрмағамбет) Көкенбайұлы (1870-1921).
Торғай.
299. Ұзақ Саурықов (1876-1916). Қарқара.
300. Тобанияз Әлниязұлы (1870-1930). Маңғыстау.
301. Қажымұқан Мұңайтпасұлы (1871-1948).

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

1. Айтықов Сәлім.
2. Айтықов Ізқұтты.
3. Абдолов Михаил.
4. Аухадиев Қойгелді.
5. Әбдәлиев Қарақозы.

6. Әбдіров Нүркен.
7. Әшіров Сейітқасым.
8. Әубәкіров Тоқтар.
9. Әбдіжапаров Садық.
10. Әбуталинов Әнуар.
11. Әжімов Төлебай.
12. Әлімбетов Абылай.
13. Әбеулов Мұқатай.
14. Бөгенов Мәди.
15. Бекбосынов Серікқазы.
16. Белібаев Зәкәрия.
17. Баймағанбетов Сұлтан.
18. Байсов Матай.
19. Баймұқанов Мұса.
20. Балмағанбетов Мақаш.
21. Балтабеков Иманғали.
22. Бигелдинов Талғат.
23. Бөкенбаев Мәлкеждар.
24. Ғабдуллин Мәлік.
25. Дәулетбеков Амантай.
26. Досыхамбетов Әбу.
27. Елеуісов Жәнібек.
28. Естемісов Саттар.
29. Есқалиев Сүндетқали.
30. Есенболатов Нарсұтбай.
31. Есетов Расул.
32. Жаманқараев Қашаған.
33. Жұмалиев Қылмаш.
34. Жүнісов Мәжит.
35. Жазықов Қожабай.
36. Жақсығұлов Салық.
37. Жанзақов Абдолла.
38. Жолдасов Лесбек.
39. Ибрагимов Темірбек.
40. Ибраев А.
41. Ибраев Айткеш.
42. Ибраев Ысқақ.
43. Ильясов Нағи.
44. Исаханов Берген.
45. Исманғұлов Қайырғали.
46. Ищанов Естай.

47. Исмайлов Садық.
48. Кенжебаев Төле.
49. Көбіков Хамит.
50. Көмекбаев Тәуімбет.
51. Қожабергенев Әлиасқар.
52. Қабылов Төлен.
53. Қайырбаев Махмет.
54. Қалдықараев Жұмағали.
55. Құрманов Ақан.
56. Қосаев Әлікбай.
57. Қарақұлов Жұман.
58. Қизатов Жәлел.
59. Қауымбаев Тоғанбай.
60. Мәметова Мәншүк.
61. Мамраев Мартбек.
62. Мамытов Хасан.
63. Масин Темір.
64. Маханбетов Жақынбек.
65. Молдабаев Ережепбай.
66. Молдағалиев Жанғазы.
67. Молдағұлова Әлия.
68. Мұсаев Мұқат.
69. Мүткенов Серікбай.
70. Момышұлы Бауыржан.
71. Нетқалиев Ерденбек.
72. Нұржанов Қазбек.
73. Нұрлыбаев Жолдыбай.
74. Нұрмағанбетов Сағадат.
75. Нұрпейісов Н.
76. Нұрсейітов Жаппасбай.
77. Нысанбаев Боран.
78. Оразов Ілияс.
79. Орақбаев Есен.
80. Онтаев Бейсен.
81. Рахимов Сабыр.
82. Сиқымов Есмұрат.
83. Сәңгірбаев Мұсабек.
84. Сыпытаев Қарсыбай.
85. Сүлейменов Жолдас.
86. Сұрағанов Құдайберген.
87. Сухамбаев Ағаділ.

88. Тасқұлов Қалыбай.
89. Темірбаев Сейітқан.
90. Тышқанбаев Қожахмет.
91. Тоқатаев Рақымжан.
92. Тоқтаров Төлеген.
93. Туғанбаев Қадран.
94. Түктібаев Орман.
95. Үргеншібаев Ідіріс.
96. Үсенов Абдолла.
97. Хұсайынов Ахмедияр.
98. Шәкенов Кенжебек.
99. Шәкіров Астанқұл.
100. Шәкіров Саду.
101. Ырысбеков Құрманбай.
102. Ысқақов Қапай.

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫ

Әке – баланың әкесі.

Шеше – баланың анасы.

Ата – әкесінің әкесі немесе кәрі әке.

Әже – әкесінің шешесі.

Үлкен аға – әкесінің ағасы.

Кіші аға – әкесінің інісі.

Үлкен шеше – шешесінің абысыны.

Үлкен жеңеше – шешесінің қайнысының әйелі.

Нағашы ата – шешесінің әкесі.

Нағашы әже – шешесінің шешесі.

Кіндік шеше – кіндігін кескен шеше.

Кіндік әке – кіндік кескен әйелдің күйеуі немесе кіндік кескен ер адам.

Өгей әке – әкесі өліп немесе ажырасып кеткеннен кейін шешесінің тиген адамы.

Өгей шеше – шешесі өліп немесе ажырасып кеткеннен кейін әкесінің алған әйелі.

Аға – өзімен тумалас жасы үлкендерін – аға, үлкен аға; кіші болса іні деп атаған. Бұдан басқа өзінен жасы үлкен ер адамды да аға дейді.

Апа – өзінен үлкен тумалас қыздарды апа деген. Тумалас емес жасы үлкен әйел адамды да апа деген.

Ағайын – аталас, туыстас, ағайын адамдар.

Сіңлі – әйелдер мен қыздардан жасы кіші әйел адам.

- Бауыр** – бірге туысқан адам.
- Жамағайын** – аталас ағайын адамдар.
- Жеңге** – ағаның әйелі.
- Келін** – баласының немесе інілерінің әйелдері.
- Қайын жеңге** – күйеуінің қайын ағасының әйелдері.
- Қайын келін** – күйеуінің қайын інісінің әйелі.
- Балдыз келін** – әйелінің інісінің әйелі.
- Жиен** – қыздан туған бала.
- Жиеншар** – жиеннен туған бала.
- Дегеншар** – жиеншардан туған бала.
- Көгеншар** – дегеншардан туған бала.
- Жиен іні** – ұзатылған әпке-қарындастан туған өзінен кіші ер адам.
- Жиен қарындас** – ұзатылған қыздан туған өзінен жасы кіші әйел.
- Жиен күйеу** – жиен қыздарының күйеуі.
- Жиен келін** – жиендердің әйелі.
- Жиен жезде** – жиен әпкелердің күйеуі.
- Жиен сінді** – ұзатылған қыздан туған өзінен жасы кіші әйел.
- Жиен апа** – ұзатылған қыздан туған өзінен жасы үлкен әйел.
- Жезде** – апасының күйеуі.
- Күйеу** – некелі әйелдің ері.
- Күйеу бала** – ұзатылған қарындас, сінділердің күйеуі.
- Қайын ата** – әйелінің әкесі.
- Қайын ене** – әйелінің шешесі.
- Қайын аға** – әйелінің немесе күйеуінің ағасы.
- Қайын іні** – әйелінің немесе күйеуінің інісі.
- Қайын бике** – әйелінің немесе күйеуінің апасы.
- Балдыз** – әйелінің інісі немесе сіндісі.
- Қалыңдық** – күйеуге атастырып қойған қыз.
- Бажа** – әйелінің әпке, сінділерінің күйеуі.
- Нағашы аға** – шешесінің аға-інілері.
- Нағашы іні** – шешесінің аға-інілерінің туған жасы кіші ер адам.
- Нағашы қарындас** – шешесінің тумаластарынан туған жасы кіші әйел адам.
- Нағашы жеңге** – нағашы ағаларының әйелі.
- Нағашы келін** – нағашы інілерінің әйелі.
- Нағашы жезде** – нағашы апасының күйеуі.
- Нағашы күйеу** – нағашы қарындас, сінділердің күйеуі.
- Қарын-бөле** – бір ата, бір анадан туған қыздардың балалары.
- Бөле аға** – бөле жігіттердің үлкені.
- Бөле апа** – бөле қыздардың жасы үлкені.
- Бөле қарындас** – бөле қыздардан туғандардың жасы үлкен қыздары.

Бөле сінлі – бөле қыздардан туған қыздардың жасы кішісі.

Абысын – тумаласты адамдардың әйелдері біріне-бірі.

Бөле жезде – бөле апасының күйеуі.

Бөле күйеу – бөле қарындастың немесе сінлінің күйеуі.

Бөле келін – бөле інінің әйелі.

Төркін – ұзатылған қыздың ата-ана, ел-жұрты.

Қайын жұрт – әйелінің туған туыстары, ел-жұрты.

Ағайын жұрт – адамдардың жақын-жуықтары.

Нағашы жұрт – анасының туған-туыстары, жақын ағайындары.

Бел бала – ата-ананың өзінен туған бала.

Немере – ұлынан туған бала.

Немелтай – ұлынан туған баланың баласы үшінші ұрпақ .

Шөбере – немелтайдың баласы, төртінші ұрпақ.

Шөпшек – шөберенің баласы, бесінші ұрпақ.

Немене – шөпшектің баласы, алтыншы ұрпақ.

Туажат – немененің баласы, жетінші ұрпақ.

Бұл жақындықтарды білген ұрпақ – біріне-бірі өте тату, ауызы бір болып, адамдардың қоғамдық қарым-қатынасын кеңейтеді. Әртүрлі ұғыспастық пен түсініспеушілік салдарынан ұятты істерге барып қалудың алдын алады. Сол сияқты, ата дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, адамзат қоғамының баянды дамып, өркендеп өсуіне және жастарды көргенділікке тәрбиелеуге ықпалын тигізетін болады.

ТЫЙЫМ САЛАТЫН ӨСИЕТ СӨЗДЕР

Қазақ жұртының бала тәрбиесіндегі назар аударатын дәстүрлерінің бірі – кейбір қисық жаман әдеттерден, жат пиғылдардан аулақтататын тәрбие жолдарын қарастырып, орынсыз қылық көрсетуден алдын ала сақтандыратын болған. Мысалы, ішіліп отырған асты төксе – ысыраптың, төбесіне қолын қойса – ел-жұрттан безінудің, тізесін құшақтаса – жалғыз қалудың ырымдары деп, бұлар ерсі қылық деп балаларға қатаң тыйым салып отырған.

Үлкен тәрбиелік мәні бар, тыйым салатын **өсиет сөздерден** білетіндерімізді қағаз бетіне түсіруді жөн көрдік.

Ұрлық қылма, зорлық қылма.

Ата-анаңа қарсы келме.

Өтірік күлме, өтірік ауырма, өтірік сөйлеме.

Мезгілсіз жатпа, мезгілсіз дауыс көтерме.

Дініңді сатпа, ұлтыңды сатпа, арыңды сатпа.

Үлкеннен бұрын сөйлеме.

Үлкеннен бұрын тамақ жеме.

Таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Үлкендердің жолын кеспе, сөзін бөлме.
Ішегіңді тартпа, табаныңды тартпа.
Кісінің кемістігін бетіне баспа.
Баланы басқа ұрма.
Қабірді баспа.
Ант ішпе, әбес сөйлеме.
Түрегеп тұрып немесе жатып тамақ ішпе.
Құстың ұясын бұзба.
Құмырсқаның илеуін бұзба.
Кісіге, молаға саусағыңды шошайтпа.
Бүйіріңді таянба, жер таянба, иегіңді таянба.
Үлкеннің бетінен алма.
Шақырмаған жерге барма.
Рұқсатсыз үйге кірме.
Жұрт көзінше қасынба, кекірме.
Жұрт алдында құлақ-мұрныңды шұқыма.
Өтірік куәлік жасама.
Намазды бұзба.
От басында ұрыс-керіс туғызба, қол жұмсама.
Көп сөйлеп бәсіңді кетірме.
Түнде суға барма, шашыңды жәйма.
Бетіңді қолыңмен сызба.
Бетіңді баспа.
Асты үрлеме, асты жамандама.
Қолыңды төбене, желкеңе қойма.
Ақкуды атпа.
Тіліңді шайнама, тіліңді шығарма, тістеме.
Тізеңді құшақтама.
Қолыңды қусырма.
Адамға пышақ, мылтық кезенбе.
Тамақты, Құранды баспа.
Бөрігіңді теріс киме.
Ауылға атпен шауып келме.
Ақты төкпе.
Адамға қарап есінеме, түкірме.
Орынсыз күлме.
Жақын адамға пышақ сыйлама.
Кісі үйінде түрегеп тұрма.
Саусағыңды аузыңа салма.
Шапанды желбегей жамылма.

Тұзды төкпе, аяғыңа баспа.
Күлді баспа.
Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.
Өтірік жылама.
Суды сапырма, суға дәрет етпе, суға түкірме.
Босағаға керілме, құшақтама.
Бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.
Бейітке қолыңды шошайтпа, оған қарап дәрет етпе.
Итке ожаумен ас құйма.
Түнде үй сыпырма, тырнағыңды алма.
Тамақты сораптап ішпе.
Жұлдызды санама.
Сыпырғышты тігінен қойма.
Отты, күлді шашпа.
Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме.
Дастарқанды, тамақты баспа.
Малды, тамақты, ыдысты теппе.
Табалдырықты баспа, оған отырма.
Бос бесікті тербетпе.
Тырнағыңды тістеме.
Адамға қарап тонқайма.
Бала бетіне үрleme.
Орындықта аяғыңды айқастырып отырма.
Кісіге қарап керілме.
Атқа теріс отырма.
Мақтаншақ болма, тәкаппар болма.
Әйелге күш көрсетпе.
Малды боқтама.
Асты қорлама.
Шашыңды, тырнағыңды өсірме.
Кісі төсегіне отырма.
Теріс қарап отырма, жүреңнен отырма.
Жерді сабап тепкілеме.
Баланы шошыйтпа.
Әдепсіз, дөрекі сөзден аулақ бол.
Жәндікті жәбірleme.
Уһіleme.
Маңдайыңды, басыңды ұрма.
Сол қолмен тамақ ішпе.
Шалбарды басыңа жастанба.
Қолыңды кеудеңе қойма.

Пышақты, қаруды, балтаны, қамшыны аттама.
Бақанды аттама.
Жаман әдетті үйренбе.
Аяғыңды тұсама.
Желге қарсы түкірме, дәрет етпе.
Үлкеннен бұрын сөйлеме.
Көп ішінде қатты сөйлеме, қатты күлме.
Нанды жерге тастама, үстіне басқа зат қойма.
Бейуақытта жылама, ұйықтама.
Бейуақытта көңіл айтпа.
Үлкеннің бетінен алма.
Жалғыз ағашты кеспе.
Отты ошақты аттама.
Ер-тұрманды аттама.
Қолыңды артыңа ұстама.
Түнде мал санама.
Таңертеңгі асты тастама.
Түнде күл шығарма.
Аманатқа қиянат жасама.
Үйде ысқырма.
Үйге жүгіріп кірме.
Мойныға белбеу, жіп салма.
Айды қолыңмен көрсетпе.
Шелектегі суға аузыңды батырма.
Көкті жұлма, шашыңды жұлқыма.
Үй айнала жүгірме.
Үйді сабалама, малды басқа ұрма.
Адамды айналма.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Жаманат шақырма.
Жаман ырым жасама.
Сыпырғышты жоғары көтерме.
Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіліңді тигізбе.

Түрлі этнографиялық деректерді толықтыруда Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, Ә. Марғұланның, М. Әуезовтың, Т. Тәжібаевтың, Ә. Кекілбаевтың, М. Мағауиннің, Қ. Салғариннің, С. Қалиевтың, М. Оразовтың, М. Смайлованың, А. Нүсіпоқасұлының, Әкімбай Жапарұлының материалдары пайдаланылды.

МАХАМБЕТ
және
ИСАТАЙ



I тарау

БҰЗЫЛҒАН АНТ, ТАБЫЛҒАН ІЛІК

Қазақстанның батыс аймағында он төрт жылға созылған (1783-1797) Сырым Датұлы бастаған халық көтерілісінен кейін феодалдық езгі ұлғая түсті. Сұлтандар мен патша үкіметінің қазақ әскерлері ел тонауды көбейтті. Әсіресе, қанау мен езгі және 1795-96 жылдардағы жұт әсерінен мал саны күрт азайып, бұқара күйзеле бастады. 1771 жылдан бастап патша үкіметінің қысымына шыдамай, Еділ, Жайық аралығын жайлаған қалмақтардың дені Жоңғарияға көшіп, азғантай бөлігі қалған-ды. Бөкей сұлтан осы жағдайларға орай Астрахань губернаторы Кноринг арқылы I Павел патшаға арыз беріп, қазақ-ноғайдың бағзы мекені Еділ, Жайық арасына өтуі туралы өтініш жасады.

1801 жылы 11 наурызда патшаның ресми рұқсаты болды. Одан кейін де патша тарапынан 1806 жылы «Көшпелі халықтарға жер кесіп беру тәртібі» деген ереже қабылданды. Бөкей 1812 жылы 7 шілдеде салтанатты жағдайда Орынбор әкімшілігі жоғарғы шендерінің және дала шонжарларының қатысуымен Орал қаласы маңындағы тоғайда хан көтерілді. Қазірде ол жер «Хан тоғайы» деп аталады.

Бөкейдің Атырау-Астрахан арасында «Жалтыр көл», «Бабашағыл» аталатын екі жайлауы болды. Бөкей ел басқару жұмыстарын жазда осы жайлаудың бірінде, қыста Сарайшықта отырып жүргізді. Ел аузында Бөкей ақылды, ұстамды адам болып бағаланған:

*Хан Бөкейдің тұсында
Секер шайнап, бал іштік.
Хан Жәңгірдің тұсында
Касықтап қара қан іштік, –*

деген өлең тектен-текке шығарылмаса керек.

Жазба деректерде Бөкей мен Исатайдың әкесі Тайманның достығы айтылады. Өзінің жаз жайлауы «Жалтыр көлде», шешесінің жылын өткізген жиында, Бөкей алқа топтын көзінше Тайманға: «Қол алысып, төс түйістіріп, мәңгілікке дос болайық, достығымыз үрім-бұтағымызға кететін болсын», – деп балаларын шақырып, ағайынның төрт көзі түгел ортасында, Бөкей мен Тайман Құран ұстап, тілек тілеп, ант-су

ішіседі. Осы достықтың Бөкей өлгенше іргесі бұзылмаған көрінеді. Өзінің досы Тайманның баласы Исатайдың болашағынан үміт күткен Бөкей оны 1812 жылы Жайық бөліміне старшын етіп тағайындайды. Бұл тағайындауды 1814 жылы Орынбор Шекара комиссиясы бекітіп, қолына «старшын» деп жазылған құжат пен мөрін ұстатады. Исатай 1791 жылы Тайсойған құмының «Тайман жалы» деген жерде туған.

Бөкей 1815 жылы 21 мамырда Бабашағылда отырғанында азған-тай күн ауырып, дүниеден озады. Бөкейдің орнына інісі Сығай тағайындалады. Ол кезде Жәңгірдің жасы кәмелетке толмаған, Орынборда оқуда жүрген кезі еді. Сығай 1815-23 жылдар арасында билік құрады. Сығайды жазба деректерде: «Елге жағымсыз, паракор, жүрген жерінде бейбітшілік болмаған, адамдарды бір-біріне айдап салып отыратын екі жүздінің өзі болды» деп көрсетеді.

Жәңгір 1801 жылы дүниеге келген. Астраханда кіші губернатор, яки азаматтық істер жөніндегі губернатор Станислав Иванович Андреевскийдің үйінде жатып оқиды. Болашақ хан оқуға кіргенде 14 жаста болатын.

Бөкей өзінің науқастан арылмайтынын аңғарса керек, патша әкімдерін шақырып, өзіне мұрагер етіп Жәңгірді қалдырады. Патша шенеуніктерінің Жәңгірді ұзақ уақыт оқытып, тәрбиелеп, соның төңірегін айналшықтай беруінің де себебі бар еді. Кең-байтақ жатқан даланы, өз билігі өзінде – еркін иелік етіп жүрген қазақтарды бұрынғы ата-баба салтынан тайдырып, ділінен, дінінен, бара-бара тілінен айырып, орыстандыру ниеті көзделген болатын. Осындай сұрқия саясатты іске асыру мақсатында Жәңгірді жеті жыл бойына орысша оқытып, еуропаша тәрбие берді. Ол орысша, немісше, французша сөйлеп, жаза алатын дәрежеге жетті. Осыған қоса заң, экономика, дипломатия, ел басқару ісіне де үйренген болатын. Ресей патшасы Жәңгірді хан тағайындау туралы грамотаға 1823 жылы 22 маусымда қол қойды. Қазақ салтымен ақ киізге отырғызып хан көтеру рәсімі 1824 жылы 26 маусым күні әкесі Бөкейдің хан сайланған жері, «Хан тоғайында» Жәңгір де тағына отырды.

Әкелерінің анттасып дос болғандығынан, ауылдары аралас көрші отырғандықтан Жәңгір Исатайды бала кезінен-ақ жақсы көретін. Исатайлар Қиғаштан өтіп, іргедегі Астраханға жиі барып тұрды. Оқудағы Жәңгірге ауылдың сәлем-сауқатын апарып, оның жағдайынан хабардар болып тұратын-ды. Жәңгірді қазақ салтымен хан көтеру тойына Исатай келе алмады. Бұл оны Сығай сұлтанның қаматып тастаған кезі еді. Жәңгір таққа отырған күннен бастап Исатай бостандыққа шықты. Исатай ханның ақылшысы және қорғаушысы еді.

1927 жылы Ішкі Ордада жұт болды. Жұтқа ұшыраған ел наурыз айы туысымен Жайыққа қарай көше бастады. Сол кездерде хан

тағына қарсы топ пайда болды. Олар – Қайыпқали Есімұлы, Әділ Нұралыұлы, Жәңгірдің әкесімен бірге туған немере ағасы Шөке Нұралыхан ұлдары еді. Бұлардың бәрінің де хан тағынан дәмесі бар болатын. Әсіресе, Қайыпқалидың билікке деген ұмтылысы бәрінен де жоғары еді. Елді дүрліктіріп жүруінің де басты себебі – Жәңгірді тақтан тайдыру болатын. Оның үстіне ел басқару ісіндегі Жәңгір енгізген жаңалықтар да ескі старшындар мен билік басындағылардың көңілінен шықпады. Әсіресе, барлық билікті өз қолына алып, рубасылары мен старшындардың құқын шектеуі наразылықты күшейтті.

Биліктен шеттетілген Қайыпқали, Шөке Нұралыханұлдарының іштей ірітуінің нәтижесінде көптеген елдер Жайықтың сыртына кетті. Ол кезде жұрттың Жайықтан өтуіне тыйым салынған болатын. Жағдайының қиындап бара жатқанын аңғарған Жәңгір Астрахань губернаторына, Орынбор әкімшілігіне жағдайын айтып, көмек сұрап шабарман жібереді.

Осыған байланысты Орынбор генерал-губернаторынан Энгель бастаған комиссия, Шекара комиссиясынан Г.Ф. Генстің өзі, Орал казак-орыс әскерінен атаман Д. Бородин келді. Ол кезде 1817 жылдан бастап, Орынбор әскери губернаторы болып Петр Кириллович Эссен отырған. Ол кетерінде Адай тайпасының төрт жасар қыз баласын асырап, өзімен бірге алып кеткен. Олжас ағамыздың Америка президенті болған Кеннедиге «Сізде Адайдың қаны бар» деп әзілдеуінің астарында осы оқиға жатқан болатын. 1827 жылы келген комиссияның қорытындысында «Жәңгірдің ұстап отырған саясаты дұрыс» деп табылды. Қайыпқали бастаған топ – «елді арандатып, ханға қарсы ұйымдасқан қастандық жасаушылар» деп бағаланды.

Ал қазақ-орыс әскери атаманы Д. Бородиннің пікірі басқаша болды. Ол «ханның халыққа жасаған қиянаты мен шексіз қаталдығынан туындаған қарсылық қозғалысы» деп тапты.

Соңынан Генс пен Жәңгір бірігіп, Д. Бородинді жазықсыз жала-лап, ақыры отставкаға кетуіне мәжбүр етті.

Осы жағдайдың бәрін қорытындылап, Жәңгірдің жоспарлы жұмыстарын бекітіп, бағытының дұрыс екендігін елге түсіндіру мақсатында және халықтың кері көшуін тоқтату үшін, 1928 жылы Ұялы сыязы шақырылды. Сыяз Глянск камалына жақын Ұялы деген жерде өтті. Сыязға қатынасуға келген Г.Ф. Генсті Жәңгір Глянск камалында қарсы алды. Оларды сыяз өтетін орынға Исатай батыр жасағымен бастап алып келді. Жиында ашынған халық ханға ауыр айыптар тақты: алым-салықтың көбейіп бара жатқанын; өздерін ақысыз жалшы етіп, саз илетіп, кірпіш соқтырып, үйлерін салдырып жатқанын; тіпті, хан бастаған билер мен старшындардың кедей-кепшіктердің қыздары мен беті жылтыраған әйелдерін зорлық қы-

лып, жайдақтай бастағандарын беттеріне басып айта бастады. Оның үстіне сыязға қатынасып отырған Жәңгірдің жақын туыстары Шөке Нұралыханұлы мен Шыңғали Орманұлдары кейбір өздерінің жағындағы билер мен старшындарды Жәңгірге айдап салып, «елді дара басқарып, өздерімен ақылдаспағаннан бұқара бұзылып бара жатыр» дегіздіріп, көптеген кінәлар тақтырумен болды.

Генс сыяздың бітуіне бір күн қалғанда Жәңгірге өзінің айлалы саясатын ұсынды. Ол «Хан Кеңесін» құруды, оған Он екі ата Байұлының он екі руынан бір-бірден билерді кірістіруді, оның төрағасы етіп, таққа таласып жүрген Шөке Нұралыханұлын, Кеңестің бас хатшылығына Мүшеғали Орманұлын және он екі старшын тағайындап, оларды да аузы дуалы адамдардан қоюды ұсынды. Сөйтіп барып осы дауды бітіруге болатынына айлакер Генстің көзі жеткен еді. Сыяз сайлауы тап осылайша өткізілді.

Осылардан тыс халықтың толқуын бәсеңдеткен Орынбор Шекара комиссиясы төрағасының Астрахань губерниясы Чернояр ауданынан 670000 десятина жер берілетіні туралы жарлығы болды. Хан келісімге келіп, өкпелі адамдарға Ордадан орын беретін болғасын, сайланған билер мен старшындар Жәңгірге адалдыққа анттарын берді.

Осы сыязда Г.Ф. Генс Исатайға Ішкі Ордаға сіңірген адал еңбегі үшін деп, Шекара комиссиясының Мадак грамотасын табыс етті. Қайыпқали жағындағы старшындардың оны түрмеден босату жөніндегі Г.Ф. Генске қойған талабы да орындалып, Қайыпқалиды да босатты.

Исатай хан сарайына рұқсатсыз кіре беретін. Бірде сарайға кіріп келсе, көптеген билердің Жәңгірмен әңгіме құрып отырған үстіне тап болады. Билер жолды бөгеп отырса керек.

Сонда Исатай:

– Хан елімен кісі, қатын ерімен кісі, билермен бар кімнің ісі? Былай тұрыңдар, әкелеріңнің салған үйі емес, халықтың салған үйі, – деп хан сарайдың төріндегі Жәңгірдің қасына барып отырыпты. Осы сөздің төркініне үңіліп қарасақ, халықтың жағдайын ойлаған наразылықтың салқынын аңдағандай боламыз.

Жәңгір он екі би, он екі старшынымен аңға шығып, түскен үйлерінің тәуір қыз-келіншектерін жағалайтын болыпты. Осы дөрекілікке наразы болған адамдар Исатайға жағдайды айтып, хан бастаған би мен сұлтандардың бұл қылықтарын тоқтатуды сұрайды. Осыны естіген Исатай Жәңгірге билердің дұрыс жерге қонаққа апармай жүргенін түсіндіріп, бұдан былай қоналқы жердің билігін өзіне беруді сұрап, келісімін алыпты. Енді Жәңгір аңға шыққандарында Исатайдың апарған аулына қонақ болуды дағдыға айналдырады.

Ал Исатайдың түсіретін үйлері билер мен сұлтандарға жақын, дос адамдары болған, олар қатты шығындалып отырған. Осыған ызаланған билер тағы бір сапарда үнемі ханмен үзеңгі қағысып, алдында жүріп отыратын Исатайға:

– Әй, Исатай, қарғылы қара тазыдай ылғи алдымызды бермей жүргенше, қатар жүрсен болмай ма? – дейді.

Сонда Исатай Жәңгірге қарап:

– «Алдында қарғылы тазыдай сылаңдап мен жүрсем, артында шұбалып он екі төбетің жүрсе, сені көктен Құдай, жерден Шонай алар дейсін бе?», – деген екен. Билер томсарып, жерге қарап қалысыпты. Исатай осылайша көңілді көрініп жүргенімен ханға бағынышты бұқараның жағдайының күн санап төмендеп бара жатқанына іштей наразылығы күннен-күнге қалыңдап келе жатырған-ды.

Жәңгір ханның жағымды жақтарын жоққа шығаруға болмайды. Прогресске ұмтылғаны рас. Халқының жағдайын жақсартқысы келді. Оларды оқытып, білімді етіп шығарғысы келді. Қала салды, мешіт, медресе, мектеп тұрғызды, бала оқытып, дәрігер ұстады.

Оның қала салғызуына, жұртты отырықшылыққа айналдырам деуіне әуел тұста халық үрке қарағанмен, артынан, қыста жылы үйде отырудың артықшылығына олардың көзі жеткен болатын. Немесе, мешіт, медресе, мектеп, училищелерде баласын оқытуға кім қарсы болсын?! Жәңгірдің басты қателігі – осы жұмысты өте тез бітіру үшін халықтың жағдайымен санаспай, реформаларды үсті-үстіне тудырып, елді титықтатып алғандығынан деп білеміз. Көрсетілген жағымды қызметтерді іске асыру үшін қыруар қаржы керек болатын.

Орда қаласының жоспарын 1826 жылы I Николай патшаның таққа отыру салтанатына барғанда Генстің көмегімен патшаға таныстырып, рұқсатын алған. Сол сапарда патша жарлығымен қаланы салдыру үшін қазынадан 36 мың 102 сом 70 тиын бөлдірген. Патшаның бөлдірген қаржысы Жәңгірдің жасап жатқан жұмыстарының үштен бір бөлігіне ғана жеткен-ді. Басқа қаржыны халықтан жинауға тура келді. Жәңгір бұл жұмысқа білек сыбана кірісті. Сондай-ақ отыз ауыз, тұяқ ақы, қызыл киіз, құшыр, пітір, хан соғымы, хан сыбағасы сияқты салықтардың адам естімеген сорақы түрлерін шығарды. Отаршылдықты күшейтті. Жоғарыдағыдай әкімшілік алымдардың қатаң түрін енгізіп, оны орындамағандарға дүре соғу жазасын қолдану туралы да заң шығарды. Осылайша қалың бұқара салық төлеуден титықтай бергенде Жәңгір жерді өлшетіп, бұрынғы кең жайылымдарды шағын-шағын бөліктерге бөлді. Енді олардың бәрі белгілі бір төлем арқылы жалға берілетін болды. Жер таласы басталды. Саудасаттық, алым-берім, пара күшейді. Билер мен сұлтандар, малы көп байлар жер иеленуші болып алды. Кедейлер жерсіз қалды. Мысалы,

Жәңгірдің атасы Қарауылқожа Бабажановта – 700 мың, Жәңгірдің өзінде – 400 мың, Орман төре тұқымдарында – 700 мың, Шөке Нұралы баласында – 200 мың, Мендігерей сұлтанда – 400 мың, Бегәлі төреде – 200 мың, Бармак, Тәуке, Медет сұлтандарда – 400 мың, Балқы би Құдайбергенұлында – 300 мың гектар жер болған. Нарын мен Қарақамыстағы қалған 6400 га шабындық жердің де 5400 гектары әлділердің талапайында кетті. Барлық жердің 3 пайызы ғана (олар да тақыр, сортаң, шөп шықпайтын жерлер) кедей-кепшіктерге қалдырылып, қалғанына әлділер мен малдылар ие болды.

«Елім, халқым» деген ханның шын бет-бейнесі осы тұста ашылып қалды. Оның кімдерге жағдай жасағысы келіп, халықты қансыратып жатқаны елге енді белгілі болды.

Белгілі тарихшы В.Ф. Шахматовтың «Земельные отношения во Внутренней Орде в начале XIX века» деген еңбегінде осы жағдайларға қысқаша шолу жасай келіп: «Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің туу себептерін саяси-экономикалық тепкіден, Бөкей хандарының Ішкі Ордадағы крепостнойлық тәртіп орнатуға тырысқан әрекеттеріне қарсылық көрсетуден, Жәңгірдің асығыстыққа жол беріп және әділетсіз Қарауылқожа Бабажанов сияқты ұрдажық адамдарға ел тағдырын шешу биліктерін ұстатқан қатты қателіктерінен туған», – деп жазуын қолдауға толық негіз бар сияқты.

Тарихшы В.Ф. Шахматовтың «ел тағдырын шешу биліктерін ұрдажық Қарауылқожа Бабажановқа берді» дегенінің жаны бар болатын. Жәңгір 1833 жылы теңіз жағалауын екі округке бөліп, оны «Теңіз жағалауы қыйсымы» деп атады. Оған басқарушы (управитель) етіп полковой есаул (бұл атақты да Жәңгірдің өзі алып берген) Қарауылқожаны тағайындайды.

Қарауылқожа шегі жоқ билікті қолына алды. Исатайдың ауылынан басқа ауылдарға тізесін батыра түсті. Тек Исатайға ғана батылы бармай жүрді. Халық арасында: «Енді бізге алаяқ сарттың аяғының астында қырылуымыз қалып еді», – дегендей наразылық туды. Бұл жағдайды Исатай білмеген ештеңесі жоқ. Әрине, білді. Әсіресе, Қарауылқожаның елге жасап жатқан қиянаттарын жеткізіп, араша болуды сұрап, арыз айтып жатқан адам аз болған жоқ. Бұл жағдайды оңашасын тауып, Исатай бір-жар рет Жәңгірге де құлаққағыс қылып айтқан болатын. Бірақ Жәңгір Қарауылқожаны қатты хан жарлығын шығарып тоқтатпады. Жәйлап айтқанын Қарауылқожа құлаққа ілмеді. Елдің жағдайы күннен-күнге төмендей бергесін-ақ Исатай Жәңгірмен бұдан былай майлы қасықтай бола алмайтынын іштей сезіп те жүрген болатын. Сондықтан да өзін сыртқа салып, бірте-бірте Жәңгірмен жүздесуді сиретіп, Ордаға да жиі келуді тоқтатып еді. Махамбет бұл кезде ханның кеңесшісі және сарай ақыны болып есептелетін.

Осы бір 1834 жылдың жазында Жәңгірдің таққа отыруының он жылдығын ресми түрде жариялау Шекара комиссиясынан колдау таппағанмен, той Торғын өзені жағасындағы Жәңгірдің салдырған саяжайында өткізілді. (Ханның он жылдық мерекесінің ресми түрде дабыраланбауы патшаның 10 жылдығының өтетін болуына байланысты, онымен даңқ таластырғандай болар деп рұқсат етпеген-ді). Той негізінен ханның он жылдығына арналғанмен жоғары орындарға би, старшын тағайындау және I Николай патшаның таққа отыруының он жылдығы мерекесіне Петербургке баратын делегаттар сайлау сыязы деп ресімделді.

Исатайдың ханмен алғашқы рет ұстасқан жері де, көрместей болып қастасқан жері де осы тойдың үсті еді. Ханның палуаны қоңыраулы Торыммен беріштен шыққан жас жігіт Тәни күресіп, Торымды Тәни жығып, басынан аттап кетті. Торым тұра келіп, күресті тамашалап отырғандардың біреуінің аяғындағы тақа қаққан өкшелі кебісін жұлып алып, аңдаусыз тұрған Тәниді маңдайынан ұрып талдырып тастаған. Мұның арты дау болып, жеңіс ақырында Торымға берілді.

Енді ат бәйгесі жетпіс шақырым болып белгіленіп, бәйгеге жетпіс екі ат қосылған. Осы жарыста Ысықтың Тәжі деген кедейінің аты бірінші болып келеді де, Жәңгірдің Қаракүс деген жүйрігі екінші болып келеді. Бірақ, бірінші бәйге түрлі ойдан шығарылған сылтаулармен Тәжіге берілмей, Жәңгірге беріледі. Тәжі хан тобының ішінде жүрген, үнемі халыққа бүйрегі бұрып тұратын Исатайға келіп жылап, бірінші болып келген атына бәйге берілмей, зорлық жасалынып жатқанын айтып, араша түсуін сұрап жалынады. Исатай сонадай жерде атының қасында тұрған Жәңгірді көрсетіп:

– Барып арызыңды айта бер, мен де қазір барамын, – дейді. Тәжі әңгімесін аяқтай бергенде атын жетектеген Исатай Жәңгірдің қасына келіп:

– Хандық – басыңа қонған бақыт құсы, ренжіте берсең ұшып кетеді, байлығың – қолыңның кірі, жусан еріп кетеді, халыққа қайырымды болсаң атағың ұрпағыңа кетеді, өз тойыңда бәйгеңді өзің аласың ба, аты озды ғой, бәйгесін бермейсің бе, мына сорлыны зар жылатпай?! – депті.

Жәңгір:

– Маған киліге беретінді шығардың-ау, Исатай, дұрыс деп тапсаң, ана қабактың арғы жағында екі жүз нартайлақ байлаулы жатыр. Содан бәйгесін алып бер, – депті. Исатай Тәжіге алпыс тайлақты айда-тып жіберіпті.

Той соны би сайлау сыязына ұласты. 1828 жылғы сыязда Балқыны Хан Кеңесіне өткізгеннен бергі мезгілдерде ол жақсы жағынан

көрінбеді. Халықты сүліктей сорды. Исатай биыл оны орнынан кетіруге дайындалып жүрген еді. Орнына Жақсымбет шешенді тағайындатуға пәтуаласып келген-ді.

Сыязда сөйлеген би-шешендер Балқының парақорлығын, қараулығын бетіне басқанда, хан жақтырмай ауыздарынан қағып сөйлетпегесін, Исатайдың өзі кірісіп кеткен болатын. Исатай орнынан атып тұрып:

– Жарандар, халайық! – деген қырандай даусы саңқ еткенде, сыязды басқарып отырған хан мен билер де, шулап отырған жұртшылық та тынши қалыпты.

Әр кезде де ақылдылықпен, сабырлылықпен сөз саптайтын, қияннан толғайтын көшелі, көсем батыр Исатай Балқымен, Қарауылқожамен шектелмей, Жәңгірдің өзіне де ауыз салды. Әсіресе, жер мәселесіндегі арсыздықтарды әңгімелегенде жапа шегіп отырған көпшілік шуылдап коштап, төре, қожалар тілдерін тістеп, үнсіз қалысты. Исатай жер бөлісіндегі сорақылық пен қиянатты бүге-шігесін қалдырмай бетке соғып айта бастағанда, ызаға булыққан Жәңгір шыдай алмай:

– Тоқтатасың ба, жоқ па, қолда өскен бұқашық – арда қазақ! – деп ақырып жіберіпті.

Ертеден келе жатқан халық ауызындағы әңгімелерде «ел арасындағы жанжал немесе мемлекет арасындағы соғыстар қырғи-қабақ бола-бола келіп, бір уақытта сәл нәрсенің сылтауынан басталады» деген бар ғой, бұны «ілік» деп атаған.

Болашақтағы болғалы тұрған қан төгістің басталуына Жәңгірдің осы сөзі ілік болды. Басынан сөз асырып көрмеген Исатай ашуын ақылға жеңдіре алмай, Жәңгірге қарап:

– *Бұқашық деп, арда деп,
Дұрыс па мені сөккенің?
Жиналған көптің алдында
Ар-намысымды төккенің.
«Арда» деген ауыр сөз –
Ардалық жасап өзіңе,
Анаңа бар ма шөккенім? –*

депті. Сонда Жәңгір хан:

– *Қашаннан қазақ қайырсыз,
Қай ісіне сенермін.
Қара қазақ шулаған,
Қастассам сені жеңермін.
Аяғыңнан тоздырып,*

*Айтқанымнан шықпайтын –
Қатыныма теңермін, –*
деп өктемдігін көрсетеді. Осы кезде Исатай:

*– Әбілқайыр, Нұралы,
Айшуақ, Есім, Ерәлі –
Қайырсыз хандар сол еді.
Айшуақ, Есім, Ерәлі
Қазақты қатын қылам деп,
Өзінің басын жалмаған.
Атаңды қазақ шапқанда,
Анаңды жоқ-ты талғаған, –*

деген көрінеді (Алматыда 1939 жылы шыққан халық поэмалары, 43-56-бб.).

Исатайдың соңғы айтқан сөзінің тамыры тереңде болатын. Кешегі Сырымның кезінде хан тұқымын тоз-тозын шығарған, Ералының басы шабылған тұстарда шыбыққа ілінген ханшалардың абыройларының мерт болғандығын меңзеген еді.

Жәңгір сол бойда кеңесте отырған он екі биді куәға тартып, өзімді сөгіп, анама тіл тигізіп, арымды таптағаны үшін деп Исатайды жазаға тартуды ұсынған. Билер Кеңесі Исатайды айыпты деп қамап, айыпқа алпыс атан төлеуге кесім шығарған.

Исатайдың ағайындары сол бойда алпыс атанды Жәңгірдің алдына әкеліп беріп, босатып алады. Исатай атына мініп кетуге бет түзеп тұрып, билер мен ханға қарап:

*Он екі би мен шұнақ хан,
Күндегенің мен болса,
Жауыққаның ел болса,
Тұрысатын жеріңді айт.
Қандарыңды судай төгермін,
Қабырғаларыңды қойдай сөгермін.
Хан ұлына қас болып,
Қара ұлына дос болып,
Қол бастап енді келермін, –*

деген сөзі ел арасында ауыз екі әңгімелерде айтылады.

Сыязда отырған көпшіліктің дені Исатаймен бірге аттарына қонады. Қ. Жұмалиевтің «Исатай-Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» деген еңбегінде «Исатай бастаған топ дүре көтеріліп жүріп кеткенде хан бастаған топ жұртта қалғандай күйге түсті» деп көрсетіледі.

Сөйтіп, Исатай ханнан ат құйрығын үзіп, халық жағына, солардың жоғын жоқтауға біржолата білегін сыбанып шықты.

II тарау

МАХАМБЕТ

Махамбеттің әкесі Өтемісті Қ. Жұмалиев еңбегінде 1761 жылы туған деп көрсетеді. Жайықтың ішкі жағына өткенге дейін Қызылқоғаның Миялы маңын жайлаған.

Өтемісте он ұл болған. Олар: Тоқтамыс, Бекмағанбет, Махамбет, Ысмайыл, Досмайыл, Қожахмет, Әйіп, Хасен, Сүлеймен, Ыбырайым. Өтеміс – сөзден жеңілмеген би, шешен және батыр адам болыпты. Бірде, Тайсойған маңынан жаз жайлауына көшкенде, жолда құдықтан малын суарып алайын деп жатқанда Алаша Сарбөпе, Сатай ауылдарының адамдары: «Құлдың малы үшін құдық қазып қойған ештеңеміз жоқ», – деп қарсылық көрсетіпті. Сонда Өтеміс:

*– Өзен, өзен, өзен су,
Өзенді тастап, көшкен ит.
Өзі болған жігіттің
Түп атасын сұраған ит.
Қырда – құрақ, ойда – бұлақ тұрғанда,
Құба жоннан құдық қазған ит.
Алдыма келсең – оғымды,
Артыма келсең – боғымды жерсің, –*

деп садағын төбесінен асырып атқанда, жаңағылар қорқып қашып кетіпті.

Өтемісті «кірме», «кұл» деп әзілдейтін адамдардың әңгімелері күні бүгінге дейін ел аузында сақталған.

Бірде, Бөкейдің хандық құрып тұрған мезгілінде, хан ордасына келе жатқан Өтемісті көріп, хан тағының айналасында отырған адамдардың ішінен Шомбал би, Ордада жүрген түркімен жігітіне бес сом беріп: «Қазір Өтеміс кіріп келгенде «Ой, бауырымдап», құшақтай кет», – депті. Түркімен жігіт ақы бергесін айтқанды орындапты. Сонда Өтеміс:

– Бауырым, неге жылайсың, мына отырған Бөкей хан, тегін сұрасаң – Қарағаш, Қарағаштан келген жалаңаш. Құдай бақ беріп, астына тақ беріпті ғой, Құдай берсе, екеуіміз де осындай боламыз. Ал мынау

Шомбал ғой, қашып келген домбал ғой. Бұның түбі – Орауыл, Орауылдан қашқан он ауыл. Арбасының ізі жосылған, Байұлына келіп қосылған. Құдайым қолдаған соң, ханның оң тізесіне келіп отырған. Құдай қолдаса, екеуміз де осындай болармыз. Ең көп дегенде, бұлар саған бес сом берген шығар, мә, мына он сомды ал да, бара ғой, – депті. Сонда, Бөкей Шомбалға қарап:

– Айтып едім ғой жаңа мен саған, «Өтеміске тиіспе» деп, өзіңмен кетпей, менің де сазайымды тарттырдың-ау, – деп күліпті деген бар.

Қ. Жұмалиевтің, Б. Аманшиннің, К. Сыдиықовтың жазбаларында «Махамбеттің арғы атасы Нәдірше деген парсы патшасының баласы екен» десе, Ә. Сарайдың зерттеуінде «Жайық беріштің Тумаш ауылынан түркімен қолға түсірген адамдарының баласы екен, 1740 жылы Ағатайдың ұрпағы Жаубасар түркімендердегі өз ағайындары Тумаштардан – Құлмәлі мен Абданды ауылына алып келіп, інісі Ерназарға береді. Өтемістер басқа ұлттан емес, Жайық Беріштің өзі» деп көрсеткен. Кейіннен, түркімен ішіндегі ағалары алып кетейін деп іздеп келгенде, Құлмәлі «Руымды Жәумітке сатпаймын» деп бармапты. Кейін Құлмәлінің ағалары Хиуа хандығына – Үргенішке көшіп, беделді қызметтер атқарғанын анықтап, бұрынғы дақыртты жоққа шығарды.

Махамбеттің 13 жастағы кезінде, 1816 жылдың тамыз айында Беріш тайпасының билеушісі сұлтан Сүйінішғали Жаналыұлы «көп уақыттан бері патша солдатынан қашқан орыстар мен татарларды үйіңе жасырып ұстап отырсың» деп Өтеміс ауылын Исатайды басшы қылған қарулы жасақпен шапқандығы көптеген деректерде көрсетілген.

«Өзінің ағайыны, елге беделді Өтемістің ауылын шапқан жасақты Исатай қалай басқарып келеді?» деген сұраққа тарихшылардың, зерттеушілердің бірде-бірі нақтылы дәлелді жауап айтқан жоқ. Тайман мен Өтемістің арасында немесе Тайманның балалары мен Өтеміс балалары арасында араздық болды деген деректер де кездеспейді. Елдің ішіндегі әңгімелерге сүйенсек, Исатайдың албырт жастығын пайдаланып, Сүйінішғали сұлтан айдап салған деп топшылайды. Қалай болса да, мұндай оқиғаның болғаны рас еді, Исатай артынан Өтеміс ұлдарынан кешірім сұрап, аяғына жығылып, кінәсін ақтаған көрінеді. Кешірім сұрағанымен бала Махамбеттің көңілінде сол бір оқиға көпке дейін кетпей қойған-ды.

Мал-мүлкін алдырған Өтеміс әуелі Сығай сұлтанға, содан соң Шекара комиссиясы мен Орынбор әскери губернаторына арызданады. Бұл хабарды естісімен, Сүйінішғали сұлтан «Құлманиязұлы Өтеміс

үйіне ниеті бұзық қашқындарды жасырып ұстайды және елге барымта жасаумен айналысады» деген билер мен старшындардан қаралау құжаттарын жинақтап Орынборға келіп, ондағы шенеуніктерге пара беріп, жазықсыз Өтемісті Оралдағы Ордонасгауз түрмесіне жаптырады. Осыған байланысты Өтемістің сол кездің өзінде ел танып қалған аузы дуалы ұлдары Тоқтамыс пен Бекмағанбет келіп, әкесі Өтемісті тұтқыннан босатып және Сүйінішғалиды Орынбор түрмесіне, оның інісі Бабағалиды және Исатайды Сарайшық түрмесіне қаматып, мал-мүлкін өндіруге шешім шығартады. Жәңгірдің хан тағына отыру рәсіміне Исатайдың қамауда отырып келе алмаған себебі осы еді. Исатайды қамаудан жақын ағасы Жүзбатыр босатып алады. Өтемісті 1817 жылы 2 қарашада сол түрмеде өлді делінген. Ал кейбір деректерде 1819 жылы Өтемістің Хиуаға баруы, немесе Өтемістің жасы ұлғайып, ауру болуы себепті деп, орнына баласы Тоқтамысты 3 қаңтар, 1819 жылы старшындыққа ұсынуы, ол ұсынысты Шекара комиссиясы қолдап, 1820 жылы Орынбор губернаторы бекіткенін растасақ, онда Өтемістің 1817 жылы түрмеде өлгендігін жаңсақ пікір деген қорытындыға келеміз.

Махамбет 1803 жылы Бекетай құмы деген жерде туып, жастық шағын да сол Бекетай құмында өткізеді. Өтеміс ұлдарының ішінде ең сауаттысы Махамбет болды. Сұлтан Сүйінішғали Жанаұлының Өтемісті «қашқындарды жасырып ұстап отыр» деуі теріс емес сияқты. Себебі, Қ. Жұмалиевтің 1937 жылғы «Исатай-Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» еңбегінде немесе В.Ф. Шахматовтың «Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова» (А.-Ата, 1946 г.) кітабында және Ә. Сарайдың зерттеу еңбектерінде де: «Махамбетті әкесі бес жасынан бастап, орыс, мұсылман оқуларын оқытып-үйретуге кіріскен. Оны оқыту үшін Өтеміс орыс армиясынан қашқан офицерді және татар молдасын жасырын түрде бес жылдың үстінде үйінде ұстап, балаларын оқытқан. Оның үстіне Махамбеттің зеректігі, тума талантының мықтылығы да үлкен білімді болуына жәрдемдескені анық. Махамбет тоғыз жасынан бастап өлең шығара бастаған. Халық ауызында сол кездің өзінде «Түйеші шалға жауабы», «Домбыра», «Қой сана, жеңге, қой сана» деген, т.б. көптеген өлеңдері болған деп айтады. Олар кейінге толық күйінде жетпеген сияқты.

Қазақтың топырағында із қалдырған аруақты жыраулар Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалғездер Еділ-Жайық арасында туып өскендіктен, олардың жырлары мен толғауларын Махамбеттің жаттап өскендігіне күмән келтіруге болмайды.

Шалғездің «Балпаң, балпаң басқан күні» Махамбеттің «Мұнар күнімен» үндестігі, немесе Ақтамберді:

*«Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз?
Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екенбіз?» – десе,*

Махамбет:

*«Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Тәрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім», –*

деп сілтейді.

«Қырымның қырық батырын» аяғына дейін Махамбет жырлағанда жұрт орасан көп жиналып, басқа жақтан келгендер түнеп жатып тыңдайтын болыпты. Махамбеттің әншілігі де әңгімеленеді. Әнес Сарайдың зерттеу кітабында Махамбеттің өзінің шығарған «Бес тайпа», «Үш тайпа» деген әндері сақталған деп жазылған.

Махамбеттің толғауларының да, әндерінің де, шығарған күйлерінің де көп болуы мүмкін – себебі, Махамбетті ән айтпады, күй шығармады деуге ешкімнің де аузы бармаған болар еді.

Бірақ, біздерге жеткендерінің аз екені рас. Сол аздың өзі көптен артық саф алтындай жарқырап тұрған жоқ па? Махамбет жастайынан-ақ батыр, балуан, мерген, ақын, домбырашы атанды. Атақты Құрманғазының ұстазы Ұзақ Мырзабекұлы Махамбетке де ұстаздық еткен. Атырау аймағына күйден тұқым сепкен де сол – Ұзақ деп айта аламыз. Күй десе «ішкен асын жерге қоятын» Нарынның дәстүрі күні кешеге дейін сақталып келді. Махамбеттің «Өкініш», «Қайран, Нарын», «Жұмыр-Қылыш», «Жорық», «Ақтабан», «Тарланым», «Шілтері терезе», т.б. ондаған күйлері профессор, сазгер Ахмедияров Қаршымбайдың жинастырып, нотаға түсіруінің арқасында жарыққа шығып жатыр. А. Рязановтың «Восстание Исатая Тайманова» атты кітабында (Қызылорда, 1927 ж.): Махамбет Өтемісұлының архив құжаттарындағы өз қолымен жазғандарын оқып карағанда өте сауаттылығы байқалады, сол кездегі оқымаған қазақтардың ішінен мынадай білімді адамның шығуы таң қалдырады», – деп жазған. Жоғарыда әңгімелегеніміздей, Махамбет тек қана әкесінің қашқындардың ішіндегі білімділерді үйіне жасырып ұстап оқытқанынан сауаттанғанының үстіне «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі-

нің» авторы В.И. Даль мен жазушы, ғалым Е.П. Ковалевскиймен, Орынбор Шекара комиссиясының шенеунігі және өзінің інісі де жер аударылып Орынборда жүрген Лазаревскийлерден Зұлқарнайынның қасында Орынборда бір жыл жатқанда дәріс алғандығын білеміз.

Аты аталған ғалымдардың ішінде Лазаревскийдің Пушкинмен, Лермонтовпен, Шевченкомен, Шоқанмен араласы болғаны, сол арқылы Салауат Юлаевтың жырларынан да Махамбеттің хабарлы болғаны сезіледі.

Махамбеттің ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырып басшылық етуінің өзіне осы жағдайлар мұрындық болып, іс-әрекеті астарлас жатыр ма деген ой туады.

Жәңгір 1829 жылғы дүрбелеңнен кейін өзінің ел билеу тәсілін өзгертуді ұйғарды. Елге беделді, ауызы дуалы азаматтарды өзінің төңірегіне жақындатып, Ордаға әкелуді ойластырды. Өзіне қастық ойластырып, таққа таласып жүрген туыстары Шөке Нұралыханұлы мен Шыман Орманұлдарын өткен Ұялы сыясында қолдарына билік беріп, қасына алғанын әңгіме қылғанбыз. 1831 жылдың аяқ кезінде Бекмағанбет Өтемісұлын старшындыққа тағайындап, Махамбетті де хан сарайына Исатай арқылы алдырды. Махамбетті келісімен Жәңгір тұңғышы Зұлқарнайынды Орынбордағы Неплюев атындағы әскери училищесіне түсіру үшін оқытып үйрету немесе дайындық курсынан өткізу жұмысына қосты. Махамбет баланы Ордада бір жылдай оқытты. Зұлқарнайын 1833 жылдың жазында әскери училищеге түскеннен кейін де Махамбет оның қасында тағы да бір жыл болады. Осы жерде бір айта кететін жәйт, 1833 жылы училищеге түскенде Жәңгір баласының жасы асып кетіп қабылданбайтын болғасын 14 жасар Зұлқарнайынды тоғыз жаста деп көрсеткені кейінгі деректерде анықталды.

1833 жылдың тамызында ол кезде подполковник шеніндегі Владимир Иванович Даль Орал, Гурьев арқылы жүріп, Жайық бойындағы бекіністерді аралап, жолда Ордаға соққанда, Махамбеттің Зұлқарнайынды Орынборға оқуға апара жатқан кезі болатын. Орынборға дейін Дальмен сапарлас болған Махамбет жақсы танысқан, барғаннан кейін таныстық – достыққа айналады. Зұлқарнайын оқуға үйреніп, әбден төселгесін, бір жылдан кейін Махамбет Ордаға қайтып оралды. Махамбеттің Ордада шешендігімен, жыршы, күйшілігімен беделі артты.

Махамбет хан сарайына марапаттаулардан кенде болған жоқ. Орны – ханның төрінде болды. Солай бола тұрғанмен ханның өзін, оның би-төрелерін мақтап бір ауыз да әңгіме айтқан жоқ. Жәңгір өздеріне Махамбеттің жандайшаптық көрсететін пиғылының жоқ

екенін, оның хан тұқымын тәуір көрмейтінін іштей сезсе де, батырлығы мен қайсарлығы, жырының уыттылығы мен жан дүниені тебірентер тереңдігі, орда бұзар қаһарлылығы, досқа дегенде кінәратсыз ақкөңілділігі мен адалдығы, сертке беріктігі қызықтырған еді. Бұқара халықты соңына ерту үшін Махамбет ханға қатты керек еді.

Солай болғанмен, Махамбет 1834 жылы жазғытұрым би, старшын сайлау сыясындағы Исатайды басқа қырынан көріп, оның турашылдығы, ер жүректілігі, тайсалмас өткірлігі, хан-сұлтандармен, билермен күйсіздікке киліктірген елдің қамы үшін кедейлікке ұшыраған тобырдың жоғын жоқтап қасқайып тұрып салғыласқанына көңілі бітіп, бұрыннан келе жатқан өкпесін де ұмытып еді. Сол жолы Исатайдың шын мәнінде қандай адам екеніне ханның жаңадан сайланған жас старшын Махамбеттің көзі жеткен-ді. Содан бері жылдың үстінде уақыт өтсе де, халықтың жағдайы жақсармады.

Сол кезде оқудан демалысқа келген Зұлқарнайын анасы Фатимамен, тәрбиешісі болған Махамбеттің тапсырмасымен, сойқанды оқиғалар басталатын дауыл қарсаңында теңіз жағалауындағы Беріш ауылдарында болған. Исатай батырға сәлем беріп, әдейі көрісуге барған. Сол жерде Қарауылқожа және Балқылармен арадағы Исатайдың өштесу сырына қанығып, «дауды жөндеймін, әкеме айтып, оларды Ордадан кетіретін шешім шығартамын» деп уәде беріп кеткен. Уәде бойынша Зұлқарнайын Жәңгірге келіп жағдайды айтып, Исатайды Ордаға алдырып, Қарауылқожа мен Балқыны орындарынан босату керектігін ұсынған. Бірақ, Жәңгір баласының ұсынысын қабылдамады.

Хан Ордадағы Исатай мен қалың халыққа дайындалып жатқан зұлымдықтарды көріп шыдай алмаған Махамбет Жәңгірге келіп:

*Алдияр, тақсыр ханымыз,
Исатай батыр кеткелі,
Келмеді біздің сәніміз.
Тілімді алсаң, тақсыр-ай,
Шайтанның мойнын жұлдырып,
Ордаға қайтып алыңыз.
Арыстан еді-ау Исатай,
Нетесің, тақсыр, табалап.
Құйттайымда өсіп ем,
Бауырында паналап.
Алдымда асқар тау еді,
Соңынан ерсем ағалап.
Әй, тақсыр-ау, әй, тақсыр,*

Табаны жалпақ тарланбыз,
 Шабарында есінер.
 Бір мінезі келгенде
 Жібектей жұмсақ есілер.
 Жауда қалса жолдасы,
 Мақтанады несіне ер.
 Тастай қатты тағдырың –
 Исатаймен шешілер.
 Айтып-айтпай, немене,
 Қор болды-ау, қайран, есіл ер, –

дегенде Жәңгір:

– Махамбет, сенің не деп тұрғаның, күні кеше сенің он үш жасыңда ауылыңды шауып, әкең Өтемісті тұтқындаған ата жауың – Исатай емес пе еді, оны қалай ұмытып қалдың? – депті.

Сонда Махамбет:

– Мен бәрін де ұмытқаным жоқ, бірақ, Исатай бізбен атада өші қалған жауымыз емес еді, оның жастығын пайдаланып айдап салған сенің туыстарың – Сатай бастаған Нұралы, Айшуак тұқымдары еді ғой, сол жағын сен қалай ұмытып отырсың? Исатайды сарайға алдырып, достығыңды жалғастыр. Өзіннің көзіңше әкең Бөкей Тайманмен Құран ұстап дос болып, «достығымыз тұқымымызға кетсін» деп анттаспап па еді, ең болмағанда әкеңнің аруағын сыйла, ант атпай тұрғанда, – деулі. Жәңгір басын шайқап:

– Ант атса, тек мені атпас, анама тіл тигізген Исатайды да атар. Қанша тілің мен жағына безеніп, Исатайды жақтағанмен, онымен мен кетіскенмін. Енді оның тұқымын құртып, өзін абақтыда шірітемін, – деп долданып орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүре бастапты. Махамбет те орнынан тұрып:

– Исатайдың тұқымын құртуға шамаң келмейді, оған қалың бұқара жол бермейді. Елді тонап, аздырып, өзіне қарсы қойып отырсың, мұны түзетіп, өз абыройыңды сақтау үшін саған Исатай керек, – депті.

Сол кезде Жәңгір:

– Тауықсыз да таң атар, менің күнім сені мен Исатайдың қолында болса, аянбай-ақ қойыңыздар, келтіретін керлеріңді көріп-ақ алайын, – деп ақырулы. Осы жерде Махамбет те шарт кетіп:

Мен – аңсұңқар құстың сойы едім,
 Шамырқансам, тақсыр, кетермін,
 Кетпей де нешік етермін?
 Бұл барғаннан барармын,
 Қиядан орын алармын.

Ерегескендей ер болса,
 Соғысқандай жер болса,
 Бірме-бірге келсең де,
 Әлі де болса бір Тәңірге жылармын –
 Дұшпанға қылыш ұрармын.
 Жазға бір ай қалғанда,
 Аласапыран болғанда,
 Бөліне көшкен еліңді,
 Бөріккен қойдай қылармын.
 Жарыла көшкен еліңді,
 Жаралы қойдай қылармын.
 Мен кеткенмен тек кетпен,
 Сізден артық табармын.

(Осы толғау бұрын «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» делініп келген. Ә. Сарайдың зерттеуінде Жәңгірге айтылғаны дәлелденген). Махамбет осыны айтып болып, есікті тарс ұрып шығысымен Орданың қасындағы үйіне кіріп, отбасымен қоштаспастан «Исатай, қайдасың?» деп тартып кетіпті.

Махамбеттің «Атама менің сәлем айт» деп басталатын өлеңі осы жерде айтылса керек.

– Атама менің сәлем айт,
 Атын басқа байласын,
 Еменнен найза сайласын.
 Достыны досым демесін,
 Басының тапсын пайдасын.
 Досты болып жүргендер,
 Жау болып келді көріне.
 Беліне садақ байланып,
 Бір келмеді-ай деңіме?
 Қайырыла алмай барамын,
 Қайран да қалған еліме.
 Амандаспай аттандым,
 Ата-ана, қарыма.
 Жолығыспай жөнелдім,
 Тәңірі қосқан жарыма.

«Мен – ақсұңқар құстың сойы едім» деп басталатын толғау енді Махамбеттің Жәңгірмен келісімге келе алмайтынын білдіреді. Осыған орай, «Махамбет батыр мен Фатима ханым ашына көрінеді» деген Жәңгірді Махамбетке айдап салғысы келген Қарауылқожаны таратқан өсегі отқа май күйіғандай әсер етті деп түсінеміз. Осындай

толып жатқан қарама-қайшылықтар және ханның жеке қара басына тән әлсіздіктер мен пендешіліктер қосылып, Жәңгір мен Махамбет арасы ашылды, бір-бірімен ымырасыз жаулыққа бет алды. Махамбет 1827 жылы Қылышкескен Шеркеш Манаптың қызы Ұлтуғанға үйленген. Ұлтуғаннан бір ұл, екі қыз сүйген. Ұлының аты – Нұрсұлтан, қыздарының аты белгісіздеу болып келеді. Махамбетке жиен болып келетін Байғали ақсақалмен сөйлескенімде: «Ұмытпасам, Айболған, Нұрболған деген қыздарының болғанын шешеміздің айтып отыратынын естіген сияқтымын», – деп еді.

Бәкеңнің осы әңгімесінен басқа тарихи деректерде қыздарының аты белгісіз болып келді. Соңынан аласапыранның кезінде, 1836 жылдың ішінде Байбақтының байы Дауымшардың қызына үйленіп, одан Мақмұт атты балалы болыпты.

*«Жалғыз ұлым Мақмұт,
Бекетай құмның ішінде
Жалғыз қалған сен де бар», –*

деген өлеңі түсініксіздеу болып келді. Махамбет Ордадан кеткесін Ұлтуғанды Жәңгір төркініне балаларымен апарғызып тастап және Махамбеттің бұзықтығын айтып, қатынастарын үздіруге жұмыстанған.

Сол кездерде Махамбетке қайын жұртының бірде-бір адамы төбесін көрсетпеген. Ұлтуған Нұрсұлтанды алып келіп көрсетіп, жабыққан көңілімді көтеретін шығар деп күткен Махамбеттің үміті үзіліп, жалғыз ұлым Мақмұт деуі – сол өкпеден шыққан деген әңгіме бар.



III тарау

КӨТЕРІЛІС

Махамбет 1835 жылдың қазан айында Исатайлар тобына қосылды. Ағасы Бекмағамбет пен інілерінің үйлерін Мыңтөбеге Исатайдың үйінің қасына көшіріп әкелді. Өзінің үйін Жәңгірдің кедергілерінен алдыра алмады, соңынан төркіндерінің көшіріп алып кеткенін естіді.

Қарауылқожаның озбырлығына шыдай алмаған Исатай онымен кездесіп, халықтың күйі кетті, мына жинап жатқан жылуынды тоқтат дегенде, ол ханнан кейінгі екінші адам екендігін, «Мен не істегім келсе, соны істеймін, менің жұмысыма екіншілей араласушы болма» депті. Бұл сөзді Исатай қайдан көтерсін: «Олай болса, қанжығада көрісетін болармыз», – деп кетулі. Содан бастап, Исатайды төңіректеген ел салықтың бірде-біреуін төлемеді. Сол кездесуден кейін Қарауылқожа Исатайдың аулының маңына жуымады. Исатай мен Қарауылқожа арасындағы әңгіме елге тарап кетті. Содан кейін ашынған елдің ішінен жылудан бас тартушылардың саны күн санап арта берді. Бұқара халық екіге бөліне бастады. Қарауылқожаның соңына Қарабөкен Өтепұлы, Төлеген Тыныштықұлы, Мөкен Палуанқұлұлы, Бекмағанбет Мүсәпірұлы старшындар ерді. Исатай, Махамбет жанындағы старшындар Қабыланбай Қалдыбайұлы, Үсе Төлегенұлы, Есмұқанбет Жантумаұлы, Тінғали Тайсойғанұлдары болды. Жағдай күннен күнге қиындап, аскынып бара жатты. Жағдайдың жамандыққа барып соқтырарын сезген Исатай, Махамбет Үселермен ақылдасып, 1836 жылдың ақпан айында Жәңгір ханға Қарауылқожаның зорлығын хабарлап, хат жазды.

Бұл хатқа жауапты Жәңгір 1836 жылы 6 наурыз күні жазды, хатында хан Исатайдың өзімен «сөйлесемін» деп Ордаға шақырды.

Хатты оқығаннан кейін екі ойлы отырған Исатайға қарап, Ордадағы жағдайларға қанық Махамбеттің: «Енді Ордаға барсаңыз, қайта келемін деп ойламаңыз. Жәңгірдің мақсаты бізді тұтқындау, қазірде оның билігінде Астрахан орыс-казактарының отряды тұр» деген сөзін Исатай батырдың өзі де, оның қасында отырған әр рудың көш басшылары мен старшындары да қостады. Шындығында, Исатайдың ханның шақыруына бармағаны дұрыс еді. Сол кезде Қара-

уылқожа өзінің күйеу баласы Жәңгір ханға «Старшындар Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Үсе Төлегенұлы, Үбі Үсеұлдары өкіметке бағынудан бас тартты және сіздің өзіңзді өлтіруге уәделесіпті» деп сендіріп, жағдайды асқындырып қойған-ды. Осыған қоса, Хан Кеңесі мүшелері Балқы мен Шомбал қалайда Исатай мен Махамбетті тұтқындап, итжеккенге айдатуға көндіріп еді. Хан Қарауылқожа, Балқы, Шомбалдардың әңгімесіне еріп, Исатай мен Махамбетті қолына түсіру мақсатында жоғарыдағы хатты жазып шақырғандығы анықталды.

Міне, осы жағдайдан кейін Жәңгір хан 1936 жылдың 17 наурызында қайын атасы Қарауылқожаға Исатайды, Махамбетті, Үсені, Үбіні, Тінәліні халықтың көмегімен ұстап, дереу Хан Ордасына жеткізуге бұйрық береді. Сөйтіп, Жәңгір ханның сабыр сақтап ақылға жеңдіріп, Исатайлармен тағы да тілдесіп, мәмілеге келуге, шындықтың бетін ашуға өресі жетпей қалды. Осы бұйрықты алған Қарауылқожа өзіне бағынышты Беріш, Адай, Тама руларының ауылынан 500-дің үстінде жігітті жинап, ішінде сол рулардың старшындары бар, Исатай, Махамбет ауылдарына бағыттады. Осы хабарды естіген Исатай-Махамбеттер ауыл адамдарын садақ, аша-айырлармен қаруландырып, өздері 200 таңдаулы жігітті жинап атқа кондырып, Қарауылқожаның келуін тосты. Осы бір кездерде Махамбеттің үстінде ақ сауыты, басында дулығасы, астындағы ақжал Құланның үстінде домбырасын қолына алып тұрып:

*Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жсауды қашырмай,
Бітеліге оқ салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жсауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,
Үйде жатқан жігітке,
Төбеден тегін атақ болар ма? –*

деген отты жырлары үйде жатқан қарияларды тұрғызып, қолдарына шоқпар ұстатып еді. Қарауылқожа 1936 жылы 24 наурыз Исатай-Махамбеттердің Манаш деген жердегі тұрған ауылын қоршаған. Исатайларды алты күндей қоршауға алып, ауылдың қорғанысқа даярлығын көріп, қазылған орларды, жерге шаншылған қадаларды байқап, шабуыл жасауға жүрегі дауаламай, келіссөз жүргізу үшін

қарауындағы Сағыр, Қабыл дегендерді жұмсап, «Исатай мен Махамбет хан мен ақ патшаның тәртібіне бағынып, бала-шағалары мен ауыл-аймағының аман-сау қалуы үшін Қиялы молаға өздері келетін болсын» деп талап етеді. Исатай мен Махамбет бұл талапқа қарсы болмайды, бірақ, өздерімен бірге 200 жігіттен құралған жасағын ертіп жүреді. Жасақтың ішінде Үбі, Жақия, Есенаман, Есмұханбет, Иманбай, Есет, Үсе, Досақан, Қамбар, Тінғали және Махамбеттен басқа Өтемістің екі баласы – Бекмағанбет, Қожахмет сияқты жүрек жұтқан батырлар болды. Қиялы молаға тақап келгенде, 600 адамның шамасындағы Қарауылқожа бастаған топқа 200 метрдей қашықтыққа келіп, Исатай бастаған жасақ ат басын іріккенде, Махамбет топтың алдына ойқастай шығып:

*Жапанға біткен бәйтерек –
Жапырағын байқасаң,
Жайқалмағы желден-ді,
Түбіндегі балаусасы белден-ді.
Хан-төренің кешігіп,
Кідірмегі елден-ді.
Кешіп өтпек сайдан-ды,
Шығынды болмақ байдан-ды.
Ақ киіктің орғытып
Жүгірмегі майдан-ды,
Батыр болмақ сойдан-ды.
Айғайласып жауға ти,
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды? –*

деп тұрған сарбаздардың делебесін қоздырып, жау жақтың мысын басып тастады. Және екі топтың ортасына барыңқырап, «Қарауылқожа, қайдасың, жекпе-жек, жекпе-жек» деп, астындағы атын қарғытып, қолындағы алмас қылышын жоғарыға сілтеп-сілтеп жіберді. Қарауылқожа Махамбетпен жекпе-жекке қайдан шықсын, жасағының ортасында тұрып, жан-жағына алақ-жұлақ қарағанмен, оны қаумалаған старшындар мен ханды жақтаушылардың ішінен де ешбір адам жекпе-жекке шыға алмады, шықпақ түгіл, Махамбетке қарап садақ тартуға да дәрмендері болмай қалды. Өзінің жағдайын байқаған Қарауылқожа жасағын ертіп, атының басын кері бұрды. Ханның жарлығы бойынша, Исатай-Махамбет бастаған топты ұстауға орасан үлкен қарулы күшпен келген Қарауылқожаның туының жығылып, халық бұқарасының көз алдында кері қашуы – Исатай мен Махамбеттің көпке мәлім болған беделін және қайтпас батырлығын одан сайын асқақтата түсті.

Бұл жеңіс Исатай-Махамбеттер үшін Қарауылқожаға ғана қарсылық емес, түгелдей хан бастаған топтың бәріне қарсы көтерілістің негізін қалады. Бұл жағдайды Жәңгір әскери губернаторға сездірмеуге тырысты. Өзінің қайын атасы Қарауылқожаға тыйым салмай, керісінше, қарулы жасақпен өзіне бағынышты бұқара халықты шабуға жібергенінің үлкен қателік екенін ұқты. Егерде бұл жағдай жоғарғы жаққа білдірілгенде өзінің басқару ісінің дұрыс еместігі ашылатын еді. Және Орданың ішкі істеріне орыстың араласатыны сөзсіз еді. Осы қателігінен қауіптенген Жәңгір хан мұны жария етпей, құпия күйінде қалдыруға тырысты. Осы кезден бастап халық Исатай-Махамбет төңірегіне бұрынғыдан да бетер топтаса түсті.

Атадан туган аруақты ер

Жауды көрсе, жапырар,

Үдей соққан дауылдай.

Жамандарға қарасаң,

Малын көрер жанындай.

Жүйрік аттың белгісі –

Тұрады құйрық-жалында-ай.

Айтып-айтпай немене,

Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай, –

деп ханның тікелей өзіне арнаған өте қауіпті сөзін елге жайып жіберді.

Осы жерде халықтың есінде сақталған ауызекі әңгімеде Қарауылқожаның жасағы қорқып, кері кеткеннен кейін Исатайлар тобы жолда үлкен төбенің баурайында кідіріп, аттарын шалдырып отырғанда Исатай Махамбетке қарап: «Махамбет, сені мына жұрт жауды шошытатын аруағы бар деп айтады ғой, ал, кәне, осы әңгіме шын болса, аруағыңды көрсетші, қорқытып қарашы», – деген көрінеді.

Сонда Махамбет: «Исеке, мен сіздерді қайдан қорқыта алайын, әзілдейтін адамдардың шығарып жүргені шығар», – деп мойындағысы келмейді. Исатай: «Ақ жолға бірге аттандық, Құдайдың берген қасиетін ағаннан жасырасың ба, өнерінді көрсетсейші? Жаңағы Қарауылқожаның тобына жақындап барып «жекпе-жек» деп айқайлағаныңда дауысың жаудың мысын басып тастады, жайшылықтағы дауысыңнан бөлек зор дыбыс шығардың, менің де тұла бойым тітіркенді. Асылы, аруақ қонған сияқты. Қазір өзіміз ғой, өнерінді көрейік», – деп екінші рет өтініш жасағасын, Махамбет: «Исеке, қоймадың ғой, онда мен ана төбенің арғы жағына барып, аздан кейін жасақтарымды ертіп шабуылға шығып көрейін», – деп атына мініп, жалғыз өзі төбеден асып кетулі. Үбі Исатайға қарап: «Қайдағы жасақты айтады?» – дегенде Исатай: «Білмедім», – деп нығын қоз-

ғаулы. Біраз уақыттан кейін төбенің арғы жағында көп аттының дүрсілі, ала шаң қылып төбеден бері қарай «Ағатайлап» лап қоюлы. Сонда Исатай бастаған жасақтардың көзіне мың сан қол лап қойып келе жатқандай көрініп, үрейленіп, аттарымен кейін шегініпті. Тек Исатай мен Үбі ғана орындарынан қозғалмаулы. Жауып кеткен ала шаңның ішінде атынан түсіп, Исатайдың алдында «алдияр» деп иіліп тұрған Махамбетті көреді. Сонда «аруақ қонған екен» деп, риза болыпты.

Қасында тұрған Үбі Исатайға қарап: «Махамбеттің найзагерлігін де сынап көріңіз», – деулі. «Солай ма еді, кәне, Махамбет, мен қазір түйенің он құмалағын екі жаққа арасын бір қадамнан бес-бестен қоямын. Осының арасынан атыңмен шауып өтіп түгелдей шаншып алып кетсең, онда саған табынатын боламыз», – депті.

Махамбет: «Түгелге шаншып аламын деп уәде бере алмаймын, тырысып көрейін», – деп атына қайта мініп, құмалақтың ортасынан шауып өткенде, түгелдей шаншып алып кеткенін көрген Исатай көзіне жас алып: «Өнеріңнен айналайын, ұзағынан болсын», – деп келіп, Махамбетті құшақтап бетінен сүйіпті деген де әңгіме бар.

Жәңгір өзінің хандық билігін пайдаланып және айлакерлігі арқасында кейбір жағымпаздарды өзінің төңірегіне, лауазымды орын беріп, жер беріп, жинай бастады. Осының салдарынан Беріштердің өзі екіге бөлінді. Исатай мен Махамбеттің ағайындары Балқы, Егізек, Төлеген Тыныштықұлы, Айғана Жантақұлдары Жәңгірдің сойылын соқты. Махамбет сол кезде Жәңгір мен Қарауылқожаға бірігіп өз ағайындарына зорлық жүргізіп жүрген аталастарының ісіне наразы болып, олардың жасақтарын өзінің төңірегіне жинақтау мақсатында «Ұл туса» атты толғауын шығарған:

*Қунақты ердің астында
Көп жүгірген күлік бар.
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар.
Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі демеңіз –
Күне-күндіз тайраңдап,
Түнге шықпас ерлер бар.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салсаң,
Оғы қалса, жоғалмас,
Топтан озған тарланбоз
Тұрасынан айырылса,*

*Тасты басып тұра алмас,
Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ боп тұрғанда
Егескен жерде шарт кетер.
Жауырынан өтін алса да,
Жамандарға жуымас.*

Немесе, Жәңгірдің сөзін сөйлеп жүрген ағайындарына арнап:

*Жақсыменен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Алдыңнан шығар өбектеп,
Жаныңа не керек деп.
Жаманменен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Басқа кетер бөлектеп,
Қолдан берер есептеп,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.., – дейді.*

Сол кездегі Жәңгір хан бастаған билер мен байлардың қайырсыздығын масқараласа, осындай әділетсіздікке қарсы қару ұстап шығуды әрбір «елім, жерім» деген азаматтың парызы деп түсіндіріп, көтеріліске шақырды. Мына бір өлең соның куәсі сияқты:

*Алтын тақты хандардың,
Хандығынан не пайда? –
Каріп пенен қасірге
Тұрарлық ісі болмаса.
Алаштың байлығынан не пайда? –
Құланнан басқа ел таппай,
Маңқиған сары даладан
Екіндіде құлаған,
Тарығып келген ерлерге
Қайыры оның болмаса.
Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген
Туған ұлдан не пайда? –
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса...*

Немесе:

*Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар –
Талаудан татқан дәмі бар.*

*Азамат ердің баласы
 Аз ұйықтар да, көп жортар –
 Дұшпанға кеткен кегі мен
 Барымтаға түскен малы бар.*

Махамбеттің бұл өлеңдері елден елге тарады, намысты деген азаматтардың қолына қару ұстата бастады. Бұл жырлар ханға да, оның төңірегіндегілерге де жетпей қалған жоқ. Исатайдан да гөрі Махамбет хан төңірегіндегілерге қауіптірек болып шықты. Махамбеттің жырлары бүкіл бұқара халықты қозғап жіберді. Махамбеттің сүйектен өтетін уытты жырларының әсерінен ханнан халық іргесін кейінге сала бастады.

Осы кезде Исатай да қарап жатқан жоқ. Орыс үкіметінің сеніміне ие болудың жолдарын іздестірді. Оған қолайлы жағдай да болды. Ресейден, оның шеткі аймақтарынан өтіп келген, үкіметтің қудалауынан жасырынған қылмыскерлерді, әскерден қашқан дезертирлерді Қарауылқожа мен Балқы ауылдары жасырып ұстап, жалшылыққа, сауаттыларын пәсірлікке, балаларын оқытуға пайдаланып отырған. Осындай қашқындарды іздеп, ұстауға шыққан қасында 25 казак-орысы бар жүздік Донсковты Исатай бастап келіп, Балқы мен оның досы Серікбайдың аулындағы қылмыскерлерді Серікбаймен қоса ұстатып, айдатып жіберіпті.

Осы жерде аяқ астынан, түбі пәлеге ұрындырған шатақ шықты. Махамбет Донсковтың адамдарына азықтыққа мал алу үшін далада жайылып жүрген қойдың бақташысы Күшік Жаппарұлы деген жасы 70-ке келіп қалған адамнан қой сұрайды. «Қойдың ақшасын кейін беремін» дегенге, Күшік келіспейді. Махамбет те қатты қару қолданбағанмен ұрып жіберсе керек. Осы жанжалдан кейін бес күннен соң Күшік өледі. Жәңгір хан Астрахан мен Орынбор губернаторына старшын Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов Ордада бүлік шығарып, кісі өлтірді, әрі үй тонады деп, 1836 жылдың 8 мамырында хабарлама жөнелтті. Және шұғыл Махамбеттерді тұтқындауды сұрады. Күшік Жаппаровтың өлімі Жәңгір хан үшін өз қарсыластарын жазалауда және Қарауылқожа мен Балқының қашқындарды өз ауылдарына жасырып ұстағаны туралы қылмыстық істі жауып тастауда жақсы сылтау болып шыға келді. Осы жағдайлардан хабардар болған Махамбет, олардың әскери атаманына мына төмендегідей мазмұнда хабар жолдады: «Осы жылдың өткен мамырында Орал офицері Донсковқа Жәңгір ханның ең жақын көретін туған қайынатасы Қарауылқожа Бабажанов пен ең тәуір көретін биі Балқы Құдайбергеновтың жасырын ұстап келе жатқан қашқындарын шығарып, ұстап бергенбіз. Содан бастап біздер қуғынға түстік. Қашқынды жа-

сырып ұстаған қылмыстарын көрсетпей жауып тастау үшін біздерді «кісі өлтірді, үй тонады» деген ойдан шығарылған айыптармен қылмыскер етіп көрсетіп отыр. Мүлкімізді, малдарымызды тартып алды. Бұл туралы ханның өзіне арызданып едік, онымыз аяқсыз қалды».

Махамбеттердің бұл хабары әскери губернатордың тура өзіне барғаны кейін белгілі болды. Исатайды рухани жағынан да, соғыс өнері жағынан да күшейтіп келе жатқан Махамбет екенін Жәңгір хан жақсы білді. Себебі, Жәңгір ханға Махамбеттің қайраты да, ақылы да, аузының дуалы екендігі де, шешімділігі де, кісілігі де, турашылдығы мен өткірлігі де өте таныс еді. Шындығында, Жәңгір Исатайдан гөрі, Махамбеттен қатты қауіптенді. Сондықтан да Шекара комиссиясының Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийге жолдаған ақпарларында Махамбетті өте қауіпті деп көрсетіп отырған. Ханның жазбалы хатына сүйеніп, Шекара комиссиясы да Исатайды ханға қарсы қойып жүрген Махамбет Өтемісұлы деп бағалаған. Кісі өліміне байланысты тексеру жүргізген комиссия Махамбетті кінәлап алып кеткісі келгенмен, Исатай оны комиссияға шығарып берген жоқ. Бұрын кісі өлімі дауы бойынша түрлі айыптар мен құн тарттырып, шешім шығаратын билер болатын. Бұл жолы Жәңгір хан патша заңымен қаратып, Махамбетті итжеккенге айдатып, көзін құртуды ойластырды. Осындай жағдайда көңілі күпті Махамбет:

Қаршыға деген бір құс бар

Қанаты айдың астында.

Ұясы оның саяда –

Қарағай қайың басында.

Аңқау өскен ер едім,

Бұла болып жасымда.

Бұл қонысқа қондырған –

Ата-бабам оңбасын

Таңла сират басында, – деген.

(«Таңла сират» – араб сөзі, «махшар күні» деген ұғым береді деп Қ. Жұмалиевтың жазбасында түсінік берілген).

Маусымның басында Исатай мен Махамбет және олардың серіктері хан ордасына аяқтай барып, өздеріне тағылған айыптан ақталуды және Қарауылқожа мен Балқының қызмет бабын теріс пайдаланып жүргені туралы шағым беруді дұрыс көрді.

Ол кезде Жәңгір Айыркұмда отырған болатын. Айыркұмға Исатай, Махамбеттермен бірге Тағай Бегалыұлы (Исатайдың немере ағасы), Үсе, Есет Төлегенұлдары, Қамбар, Тінғали Тайсойғанұлдары, Исатайдың ұлы Жақия, Есмұқамбет Жантумаұлы, Атанай Тоғанұлы, Дәуіт Ермекұлдары – барлығы он жеті адам болып жолға шықты. Ма-

хамбет пен Исатайдың елді езгіге алып жатқан Қарауыл, Балқы, т.б. басқарушылар үстінен ханға шағым беру үшін келе жатқаны туралы хабар сол өңірдегі ауылдарға тарап кетті. Жол-жөнекей ханға айтатын арыздарымыз бар, біз де сіздерге еріп барып мұңымызды ханға айтамыз деген ел адамдары ере бастады. Өстіп олардың саны жүзден асып кетті. «Сіздер біздермен еріп жүрмеңіздер» деп Махамбет пен Исатай олардың бетін қайтармады. Адамдар тым көбейіп бара жатқанын сезіп, Махамбет осы жүз адам арыз айтуға жеткілікті болар, шамадан тыс көбейетіндей біз бұл жолы ханды шабуға бара жатқанымыз жоқ қой демегенде бүкіл бұқара қосылып кетуге айналып еді.

Махамбет пен Исатай бастаған қарулы топ хан ордасына қарай келе жатыр деген хабар лезде Ордадағы Жәңгірге де жетті. Мұны естігенде Жәңгір қорыққаннан қатты абыржып сасып, не істеп, не қоярын білмей қалды. Ол сол бойда Астрахань губернаторына ат шаптырып, хат жолдады. Көмекке артиллериясы мен казак отрядын шұғыл жіберуді сұрады. Және де Махамбет, Исатай бастаған жүз қаралы адамның қозғалысын өте қауіпті халық көтерілісі деп көрсетті. Зәресі кеткен Жәңгір хан Махамбет, Исатайлардың алдынан Қалмақ, Шора, Жүсіп билерді, Балпанбек Жаналы сұлтанды, т.б. өзінің адамдарын жіберіп, олар Исатайларды хан жайлауынан 100 шақырым жерден алдарынан шығып, ханға барудың қажеттігі жоқтығын, он екі күннен кейін Хан Кеңесі шағымдарыңызды тексеру үшін сіздерге барады деген уәделерін береді. Исатай арыздарын соларға ханға тапсыру үшін беріп, өздері кері қайтады. Исатайдың негізгі міндеті ханды шабу емес, оны ықтырып, көңілін басып ойландыру болатын, бұл мақсаты орындалды.

Осы кезде Астрахань губернаторы Темирязев Жәңгір ханның қорқынышты хабарын алысымен гвардия офицері Тюменовты жағдайдың қалай болғанын тексеру үшін Ордаға жұмсады. Осыған қоса, Астрахань казак полкының командиріне екі зеңбірегі мен отрядын дайындауға тапсырма берді. Және Сыртқы істер министрлігі Азия комитетінің басқарушысы Родофиникинге жағдайды хабарлайды. Родофиникин министрге жеткізеді, ал министр Император І Николайға Қазақ хандығындағы болып жатқан жағдайды хабарлайды. Патша Бөкей ордасындағы тәртіпсіздік туралы Перовскийден түсініктеме талап етеді.

Бұл сұраққа Перовский 1836 жылдың 18 қыркүйегінде жазба түрде жауап берді. Жауап Азия комитеті басқарушысының атына жолданды. Хаттың мазмұны: Жәңгір ханның хабарламасын алғанбыз. Онда старшын Исатай Таймановтың Күшік Жаппаровты өлтіргені және Таймановтың есауыл Бабажановтың үстінен шағым беру

мақсатында Ордаға аттануы айтылған. Сол сияқты Қарауылқожа мен өзге де хан шенеуніктерінің қызмет бабын теріс пайдаланатыны туралы Таймановтан да шағым келіп түсті. Бірақ, Исатай мен арадағы қақтығысты хан өз күшімен тыйғандықтан, бұл іс туралы жоғарыға хабарламағанын және өзінің осы жазбасында Перовский Сыртқы істер министрінен Астрахань губернаторына Бөкей ордасын бағындырып отырған және бүкіл өлкедегі тыныштық пен тәртіптің жайына бірден бір жауапты Орынбор өлкесі бастығының рұқсатынсыз Ішкі Орданың істеріне бұдан бұлай араласпауға нұсқау беруін сұрады.

Перовскийдің бұл хатын патша оқып, Астрахань губернаторына Ордадағы жағдайды әуелі Орынбор басшылығына хабарлап, солардың нұсқауымен шара алыну қажет деген бұйрығын шығарды. Орынбор мен Астрахань губернаторларының бір-бірімен салқын қабақтыққа баруы Махамбет-Исатайларға тиімді болып шықты. Ордаға тиіп тұрған Астраханнан қит етсе Жәңгірдің солдат алдыруына мүмкіндігі болмай қалады. Осыдан бастап Перовский Жәңгір ханның байбаламдарына немқұрайды қарайтын болды.

Василий Александрович Перовский өзінің зымияндығын ішіне сақтап, әсіресе, сырт қазақтарына жағымды көрінген адам. Бірақ оның отарлау саясатын өте шеберлікпен жүргізген адам екенін тарих беттерінен көруге болады. Оның сырттай адал, қарапайым адам болып, кез келген адаммен тіл табыса алатындығынан болар, атақты Құрманғазы да оған арнап «Перовский маршын» шығарды. Жәңгір ханның өзіне хабарламай, төтелей Астрахань губернаторы Темирязовтен көмек сұрағаны Перовскийдің көңіліне келгенінен болар, алғашқы кездерде Жәңгірден келген шағымдарға сүлесоқ қарады. Исатайдың істерін құптағандай болған түр байқатып отырды. Шындығында, ол Исатай арқылы ханды өзінің уысында мықтап ұстаудың зымиян саясатын қолданған болатын. Хан ордасындағы қарама-қайшылықтар патшалық Ресейдің мүддесіне көлеңке түсіретін жағдай болса, әрине, Перовскийден ешқандай да жақсылық күтуге болмайтын еді.

Сонымен, Исатай-Махамбет пен Жәңгір хан арасындағы жағдайларды тексеруге Орал әскерінің атаманы Покатиловқа бұйрық берілді. Покатилов әуелі тергеу жүргізу үшін әскери старшын Осиповты және қазақ тілін білетін Өзбековты жіберді. Артынан Осиповты әскери старшын Сиротинмен алмастырады. Тергеу ісіне қатынасу үшін хан жағынан Жәңгірдің немере туысы – депутат сұлтан Медетғали Шоқанұлы белгіленеді. Шекара комиссиясының тапсырмасы бойынша тергеу тек қана Исатай-Махамбет бастаған топты қылмысты етіп шығаруға бағытталды. Ал Исатайлар мен бұқара халықтың көріп отырған зорлық-зомбылықтары туралы әңгімелерді

есепке алдырмады. Тергеушілер Күшік Жаппаровтың өлімін тексерумен болды. Осылайша халықты күйзелтіп отырған саяси және әлеуметтік себептердің бүкіл күрделі жиынтығын жай өлімнің жалаң фактісіне айналдырып жіберді.

1836 жылы 6 қарашада Исатайдан жауап алынды. Ол жасының 45-те екенін, осыдан он үш жыл бұрын Тама руының бір адамын өлтірдің деп сотқа тартылғанын және одан ақталып шыққанын, старшындық қызметте 1814 жылдың 25 қарашасынан бері істеймін деп өзін таныстырды. Күшік Жаппаровты ешкім де ұрып өлтірген жоқ, оған найзағай түсіп мерт болды. Жәңгір ханға қастық жасаймыз деген ой болған жоқ, оған Қарауылқожаның халыққа жасаған озбырлығы жөнінде шағымдануға шыққанын, алдынан ханның елшілерінің келіп, «халықтың ішіне барып, он екі күннен соң тергеу жүргіземіз» деген уәдесі болғаннан кейін қайтып кеткендігін мәлімдеді.

Содан соң Исатай ханның, оның айналасындағы Қарауылқожа мен Балқылардың қалың бұқараға адам төзбестік дәрежедегі жасап отырған қысымдарын айтып бастап еді, оны тергеушілердің қабылдамайтынына көзі жетті. Одан соң жауап Махамбеттен алынды. Махамбет Исатайдың берген жауабын растап, халықтың Қарауылқожа тарапынан көрген жәбірі мен қысымын жаңа деректермен толықтырып дәлелдеп берді. Күшік Жаппаровтың өлімін «адамнан болды» дегеннің жала екенін де жазып берді. Жауап алып отырған Сиротин Махамбеттің орысша жатық сөйлеп, сауатты жазғанына таң қалды. Және Махамбет тергеуге ханның өкілі Шокиннің қатынасып отыруын әңгімелеп, халықтың жағынан да өкіл қатынасу керектігін, тергеуде аудармашының дұрыс аудармай тұрғандығын кәтерге берді.

Исатай-Махамбеттердің ісін тергеуге кіріскен ханның өкілі мен орыс шенеуніктері алғашқы қадамдарынан бастап-ақ Исатай-Махамбеттер мен оны жақтаушыларды айыптап, ханның тобын ақтау бағытын ұстағандары толық белгілі болды. Осы жағдайды сезген Исатай-Махамбеттер жауапты дұрыс бермей, тергеу жұмысын шатастырып, істі қорытындылауға мүмкіндік бермей, сырт айналып кетті.

Көтеріліске толығымен ұйытқы болған негізінен Махамбеттің іс-қимылы мен уытты жырлары еді. 1837 жылдың көктеміндегі Махамбеттің:

Арғымақтан туған қазанат –

Шабуыл салса нанғысыз.

Қазанаттан туған қаз мойын –

Күніне көз көрім жер шалғысыз.

Айырдан туған жампоз бар –

Нарға жүгін салғысыз.

*Аруанадан туған мая бар –
 Асылын айуан десе нанғысыз.
 Жақсыдан туған жаман бар –
 Күндердің күні болғанда
 Жарамды бір теріге алғысыз.
 Қасына адам барғысыз, –
 Жаманнан туған жақсы бар –
 Атасын айтса нанғысыз...*

деп келетін өлеңі елді тек төре тұқымы басқарады, қара халықтан басқарушы шықпайды деген қағиданы жоққа шығарады.

«Ай астында бір көл бар» деген жырында да өзінің осы ойын ары қарай жалғастырады.

*Ай астында бір көл бар –
 Ат шаптырса жеткісіз.
 Ортасында алуа, шекер бар –
 Татқан қулар кеткісіз.
 Қарада да қара бар –
 Хан ұлы басып өткісіз.
 Алланың бір күні бар –
 Бір жарым ай жеткісіз.
 Мұңдас ерлер болмаса,
 Менің айтқан сөздерім
 Құлқына жаман жеткісіз, –*

деген Махамбет жырларының астарында елдің билігін қалың бұқараның ішінен шығып жатқан ханнан да ақылдылардың бар екендігі, билікті соларға беру керектігін меңзеген үндеу бар еді.

Исатай мен Махамбеттің басшылығымен алғашқы кезде жасақтар он топқа бөлінді. Жайық Беріш руынан үш қосын құрылды. Біріншісі – Исатай тобы, екіншісі – Махамбет тобы, үшіншісіне – Тәни палуан мен Ырсалы басшылық етті. Төртінші – Есенқұл Беріш қосынын атақты Үбі батыр басқарды. Есен Беріш руының жасағын Есмұханбет, Сәмембет Жантумаұлдары басқарды. Ысық руының жасағы басында көтерілістің аты әйгілі батырлары Қалдыбай, Иманбай, Қабыланбайұлдары болды. Байбақты руының жасағын Өтеміс Қошқарұлы, Адай руының жасағын Досақан Жәнібекұлы, Жаппас руының жасағын Әлжан Тұрманбетұлы басқарды. Әр жасақ қарулы 200 адамнан құралды. Жасақтың адамдары өздерінің күнделікті тірліктерінен қол үзген жоқ. Арасында әскери жаттығуларға қатынасып, ат-көлік, құрал-саймандарын сақадай сай ұстап отырды.

Осы кезде хан жасақтары да көтерілісшілердің, олардың жақын туыстарының ауылдарына шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп, мал-

дарын талауды бастады. Бұны бірінші бастаған Балқы болды. Олар Рысалды, Сатыпалды Кәсіпұлдарының аулын тонап, тоғыз адамын ауыр жарақаттап, бір адамын өлтіріп кетті. Осы хабарды естіген Исатай сол күннің ертесіне Балқының ауылын (9 маусым, 1837 жылы) шауып, бар мүлкін жиырма атан нарға артып, елу жылқысын елге үлестіріп береді. Балқы үш адам болып зорға қашып құтылады. Осы кездерде Жәңгір хан тарапынан Орынбор Шекара бастығына көтеріліс бастықтарын қарулы күшпен ұстауды сұраған хаттар қарша борап жатты. Бұл жағдайдан Махамбет, Исатайлар хабарсыз емес еді.

Осы кезде Исатайдың жанындағы Махамбет бастаған қалың бұқара да губернаторға хат жолдады. Хатта халық жағдайының титықтағанын айта келіп: «Бізде жалғыз үміт қалды, ол мәртебелі тақсыр, Сіздің шапағатты қайырымдылығыңызға иек арту ғана. Мәртебелі мырза, біз сізден Орал маңына жақын жерлерде тұрып, қызмет жөнінде император тақсырға көмектесу, алыс қалаларға, айталық, мәселен, Ново-Александров қамалы және басқа да сол секілді жерлерге сапарға шығып тұру үшін Орал әкімшілігі мемлекеттік адамдары құрамына еруге рұқсат етуіңізді өтінішпен сұраймыз. Өздеріңе шын берілген ресейліктерден қалай талап етілсе, біздерге де сондай талап қойыл-сын. Оларды орындауға әзірміз. Егер Сіз біздерді осы мәлімдеген тілегімізге игі ниетпен қарап, қайғылы көз жасымызды құрғатудан бас тартпайтын болсаңыз, онда біздер ерекше бір бақытты адамдар болып шығар едік. Осыған орай, бізді Беріш руының старшыны Исатай Тайманұлының басқаруына қалдыруды, Сізден аяғыңызға бас ұрып өтінеміз, әрі бүкіл бұйрық пен тәртіпті осы кісі арқылы алуды өте-мөте қалаймыз. Ал осынау старшын Исатай болмаған жерде біздер өзімізден талап етілетін, дәлірек айтқанда, барлық міндетті жұмысты орындай аламыз және оған жағдайымыз да бар деп ешқашан үміттенбейміз. Себебі, Исатай біздердің арамызда әрқашан тыныштық орнатушы, тәртіп сақтаушы бірден-бір адам. Мәртебелі мырза, біздің мүшкіл жағдайымызға өзіңіздің мейірімді назарыңызды аударып көріңіз, бізді де бақытқа жеткізу үшін әділ құзырыңыздан кері шегінбеңіз. Сізге осы мәлім еткен тілектеріміз орындалмайтын болса, онда біз бұрынғыдан да асқан азап пен қиыншылықтың түрін көре беретін боламыз. Турасын айтсақ, қайыршылықтың шегіне жетіп қырылудан басқа жолды көріп отырғанымыз жоқ» деп жазды (11-ші шілде, 1837 жыл). Исатайдың өзі де жеке халықтың жағдайын жазып хабарлаған.

Бұл құжатқа алты жүзден астам адамның қолы қойылды және Беріш, Ысық, Жаппас, Байбақты, Масқар, Адай, т.б. рулардан он бес старшынның қолы мен мөрі басылды. Осыған қоса сұлтандар мен

хан старшындарының халыққа жасаған қиянаттарының айрықша тізімі тіркелінді. Бұл хат немесе «петиция» генерал Перовскийге 1837 жылы 10-шы тамызда табыс етілді.

Жәңгір бұл хаттың орыс өкіметін жаңылыстырып, қырға шығатын жазалау отрядын мүмкіндігінше тоқтата тұруға, сол арқылы күзге дейін (өзеннің мұзы қатқанша) уақыттан ұтып, Жайықтың шығыс бетіне өтіп кеткенше ойлап тапқан әдіс-айласы екенін Перовскийге ұқтыруға тырысып бақты. Перовский ойлана келе Исатайға өз қолымен хат жолдады. Хатында Исатайға қасыңа адамдарды топтастырмай үйді-үйіне таратып жібер, сенің және старшындардың хаттарын алдым. Бұл мәселелерді шешу үшін өзің маған кел, жеке отырып сөйлесейік деген және Орал атаманы Покатиловқа Исатайларға барып жағдайды анықтап, Исатайдың өзіне келуі керектігін тапсырады. Исатайлар Перовскийдің хатын алып, оның шақыруына баруды дұрыс көреді. Исатайдың Перовскийге баруын қолдамай, қасындағы жолдастары ренжіп, өкпелеуге дейін барып, ауылдарына жасақтарын ертіп тарап кетеді. Осы кезде Покатиловтың Исатайды ертіп келу үшін жіберген адамы ротмистр Акутин барып, Исатайдың жасақтарды таратып жібергенін, аулына тек азғантай адаммен өзі қалғанын көзімен көріп, Исатайдың Перовскийдің шақыруына байланысты жүру қажеттігін талап етіп, Исатайды серіктерімен бірге алып жүреді. Бірақ Исатайлар күн кешкірген мезгілде өздерінің жүріп келе жатқан бағытына шаба жөнелгенін, бұлар да аттарының басын жібергенмен, олар қара үзіп адастырып кеткенін Покатиловке келіп баян етеді.

Осы кезде Перовскийге Исатайдан да хат келіп түседі. Ол өзінің сөзінде ауылда тек өзі екенін, Қарауылқожа Бабажановтың ел тонаушылары ауылды шауып, күн бермей тұруына байланысты бара алмай жатқанына кешірім сұрайды. Осы жағдайға қарамастан ротмистр Акутин келіп, «қалай да жүр» дегенсін еріп шыққанмын, бірақ, олар мені қарулы жасақпен қоршап алып жүргендіктен кейін қайтып кеттім. Мен сізге айдалып бармай, өз еркіммен, өзім баруға тиістімін деп түсінемін. Менің қазіргі жалғызілікті жағдайымды ескеріп, бүкіл елді шауып-тонап, кісі өлтіріп жүрген Қарауылқожа Бабажановтың іс-әрекетін анықтап, тергеу жүргізу үшін қазақ ауылдарының жағдайына таныс Даль мырзаны жіберіп, анықтатуыңызды сұраймыз деген.

Шындығында, Исатайдың қайта-қайта хат жазып, айла-тәсілге салуы, уақытты оздырып қыстың түсуін күткені еді. Исатайдың хаттары дәл ойлағанындай бұларға қарсы қарулы жасақтың шығуын кешеуілдетті. Исатай мен Махамбеттердің қимылы Қарауылқожаны

да састыра бастады. Жанталасқан Қарауылқожа да өзіне жақтас адамдарын топтастырып, Исатайға қарайтын ауылдардың малын айдап алып, үйлерін, дүниелерін тонай бастады. Исатай бұдан ары қарай шыдай алмады. 1837 жылы 16-шы қыркүйекте Қарауылқожаның аулын шауып, мал-мүлкін тонап, кейбір адамын тұтқындайды. Қарауылқожаның жасақтары жан-жаққа бытырап қашады, өзі де он шақты адам шамасында отбасын алып, хан сарайына барып тығылады.

Осылайша қарулы көтеріліс от алып, басталып кетті. Исатай-Махамбет жасақтары ханның жанындағы қалың бұқараға тізесін батырып жүрген билер мен сұлтандардың, старшындардың ауылдарына бүйідей тиді. Шыдай алмаған Жәңгір хан өзіне қарасты жуандардан төрт жүздің үстінде қарулы жасақ жинастырып және өзінде тұрған жүз жиырма бір адам казак-орыс күзетін жүзбасы Наум Петрович Дяглов бастап, Исатаймен соғысуға аттанады. Екі жақ Жасқұста кездеседі. Бұл оқиға тарихи деректерде жоқ, тек қана Ығылман Шөрекұлының жыры мен Ә. Сарайдың кітабынан жолықтырамыз. Екі топ әуелі алыстан атысып, мергендер сайысады. Исатай жекпе-жекке шақырады, бірақ хан жағынан оған қарсы ешкім шықпайды. Атысудан екі жақтан да адамдар шығын болады. Махамбет өзінің азғантай жасағымен кешігіп жетіседі. Махамбет келгенде бір-біріне бата алмай айбат шегісіп, арасында атысып тұрған екі топты көріп, адамдарына қарап айғайлап: «Бұл не тұрыс, қоян жүрек қорқақ болсаңдар, үйлерінде жатпайсындар ма?» – деп қынабынан қылышын суырып алып, «Ағатайлап» жауға өзі бастап дүрсе қоя берулі.

Жырда осы жері былай суреттеледі:

*Кейінде қалған Махамбет
Көкірегі демігіп.
Бойына сіңген қашаннан
Демікпесі түзеліп.
Торда қалған сұңқардай
Соғыста батыр бусанған.
Мінгені Бәйгетарлан-ды,
Кейінде қалып арман-ды
Қашырмай жауды тұрғанға,
Қатты жаман арланды.
«Бүгінге дейін тұрдырып,
Осынша қолды қырдырып,
Тұрғандарың, ерлер, қалай?» деп,
Келе батыр зарланды.
Бәйгетарлан астында,
Жалғыз айыл төсінде,*

Ата аруағын қоздырып,
Айырылды батыр есінен.
Тұралмады дәт қылып,
Кездескен соң өшімен.
«Ағатайлап» лап қойды,
Айбынсын енді несінен?!
Баспа шекпен үстінде,
Бәйгетарлан астында,
Тап сол жылы Махамбет
Отыз тоғыз жасында.
Есенқұл Үбі, Таңатар,
Есенаман, Шешекей,
Балуан Тәни қасында.
Алман, Тоғай, Ерсары,
Қожахмет, Қалдыбай
Әскердің түсті алдына-ай.
Қамалға барып соқтығып,
Ойранды жауға салды-ай.
Жаяуменен жаншылып,
Ат астында қалдық-ай.
Қашуға қарап бет алды,
Тұра алмай төзіп хандық-ай.
Найзамен көрсең түсір деп,
Сол әскердің бастығы –
Қарауылдай итіңді-ай.
Махамбет сынды батырдың
Аруағы басым-ды.
Басым емей немене,
Өліктерін ала алмай,
Ханның қолы қашулы.

Жырда көрсетілгендей, Жәңгірханның казак-орыс аралас жасақтары жеңіліс тауып, ордасына қашады. Исатайлардан ханның өзі бас болып Ордаға қашып келуі сарайдағыларды қатты абыржытып, қорқытты.

Осы қақтығыстан кейін Исатай-Махамбет бастаған жасақ жобасы екі мыңдай адаммен келіп, Орданы жартылай қоршайды. Осы кезде Исатаймен көңілдес болып келген, өзінің туысы Жәңгірмен бұрын келісімге келе алмай жүрген Шыман Жәңгірдің шақыруымен Ордаға келіп, Исатайға хат жазып, елшілікке айтулы шешен Бекпенбетті жібереді. Бекпенбет келіп Исатайдың аяғына жығылып, «Жәңгір кешірім сұрап отыр, қасықтай қанымды қисын, қандай талабы болса

да орындаймын, он күн мерзімнің ішінде талабын түгел орындама-сам, өз обалым өзіме деді. Батыреке, бір сапарға кеш, қан төге көрме» деп Бекпенбет жеріне жеткізіп айтады және тап осылай жазылған Шыманның хатын береді. Хатты оқығасын Исатай екі ойлы болып қалады, оның қасындағы кейбір старшындар сұраған мұрсатын беруді, қан төкпеуді дұрыс деп табады.

Көтерісшілердің Орданы қоршағанын Махамбет былай деп суреттейді:

*Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай,
«Жанымды қи» деп сұрады-ай.
Ақкөңіл, аңқау жүрекпен
Беремін деп сен тұрдың.
Көкбедеуді бауырлап,
Шабамын деп мен тұрдым.
«Исатай басшы білсін» деп,
Ауыр әскер қол тұрды.*

Махамбет Исатайға: «Хан тұқымына сенуге болмайды, он күннің ішінде қарулы патша әскері келіп үлгереді. Исеке, барлық күшті жинақтап келіп тұрмыз, шапсақ, шабатын кез тап – осы, осыдан қалсақ, жолымыз болмайды» деп:

*Хан баласы қабан-ды,
Қайырылып шапса, жаман-ды.
Хан баласы қара жылан-ды,
Қайта айналса, шағар-ды.
Шабар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен кейін қиын-ды, –*

деген толғауын осы жерде айтқан. Бірақ, Исатай өзінің бір беткейлігіне салып, Махамбеттің айтқанына бойұсынбай «он күнін күтеміз» деген шешім қабылдайды. Махамбеттің айтқанының дұрыстығын, хан ордасын қазір шабу керектігін Үбі, Қабыланбайлар да қостайды. Бірақ Исатай алған бетінен қайтпайды. Махамбеттің достары Науша Қаржауұлы, Қаратоқай Мәмбетұлдары Исатайға өкпелеп, өздерінің соңына ерген қарулы жасақтарын ертіп кетіп қалады. Махамбет Исатайға қатты кейіп, едәуір ауыр сөздер айтып тастайды. Онымен қоймай өзі де жасағын ертіп кетуге жинақталып, Исатайға тағы да ат басын бұрып, қоштасу жырын арнапты:

*Маң-маң басқан сары атан
Маңғыстап шығар өріске.*

Бұрынғыдай қарыштап,
 Қона алмадық қонысқа,
 Келе алмадық келіске.
 Қанша жылап жалынып,
 Айтсам-дағы болмадың,
 Исеке, болдың еріспе.
 Енді жалғыз кетемін,
 Саладан сала өтемін.
 Қолыңды бер де, аман бол,
 Күн болар ма, болмас па,
 Енді қайтып көріске, –

деп жүре берулі.

Сол кезде Исатай Үбіге қарап: «Мына тентек ат құйрығын үзуге бет алды ғой, барып тоқтат, ашуы тез қайтатын еді ғой, сен тоқтатпасаң, енді оны тоқтататын кісі жоқ», – депті. Үбі батырлардың ішіндегі жүрек жұтқаны еді. Исатайдың садағын тек қана Үбі тарта алатын еді. Ал Үбінің садағын Исатай бар күшін салып, зорға тартатын-ды. Үбі мен Исатайдың достығының арасына сызат түспеген адамдар болатын. Үбі кетіп бара жатқан Махамбетті жанамалай келіп: «Батыр, атынның басын тарт, мені мен Исатайды тастап қайда бара жатырсың, өлсек, бірге өлерміз, өлмесек, бірге жүрерміз», – деген уәдені қалай бұзасың? Исатайдың мұнысы қисық болды. Қисық ағаш сындырмасаң түзеле ме? Сыртынан білдірмей тұрғанмен, сенің кеткеніңе ішінен жылап тұрғанын көрмейсің бе? Соның соңынан ердік қой, ажалымыз жетсе, өлерміз, қасында болайық, өлсек, бірге өлейік, «Досыңның атына міңгеспе, мінгестің екен, артың тесілсе де үндеспе» деген бар емес пе?» деп, Үбі Махамбеттің тізгінінен ұстап жібермепті деген әңгіме ел аузында сақталып келді. Осы жерде Исатайдың жасақтарының үштен бір бөлігінің ренжіп тарап кеткені айтылады.

Исатайлар тобының жартысы Жәңгір ханды шабамыз деп, жартысы шаппаймыз деп итіс-тартыспен жатқанда генерал Перовский 1837 жылдың 17 қазанында Бөкей ордасына полковник Карл Карпович Гекені көтерілісті басуға, көтеріліс басшыларын тұтқындау мақсатында аттандырады. Геке бұйрық алысымен жолға шығып, Орал қаласына 22-ші қазанда келді. Ол Оралға жеткенше әскери атаман Покотилов алты жүз орыс-казак жасағын, алты жүз ат көлігі мен он күндік азығымен үш топқа бөліп қойған-ды. Біріншісі – Зеленов, екіншісі – Кулагино бекінісінен шығатын болып белгіленді. Ал үшінші топ 5 қарашада Горск бекінісінен шығуға тиіс делінді. Бұл жасақтар шыққан беттерінде Теректі құмында кездесіп, бірігіп, көтерілісшілерге қарсы қимылға көшеді делінген жоспар жасалынды.

Геке Глинянск бекінісінен қасына ерген жиырма адамымен 28-ші қазанда шығып, 30-шы қазанда Хан Ордасына келіп, жағдаймен танысады. Исатай-Махамбет бастаған көтерілісшілер хан сарайынан 7-8 шақырым жерде тұрғаны белгілі болды. Исатай өздерінің ауылы тұрған Теректі жақтағы жолды ғана жауып, ал Ордаға басқа жақтан келетін жолдарды ашық тастапты. Геке келгеннен кейін артынан қарулы жасақ жетіскенше Исатайға хат жазып, олардан жауап хат алып, уақытты оздыра тұрды және полковник Меркульевке өз жасағымен тікелей келіп, Исатай ауылын қолға түсіруді тапсырып, өзі Ордада Жәңгірдің қасында бола тұрды. Исатайдың мүлдем қимылсыз тұра беруі және соғыс аспағанның өзінде хан ордасына келетін қатынастарды жауып, сыртқы өмірмен байланыстарын үзбей, жайбаракат жата беруі өте түсініксіз болды. Осы кезде оған Оралдан казактардың үш топ жасағы шұғыл келе жатыр еді. Оған қоса Астраханнан Жәңгірдің қайта-қайта сұратуымен зеңбіректерін сүйретіп, 300 адамдық казактар тобы да жолға шыққан болатын. Осы бір кездерде ауылына қарулы жасақтардың шабуыл жасап жатқан хабары Исатайға да жетіп, шұғыл өз жасағымен аулына аттанды.

Бұл кезде Меркульев Исатай ауылын қолға түсіріп, адамдарын тұтқындап, ішінде Исатайдың отбасы бар, Жаманқұмға келіп түнегенде, таң мезгілінде Исатай жасақтарының қоршауында қалғанын бір-ақ біледі. Исатайдың талабы бойынша тұтқындағы барлық адамдарды босатып, мал-мүлкін түгелдей қайтарып, «басымыз сауға» деп Меркульев өз тобымен хан ордасына келеді.

Гекеге: «Артымыздан артиллерия келіп жетіспеді, соғысуға болатын еді, кісі өлімі болатынын ойлап, мал-мүлкін, отбастарын қайтарып бердім, соғыспай қайтып оралдым», – деп өзінің ерткен жасағының қоршауда қалып, сауға сұрап құтылғанын айтпады. Геке сол кезде хан жасағына Шыңғали Орманұлын басшы етіп тағайындап, өзінің 40 казагымен Горск бекінісінен келе жатқан топты және Меркульев тобын біріктіріп, 13-ші қарашада Теректіқұмдағы Исатай тобына қарсы жүрді. Жолда «Исатайлар Тастөбеде» деген хабар бойынша Тастөбеге жақындап, 15 қарашада 1500-дей жасағы бар Геке Исатайларға тақап келді. Исатай бастаған 500-дей жасақты көріп, жасырып келе жатқан зеңбіректі даярлап жатқанда, Исатай жасақтары «Ағатайлап» лап қояды. Алдыңғы жақтағы 600-дей казак-орыс әскерлері Исатай шабуылына төтеп бере алмай кері қашып, соңынан топтасып, қуып келе жатқан Исатай тобына үш зеңбіректен қатар оқ атады. Екі снаряд дәл тиіп, қан-қасап қылып кетеді. Оның үстіне алдынан қарша бораған оққа тап болады. Сол бойда алпыс адамы оққа ұшады. Осы бір көріністі Махамбет:

*Зеңбірек боздап ұшқан соң,
Исатай батыр жөнелді-ау.
Жөнелмей батыр неғылсын:
Ерсары мен Қалдыбай
Ажал оғы тап келіп,
Екі арыстан тең өлді, –*

деп от қарудың күшін суреттейді.

Исатайлар тобы қашып құтылады. Осы соғыста Исатайдың жасы 20-дағы Ақай атты баласы мен келіні оққа ұшты деп Әнес Сарайдың зерттеуінде көрсетілген. Осы жеңілістен кейін Исатай жасағы бөлшектеніп, әркім өз отбастарын қорғауға бытырап кетеді. Исатайды және Махамбетті қалайда қолға түсіру тапсырмасын орындау жолында Геке барлық күш-қайратын жұмсап бағады. Сөйтіп, Меркульевті 300 казак-орысымен, бір зеңбірегімен, оның үстіне 600 адамнан құралған Шыңғали Орманұлы басқарған топты Жаман Шолан арасын күзетуге, Истоминді 130 хан жасағымен және 75 казак-орысымен Тастөбені аңдуға жібереді. Шыңғали тобы «жазықсыздардың қанын судай төкті, жас нәрестелерге дейін найзалап өлтірді» деп Қажым Жұмалиев «Әдебиет майданы» журналының 1937 жылғы №10, 11 сандарында жазған. Истомин бастаған жасақ 22 қарашада көшіп бара жатқан Исатай ауылының үстінен түседі. Көшпен бірге келе жатқан Исатай-Махамбет бастаған қырық жеті адам кілең жүрек жұтқан, іріктелініп қалған саңлақты ерлер еді. Истомин өзінің 200-дің үстіндегі қарулы жасағына сеніп, қырық-елу адамды қазір-ақ жусатамын деген оймен көшке лап қойды. Сол кезде әйелдерді алға қарай жіберіп, өздері қаша ұрыс салады. Исатайдың жасағынан он бес шақты жауынгер өлісі бар, жарақаттанғаны бар саптан шығып қалады. Махамбет Исатай мен Үбіге: «Сіздер бізге қарамаңыздар, екеуіңіз қашқан әйел-балаға жетісіп бас-көз болып, тез ұзап кетудің шарасын алыңыздар, біздер мыналарды бөгеудің амалын табармыз», – депті.

Сол кезде Истомин Махамбет бастаған отыз бес адамды қоршауға алады. Осы кездегі отыз батырдың қимылы екі жүз адамға пай бермеді. Махамбет қоршауды көріп, қасындағыларға айғайлап, астындағы құс көпшікті жұлып алып, «Қазір мен мына көпшікті жарып жіберіп лақтырамын, жел артымыздан, олардың аты үркіп, не болғанын білмей қалады, сонда қоршауды бұзамыз, менің артымнан еріндер» деп, көпшікті жарып, абыржып қалған сәтті пайдаланып, қоршауды бұзып өтіп, құтылып кетеді. Қоршауды бұзып өткен кездегі сарбаздардың қимылына көз ілеспеді, бұзып өтіп бара жатқан кездің өзінде де жиырма шақты солдатты атынан аударып кетіпті, деп

Қ. Жұмалиевтың жазбасында баяндалады. Осы соғыста Махамбет үзенгілес достары Қалдыбай Қосаяқұлы, Шоқан Бадайұлы, Ерше Сартұлы, Байназар Аяпұлы сынды батырларынан айрылады. Исатай-Махамбеттер қуғыннан құтылып шыққанын көп ұзамай, бір жерге аялдауға тура келді. Ұзаққырап кетуге Махамбеттің інісі Қожахметтің қарасанынан оқ тиіп, алып жүруге жарамады.

Сол кідірген жерде Махамбет кездігін отқа қыздырып жіберіп, жаралы санды тіліп, тереңде жатқан оқты алып тастап, жараның үстіне жусанның басын уқалап, жұмсартып жауып, жібекпен орап, таңып тастайды. Шыдай алмай келе жатқан Қожахмет сол бойда ұйықтап кетеді. Манағы соғыста азықтың бәрі далада қалған. Адамдар әрі тонып, әрі ашыға бастады. Соғыс басталған бойында азық артылған айғырды жетектеп, Қожахметтің тоғыз жасар баласы Мұса бір төбенің астында жасырынып қалған екен, түнімен жүріп, таң ата Махамбеттерге келіп жетеді. Әкесі Қожахмет «біздерге ерме» деп ұрысқанда, Махамбет араға түсіп, жорықта ертіп алуды әдетке айналдырған еді. Сол Мұса сарыала таңнан ашығып жатқандарға тамақ жетістіріп тұр. Әрі тоңазып, әрі ашығып отырғандар Мұсаны көріп, қуанғандарынан және баланың батылдығына елжіреп кейбіреулері көздеріне жас алысып қалды. Махамбет ұшып тұра келіп: «Қазақтың кейбір көкірегіне жел бітіп, батырсынып жүрген жігіттерінен менің құрттай жаман қоныр қозым артық болды-ау», – деп Мұсаның маңдайынан иіскеді деген әңгіме бар. Осы кезде батырлардан із-түзсіз айырылып қалған Геке губернатор жарлығымен Исатайды тірілей ұстағандарға 500 сом күміс ақша, өлтіргендерге осының жартысы беріледі деп жар салып, іздеушілерді жан-жаққа жіберіп жатты.

Осы кезде «Қаныш-Мола» деген жерде 27 қарашада Исатайдың ұсынысымен ең жақын достары: Махамбет інілерімен, Үбі, Есенгелді, Тінғали, Иманбай, Қабылбай, Тәни, Баймен, Әлмен, Жармұқанбет, Сарт, Жанұзақ, Мәстек және т.б. бас қосты. Исатай осы жерде отырған достарына: «Мені байлап апарып Гекенің қолына беріңіздер, біздердің енді баратын жеріміз жоқ, түгелдей жау қолында өлеміз, губернатордың жарлығында «тірілей жолдастары ұстап әкелсе, бәріне де кешірім беріледі» депті. Сондықтан менің соңғы өтінішімді орындаңыздар», – депті. Осыны айтып өкініп, мына бір өлең шумағын шығарған көрінеді:

*Қырық бес жасқа келгенше
Өз дегенім болмаса,
Кісінің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған –*

Қанша айтсаң да көнбедім,
 Сөзіңе құлақ салмадым.
 Өкінішті іс өтті,
 Қайран інім, Махамбет,
 Қанша айтсаң да жалынып,
 Қорамсаққа қолды салмадым.
 Көндіргім келіп қан төкпей,
 Туралап барған жерімде
 Жастығымды алып қалмадым.

(«Сәуле» журналы, №7. Ташкент, 1924 ж.).

Исатайдың бұл сөзінен Хан ордасын қамап тұрып, шаппағанының өте қате іс болғанын мойындағанын көреміз. Тыңдап отырған достары Исатайдың жау қолына тапсыр деген әңгімесіне үзілді-кесілді қарсы шықты. Осы жерде Махамбет:

Уа, Исеке, Исеке,
 Кел, кетелік, кетелік,
 Кетіп бір Жайық өтелік.
 Атаның жұрты Хазірет –
 Басына зиярат етелік.
 Жауырыны қақпақтай,
 Қара айдары тоқпақтай,
 Оның да иесін үміт етелік.
 Біліңіз де, біліңіз,
 Белді байлап жүріңіз.
 Ат маңдайын тура қойсаң,
 Бермес пе, Тәңірім тілекті... –

депті.

Осылайша, Исатай бастаған азғантай топ Жайықтан өтудің жолдарын қарастырады. Исатайдың бағытын шатыстырып көрсету үшін хабар тарады және барлау жүргізуге шыққан Қабыланбай, Тәни, т.б. айтулы ерлер сол жолы қолға түсті. Қолға түскенмен де Исатайлар тобын Жайықтың жоғарғы жағынан өтуге жүріп кетті деп, жау бағытын өзгертіп жіберді. Осы тұста Әйіп бір үйір жылқыны жоғарғы жаққа қуып, жауды ізіне түсіріп әбден діңкелетті. Әйіпті ұстағанда жылқыны қайда айдап бара жатқанын сұраса: «Исатайлар Жайықтың жоғарғы жағына ішкі шептен өтеміз деп, маған осы жылқыны айдап жетістір, азық қыламыз деді және жүз теңге күміс ақша мен ақымды берді», – деп сендірген. Артынан өтірік екені анықталып, Әйіпті азаптап өлтірді.

Исатай жасағындағы батырлардың шетке шыққандары біріндеп қолға түсіп, өлгендері өліп, олмегендері тұтқын болып айдалып

жатты. Мәселен, мына батыр азаматтар қолға түсіп тұтқын болды: Смағұл, Қабыланбай, Қали, Жапалақ Қалдыбайұлдары (Ораз Ысық), Досақан Жәнібекұлы (Адай), Ескене Байдажарұлы, Дауыл Сәрекенұлы, Бура Сәрсенбіұлы, Мұстафа Темірбекұлы, Еділбай Сәрсенбіұлы, Есәлі Шоқайұлдары (Қызылғұрт), Көшім Сартұлы (Жаппас), Үсе Төлегенұлы, Таңатар Етебайұлы (Есенқұл Беріш), Ысмайыл Өтемісұлы (Жайық Беріш), Аманбай Кебекұлы, Наурызалы Қаржауұлы, Ажыбай Қадырұлы (Бармық Алаша), Тәни Түменұлы (Жайық Беріш), Айтас Көсепұлы (Тана), Көшеген Құдайбекұлы (Бармық Алаша).

Шейіт болғандар: Көбен Жәнібекұлы (Адай), Ақай Исатайұлы, Ешөкім Сартұлы (Жаппас), Қаракұл Бабақұлы (Қаратоқай Беріш), Ырсалы Кәсіпұлы (Жайық Беріш), Қалдыбай Қосаяқұлы (Ораз Ысық).

Исатайлар қалған 40 шақты адаммен Сарытоғай тұсынан Жайықтан өтуге бағыттайды. Бұлар өтетін жерде күзет топтары қалың болатын және қарулы солдаттар алма-кезектесіп күзетіп тұрған-ды. Жүректері дауаламай әрі-сәрі күйге түсіп, түтеген боранда Исатай тарығып, Махамбетке қарап:

*Күн жадына қарасам,
Жедінің оны – құралай.
Аспаннан түтеп қар жауып,
Аштырмайды көзімді,
Қақтырмайды кірпікті,
Соғады боран сабалай.
Халық үшін қан төгем деп,
Қараны – ханға теңеп берем деп,
Сол мақсатқа жете алмай,
Қор болдың-ау, Махамбет, шырақ-ай, –*

депті.

Осы кезде Махамбет:

*Палуан жолбарыс секілді
Алысқанды алып ұрған білегім.
Қамалаған жаудан қайтпаған –
Қайнаған қара болаттай,
Қарсы біткен жүрегім.
Ертеден кешке дейін зарласам,
Бермей ме екен Құдайым,
Біздей тарыққан ердің тілегін? – деп, одан әрі:
Исеке, енді мұңаймаң –
Жайықтың бойы – көк шалғын
Күзерміз де жайлармыз.*

Күлісті сынды күреңді
 Күдірейтіп күнде байлармыз.
 Құдай істі оңдаса,
 Ісіміз жөнге келгенде
 Қамалаған көп дұшпан,
 Әлі де болса қойдай қылып айдармыз, –

деп алдағы күнге дәмелендіріп тастайды.

Күн ат құлағы көрсетпей, боран ұйтқып соғып тұрған желтоқсанның 12-сі күні бастаушы Құрақ Маябасұлының жол көрсетуімен Сартоғай тұсынан киіз төсетіп өтеді. Өтіп нобайлаған мезгілде мұздан тайған аттың кісінеуінен білініп қалады. Ең соңғы Нұрмағанбет мұз ойылып, шыға алмай қолға түсіп қалады және азықтары тиелген көліктер де өте алмай қалады.

Жайықтан өтіп үлгерген адамдардың санын кейбір жазбаларда отыз тоғыз, қайсыбірінде қырық деп көрсетіледі. Әнес Сарайдың тарихи дерегінде отыз тоғыз деп жазылған. Олар мыналар: Исатай, Исатайдың кіші әйелі Несібелі, балалары – Жақия, Досмағамбет, Оспан, Дінбаян, Бағлан; қайынатасы Әліш, оның ұлы Мұса, немере інілері – Әлмен, Баймен, Аймұхамбет, жақын ағайындары – Мәмбет, Құсқара; Өтеміс әулетінен – Махамбет, анасы Қосуан, інілері – Қожахмет, Сүлеймен, Хасен; Қожахметтің балалары – Мұса, Мерім, Лұқпан, Әкім; Өтемістің үлкені Тоқтамыстың ұлы Салық; Тайсойған ұлдарынан – Тінғали, Қамбар, Әуес, тағы біреуі болыпты; Сарт Еділұлы, оның балалары – Ырғи, Нұрғи, Нұрша, Ерше; Есенгелді Жанғабылұлы, Байболсын Есгелдіұлы, Айтымбет Өтегенұлы, Тілеулі Айжарықұлы, Үбі Үсеұлы, Иманбай Қалдыбайұлдары болған.



IV тарау

ТАЙСОЙҒАНДА

Кіші жүздің Батыс бөлімінің билеушісі Баймағамбет Айшуақұлы қасына сексен казак-орыс солдатын және жүзден астам қазақтардан құралған жасағын ертіп, Исатайлардың ізіне түсті. Түйелері жүрмей, көштің соңында қалып келе жатқан Несібеліні, Бағланды және Сарттың Ерше, Нұрша деген балаларын қолға түсірді. Онымен қоймай, Шүреннің биі Жамантайұлы мен тағы да біреулердің көрсетуімен Жақия, Дінбаян Исатайұлдарын, Сүлеймен Өтемісұлын, Баймен, Аймұханбет Тоқайұлдарын, Әйтімбет Өтегенұлы мен Байбосын Есенгелдіұлдарын қолға түсіреді. Қалған Исатайлар бастаған азғантай топ адастырып, таптырмай кетті. Махамбет бір ойда жасырынып қалған, ішінде анасы Қосуан бар көшті Қожахметке бастатып, төркіндері Алаша Сарбөпе старшынның аулына жіберді. Өздері із жасырып, әр тарапқа кетіп қайта қосылып, кездескендерге «Жем бойына барамыз» деген хабар таратумен болды. 16 желтоқсанда қатты боран болып, сол боранды пайдаланып, бір ой жерге тоқтап, аттарына бір-бір уыстан арпа жегізіп, өздері қардың үстіне жатып ұйықтап шыққандары әңгімеленеді.

Осылайша әр бағытқа із тастап, хабар тарата отырып, өздері «Тайсойған қайдасың» деп тартып кеткен. Тайсойған – Исатайдың туған жері еді, бірақ көптен көрмегендіктен ұмыт болып та қалып еді. Ол жақты Ысық пен Беріштер жайлайтын-ды. Тайсойғанға жету үшін жолға түнеу қажет болды. Махамбеттің есіне Тайсойған мен арада Ысықтың атақты батырлары Сәмембет пен Шығанақтың қыстайтыны түсті. Мына түтеген боранда «Ол қыстақты қалай табамыз?» деп жолдастары сенімсіздік тудырғанына қарамай, Махамбет бастап, күні бойы аттан түспестен жүріп отырып, күн кешке айналған мезгілде Сәмембеттің үйінің үстінен түсірді. Сәмембет күтпеген қонақтары аттарынан түсіп жатқанда алдарынан шығып, Махамбетті көріп, құшақтап «тірі екенсің ғой, арыстаным» деп үйге кіргізіп, қолында жемде тұрған жабағыны «таңертең соярсыз» дегеніне қарамай бауыздатып, сауырын тіліп жіберіп, жон етінен қуырдақ қуыртып, шаймен бірге қонақтарының алдына қойыпты деген әңгіме бар. Жайғасып

отырғансын Исатайдың атын айтқанда Сәмәмбет ұшып тұрып, Исатаймен қайта көрісті. Сәмәмбет Махамбетпен 1827 жылдан таныс еді. Қайыпқалидың елді толқытып, Жайықтан қайта өткізуге күш салып жүрген мезгілдерінде Махамбетпен кездесіп, дос болған еді. Келесі күні батырларды Шығанақ жібермей, үйіне қонақ етті, кетерінде алдына ат салмайтын жүйрік Қызылқұрған атын Исатайға мінгізіп жібереді.

Исатайлар Сәмәмбет, Шығанақтармен қоштасып, Тайсойғандағы Есенқұл Беріш Бабаттың аулына келіп түсті. Бабат арып, ашып келе жатқан бауырларын құшағын жайып қарсы алды. Қысырдың тайын сойып, қонақасылады. Осы жерде Махамбет өзінің ағайыны, Жайық Беріш атақты Төлеген жырауды кездестірді. Төлеген мен Махамбет бірінен соң бірі жырлады. Қонақтар кеш жатып, ертесіне түсте тұрды. Қонақтар жүргелі жатқанда Бабат бәйгі бермей келе жатқан Қанжиренді ерттеп Исатайдың жетегіне берді. Ол кездегі, одан әрідегі батырларда ер-тұрманымен қосалқы аты болған. Ол «ереуіл ат» деп аталатын.

Бабат аулынан шыққанда батырлар құрсаған қайғыдан аз да болса жеңілденгендей болды. Ағайынның «қашқынсындар» деп жатырмай құшақ жайып қарсы алуы, көңілдеріне жылылық ұялатып, сергітіп жіберді. Батырлар осылайша іргесін жаудан алшақтату мақсатында Тайсойған құмының ішіне қарай кіре берді. Исатай мен Махамбет өздеріне жезде болып келетін атақты батыр Құдайберген Елемісұлының аулына бет түзеді. Құдайберген ата жауы қалмақтармен соғыста әкесінің жасағында жас жігіт кезінде асқан ерлік көрсетіп, батыр атанып еді. Әкесі Елемес Сырым көтерілісінде қол бастап, елге танылып, жүрек жұтқан батыр атанған адам. Құдайбергеннің жасы Махамбеттермен кездескен кезінде жетпістің үстінде болса керек. Ығылман жырында:

*Құдайберген – жас батыр,
Жауына қарай тақалды.
Түсі сары бала екен,
Жаңадан қойған сақалды.
Ақырып тиіп жауына,
Жалмауыздай жалмады.
Қашқаны қашып қалмақтың,
Қалғаны тірі қалмады, –*

деп ауызға алынған осы Құдайберген еді.

Құдайберген балдыздары бастап келген қонақтарды жақсы қарсы алды. Батырлардың Жайықтан өткен хабарларын естіген екен, қонақтарымен асықпай кеңесті. Және мына қыс аяқталғанша осында

болғанды жөн көреді. Құдайбергеннің ержетіп аяқтанған, ер көңілді, екі иығына екі кісі отыратындай палуан денелі бірінен бірі өткен бес баласы бар екен. Бесеуі де «нағашыларымыз» келді деп аяқтарынан тік тұрды. Қонақтарға бөлек үй даярлатты. Жұма сайын қысырдың тайын сойдырып, қонақ етті. Исатай-Махамбеттер мынадай мәрттікті бұрын-соңды көрмеп еді. Құдайбергеннің руы Әлімнің Кетесі, оның ішінде Майлыбайы болатын. Құдайбергеннің сол маңайындағы ағайындары бұл іске түгелдей жұмылды. Жан-жаққа тыңшылар жіберіп, күзет топтарын құрды. Өзінің маңындағы елге көтерілісші батырлардың осында жатқаны туралы бір ауыз сөз шығармауға қатаң тапсырма берді. Әуелгі келгенде «осылар бас сауғалауға келді-ау» деген ой Құдайбергенде болып еді. Сөйлесе келе, бұлардың бас сауғалап, бұғып қалатын ойдан аулақ екенін, олардың хан-сұлтандарға деген ашу-ызасының ауыздарынан от-жалынша ақтарылуы, ханға қарсы халықты көтеру үшін жүргендігі, алты ата Әлім мен Жетіруға сауын айтпақ ниеттерін байқап, Құдайбергеннің көңілі орнықты. Әңгімеден әңгіме шыққанда Құдайберген Адай мен Кете арасындағы жер дауының асқынып, адам өліп жауласуға кеткенін қатты қынжылып, мұңайған күйде айтып берді. Осымен қоса өзінің де ата жауы хан мен төрелер екенін жасырмады. «Тірлік болса, алдымыздағы көктемде Әлім, Табынға өзім барып сіздер үшін қол жинаймын» деген байламын айтты Құдайберген.

Осы кезде Махамбет:

*Еменнің түбі – сары бал,
Еріскен көңіл – бәрі бал.
Жоғарыдан төмен төгейін,
Керегіңді теріп ал.
Қасыма ерген жолдастар,
Антыңды бұзып айрылма,
Зейініңді бермен сал.
Жапанға біткен жасылды-ау,
Жамандардың басы сау.
Жаманды байқап қарасаң,
Күндердің күні болғанда,
Өз басына өзі жау.
Арғымақ жақсы ат мініп,
Жеке шығып елімнен,
Толысып толғау толғасам,
Іштегі қызғын басылды-ау.
Өлең айтып толгадым,
Көкірегімді басарға.*

Махамбеттей мұңдыға
 Енді келер күн қайда –
 Ханға құрған шатырды
 Сүңгімен түртіп ашарға?!
 Алтын жақсы жарасар
 Жылтыраған күміске.
 Он екі ата Байұлы
 Жиылып келсе бұл іске.
 Алты сан алаш ат бөліп,
 Тізгін берсе қолыма,
 Заулар едім бір көшке, –

деп шамырқанып еді.

Батырлар Құдайберген аулында жақсылап тыныстады. Махамбет Исатаймен ақылдасып, бұл жерде бәріміздің жата бергеніміз дұрыс болмас, мен Хиуаға барып, Қайыпқалимен сөйлесіп келейін деген ойын айтты.

Сөйтіп, Махамбет 1838 жылдың қаңтар айының басында жолға шығады. Исатайға да Құдайберген арқылы осы төңіректегі ер көңілді жігіттер мен Ысық, Шеркеш ауылдарының белгілі-белгілі, бұрын Хан Ордасын қамағандағы өздерімен бірге болған азаматтарды жинастыруға ақыл береді. Кетерінде Құдайберген бүкіл Әлімге белгілі болған алты жасар Теңбілшұбар жүйрігін ер-тұрманымен Махамбетке жетектетті. Махамбет кідіріп, «ереуіл атының да», өз атының да аяғына таға қақтырып алды. Өз аты деп отырғанымыз, Исатайдың қос күреңінің бірі еді. Махамбеттің кесік құлақ Құлажиренінің жүдеңкіреп қалғанын байқаған Исатай күреңді беріп, Құлажиренді Құдайбергенге бағуға қалдыруға ақыл берген-ді. Махамбет «амандық болса, наурыздың орталарында ораламын» деп, Адайларға соға жүру үшін мұз үстімен тікелей тартты. Махамбеттің мұз үстімен тіке кетуінің үлкен мәні бар еді. Біріншіден, елсіз жермен ешкімнің көзіне түспей жүргісі келді. Екіншіден, Қайыпқалиға жету үшін төте жол осы еді. Үшіншіден, 1832 жылы Жәңгірдің тапсырмасымен Астраханға барып бір айдай болғаны бар, сол кезде Ново-Александровск бекінісі орналасқан жағаны бойлай орыс купецтері батаға ашып, балық аулап, Астраханға әкеліп өткізіп отыруды бастаған болатын. Сол жақтан қайықпен балық әкелгендердің ішінен Адайдың Жары тайпасының Бектеміс ауылынанмын деген Баба атты жас жігітпен танысып, дос болып еді. Оның дос болуының да қызық жағдайы болған.

Махамбет Астраханның базарын аралап жүргенде Адайдан келген қайықшы қазақ жігіттеріне қаланың бұзық бір топ казак-орыстарының тиісуін сырттан бақылап тұрады. Көп ұзамай, төбелес бас-

талады. Адайлардың ішіндегі бір тапалтақ бойлы жас жігіттің қимылы ерекше көзге түседі. Бұзық казактардың бірнешеуін ұрып жығады, қалғандары қашады. Қаладағы бұзықтардың бастығы Вася есімді казак-орыстың соңынан сол жеген таяқтан қайтыс болғаны мәлім болады. Махамбет келіп, төбелеске қатынасқан қазақтарды тез жан-жаққа таратып қашырып жібереді де, өзі жаңағы бірнеше жігітті ұрып жыққан казак жігітін ертіп, базардан тез шығып, үйіне алып келеді. Егер Махамбет тездетіп жан-жаққа қашырып жібермегенде, олар Астрахан полициясының қолдарына түсері сөзсіз еді. Осылайша Махамбет Бабамен танысып, дос болған-ды. Бабаны полицейлердің іздеп, базарды шарлағанын Махамбет келесі күні-ақ базар бастығынан естіді. Оны далаға шығармай, 3-4 күн үйінде ұстап, керек-жарағын Махамбеттің өзі базардан алып, түнде әкеліп қайығына мінгізіп, қош айтысып шығарып салған-ды. Баба өзінің тұрағын толық айтып түсіндіріп, жолың түссе, бір келерсің деп ризашылығын білдіріпті.

Енді бір шаруасы сол жігіт тірі болса, кездестіріп, жағдайы көтеріп жатса, Хиуаға жолдас қылып ертіп кету және Сүйінқараға соғып хабарласу ниеті де болды. Махамбет жолда бес күн түнеп, алтыншы күні Орта-еспе деген жерден шығып, Форт-Александровск бекінісіне қарай жағалап жүргенде жүз шақырым жүргеннен кейін купецтердің батағасының үстінен шығады. Ол кездегі батаға деп аталған жер соңынан Долгий аталынды. Қашық емес жердегі Ақтұмсық деген қыстауда Бабаның үйінің бар екендігін естіп, сонда келді. Оның үйіне бір күн түнеп, келе жатқан жағдайларын мәлім етті. Және Бабаға өзінің аты-жөнін өзгертіп айтқызып, жүрісінің жайын білдірмеуді сұрапты. Тіпті, қонақтың Махамбет екенін одан басқа үй іштерінің бірде-бір адамдары білмеулі. Баба орыс купеціне жалданып күн көріп отырған жарлы жігіт екен. Махамбетке бір тоқтысын сойып, қонақ етіп сыйлапты. Махамбет Бабаны оңаша шығарып, жүріс-тұрысын жасырмай ашық айтып, өзімен бірге Хиуаға жолдастасып барып қайтуды білдіргенде, «Сенің сөзіңді мен жерге тастауға тиісті емеспін, бірақ, менде ол жаққа барып қайтатын көліктің реті жоқ болып, қиналып тұрмын» деулі. Махамбет жетектегі Көктарланды көрсеткенде: «Онда қандай сөз бар, айтқаның болады», – деп жолға бірге шығыпты. Бұл әңгімені мен 1954 жылы Гурьев облысы, Маңғыстау ауданының белгілі жыршысы Айтқұл Шаманұлынан жазып алған едім.

Жыршы Айтқұл ақсақал 1962 жылы 75 жасында қайтыс болды. Сол кісі әңгімесінде Мұрат пен Қашағанның қырдың үстіндегі жаз жайлауында отырған Адайдың Сығай деген байының үйінде, 1900 жылдың жазында кездескенін, өзінің жасының он үште болғанын,

Қашағанның қасында еріп жүргенін әңгімелеген. Сонда жиырма күндей Қашаған мен Мұраттың жайлауда отырған қалың елді жырмен сусындатқанын, әңгімелерінің арасында Махамбет туралы Мұрат ақынның көптеген бұрын естілмеген әңгімелерді айтқанын, сол әңгімесінің ішінде Махамбеттің мұздан өтіп Бабаға келгенін әңгімелеп және осындай адамның тірлікте бар-жоғын сұрастырғанын айтып еді.

Сонымен Мұрат айтты деген Айтекеннің әңгімесінде Бабаны жолдас еткен Махамбет Сүйінқараға келіп, екі-үш күн тынығып, алдымыздағы жазғытұры кездесетін болып уәделесіп, кетерінде Сүйінқара Махамбетке бір жылдан бері мінілмей құр жүрген сұр жорға атқа күміс жалатқан ер-тоқымын салып, жетектетіп және өзінің алтын балдақты қылышын сыйлап шығарып салыпты. Сүйекең де Махамбеттің кім екенін ешкімге білдірмеген, «Бескалада тұратын жиен еді» деп хабар таратып жіберулі.

Махамбет пен Баба Хиуаға барып, Қайыпқалимен кездесіп, алдағы жұмыстарымен ақылдасып, наурыз айының аяғында Сам құмынан бергі Адайлар жайлауында Исатайлармен кездесуге сөз байласып, ақпанның аяқ кезінде кейін қайтып, орта жолда айрылысады. Махамбет теңіз жағалап – Жем бетіне қарай, Баба Маңғыстаудың ойына қарай ат бастарын бұрып, қоштасып ажырасады.

Айтқұл ақсақалдың Мұрат ақыннан естідім деген әңгімесінде Махамбет еліне оралып келгенсін жолдағы Баба досының ерекше қасиеттерін жолдастарына айтып келіпті. Баба ауылдан шығарда қайықтың желкемінен істелген сарғыш түсті кенеп қалтасына едәуіршік көлемде тауықтың жұмыртқасының үлкендігіндей жұмыр шақпақ тас салып алғанын көргенмін. Бабаға: «Зілдей кылып бұны не істейсіз?» дегенімде, «бұл – менің қаруым ғой» – деп күлген. Одан басқа салмағы жарты кило шамасындағы қайыстан жіп өткізген балғаның басын да қоржынына салып алды. Сонымен жолға шығып Үстірттің арғы құлауына жақындағанымызда сол жақ қапталымыздан төрт-бес атты адам шыға келіп, бізге қарай көтеріңкі жүріспен беттеп берді. Біз де жүрісті ширатып, көтере жортаққа салдық. Олар біздің алдымызды орағысы келген сыңай танытты. Бұлардың ойын сезіп, біз де аттың басын жібердік. Сол кезде Баба сенің жетегінде ат бар ғой, менің алдымда бол деп, өзі атының басын сәл тежегендей болды. Қуғыншылар да таяп қалған екен. Сол кезде менен сәл кейін келе жатқан Баба Теңбілшұбардың оң қапталына қарай еңкейгендей болып еді, қуғыншылардың алдында келе жатқан қарақасқа атты еңгезердей біреудің оң жағына қисайып қалғанын байқадым. Соның арасында екінші келе жатқаны да Бабаға жақындай беріп,

алдыңғысының жолын куды. Қуғыншылар іркіліп қалды. Тағы да артымыздан қуар деп мен де қойнымдағы шолағымды шығарып едім, олар көрінбей қалды. Біздер ет қызумен көш жерге дейін аттың шабысын ірікпедік. Қарақшылардан құтылған соң Бабадан: «Досым-ау, сен қарақшыларға не істедің?» деп сұрағанымда, ауылдан шығарда сұраған жоқ па едің, сонда мен айтып едім ғой «қаруым» деп, сол қаруымды қолдандым-дағы депті. Мен қайран қалдым: «Сонда қалай ана алып шыққан домалақ таспен ұрдың ба?» деп сұрағанымда, «Әрине, солай, дәл дізесіне ұрсаң, аяғы көпке дейін кіріске кірмейді, қирауы да мүмкін» деді.

Сөйтіп, келе жатқанымызда қасқырдың апанына кездестік және оған жаңадан кірген өте үлкен ізді көрген Баба атынан түсіп, шешіне бастады. Мен түсінбей, не болды дегенімде, «Мына қасқыр өте үлкен, арланы екен, терісі керек болар, сойып алып шығайын» деді. Маған әзілдеп тұрған шығар деген ой келді. Бірақ, олай болмады, күн суық болатын, оған қараған Баба болмады киімін түгел шешіп, қолына кездігін алып, інге кіріп кетті. Өзіне-өзі сенімді адам болды-ау деген оймен біраз күттім. Баба шықпады, көңіліме күдік кіре бастады. Бір кездерде Бабам шықты, қолы қан-қан, ұзындығы кісі бойы қол созымдай көкшуланның терісін тоңып тұрған маған лақтырып жіберіп, «Терім қатып қалар, тез киінейін» деп жылдамдатып киіне бастады. Қарасам, шындығында да, Баба қара терге түсіп тұр екен деп, Махамбет айтыпты дегенді жастау кезімде Исатай-Махамбеттердің қандыкөйлек жолдасы Үбі деген ағамыздан естіп едім деп, Мұрат ақын айтты, – дейді әңгімесінде Айтқұл ақсақал.

Қашекең Мұратқа ертеректе жағадағы қайықшылардың ішінде Баба деген ержүректі адам қасқырдың ініне кіріп, терісін сойып алып шығады деген әңгімені естігенім бар, өзін көргенім жоқ, сол Бабаның өзі болды-ау, бірақ, Махамбеттердің келгенін бірінші рет естіп отырмыз депті. Мұрат ақын сонда: «Ол өте жасырын жүріс қой, елдің білмеуінің орны бар» деп аяқтапты. Шамасы, жазба деректерде кездеспейтін көп әңгімелерді Мұрат ақын айтқан көрінеді, олардың бәрін жіпке тізгендей етіп, Айтқұл ақсақал ойында ұстамапты.

Осы әңгімені жазу үстінде қазірде Форт-Шевченкода тұратын тоқсан алты жастағы Бектеміс Көбеген Балықбайұлы деген ақсақалмен кездесіп, әңгімелескенімізде Баба деген өте ержүрек адамның болғанын, айсыз қараңғы боранда жол тауып жүре беретінін, қасқырды апанына түсіп, тірілей сойып алып шыға беретін көрінеді деп, әкелеріміз әңгімелеп отыратын еді деп растады.

Махамбет Тайсойғандағы Исатайларға оралып, Құдайберген ба-тырды ертіп, Назарларды аралап, Жүсіп Құланұлымен кездесіп, жасак

жинақтап, Шектінің батыры Есет Көтібарұлымен кездесіп, Адайлар мен Кетенің арасын біріктіріп, татуластыруға бағыт ұстайды. Әуелі, Исатай 1838 жылдың наурыз айында Назар ауылында кеңес өткізеді.

Ә. Сарайдың дерегіне сүйенсек, Адайлар мен Кетенің достасулары былайша суреттеледі: Кеңеске Әлімдер – Ақын би, Жүсіп Құланұлы, Байтөре Токпанұлы, Бибатша Қидайұлдары қатынасты деп көрсеткен және Исатай бұл жиында Әлімнің игі жақсыларынан дауды бітістіруге «кепілдік алам» деп жалтақтап именбеді. Керісінше, азуды баса асқындай сөйлеп, Әлімдерді тұқыртып тастады. Ол Әлімге:

– Аға баласысың, кішіге қамқорсың, білгендігің қайда? – деп бастады. – Жерің нулы, сулы, жайылымың шалқар, шабындығың ат сауырын жабады. Ойыл, Қиыл, Қобда, Елек сияқты өзенді, көлді, қалың ну, шүйгінді қонысың бар. Тұнықтан жүзіп ішіп отырсың. Ал, Адайдың халі нешік? Шілдесі ми қайнатқан ыстық, шыңыраудан қауға тартады. Арқырап, сарқырап жатқан өзені жоқ. Кейбірде арамнан әрі де емес, бері де емес, жаңбырдан қалған сары қақтың суымен тамақ жібітеді. Арқаның алпыс саласы жетпегендей, неге апшыдың? Біле білсең, Адай – саған да, маған да қонақ, әсіресе, аға баласы саған қонақ, – депті. Ел іші араздасып, қан төгуден шаршап, шалдыққан еді. Қиын істі киюын тауып, бітіруге окталған Исатайдай аталы ердің сойын көрген соң, «Адайлар бітімге келсе, біз бітісуге барамыз» – деп, уағдаларын береді» деп жазылған.

Исатай Әлімдерден шығып, Адайларға бет түзейді. Махамбет уәде бойынша Қайыпқалиды қарсы алуға кетеді. Исатай азғантай адам болып, Маңғыстаудың ойына, Қаратоқай Беріш Қараұлы Есеттің үйіне түседі. Есет – әрі батыр, әрі жырау болған адам. Исатайды қарсы алып, ел жинап, той есебінде сыйлайды. Сүйінқараны шақырып, екеуін кездестіріп әңгімелестіреді. Сүйінқара Махамбет арқылы Исатайдың жүрісінен толық хабардар болатын. Сол кезде Адайлардың ішіндегі Жарының Назар аулында ас беріліпті. Сүйінқара мен Есет Исатайларды асқа шақырып, бөлек үй тіктіріп, ту бие сойдырып қонақ етеді. Астың соңғы күнінде «айтатын әңгімем бар» деп, Сүйінқара арқылы Адайдың белгілі деген ерлері мен аузы дуалы билерін шақырып, бас қосады.

Бұл оқиғаны Ә. Сарай былай суреттейді: Исатай Сүйінқараға қарап сөз бастайды: «Уа, тобынан торай шалдырмай, елден пұшпақ алдырмай, Адайдың ығына қамсау, желіне қорған болған, батыр аға! Жаумен жағалассак, бір сәрі, ағайынмен жағаласып, тышқаншылаған кәрі бүркіттің кебін кигенің не болғаның? Алшынның үш арқасы саған бөтен бе еді? Әлім – аған, Табын – інің емес пе еді? Айналаға ала көз болғаның қалай? Есігіңе еңкейіп келген құдайы қонақ, ел біріктірем

деп келген елшіде не жазық бар еді? Елшілікке жүрген ара ағайынның жазықсыз қанын шашып, істемегенді істеді тентек ағайындарың. Енді, міне, дұшпаннан емес, өз-өзінен топалаң тиген қойдай қырылып, саның кеміп, атқа мінер азаматың азайып отыр. Өз-өзінді жүндей түткенінді көріп, айналадағы анталаған ашкөз жау «шоқшоқ» деп алақанын ысқылап отырғанын неғып көрмейсіз? Алшының үш баласы бір-бірімен жау болған соң, бұл елде не опа болмақ? Етектен басқан жау аз ба еді? Біздің алысар да жұлысарымыз солар емес пе еді?» – дегенде, Сүйінқара: «Ағалы-інілі екі ел арасының бүлінгені батпайды емес, батады. Іргеміз сөгіліп, бір қапталымыз үнірейіп отыр. Асқынған дауды бітірісем деп ниет түзеп келсең, билікті бердік қолыңа, батыр інім. Жөнін тап та, ағайынды жымдастыр», – депті.

Исатай «олай болса, іс жөнге келді» деп, Кете Қабыл мен Назар Жүсіп Құланұлына: «Әлім ағалығын жасасын, «Үш Бөкенбайға» үй тіктірсін, он күннен соң адай ауылын көшіріп апарып орналастырамын, содан соң «Үш Бөкенбайда» екі жақты жинап, кесікті әңгімемді айтамын», – деп хабар жібереді. Осы кезде Махамбет пен Қайыпқалилар да асқа келді. Қайыпқалиларға да бөлек үй тігіліп, қонағасы берілді. Қайыпқали ол кезде Адайлардың билеуші сұлтаны болып есептелетін. Қайыпқали мен Исатай арасында ескіден келе жатқан араздықтары болатын: Қайыпқали Ішкі Ордада жүргенде Жәңгірге қарсы топ құрып, таққа таласқан. 1929 жылы Ішкі Ордадан Жәңгірдің қоластындағы елді көшіріп, дүрліктіргендердің басшысы осы Қайыпқали еді. Ол кезде Қайыпқалидың жанында Махамбет пен Науша да болған. Сонда Қайыпқали ұсталып, абақтыға жабылған, сол дүрбелеңде Махамбет те Калмыков түрмесіне жатып шыққан. Исатай ол кезде Жәңгірдің оң қолы болып есептелетін. Сондағы жауласудан кейінгі Исатайдың Қайыпқалимен бетпе-бет кездесуі осы еді.

Қайыпқали өзіне арнап тігілген үйде болды. Алыстан келген қонақ деп Исатайға сәлемдеспеді. Және «жолығатын шаруа бар» деп басты-басты адамдарды өзіне тігілген үйге шақырды. Исатай бұған қатты ашуланды. Амалсыздан барды, бірақ, Қайыпқалиға көрісіп, сәлемдеспеді. Өзінің шаруасын айтып болып, Исатайға қарап, «Жәңгірдің сойылын көп соғып едің, ақыр түбінде қашқын болып бізді паналадың ба?» дегендей қисық әңгіме айта бастады. Шыдай алмаған Исатай: «Мен келсем, өз еліме келіп жүрмін, сендердің тұқымдарыңды құртуға шықтым. Саған ұқсап қызымды сартқа беріп, сарттың көтін жалап жүргенім жоқ» деген әңгімелермен екеуі тіресіп қалды. Исатай шыдай алмай: «Сен сатқынның қаныңды ішейін, кәне, шық жекпе-жекке», – деп қаруын алуға сыртқа шығып

кетулі. Исатайдың мінезіне таныс Қайыпқали: «Исеке, кешір, мен шындық жағдайды шыдай алмай айтып қалдым» дегенге тыңдамай, іс насырға шабуға айналыпты. Сүйінқара мен Махамбет Исатайға келіп, «Ашуынды бас, батыр, бір жақсы істі бастап едің, аяқта. Сен де қонақсың, ол да қонақ, келген қонақтарды шабыстырып қоя алмаймыз» деп батырды кідірттіп, Қайыпқалиды шақырып, аяғына жығып, кешірім сұратыпты.

Мамыр айында Исатайлар ел жақсыларын жинап, Кетелердің дайындаған үйлеріне түсіп, Адай-Кете дауларын салиқалы да салмақты кесік жасап, екі жағы да құн төлеместен бір-бірімен жылап көрісті» деген әңгіме Қ. Жұмалиевтің 1936 жылғы «Әдебиет және өнер» журналының 10-11-ші нөмірлеріндегі мақаласында кездеседі.

Исатайдың Жем-Сағыз, Маңғыстау бетіндегі қимылдары, Қайыпқалимен бірігуі – Орынбор Шекара комиссиясына тыңшылар арқылы жетісіп жатты. Патша үкіметі осы кезде тыңшылық қызметпен айналысатын түрлі жүргіншілер мен керуендерді осы бағытқа шұбыртып жібере бастады. Олардан тыс Шонты Жамантайұлы, Батырхан Шахмарданұлы дегендер Исатай-Махамбеттердің әр аяқ басқанын Баймағамбет сұлтанға және тікелей губернатор Перовскийдің өзіне жетістіріп отырды. Исатай-Махамбет бастаған жасақ шілде айының бас кезінде Ойылға келіп жинақталады. Шамасы қарулы көтерісшілер саны үш мың адамнан кем емес делініп көрсетілген. Бұл жиналғандардың көбі Әлім мен Байұлы болатын. Әлімнің Кете тайпасын Құдайберген мен Аламан, Назарларды Жүсіп Құлтанұлы, ал Байұлының Алаша тайпасын Есет батыр бастады. Байбақты Науша батырдың да жасағы болды. Қайыпқали бастаған жасақтың көбі Адай руының азаматтары еді. Бұл көтеріліске қатынасуға тиісті Табын Жоламан батырдың, Есет Көтібарұлының, Асау Барақұлының жасақтары келмей қалды. 25-ші маусымда Ойылға келген Исатай бастаған әскер 10-шы шілдеге дейін қозғалыссыз жатып алды.

Осы жерде Қайыпқали Исатайға айтып, өзін хан сайлатқысы келді. Оған кейбір жасақ бастықтары қарсы болды. Сөйтіп, көтерісшілер арасында келіспеушіліктер туындап жатты. Осындай түсініспеудің әсерінен тағы да Исатай жасақтарының саны азайып қалып еді. Осы кезде зауряд-хорунжий Шустиковты серіктерімен тұтқыннан босату үшін Мұхамбет-Шәріп Аитов Исатай-Махамбеттерге, Қайыпқалиға келіп, одан Есет Көтібарұлының аулына барып, тұтқындарды Махамбеттің араласуымен босаттырады. Аитов сол сапарда Қайыпқали туралы губернаторға жазған хатында оның Хиуаның жарлығын орындауға құштар еместігін, Орынбор губернаторы алдында болып, кешірім сұрағысы келетінін хабарлаған. Осыған

қарағанда, Қайыпқалидың Исатаймен бірігіп, Баймағамбетті шабуға ниетінің жоқ екені байқалады. Осылайша, Исатай он күн «Хан сарайын» қамағандағысы сияқты тағы да уақыт жоғалтып алды.

Исатайлар 11 шілде күні Ақбұлақтағы Баймағамбетті шабуға аттанады. Қайыпқали болса, Исатайларға қосылмай, өз жасағымен бөлініп, қол жинаймын деген сылтаумен Тесіктам деген жерге кетеді. Бұл кезде Геке қарауында екі зеңбірегі бар алты жүздей топты Ақбұлаққа әкеліп орналастырған-ды. Оның үстіне Баймағамбеттің 500 жасағы келіп қосылды. Қорғаныс шептерін жасақтап, қаруларын сайлап күтіп отырғанына да он күндей болған еді.

Осы кезде Исатай-Махамбеттердің соңынан ерткен 500 адамы ғана болды. Олар негізінен іріктелген, бұрынғы соғыстарға қатысқан, ысылған жаужүрек батырлар еді. 12 шілдеде таңертең ерте келе жатқан Қожахметтің шолғыншылар тобы Гекенің Асфандияр Сүйінғалиұлы бастаған күзет тобының үстінен шығып, екі адамын қолға түсіреді, жараланған Асфандияр зорға қашып құтылды. Қолға түскендерден Исатайлар Гекенің толық хабарын біледі. Гекенің қолының іргесіне келіп тұрған Исатай кідірместен алдындағы биік төбеге шыққанда Ақбұлақтың арғы жағындағы орналасқан жау лагері алақандағыдай көрініп тұрды. Төбенің басындағы Исатай бастаған қолды көрген Геке әскерлерін соғыс тәртібіне келтіріп, тез сапка тұрғыза бастады. Исатай төбенің басына біраз тұрып ойға калды. Себебі, өзінің жасағының саны Гекенің әскерлерінің жартысына жетпейтін еді. Және Гекедегі зеңбіректер де жақындатпайтынын түсінді, осы жерден аттарын кейін бұрса аман-есен құтылып кететінін де білді. Өзінің жеңілетінін білгенмен, шегінгісі келмеді. Аттын басын кері бұрса, Гекенің елді аяусыз жазалайтынын, тағы да қуғын, тағы да қашу Исатайдың ыза-сына әбден тиіп болып еді. Тағы да жазықсыз халықты қырғызғысы келмеді. Осы жолы ел үшін қасық қаны қалғанша айқасып, артында өз атына қаңқу сөз ерткісі келмей, адалдықпен шейіт болуға іштей бекініп алды.

Исатай төбеден төмен қарай шоқыта жөнелді, артындағы жасағы да іркілместен өзен жағасына таяп келіп, оқ жаудыра бастады. Геке қорыққаннан граната лақтырды, онысы жетпей өзеннің ортасына жарылып жатты. Шыдамы кеткен Геке зеңбірекпен атқылады. Зеңбіректің оғынан бір-екі сарбаз өлді, бірнеше ат жарақат алып қалды. Исатай жасағын оқ жетпейтін қашықтыққа шегіндіре бастады.

Осы кезде Баймағамбет сұлтанның казак-орысы аралас жасағы шабуылға шықты. Исатайлар қолы кейінірек шегініпкірегенде казак-орыстар қалып, Баймағамбеттің өз қолымен қуып келе жатқандығын көрген Исатай қасындағы алшыс шақты адамымен аттың басын кері

бұрды. Исатайлар сұлтанның жасағының біраз адамын аттан түсірді, кашуға үлгере алмай қалғандарының жансауғалап жылағандарына тимей, Баймағанбеттің өзінің соңына түсті. Аты жүйрік Баймағанбет өзеннен өтіп, лагеріне барып тығылды. Баймағанбеттің жасағымен Исатайға шабуылдаған казак-орыстар қалып қойып, жағадағы бір қоласта жасырынып тұр еді. Күтпеген жерден олар лап қойды. Исатайлардан бөлініп қалған жасақ қайта-қайта атылған зеңбірек оғынан бұларға келіп қосыла алмай қалды. Исатай бастаған топ казак-орыстың қоршауын бұзып өткенде баласы Оспанның шыға алмай қалғанын көріп, Махамбет, Үбі, Исатайлар қайта кіріп, Оспанды алып шығып, ат басын кейін бұрады. Оспан қатты жараланып, атының тізгінін Махамбет ұстап келе жатқан болатын. Осы кезде Исатай Махамбетке: «Маған қарайлама, Оспанды құтқар, мен жауды бөгей тұрайын», – депті. Махамбет Оспанды алып алға озады. Исатай, Үбі, Қожахметтер қуып келе жатқандардың таяп қалғандарын садақпен атып жақындаттырмайды. Сөйтіп, он бес шақырымға дейін осылайша жүріп, Махамбет ұзады-ау деген шамада Исатайлар аттың басын жібереді.

Исатайдың сытылып кетуге айналғанын байқап, казак-орыс Зеленин жата қалып Исатайдың атын атып тигізеді. Аты жараланған Исатайды Үбі мен Қожахмет өз аттарымен алып кеткісі келгенде, Исатай: «Мен енді қашпаймын, жастығымды алып өлемін, шұғыл өздеріңіз құтылып кетіңіздер. Артта қалған елге де азамат керек» дегенде, Үбі еңіреп кеткісі келмеген екен, Исатай қатты ақырып: «Кет деп тұрмын ғой. Соңғы сөзімді тыңдасайшы», – дегенсін барып «хош» деп жүріп кетіпті, осы кезде Исатайдың аты жығылады. Исатай екі қолына екі алтыатарын ұстап келіп, қалған жауды ата бастайды, оқ таусылғанын қылышпен ұрыс салады. Осы кезде артынан келіп, Көбен деген біреу жармасады, басынан асырып лақтырғанда дулығасы түсіп қалады. Осыны пайдаланған казак Богатырев қылышпен Исатайдың басына ұрып, жығады. Талып жатқан Исатайды Сүтбай және Жапар атты сатылғандар көтеріп ұстап тұрады да, Богатырев мойнына мылтықты тақап тұрып атып өлтіреді. Осылайша Исатай 1938 жылы 12-ші шілдеде Ақбұлақтан оншақты шақырым жердегі Шейітсай деген жерде шейіт болады. Артында аты өлмейтін із қалдырған қазақ халқының аяулы батыры, Махамбеттің ақыреттік досы, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Исатай Тайманұлы дүниеден өтті.

Исатайды өлтіргеннен кейін қуғыншылар аты ақсап келе жатқан Қожахметті де қолға түсірді. Құтылып кеткен Үбі болды. Ақбұлақ шайқасында кейбір деректерде Геке мен Баймағанбет жасағынан 90 адам жараланып, 56 адам өлген, Исатайлар тобынан 37 адамды өлді

деп көрсеткен. Тірілей жау қолына түскендер Қожахмет Өтемісұлы, Құдайберген Елемісұлы, Ботбай Құшақұлы, Бақай Сарыұлы, Байшо-ра Құржанұлы, түркімен Балабек Бекбатыроғылы деп айтылады.

Ақбұлақ соғысында Исатайды өлтіріп, алты батырын қолға түсірген Геке әскерін лагерге жинап, жеңіс тойын тойлап жатқанда Махамбет пен Үбілер қайтып келіп, өліктерді жинастырып, асығыс тау болса да жерлеп, Исатайдың мүрдесін бөлек қойып, басына тас шаншып кетіпті. Сонда «өлгендер саны отыз жеті адам болғанын Үбіден естідім» деген Мұрат ақынның сөзі деп Айтқұл жыршының айтқандары дұрыстыққа келетін сияқты.

Махамбет, Үбілер Исатайды жерлеген күні түнде, жұлдыз шыға Оспан қайтыс болады. Оны да әкесі Исатайдың қасына жерлепті. Оспанның жарақаты ауыр еді, сыртқа ағып жатқан қан киіз түтетіп тоқтатқанмен, ішке кетіп көз жұмды делінеді. Махамбет Исатай мен Оспанға арнап Құран оқып болып, үнсіз отырып қалады. Бір кезде боздаған аруананың даусындай үн шығарған Махамбет:

*Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Арызым айтсам, өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау –
Саған да менің арманым, –*

деп толғай жөнеледі.

Бұл атақты «Тарланым» еді. Үбілер Махамбетті қолтықтап атына мінгізіп, енді бұл жерден аулақтамасақ болмас деп, жүріп кетеді. Махамбеттің қасында – Үбі, Әлмен, Исатайдың ұлы Досмағанбет, өзінің інісі Хасен, т.б. оншақты адам ғана қалып еді. Осы бір кездерде Үбі мен Әлмен, Махамбетке «Енді не істейміз, қай жаққа бағыттаймыз?» дегенде, өзі де ойланып, бір шешімге келе алмай отырған Махамбет «Қарағай шаптым шандоздап», «Көшер еді-ау біздің ел», «Қақақулап шақырмай» толғауларын шығарды деп Ә. Сарайдың тарихи дерегінде (338-339-бб.) көрсетілген.

Махамбеттің ендігі тоқтамы – орыстардың көп аяғы жете бермейтін шет жақтарға кетіп, аз да болса паналай тұрғысы келді. Адай арасына кеткенді дұрыс көрді. Жолда Жемнің шығысында отырған Беріштердің біріне Досмағанбет Исатайұлын аманатқа тапсырып, өзі ары қарай жүріп кетеді. Үбі де Адайларға бармай өзінің елінде қалуға бел байлады. Махамбет те оның елдің ішінде қалғанын дұрыс көрді. Үбі ол кездерде отыздың ішіндегі жас жігіт болатын. Махамбет оған елдегі бала-шағасына қамқор болуды тапсырып және Баймағамбетке тіке барып, кешірім сұрап достасуды, сөйтіп, сенімді адамы болып

алуды тапсырады. Бұл тапсырмасының да мәнін түсіндірді. Махамбет інісі Хасен мен Әлмен Тоғайұлын және Адай Досақанның інісі Көшек бастаған төрт-бес адамды ертіп Қарақұмдағы Адай ауылдарына келіп он күндей тыныстап, одан әрі қасына Әлмен мен інісі Хасенді және Адай Құнанорыс Жарасқанды ертіп Хиуа асып кетеді. Осы Хиуа жолында Махамбет «Арғымаққа оқ тиді» толғауын шығарған. Онда:

*Арғымаққа оқ тиді –
Ауыз омыртқаның түбінен.
Ер жігітке оқ тиді –
Қыл мықынның түбінен.
Жантайып жатып көп іштім
Жаздықтың шалшық көлінен.
Қайтейін енді, дүние-ай,
Жағдайсыз кетіп барамын –
Қасымда көмектің кемінен, –*

деп өзінің тарыққан күнін суреттеген.



V тарау

МАХАМБЕТТИҢ ОРАЛУЫ

Махамбет Хиуадан 1839 жылдың бас кезінде оралды. Назарлар аулында болады. Сол жылдың жазғытұрынан бастап түрлі экспедициялар көбейді. Олар орыстардың Хиуа жорығына дайындық жасап, жорық жолдарын белгілеу үшін жүргендер еді. Жөн сұрағандарға «Орынбор-Хиуа жолын зерттейміз» деп геологиялық жұмыстармен айналысатын адамдар екендігін айтады. Осыған қоса Ембі, Ақбұлақ қамалдары салына бастады. Ол кезде Махамбет Ақбұлақ пен Ембінің арасында жалғыз үй отырған еді.

Ойда жоқта Махамбеттің үйіне артынып-тартынып, Мұхамбет-Шәріп Айтов келді. Көптен таныс, бір-біріне қастық жасамаған, дос болып кеткен Мұхамбеттен жата-жастана жатып, Махамбет көп хабарды естіді. Мұхамбет Махамбетке бір түйеге артқан ұн, шекер, май, киім, сіріңке, керосин, тұзға дейін алып келіпті.

Махамбеттің үйінде екі-үш күн жатқан Мұхамбет оны Хиуаға барып, барлау жұмысын жүргізіп келуге жұмсайды. Бұл Махамбеттің жамбасынан шығу шығып, атқа отыра алмай жүрген кезі болатын. Мұхамбет жалынып қоймағасын інісі Хасенді Хиуаға жүргізеді. Мұхамбет Хасенге негізгі орындауға тиісті тапсырмасын түсіндіреді. Махамбет Хиуаға қарсы жорық басталатынын Мұхамбеттен естіп біледі.

1839 жылғы қыс ерте түскен болатын. Осы кезде Орынбор әскери губернаторы генерал-адъютант Перовскийдің өзі бастап Хиуаға жорыққа шығады. Қасына 300-дей адамымен Баймағамбет Айшуақұлын қосып алды. Оның негізгі міндеті – әскерді жолшыбай көлікпен қамтасыз ету еді. Әскерлердің қалған көші Ембі мен Ақбұлаққа келіп шоғырланды. Және Каспий теңізі арқылы Форт-Александровскіден шығарылған соғыс қару-жарақтарын Ақбұлаққа жетістіру жұмысы да жүріп жатты.

Қыстың қаттылығынан Хиуа жорығы іске аспай, көптеген солдаттар үсіп өліп, Перовский әскерін Орынборға жолы болмай қайта оралтады.

Махамбет өзінің жолым үйін көшіріп, Ақбұлаққа жақындатты. Оның себебі, Геке сол кезде Ақбұлақта болатын. Махамбет қалайда

кек алуды көздеп, Гекенің жолын тосып, өлтіруді ойластырды. Қанша торығанмен ретін келтіре алмады. Ақбұлақта толған қарулы әскер тұрды. Ол кезде де опасыздар аз болмаған ғой, Гекеге Махамбеттердің өзін өлтіру үшін торуылдап жүрген хабарын жеткізеді.

Геке шұғыл түрде Махамбетті ұстауға зеңбірек сүйреткен қарулы топты шығарып, «Махамбеттің жатыр» деген аулын барып қоршап, он жолдасын қолға түсіреді. Бірақ, Махамбет ол жерде болмай шығады.

Махамбет қасындағы Бердібек, Жолды деген Адай жігіттерінің айтуымен, Борсыққұм деген жердегі экспедицияға келіп, Россияның География қоғамының хатшысы, ғалым Е.П. Ковалевскиймен кездесіп, өзінің өмірін мүдірместен орыс тілінде айтып шығуы және әңгімесінің өткірлігі, шешен сөйлейтіндігі экспедиция бастықтарын таң қалдырады. Экспедицияны төте және суы бар жерлермен Хиуа жолына бағыттатып жіберіп, өзі ешкімге білінбей қалып қояды.

Махамбет қыс түсе 200-дей жасақ жинап, Ішкі Ордадағы қалған өздерінің жауларынан өшін ала бастайды. Махамбеттің жасақтарының адамдары генерал Жемчужниковтың бір топ байланысшыларын қолға түсіріп, әкелген жерінен оларды Махамбет босаттырып жібереді.

Өткен жылда өзін ұстауға құлшыныс көрсеткен ағайыны Балқынның туысы Мұнайұлының отыз бес жылқысын қуып алады. Тағы да басқа би-сұлтандарға тиісе бастайды. Жәңгір хан осы жағдайды Перовскийге хабарлайды.

1841 жылдың қаңтарында Перовский Орал казак-орыс әскерінің атаманы Кожевников пен Баймағамбетке Махамбетті ұстауға шұғыл тапсырма береді.

Махамбет 1841 жылы 7 наурыз күні Қаратоқай Беріш Тілекұлұлының үйінде түнде ұйықтап жатқан жерінде қолға түседі. Қасындағы жолдастары басқа үйде түнеп жатқандықтан, Сары бастаған 6-7 адам қашып, қолға түспей кетеді. Сөйтіп, Махамбетті наурыз айының ортасында Орынбордың Ордоностауз түрмесінен бір-ақ шығарады.

Махамбетті полковник Кизирицкий тергейді. Махамбет өзінің жауабында көтеріліске қатынасқанын, бірақ ел тонаумен, кісі өлтіру, ұрлық жасаумен айналыспағанын, казак даласындағы кіріптарлыққа ұшыраған орыс адамдарына үнемі көмек беріп отырғанын, хорунжий Шустиковты құтқарысқанын, Ковалевский экспедициясына жол көрсеткенін, генерал Жемчужниковтың байланысшыларын босатып жібергенін, Айтовтың тапсырмасын орындап, туған інісі Хасенді Хиуаға тыңшылыққа жібергенін, сөйтіп, орыс үкіметіне көмек тигізгенін айтады.

Мұхамбет-Шәріп Айтов әскери соттын тергеу бөлімінде Махамбеттің айтқандарын толық растап, жазба мәлімдеме түсіріп, қуаттай-

ды. Сөйтіп, Махамбет Айтовтың куәлігінің арқасында ауыр жазадан құтылады.

1841 жылдың 24 маусымында әскери соттың шешімімен «Кіші Жүздің Орта бөліміне – Арыстан Жантөреұлының бақылауында шет аймақтарда ұсталынсын» деп жер аударарды. Махамбеттің жеңіл жаза алғандығын естіген Жәңгір ханға үрей туа бастады. 1842 жылы Шекара комиссиясына Махамбеттің қылмыстарын тізіп, тұтқындап, жер аударуды талап етіп арыз түсіреді. Шекара комиссиясы соттың шешімі шығарылып кеткендіктен, істі қайта қаратуды дұрыс деп таппады. Махамбет қазіргі Ақтөбе және Маңғыстау облысының арасындағы Матайқұмы деген жерге жер аударылып, екі жылдай уақытын сол жерде өткізеді. Қасында ерген жолдас жоқ, танитын дос-жарандарын сағынып:

*«Атай да, Матай екі құм,
Шауып келсем басыңа,
Көзім түсер елім жоқ.
Елім, күнім – екі атым,
Еңіреп келсем, тілің жоқ», –*

деп келетін, сол сияқты «Жалғыздық», «Қызғыш құс», т.б. жырларын шығарса керек.

Махамбет Матайдан 1843 жылдың наурыз айының аяқ кездерінде өзінің Қалдығайтыдағы нағашыларының ішіне келеді. Нағашылары Сарбөпе, Сатай, Сатыбалды, Қаратайлар Махамбетке үй тігіп, алдына мал салып, төркінінің қолындағы Ұлтуған мен Нұрсұлтанды алдыртады. Сатай Кенжеғараұлы деген нағашысы өзінің қызын сүйек жаңғыртам деп кіші әйелдікке Махамбетке береді. Махамбеттің тұрмыс жағдайы біршама түзеліп қалады. Осы кезде Ішкі Ордадағы өзімен бірге көтеріліске қатынасқан ел ішіндегі азаматтар Махамбетке жиі келіп, хабарласа бастайды. Махамбетке арқа тұтқандар немесе Махамбеттің өзінің тапсырмасы болды ма кейбір старшындар мен билердің малдарын барымталап, қуып келгендер де болып жатты.

Баймағамбет бұл қозғалыстарды Махамбеттен көрді. Осы кезде Алаша ауылының да Сарбөпе бастаған батырлары бас көтере бастады. Елге аузын батырып жүрген старшындар мен билерді сабап, малдарын айдап алып жатқан жағдайлар да кездесті. Дәл осы мезгілде Орынбор Шекара комиссиясы, Ресей үкіметінің шығарған «Орынбор казактарын басқару» туралы ережесіне сай, қазақ балаларын мектеп ашып оқытатын болды деген хабар шықты. Шынында, ол мектепке орыс басшыларына адал қызмет ететін сұлтандар мен байлардың баласы алынатын еді. «Мектеп ашылады» деген хабармен Махам-

бет Нұрсұлтанын оқытқысы келіп, Орынборға әкеліп, 1845 жылдың ақпан айының басында баласын оқуға алуды сұрап, өтінішін береді. Шекара комиссиясы оқу әзір басталған жоқ дегеніне қарамай, Махамбет оқу ісімен айналысатын чиновниктерге жиі барып, көзге түсіп қалады. Оның бұрын сотталып, жер аударылғаны белгілі болып, Орынборға ұрықсатсыз келгені әңгімеленіп, оған тез кетуді талап етеді. Нұрсұлтанды оқуға алу үшін Шекара комиссиясы Орынбор губернаторы В.А. Обручевтен рұқсат сұрайды. Губернатор Өтемісұлы туралы Баймағамбеттен жазба мәлімдеме сұрайды. Баймағамбет Махамбетті жақсы адам деп қайдан айтсын!?

«Қазақтар арасында үнемі зиянын тигізіп жүретін бүлікші адам, қазірде Қалдығайты өзені деген жерде тұрады, бұрынғы Ішкі Ордадағы көтеріліске қатынасып, артынан кешірім жасалынғандар сол Махамбет төңірегіне топтасып, елдің малын барымталап алумен айналыса бастады және олардың қасында Сатыбалды, Қаратай Кенжеғараулдары деген қорғаушылары да бар», – деп хабарлайды. Оның соңынан 1845 жылы 7 шілдеде Баймағанбет кейбір Алашаның рубасыларына соңынан қалмай жүріп қол қойдырып, Махамбетті ұры деп, қарақшылармен байланысып, елдің шырқын бұзып отыр деп, жер аудартуды сұрап, Шекара комиссиясына мәлімет жөнелтті. Махамбет бұл хабарды естіді. Орынбордағы Нұрсұлтанды інісі Хасенді жіберіп алдыртты.

Осы кезде, 1845 жылдың 11 тамызында Жәңгір хан қайтыс болып, Шекара комиссиясы Махамбеттің ісін кідіртеп тастады. Кейіннен, Шекара комиссиясы Махамбетті «тез жеткіз» деп Баймағамбетке тапсырма берді. Баймағамбет түрлі сылтаулар айтып Махамбетті ұстамады. Әрине, ұстамайын деген жоқ, қорықты, әсіресе, Алаша ауылдарынан қаймықты. Махамбет әрі нағашылары, әрі қайын жұрты Алаша ауылдарына зиянын тигізетінін білді. Сондықтан да 1846 жылдың жаз ортасы ауған кезде Қараойға келіп, жалғыз үй қонды.

Көп ұзамай, өздерінің келісімі бойынша бажасы Асаубайға Индер жеріне көшетін болып шешкен-ді. Осы тұста Махамбеттің жанындай жақсы көретін жолдасы, қасында ерткен 2-3 адамы бар Үбі келеді. Бұл әңгіме де Айтқұл жыршының «Мұрат айтты» деген әңгімесінің ішінде кездеседі. Шынында да, Махамбеттің елге оралғанын естіген Үбінің онымен кездеспеуі мүмкін емес. Бұл әңгіме де шындыққа келеді деп ойлаймыз.

Исатай өліп, өзі Хиуаға кеткенде ел шетіне дейін еріп шығарып салғаннан бері Үбіні көрмеп еді. Үбі елге келгенсін көтеріліске қатынасқандарға кешірім берілуіне байланысты бостандыққа шы-

ғып аман қалып, өз шаруасымен айналысқан. Үбі өзін қазір Жәңгір ханмен де, Баймағамбетпен де сырт кетісіп жүрмегендігін айтады. Махамбеттің хабарын естіп және Баймағамбеттің Махамбетке тісін қайрап жүргенін де білгендіктен, ақылдасып, шамасы келсе екеуін кездестіріп татуластыруды ойлап келіп еді. Осы кезде Баймағамбет те Махамбетті өзіне шақыртып, Махамбет оған бармай жүрген. Үбі Махамбетті ертіп, Алаша ауылдарына келіп, Сарыбөпе, Сатай, Сарытайларға жүрістерінің жайын айтып, Баймағамбетке бірге баруды жөн көреді.

Сөйтіп, бес адам болып Баймағамбеттің Ордасына ат басын тірейді. Баймағамбеттің қасында алты-жеті би-төрелер отырған. Баймағамбет ордаға келген адамдарға орын көрсетіп отырғызады да, Махамбетке «отыр» деп те айтпайды. Махамбет шалт қимылдап, Баймағамбеттің оң жағына барып, сарта жүгініп отыра кетеді. Үстіндегі жібек шапанының етегінен жалаң қылыштың ұшы көрініп тұрады. Баймағамбет Үбі мен Алаша ауылының азаматтарымен амандасып болып: «Сен қашқын, қалай келіп отырсың? Сені Шекара комиссиясы тез жетістір деп маған тапсырма берді, мен сені шақырып алдыра алмай отыр едім ғой, кәне, не айтқың келеді?» – депті.

Сонда Махамбет:

*Еділ мен Жайық – жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға.
Жағасы қорған жсай еді-ау...
Жай қоныстан айрылып,
Мен бір қаңғырып жүрген қарашың.
Қайта-қайта шақыртып,
Менде қандай ауыр ақың бар еді..., –*

деген өлеңінен соң іле:

*Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарында
Басушы едім құлаштай.
Жәбір беріп жала етсең,
Былғанған басым ласқа-ай.
Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім,
Шабуымды таппай кетілдім,
Қайрасаң тағы жетілдім.
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетіңді-ай.
Есігіңнің алдына*

*Ұрмай, соқпай келтірген
Арманың бар ма, Құдайға?*

Мынау Махамбет сынды жетімді-ай, –

дегенде, Баймағамбет: «Сарнама, сенің осы тіліңнен елдің дүрліккені. Тайманның қарақшысын да айдап салып ажалына жетіп едің. Енді мына Алашалардың елірмесін ертіпсің, өзіннің де, мыналардың да көздері жойылады. Егер ешкімге зияныңды тигізбей кеткің келсе, қазір өз еркіңмен Орынборға жүресің, болмаса қолыңды кісендеп айдатып апарамын», – депті. Сонда Махамбет ақырып, қойнына байлап келген алмасын суырып алып, Баймағамбетке карап:

*Ханның киген кіреуке
Үстіме кисем деп едім.
Қанікейдей көріктіңді
Қалыңсыз құшсам деп едім.
Тінікейдей тектіңді
Ителгі көзін төңкертіп,
Күшіктей даусын кыңсытып,
Аш күзендей белін бүгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат көтіне үңілтіп,
Артыма салсам деп едім.
Тілекті Тәңірі бермеді,
Өздерінде хандарды
Осылай бір қылсам деп едім, – дейді.*

«Ойпырм-ай, арманың көп екен ғой», – деп мысқылдап Баймағамбет күлген болыпты. Сонда Махамбет:

*Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдысқан –
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп, жең болмас.
Хан баласы ақсүйек,
Байеке сұлтан, сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем, –*

деп Махамбет алмасын суырғансын. жұрт қозғалақтап қалыпты.

Сонда Баймағамбет:

«Бұлай айтпаса, Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем, мен хан болам ба?» – депті. Махамбеттің бас кесуге шақ қалып тұрған сұсы басып, ордадағылардың өре тұра келуге шамалары келмеген. Оның үстіне Махамбетпен бірге келген Алаша батырлары мен Үбілердің нағыз жем-жемге келгенде Махамбет жағында болатынын сезген Баймағамбет аңқау батырды астына көпшік қоймаса, өзіне қауіптің төнгендігін біліп, өтірік алдарқатқаны белгілі. Қажым Жұмалиевтың 1937 жылғы «Әдебиет майданы» атты журналдың 8-7-сандарында жарық көрген «Махамбеттің ерлігі» атты мақаласында: «Егер де шамданып, әрекет жасағысы келетіндей қимыл сезілсе, түгелдей жайратып салайын деп дайындалып барып едім», – деп Махамбет айтыпты» делінген.



VI тарау

ҚАРАЛЫ КҮН

Махамбет орданың есігін жұлқып ашып сыртқа шыққанда Үбі де, Алаша ауылының адамдары да Баймағамбетпен қоштаспастан ере шығады. Махамбетке еріп, Қараойға келген Үбілер Қараойда енді мұнда отыра беруге болмайтынын айтып, Үбі оны өзінің ауылына көшіріп әкеткісі келеді. Махамбет оған келіспейді. «Баймағамбет есебін тауып сенің көзіңді құртудың айласын қарастырады, қайда барсаң да елдің ішіне көш» деп Үбі қоштасып, жүріп кетеді.

1846 жылы 19 қазан күні Махамбеттің үйіне Жаңбыр Боздақұлы, Төрежан Тұрымұлы, Тама руының старшыны заурад-хорунжий Ықылас Тілеуұлы, Жүсіп Өтемісұлы мен Мұса Нұралыұлдары бастаған он бес-жиырма адам екі топ болып келеді. «Жоғалған жылқы іздеп жүрміз» деп аттарын тұсап, жайылысқа жіберіп, Махамбеттің үйіне келіп, дастарқан үстінде Ықылас бастап Махамбетке жарма-сады. Батырдың өлімін Тәкен Әлімқұлов өзінің «Қараой» деп аталатын шығармасында былай суреттейді:

«Молдас құрып отырған Махамбет жығылмады. Бір тізерлеп түрегеле беріп, басымен Ықыласты бұқаша сүзіп жіберді. Ықылас: «Ах», – деп, аузын басып қалды. Осы уақытта Махамбетке төрт адам жабылып үлгерген. Екеуі екі қолын қайыра бастады. Махамбет құрыққа ілінген құландай: «Бала-шағадан аулақ», – деп жанұшыра бұлқынып, табалдырыққа сүрініп екпетінен құлайды».

Қаншама жанның аяғы аттағаны белгісіз көне табалдырықтың алдында опыр-топыр басталды. Махамбет жауған жұдырықты елемей, бар күшін жиып, екпеттей күжірейіп, жендеттерді сауырдан тебе берді. Олар қайта жармасып, шықшыттап, батырдың тынысын тарылтуға күш салды. Махамбеттің теңдессіз үлкен жүрегі тынымсыз дүрсіл қағумен болды. Жаралы арыстанның ыңыранғанындай, тұншыққан домалақ дүрсілден Ықыластың үрейі ұшты. Ол қазандықтың қасында жатқан тоқпақпен Махамбеттің басына ұрды. Махамбет ақтық рет: «Әуес...» – деп, сылқ түсіп, сұлап қалды.

Жендеттің бірі Махамбеттің қатын-баласын сыртқа шығармай, кара қанжармен жасқап тұрған. Әкесінің ақтық арызын естігенде, Нұрсұлтан оқ жыландай атылып, жараланып қалды. Махамбеттің үй-іші ұлардай шулап жатты.

Махамбет тілге келмей кетті. Бірақ, талайға шейін жүрегі дүрсілдеп, миы шықылдап, бүкіл өмірін көз алдынан өткізіп жатты. Ақырғы үні «Әуес» болса, ақырғы ойы «қайран, халқым!» деген екі сөзге сайды. Жантәсілім қыларда қанталаған қой көзін кең ашты. Жарық дүниемен қоштасып, Қараоймен арыздасты. Ұзақ жолдың түйіні қысқа екенін бірінші рет біліп бара жатты. Жаңабергендер шідерлі аттарына келе жатты. Түстері өрт сөндіргендей әлем тапырақ. Тісі опырылып қалған Ықылас маңқадай мыңқылдап: «Жақа, боталы түйені сіз жетектеңіз», – деп еді. Не істегенін енді сезінгендей, тұлданып, түнеріп келе жатқан би шұбар тарландай тулады: «Бүлінгеннен бүлдіргі алман, менің ісім бітті». Махамбеттің атын Ықылас мінгенде Жаңаберген және ашу шақырды: «Е, немене, қолыңдағы бастың бодауы аздық қыла ма? Жетімектеріне калдырсаң нетті». Ықылас токетерінен бір-ақ қайырды: «Сұлтанның әмірі осылай, би-еке!»: Жаңаберген жым болды. Махамбеттің жүйрік күреңі қарабеттің астында ойнақшып шыға келді. Бағана күйеудей жаяулап келгендер астан желіккен жиендей еркінсіп, білген базыналығын жасап, тасырлата жөнелді.

«Қараойдың қойнауында жалғыз үй жападан-жалғыз қала берді. Әуес күйеуін құшақтап қыздай сыңсыды. Нұрсұлтан етбеттеп еңіреді. Жас бала шырылдап, үй айнала берді. Үй маңынан бота боздады. Өрістен енесі аңырады. Түйе қызыл изенді қыдыра шалуын доғарды. Қараойдың үстінде көң қарға мен қызғыш құс ұшып жүрді. Күн батар шақ еді. Қараой қаралы қызыққа толып, дөңгеленіп бара жатты. Сол күні ай тұтылды» деп аяқталады әйгілі «Қараой» әңгімесі. Иә, Қараой қаралы қайғыдан ішін тартып, үнсіз солықтап, қас қарайып, күннің бетін қызыл мұнар басып, батып бара жатқан еді...

Баймағамбеттің шындығында, Махамбетті ұстап әкелу емес, «Өлтіріп, басын кесіп әкеліндер» деген тапсырмасы, сөйтіп, талтүсте қарабет жандардың қолымен орындалды.

Махамбетті өлтіргендер Баймағамбеттің айла-шарғысы арқасында жазаға тартылмады, жаза түгіл, құнын да ешкім даулап жарытпады.

Үлкен ұлы Нұрсұлтанды Әуес Байнақ аулына апарып, сол жерді сағалап қалады. Нұрсұлтан жетпіс жастай өмір сүреді. Сауғабай, Шәкір, Мырзағали деген балалары болған. Олар Оралдан асып кетіпті. Қазір де тұқымдары сол жақта бар деген әңгімелердің ізі шығып жүр.

Байбақты Бірәлінің қызынан туған Махмұт жастау кезінде өлген. Одан екі қыз бала қалған. Соның бірі – Нұрбике Адайдың Медет тайпасынан Есболай дегенге тұрмысқа шығады. Одан – Байғали ақсақал болды. Байкеңнің Орақ, Мамай атты балалары қазір де Маңғыстауда тұрады. Үйлі-баранды, беделді азаматтардың бірі болып саналады.

VII тарау

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Қазақтан талай батырлар шыққан, бірақ, Махамбет деңгейіне, Махамбет дәрежесіне жете алғаны жоқ. Оның себебі, батырлардың бәрі бірдей ақын болмаған, жауына қарсы қаруын кезегенмен, тілін безей алмаған. Ақындарымыздың бәрі бірдей батыр болмаған. Жауына сырттан тіл безегенмен, көк сүңгісін қолға алып, жауын шанши алмаған. Махамбет қасарысқан жау ортасына қол бастап кіріп, ерліктің үлгісін көрсетіп, шыбын жанын пида етіп айқасып, ақ алма-сымен тіліп түсіп отырған. Махамбет өзгеде жоқ та, өзінде ғана бар құдіретті қасиетімен батырлар тарихында да, ақындар тарихында да, сазгерлер деңгейінде де жарық жұлдыздай жарқырап жанып тұратын қайталанбас дара тұлға.

Махамбетің бойындағы батырлық пен ақындық қасиеттері бір-бірімен ажырамай жымдасып жатуы таңқаларлық құбылыс. Мұндай өте ерекше қайталанбас бейнені тек қазақтан емес, әлем тарихынан кездестірмеген сияқтымыз.

Мысалы, қай елден шыққан ақынның патшасының алдына келіп, бес қаруы бойында қасқиып тұрып:

*Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Дұшпаның келіп табалап,
Достарың сені басқа ұрсын.
Хан емессің ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың, –*

деп айтқанын естіп едіңіздер, не қандай тарихи деректен оқыдыңыз-дар? Бұл – әлем тарихында тұңғыш рет жеке адамның басынан кездескен жағдай немесе асқан көзсіз батырлық!

Соңғы кездерде жаңаша ойлау, жаңаша көзқарас дегенді бір үлкен философиялық ғылыми еңбек етіп, Жәңгірдің жақсылық жақтарын бұрын ешкім білмей, сезбей келгендей жаңалық етіп шығарып жүргендер де бар.

Махамбеттанудың негізін құраған Халел Досмұхамедовтен бас-тап, оны түбегейлі түрде зерттеп, жетілдірген академик Қажым Жұмалиевтың еңбектерінде Жәңгірдің прогрессивтік тұрғыда атқарған қызметтері мақталған жоқ, жағымсыз етіліп көрсетілсе де, айтылмай қалған жоқ. Әрине, тоталитарлық кезеңде Жәңгірдің жақсы жақтарын ешкім жазып көрсете алмады. Бірақ, жазылмаса да халық оны біледі. Ол ешқандай да жаңалыққа жатпайды.

Бөкей хандығы құрылғаннан кейін жоңғарлар мен қалмақтар иеленген өзіміздің туған даламыз – Еділ-Жайық арасын қайтарып алдық. Иесіз жатқан құмайт далаға Орда қаласы салынды. Түйесін қомдап, атын жалдап жүрген көшпелі қазақтар отырықшылыққа айнала бастады. Топырағы сусып, шаңытып жатқан құм жағасына көк шыбықтар шаншылып, орман өсті. Қазақ даласынан тұңғыш қазақша-орысша білім беретін мектеп ашылды. Кітапхана, клуб, мұражай орнап, керуен сарайы салынып, сауда-саттық орындары пайда болды. Осының бәрі еуропаша білім алған, тұңғыш рет қазақтардың ішінен генерал шенін алған қазақ – Жәңгір Бөкейұлының атқарған ісі еді.

Жәңгірдің осылайша атқарған ісіне халықтың сол кездегі де (ескіше), қазіргі кездегі де (жаңаша) көзқарастары бұрыс болған жоқ, дұрыс болды. Халықтың көзқарасы ол кезде басқа, қазір басқа болып шыққан ештеңесі жоқ. Жәңгір әкесі Бөкей Тайманмен анттасып, төс түйістіріп дос болды, оның баласы – Исатай. Бөкеймен қатар өмір сүрген от ауызды, орақ тілді шешен, еліне белгілі би Өтеміс, оның баласы – Махамбет. Исатай да, Махамбет те Жәңгірмен дос болды. Жәңгір – хан болса, Исатай оның ақылды биі, қол бастар батыры, Махамбет оның ордасының сәнін келтірген ақыны, баласына білім берген ұстазы болды. Екеуі де ханның старшыны болып тағайындалды. Исатай да, Махамбет те тұрмыстан кемдік көрген жоқ. Жәңгір олардың қолын қай жағынан да қаққан жоқ. Жәңгірсіз де олардың тұрмыстары жоғары еді. Осылайша сары уыздай ұйып тұрған достық неге бұзылды? Араздықтың жаулыққа, жауласуға бет түзегені қалай?

Исатай мен Махамбеттің Жәңгірмен кетісу себебі – қалың бұқараның киналған жағдайынан еді. Жәңгір хан өзінің төңірегіне, ел билеу жұмысына түгелдей өз ағайындары мен қайын жұртын жинады. Олар халықтың жағдайымен санаспады.

Жәңгір хан еуропалық өнер-білімді бұқара халықтың өмір сүріп отырған деңгейімен санаспастан, үсті-үстіне салық салып, зорлап, жер-жебіріне жеткізіп кедейлендіріп, қарсы шыққанына дүре соғып көндірумен, күшпен енгізді. Жәңгірдің жүргізген аристократтық цивилизаторлық өзгерістері хандықты күшейтіп, орталықтанған үстем

тап өкілдерін көтермеледі. Бір сөзбен айтсақ, Жәңгір хан өзінің барлық қайратын өнер мен білімге, хандық салтанатты көтеруге жұмсаймын деп, елді есінен тандырып, азғантай малымен күнелтіс жасап отырған кедейлерді қайыршылыққа ұшыратты. Сөйтіп, орталықтанған бюрократтар тобын құрып алды. Кейбір жазбалы деректерге қарағанда, Жәңгір дүре соғу жазасын, мемлекеттік алымдардың сорақы түрлерін енгізді. Хан сыбағасы, хан соғымы, тұяқ ақы, қызыл киіз, отыз ауыз, құшыр, пітір сияқты елдің титығына жеткен салықтарды Жәңгір ханның айналасындағы алпауыттар ойлап тауыпты. Өзінің айналасындағы ел билеуге қойған қорқаулары хан қарамағындағы қалың бұқараны жаппай тонаса, тәуір қыз-келіншектерін зорласа, бұл халыққа келген сор емес пе? Әсіресе, ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанов күйеу баласын арқаланып, әбден араны ашылған арсыз алаяқ, сотқар, жебір, жалақор, айдапсалғыш адам еді. Осы секілді басқа да тума-туыскандарының, жақын-жекжаттарының бетін қайтарып тәртіпке шақыру Жәңгірдің қолынан келмеді. Оның себебі – халықты зар еңіретіп күшпен түсірген табыстан өзі де құр алақан емес болатын. Оның үстіне ақылдылығы мен зұлымдығы қатар жатқан, басына конған бақты байқамаған, таққұмар Жәңгір өзінің хан мансабын сақтап қалу мақсатында өз халқына емес, орыс патшасының қазаққа қарсы қару есебінде пайдаланып отырған қазақ орысқа сүйенді.

Қалың бұқараның ханға жауығуына негізгі себеп – осы болды. Әділеттілік пен шындықты жақтаған Исатай, Махамбеттер халықтың жағына шықты.

Россияның билеуші таптарының Жәңгірді оқытып, тәрбиелеп, дала деспотына айналдыруында да көзделген зымияндық мақсаттар жоқ емес еді. Біріншіден, қазақтарды орыстандыру, шоқындырып, дінінен, тілінен бірте-бірте алшақтатып, «қазақ» деген ұлтын ұмыттырып, құл есебінде пайдаланғысы келді. Сондықтан да Россияның үстем тап өкілдері қазақтың өзінің қолымен өз отын көсеттіріп еді. Бұл жағдайды Жәңгір хан да сезді. Бірақ, «хан тағынан» айрылғысы келмеді.

Махамбет пен Жәңгір бір-біріне бетпе-бет келіп кінәласқанда, тіктесе беруге шыдамай, тауы шағылған Жәңгір Махамбетке қарап: «Алдым – жалын, артым – өрт, екі оттың ортасында жүрмін, қайтейін», – депті. Бұл жерде «алдым жалын» деп отырғаны қорлық пен езгіге, зорлыққа қарсы кектенген қалың бұқараның өзіне қарсы көтерілуі болса, артымдағы өрт дегені – ханға билік берген болып, сол арқылы халықты құлдықта ұстаудың арам саясатын жүргізген орыс патшасының іс-әрекеті еді.

Осындай арамзалар басқарған аласапыран заманда хан мен халық арасында қандай ынтымақты достық болуы мүмкін? Болған жоқ, әрине, олар ашық жауласуға көшті. Жәңгірдің жасаған жақсы істері халыққа жасаған сансыз қиянатының көлеңкесінде қалып қойды. Халықтан алған алғысынан қарғысы көп болды. Міне, халық пен ханның арасындағы соғыстың болу себебі осы еді.

Махамбеттің арманы мен алдына қойған мақсаты:

Еділдің бойы – ен тоғай

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім, –

деген толғауынан-ақ көрініп тұр емес пе?! Махамбет жеке бастың камын ойлаған жоқ, ол күйкі тірліктің дәмін татқан жоқ. Оның өмірінің орнында өшпес ерлік, ұмытылмас даңқ қалды, елді өкінткен қасірет қалды. Оның ойлағаны тек қана ел мүддесі болды. Өзінің отбасын ойынан шығарды, ұмытты. Қысқа ғұмырында рахат көрген жоқ. «Тебінгісін терге шірітіп, терлігін майға ерітіп, алты малта ас болып, өзінен туған жас бала – сақалы шығып жат болып» жүргендегі көксемгені – қазағының болашағы, бүгінгі заман тілімен айтсақ, қазақ елінің егемендігі еді.

Махамбеттің барлық арманы да, поэзиясының тақырыбы да, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқының егемендік пен елдікті көксемген ұлт-азаттық майданы деп түсінгеніміз жөн.

Махамбет өлендерінің ерекшелігін көне қазақ поэзиясымен сарындастығынан да көреміз. Аңыз есебінде оқта-текте айтылып келген бағзыдағы «Бұлт болған айды ашқан, мұнар болған күнді ашқан, мұсылман мен кәуірдің арасын бұзып дінді ашқан» Сүйінішұлы Қазтуған мен «Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен; Толғамалы ала балта қолға алып, Топ бастадым өкінбен; Ту құйрығы бір тұтам тұлпар міндім, өкінбен; Туған айдай нұрланып, дулыға кидім, өкінбен; Зерлі орындық үстінде, Ал шымылдық ішінде тұлымшағын төгілтіп, Ару сүйдім, өкінбен» деген Доспанбет пен «Алп, алп басқан, алп басқан, арабы торы өзіңсің; Жазылы алтын, қол кескен – алдаспаным өзіңсің» деп, мақтағанда сый көрсетпегеніне ренжіп: «Еділден аққан сызашық біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді – телегейдей сайқалтып, жарқыраған беренді теңіз етсе, тәңірі етті; жағасына қыршын біткен тал еді – жапырағын жайқалтып терек етсе, тәңірі етті; тебінгінің астынан ала балта суырысып, тепсінісіп келгенде, тең атаның ұлы едің, дәрежеңді артық етсе, тәңір етті» деген Шөлгездердің толғаулары жарыққа шықпаса, Махамбеттің найзағайдай жарық еткен жырларының ескідесі аруақты ұлылардың

жырының жалғасы, соның сарыны, соның жаңарып жетілгені екенін біздер білмеген де болар едік. Махамбеттің көненің көзі екенін, ескі аруақтардың рухынан нәр алғандығын оның толғауларының сарынынан байқаймыз.

Махамбет ақын – дабылды жырдың атасы, оның жырлары дауылпаздың саңқылындай қияннан естіліп, Гималай тауының биік шоқысындай кеудесін көкке тіреп, мен мұңдалап жар салып тұрады. Доспанбет «Айналайын, Ақ Жайық, ат салмай өтер күн қайда?» – деп армандаса, Махамбет: «Ту түбінен ту алған, балдағы алтын құрыш болат, балдағынан қанға малдырған, атқан оғы Еділ-Жайықтан тең өткен» ерді қастерлейді.

Шалкиіз жыраудың «Балпаң, балпаң басқан күн» жыры мен Махамбеттің «Мұнар күні» сарындас, үндес жатыр. Солай болғанмен, Махамбет жауға қарсы аттанған сарбаздарының арманын жырлайды. Ал Шалкиіз ақын «Балпаң, балпаң басқан күн, бай ұлынан асқан күнді» еске салады.

Жиембет жырау «Арқаға қарай көшермін» деп Есім ханға ренжісе, Махамбет «Өзекті жанға бір өлім, Орданды талқан қылып шабармын», «Күндердің күні болғанда, бас кесермін, жасырман» – деп жауының мысын басып тастайды.

Ақтамберді жырау «Қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, қол төңкерер ме екенбіз; жалаулы найза қолға алып, жау қашырар ма екенбіз?» – деп жырлайды. Махамбет керегесін қиратып, отын еткісі келеді, туырлығын кескілеп, тоқым еткісі келеді, тақта отырған хандардың, төрде отырған ханымын қатын еткісі келеді, ханның басын кескісі келеді. Махамбет айдап салма жыр шығарып, үйінде қала бермейді, жауға қарсы қаруын ұстап, халықты өзі бастап шығады, майданға өзі бастап кіреді.

Елге белгілі академик жазушы Зейнолла Қабдолов ағамыз Махамбет туралы: «Әдебиеттің бір үзілмес арқауы «Махаббат» деген мәңгілік тақырып бар, оны жырлауға Махамбеттің мұршасы болмады. Бұған келгенде қолына ұстағаны қалам емес, найза – қалай жырласын? Махамбеттің қызығы – сүйген жар, оның қайда қалғаны белгісіз... «Қосылған жаста арудың Көре алмай кеттім құлашын» деп өкіне бере, ізінше: «Қайтейін, қатын қалса, бай табар, қарындас қалса, жай табар, артымда қалған ақсақал кеңес құрған күн – ақылменен ой табар»; жалғыз-ақ, «кейін қалған жас бала күдер үзіп біздерден, көңілі қашан жай табар?» деген толғауын және Исатайға тоқтам салған жырларынан үзінді келтіре отырып, Махамбетті «өмірдегі – қасіреттің синонимі, өнердегі – қасиеттің символы болды» деп бір сөзбен әділ бағасын берді деген тұжырымға келеміз.

Шындық өлмейді, шындықтан – шынайылық туады, шындықтың туы жығылмайды, шындық түбінде жеңіске жетеді деп әңгімелейді, дана қазақ. Олай болса, Махамбеттің ісі де, сөзі де өлмейді деген тұжырымға келеміз. Махамбеттің батырлық қимылы мен ақындық шығармалары өтірікті бойына дарытпай, халқымен қол ұстасып, тарихи деректерде қалатын ақиқаттың іргесін қалады. Махамбеттің халықтың ойынан қалмай ардақталуы да сол шындықтан таймағандығын, әділеттің жолынан аумағандығынан деп түсінеміз.

Махамбеттің қол бастаған батыр, ел бастаған ақындығымен қатар дарынды сазгер екендігін де әңгімелеген артық болмайды. Махамбеттің өзінің көңіл күйлерімен сарындас хәм өзінің шығарған жалынды жырларын, заман зарын сазға айналдырған күйлерін көреміз. Өзінің досы, әрі ағасы Исатайдан және қанды көйлек, бірі іні, бірі аға болып жүрген жаужүрек достарынан айрылғанда шығарған «Өкініш» күйінен және түрмеге түсіп, торлы терезенің арғы жағында отырғанда шығарған «Шілтерлі терезе» күйлерінен өкінішпен қоса ызаланған арыстанның бұлқынысы естіледі. Нарынды жайлаған елдің басына төнген қара бұлтты көріп, «Қайран, Нарын», Исатайдың астындағы асқан жүйрік Ақтабан атқа арнап «Исатайдың Ақтабаны» немесе өзінің үзенгілес ер жүрек ағалары мен інілеріне арнап шығарған «Тарланым», «Жұмыр-Қылыш», «Жорық» күйлерінің басқа сазгерлердің күйлеріне ұқсамайтын сарындылығы, үнділігі, дауылпаздығы ерекше назар аудартады. Себебі, бұл күйлер айқас алдындағы дабылды елестетеді.

Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев Махамбет туралы: «Дүниеде Махамбеттей адамдардың болғаны – өзінің адам деген нәсілдің бірі екендігінің заңды мақтанышын туғызады. Дүниеде Махамбеттей адамдардың жасауы – топырақ жалаған жауын құрттай жер бауырлаған жебір пенделік пен сұңқардай сұңқылдаған асқар азаматтықтың арасындағы шырқау айырмашылықты айқындай түседі. Ал енді Махамбеттей асыл азамат қанын қиған халықтан туып, Махамбеттей адам құдіреттей аңсаған армандар мен мұраттарға өзінің де мүдделілігінді сезіну өз алдына ғанибет, өз алдына сүйініш», – деп толғанады.

Е. Пугачев, Сырым Датов, Исатай-Махамбет бастаған шаруалардың ұлт-азаттық көтерілісі қалың бұқараның санасын оятты. Халық таптық теңсіздікті таныды. Елді езіп келген хан, сұлтандардың да жеңіліс табатынына, оларды да жоюға болатынына көздерін жеткізді. Иса, Досан, Ерназар, Жанқожа, Есет, Аманкелді, Бекболаттар бастаған үлкен қарсылықтардың пайда болуына мұрындық болды.

Езілген еңбекшінің арман-мүддесін жоқтап, таптық теңсіздікке қарсы, бүкіл адамзат баласының ортақ мұраты үшін айқасқа шыққан Махамбет бір халықтың ғана перзенті, оның озық ойлы жырлары бір халықтың ғана қазынасы болып қалмақ емес. Бүкіл адам баласының асыл мұратын айқындаған күрескер ақынның мұрасын тек қана қазақтыкі емес – бүкіл халықтар игілігі деп түсінсек жөн болады.

Махамбет халық көңіліндегі асыл арманы – еркіндікті, бостандықты, теңдікті, егемендікті аңсады, соның жолында күресті, арманына жете алмағанмен, артына жол қалдырды, өнеге қалдырды, ерліктің, өрліктің, адалдық пен шындықтың ұмытылмас бейнесін қалдырды. «Қатын бала, қара орман, баршасын жауға алдырып, қарулы жатқан жебеге құрсағынан шалдырып» жүргендігі алдына қойған мақсат-мүддесі – елінің ертеңі, нақтысын айтсақ, бүгінгі күніміз – азат Қазақ елінің егемендігі еді.

Міне, он екінші жылға аяқ бастық, Қазақстан – егемен ел, азаттығын алған, өз алдына дербес мемлекет. Бізді орыс патшасының қазақ елін құлдықта ұстау үшін қарауылға қойған екі жүзді қайырсыз ханы билеп отырған жоқ. Өзіміздің ішімізден шыққан, тіл-көзден аман болсын, терең білімді, жаңа заманның ойшылы, қазақтың баласы – Президентіміз бар. Махамбеттің арманы орындалып жатыр. «Еділдің бойы – ең тоғай, ел толтырып жатырмыз, Жағалай жатқан сол елге мал толтырып жатырмыз» деп мақтана алатын дәрежеге келдік.

Тәуелсіздігіміздің жүріп өткен он бір жылына көз қырымызды салып қарасақ, олқылықтарымыздың орны жыл санап толып келеді.

Елбасымыздың кемел ақылдылығы мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында халқымыз достыққа, бауырластыққа, ауызбіршілікке, жаңа бағыт-бағдарға, нақты іс-әрекетке көшті. Айталық, ұлтымыздың әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына, денсаулыққа, әлсіреп қалған ауылдың жағдайына айрықша назар аударылып отыр. Жаңа ғасырдың үшінші жылының табалдырығынан аттағанымызға үш айдың үстіне енді шыға бергенде, Елбасының өз халқын қуантқан Жолдауының жариялануы нұр үстіне нұр болды.

Жолдауда көрсетілген үш сала – «экономикалық өсу», «әлеуметтік даму», «демократияландыру және тиімді басқару» деген түйінді реформалар орындалып, өзге мемлекеттерден көш ілгері шығатынымызға, халқымыздың әлеуметтік жағдайларының қазіргімізден анағұрлым жақсаратындығына сенімімізді молайтты. Расында да, Елбасымыздың көрегендікпен іске асырып жатырған экономикалық саясатының арқасында адам дамуының халықаралық стандарттық деңгейіне жетіп қалатын боламыз деген дәмелену де жоқ емес.

«Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жаңғырып» жатқанын тізбелеменнің өзінде көне дүниеден Бейбарыстың, түп-түқияндағы түркі құндылықтарының туған топырағымызға оралғаны бізді түпкі тегімізге үңілтпей ме?

Немесе, Абай мен Жамбылдың жүз елу жылдық, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтердің жүз жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО арқылы халықаралық деңгейде аталып өтуі халқымызды мерейлендірген жоқ па?

Махамбет Өтемісұлының екі жүз жылдығын тағы да ЮНЕСКО шеңберінде дүниежүзілік дәрежеде өткізілетін болып шешілуі – тікелей Елбасының еңбегі деп білеміз. Өзінің елі бар, елін бастаған Нұрсұлтандай данасы бар Махамбеттің өшпес батырлығы мен ақындығы, сазгерлігі бүгін де егемен елдіктің өшпейтін рухымен осылай астасып жатыр. Махамбет толғауларын тарихымыздың куәсі, өткен заманның арманы, үні, сыры деп түсінеміз.

Махамбетке ертедегі атактары аңызға айналған батырларымыз Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Алпамыс, Қобыландылардың қасиеттері келіп дарыса, қазақ поэзиясының алыптары Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберділердің рухтарының келіп қонақтағанын сезінгендей боламыз. Сол рухтардың жыр керуендерінің Махамбеттен – Абайға, Абайдан – Мағжанға, Мағжанның – Қасымға, Қасымнан – Мұқағалиға келіп тоқтағаны қайран қалдырады.

Енді, ХХІ ғасырдың, жана заманның Сабыр Адай бастаған жас ақындарымыздың жырларынан да Махамбет сарындарының анық естіліп тұрғаны ғажайып нәрсе емес пе?

Махамбеттің толғауларын оқып отырғанымызда «өртке тиген дауылдай өлеңі» өзіне ұксаған Қасым, «күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарған» Мұқағалилар тек қана жазушы ағаларымыз емес, біздердің де ойымызға түседі. Олар да Махамбет бабаларына тартқан асылдар екенін, олардың да отты сөздерін халық жадына сақтайтынын, оларға да ойып орын беріп, еңбектерін зерттеп, мүшелтойларын бүкіл ел болып тойласақ, Махамбеттің рухы тағы да бір риза болар еді-ау деген жүйрік ой көңілімізден кетпейді.

Махамбеттің аңсаған арманы орындалып, оның адамгершілік мұратына әділ баға беріліп жатқан, ешкімге тәуелді болмай өз алдына отау көтеріп отырған, бүкіл әлем таныған басшысы бар қазақ халқы бар жерде Махамбеттің аты да, сөзі де, ерлігі де, тегі де өлмейді.

Махамбеттің батырлығын, ақындығын, оның күйлерін келер ұрпақтарымыз да ғасырлар бойы қастерлеп, мақтан тұтатындығына сеніміміз мол.

МАҚАЛАЛАР
және
БАЯНДАМАЛАР



ЖАРЫ НАЗАРҰЛЫ ШОТАННЫҢ 300 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ

Қымбатты ағайындар!

Халық өзінің ұмытылмас тұлғаларын қаншама тауқымет тартса да естерінен шығарған жоқ. Дүние жаратылып, адамдар билік алғалы Қазақ даласын әрлі-берлі кесе көктей көшіп-қонып жүрген ежелгі жұртымыз талай рет дербес билік орнатып, өз алдына ел болды. Талай рет басқыншылықты басынан өткізіп, шанырағы ортасына түсіп, құрып кетуге айналды.

Қолдарыңыздағы «Бас сардар» деп аталатын кітаптың кіріспе бөлігінде Адай туралы жазылған шежіреге аздап тоқтатылып кеттік. Көшпелі қазақ халқының ішінде Адай тайпасының архивтерде сақталған тасқа таңба басқандай өмір тарихы жазылған дерек жоқ. Шежіре зерттеуді алғаш қолға алған ғалым өздеріңізге белгілі Шоқан Уәлиханов. Ол қазақ шежіресі туралы мақаласында: «Дала мәдениетінде ерекше орын алатын далалық тарихи дәстүрді жан-жақты қарастырып, оның маңыздылығын ашатын шежірелер» – деп көрсетті.

Қазақ халқының шежіресінде қария сөзіне көп ой бөлген ғалымдар В.Н. Татишев (1686-1750), Н.И. Новиков (1744-1818), Н.И. Кармазин (1766-1826) болатын.

Қазақ халқының қария сөзін, эпос-жырын алғаш жазып алуға үлес қосқан – Г.И. Спасский, И.П. Шангин, Г.Ф. Генс. Шежіре дегеніміз кешенді мәндегі феномен. Бір сөзбен айтсақ, көшпелілер тарихының ауызша түрі. Шежірені көшпелілердің ауызша тарихи аңыз, қария сөз үлгісінде жалғасатын тарихи дәстүрі деп түсінген жөн. Өздеріңіз білесіздер, Кіші жүз шежірелерінің де бірнешеуі жарыққа шықты. Соның ішінде Адай шежірелерінің дұрысы осы шығар делінгендерінен салыстырмалы түрде мәліметтер алынды. Кіші жүздің шежірелерін біледі делінген белгілі адамдардың әңгімелерінің, оның қазіргі кездегі жазбалы деректерін оқығанымызда ұлы жобасы келгенмен, ішкі деректері ұйқаспай жатады. Адай шежіресі де сол сияқты. Шежірелердегі оқиғалардың болған мерзімдерін, тарихтағы қалған кейбір жазба деректермен бағырлап жырындады, эностардағы туып-

дайтын жағдайлармен салыстырып отырып қорытынды жасауға тура келеді.

Сол бір кездерде «Жаным – арымның садағасы, арым – халқымның садағасы» деп елін сүйген, жанын шүберекке түйген, небір жүрек жұтқан батырлар, қазақ елінің қай жерлерінде де атқа қонып ерлік істері мен даңқын шығарды. Біздің бүгінгі әңгімеміздің арқауы – Кіші жүз жасағының Бас сардары болған Адай Жары Назарұлы Шотан. Шотанды айту үшін әңгіме хан Әбілқайырға соқпай кету мүмкін емес.

«Москпадағы Сыртқы істер министрлігі жанындағы дипломатиялық істер жөніндегі архивінде» «Қазақ-жоңғар соғыс істері» деген бөліміндегі №11 папкадан көптеген мәліметтер табуға болады.

Сондағы жазбалардың 77-бетінде мынадай жазу бар: «1722 году Хан Младшего Жуза Абулхаир, получив достоверные сведения от своих тайных лазутчиков, проникших на территорию джунгаров, и попавших к нему в плен калмыков, что джунгари собрали армию, насчитывавшую свыше ста тысяч всадников, вооружённую пушками и появившимися новыми огнестрельными ружьями с целью вторжения на казахские земли ранней весной 1723 года.

На основании этого Хан Абулхаир принял на своём совете решение срочно поднять народ своего жуза покинуть родные места и перекочевать зимой 1722 года по льду Сыр-Дарьи, побережью Аральского моря. По его указанию люди Младшего Жуза были размещены по берегам реки Урал и Волги, в Астраханских степях, по берегам Каспийского моря вблизи впадины Мангышлака. Часть этих земель были заселены туркменами ханство Хивы.

Таким образом Хан Абулхаир принял своевременное и смелое решение, как дальновидный политик, и сохранил свой народ от неминуемой войны, порабощения и уничтожения.

Кроме этого Хан Абулхаир часто организовывал большие отряды воинов, которые быстро предвигаясь, наносили время от времени внезапные ощутимые удары джунгаром, нанося урон их армии, срывая их планы вторжения.

Затем Хан Младшего Жуза искал пути сближения с Россией, сильным своим соседом-государством, который мог бы защитить от захвата джунгар».

Осы архивте жоңғармен бастан-аяқ соғысқа қатынасқан қазақ батырларының мынадай тізімі бар: Әбілқайыр хан, Абылай хан, Нұралы хан, Ералы сұлтан, Қабанбай, Бөкенбай, Есет, Есек мерген, Назар, Есболай, Сабытай, Жәнібек, Наурызбай, Атағозы, Ақтамберді, Жәлек, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Күлеке, Жауғаш, Қонай, Дат, Барак, Барак сұлтан, Құлшабек, Жабай, Сырымбет, Тұрсынбай, Нар-

бота, Қожаберген, Елшібек, Сары, Сәңкібай, Мамыт, Молдыбай, Райымбек, Таңсық, Дерпісалы, Шынқожа, Айбас, Жанұзақ, Байғозы, т.т. Өздеріңіз көріп отырғандай Шотан жоңғар соғысына түгелдей қатынасқан батыр.

Сондай-ақ Шотанның атағын Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевтың тарихи жазбаларында да кездестіреміз («Үркер», «Ұйқыдағы арудың оянуы» еңбектерінен табысыздар).

Шотан батырдың шыққан тегі Кіші жүздің ішіндегі Он екі ата Байұлының Адай, оның баласы Келінберді, Келінбердінің баласы Мұнал болып келеді. Мұнал – атағы алты алашқа жайылған батыр, бай, әрі би, әрі мырза адам болыпты. Адайдың өзін немересі Мұналдың шаңырағының астында 115 жасында қайтыс болып, Ташкент қаласының оңтүстігінде 40-45 шақырым жерде жерленген делінеді. Мұналдан Жаулы, Жаулыдан Жары туады. Жарының сегіз баласы болған, олар: Дәулеталы, Мұратбек, Жетімек, Мете, Назар, Базар, Бектеміс, Токтамыс деп аталады.

1722 жылдың көктемінде Әбілқайырдың өткізген жиынында туған жерді уақытша жауға қалдырып, елді аман алып қалуды, ол үшін қыс түсіп мұз қатқасын Сырдан өтіп, малды түгелдей өткізіп, жаз шыға қозғалу мәселесін бірінші болып Назар ұсыныпты.

Әскер жұмысымен айналысуға табын Бөкенбай мен Көкінің Есеті бөлінген.

Әбілқайыр өзінің сөзінде белді бекем буатын мезгілдің келгенін, сондықтан да Еділ мен Жайықтың арасына сұғынып, торғауыт пен башқұртты ығыстыруды нысана етпесе болмайтынын айтып, шешім қабылдапты.

Әбіш Кекілбаев Әбілқайырдың осы сөзін былай суреттейді: «Еділ мен Жайыққа қарай ентелей бергендері жөн. Қазақ пен қалмақ ұстасса, башқұрт пен түркімен аңысын аңдап тыныш тұрады. Өзірге Жем мен Сағыз, Елекке сұғынатын үш арыс ұстап, қалың ойрат жатқан кеуде мен бөксені алты шекті мен жеті руға қалқалатып, ілгері ұмтыла бергеннен басқа жағдай жоқ. Түркімен жақ қанатқа Есенқұл, Назар, Сабытай бастаған адайды, башқұрт жақ қанатқа Бөкенбай бастаған табынды, Есет бастаған тама мен қалған Байұлыны торғауыт ұлыстарына қарай ұмсынта берген дұрыс. Адай мен Табынның тентек-телісіне Самның жәумігі мен Мұғалжардың етегіне көз алартпай тұра тұрындар деп ескертіп қоймаса болмайды», – деп көрсетеді.

Мінекей, Әбілқайыр өзіне қарасты Кіші жүз халқын жұрт аударуға тас түйін даяр етіп қояды.

Айтқандайын, 1723 жылдың ерте көктемінде Сыбан-Раптан жүз мыңның үстінде мұздай қаруланған әскерін қазақ еліне төгіп жіберді. Әбілқайыр қалмақ қолымен Қаратаудың Сұғындық асуында кездеседі.

Осы соғыста Шотан Кіші жүз ханы Әбілқайырдың көзіне өзінің ерекше ерлігімен ілінген болатын. Соғысты алыстан бақылап тұрған Әбілқайыр астында жүйткіген шұбар аты бар, өте жылдам қимылдайтын бір жігіттің қалмақтың ұйыққан ортасына қойып кетіп, жайратып шығып жүргенін көріп және артындағы бес жүздей нөкерінің одан екі елі қалмай жауға үлкен нұқсан келтіріп жапырып бара жатқанына қуанып, қасындағылардан сұрағанда жанында тұрған Мырзатай: «Ол Назар ағаның баласы Шотан ғой, үлкен ұрысқа бірінші кіруі», – деді. Сонда Әбілқайыр: «Бірінші соғысып тұрғаны мынадай болса, бұдан кейінгі соғыстарда аман болса қалмақтарға жіберген Алланың алғышы осы десейші», – деп басын шайқап күліп, ризалығын білдірулі.

Сол соғыста Бөкенбайдың ту сыртынан есік пен төрдей жерден келіп найза ұрғалы жатқан еңгезердей қалмақты байқап қалған Шотан шалт қимылмен қолындағы найзаны одан бұрын атып, найза кеңірдектен шаншылып, өкіріп арт жағында құлап бара жатқан қалмақты енді аңғарған Бөкенбай, найзасын суырып алып жатқан Шотанды көргенде өзін ажалдан арашалаған балаға бірінші рет риза болулы. Сол жерде шатқалға қамап он мыңдай қалмақты біреуін қалдырмай қырған Әбілқайыр қолының ішінде асқан ерлік көрсеткен Шотанды табын Бөкенбайдың ұсынысымен Он екі ата Байұлының «Бас сардары» етіп бекітіпті. Сол жерде Әбілқайыр Шотанды құшақтап тұрып: «Жұлдызың жарқырай берсін, Шотаным», – деп маңдайынан сүйіп, алғысын айтыпты.

Қалмақтың шабуылынан отыз-қырық мыңнан кем емес түтіні бар қалалардың орнында күл араласып құлаған, өртенген үйлердің орны қалды. Тірі мақұлұқтан ештеңе қалған жоқ десек қателеспеспіз. Күшігін ерткен қаншық иттерге дейін өлтірілді. Итаяқтан басқа қолға ілінер зат қалдырмады. Қолға түскен адамдарды түгелдей сапқа тұрғызып, бетіне әжім түскені мен бір тал шашының ағы барларын, екіқабат келіншектерін түгелдей атып кетті. Жас жігіттер мен қыздарды ғана іріктеп алып күң етіп, құл етіп пайдалануға құл базарларына айдады. Осылайша қазақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атты апатқа жолықты. Осы оқиғаны Қазақстанның халық жазушысы, бірнешедеген халықаралық сыйлықтардың иегері Мұхтар Мағауин былайша қорытындылайды: «Сол қазынасы мол, халқы көп Қазақ Ордасының шегінде көк күмбезді Түркістан қамалы, биік Сауран, топырағы май Ташкент бастаған жиырма бес қала бар екен. Алаш

ұлы осы базарлы кенттерінің бәрінен айырылды. Мәуренақырмен күнделікті алыс-берісі қалыптасқан, Иран өтіп, Ауған асатын сауда ошақтары тұншықты. Осы шаһарларда орнығып, қол өнеркәсібін ұстаған экономиканың өз заманына сай тетіктерін игерген кәсіпкерлік тыйылды. Шаруашылыққа қажет бұйымдар өндіру, кілем тоқу, мата тоқу, соғыс жасақтарын жасау – осының бәрінің негізгі ұйтқысы қалада тұрған. Жоңғардың жойқын басқыншылығының нәтижесінде қазақ қалаларындағы кәсіпкер, ұста мен шебер, маман жұмыскер атаулы түгел қырғынға ұшырады, тірі қалғандары іскер құл ретінде жоңғарға тұтқынға кетті, әйтіп-бүйтіп жан сақтағаны, көшпенді жұртпен бірге босқынға ергені машықты мамандығынан жаңылды. Түркістан бастаған жиырма бес қаладан айырылу – Қазақ Ордасының қанатын қырып, өрісін тарылып қана қойған жоқ, оның алдағы замандардағы тіршілік кебін бір жақты – мал шаруашылығымен ғана айналысатын көшпенді кепке түсірді», – дей келіп, – Алаш ұлының рухани мәдениеті орны толмас қазаға ұшырады. Түркістандағы Әзірет Сұлтан дүрбесінен бастап басқа қалалардағы мешіттер қоймасында сақталған бай кітапхана, ондағы діни-фәлсафалық еңбектер, ескі тарихтар мен шежірелер, біз бар деп білмеген тағы қаншама мұра өртке кетті, талан-таражға түсті, жойылды. Біз Қазақ Ордасы құрылған кезден бергі барлық жазба мұрамыздан айырылды. Қалалар қираған кезде жойылған өнер туындылары мен салтанат бұйымдары және басқадай заттық қазыналар өз алдына. Қазақ ұлы сәнді шаһар, дулы базар, сәулетті мешіттер туралы аталарының әңгімесінен ғана жаңа ұрпақ арада отыз жыл өткен соң қайта оралған кешегі сансыз қаланың орнында жетім қабырғалар ғана тұр еді», – депті (Қазақ тарихының әліппесі, 1995 ж., 105-б.).

Осы бір кездері Он екі ата Байұлының Шотан басқарған жасағы Жем бойын жағалай отырған Лекбай тайшының қолын талқандап, бес жүз үймен отырған ауылын шауып, үлкен олжа түсіреді. «Қалмақ қырған» деген атау бұл жерде де қалған. Осымен қатар Шотан ақтабан шұбырынды кезінде башқұрттар иеленіп алған Ырғыз, Елек, Ор, Қарғалы, Қарабұтақ жерлерін қарсылықтарына қарамастан қайтарып алды.

Әбілқайыр бастаған қалын қол 1728 жылдың көктемінде, Сарысудың оңтүстік-батысындағы Бұланты өзенінің жазығында қалмақтың үлкен қолымен кездеседі. Сол кезде қалмақ жағынан шыққан батыр: «Осында Саурық бар ма, батыр болса менімен жекпе-жекке шықсын, егер қорықса, ең мықтысын жіберсін», – деп айқайды салып ортаға шыға келіпті. Атын атап шақырғасын жекпе-жекке шықпай калуға болмайтынын білетін Ұлы жүздің Бас сардары Саурық аты-

нан түсіп, айылын қайта тартып жатқанда Әбілқайыр келіп: «Саурық атыңды атай берсін, ол жоңғар қолының бас сардары емес қой, сіздің орныңыз басқа ғой, басқа жас нояндардың бірі шығар», – деп еді, Саурық: «Көптен бері жекпе-жекке шықпай сағынып қалыппын, құдай бергенін қайтып алмаса желкесін үзіп келейін», – деп атына міне бергені сол еді, қалың қол шу ете түсті. Әбілқайыр да, Саурық та жекпе-жекке шақырған қалмаққа қарай оқша ұшып бара жатқан адам ба, әлде үлкен шұбар жолбарыс па, айырып жатуға болмайтын жылдамдықпен барып өте шыққанда қалмақтың аттан қалай құлағаны байқалмай қалыпты. Қайта оралған бетінде жығылған қалмақтың басын кесіп алып Саурықтың алдына әкеліп тастап, өзі ортаға кіріп көрінбей кетіпті. Жаңағы адамның кім екенін Әбілқайыр ғана танып қалыпты. Ол дулығасының астына ақ жібек орамалмен бетін тұмшалап алған Шотан еді. Таң қалып тұрған Саурыққа қарап Әбілқайыр: «Сәке, кешірім өтінемін, сіздің сыбағанызды рұқсатсыз пайдаланып кеткен біздің бір жас сарбазымыз», – дегенде Саурық: «Ойпырмай, өзі адам ба, мен көмекке келген пірлердің бірі шығар деп едім», – деп күлулі.

Шотан бұл соғыста да Он екі ата Байұлы жасақтарын бастап, қалмақ қолын бөліп қоршап алып, қырып тастаулы. Бұланты соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін барлық әскерді сапқа тұрғызып, алдына Саурық шығып, Шотанды шақырып, құшақтап тұрып: «Өренің өссін, інім, жаудан сағың сынбасын, даңқын арта берсін!», – деп күмістелген ер-тоқымды күрең арғымақты және алтын балдақты алмас қылышты сыйға тартыпты.

Бұлантыдан кейінгі Жайық бойындағы торғауыттармен соғыста Шотан қалмақ батыры Лобжымен жекпе-жекке шыққанда мынадай бір әңгіме ел ауызында қалған:

Шотан жекпе-жекке шығайын деп жатқанда Әбілқайыр Шотанға қарап, жолың болсын деп, қолындағы сабы жуан, өте ұзын найзаны көріп: «Дым ұзын екен, салмағы қандай?», – деп қолын созады. Шотан ат үстінде тұрған Әбілқайырға жақындап келіп найзасын ұстатып еді, әуелі оң қолымен көтеріп барып, екі қолымен ұстады да: «Мынаның салмағы екі пұттан кем емес қой», – деп таңданыс білдіріпті. Әбілқайырдың ауырсынып тұрған найзасын бір қолымен лып еткізіп алады да, шұбардың басын Лобжыға тіктеп алып қоя беріпті. Шұбар ат жиырылып атылғанда әй-пәйға қарамастан, көзді ашып-жұмғанша жаудың қасына жетіп қалғаны байқалады. Аттың жылдамдығына қоса найзаны атқан жылдамдық алдында не тұрса да қирататын еді. Бұл жолы да солай болды. Найзасын оңтайланып тұрған Лобжы саламын дегенше Шотанның найзасының ауыр салмақпен ұшып келіп

кіндіктен соққан соққысынан белі екі бөлініп қалады. Ат үстінде бүк түсіп, Шотан басын алып кетті деп айтылады.

1730 жылы соғыста да Шотан ерекше көзге түседі. Осы соғыстағы қалмақтардың тау шатқалдың ішіне бекініп алып, қазақ қолы жазық далада күннің астына қалған жерде Шотанның ақылымен жауды жеңіп шыққанына сәл тоқтала кетейік. Қалмақтарға тікелей шабуыл жасайын десе, мылтық пен садақтың оғының астында қалып көп шығынға ұшырайтын болып, қазақ жасақтарының басшылары дағдарысқа ұшырайды. Әбілқайыр әскери кеңес шақырып, белгілі-белгілі батырлар айла таба алмай қиналыпты. Барақ сұлтан шабуылмен алмасақ басқа жолы жоқ десе, Әбілқайыр «көп адамды шығынға ұшыратамыз» деп келіспейді.

Батырлардың көбі тіке шабуылдан басқа жол жоқ екенін мойындамайды. Сонда есік жақта отырған Шотан: «Таңертең осы жерден түгелдей көтеріліп кетелік, қалмақтар қала берсін», – депті. Жұрт бұл сөзге күліпті. Ішінде біреулер: «Ауылға барғысы келген ғой, келінді сағынған шығар», – деп жатыпты. Әбілқайыр дауыстап: «Кеткенде қайда бармақсың?» деулі. Шотан орнынан тұрып: «Қайда барушы едік, Ілеге барып қалың қалмақтың елін шаппаймыз ба, біздің Ілеге бет түзегенімізді көргесін мына қалмақтар көлеңкеде жата алмайды, біздің соңымызға еріп жазыққа шықпай ма?» демесі бар ма! Жанағы «Келіншегін сағынып қалған ғой» деген сөзді парықсыздықпен айттып қалған Барақ сұлтанның көзі Шотанға түсіп кетіп еді, оның өткір жанарымен тесіле қарап тұрғанын көріп, жүзін бұрып кетті делінген. Елін шабуға кетіп бара жатқан қазақ қолын соңынан қуып жеткен қалмақтар жазық далада соғыстарын бастады. Қазақ қолы қалмақтарды қирата жеңді. Қалмақтардың тірі қалғаны шаштарын жұлып, анырап жылап қашып бара жатты.

Артынан бұл соғыс «Аңырақай шайқасы» деп аталады.

Осы бір кездерде Әбілқайырдың көңіл күйі жақсы емес еді. Орыс патшайымы Әбілқайырға грамота жіберіп өзінің қарауына алғанымен, елге деген губернаторлар мен оның қол шокпарларының ниеттері жақсара қоймады. Әбілқайырдың «орыс патшасының қол астына кірсем, Еділ-Жайық арасындағы шұрайлы жерлерге қазақ ауылдарын орнастырып, өрістерін кеңітемін» деген ойы іске аспады. Қазақ жеріне салынған бекіністер саны күн санап өсіп келе жатқанын ел жақтырмады. Бір жағынан, қызғаныштан жаулықтың неше түрін ойлап тауып жатқан Әбілмәмбет пен Барақ сияқтылардың іс-әрекеттерінің, екінші жақтан, «Орысқа бағынсақ бізді жарылқайтын дегенің қайда?», – деген жерінен айырылғандардың әңгімелерінен Әбілқайырдың жұртшылық алдында қадірі төмендей берді.

Әбілқайырдың тереңнен ойлайтын ақылдылығы, өзінің еліне жасағысы келіп жүрген жағдайы, халықтың арасында сөзінің өтімділігі губернатор Неплюевке ұнамады. Қазақтың үш жүзінің ішіндегі алауыздықты пайдаланып, Әбілқайырға Баракты айдап салып өлтірткізеді.

Сөйтіп Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1748 жылы Барак сұлтан мен оның баласы Шығай сұлтанның қолдарынан қаза тапты.

Әбілқайыр өлгеннен кейін бір жыл жарымдай мезгіл өткен соң Шотан қасына Алағозыны, Қонайды, Арғынбайды, Айбасты және Нұралы ханның қорғаушысы Салпықты ертіп алып, ханның бәйбішесі Адай қызы Бопайдың тапсырмасымен Қарнақта отырған Барак сұлтанның сақалын күзеп, бас терісін тіліп, Адай таңбасын салып, екі құлағының азандығын тіліп, мөрін, тәжін алып, қара атының жал-құйрығын күзеп, ордасының туырлығын шаңбақтап тіліп, өзіне де, әйеліне де зақым жасамай, апаларының тапсырмасын орындап келулі.

Осы кездерде қалмақтардың ішкі жағдайлары жақсы емес еді. Таққа талас басталып, бірімен бірі жауласып іри бастаған-ды. Осы жағдайды пайдаланып Абылай үш жүздің басын қосып, 1751 жылдан бастап қалмақтарға қарсы соғысын бастаған еді. Осы соғыстардың бәрінде қол бастап Шотан жүрді.

Сол соғыстардың бірінен мысал келтіре кетейік.

1754 жылдың басында Абылай үш жүздің біріккен құрылтайын шақырады. Абылай сөзінде әсіресе жоңғар үшін, қала берді қазақ үшін ең қауіпті жау өзін жарым дүниенің әміршісі деп есептейтін Қытай мемлекеті екенін ашық айтады. Сол кезде қазақ елінің кейбір жерлерін жоңғарлар иемденіп отырған болатын.

Маншың жоңғар жерімен қоса біздің жерімізді де иеленіп алмас бұрын жоңғарлардан өз жерімізді қайтарып алып, түгенделіп отыруды ұсынады. Кеңестің белгілеуі бойынша қазақ қолы мамыр айының ортасында Аягөз өзеніне, Ақшәуліге сөз байласты. Бұл соғыста бес мың қолды бастап Ералы сұлтан мен Шотан келіпті.

Абылай әскер басыларымен жиын өткізіп, жауға үш бағытта аттанатын болады. Кіші жүз жасағымен бірге хан жасағын қосып, Абылайдың өзі жүреді. Соғыс басталғанда Абылай мен Ералы сұлтан азғантай нөкерлерімен биіктеу жерге жерге шығып, соғыстың барысын бақылай бас-тайды.

Шотанның өзі бастаған топтың жоңғарды өртше жайпауы назарды бірден аударады. Әсіресе сіресіп ортасын бермей жүрген жау тобына кіріп, бір қолында шокпары, бір қолында алдаспаны, оңды-солды сілтеп жол ашканы және соңынан бір елі қалмай Шотанның

салған жолын кеңітіп келе жатқан бір мың жарымдай сарбаздарының ерекше қимылы жаудың пәтін басып тастаулы.

Осы көрініске қарап тұрған Абылай Шотанға садақтан атылып жатқан жебелер мен мылтық оқтарының біреуі дарымай, сілтеніп жатқан шоқпар мен айбалтаның біреуі тимей жатқанына таң қалғаны сондай: «Мына Шотан батыр құдіреттің өзі екен ғой, тусаң ту!», – депті. Шотанның оққағарының бар екендігіне, қасиетті батыр екендігіне Абылайдың көзі жетіпті.

Шотанның қолы қалмақтарды тұтастай қоршауға алып, құртып жіберуге айналғанда қалмақтар ақ жалау көтеріп, бас сауғасын сұрапты. Шотан Абылайға қараған екен, Абылай: «Жауды жеңген, сен, билік жеңген адамдікі, сондықтан шешімді өздеріңіз алыңыздар», – деулі. «Егер олай десеніздер, қалмақтардан бұдан былай қазаққа қол көтермейміз деген антын алып, қару-жарақтарын алып, өздеріне екі адамға бір ат-көліктен беріп елдеріне қайтарамыз және елін көшіріп жоңғар қақпасынан әрі кететін болады», – депті. Шотанның керемет ерлігіне және Шотанның қанқұмар еместігіне, үлкен ақылдылығына Абылай іштей разы болулы.

Осы кезде Абылайды ордаға шақырған хабаршы келіп, Ресей мен Қытайдан елшілер келіп жатқаны хабарланады. Абылай қалған шараны Қабанбайға тапсырып тұрып, Кіші жүз қолын бастап келген Ералы сұлтан мен Шотан батырға жаудан түскен олжаның жартысын және қалмақтардан қайтарылған жердің де үштен бірін беруді тапсырады. Қабанбай да өзінің ойында осы мәселенің тұрғанын айтқанда Абылай көңілденіп қалыпты деген сөз бар.

Қабанбай жеңіс тойын өткізеді, тойдың үстінде Ералы мен Шотанға қарап: «Шотан, Ералы, інілерім, сонау қияннан қол бастап келіп қазақ жерін жаудан тазартуда зор үлес қосып, мыңдаған жоңғарды жер жастандырып отырсыздар. Әсіресе, Шотан інім, сені алғаш рет Бұланты шайқасында көріп, көңілім бітіп еді. Содан бері бірнеше шелеген ұрыстарда сенің жүрек жұтқан батырлығыңды көріп келе жатырмын. Кеше Абылай хан сіз туралы Шотан деген адамды құдайдың өзі бір өзін мыңға балап жаратқан екен, оның көңілін қалдырып жүрмеңіздер деп кетті. Сондықтан мына жаудан түскен беті ашылмаған жесірлерден қалағандарыңызды аласыздар және жаудан түскен олжаның қақ жартысы сіздердікі. Оның үстіне мына жаудан қайтарылған ұлан-асыр жерді жеребе салып үшке бөлеміз, өзіңізге бұйырған жерге ие боласыз», – депті.

Жиналып отырғандар: «Дұрыс айттыңыз, Бас сардар, Шотанның қолынан қақпаймыз, қалағанын алсын», – деді. Әсіресе көкжал Барактын: «Шотанның алғаны адал, Шотандай ұлды берген құдайға

рахмет, Орта жүз бен Ұлы жүздің батырлары сенің қолыңнан какпайды», – деп гүрілдеген даусы анық естіліп тұрды. Сол кезде қасында отырған Ералы сұлтан Шотанға қарап: «Нағашыке, сізге сөз сөйлеуге тура келеді, сіз не десеңіз мен соған қосыламын», – деулі. Шотан орнынан тұрып көпшілікке басын иіде, жан-жағына қарап алып: «Бауырларым, ағаларым, інілерім, сіздердің бізге деген ақ ниеттеріңіз бен ақтарылып шыққан ақжарма лебіздеріңізге риза болып тұрмын. Жоңғар бізге ортақ жау емес пе?! Менің қол бастап келіп жоңғарға қарсы соғысқаным неге сіздердің еңбектеріңізден артық болып, артық баға алады. Менің еңбегім сіздердікімен бірдей. Мен үлестің бәрін де сіздермен бірдей алуым керек. Сардар ағам Қабанбай сізге, сіздің ақ ниетіңізге біз тойдық. Жерді үшке бөліп, бір бөлігін тұтастай Кіші жүзге берем деп ағыңнан жарылып айттыңыз. Сізге біз емес, бір құдайдың өзі риза болатын шығар. Бұл жер негізінен Ұлы жүз бен Орта жүздің жері. Өздеріңіз білесіздер, біздің ата қонысымыз Әзіреттің Алатауының жиегі, Шудың бойы, Қазықұрт пен Қаратаудың арасын жайлаған елміз. Қазір Еділ-Жайық, Жем, Сағыз бойын, Мұғаджар тауын жиектеп Аспантай-Матай асып, Сам құмын, одан әрі Айладырға құлап, теңіз жағасына дейін де бойлап қалдық. Кіші жүздегі бауырларыңның жортуылы көп, мына жақтан сірә жоңғарға шапсақ, қала берді хиуалықтар мен түркімендер тұр. Еділ-Жайықтың жағасына жақындасақ, орысың тұр. Біз осыдан елге барып та сіздерге ұқсап шаруамызды жайлап отыра алмаймыз. Түркіменмен достықтан ажырасып, жауласып қалып жатырмыз. Түмен-түмен қол болмағанмен қоныс іздеп бытырап шығып кеткен Он екі ата Байұлының ішіндегі менің елім Адай деген тайпасы, нағыз жәумітпен де, Нәдер шахпен де бетпе-бет келіп, жағамыздан қолы кетпей жауласып жатқан елміз. Суы таңқы, өрісі кең далада бытырап қоныстанған елімді төрт-бес жүз жасакпен келіп бірде Хиуаның сарттары, бірде түркімен ағайынымыз шауып кетеді. Малға жаның ашы-маса да жау қолында кетіп бара жатқан ақ жаулықты ана мен қаракөз қарындасыңды қалай қиып жауға жібересің?! Естіп тұрсам тартына алмаймын. Жаным – арымның садағасы деп қолыма түскен аздықөпті қазақ жігіттерін ертіп жаудан жесірімізді қайтарамыз. Сөйтіп жүргенімізде ежелгі жаудың да хабары осы жақтан келіп қалады. Жаудан босатқан барлық жердің үш бөлігінің бірін бізге ал деп тұрсын, бұныныңды біз мырзалық деп тұрғанымыз жоқ, құдайдың алдында бізге көрсетіп тұрған ырзалық деп түсінеміз, қайталап айтамын, біз де ырзамыз. Бұл жерді жайлаған ата-бабаларымыздың қазіргі үрім-бұтақтары бар шығар, өз жерін өздеріне берген дұрыс», – деп аяқтады.

Жаудан түскен мал-мүліктің тең жартысын Қабанбайдың өзі түгендеп, өз қолымен Шотанның қарсылығына қарамастан Кіші жүздің қолының бір жағына басшылық етіп жүрген Атағозы батырдың қарауына күштеп өткізді.

Осыдан кейін қалмақтың үш сұлуын бірінен соң бірін Қабанбайдың өзі Ералыға, Шотанға, Атағозыға әкеліп білегінен ұстатты. Осы кезде қалың қолдың алдыңғы жағында тұрған Шотанның құрдасы Райымбек дауыстап: «Құрдас, қолыңдағы құсыңды тұғырына қондырмай тұрғанда сауғамды бер», – депті. Шотан алтын шытыра көйлек киген қыздың бетіндегі пердесін ашып жібергенде, бұлттан шыққан ай сияктанып жарқ еткен ақша маңдай мен нәркес көзді көріп Райымбек назарын ұзақ уақыт аудармай қарап қалыпты. «Құрдас болсаң осындай бол!», – деген әңгімелер естіліп жатса керек.

Сол күні Қабанбай Кіші жүздің Ералы мен Шотан бастаған батырларын өз шатырына шақырып қонақ етті. Келесі күні Кіші жүз қолын Қабанбай бастаған Ұлы жүз бен Орта жүз батырлары көш жерге шығарып салыпты.

Әуел баста Сыр бойына кідірістеп, Арал теңізін жағалап, Мұғаджарды иеленген Кіші жүз ауылдары мал басы өсіп, қонысы тарлық еткесін қанатын кеңге жайып, қоныстарын кеңейтуге жұмыстана бастады.

Сөйгіп бірте-бірте Атыраудың Нарын, Тайсойған жерлерін Астраханға дейін, терістік жағындағы Жем, Сағыз, Қобда, Елек, Орынборға дейінгі аймақтарды иеленіп алады. Кейіннен бұл жерлерге қоныстанған адайларды негізінен Тәзіке ауылдары «Жоғарғы адайлар» деп кетіпті.

Адайлардың негізгі тайпалары 1740-41 жылдардың шамасында Доңызтау, Желтау, Қарақұм, Ата-Мата, Самқұмдарын қыстап, Маңғыстауға қарай бағыттаған.

Кіші жүз жайлаған өлкеде өткен тарихи деректерді азды-көпті айтып кеткен ақындардан Абыл, Нұрым, Ақтан, Қалнияз, Қашаған, Мұрат, Аралбай, Сәттіғұл, Сүгірлерден, Айтқұл, Шамығұлдардан қалған әңгімелер бар. Кәрі Маңғыстау талай аузы дуалы билерінің кесімді адал биліктеріне, түмен-түмен қол ертіп, терлігін терге шірітіп, елін қорғаған ерлердің ерліктеріне, малының көптігінен көшкенде жұртына желідегі елу құлынды бие, қырық боталы түйені ұмытып тастап кетіп жүрген байлардың байлықтарына, танды-таңға ұластырып жырлаған жыршыларымызға, олардың әр қилы тағдырларына куә болған өлке.

Осылайша Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның кезінде Маңғыстауға Адай елін бастап келген батырлардың басында да Шотан тұр.

Адай елінің Маңғыстау жеріне алғаш қоныстауын ақын Түмен Балтабасұлының «Маңғыстау» атты дастанында былай деп жырлапты:

*Маңғыстау үш қиянның өткен жері,
Жерленбей жеті жұрттың кеткен жері.
Елеспен есі кеткен иесіз жерді,
Халқымыз Адай мекен еткен жері.
Суы сүт, шөбі шүйгін, бал татид деп,
Төлдейтін төрт түліктің өскен жері.
Бөлініп босқан елден қоныс қарап,
Ел болып ірге қоныс тепкен жері.
Ер Шотан шұбар атты ұстап мініп,
Аға деп Әжібайға бата айтқызып,
Той жасап Адай туын тіккен жері, –*

деп көрсетеді. Сондай-ақ кейбір жазбаларда:

*Жолдасы Есболай мен Есек мерген,
Өңшең батыр қайыспас көпті көрген.
Еліне қоныс іздеп шыққаннан соң,
Би Әжібай Шотанға бата берген, –* депті.

Мұрат Мөңкеұлының, Қалнияз Шопыұлының кейбір айтқандарына қарағанда да Адай тайпасын бастап келіп қондырған батырлардың алдында Шотан айтылады. Сондай-ақ Адайдың азаматтарынан жасак құрып, Сағызда отырған қалмақтармен, түркімендермен, Хиуаның сарттарымен соғысып жерді иеленген Шотан деп әнгімеленеді. Ең бірінші Маңғыстаудың ойына жер қарап келген Шотан екендігін Мұрат Мөңкеұлының мына бір жыр шумақтарынан тағы да көруге болады:

*Есболай, Кете, Әжібай қарай келген,
Қасына батыр Жары Шотан ерген.
Әжібай арқа жағын қыстап қалып,
Керелді Есболай иеленген.*

Осындай тарихи жазбаларға сүйенсек, Адай тайпасын Маңғыстауға бастап келген Шотан, Есболай, Есек мерген, Атағозы, Өмір, Лабақ, Ақпан батырлар екеніне күмән тұмайды.

Сөйтіп Керелге Есболай бірінші болып орналасса керек. Адай көшін бастап, Өрмелі арқылы құлатқан Қосай Есенқұлұлы Есек батыр делінеді.

Адайдың өңшең алып тұлғалы, арыстан жүректі батырларын, оның ішіндегі жолбарыс тұқымдас шұбар мінген, екі көзінен от шашып тұрған, ұзын бойлы, екі иығына екі кісі ер салып мінгендей, сандары бураның санындай, қолдары жуан, жұдырықтары шәугімдей, бесқаруы бойында, ешқандай жаудан сескенбейтін, жүрек жұтқан Шотанды түркіменнің әйгілі батыры, алдын болжап отыратын қасиет иесі Ерсары анадай жерден оның екі қапталында еріп жүрген қос жолбарысын көрісімен-ақ, өзінің отбасын алып желкенді қайықпен Әзірбайжанға көшіп кетіпті деген аңыздың артында шындық жатқан сияқты.

Маңғыстауға Адай тайпасының алдыңғы легі күзге салым уақытта келсе керек. Оған Түмен Балтабасұлының мына бір жыр шумағы дәлел болатын сияқты:

Келгенде алтыс үйден аз келінті,

Ішінде Ақпан деген Таз келінті.

Есболай бірге келген екі үй екен,

Қалғаны қыс өткен соң жаз келінті.

Алғашқы кездерде Адайлардың келіп қоныстануын жақтырмаған түркімен ағайындардың ішіндегі пейілі тарлары Хиуа хандығына қазақ босқындары келіп рұқсатсыз жер-суымызды басып алып, иеленіп жатыр деп хабар жеткізіпті. Осыған байланысты Хиуа ханы келіп қоныстанып жатқан Адай ауылдарын шұғыл көшіруге, егерде қарсылық жасаса түгелдей қырып тастауға тапсырма беріп, Бектұрлы деген батырын бес жүз адамдық жасақпен жібереді. Азғантай адай жасағымен жауды күтіп алған Шотан жекпе-жекте Бектұрлы батырын өлтіріп, қалғандары жеңіліп еліне қашыпты. Одан кейін Маңғыстауды жайлап отырған түркімен Аннасейіттің ауылын Еділ-Жайық арасындағы торғауыттар тұтқиылдан келіп шабуыл жасап, көптеген адамдарын тұтқын етіп, дүние-мүлік, малдарын олжалап кеткен жерінен Шотан Адай жасағын шұғыл ұйымдастырып барып, қалмақтардың сегіз жүз адамнан құралатын жасағын талқандап, жауға тұтқын болып бара жатқан түркімен ағайындарын, мал-мүліктерді және қалмақтардың көптеген малдарын олжалаған.

Одан кейін де Хиуа ханы Нәдіршахтың салған салығын төлеуден бас тартып, сол үшін Хиуа ханына қарайтын түркімендердің басшылары Оғылша, Сейітқұтылықтармен соғысып, оларды жекпе-жекте өлтіріп, жасақтарына тимей, Нәдіршахқа салық төлеудің қажеті жоқ екенін түсіндіріп таратып жіберген. Міне, осы кезден бастап біршама уақытқа дейін Маңғыстаудағы түркімендер мен қазақтар арасында тыныштық орнаған. Соңынан Он екі ата Байұлынан үш мыңға тарта жасақ ұйымдастырып, Жем, Сағыз, Жайық бойындағы торғауыттарға

қарсы соғыс ашып, оларды Еділ бойына толықтай ығыстырып барып, елін қоныстандырғаны айтылады.

Шотанның құба қалмақтармен соңғы соғысы 1771 жылы болды. Онда Еділ қалмақтары толықтай жойылды. Қазақ тарихын зерттеуші ғалым, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің зерттеуінде былай деп көрсетеді: «Қалмақтардың басым бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын, яғни шығыс бетін қоныстанатын. Дүрбіттер мен Хошауыттар оң жағада жатқан. Бүкіл қалмақ жұрты түп көтеріле көшетін 1771 жылдың бесінші қаңтарында қатты аяз болып, Еділдің мұзы жарылады, мұз үстіне қызыл су жүреді, сөйтіп сол жақ қабақтағы 11198 шаңырақ Еділден өте алмай, салқар көштен бөлініп біржола Ресей шегінде қалады.

Еділ дариядан өтіп үлгерген, үйімен, үйелменімен, мыңғырған малымен жоңғарға бет қойған қалың елдің нақты саны 30 999 шаңырақ екен. Шамамен 170-180 мың адам. Қарулы әскер де аз емес – 40 мың қол. Бір ғана кілтипан – қалмақ көші қазақ қоныстары арқылы өтуге тиіс еді» (Қазақ тарихының әліппесі. 1995, 122-б.).

Осындай үлкен қозғалыс көптеген қазақ ауылдарын талап өтеді. Нұралы хан бастап шұғыл түрде үлкен жасақ ұйымдастырып, Бас сардар Шотанның бастауымен алғашқы ұрыс Жем бойында болыпты. Нұралы хан қалмақтардан кейін қайтуды талап еткен. Қалмақтардың басшысы Үбашы бітім сұрап, ешбір зиян тигізбей өтіп кетулеріне рұқсат сұраған, бірақ қазақтар жағы келіспеген. Ол кезде кешегі Ақтабан шұбырынды кезіндегі қалмақтардың тарапынан аяусыз қырғынды көрген адамдардың көбінің көзі тірі болатын. Олар қалмақ көрсө өлтіргісі келіп тұратын-ды.

Міне, осындай бұрыннан өшіккен Кіші жүз қолы алға басқан сайын қалмақтарға ауыр соққыны үсті-үстіне берумен болды. Өкше-лей тықсырып, кейде қос қанаттан кезек соғып, жауды үлкен қырғынға ұшыратумен болады. Осылай күнде қасқыр тиген қой отары сияктанумен маусым айының аяқ шенінде Балқашқа жақындап, Мойынты өзеніне келгенде Абылай хан бастаған әскер де жетіп, қалмақтың қалың көші қоршауға түседі. Сол соғыста қалмақтар тұтасқа жуық қырылады. Жоңғарға 15-20 мың адам ғана қансырап зорға жетеді. Олар да алдарынан жарылқайтын жағдай таба алмады. Қытай басшылары оларды да бөлшектеп, құл етіп жойып жіберді. Солардан мұз ойылып өте алмай қалған қалмақтар қазірде 140 мыңның үстінде Ресей құрамында автономиялық республика деген атақпен отыр.

Шотан жүрек жұтқан батырлығымен қатар елге ақыл айтып, жөн сілтейтін Адай халқының ағасы болды десек те қателеспейміз. Ол барлық соғыста да қолына түскен тұтқындарды өлтірмеген, соғыс-

палық, дос-жаран туыс болалық деп елдеріне қайтарып отырған. Ағайындар арасындағы туындайтын түсінбестіктер мен даулы жағдайлардың талайын әділетті түрде билік айтып, татуластырып жіберген. 1750 жылдардың орта шенінде Маңғыстауда тұтастай қуаңшылық болып, ел жаппай қоныс іздеп көшуге ыссы түсіп кетіп және маңды жерде қоныс болмай өте қатты қиналып қалыпты. Қоныс тек Кертті-Сынды деп аталатын құлаудың үстінде, ені он шақырымдай, күншығысқа қарай ұзындығы отыз шақырымдай жерге жаңбыр жауып, жерді отайтып кетсе керек. Бірақ мал апарайын десе суы жоқ. Сол кезде Шотан келіп, отты деген жерді аралап қарап, қасына ерткен азғантай нөкерімен далаға түнеп, таңертең ерте бір жолдасын атына мінгізіп сол қонған жерін оралтып шаптырып, өзі құлағын жерге төсеп тың тыңдап, әлденеше жерге келіп осы жағдайды қайталапты.

Содан кейін тап осы жерден құдық қазылады деп бір жерді белгілепті. Өзі отауын көшіріп алып келіп, құдықты қазуға кірісіп кетулі. Шотан құдықтан қазған топырағын он метр тереңдікке барғанша күрекпен сыртқа өзі лақтырып тұрыпты. Он метрден әрі қарай Шотанның қазып шығарған топырағын он жігіт шығыр салынғанша зорға үлгеріп төгіп тұрыпты деген әңгіме ел аузында күні бүгінге дейін сақталған. Сөйтіп құдықшылар бір жылда қазатын тереңдігі 75 метр шымырау құдығын бір айда қазып бітіріп, сол маңдағы Адайлардың малы су ішіп, қонысы бар жерге жайылып, күзге жетіпті.

Қазір де «Шотан шымырауы» деген бар. Күні кешеге дейін отар-отар мал суарып, қалың ел жайлап отырды. Жекешелендіруден кейін мал басы күрт азайып, қырдың үстіндегі шымырауларға баратын мал болмай құлазып қалды. Мал басы тағы да өсіп келеді, болашақта Шотанның шымырауынан малдарымызды суарып, жаз жайлауға қайтадан шығарамыз деген үміт бар.

Кейбір жазбаларда 1785 жылы Сырым батырға қосылып, Әбілқайыр балаларын хандық биліктен босату туралы II Екатеринаға жазылған өтініште Шотанның да қолы болған делінеді. Ол кезде Шотан жасы жетіп, төсегінде отырып қалған уақыты, қолын қойса сыртынан біреулер қойып жіберген болуы мүмкін, ал Шотанның өзі Әбілқайырдың балаларын қудалауға қатынасты деген әңгімелер шындыққа соқпайды. Себебі Шотан өмірден кеткенше Әбілқайырмен де, оның балаларымен де қарым-қатынаста болған адам. Шотанның әкесі Назар Жарыұлы 1684 туып, 1771 өлген. Қазіргі Құлсары кентінен көп қашық емес жердегі Бақашы деп аталатын қауымдықта жерленген. Шотан 1786 жылдың қыркүйек айында орталық Үстіртте өз ажалынан қайтыс болған. Сисем ата қауымында жерленген.

Осы жасалған баяндаманы бүгін кітапқа енгізу алдында мына төмендегі мәліметтерді қосуды жөн көрдік.

Батыр Шотан туралы жазылған «Бас сардар» атты еңбек баспаға берілгеннен кейін Маңғыстау облысынан әдейі делегацияны бастап Бекбол Қартбаев мырза Балқаштың айналасындағы жоңғармен соғыс болған белгілі жерлерді аралап, Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Шотанның атымен аталған көлге барып, ондағы жасы үлкен қарт адамдармен әңгімелесіп, Шотанның Абылай ханның қарауында Кіші жүз қолын басқарған батыр екендігін анықтаған. Сол жердің ең жасы үлкен 90 жастағы Әукен деген қарияның: «1940 жылдардың екінші жартысына дейін анау тау сілемдерінде қырылған адамдардың қу сүйектері топырақтың астынан шығып шашылып жатқанын және сол жердің «Шотан қырғыз» деп аталатындығын» әңгімелеп берген. Шотаның соғыс жүргізген жерлерін бұрын дүниеден өткен ақсақалдардан естіген едім деп, өзі бастап жүріп кетіпті.

Соңынан өзім де барып, ол жерлерді аралап қайттым. Шотанның соғыс жүргізген жерлері күні бүгінге дейін батыр атымен аталып отырған елді мекенді, көлді, өзенді суретке түсіріп әкеліп, ол материалдар «Жұлдыз» журналының 2006 жылғы санында жарияланды. Шотан туралы жазылған «Бас сардар» атты тарихи повесті әуелі 2000 дана тиражбен шығарылса, жұртшылықтың сұрауымен баспадан өте көп тиражбен (15 мың) қайта басылып шықты.

Жалғыз Шотан емес, желдің өтінде, жаудың бетінде жүріп, сонау қадым ғасырлар түкпірінен бүгінгі тәуелсіздік пен егемендікке жол салып берген барлық батыр бабаларымыздың жандарын пида еткен ерліктеріне тағзым етіп, береке-бірліктерінен тағылым алуды парыз деп білейік, ағайын! Тойларыңыз тойға ұласа берсін!

Тыңдағандарыңызға рахмет!

*Ақтау қаласы,
Қазан, 2006 жыл*

ҚОСАЙ АТАНЫҢ 500 ЖЫЛДЫҒЫ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қадірлі қауым! Мәртебелі жиын!

Құрметті ағайын, өздеріңіз көріп, сезіп отырғандай, ғасырлар бойы өз байлығымыздың қызығын өзіміз көре алмай келіппіз. Өз қазынамыздан өзіміз шеттеп қалыппыз. Өз ағамызды ағалаудың орнына кісі ағасын жағалағанымызды қалай жасырамыз. Сол себептен де, өзімізді өзіміз жете білмейтін, тіпті жағдай отаршылдық саясаттан да болмауы керек, сол кезде қалыптасқан бодандық сананың өрескелдігі деп түсінген жөн шығар.

Бүгінгі болып отырған жиын өткеннің бәрін ұмыттырып, Егемендігімізді алғаннан кейінгі атын атауға үрейленіп келген бағзыдағы өткен бабаларымыздың рухы ортамызға қайтып оралып, соларды еске түсірудегі республикамыздың түпкір-түпкіріндегі аты аңызға айналған киелі, қасиетті пірлерімізбен, ел қорғаған батырларымыз, аузы дуалы билеріміздің рухына арналып өткізіліп жатқан шаралардың бірі – Қосай батырдың 500 жылдық мерекесі тойланып отыр. Тойларыңыз құтты болсын, халайық!

Маңғыстау жерінің ежелден келе жатқан ескі қоныс екеніне ешкім де дауласа қоймас. Бұл өлкеге кезінде талайлар үніліп қараған. Геродот тұсындағы Аристей, орта ғасырдағы Фадлан, Әл-Максиден, олардан берірек Гмелин, Картуц, Вамбери, Бартольд сияқты ғалымдар назар аударғаны мәлім.

Әр сайы мен әр төбесі сырын ғасырлар бойына жинап жатқан бұл өлке қазіргі елі мен қазақ жерінің қалыптасуына да атсалысты. VII-VIII ғасырлардағы Атырау, Арал, Қаратау даласын жайлаған ежелгі сақ, массагет, кейінгі печенег, қаңғылы, оғыз субстраттарының Сібір мен Алтайдан шұбырған Қалмақ, Қидан, Алшын, Байұлы, Қыпшақтармен араласуынан осы заманғы Кіші жүз рулары түзілген. Қазіргі біздің жайлап отырған Маңғыстау, Үстірт, Жем, Сағыз, Еділ, Жайық бойында өмір сүргендері Ақ Орда мен Шағатай ұлысындағы кандастары мен тілдестеріне бірігіп дербес ұлт, өз алдына мемлекет құрады. Сол уақыттарда Ноғай Ордасының карамағында болған бұл өлке тұрғындарының оғыз тілдестерінің кейбір бөліктері торғауыттарға (қалмақтар) қосылса, қыпшақ тілдестері Қаратау мен Жетісу

бойындағы жаңадан пайда болған Қазақ хандығына барып қосылады. Атамыз Адай сол Қазақ хандығында болған адам.

Бір кездерде Сиях-Күк, Маңғышлақ, Маңғыстау атаулы немесе теңіздің Әбескүн, Хазар, Каспий атаулы жоғарыдағы миграциялық көшкіндерді дәлелдеп тұрғандығын көреміз. С.П. Толстовтың жазбасына қарағанда, Адай тайпасы біздің дәуірімізге дейінгі VI-IV ғасырларда Сырдария сақтарымен одақ болып, II-I ғасырларда Хорезмдіктердің батысында, біздің дәуіріміздің бірінші ғасырында Каспийдің оңтүстік-шығысында, VI ғасырда батыс түркілерінің құрамына енген ірі тайпа деп көрсетілген. Н. Аристов өзінің 1893 жылғы «Қазақ құрамы» атты ықшам мақаласында Адайларды түрікменнің Адақылы руына апарып қосады. В.В. Бартольд, В.В. Востров, С. Аманжоловтар Адайды «Ада» сөзінен шыққан деп көрсетеді. Я.Г. Медоевтер Адайларды дайлардан шығарады. Жалпы ғалымдардың Адай туралы жорамалдары өте көп. Ескі қорғандарды, үйіктерді зерттеуші археологтар б.д. бірінші ғасырларында Еділ-Жайық пен Каспийдің, Орта Азияның шығысынан ауған Алшындықтар Днепр, Дон бойларынан батысқа қарай жайыла қоныстанғанын анықтаған. Каспийдің шығысынан II ғасырда Еуропаға өткен ғұндар мен аландардың қалған бөліктері XI ғасырға дейін Маңғыстауда, Үстіртте өмір сүрген. Е.И. Крупновтың «Древняя история Северного Кавказа» (М., 1960 ж.) еңбегінде Адайлардың Кавказды жайлағаны, Адайкохы асуы, Адайкох аңғары деген атаулардың бар екенін және сол жерлерді мекендегендердің ішінде адаймыз дейтіндердің болғандығы айтылады.

Бүгінгі біздің әңгімелейін деп отырған кейіпкеріміз осы конференцияға қатынасып отырған ағаларымыздың біреулеріне 20, енді біреулеріне 19 ата, өспеген жерлеріне 14 ата болып отырған Адай деген адамның немересі Қосай туралы болмақ. Адай да, оның балалары Құдайке, Келімберді де немесе Құдайкенің ұлы Қосай да өмірде болған адамдар. Адай 1435 жылы туып 1550 жылы 115 жасында қайтыс болған. Оның баласы Құдайке 1460 жылы туып, 1537 жылы 77 жасында өлген. Құдайкенің баласы Қосай 1507 жылы Шу бойында туған, 1594 жылы саратан айында 87 жасында қайтыс болған (Әл Ибн Бахуридың «Алғашқы қазақтардың бірігуі», 113-б.). Қасым хан өлгенде Адай 84 жаста, Құдайке 60 жаста, Қосай 13 жаста, Хакназар 11 жаста деп көрсетілген. Адайдың баласы, Қосайдың әкесі Құдайке өзінің алғашқы ерлігін 1475 жылы Созақтың жазық даласында казак қолы мен Шайбани қолының арасындағы соғыста көрсеткен. Сол кездегі Созақтың билеушісі Жәнібектің ортаншы ұлы Махмұд сұлтан Әбілхайырдың баласымен, оның да аты Махмұд, жекпе-жекте ауыр

жараланып, аттан құлап бара жатқанда, қазақ қолының ішінен торы төбел ат мінген жас жігіт тұра шабады. Шауып бара жатқан сарбаздың өзінің 15 жасар баласы Құдайке екенін танып қалған Адай шыдай алмайды, қара арғымақтың басын қоя береді. Қара ат ортаға қарай ытқи жөнеледі. Өзіне таяп қалған жас жігітті байқап қалған Махмұт кылышын қынабынан суыра бергенде ағызып келіп қалған Адайды танып, өз тобына қарай тайқып шыға береді. Құдайке Созақтың билеушісі Жәнібектің ұлы Махмұтты аттан құлатпай сүйемелдеумен қазақ қолының ішіне кіріп кетеді. Сөйтіп, Созақтың билеушісін ажалдан арашалап қалады. Осыдан бастап Құдайке көзге түседі.

Содан кейін 1484 жылы Сайрам мен Шаштың арасында Мұхамед-Шайбани қолы мен Қасым бастаған қазақ қолының ұрысында Құдайкенің үлкен ерлік көрсеткенін, Шайбани қолының қатты жеңіліп, қалған азғантай жасағының Хорезм жағына қашып құтылғаны Әл Ибн Бахури жазбасында әнгімеленеді. Ендігі бір кезеңі Ұлытауға бағыттап келе жатқан Сүйініш қожа бастаған шайбанилықтардың алдынан қазақ қолын бастап Қасымның өзі шығады. Соғыс екі күнге созылады. Осы соғыста Құдайкенің жүрек жұтқан ерлік жасағаны әнгімеленеді. Сүйініш қожа екінші күні кешкісін азғантай қолымен әрең қашып құтылады. Кейбір жазбаларда Құдайкені 1513 жылы Ташкент қаласында Қасым бастаған қазақ қолының шабуылы кезінде өлген деп көрсетілген. Бұл дерек шындығында Әбдаллах Балхидың «Зубдат әл-асрар» атты еңбегінде әдейі кәте көрсетілген жағдайдан туындаған. Әкрам Мұхитбердінің жазбасында Әбдаллах Балхи бұрын шайбанилықтарға қарсы күресіп, Қорасанды шайбанилықтар жаулап алғаннан кейін өзінің кінәсін мойындап, Сүйініш қожа ханның баласы Келді-Мұраттың тапсырмасымен түгелдей өтірік жазған деп көрсеткен. Ол соғыста Қасымның қолы тас-талқан болып жеңілген, Қасым ауыр жараланған, қарауындағы батырлары түгелдей қырылған деп жазған. Осы жазбаларға байланысты берірек келгенше қазақ тарихында да осылай көрсетіліп, артынан түзетілген. Осының әсерінен Өмірзақ Қалбаевтың «Қосай ата шежіресінде» де (46, 47-бб.), ақын Қаржаубай Рейімбайұлының жыр шумақтарында да Құдайкені осы соғыста өлген қылып көрсетеді. Бұл туралы Әл Ибн Бахуридың «Алғашқы қазақтардың бірігуі» еңбегінің 117-бетінде Балхидың мәліметтерінің кәте екендігін, Мұхаммед Хайдар Дулатидың 1513 жылғы еңбегінің дұрыс екендігін жазған. Бахуридың осы еңбегінде Қосайдың дүниеге келгеніне екі жыл толғанда, Қасымның Ханық сұлтан атты әйелі балалы болады, баланың атын Хақназар деп Адайға қойғызғанын әңгімелейді.

Қосай 1525 жылы Арғын Сұлтансопының қызы Сақыпжамалға үйленеді. Сұлтансопы Нәдірқожаның баласы, Нәдірқожа Ақжол бидің немесе Дайырқожаның баласы болатын.

Қасым хан өлгеннен кейін оның ұлдары бірінен соң бірі таққа отырады. Әуелі Момыш, одан кейін Тайыр, Тайырдан кейін Тоғым хан болған. Тоғым Қазақ Ордасын нығайту жолында тәуір қызмет атқара бастайды. Бірақ, сол кезде Қазақ Ордасын, қазақ деген елді жойып жіберуді армандаған шайбанилар тұқымы Өзбек ханы Ұбайдолла (Абдолла деп те аталынады), Могол ханы Әбдрашидпен бірігіп, бірі Мауренахрдан, екіншісі Шығыс Түркістаннан Қазақ Ордасына аттанады. Бұл хабар Қазақ Ордасына жетеді. Қазақ пен қырғыз қолы өздерінше тас түйін болып даярланады. Бірақ қазақ қолы келе жатқан жау қолынан үш еседей кем болған. Соғыс Сан-Таш деген жерде болады. Қазақ қолы ұзын терең шатқалды сағалап орналасады. Өзбек пен Моголдың 40 мыңдай қолының он үш мыңдай қазақ қолымен айқасы таң азаннан түн ортасына дейін созылады. Сол кезде Құдайке бастаған Бұйдаш, Наурыз Ахмет, Қосай, Хакназарлар жүз қаралды адам шатқалдағы қоршауды бұзып шығып, түн қараңғылығын пайдаланып, қолға түспей құтылып кетеді. Осы соғыста жараланған Құдайке екі айдай жатып, 77 жасында дүние салады. Адай ол кезде 102 жаста екен. Өз аталарының жерленген Ташкент қаласының оңтүстік-батысында 50-60 шақырым зиратқа Адай өзінің ұлы Құдайкені өз қолымен арулап жерлейді. Осы бір қырғынды Мұхаммед Хайдар Дулатидың: «Бұдан кейін жер бетінде Қазақ хандығынан із де қалмады» – деген жазбасынан болуы керек, кейбір деректерде қазақтан тірі қазақ қалған жоқ деген мәліметтер тараған. Шындығында Мұхаммед Хайдар соғыста Тахир мен Бұйдаш бастаған қазақ тайпаларының түгелдей қырылғанын айтса керек. Қадырғалидың «Жамиғ ат-тауарих» атты шежірелер жинағында ол уақытта Бұйдаштан басқа да қазақтың ұсақ хандары болған, олардың есімдері мәлім емес деп көрсеткен.

Осы бір қайғылы оқиғадан кейін Хакназар таққа отырады. Хакназар Әл Ибн Бахури еңбегінде 1509 жылы туған деп көрсетіледі. Хакназар ханның 1538-1580 жылдар арасындағы жауларына қарсы жүргізген күрестерінің бәрінде де Қосай болған. Әсіресе 1555 жылғы моголдармен болған соғыста Абд ар-Рашидтің ұлы Абд әл-Латиф ханның соғыс кезінде Қосайдың қолынан өлуі, немесе 1555-1558 жылдары Ташкент билеушісі шайбани тұқымы Барақ ханды шабуыл жасап, үш жыл бойы бойын жаздырмағаны, батыста ноғайлардың орысқа қосылам дегендеріне Хакназар ханның әскерін бастап соққы бергені Қосайдың даңқын шығарады.

Данила Губинның 1539 жылғы 22 тамызда өз патшасына жолдаған хатының бірінде былай деп хабарлапты: «Кзаки захватили много земель калмыков и пленили людей. Хан Хакназар весьма смел, и предводитель его войск Косай – человек хорошо владеющий тактикой и стратегией ведения войны» (Бұл жазба Москвадағы Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында №197-папкада сақталған) Шындығында бұл оқиға мынадай жағдайдан басталғандағы Әл Ибн Бахури жазбасынан анықталды. 1539 жылдың тамызында қалмақтың бір топ жасағы қазақ ауылдарын шауып, жас қыз-келіншектері мен жүз қаралды жігіттерін тұтқындап, көптеген малдарын олжалап кеткен. Сол кезде Хакназар ханның жұмсауымен қасында 500-дей нөкері бар Қосай қазақ қолын толықтыру үшін ел аралап жүргенде осы хабар естіліп, 2000-дай жасағы бар қалмақ қолын қуып жетіп, түнде жатқан жерінен қоршап алып түгелдей қолға түсіріп, қазақ ауылдарының мал-жанын аман-есен еліне әкеліп, екі мыңдай тұтқынды және олардың ат-көліктерін айдап, Хакназардың Ордасына алып келген. Данила Губиннің Ресей патшасына жіберген хабары осыдан болған.

Хакназар ханның тапсыруымен 1569-1570 жылдары Қосай бастаған қазақ қолы Тобылдың бойымен барып Сібір ханы Көшімге екі рет шабуыл жасаған. Екі жорықтың екеуінде де қазақ қолы жеңіске жетеді. Қосай екінші соғысында Көшімнің жасақтарын Ордасына дейін қуады. Сібір хандығының кейбір бөліктері Қазақ Ордасына бағынатынын білдіріп Қосайға ант беріп, салық төлегендері де болған. Бұл турасында 1570 жылы Москвалық Ивашка Поздеевтің жазбасы архивте сақталған, онда: «Я почувствовал затруднительное положение сибирского хана Кучума. Он в своем разговоре со мной упомянул – «В данное время Ваше превосходительство, я не смогу собрать налог и направить с ним своих представителей, так как в настоящее время нахожусь в состоянии войны с казахским ханом. После того как Хакназар направил весьма опытного батыра Косая, мои войска терпят поражения. Возможно, одолев, он станет и наместником Сибири! ... В таком случае они уклонятся от уплаты налогов Вашему сиятельству. Поэтому в войне против Казахской Орды мне понадобится помощь». Сібір ханының осы әңгімесінен де Қосайдың кім екені танылып тұрған сияқты. Қосайдың Қазақ хандығын нығайтудағы алатын орны өте үлкен. Оның талай соғыстарда болып, жеңіске жеткендері «Адай тарихы сыр шертеді» деген атпен шығып жатқан еңбегімде толық көрсетілген.

Әкрам Мұхитберді өзінің «Алшын шежіресі» атты жазбасында: «Қосайдың жасы алпыс сегізде болса, Хакназардың жасы алпыс алтыда еді. Жасы алпыс сегізде болғанымен Қосайдың денсаулығында қылау жоқ, өте қайратты болатын. Сол жылдың басынан бастап көзінде

аздап кінәрат пайда болған. Қосайдың балаларының алды қырықтың үстіне шыққан. Ең үлкен баласы Әлдіқожаның жасы қырық төртте, одан кейінгі қызы Жеңісгүл қырық бірде, ноғай батыры Сағитбектің баласы Алғиға тұрмысқа шыққан. Одан кейінгі баласы Байтөлен отыз бесте, кенже баласы Ақсүйін жиырма тоғызға келген. Қосай келіндерін қарап жүріп өзі дұрыс танитын, бірінің сөзін бірі жерге тастамайтын көңіл тату адамдарына құда түсіп айттырып алып берген. Үлкені Әділқожаның үйіндегі келіні қарақалпақ Сүйінқожаның қызы Гауһар Бике, Байтөлендікі қыпшақ Қарабатырдың қызы Аймаң, Ақсүйіндікі қырғыз манабы Жылқыбайдың қызы Ақбілек деп аталатын келіндері адал сүт емген, көргенді жердің қыздары еді деп көрсетеді. Осыған қоса осы шежіреде Қосайдың үш баласынан алты ұл, екі қыз немересі болғандығы айтылады, бірақ олардың аттары аталмаған. Қосайдан өрбіген осы көрсетілген адамдар өзінен басқасы 1575 жылы көктем туа Шу өзенінен көшті өзі бастап өткен кезде мұз ойылып түгелдей суға кеткенін, Қосай көшімен бірге ілесіп көшкен екі үй арғындардың да көші бірге кеткенін, барлығы қырық тоғыз адамның майып болғаны жазылған.

Тарихи еңбектерін пайдаланып отырған Әкрам Құдайберді 1701 жылы Иранда туған, ұлты өзбек. Бомбейде көп жылдар өмір сүрген, кейіннен Иракқа келген Мұхаммед дінін таратушы молла. Кейбір еңбектері қазірде Бомбейдің орталық архивінде сақталғаны мәлім болып отыр. Әкесі Сәлімқұл Адай ауылының қызынан туғаны Әкрамның еңбегінде жазылған. Әкрам Мұхитбердінің осы еңбегінде Қосайдың қайғылы оқиғадан кейін көзінің көрмей соқыр болып қалғанын, өзінің досы атақты түрікпен батыры Исан-Дұрдының қызы Оғылмендінің емдеуімен көзінің жазылғаны айтылған. Көзі толық жазылғаннан кейін Қосай 1576 жылы Оғылмендіге үйленген, одан алты балалы болғандығы көрсетілген. Қосай қайғылы жағдайға ұшырағаннан кейін әскер бастап жорыққа аттануды қойған, бірақ көзі жазылып қайтадан үйленгеннен кейін оны Хақназар үнемі хан кеңесіне шақырып, ақылдасып отырған.

1580 жылдың зауза айының 19-жұлдызында Баба сұлтанның ұйымдастырған зұлымдығынан Баба сұлтанның інісі Бұзақұр сұлтан ордасында ұйықтап жатқан Хақназар ханды бауыздап өлтіріп кеткен. Сөйтіп Қазақ ордасы өзінің ең мықты, қазақ деген елдің атағын шығарған патшасынан айырылады. Әл Ибн Бухаридің «Алғашқы қазақтың бірігуі» атты еңбегінде (95-97-бб.) Хақназар ханның қапыда қаза тапқанын естігенде Қосай өте қатты қапаланған деп көрсетіпті. Және Қосай Хақназарды жерлескеннен кейін де хан ордасында үш айдай болып, түрлі кәдесін өткізгендігін әңгімелейді. Хақназар хан-

ды Қаракеңгір өзенінің бойына жерлеп, алтындаған күмбез орнатып мазар салды деп көрсетеді.

1580 жылдың қысында қар болмай, жазында жаңбыр жаумай Шу, Қаратау бойлары қуаңшылыққа ұшырап, соның салдарынан Нұрата бағытына қарай көшкен елдермен бірге Қосай ауылы да қозғалады. Жұтқа ұшырағасын малдардан да көптеген шығын болады. Әмудария бойының жерлері жаңбырлы болып, Қосай ауылы солай қарай ығысып келіп, сол аймақтарды тұрақты жайлап қалады. Әкрам Мұхитбердінің жазбасында Қосайды 1594 жылы 87 жасында дүние салған деп көрсеткен.

Тарих өткенге емес, бүгінге керек, ал ертеңге тіпті керегірек. Бүгінгі әңгімелеп отырған ұлы түсінік, ұлы міндет, ұлы жауапкершіліктік – тірісінде абыройы мен атағы, өлгенде қаулап өскен әулеті бар Адай, Құдайке, Келімберді, Қосай сынды аталарымызға арналып отырғанына мақтан етеміз. Енді азғантай уақыттан кейін осы тұлғалардың бастарына көтерілген жаңа кесенелердің құрлыстарының негізгілерінің бітуіне арналған салтанат тағы болмақшы. Айналып келгенде бұның өзі егеменді ел болғанымыздың куәсі деп түсінеміз.

Дүние өзгереді, заман озады. Бұл өзгерісте екі қолбасы, екі әскер қол емес, құбылыс ұстасады. Тәуелсіздіктің жолын кесіп, оған қауіп төнгенде ұлтты аман алып қалған тағы да қазақ халқының Отанына деген патриоттық сезімінің күші болатын.

Енді, ағайын, бір-бірімізге мейірімді болайық! Мейір оңалса бере кет, пейіл оңалса әділет өрге басар деген. Жаратқан тек ырысымыз көбейіп, бірлігіміздің ажары кіріп, тірлігімізді алға бастырсын деп тілейік! Осы әңгімеленіп отырған ата-бабаның жолығар орны – жұмақ, тірліктегі жамағаттың жолығар орны – жақсылық болғай! Осынау киелі Маңғыстауда қасиетті ата-бабалардың алдындағы қарызымызды түгендеу жолындағы бүгінгі өткізіп отырған ізгі істерімізді көкте бір Құдай, жерде аруақтар қолдағай!

*Ақтау қаласы
12.07.2012 жыл*

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жақында азаттықтың ақ таңы атқанына жиырма жылдың жүзі болады. Тарих қойнауында қалып бара жатқан жиырма жылдықта барымыздың бағасын асырып, жоғымызды тауып жатырмыз.

Еліміздің арғы-бергі тарихындағы аруақ конған алыптарының есімдерін жаңғыртып, олардың ерлік істерімен қабырғалы қазақ елі қайта қауышып жатыр.

Елбасының назарында тұрған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы соңғы бес жылдың ішінде облыс әкімінің тікелей араласуымен киелі Маңғыстау жерінде бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде іске асырылып жатқанына біздердің бәріміз де куә болып отырмыз.

Бұған «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінің іске қосылуы, Шотан батырдың 300 жылдығы, Ер Қосайдың 500 жылдығы, Бекет Атаның 260 жылдығы, ғалым Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының 125 жылдығы, Иса-Досан бастаған ұлт-азаттық қозғалысының 140 жылдығы, суырып салма ақын Қашағанның 170 жылдығы, сол сияқты Ақтау қаласындағы қоғам қайраткері Жалау Мыңбаевтың, Форт-Шевченко қаласындағы Иса-Досанның ескерткіштері, Н. Жантөринге, Т. Әшімбаевқа, Ш. Есеновке, С. Мұқашевтарға бюстілердің орнатылуы, Ынтымақ алаңына қазақ күйінің дүлдүлі Құрманғазыға көрнекті ескерткіштің тұрғызылғаны толықтай дәлел бола алады.

Өздеріңізге тарихи деректерден белгілі, Маңғыстау мен маңғыстаулықтар қазіргі елі мен қазақ жерінің қалыптасуына да белсене атсалысты. Сонау 7-8 ғасырлардағы Атырау, Арал, Қаратау маңындағы ежелгі сақ, массагет, кейінгі печенег, қаңғылы, оғыз субстраттарының Сібір мен Алтайдан келген қыпшақ, қалмақ, қидан, алшын тайпаларымен араласуынан осы заманғы Кіші жүз рулары түзілді. Олар Алтын Орданың ыдырауына байланысты әртүрлі халықтардың құрамына шашырап қосылып кетті.

Қазіргі Еділ, Жайық, Маңғыстау, Үстірт, Жем, Ырғыз бойларын жайлаған бөліктері Акорда мен Шағатай ұлысындағы қандастары мен тілдеріне қосылып, дербес ұлт, дербес мемлекет болып бірігуіне тікелей үлес қосты. Ол замандарда Ноғай Ордасына қарап келген бұл өлке тұрғындарының оғыз тілдес бір бөлігі Хақназар хан тұсында

Қаратау мен Жетісу бойында шаңырақ көтерген Қазақ хандығына барып қосылғанын білеміз.

Түркі тұқымдас халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тарихта үлкен орын алған кезеңдері XV ғасырдан басталады десек қателеспеспіз. Қай ғасыр болмасын барлық халықтардың да басынан көптеген оқиғалы кезеңдердің өткені тарихтан белгілі. Соның ішінде қазақ деген халықтың дербестігі, мемлекет болып құрылуы да осы XV ғасырдың еншісінде.

XV-XVIII ғасырлар немесе төрт ғасырлық тарихи дәуір қазақ тарихында үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең – XV ғасырдың басынан ортасына дейінгі аралық моңғол дәуірінен кейінгі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің ыдыраған мезгілі.

Екінші кезең – XV ғасырдың басына дейінгі – Қазақ хандығы құрылып, бір орталыққа бағынған мемлекет болды.

Үшінші кезең – XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы Қазақ хандығының бытырап Ресейге бодандыққа өту кезеңдері.

Шоғы батырдың әкесі Мұналдың, оның кәрі әкесі Адайдың XV ғасырдағы Қазақ мемлекетін орнатудағы аса зор еңбектері, оның тарихтан алған орны менің «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссеменде толықтай ашылып көрсетілген болатын. Әуелгі әзірде кейбір тарихшы ғалымдарымыз бұл еңбекке үрке қарағанмен соңғы табылып жатқан тарихи материалдардағы деректерге сүйеніп шындық екенін мойындауға тура келіп жатқандары жасырын емес. Оның үстіне Адай ақсақалдарының бірінен-біріне ұласып келе жатқан ауызша шежіресін Шоғы батырдың тасқа жазылған атақ-жөнінің Әзірет Сұлтан Қожахмет Яссауи кесенесінен табылуы растады, растаған жойқын мойындатты.

Қазірде кейбір тарихшы ғалымсымақтарымыз шежіре дегенді өзінің мәнін жоғалтқан, дәлелге алуға болмайды деген қисық түсініктер беріп жүргендері де бар.

Шежіре зерттеуді алғаш қолға алған – әйгілі Шоқан Уәлиханов. Ол қазақ шежіресі туралы мақаласында «дала мәдениетінде ерекше орын алатын, далалық тарихи дәстүрді жан-жақты қарастырып, оның маңыздылығын ашатын шежірелер» деген.

Шежіре дегеніміз кешенді мәндегі феномен, яки көшпелілер тарихының ауызша түрі.

Шоғы батырдың өмірі қамтылған Жұмақансері Достановтың шежіресі мен Отыншы Көшбайдың повесін оқып шықтым. Екеуіңізге де Шоғы батыр туралы құнды еңбектеріңізге құтты болсын айтуымарұхсат етіңіздер!

Қазірде XV-XVIII ғасырлардағы Алшын, Он екі ата Байұлы, оның ішіндегі Адай жөніндегі деректер үш бағыттан ізделеді.

Біріншісі – XV-XIX ғасырлардағы орыс тіліндегі мәліметтер.

Екіншісі – XV-XVIII ғасырлардағы Орта Азия туралы шығыс деректеріндегі жазбалар.

Үшіншісі – ауыз әдебиеті мен шежірелер.

Әсіресе жоңғар-қазақ, қазақ-жоңғар соғыстары жөніндегі деректерді Москва, Петроград, Ташкент, Бішкек мұрағаттарынан іздесе табуға болады.

Мен мұны айтып тұрған себебім, Шоғы сынды Адайдың ірі тұлғасының істеген ерлік істері тек қана осы бір жарыққа шығып отырған материалдармен шектеліп қалмауы тиіс. Қасиетті Түркістанда қазақтың бетке ұстар азаматтарының қатарында Мұңалдың ұлы Шоғының жатуы тегіннен-тегін емес. Сондықтан да жаратушының өзі қолдаған Шоғы батырдың ұлы ерлік істері алдымыздағы кезеңдерде толығымен көрсетілген тарихи роман жарыққа шығып, қазағымыздың үш жүзіне кең түрде мәлім болса дұрыс болатын сияқты.

2007 жылдың қараша айының аяқ кездерінде Түркістан қаласындағы және Арыстанбаб кесенесінің басындағы Шоғы батырға берілген астағы жиында да сөйлеп, осы пікірімді айтқанмын. Шоғы батырдың ерлік істерінің қазіргі алатын орны аса зор, өте маңызды, адам баласына тәрбиелік мағынасы жоғары, әсіресе жастарды өз Отанын қорғау жолындағы патриоттық тәрбиеге жетелейтін өнегелі істердің басында тұрғандардың алдыңғы шебіндегі адам.

Қазақ халқы өзінің ерен тұлғаларын қаншама тауқымет тартса да, естерінен шығарған жоқ. Жұртымыз талай рет небір басқыншылықты басынан өткізіп, шаңырағы ортасына түсіп, құрып кетуге айналды. Сол бір кездерде «жаным – арымның садағасы, арым – елімнің садағасы» деп халқын сүйген, жанын шүберекке түйген небір жүрек жұтқан батырлар қазақ елінің қай жерінде де атқа қонып, ерлік істері мен даңқын паш етті.

Бүгінгі батыр Шоғының жер қойнауына кеткеніне 285 жыл толғанда Алланың рұқсатымен оның рухы ортамызға оралып, еңселі ескерткіш бой көтеріп отыр.

Құрметті ағайындар, бұның өзі зор қуаныш емес пе?! Қуаныштарымыз ұзағынан болсын!

Жақсы тілегімізді құп алып, жөн түсінер естігіш құлақтар мен ақ жүректер көбейе бергей!

САНАЛЫҒА СӨЗІМ ТЫҢДАЛҒАН

(Қашаған жыраудың туғанына – 170 жыл)

Еліміздің арғы-бергі тарихындағы алыптарының есімдерін жаңғыртып, олардың шығармаларымен қабырғалы қазақ қайта қауышты. Ауыз әдебиетінің озық үлгілері саналатын жыр жауһарлары қайтадан басылып, оқырманына жол тартты. Қазақтың өткенінен сыр шертетін өнер туындыларына жан бітті. Бүгінде бұрынғы азаттықты аңсаған жырлар тәуелсіздіктің лебі ескен жаңа шумақтарға ұласты. Салтын сақтап, дәстүрін дәріптеген егеменді еліміз ұлттық құндылықтарын ұлықтауда да өркениетті елдердің қатарында сап түзеп келеді.

Ұлттық өнердің ішінде, әсіресе, сөз өнерінің орны ерек. Оған бізден бұрын талай дүлейді дуалы аузына қаратқан ділмарлар, от тілді, орақ ауызды шешендер, тілінен бал тамған ақындары өткен сонау замандар куә. Қанына қасиет дарыған қазақтың суырып салып, әуелетіп, жырға салып төкпелететін таланттар да осы қазақтың дарқан даласынан шыққан еді. Солардың дарабозы – қайсар тілді Қашаған ақын. Жырларында заманның әділетсіздіктерін аяусыз әшкерелейтін сыншылдық сарын басым Қашағанның қазақ поэзиясындағы орны төр. Уытты тілімен, жалынды жырымен есімі елдің аузына іліккен Қашаған Күржіманұлының туғанына биыл – 170 жыл.

Қашаған ақынның қайтыс болған жылы, бұрынғы шыққан жинақтарда 1929 жыл делініп келеді. Кейіннен ұрпақтарының дәлелдеуімен 1931 жыл екендігі анықталды.

Қашаған Күржіманұлы 1841 жылы Түркімен жеріндегі Ташауыз қаласының іргесіндегі егіншілікпен айналысып отырған қазақ ауылында, кедей жалшының отбасында дүниеге келген. Әке-шешесінен жастай айырылып, жетімдік пен жоқшылықтың ауыр азабын тартқан. Әкесінің жамағайын інісі Сәрсенбайға ілесіп, Маңғыстау жерінің Каспий жағасындағы Ешкіарал деген жерге келіп, оған балық ауласып, «өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген, аштықтың құрығынан құтылады.

Қашаған Қарақалпақ, Түрікмен елдеріндегі қазақтар арасына кен таралған өлең-жырларды жаттап, оны шеберлікпен орындау жолында жастайынан машықтанған. Маңғыстау еліне келгеннен кейін ол балықшылықты да, малшылықты да кәсіп етіп қалған жоқ, ел аралап өзінің ақындық, жыраулық өнерлерімен таныла бастады.

Ертедегі жыраулар мен жыршылардың, ақындардың дәстүрімен көп елдерді аралаған. Ол Хорезм, Маңғыстау аймағымен шектелген жоқ, Қазақстанның батыс облыстарында түгелдей болып, өзінің өнерімен елге атағы жайылды.

Қашаған Маңғыстауда «Құлт» деп аталатын мекенде дүние салды. Сүйегі Қырықкез әулиенің қауымына жерленген. Заманның қиындау кезі, халықтың күйсіз уақыты ақынның басына дұрыс ескерткіш орнатуға мүмкіндік бермесе керек. 1990 жылдары ескерткіш қойылмағанда орны жоғалып кету қаупі бар болатын. Жыраудың мүшелтойына шашу ретінде жерлестері мен Тұрсынғали Көшенев бастаған ұрпақтары күмбезді мазар орнатты. Күмбездің жобасын елге белгілі сәулетші Мақсұт Нұрқабаев жасап, құрылысты салу жұмыстарына да өзі басшылық жасады. Қазірде Қырықкез қауымы орналасқан биік қаражалдың төбесінен алыстан менмұндалаған Қашекеңнің ақ күмбезі көрініп тұрады.

Қашаған батыс өңірін аралай жүріп Нұрым, Ақтан, Аралбай, Мұрат, Сәттіғұл, Қашқынбай, Ізім шайыр, Құрманғазы, Бала Ораз, Қоспақ, Ығылман, Өмір, Жантолы, Жаскілең, Жылқышы сияқты елге танымал ақын-жырауларымен кездескен, дәмдес, жолдас, кейбіреулерімен жан аяспас дос болған. Қасыбіреулерімен айтысқа түсіп, жеңіп отырған. М. Мағауин мен М. Байділдаевтың 1984-1985 жылдары шығарған «Бес ғасыр жырлайды» атты жинағында «Есқали сұпыға», «Осы күні жолдас болдым сексенменен», «Оразғали байға», «Байларға», «Тойбастар», «Бұл өмірдің мысалы», «Бұл дүниеде не жетім» атты өлең-толғаулары мен «Атамекен» дастаны енгізілген.

Кейіннен 1991 жылы ғалым Қабиболла Сыдиықов пен Шәмшәдин Керімовтердің «Алқаласа әлеумет» атты жинағында 26 өлең-толғауы, екі айтысы және екі дастаны жарық көрді. Ақынның Ізім шайырмен айтысының кейбір шумақтары күні бүгінде халық аузында сақталып келгенмен осы күнге дейін бір жүйеге түсіріліп, жинаққа енбей келеді.

Қашағанның өзінің кездесіп, бірге жүрген ақын-жырауларының ішінде Сәттіғұл Жанғабылұлымен, Мұрат Мөңкеұлымен көңіл қимас шын дос болғаны, бірінің өнерін бірі түсініп, жоғары бағалағандары әңгімеленеді. Бұған дәлел ақынның Ізбаспен айтысында:

*Шығарармын мысыңды,
Ақымақтықпен білмедің,
Айналдырар кісіңді.
Сәттіғұл мен маған тигенің,
Арылмай жүрген қырсығың.
Жанқабылдың Сәттіғұл,
Жүйрік еді қашаннан.*

*Келе жатқан баға алып,
Үстіне халық қамалып... –*

деп Сәттіғұл ақынның жыры мен толғауларын өте жоғары бағалайтынын көреміз. Және де Ізбастың бір жерде Сәттіғұл ақынды сыртынан ғайбаттап айтқан әңгімесін Қашекең естіген көрінеді.

Сол сияқты маңғыстаулық жырау Айтқұл Шыманұлынан 1954 жылы жазылып алынған бір естелікте Мұрат пен Қашағанның кездесуі әңгімеленеді.

1899 жылы Маңғыстаудың Бозат деген жерінде отырған Қашағанға Атыраудың Өрлік деген жерінде тұратын Мұрат ақынның сырқаттанып, жүруге мүмкіндігі жоқ жағдайда жатқан хабары келеді. Мезгіл желтоқсан айының ішінде болса керек. Күннің суытып кеткен мезгілі, үстірттің үстінде елдің болмауы, дұрыс көліктің де табыла қоймауы Қашекеңнің жолын байлайды. Не де болса, көктемді күтуге тура келеді. Қыс өтіп, көктем шығып, байлар малын қырдың үстіне қоздату мақсатында ерте көше бастаған мезгілде Қашекең де қосшы баласын ертіп жолға шығады. Сол кезде Мұрат та сырқатынан айығып, қасына жолдас ертіп, Қашағанды көріп амандасу үшін ол да жолға шығады. Қашағанның Мұраттан екі жас үлкендігі бар екен. Қашекең қырдың үстіне көтерілгеннен кейін шыңырау құдықтардың бастарына орналасқан байлардың ауылына қона, түстене жүріп, «жол ақысы жүру деген» деп тездетіп жол өндіргісі келгенімен, қонақ болған ауылдары жібермей, ән-жыр тындап, кідіртіп тастап отырған.

Бір ауылда отырғанда Мұраттың өзін іздеп келе жатқан хабары естіледі. «Мұрат Қашаған ақынмен айтысамын деп келе жатыр» деген хабар лезде ел арасына тарап кетеді. Қашекең көрісіп, сәлемдесейін деген ниетпен жолға шыққан Мұратқа да «Қашаған сізбен айтысу үшін іздеп келе жатқан көрінеді, қазір алдымыздағы Қарақұм жеріне келіпті» деген әңгіме жетеді. Сөйтіп, қырдағы жұрт екі ақынды айтыстырып, қызығын көруді ойластырған. Сол уақытта Қашекең Қарақұм жеріндегі Сығай деген байдың үйінде қонақта отырған. Бір мезгілде сыртта жүрген адамдар ауылдың сыртында қасында жолдас жігіті бар Мұрат ақынның келіп түсіп жатырғанын хабарлайды. Мұраттың атын естіген бойда Қашекең алдынан шығып, амандасайық деп орнынан тұрғасын, үйде отырған басқа қонақтар да түгелдей ақынмен бірге сыртқа шығады.

Қашаған бастаған топ үйдің сыртына шыға бергенде, қасында жас жігіт жолдасы бар Мұрат ақын да есік пен төрдей жерге келе беріп тоқтап, оң қолын көтеріп жіберіп, сәлемдесу рәсімін бастап кетеді.

Мұрат өте қатты дауыспен:

Аман-есен жүрмісің,
 Қашаған ағам, заңғарым.
 Қайдан білсін мына жұрт
 Қашаған мен Мұраттың
 Анттасып дос болғанын.
 Біліп келе жатырмын,
 Кейбір жылтос қулардың
 Айдап салып біздерді,
 Қызыққа сүйтіп қанбағын.
 Несібеміз таусылмай,
 Көрістірді бізді тағы да,
 Бергені ғой бұл да Алланың, –

дей бергенде, Қашекең де оң қолын көтеріп, айқайды салып қоя берді:

Бармысың менің, жүйрігім,
 Алдына қара салмаған.
 Айыбым бар мойнымда,
 Көңіліңді сұрап бармаған.
 Қу тірліктің қамымен
 Ініден хабар алмаған.
 Болдың ба тәуір, тарланым,
 Құшағыңды аш, кәнекей,
 Мауқымды басып алайын.
 Отырғансын жайғасып,
 Айтармыз сөздің қалғанын, –

деп екеуі құшақтасып, ұзақ тұрып, көздеріне жас алысты делінген.

Сөйтіп, екі дүлдүл қырдың үстіндегі ауылдарды бір айдай аралап, ән-жырды сағынып отырған жұртшылықтың көңілдерін көтеріп тастайды.

Он алты жасынан жыр айта бастаған Қашағанның XX ғасырға дейінгі шығармаларының дені және көздеген нысанасы – сол кездегі қазақ ауылының күнделікті тіршілігі, жекелеген адамдардың мінез-құлқы, сараңдық пен екіжүзділікті әшкерелеп, сын, сатира түріндегі өлеңдері өткір кекесінмен айтылғанын көреміз. Содан да болар Қашағанның өткір сықағынан билер, байлар да, молдалар да қатты қорқатын болған. Өзінің ағайыны, қайырымсыз, сараң Оразалы байға былай депті:

Оразалы байым бар,
 Тозған тоқпақ бастанған,
 Қазанқабын жастанған.
 Шарыққа бауды тағуын,

*Қой шетіне төсеніп,
Түйенің шоқпымт жабуын.
Қойды қорғап қасқырдан,
Қолына таяқ алуын.
Қырық күн шілде ішінде,
Қара ұннан көже ашытып,
Балқара деп қануын...*

Немесе «Байларға» деген өлеңінде:

*Шіркін, байлар, мақтасып,
Қызарақтап боқтасып,
Қарқылдасып күлесің,
Алдыңда не бар білесің?
Байға жарлы теңесіп,
Тартарсың малдың кересін.
Есікте жүрген жалшының,
Қызығын сонда көресің, –*

деп, осы шумағында кедей шаруалардың да байлармен теңесетін күннің туатынын ескерткені көрініп тұр.

Сол сияқты Көптілеу байға:

*Кешке келді Көптілеу,
Қораға келген қойымен.
Жата кетті жантайып,
Ас ішпеген бойымен.
Үлкен қойды анам деп,
Кіші қойды балам деп,
Бұл қой кетсе алдымнан,
Мұнан қайтып қалам деп.
Бай үйіне қарасам,
Қол жуатын құман жоқ,
Құман жоқ үйде иман жоқ.
Таңертең тұрып Көптілеу,
Іше берді айранын,
Беті-қолын жуған жоқ...*

Ақын осылайша адамгершіліктен, қайырымдылықтан жұрдай байлардың образын сомдап көрсете білген.

Қашаған ақын бойындағы шыншылдық пен сыншылдық қасиетін ақындарымен айтысқан кездерінде де сақтап, өршілдігімен, турашылдығымен көзге түсіп отырған. Қашағанды нағыз ақын ретінде елге танытқан, оның есімін бүкіл батыс өңіріне таратқан – оның сол кездегі мықты ақындармен айтысып жеңуі. Айтыс Қашағанның им-

провизаторлық өнерін шыңдады, ақындық шеберлігін көтерді, тақырып аясын биіктетіп, ойлау шеберін кеңейтіп, азаматтық өресін өсірді.

Қашағанның Нұрыммен айтысы бір-бірінің білімін тексеру болса, Ізіммен, Избаспен айтыстары – әдептілік, көрегенділік, салт-дәстүрді сыйлау тұрғысында болған.

Қашағанның діни үлкен сауатты адам екендігі Нұрыммен айтысқанда көріне түседі. Діннен хабары мол адамдардың жан-жақты білімді болатынын естіп те, көріп те жүрміз.

Кезінде қазақ ұлт ретінде, оның мәдениетін дамытуға зор үлес қосқан Абай, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақмола Мұхамедиярұлы, Әубәкір Кердері, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Мұхамеджан Сералин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мақаш Қалтайұлы сынды мықтылардың діни мектептерден білім алған адамдар екенін білеміз. Сондай-ақ ауыз әдебиетіміздің негізін қалаушылар – Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәгіқара, Үмбетей, Бұқар сияқты қазақ халқының үні болған, озық ойлы даналарымыздың бәрі де исламнан мол хабардар болған. XIX ғасырдағы Нұрым, Қашаған, Ақтан, Әубәкір Кердері, Сәттіғұл, Аралбай, Мұрат сияқты ұлы ақындардың шығармалары «дінді насихаттайды» деген сылтаулармен кеңестік кезеңде бұғауланды.

Әділдігіне келсек, мұсылман діні – елімізді бірлік пен ынтымаққа, татулыққа, «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген данышпан Абайдың сөзіндей өзара достық пен ағайындыққа, адалдық пен кішіпейілдікке, қарапайымдылыққа, мәдениетке, білімге, ұлтжандылық пен адамгершілікке, адалдық пен аршылдыққа, қанағаттылыққа, халықтың ортақ мүлкін сақтауға, ел басшысына бағынып, ел ішінде бүлік туғызбауға тырысатын дін. Осы дінді Қашаған ақынның мойнымдағы парызым деп түсінгенін және тәрбиелік мәнде үнемі паш етіп жырлап отырғанын көреміз.

Атышулы Нұрым жыраудың Қашағанмен айтысында қойған кейбір сұрақтарына тоқтай кетейік.

*Бір-екі сөз сұрайын,
Ақылға кәміл данадан,
Бала, білсең хабар бер,
Үдіргелі Хауа анадан
Қанша заман өтті арадан?
Дүниенің басы неден жаралған?
Жер мен аспан бұ не зат,
Мақұлық қалай таралған?
Адам, Лауһы, Ғалам – баршасы*

*Неден жаралған?
Өлгенге мансұқ, неше аят,
Анау отыз парадан?..*

Немесе:

*Алдыңда сенің сөз айтқан,
Жасы үлкен ағаңыз.
Дұшпанның емес Қашаған,
Аяғыңнан алатын,
Қапталдан ауыз салатын.
Қашаған, саған бір сұрақ,
Екеу жансыз, екі арам,
Бейішке кім еді баратын?*

Соңғы сұрағы:

*Шабысың енді түзелді,
Жаңа ғана бой жазып,
Естімішің көп екен,
Өлең менен жырға азық.
Пайғамбардың кезінде,
Қанша қауым өтіпті,
Өз пиғылынан өзі азып?*

Осындай діни сұрақтардың бәріне кідірместен жауап берген Қашағанды Нұрым толық мойындап, білімділігіне ризалығын білдіріп, батасын беріпті.

Қашаған ақын Есқали сұпының дүниеқұмарлығын, надандығын, шектен шыққан сарандығын, менмендігін сынаған сөздері түгелдей рухани жағынан айшықталып, терең білімділікті танытып отырған. Мысалы, домбыраны жек көріп сөге бастаған сұпыға:

*Қорыққанда жалғызға
Қорған болған бұл ағаш.
Бұтақтары бүгіліп,
Көктен төмен үңіліп,
Қарның ашып келгенде,
Жүрегіңді жалғауға
Нәсіп болған бұл ағаш.
Пайғамбарлар туғанда,
Ибраһим қағба салғанда
Есік болған бұл ағаш.
Мұнаралары әр жерде
Мешіт болған бұл ағаш.
Шеберлердің қолында
Кәсіп болған бұл ағаш.*

*Өзіңді халық «сұпы» дейді,
Боқтағаның қай ағаш?!.*

Шын сопылық жолға түскен адам дүниеқұмарлық, сараңдық, қараулық, ешкімге жаны ашымайтындық, имансыздық жолдан аулақ болу керектігін Есқалидың бетіне басып, үнін өшіріп тастағанын көреміз. Қашағанның жыршылдығы осы кезге дейін ел аузында сақталған. Ақынның қасында қосшы баласы болған елге белгілі жыршы Айтқұл Шыманұлының айтуынша «Ноғайлық жырлары», «Қырымның қырық батыры», «Көрұғылы» аталатын батырлық жырларды танды-таңға ұрып жырлайтын еді, ауыл адамдары түгел жиналып, ұйқысыз тыңдап, желідегі малдар сауылмай қалатынын талай көзімен көргендігін әңгімелеген. Қашекеңнің сол жырлаған жырларын Мұрын, Айтқұл, Жанжігіттер жалғастырды.

Айтқұл Шыманұлының айтуынша, «Қашаған теңдесі жоқ жыршы, ол жырды айтудың өзін шығармашылық деп түсінеді, әсіресе, «Көрұғылыны» айтқанда өз ойымен жырды түрлендіріп, әсірелеп, отырды».

Демек, Қашаған жырау эпосты құр жаттап алып айтпаған, ол оқиғалар сюжеті мен адамдарды жадына сақтаған да, жырлау барысында өз сөзімен импровизация жасап отырған. Мұның өзінен Қашағанның жыраулық шеберлігінің өте жоғары дамығанын және импровизаторлық өнердің биік шыңына көтерілгенін көреміз.

Қашаған – құнарлы да қуатты, алмастай тіліп түсетін, найзадай түйреп өтетін халықтың жоғын жоқтаған бұқара жыршысы. Ілияс Жансүгіров «Қашаған – жүйрік жырау, елдің тілі» деп бекерге айтпаған.

Қашаған бірде топ жолдастарымен ел аралап келе жатса, ауылдың алдында көгендегі қойды қойшы жігіт сауып жатады. Қашағанның қасындағы бір құрдасы: «Мына қойшыға мақтап өлең шығаршы, ақындығыңды көрейін», – депті.

Сонда Қашаған қой сауып отырған жігітке жақындап келіп:

*Қой ішінде шұнақ қой,
Бауыры толы бұлақ қой.
Жазығы қойшы демесең,
Қойды сауып отырған,
Кереқарыс маңдайы,
Қыздар сүйер шырақ қой, – депті.*

Қойшы жігіт қой сауып отырған шелегін тастай салып, үйінің сыртында тұрған боталы інгенді жетелеп әкіліп бұйдасын Қашағанға ұсынады. Қашаған қойшы жігітке: «Түйенді апарып орнына байла, өздеріңізге де сауын керек болар», – дегенде қасында тұрған

ТАРИХИ АҚИҚАТҚА КӨЛЕҢКЕ ТҮСІРМЕЙІК

Қазақтан талай батырлар шыққан, бірақ, Махамбет деңгейіне, Махамбет дәрежесіне жете алғаны аз. Махамбет өзгеде жоқ та, өзінде ғана бар қасиетімен батырлар мен ақындар тарихында жарық жұлдыздай жарқырап жанып тұратын қайталанбас дара тұлға. Махамбет туралы айтсақ та, жазсақ та Жәңгірге, Баймағамбетке, Қарауылқожаға соқпай кете алмаймыз.

Осы жылдың 5 және 12 шілдесінде «Егемен Қазақстан» газетіне басылған Тілекқабыл Боранғалиұлының «Білемін, хан Байеке, нарлығыңды» және «Мәңгілік Махамбет» атты мақалаларын оқып шыққанымда Махамбеттің емес, Нұралы, Айшуақ тұқымдарының, әсіресе, Баймағамбет пен оның қайын атасы Қарауылқожаның 200 жылдық тойының қарсаңындағы, солардың жоғын жоқтаған сарынын байқатқан, түтіні түзу емес ойдың ішіне кіріп кетіп, шыға алмай қала жаздадым.

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың 1994 жылғы шыққан «Жауды шаптым ту байлап» атты еңбегінде Жәңгір хан туралы жазған мынадай қорытындысына қосып аларымыз жоқ:

«Жәңгір ханның тұсында бүкіл билік түгелдей дерлік орталықта шоғырландырылды. Жергілікті феодалдардың сот праволары шектелді. Жәңгірдің аристократтық цивилизаторлық реформалары хандықты күшейтті, орталық бюрократиялық билік үлгісін орнатты. Отаршылдық күшейе түсті, Жәңгір дүре соғу жазасын, мемлекеттік алымдардың қатаң жүйесін қалыптастырды. Ғалым Қабиболла Сыдиықовтың айтуынша, отыз ауыз, тұяқ ақы, қызыл киіз, құшыр, пітір, хан соғымы, хан сыбағасы сияқты салықтардың сорақы түрлері Жәңгір ханның кезінде пайда болыпты.

Соңғы кезде Жәңгір ханды өте прогресшіл хан ретінде көрсетуге тырысушылық мықтап орын алып келеді. Әрине, Жәңгір хан, әкесі Бөкей ханның емес, Астрахань губернаторы Андреевскийдің қолында тәрбиеленген, Ресей императорының қол баласы болатын. Білімді, ойшыл, Еуропаға еліктеген жаңа типті дала шонжарларының өкілі еді. Оның реформаторлық істері хан үкіметін нығайтты, оған еуропалық монархиялық сипат берді, отаршылықты күшейтуге бағытталды, халық қорғансыз қалды. Жәңгір ханның жүргізген саясатының кейбір прогрестік маңызын атай отырып, қалың қазақ қауымының жиыр-



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТЫМЫЗ:

«Жаңа жырлар жарылқар жанымды әлі,
Жатар тарап жан-жаққа жалындары.
Ұзақ жылдар қартайтпай демер мені,
Жақын тұтса сөзімді жанның бәрі »



БАҚИТТЫ СӘТ: ата – бала-келін – немерелер



*Ұлдары Мақсат пен
Серікболмен бірге.
2014 жыл*

*Әке балаға сүйніші:
кенжесі ұл Нұрлан*




ҚҰШАҒЫ КЕҢ АТА:

Қаратау, Ақтау, Еңлік, Инжу немерелер, немелтай – Асылтас...



Мәуелі әулет, жайқалған жапырақтар



*Маңғыстау
ауданының бас-
шылары шекарада
қарсы алғанда*



Қазақ тілінің қолданысын кеңейту жолында өткізілген конкурстық жарыстың жүлдегерлері арасында. 2013 жыл



Жобаны талқылау



Сөз кезегі келгенде...



Тоқтамыс батырдың асында. 2013 жыл



*Жеңіс күні мерекесінде Маңғыстау облысының әкімі
А.С. Айдарбаевтың құттықтауы. Ақтау, 9 мамыр, 2014 жыл*





Қоғамдық жұмыс – жиын-топтың ортасында





Маңғыстау облысының құрылғанына 35 жыл салтанатына Елбасының қатынасуы. 2009 жыл



Қоғамдық ұйымдардың басшылары Маңғыстау облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевпен бірге. 2009 жыл



Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың 70 жылдық мерейтойында. Ақтау, 2009 жыл



Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевпен кездескенде



*Маңғыстаулық еңбек ардагері Бердібек Тұрарбековтің
70 жасқа толған күнгі салтанатында*



*Б. Төлеуғалиев, Б. Тұрғараев, Ө. Озганбаевтар Әйтеке бидің
ескерткішінің ашылуы салтанатында.
Өзбекстан, Науаи облысы, Нұр-Ата кешені. 2012 жыл*



*«Қарақожа әулетінен таралғамын,
Төлеуғали қасиетінен нәр алғанмын... »*



ҚАЙРАТКЕР, ҚАЛАМГЕР:

*«Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да, көп жортар –
Ғалымдардан хат қалар,
Ұсталардан зат қалар.
Аруақты туған ерлерден,
Ұмытылмас ат қалар...»*

ма жылдық Жәңгір хан билігінің тұсында таптық қысымға түскенін, халықтың басым көпшілігінің люмпендік жағдайға душар болғанын, азып-тозып босқын болғанын айтпауға болмайды. Басқаша айтқанда, Жәңгір ханның тек қана қайрат-жігері өнер мен білімге, хандық салтанатты көтеруге ғана жұмсалған жоқ, елді езіп жаншып, қазақты өз елінде босқын қылды. Оқыған, көзі ашық дала алпауыты, дала деспоты осылай пайда болды. Қорыта айтқанда, Жәңгір хан жүргізген реформалар қазақ қауымын отаршылық жүйеге бейімдеді. Бұрынғы батырлар мен билердің билігі жойылды, ата жаумен алысқан халықты дүниеқұмар төрелер әулеті талады, отаршылдықтың символы орыс чиновниктері жегідей жеді, татардың дүмше молдалары, ханшаның қанішер туыстары елдің әдеті мен салтына қол салды. Ғасырлар бойы ен даланы жайлап, өзен бойын бойлап, теңіз жағасын жайлап, еркіндікті аңсаған қазақ бір сәтте бас бостандығынан айырылды.

Жәңгір хан еуропалық өнер-білімді қандай шапшаңдықпен енгізсе, отаршылдықты жаңа шынға көтерер саяси реформаларды да өте асығыстықпен, күшпен, зорлықпен жүргізді» (118-119-бб.), – деуін тарихи ақиқат деп түсінеміз. Жәңгір хан туралы көп сөзді Мақаңның осы тұжырымымен қоя тұрамыз.

Енді, Тілекқабылдың мақаласындағы мына төмендегі ұсыныстары мен ой-толғамдарын оқушылардың талқысына бергім келеді.

«Жағыпардың баласы Санжар халқына ерекше қызмет еткен қайраткер. Баймағамбеттің немере інісі екен деп, біз қазақтың аяулы ұлы, көрнекті тарихшысы, онсызда қуғын-сүргін құрбаны болған Санжар Аспандияровтан суынамыз ба?» – деп жазады. Сонда қалай, Санжар – Баймағамбеттің немере інісі екен деп, Баймағамбеттің ұйымдастырған қанқұйлы зұлымдығын тарих беттерінен жойып, екі жүз жыл өткесін бәрі ұмыт болды – тәуір адам екен деп жариялауымыз керек пе? Бұл жерге Санжарды қосудың қандай қажеттігі бар еді? Содан соң біз Санжардан қашан суыныппыз? (сталиндік репрессия, әрине, есепке алынбайды).

Немесе былай деп жазылыпты:

«Мектеп пен мешітті айтамыз-ау, Баймағамбет, тіпті, қала да салдырған ғой. Түпқарағаннан 1846 жылы орыстар Ново-Петровск бекінісін тұрғызарда құрылыс заттарын жеткізуге, адамдар бөлуге көп көмегін тигізді. Сол еңбегі ескеріліп, 1847 жылы I Николай Баймағамбет Айшуақовты Петерборға шақырып, патша сарайының сән-салтанаты жағдайында генерал-майор оқасын тақты» дей келіп, «Сол қала жер ауып келген украин Кобзарының құрметіне «Форт-Шевченко» деп өзгертілді. Тарас ақынға құрметі ала бөтен біздің жұрттың сол қаланың іргесін қаласқан қазақ Баймағамбеттің есімін

қалдырардай ат беру ойына келген емес, келмейтін де болар», – деп киналыс білдіреді.

Патшалық Ресей өзінің зымияндық отаршыл саясатын өрістете отырып, Түпқарағаннан бекініс салдырғаны рас. Бұл бекіністі салдырудың негізгі мақсаты Каспий теңізінің арғы жағындағы көшпелі қазақтарға қанды шеңгелін дұрыстап салып, мал-жанының есебін алып, салықпен тұмылдырықтау болса, олардың Хиуа хандығымен арасындағы қатынасты біржола тоқтатып, болашақ Орта Азия елдеріне шабуыл жасап, басып алу саясаты да болатын.

Тілекқабыл айтып отырған Баймағамбеттің бұл бекініске көмектескені, сол үшін патшадан генералдық атақ алғаны, омырауына «Әулие ана», «Станислав» ордендерін таққаны, сөйтіп, өз халқын «тағы бас көтермесін» деген ниетпен біржолата темір бұғауда ұстағысы келген саясатты қолына ту етіп, бекініс салысқанын күндердің күнінде мақтан етуіміздің жөні бола қояр ма екен? Сол үшін де қаланың атын Форт-Шевченко емес, Форт-Баймағамбет деп атап, немесе қаланың ортасына ескерткіш тақтасын орнатсақ, кімдердің сойылын сокқан боламыз?

Тауы шағылып, арыстанынан айырылып, көңілі басылып, бейбіт өмірге қайтадан ден қойған Махамбеттің өшпенділігін ұмыттырып барып, жалдамалы жалдаптарын жіберіп, басын кестіргені үшін Баймағамбетке ескерткіш тақта орнатсақ, Махамбеттің рухын сыйлайтын күллі қазақтың бетіне қалай қараймыз?

Сіздің «Тарас ақынға құрметі алабөтен біздің жұрттың...» деген кекесініңіз де ерсі сияқты. Тарас та езілген Украин халқының жоғын жоқтаймын деп қуғынға ұшырап, сол кездегі патшаның каторгісіне айналған Маңғыстау түбегіне ешкім қашып кете алмайтын, жаңадан салдырған бекінісі – Форт-Александровскиге жер аударылып келген болатын. Бұл жаққа келгеннен кейін қазақ халқының ауыр тұрмысымен танысып, екі халықтың да езгіге түскен өмірінің егіз екендігін көрсетіп жырлаған ақын. Күні бүгінге дейін халықтар достығының куәсі болып келе жатырған қаланы Махамбетке емес, Баймағамбетке тарту етіп, адаспайық дегім келеді.

Тілекқабылдың мына бір сөзіне назар аударсақ: «Ақын мен әкімнің арасы араздықтан араластыққа ауысқан сәттер болғандай. Мысалы, 1843 жылы Кіші жүздің шетіне Кенесары әскері келгенде оны тоқтатқан Баймағамбет қолының алдыңғы шебінде Махамбет батыр ойқастай шыққан. Бірде, тіпті, бетпе-бет келген екі әскердің арасында бітімгершілікпен ерсілі-қарсылы құйғытқан Наурызбай батырды атпак болып Махамбет мылтық кезейді. Исатай-Махамбет шежіресін көп зерттеген Халел Досмұхамбетов шиыршық атқан осынау сәтті ел

аузынан естіген күйі қаз-қалпында былайша келтіреді: «Махамбеттің оғы атса бос кетпейтінін білетін қасындағы жолдастары қолынан ұстай алып: «А..., батыр саған не болды, бұлар орысқа қарсы ғой», – дегенде, Махамбет: «Тас бауыр төрені орысқа қарсы дегенге кім сенер? Мылтығымның тауын қайтардыңдар, енді атпаймын» – депті».

Ал, тарихи шындыққа үңілсек, Махамбет 1841 жылдың 7-ші наурыз күні Дуанбасы деген жерде тұтқындалады. Солай бола тұрғанмен, Махамбет көтеріліске қатысқанмен, ел тонаумен, ұрлық-қарлықпен шұғылданбаған, орыс әкімшілігі мен жергілікті сұлтан-билерден қуғын көріп жүргенмен, қазақ даласында қарсы ұшырасқан орыс адамдарына ылғи да қол ұшын беріп, жәрдемдескенін көлденең тартқан. Тұтқыннан хорунжий Шустиковты құтқарысқанын, Ковалевский экспедициясына жол көрсетіп көмектескенін, генерал Жемчужниковтың байланысшылары қолға түскенде босатып жібергендігін айтып, мұнысын поручик Мұхамет-Шәріп Айтов 1941 жылдың 3 мамырында растап, Махамбет босатылады.

Махамбеттің босатылғанынан қатты қорыққан Жәңгір хан 1842 жылы 10 желтоқсанда сот шешімінің дұрыс болмағанын өзінше дәлелдеп, Махамбеттің үстінен қайтадан іс қозғауды сұрап, Шекара комиссиясына арыз түсіреді. Бірақ, комиссия үкім шығарылған істі қайта қозғауды жөн көрмеді. Сонымен, Махамбет Кіші жүздің орта бөлімінің билеушісі Арыстан сұлтанның бақылауына жер аударылып, жыл жарымдай болып, 1843 жылы көктем айында Қалдығайты өзені бойындағы Алаша ауылдарына келіп қоныс тебеді.

Сонда Тілекқабылдың 1843 жылы Махамбет Баймағамбет сұлтанның жасағында жүріп, «Наурызбайды атам» дегендері жарауға жуымайтын дәлелсіз дерек деп айта аламыз.

Мұны белгілі қаламгер, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә. Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» атты туындысынан көруге болады. Онда былай делінген:

«Махамбет Кіші жүздің Орта бөлімінің билеушісі Арыстан сұлтанның бақылауында жыл жарымдай болды. Атай-Матай құмдарына жер аударылған ақын тұрмыстан тарығып, жоқшылық көрді деу келеге келмейді. Ол тарап қазақтары да атакты батыр, аруақты ақынның дабырасына қанық еді. Сый-құрметтен кенде болмаса керек» деп, әрі салғанда 1842 жылдың күзінен, бері салғанда 1843 жылдың көктемінен бастап Махамбет Қалдығайты өзені бойындағы Алаша ауылына келіп, қоныс тепкенін айта келіп: «1844 жылдың жазынан бастап Алаша ауылы мінез шығара бастады. Махамбет ықпалы ма, 80-нен асқан кәрі старшын Сатыбалды Кенжеғараұлы әділет іздеу жолына түсті: тентектерді тыйып, жәбір көргендерді қанатынын астына

алып, асқындағандарды ауыздықтады. Тіпті, аяқты алысқа салып, ағайындарына қысым көрсеткен Ішкі Орданың Боздақ Еспембетұлы деген старшынының ауылын шауып алды. Бұл жағдай Баймағамбетті мазаландырмай қоймады. Ол Сатыбалдымен сөйлесу үшін Алаша ауылына келіп, Сатыбалдының інісі Сарыбөпенің аулына түседі. Сатыбалды сұлтанның шақырғанына бармайды. Бұл мәжіліске кенже інісі Махамбеттің қайын атасы Сатай батыр қатысады. Ол ауылдас отырған Махамбетті ілестіріп апарады.

Баймағамбет оның Махамбет екенін білгенмен, білмеген болып, бейтаныстың кім екенін сұрайды. Сонда ақынның «Менің атым Махамбет» толғауын айтқан жері осы» деп көрсеткен.

1843 жылы Махамбет Баймағамбет сұлтанның жасағында болып, Кенесарыға қарсы қимыл көрсеткен болса, Баймағамбеттің жыл өтпей жатып, таныса да танымаған болып жөн сұрауы мүмкін бе?

Ә. Сарайдың бұл жазған тарихи дерегі дәл шындықты суреттеген. Сондықтан да халық аузынан естіп жазып алыпты делінген Тілекқабылдың жорамалы дұрыс емес деген тұжырымға келеміз.

Енді Тілекқабыл былай деп жазады: «Махамбет деп сөз бастағанда ойдың төрі мен тілдің ұшында тұрар бірден-бір балама – «батыр» ұғымы. Яғни, Махамбет батыр! Алайда қай шайқастағы батырлығын айтасыз? Жасқұс түбінде 1837 жылдың 5 қарашасында тұлпарын тебініп, хан ордасын шабуға ұмтылғанда Исатайдың сабырымен ұрыссыз кейін шегінді. Арада он күн өткенде Тастөбеде Геке әскері мен Шыңғали сұлтан қолымен болған қақтығыста қуғыншылардың бетіне астындағы құс жастықтың мамығын шашып, құтылып кетті. Қысылтаяң жерде амал табу демесек, батырлыққа бағалар әрекет емесі анық». Және де «Көтеріліс кезінде әйгілі бір қарсыласын аттан аударған жекпе-жегі, атыс-шабысы патша әскерін жусатып, хан жасағын жасытқан жеке ерлігі белгісіз болса да Махамбеттің хас батырлығы халықтың жадында», – деген ызадан шыққан кекесінді оқып отырмын.

Мына жағдайды Тілекқабылдың жадына салуды өзіме парыз деп түсінемін. Патшалық Россияның көп жылдардан бері соғыстарында жекпе-жек деген болған жоқ, ол әрідегі соғыстарда болды. Және өздеріне көмектесіп жүрген жергілікті жерден шыққан сұлтанның құйыршық жасақтарына да сол тәсілді қолдануға тыйым салды. Ол кезде орыс армиясы қасына келтірмей алыстан жусататын от қаруын немесе қарсы шабуылға шығып, қолдасып соғысатын тәсілді пайдаланды.

Махамбет батыр Исатай бастаған қолдың туын көтеріп, Исатаймен қатар түтеген оққа қарамай, талай жау солдаттарының ортасына

кіріп ойран салған болатын. «Көпшіктің жүнін ұшырып қуғыннан құтылды» деп жазыпсыз, есіңізде болсын, қашып келе жатқан адам көпшіктің мамығын ұшырмайды, ол керісінше өзіне зиянды болып шығады (Б. Аманшин «Махамбет», 1974 ж., 11-б.).

Рас, бөлініп қалған Махамбет бастаған жиырма үш адамның Гененің әскерінің қоршауында қалғанда, Махамбеттің астындағы құс жастықты жыртып жіберіп аспанға лақтырғанда, ық жақтағы жау солдаттарының аттары үркіп, не болғанын білмей аңтарылып қалған мезетін пайдаланып, қоршауды бұзып, қасындағы жиырма үш адамын аман-есен жаудан алып шыққан көзсіз батырлығын көптеген жазба деректерден кездестіруге болады. Жаудың қоршауын соғыстың тәртібін білетін, айлакер, жүрек жұтқан батыр басшысы бар топ қана бұзып шыға алады. Олай болса, Махамбеттің бұл қимылының соғыс тарихында үлкен ерлікке бағаланатынына күмән келтіруге болмайды.

Бұлардың бәрін былай қойғанда, көтеріліс басылып, Махамбет бар асылдарынан айырылып, жалғыз қалғанда Баймағамбеттің қолшоқпарлары толып отырған ордасына кіріп келіп, төрде отырған Баймағамбеттің дәл оң жағына тақала отырып, қылышын көз ілеспес жылдамдықпен қынабынан суырып алып, тізесінің астына басып, иығына іліп алған домбырасын қолына алып, ақырып жіберіп:

Мен кескекті ердің сойымын,

Кескілеспей басылман.

Алдыңа келіп тұрмын деп,

Ар-намысымды қашырман.

Байеке, сұлтан, ақсүйек,

Қыларың болса қылып қал –

Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін жасырман, –

деп батыр емес адам айта ала ма?! Немесе, Жәңгір ханның қарсы алдына барып отырып:

Хан емессің қасқырсың,

Қара албасты басқырсың.

Достарың келіп табалап,

Дұшпаның сені басқа ұрсын!

Хан емессің – ылаңсың,

Қарашұбар жылансың.

Хан емессің – аярсың,

Айыр құйрық шаянсың! –

деген оқтан өткір сөздерді кез келген батырдың да айта алмайтыны шындық емес пе?

Ал, Тілекқабыл болса «Жігіттерін жекіп тоқтатқан сұлтан: «Бұлай айтпаса, Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем меі хан болам ба?» – деп сабыр сақтапты. Өйткені, Баймағамбеттің өз де керек жерде жұртты сөзге тоқтата білетін шешен еді. Оның қатал билеушінің әмірін қоя тұрып, әділ биліктің байламына көшетін көшелілігі» деп көрсетеді. Шындығында, Ордадағы отырғандар қозғалақтағанмен Махамбеттің бас кесуге даяр отырған сұсы басып, өртұра келуге шамалары келмеген. Оның үстіне Махамбетпен бірге келген Үбілер нағыз жеме-жемге келгенде Махамбет жағында болатынын сезген Баймағамбет аңқау батырды астына көпшік қойып шығарып салмаса, сол бойда басының кесілетінін біліп қорыққаннан көлгірсігені анық емес пе? Қажым Жұмалиевтың 1937 жылғы «Әдебиет майданы» атты журналдың 8-9-сандарында жарық көрген «Махамбеттің ерлігі» атты мақаласында: «Егерде сөзіме шамданып әреке жасағысы келетіндей қимыл сезілсе, түгелдей жайратып салайын деп дайындалып барып едім», – деп Махамбет айтыпты» деп жазған.

Енді Тілекқабылдың мына бір сөзіне назар аударайық: «Әттен қазақтың Исатай, Махамбет, Қарауыл секілді беделді адамдары ел мен жер тұтастығы үшін бірауызды болу орнына өзара аттанда сып, алысып-жұлысып шыға келді. Бақ-дәулетке ұмтылған жерді тойымсыздық, есе кеткен жерде ашу-ыза қай заманда қатар жүрмеген», – деп автор қатты өкінеді.

Жәңгір хан, Исатай, Махамбет туралы 1925 жылдан бастап жазылған өзім оқыған деректерде көтерілістің шығу себебінің негізі арғы жағы хан қысымы болғанмен, бергісі Қарауылқожа Бабажановтың қара халыққа көрсеткен зорлығынан басталғаны дәлелденген. Жәңгір хан өзінің қайын атасы Қарауылқожаға Каспий теңізінің жағалауындағы барлық жердің билігін беріп, управитель етіп, 700 мың десятина жерді иелігіне берген. Қарауылқожа өз шешімімен Астрахан қаласының ірі помещиктері Безбородка мен Юсуповтерге жағалаудағы бұрынғы жерлерінің үстіне 324 мың десятина жерді жалға берген. Олар жағалаудан 272 батаға ашып, аулаған қызыл балықтары мен қара уылдырықтарды Еділ арқылы ішкі Ресейге айырбастап, түскен түсімнің бір бөлігін Жәңгір мен Қарауылқожаға әкеліп отырған.

Теңіз жағалап, азғантай малымен күнелтіс жасап отырған жұрт Қарауылқожаның тапсырмасымен тұтастай қуылып, қыс қыстауы мен жаз жайлауынан айырылған. Сол жердің старшинасы Исатайға аузы дуалы Махамбетке келіп арыздарын айтып, арашашы болуды сұраған. Исатай елдің жағдайының ауырлап бара жатқанын, істеген отырған ісінің дұрыс еместігін Қарауылқожаға келіп айтып, ара ағайындылық жасағысы келгенмен ол ымыраға келмек түгілі Исатайға:

зекіп: «Мұндай әңгімемен маған екіншілей көрінбе», – деулі Қарауылқожаның астамшылығын Исатай қайдан көтерсін: «Зорлығыңды тоқтатпасаң, қанжығада көрісерміз», – деп кетулі.

Қарауылқожаның жасап отырған іс-әрекетін Исатай да, Махамбет те Жәңгір ханға барып хабарлағанмен хан нақты шара қолдана алмаған. Әрине, Жәңгір хан қайын атасына іс-әрекетін тоқтатуды айтқан, бірақ Қарауылқожа тыңдамаған. Дер кезінде Қарауылқожаны хан жарлығымен тезге салғанда көтеріліс болмаған болар еді, болса да көп кейін болар ма еді деген ой туады. Жәңгірдің жіберген басты қателігі – Қарауылқожаға әлінін жетпегендігі, Қарауылқожаны басына шығарып алғандығы деп түсінеміз. Сөйтіп, көтеріліс басталды, көтерілістің басында Исатай мен Махамбет тұрды.

Сол тұста Жәңгір Исатайды енді өзі Ордаға шақырды, бірақ, Исатай ол шақыруға Қарауылқожаға деген реніштің әсерінен бармады. Қарауылқожаның ауылы шабылып, мал-мүлкін көтерісшілер бөліп алды.

Сол Қарауылқожаны бұл күндері болғанда Исатай мен Махамбеттің қатарынан орын алмады, халықтың құрметіне бөленбеді деп орынсыз өкініш білдіргеніміз әділеттікке жатпас. Сол сияқты бақдәулетке ұмтылды, тойымсыздық жасады деген сөзді Махамбетке емес, Қарауылқожаның жеке басына арнаған жөн. Тілекқабыл «Мәңгілік Махамбет» атты мақаласының соңғы жағында: «Пушкин демекші, ол да Махамбет сынды ар-намыс үшін басын оққа тікті емес пе? Пушкиннің дуэлі мен Махамбеттің дүрбелеңі бір мезгілде 1837 жылға келеді екен. Қазаққа етене жақын украин қобзары Тарас ақын да бунтарь атанды. Ең болмаса, Махамбеттей астында ереулі аты жоқ, істік мылтықты жаяу солдат Шевченконың бунтарь-батыр болатындай қайраты, кәне? Тағы да айнымас дәлел – қай уақытта да аруакты сөзді ақын, әлгі Пушкин айтатындай, Александрия бағанасынан да заңғар тұрмақ. Ендеше, 200 жылдығын атағалы отырған ЮНЕСКО сарайында Махамбетті алдымен өршіл рухты ақын ретінде енгізгеніміз дұрыс», – деп жазыпты.

Бұл арадағы ескерілетін жәй, біріншіден, Махамбеттікі дүрбелен емес, ол – шаруалардың ұлт-азаттық қозғалысы, өзі сол көтерілістің рухани көсемі болды.

Тілекқабыл «бунт» пен «восстание» деген сөздердің арасын ажырата алатын шығар, сондықтан, оны тәптіштеп жазбай-ақ қояйын. Жәңгір хан, Баймағамбет, Қарауылқожа бастаған үстем тап өкілдерінің Махамбетті «бунтарь» етіп көрсеткісі келгені рас, бірақ, ол өзінің бунтарь немесе бүлікші еместігін дәлелдеген адам ғой.

Екіншіден, Махамбет Пушкин сияқты жеке басының ар-намысы үшін әйел жолында басын оққа тіккен жок, ол өзінің елінің ар-намысы үшін күреске шықты, сол үшін басы кесілді. Махамбеттің іс-қимылы мен алдына қойған мақсатын Пушкиннің дуэлімен қатар қойсаңыз, қатты қателесесіз.

Рас, Махамбеттің ақындығын Пушкиннің, Тарастың ақындығына қатар қойғыңыз келсе, қарсы болмай-ақ қояйық. Солай болғанның өзінде ұлттың намысын қозғайтын, жауына қарсы аттандаған ұранға толы отты жырларды немесе алдаспанын суырып, ақырып жауға кіріп жүрген батырлықты Пушкиннен де, Тарастан да таба алмайтыныңызды мойындағаныңыз дұрыс. Халықтың азаттығы, теңдігі жолында алмас қылышымен де, азаттықты көксеген асқақ жырымен де нағыз батырша, нағыз ақынша өмірін ешкімге бас иместен өткізген Махамбет қой, ол!

Махаңның 200 жылдық тойы қарсаңында тарихи ақиқатқа көлеңке түсірмей, оның батырлығы мен ақындығына, сазгерлігіне берілетін бағаны жоғарылатпасақ, төмендетпейік!

Ендеше, 200 жылдығын атағалы отырған ЮНЕСКО сарайына Махамбет жүрек жұтқан батыр, өршіл рухты ақын, теңдесі жок сазгер деп енгізілсе орынды болмақ.

Махамбеттің жырлары мен жүрек жұтқан батырлығын және сазгерлігін әспеттеп, оның аруағына бас иіп тәубе еткен барлық қазақ азаматтарына Махамбеттің тағдырын емес, тас жарған, тас жармаса, бас жарған талантын берсін деген, тілегімді білдіргім келеді.

«Жұлдыз» журналы, №12, 2002 жыл



БІЗДІҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫМЫЗ

1954 жылы тамыз айының 29-ы күні Гурьев облысындағы (қазіргі Маңғыстау) Маңғыстау ауданының Тұщықұдық селосынан почта таситын Қосым шалдың түйесіне мінгесіп, сол кездегі аудан орталығы Таушық поселкесін бет алып, жолға шықтым. Шешем аурулы, күйіміз шамалы, жолға азыққа бір табан нан пісіріп берген. Ол кезде аудан бойынша орта мектеп біреу, ол – аудан орталығы Таушық поселкесінде, Шахта орта мектебі деп аталады. Менің интернатқа орналасып, 8-класқа оқу үшін келе жатқан бетім.

Қосым ақсақалдың почта таситын көлігі күйсіздеу, қатты жүруге жарамайды, жайлап аяндап жүреді. Ара-арасында мені түсіріп жеткестіріп алады. Жолға бір түнеп, 30 тамыз күні сәскеде Таушыққа да жеттік-ау. Қолымда жіппен ортасынан таңылған, тозығы жетіңкіреген чемоданым бар, түйеден түскесін кідірместен мектепке келдім. Келсем, мектептің ауласының іші толы бала, олар интернатқа орналасуды сұрап, арыз жинап жатыр екен, мен де арызымды жазып, соларға қосып жібердім. Арыздарымызды жинап алғаннан кейін: «Сағат төртте осы жерге жиналыңыздар, интернатқа қабылданатындардың тізімі оқылады», – деп бізді таратты. Менің жақын жерде бара қоятын үйім де жоқ еді, сағат 4-ке дейін интернаттың көлеңкесінде аялдай тұруға тура келді. Интернат мектептің қарсысында орналасқан, екеуінің арасы тас қоршаумен қосылған, ортасы – үлкен алаң. Чемоданымды астыма қойып отырдым, қарным да сыздап ашып барады, кешегі ауылдан алып шыққан нанды Қосекең екеуміз жолда бөліп жеп алғанбыз. Сөйтіп отырғанымда, ұйықтап қалыппын, біреу келіп: «Әй, бала, неғып отырсың?» – деп оятып жіберді. Мен: «Тұщықұдықтан оқуға келіп едім, сағат 4-ке жинақталыңдар деген, соны күтіп отырмын», – дедім. «Онда сағат төрт болды, жинал деген жеріне бара ғой», – деді ол.

Аулаға кірсем, тағы да балалар жиналып, күтіп тұр екен. Көп ұзамай екі адам келіп, интернатқа алынатындардың тізімін оқыды, менің аты-жөнім ол тізімде жоқ болып шықты. Сірә, аталмай қалған жалғыз мен болмасам керек, «Біздер тізімде неге жоқпыз?» деген дауыстар ду ете түсті. Тізімді оқыған адам: «Әуелі жетім балалар алынады, содан кейін жартылай жетім балалар қабылданады, содан соң орын болса – басқа балаларды қабылдаймыз», – деді. Әлден соң ол:

«Қазір кімнің қай класта оқитыны туралы тізімдері оқылады, тізім оқылып болған соң шуламай, әркім өз кластарына барып отырсын, интернатқа алынбағандардың жайы сол жерде шешіледі», – деді. Менің атағым 8 «А» класында оқитындардың ішінде аталды. Класқа кірсем, алдыңғы екі партадан басқа орындарды балалар иеленіп қалыпты, амалсыздан алдыңғы партаға отыруға тура келді. Чемоданымды бұрышқа апарып қойдым. Мен отыра бергенімде, қолында менікінен айырмасы шамалы, ол да жіппен буылған чемоданы бар, киімі де менікі сияқты жұпыны, бұйра шаш, дүрдік ерін қара бала кіріп, чемоданын менікінің қасына қойып, қасыма келіп отырды.

Көп ұзамай класқа қолында журналы бар, манағы ұйықтап жатқанымда оятқан, атжақты, суық жүзді, бойы ортадан жоғары қара кісі кіріп келді. Жапырлап орнымыздан тұрдық. «Отырыңыздар!» деді де, өз орнына жайғасып болған соң: «Менің аты-жөнім – Шоңқалов Торғай деген болады, математика пәнінің оқытушысымын, осы класстың жетекшісімін және интернаттың тәрбиешісімін» деп таныстырды. Содан кейін алфавит бойынша балалардың аты-жөнін, қай жерден келгенін түгелдей журналға және дәптеріне де жазып отырды. Сол кезде класқа рұқсат сұрап, тағы бір қыз бала оқушы келді, артқы парталардың біріне барып орналасса керек. Бір оқушы жаңағы келген қызға «Сыбай болдық, сыбайлас бұрыштардың ережесін сақтайық» демесі бар ма. Солай деуі мұн екен, «Сенің аты-жөнің кім еді, кәне, сыбайлас бұрыштар жөнінде білетінін айтшы!» деп, Төкең баланы орнынан тұрғызды. Бала жауап беріп жарытпады, «Ұмытып қалдым» десе керек. Сонан соң мұғалім:

– Ал, кәне сыбайлас бұрыштар жөнінде кім айтады? – деп класқа көз жүгіртті. Менде «интернатқа алынбайтын болдым-ау» деген уайым, сірә, бар, сосын «себептігі тиетін болар» деген оймен сыбайлас бұрыштардың теңдігін анықтайтын теоремасы мен дәлелдемесінен ойымда бар нәрсені айтып бермек болып, «Мен айтамын» деп қол көтердім. Қарасам, қасымдағы бұйра бас та қол көтеріп отыр екен.

– Ал, кәне, тыңдайық, сенің атың кім еді? – деді оқытушы. Мен аты-жөнімді айттым да, тақтаға шығып, бор іздеп едім, «Ауызша айта бер, түсінемін» деді оқытушы. Мен өзім білетінімді айта бастадым, аз уақыттан кейін ол «Кідіре тұр» деді де, «Кәне, сен жалғастыр» деп бұйра бас қара баланы тұрғызды. Аты-жөнін сұрады. «Кекілбаев Әбіш» деп жауап берді. Маған оқытушы «Отыр» деді де, «Ал, онда, Кекілбаев, сен жалғастыр!» деді. Әбіш айтып болған соң, орнына отыруға рұқсат етті. Содан соң журналды қолына алып, үйден оқитын балаларды бір-бірден тұрғызып, аты-жөндерін, қай мектептен жетінші класты бітіргенін сұрады, содан соң интернатқа жататын

балалардың тізімдерін жасады да, «Енді интернатқа орналаспаған, бұл жерде үйі жоқ балалар бар ма?» дегенде, мен, Әбіш және бір қыз қол көтердік. Біздің аты-жөнімізді жазып алды да, «Үшеуіңіз қазір мұғалімдер бөлмесіне келіңдер!» деді. «Коридорда оқудың кестесі бар, соны жазып алыңдар, сабақ таңертеңгі 8.00-де басталады, кешікпеу керек, осымен бүгінгі сабақ аяқталды» деп таратты. Кластан шығып, коридордағы сабақтың кестесін көшіріп алып, Әбіш екеуміз оқытушылардың отыратын бөлмесіне барып, «Шоңқалов ағайдың шақыруымен келдік» деп едік, «Ол кісі директорда, қазір келеді» деді. Жарты сағаттай күтіп отырдық. Бір кезде ол келді де, менің қолыма тілдей қағазды ұстатты:

– Шәрипова деген интернатта тәрбиеші бар, соған апарып беріңдер, интернатқа орналастырады, – деді. Әбіш екеуміз қуанышымыз қойнымызға сыймай интернатқа келіп, апайымызды тауып, директордың жазған тілдей қағазын беріп, сол бойда орналастық.

Біз өзімізге бөлінген бөлмеге келсек, бізден бұрын екі бала орналасқан екен. Шұңқаров Өтелген, Әбдиев Амантай және екеумізбен төртеу болдық. Қазірде ортамызда Амантай жоқ, өмірден ертелеу кетіп қалды, Шұңқаров Өтелген – ғылым кандидаты, Ақтау университетінде кафедра басқарады.

Келесі күні таңертең сабаққа келдік. Бірінші сабақ орыс тілі болды. Валентина Яковлевна Осташкова деген орыс қызы келіп, сабақ бастады. Әрқайсысымызды орындарымыздан тұрғызып, аты-жөндерімізді тіркеп, 1-2 минуттай сөзге тартты. Орнынан тұрып жауап берген балалардың орысшалары өзімнен асып бара жатпағасын, «қарар болдық-ау» деп отырғанмын. Кезек Әбішке келгенде орнынан тұрып, кідірместен өзін толық таныстырып, оқытушыдан өзін таныстыруды сұрады. Ол кезде Маңғыстау ауданында (ол кезде Гурьев облысы) орыстар атымен жоқ десем, өтірікші болмаспын. Форт-Шевченко қаласында ғана орыстар болды, ондағы мектепте оқыған балалар азды-көпті орысша білетін-ді.

Менің орыс оқытушысын бірінші көріп тұрғаным. Мен Әбішке, оның орысша іркілмей сөйлейтініне қатты таң қалдым да, қызықтым да, қызғандым да. Міне, осылайша біздің таныстығымыз басталды. Көп ұзамай-ақ Әбіштің барлық пәндерден жақсы білетінін, әсіресе, қазақ, орыс әдебиеттерін, тарих пәндерін сүйіп оқитынына көзіміз жетті. Әбіштен орысшаны қалай жақсы үйренгенін сұрағанымда, өткен жазда орыс тілді адамдардың арасында төрт айдай экспедицияда жұмыс істегенін, сонда біршама үйреніп қалғанын, оның үстіне орыс әдебиеттерін де үзбей оқитынын айтты.

Оқу басталып кетті, екеуіміз үнемі кітапханаға барамыз. Әбіш сол кездің өзінде кітапханадағы классиктердің еңбектерін алып оқып тауысты десек артық болмас. Мен де сол кезде 5-класымнан бастап әдеби кітаптарды көп оқитын едім. Мұхтар Әуезовтың «Қараш қараш», «Қилы заман», «Абай жолы» эпопеясының әуелгі екі кітабын Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім», «Ботагөз», Әбдіжәмі Нұрпейісовтің «Қурляндиясын», Жюль Верннің таңғажайып қияли кітаптарын, Пушкиннің, Тургеневтің, Чеховтің қазақша аударылған дарын оқыған болатынмын. «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Карасай-Қазы», т.б. дастандарды жатқа білетін едім. «Кербаланың соғысы», «Зарқұм», «Сал-сал», «Дариға қыз» «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық» дастандарын сол кезде жыр айтатын Токсанбай, Айтқұл, т.б. ақсақалдардан естіп, есімде сақтаған жайым бар. Маңғыстау облысындағы Сталин атындағы колхозды Қарашағыр жеті жылдық мектебінің кітапханасындағы қазақ тілінде бар іске татыр төлтума және аударма кітаптарды тауысып оқып келген болатынмын. Сөйтіп, мен де өзімше «көп оқыдым-ау» дегендей дәрежеде жүргенмін.

Әбішпен біріккен соң менің «көп оқыдым» деп жүргенім те әшейін нәрсе болып шықты. Әр демалыс сайын Таушықтың орталық кітапханасына барып, алған кітаптарымызды тапсырып, жаңадан кітап аламыз. Әбіштің алып оқитын кітаптары – Хемингуэй, Моэм, Набоков, Джек Лондон, Киплинг, Иво Андрич, Колдуэм, Чехов, Мамин-Сибиряк, Ги де Мопассан сияқты атақтылардың еңбектері. Менің тісім батқоймаған кітаптар. Әбішке еріп мен де аталған жазушылардың орысша жазылған кітаптарын оқиын десем, түсініп жарымайтындығымна болар, ұйқым келе бастайды. Бір күні Әбіш маған Толстойдың «Кавказ әңгімелерін», «Қазақтар», «Крейцер сонатасы», «Иван Ильичтің өлімі», «Хажы-Мұрат» кітаптарының қазақшасын оқып шығуды содан соң орысшасын оқуға ақыл берді. Толстойдың қазақшаға аударылғандарын, соңынан орысшасын оқып шыққанымда, орысша сайрап кетпегенмен, орыс тіліндегі кітаптардың мазмұнына ләкер түсінетіндей болып қалдым. Соңынан Достоевскийдің «Өлі үйде шыққан жазбаларын», «Құмарпаз», Пастернактың «Доктор Живага сын», Кобо Абэнің «Құмдағы әйел», «Бөтеннің түрі» кітаптарының орысшасын оқып шыққанымда, Әбішім қатты қуанды. «Сен енді менсіз де классиктердің орысшаға аударылған еңбектерін оқып түсіне бастадың, осыныңнан жазбасаң, осы оқу жылының аяғын дейін орысшаға судай боласың!» дегені әлі есімде.

Бірде Әбіштің Стефан Цвейг жазған, ұмытпасам «Бальзак» атты кітапты оқып отырып, «Кейбір жерлері орысшаға дұрыс аударыл

мапты, былай деп жазғанда, дұрыс болатын еді» деген сөздері есімде қалыпты.

Мен Әбіштің әдебиетке деген құмарлығына, оның терең біліміне, ойшылдығына, сол кездегі адамгершілік қасиетіне таң қалатын едім. «Біздің заманымыздың Аристотелі осы шығар» деген ойда болатынмын.

Қыркүйек айының орта кезеңінде оқушылардың жалпы жиналысы болды. Жиналыста оқушылар комитетінің төрағалығына Әбіш сайланды, мен дружина кеңесінің төрағалығына бекітілдім, сонда қабырға газетінің редколлегиясы белгіленді. Редактор болып Т. Көшекөв сайланды, мүшелеріне И. Сейітов, А. Әбдіров, Ә. Кекілбаев, Б. Төлеуғалиев енгізілді. Интернат кеңесінің төрағалығына Т. Ерғалиев, комсомол ұйымының хатшылығына Б. Озғанбаев сайланды.

Ерғалиев Тілекбай, Көшекөв Төлесін, Әбдіров Асан, Озғанбаев Бегалылар жоғарғы кластың оқушылары болатын. Осылайша оқушылар арасындағы қоғамдық жұмысқа қызу араласып кеттік. Оқу жылының ортасы болды. Оқушылар қысқы демалысқа шықты. Күйсіздеу балаларға интернатта қала берулеріне рұқсат етілді. Олар интернаттың жеңіл-желпі жөндеу жұмыстарын атқаруға тиісті болатын. Мен ауылға бармай, солардың қатарында интернатта қалдым. Әбіш те ауылына бармай қалды. Оның негізгі себебі, сірә, кітапханадағы кітаптардың оқылып таусыла қоймағандығынан болар деп ойлаймын. Осылайша оқу жылы да аяқталды, табылған көлікпен ауылдарымызға аттандық.

Келесі 1955-56 оқу жылында Таушыққа қайта келдік. Былтырғыдай емес, биыл Әбіш екеумізді интернатқа бірінші кезекте қабылдады. Менің жағдайым тым ауырлау болатын. Бұрын айтқанымдай, жәрдемақы күнелтісімізге жетіңкіремейді. Бізге көмектесіп келе жатқан нағашы әкеміз – Мәтен деген ақсақал, оның зайыбы, екеуі де сол жылы қайтыс болды. Біздің үйіміздің іші және нағашымыздың отбасыларының күнелтісі шешемнің інісі Мағзамның мойнына қалды. Осындай жағдайға байланысты нағашы ағамыз сол кезде Таушықтан ашылып жатқан шоферлік курсқа түсіп оқығанымды қолайлады. Амал жоқ, келісуге тура келді. Ол кезде Тұшықұдық селолық кеңесінің хатшысы Найзабеков Мұңал деген азамат еді. Сол кісі жасы 18-де деген анықтама беріп, колхоздың қаржысын шоферлік курстың есебіне аударып та қойған болатын.

Мен интернатқа орналасып алғасын, 7-шахтадан ашылған шоферлік курсқа таңсәріден кетіп, түс қайтағы сабаққа мектепке келіп тұрдым. Кейде интернаттың түскі тамағына үлгермей, тікелей сабаққа

келетінмін. Мұндай жағдайымды тек қана Әбіш біледі, басқа бірде-бір адам білген жоқ.

Бір күні таңертең ерте күндегіше интернат ауласына шыға бергенімде, класс жетекшіміз және интернат тәрбиешісі болып қызмет атқаратын Шоңқалов Торғай ағайымыз мені кідіртті де: «Сен үнемі сарыала таңнан қайда барып жүрсің, мен көптен көріп жүрмін, шыныңды айт?!» демесі бар ма. Менің ол кісіге өтірік айтуға шамам келмеді, басымдағы жағдайларымды толық айтып бердім. «Ие, солай де, Төлеуғалиев, бұныңды менен басқа кімдер біледі?» – деді ол. Мен ешкім де білмейтінін айттым. «Олай болса, бұл жайыңды маған айттым деп ешкімге айтпа, бастапсың ғой, аяқта, бірақ, өзіңе қиын болатын шығар» деді де жүре берді. Мен екі оқуды да жалғастыра бердім. «Менің шоферлік курсты қосып оқып жүргенімді Әбіш балаларға айтып қоя ма?» деген іштей күдігімнің қате екенін артынан ұқтым. Оның айтпағаны былай тұрсын, менің курсқа кеткен кездерімде, оқытушылар іздей қалғанда «кітапханаға кетті, почтаға кетті, ауруханаға кетті» деп іздеушілерді шығарып салып отырғандығын соңынан білдім.

Сонымен, 1956 жылдың қаңтар айы болу керек, Әбіш екеуімізге қоштасуға тура келді. Себебі, ол өзінің аулынан ашылған Ленин атындағы орта мектепке оқитын болды. Ол кездерде мен де шоферлік курсты аяқтауға жақын едім. Қаңтар айының аяғында бітіріп, шоферлық правоны алдым.

Әбіштің кетерінде маған: «Шоферлікті бітіргенмен, оқуды тастама, мектепті бітіруімізге аз қалды, жазғы каникулда жұмыс істеп, ақша табармыз, Алматыға университетке бірге кетерміз», – деп қайта-қайта айтқаны әлі есімде. Солай дегенмен, өмір өз дегенін істеді. Мен сол жылы интернатта жатып, 9-класты бітірдім де ауылға барып, колхоздың жұмысына кірісіп кеттім. Кейіннен барып, Шоңқаловтың көмегімен 10-кластың емтихандарын сырттай оқитын оқушылардың сынында тапсырып, оқуды толық бітірдім.

1957 жылдың жазында Мәскеуде Жастардың дүние жүзілік фестивалі өтті. Соған орай ауылдарда, аудандарда дайындықтар өткізіліп, облысқа адамдар іріктелінді. Маңғыстау ауданынан облысқа баратын өнерпаздар арасында мен де болдым, Әбіш те қатынасты. Әбіш өзінің шығарған өлеңдерін оқитын, мен Шона Смаханұлының сын тақырыптарындағы көркем сөздерін оқыдым. Сондағы бір жағдай әлі есімде. Атыраудың (ол кездес Гурьев) үшінші ауданының асханасында біздерді тамақтандырған. Асханада шыбынның көптігінен тамағымызды дұрыс іше алмағанбыз. Кешке концерт қойғанымызда, Әбіш асханадағы тазалықтың нашарлығын сынап, «Шыбын тамақ

ішкізбейді» деген алты шумақтан тұратын сол күні шығарылған сатиралық өлеңін оқып шығып, залдағы отырған көрермендер ұзақ қол соғып еді. Қатысып отырған облыстың басшыларына ұнамағандығын артынан білдік.

Әбіш сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетіне түсіп, оқып кетті. Менің Әбішпен бірге университетке түсіп оқимын деген арнамым орындалмағанмен Гурьевтің ауылшаруашылық техникумына түсіп, бітіріп шықтым. Одан кейін Мәскеудегі Бүкілодақтық кәсіподақтардың жоғарғы мектебінің экономика факультетін бітірдім. Совхоздарда бас инженер, партия комитетінің хатшысы, аудан партия комитетінің бөлім бастығы, совхоз директоры, ауылшаруашылығы кәсіподақтарының облыстық комитетінің төрағалығы қызметтерін атқардым. Балаларым ер жетті, бәрі де жоғары білімді мамандар. Немерелерім бар, Құдайға өкпем жоқ. Қазір де «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қызмет атқарамын.

Әбіш 1960 жылдардан бастап тынымсыз еңбек етіп, талантын әр қырынан таныта білді. Өлеңдер жинағынан басқа повесть, әңгімелердің, сыни еңбектердің бірнеше кітаптарын шығарды. «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елен-алаң» аталатын романдар жазды. Г. Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Л. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік» романының тарауларын, шетел авторларының әлденеше пьесаларын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Москваның «Молодая гвардия» баспасынан шыққан Әбіш Кекілбаевтың «Дала балладалары» (1975) кітабына алғы сөзінде Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Ол өзінің шығармаларында атақты тарихи оқиғалар есімін саудаға салмайды. Ол өзінің халқының өткен тұрмысын әспеттеу немесе мансұк ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипатын философиялық, психологиялық тұрғыдан терең көрсету бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көрсете түскен» деп тұжырымдайды.

«Күй» повесі ГДР-дің «Фольк унд вельт» баспасында екі рет қайта басылып шықты. Белгілі неміс сыншысы Герберт Кремпиен осы повесті талдауында: «Адайлар мен түркімендер арасында жүздеген жылдарға созылған алауыздықтан хабардар ететін осы оқиғалар «көшпенді халықтарда бұрын тарих болмады» деген қауесетті жоққа шығарады, мұндай қауесет бұрын қазақтарға да таңылып келген еді... Сонымен қатар, Орта Азия даласында өткен кішігірім қақтығысты суреттеу арқылы да үлкен қоғамдық мәні бар гуманистік хикая жасауға болатынын дәлелдеді. Қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев ертедегі ұлттық тарихқа үнілсе де, бүгінгі заманда, мысалы, Африка халық-

тары үшін айрықша мәні бар өте көкейтесті жайларды қозғайды», – деп атап көрсеткен.

Көпшілікке белгілі «Ханшадария хикаясы» повесінде әділет пен сүйіспеншілікке, адамгершілік пен қайырымдылыққа қарама-қарсы суреттелген, көпшілікті өлшеусіз қасірет-қайғыға, алапат ойран сұмдықтарға бастайтын шеті-шегі жоқ билік пен қарақан басының қамын күйттеген сол билік иесінің ештен кеш болса да, райынан қайту кезеңі, рухани қайыршылық көріністері жан-жақты сипатталған. Бұл повесть Шыңғыс хан туралы көне аңызға құрылған болатын.

Ал жазушының «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестері, ондағы оқиғалар біздің заманымыздағы әлеуметтік ой-пікірлер жағынан қозғау салады. Ауылдағы қарапайым оқиғаларды шебер суреттеп, қазіргі заманның қажетіне асарлық, адамшылық-этикалық тұрғыдан ойлар туғызады.

Әбіштің тарихи балладалар циклі «Аңыздың ақыры» романында өзінің толық көркемдік шешімін тапқан. Бұл тұрғыда Шыңғыс Айтматов: «Дарынды қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгіннің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап – ойшылдықтың сатысынан қарағанда да, аңыз әңгімелер мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы. Кекілбаевтың таланты, менің пікірімше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен» деп өз пікірін ашық білдірген болатын.

«Бір шоқ жиде», «Автомобиль», «Құс қанаты», «Шеткері үй» повестерінің кейіпкерлері Әбіш балладаларында кездесетін қаһарлы қаныпезер емес, билік тізгінін ұстамаған қарапайым қатардағы адамдардың қазіргі кезеңдегі өмірлерін нақтылап көрсеткен. Бұл тұрғысындағы А. Буниннің жазған пікірінде «Кім жөнінде айтсақ та, бәрібір емес пе? Жер бетіндегі әрбір жұмыр басты пенде жайында Ә. Кекілбаевша жаза алсақ, өте дұрыс болар еді» деген еді.

Әбіш 1978 жылы бастап, 1983 жылы аяқтаған «Үркер», «Елең-алан» романдары үшін 1986 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Сөйтіп, шығармашылық жолындағы өзінің құрметтелген биігіне шықты.

Әбіш өндірістік жұмыстарды атқару кезінде де тынымсыз қызмет жасайды екен, оған бір мысал айта кетейін.

1985 жылы шілде айының іші болуы керек. Алматыға самолетпен түскен бойда Әбіштікіне келдім. Үйге келсем, Клара (Әбіштің жолдасы) Әбішке телефон соғып, үйге менің келгенімді хабарлаған болуы керек, «Сені Әбіш телефонға шақырып жатыр» деді. Телефонмен елдің амандығын сұрасқаннан кейін «Мен үйге бүгін бармаймын, осында түнеймін, үйге ерте кешке барамын, сен ерте

жиналысыңнан шыққан соң үйге кел, қонақүй дегенді қой, бүгін Клара, сірә, өзіңе тиді ғой» деп әзілге айналдыра бастады. Мен әзіл әңгімесін бөліп, үйге бара алмаймын дегеннің мәнісін сұрадым. Ол кезде Әбіш Мәдениет министрінің өндірістік жағынан орынбасары болып жасайтын. Қазір есімде жоқ, бір үлкен мәдени объектінің құрылысы салынып жатса керек, «Сол құрылыстың бір маңызды бөлігін бүгін түнгі ауысымдағылар аяқтайды, соның қасында болмасам болмайды» деді. «Онда өзіңе дем алатын орын бар ма?» деп сұрасам, «Прорабтардың кереуеті қойылған бір бөлме бар, сонда көз шырымын алуға болады» деп қарап тұр. Әбіштің тікелей өндіріс басқарғандағы ынтасын көріп, сонда таң қалғанмын.

Әбіштің еңбегі Одақ кезінде де, қазірде де бағаланбай қалған жоқ. Әдебиетке сіңірген еңбегі ескеріліп, 1982 жылы КСРО-ның «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды, 1987 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді, 1995 жылы «Қырғызстан Республикасының еңбегі сіңірген мәдени қайраткері» деген атаққа ие болса, сол жылы Президенттің «Бейбітшілік пен рухани татулық» сыйлығын да алды.

«XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» атты халықаралық әдеби-анықтамалық басылымға (проспект) Кеңестік Шығыстан Шыңғыс Айтматов, Әбіш Кекілбаев, Расул Ғамзатов есімдері ғана енгізілді.

Осы әңгімеге орай, бір штрих ойыма түсіп отыр, айта кетейін. 1970 жылдың жаз айларының бірінде Москвада, ВДНХ-да, Олжас ағамызбен кездесіп қалдым. Ол кісі бүгін Алматыға жүріп кететінін, «Россия» қонақ үйінде Әбіштердің бар екендігін, қай жерде жатқанын айтты. Мен ертесіне таңертең «Россия» қонақүйінің батысынан кіретін жағынан көтеріліп, 7-ші қабаттағы айтқан бөлмеге келсем, есік жартылай ашық тұр екен, рұқсат сұрап ішке кірдім. Ортадағы бөлмеде екі адам шай ішіп отыр екен, Шыңғыс ағамызды таныдым, қасында ақ шашты, орақ мұрынды қара кісі отыр екен. Мен сәлем беріп, аты-жөнімді айтып, қолдасып амандасып, «Әбіш бар дегесін келіп едім» дедім. Менің Шыңғыс ағамызды үшінші рет көруім. Бірінде Алматыда, Әбіш «қонақүйде Шыңғыс Айтматов жатыр» дегесін еріп барғанмын. Әбіш сонда мені таныстырып, бір күлкілі әңгімені айтқан, ол сол күні кеште Әбіштікінде қонақта болған еді. «Әбіш түнде Алматыға ұшып кетті» деді де, «Ә, сен Бектұр екенсің ғой», – деп сол әңгімені айтып күлдіріп алды. «Сол Әбіштің құрда-сы – осы жігіт» деді де, маған қарап: «Бектұр, мына кісі – Расул Ғамзатов деген ағаң» деп таныстырды. Шыңғыс ағамыздың қалжың әңгімесінен кейін мен де кішкене әңгімеге араласып, арасында «Шәке, біздің Әбіш қандай жазушы?» деп сұрап қалып едім, «Әбішке кімнің шәкі бар» деп қазақша жауап берді. Мен «шәкі бар» дегенді «теңдесі жоқ» деп түсіндім.

Расул Ғамзатов та «Әбіш – үлкен ойшыл жазушы» деп, сөз қыстырып жіберді. Мен сөйтіп екі ғұламаның Әбіш туралы айтқандарына көңілім көтеріліп шыққанмын.

Әбіш Кеңес Одағының кезінде Павлодар облысынан депутаттыққа түсті. Ол кезде кімнің қай жерден депутаттыққа түсетінін Орталық партия Комитеті белгілейді. Павлодар облысының Баянауыл ауданында сайлаушылармен кездесу жиналысында бір үлкен ақсақал кісі: «Жігітім, бұл – Қаныш Сәтбаевтың туған жері, бірақ, ол да бұл жерде дауысқа түскен жоқ еді, сенің өзіңнің елің бар емес пе? Өз еліңнен неге түспедің?», – депті. Сонда Әбіш: «Жүйріктігіңді сынағың келсе, жүйрік өсірген елге бар – құлын кезінді көрген жоқпын деп, жалыңнан сипамай қалмас; жігіттігіңді сынағың келсе, азамат өсірген елге бар – атаңмен табақтас болмадым деп, сағынды сындырмас деп ойладым» деген көрінеді. Соңынан, Павлодардан Алматыға жүрер кезінде өзіне сұрақ қойған ақсақал бастаған бір топ қарт адам келіп, батасын беріп, «Текті адамның аузынан шығатын сөзді айттың, парасаттылығыңа көзіміз жетті, ойыңа алған шаруаңыз орындалар» деп шығарып салыпты. Депутат болғаннан кейін Әбіш павлодарлық сайлаушылардың талаптарын орындау жөнінде де көп қызмет атқарды. Мысалы: Майқайың өндірістік орнын пайдалану мәселесін шешті, Сұлтанмахмұт Торайғыровка Маңғыстау облысынан құрылыс материалдары мен шеберлер апарып ескерткіш (мавзолей) тұрғызылды. Екібастұздың экологиялық жағдайы туралы арнайы үкімет шешімі алынды. Павлодар облысының Семеймен шектесетін аудан кеңшарлары ядролық жарылыстан зардап шеккендер қатарына жатқызуға ұсыныс жасады.

Әбіш адамгершілік, азаматтық тұрғыдан да, жазушылық жағынан да, мемлекеттік қайраткерлік жолында абырой асқарында жүрген азамат. Әбіш үнемі еліміздің ауызбірлігін, татулығын берік ұстанатын, алауыздықтан туындап, тұтастық пен бірліктен айыратын келеңсіз жәйттармен үнемі күресіп жүрген қайраткер.

Соңғы жылдардағы Әбіш тікелей айналысып отырған мемлекеттік саясаттағы «Тарихи зерде, ұлттық татулық жылы» (1997), «Тарих бірлігі мен ұлттық тарих жылы» (1998), «Ұрпақтар сабақтастығы жылы» (1999) деп аталып, оған деген шаралардың ұйымдастырылуына көп ұлтты Қазақстандағы барша халықтың үлес қосуы – достық пен ауызбірліктің кепілі болып отырған жоқ па?

Оқушылар назарына ұсынылып отырған естелікте облыс, республика тұрғындарының ішіндегі белгілі азаматтардың Әбіш Кекілбайұлының 60 жасқа шығатынын ескеріп, «Жақсы дос көрінесіңдер, білгендерінді газетке берсейші, біздер де танысайық, түрлі шаралар ұйымдастыруға қажеттігі болар» дегесін білгенімді қысқартып жазып отырмын.

ӘР КЕЗЕҢНІҢ ЖҮКТЕР МІНДЕТІ БАР

1981 жылдың наурыз айының аяқ кезінде аудандық партия комитетінің хатшысы Мырзабаев Киев менің бөлмеме келді де:

– Ал, Төлеуғалиев, жолың болсын, кететін болдың ба? – деп, келуінен кетуі тез болып шығып кетті. Топырағы торқа болсын, Киекен екеуміз қатты әзілдесетін едік және оның үстіне әңгіменің басын айтып, аяғын аяқтамай кетіп қалатын осындай әдеті бар. Ол кеткесін көп шыдай алмай, Киекеннің кабинетіне келдім. Жаңағы айтып кеткен әңгіменің жайын сұрадым.

– Өтірік білмегенсімей-ақ қой, кететін болдың енді бұл жерден, – демесі бар ма.

– Ау, Киеке, мен әлі түсінбей тұрмын, қатты құпия болмаса, не болып жатқанын айтсайшы, – дегенімде:

– Сені «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы совхозға директорлық қызметке жіберетін болды, облыстық партия комитетінің хатшысы Мұрат Қасиев ұсынылған үш адамның ішінен сенің кандидатураны тоқтап отыр, – деді. Ол кезде Қасиев Мұрат деген азамат обкомның ауылшаруашылығы жөніндегі хатшысы болатын.

– Енді көп ұзамай, обком шақыратын шығар, бірінші хатшы ештеңе айтқан жоқ па еді? Айтпаса, енді айтатын шығар, менен естідім деп айтып қойып жүрме, – деп күлді.

Менің Маңғыстау аудандық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөліміне меңгерушілік қызметке Куйбышев атындағы совхоздың партия комитетінің хатшылық қызметінен келгеніме әлі екі жыл толмаған еді. «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың шаруашылығы аудан кеңшарларымен салыстырғанда ауқымдылау болатын себебі, мұнда күрделі механикаландырылған суармалы егін шаруашылығы бар болатын. Шаруашылығының жалпы жағдайымен қағаз жүзінде таныспыз. Кейінгі кезде директор құтаймай келе жатқан жайы бар. Қазіргі директоры Әміров Тұрғанбайдың да барғанына бір жарым жыл ғана болған еді. Совхоздың шаруашылығы ылдилап кеткендіктен оны мен түзете аламын ба, оған тәжірибем жетер ме екен деген ой мазалап, ойланумен отырған орнымда ұзақ отырып қалыппын.

– Төлеуғалиев, бұл не отырыс, жұмыс орнына бар, не ойлап кеттін? – деген Киекеннің сөзінен кейін ойым үзілді де:

– Осы қызметке барғым келіп отырған жоқ, қандай ақыл бересің? – деп Киекене қнылдым. Ол:

– Бектұр, сенің мына әңгіменді менен басқа ешкім естімесін, партияның жұмсаған жеріне бармау дегеннің не екенін білмейсің бе? Егерде облыстық партия комитеті осы ұйғарымында тұратын болса, дәлел айтпастан бару керек, – деп тұжырымдады.

Арада жиырма күндей шамасы өткен болуы керек, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Өтеуов Арон Мақуұлы өзіне шақырып, совхоз директорлығына облыстық партия комитетінің хатшысы Мұрат Қасиевтың мені ұсынып отырғандығын, ол ұсынысты Мұқашевтың қолдап отырғандығын, енді көп ұзамай облыстық партия комитетінің сөйлесуге шақыратынын айтты. Осы әңгімеден кейін үш-төрт күн өтпей-ақ, мен тамағым «ангин» болып қатты ауырып, ауруханаға түстім. Ыстығым көтеріліп, сынап бағанасы 41-42 градусқа дейін жетіп, 7-8 күндей жатып қалдым. Сол кезде облыстық партия комитетінің мені шақырғанын естідім. Ауруханадан шыққан бойымда обкомға келіп, Мұрат Қасиевте, одан соң Саламат Мұқашевта болдым. Менің Сәкеннің жеке қабылдауында бірінші болуым. Конференция, пленум, актив жиналыстарында көріп, сәлем бергеніммен, жеке қабылдауында болмағанмын. Кіріп сәлемдескеннен кейін шақырған мезгілде неге келмегенімді сұрады. Мен жағдайымды айтқаннан кейін: «Бектұр, сен мені осында осы қызметке әкеліп отырғызған жиналысқа қатыстың ба?» – деп сұрады. Мен Саламат Мұқашевты облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындаған кезде Маңғыстау ауданының Куйбышев атындағы совхозында партия комитетінің хатшысы болатыным, ол жиналысқа қатысқанмын.

– Онда сен мені көрген шығарсың, президиумда зорға отырдым, тамағым ісіп кетіп, су іше алмай жүргенімде осы қызметке байланысты Москваға барып, содан тікелей осында келген бойым болатын. Сен болсаң «тамағым ауырды» деп Шетпеден Ақтауға келмей жатып алдың, – демесі бар ма. Мен ыстығымның 42 градусқа дейін көтерілгенін, қасымда дәрігер отырғанын, қазір де ақи-тақи жазыла қоймағанымды айтып ақталған болдым.

– Олай болса, – деді де біреулерге телефон шалып, таңертенгі Алматының рейсіне билет алып, мені ұшаққа мінгізіп жіберуді тапсырды. Мен сол күнгі ұшақпен Алматыға бардым. Келесі күні таңертен Ауылшаруашылық министріңде болдым. Түс қайта Қазақстан Орталық партия комитетінің ауылшаруашылығы бөлімінде, содан кейін ұйымдастыру бөлімінде болып, кешкі сағат 5-тердің шамасында Орталық комитеттің хатшысы Трофимовтан бекіп шықтым. Келесі

күні Ақтауға келіп, Сәкеңе қайта кіріп, хабарымды айттым. Сәкең бұл жолы көңілді екен:

– Дұрыс болды, Маңғыстаудан кеше Алматыға барып Ауылшаруашылық министріне кіріп, одан соң ОК-тің секретарында болып бекіп, бүгін Ақтауға қайтып келуіңнің өзі қолынан іс келетіндіктің бір көрінісі, – деп жымыды да, – жұмыс орның құтты болсын, – деп қолымды алды.

– Енді Ақтанов деген бастығына барып, хабарлас, – деді.

Топырағы торқа болсын, Қалекеңе келіп, хабарымды айтып, Ауылшаруашылық министрлігінің мені директорлыққа тағайындаған бұйрығын бердім. Ол кісі:

– Жарайды, ауылға барып демала тұр, екі күннен соң мен Шетпеге барамын, сол жерден кездесейік, аудандық партия комитетінің хатшысымен бірге сені «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшарға алып барып, қызмет орнына отырғызармыз, – деді.

Сонымен, мен 1981 жылдың 20 сәуірінде «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы совхоздың директорлығы қызметіне кірістім. Мені алып барып отырғызған облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Қалекес Ақтанов пен аудандық партия комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Көшімов Әмірхан деген жігіт еді. Кеңшардың активтері алдын ала хабарланған болуы керек, жинақ отыр екен, келген бойда жиналыс ашып, мені таныстырудың рәсімін жасады. Шайырдың адамдары мені бұрыннан танитын болатын. Себебі, 1969 жылы Аманкелді (Тұщықұдық), Правда (Шайыр), Шай (Шебір) колхоздары «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшар болып біріктірілгенде мен орталық жөндеу шеберханасының меңгерушісі болып қызмет атқардым. 1971 жылы «Куйбышев» атындағы совхозға бас инженерлікке жіберген, одан 1973 жылы «Ералиев» атындағы совхоздың техникалық жағдайы төмендеп кетті деп, кеңшар директоры Қаржаубаев Қамысбайдың сұрауы бойынша және өзімнің келісіміммен сол совхозға бас инженерлік жұмысқа аударған. Сол жерде жасап жүргенде 1978 жылы «Куйбышев» атындағы кеңшардың партия комитетінің хатшысы болып сайлануыма байланысты Жыңғылдыға ауыстым. Аз уақыттан кейін аудандық партия комитетінің бөлім бастықтығы қызметіне ауыстырып, сонда Шайырға екінші рет келген бетім болатын. Сол себептен де Шайырдың азаматтары мені жақсы танитын.

Кеңшарды қабылдап алғанымда 31 мың бас қой, 1300 бас түйе, 5 мың бастың үстінде жылқы, 370 гектар суармалы жоңышқа егістігі бар болатын. Жер көлемі жағынан аудандағы кеңшарлардың ішінде ең азы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшар еді. Аудандағы

кеңшарлардың жер көлемдері мал басына шаққанда 11 гектардан келсе, «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардікі 5 гектарға жетпейтін. Оның себебі, 1969 жылы ұжымдық шаруашылықтар бірігіп, кеңес шаруашылығына айналғаннан кейін, «Октябрьдің 50 жылдығынан» бөлініп, тағы да Тұщықұдық, Жаңажол жеке кеңшар болып ұйымдасқанда жердің бөлінуінде қателіктерге жол берілгендіктен біздің кеңшардың жер көлемі айтарлықтай азайып кеткені белгілі болды. Сөйтіп, мен кеңшардың жауапкершілігін мойныма тұтастай қабылдап, шеті жоқ, шегі жоқ, демалысы аз, уайымы көп жұмысқа ден қойып кірісіп кеттім.

Шеті жоқ, шегі жоқ дегенім – жылдың басында малды қыстан аман алып шығудың қамы болса, қыс аяқтала берісімен мал төлдету науқаны басталып кетеді. Бұл жұмыстың егжей-тегжейін жазып кетсек, үлкен шығарма болатынына сөз жоқ, төлдеп бола берген мезгілде, малды жаппай жаз жайлауға көшіру – берісі 200, әрісі 500 км-ге орталық-оңтүстік үстірттерге апарып орналастыру, көші-қон аяқтала берісімен жабағы жүн қырку, оны зауытқа өткізу, осы жұмыспен қатар мал азығын дайындау, сөйтіп жүргенде қозы айырып, отарлау, ол аяқтала бергенде мал шағылыс науқаны басталып кетеді. Бұл тек тікелей малдың өзінде болатын жұмыстар. Осыған қоса, мал азығын дайындау, өз жерінде шабатын шөп болмаса, басқа облыстарға барып, шөп сұрау, суармалы жердің шөбін сапалы түрде шауып алу, т.т. шеті жоқ, шегі жоқ делінетін жағдай осы. Уайымы көп дегенім, осы жұмыстар мезгілінде ұйымдаспай калса, малдың күйі кетеді, суық күзден бастап мал шығыны басталып кетуі мүмкін. Өлген малды ешкім тірілте алмайды. Техника болса, оны тірілтіп алуға болады ғой. Сол себепті де мал басынан шығын бермеу – бірінші сатыға қойылады. Қыс айы басталғанда конторда отыруды сиректетуге тура келеді. Қыстақты аралап, мал азығын, қораның жылылығы мен астының құрғақтығын өз көзіңмен жиі көріп, кетіп жатқан кемшілікті дер кезінде түзетудің шарасы алынуы қажет.

Мал төлдету науқаны басталысымен ұйқыны да азайтуға тура келеді. Туған төлдердің жағдайын күніге көріп тұрмаса кемшіліктер кетіп қалады. Өсімге қалдырылатын төлді сортына, салмағына, жынысына қарап бөлектеп, оның күніге сүтке тойып тұруына жағдай туғызу қажеттігі болады. Елтіріге сойылатын қозы енесінен туғаннан кейін 3 күн сүтке тойып, жылы жерде болып, терісінің өнін кіргізгеннен кейін барып сою пунктіне өткізіледі. Қозы отарлау мезгілінде ұйымдаспай, саулықтар қозысын ертіп күзге қалса, онда ол саулық қысқа күйсіз күйінде түседі. Отардың ішіндегі қозы бөлектенбесе, шаң жұтып, өкпе ауруына шалдығады. Мезгілінде жүн қыркылмаса, қой

қотыр болады, қырқылып, дәріленген тоғыттан өтуі керек. Мал азығы дайындалмай қалса, не болатыны белгілі ғой. Міне, осы қызметтерді мезгілінде сапалы ұйымдастырмаса, директорда уайым көп болады.

Бұрын көп жылдар кеңшарларда бас инженерлік қызмет істегенмен малдың айналасында инженер ескермейтін жұмыстар көп екеніне осылайша көзім жетті. Кеңшардың директоры болып тағайындалғаннан кейін, шаруашылықпен толық танысып алғасын мені мазалаған үш мәселе болды.

Біріншісі – тұрғын үйдің жайы, оның ішінде малшы, бақташылардың кеңшар орталығында үйлерінің болмауы, ер жетіп үйленген балалары кеңшар орталығында қызмет жасайды да, отбасылары орталықтан қашықтағы қыстақта болады. Олардың үлкендері жанұяларымен бірігіп, балаларын оқытып отырайын десе, орталықта үйі жоқ. Орталықтағы интернат үйіне осының салдарынан бала сыймайды. Жақын туыстарының үйлеріне балаларын бөліп орналастырып, әбігерге түсіп жүргені.

Екіншісі – мемлекетке өткізілетін жүннің тазалығының төмен болуынан үнемі төмен сортқа өткізіліп, одан түсетін пайда неғұрлым аз болып келгені. Бұл кеңшардың мемлекетке өткізген жүнінің тазалығы 60-65 проценттен аспапты. Негізгі себебі – жүннің ластығы. Қозысын қосып есептегенде, елу мыңның үстіндегі қойды қолдап тоғытуға көптеген адам күшін керек етсе, ол қойды аяғынан сүйретіп, шаң топыраққа батырып тоғыттағы суға саламын дегенде жүн тазармақ түгел қайта үстіне лас қосып алады екен. Бұл жағдайдан құтылу үшін бірнеше жерден механикаландырылған қой тоғытын салудың қажеттігі туды.

Үшіншісі – жоғарыда айтылған кеңшардың жер көлемі өте аз және шабындық жері жоқ, азғантай ғана Қабақ деген жерде жаңбырлы болған жылдары шөп шабылады екен. Сол себептен де жыл сайын мал азығын көбінесе Наборбудақ кеңшар орталығы деген жерден дайындайды екен. Наборбудақ Шайырдан 400 км жерде, жолы өте нашар, қандай жарамды машина шығарылса да 2-3 рейстен кейін қирап, ондалып жатқаны. Кеңшардың бас экономисі ысылған тәжірибелі, бұрын шаруашылық басқарған Сейілханов Бишехан деген азамат болатын. Сол кісімен ақылдаса отырып, басқа облыстардан дайындаулы тұрған табиғи шөпті сатып алып, темір жол арқылы тасып әкелудің шығынын есептеттім. Ең алыс деген Жамбыл, Қостанай облыстарының дайындаған шөптерінің өзіндік құндарын сөйлесіп анықтап, теміржолдан вагонның тарифтерін біліп, жоба есебін шығарғанда біздің Наборбудақтан дайындаған шөбімізден арзанға түсті. Ол кезде теміржол тарифі өте арзан болатын.

Кеңшардың активистері мен мамандарын жинақтап, осы ойымды ортаға салдым. Бөтен пікір айтылмады. Алдымыздағы жылдың жоспарына он шопанның отбасына екі пәтерлік үй, үш жерден механикаландырылған тоғыт және үш мың тонна шөпті басқа облыстардан сатып алуды жоспарға енгізетін болып шештік. Келесі жылы он отбасылық тұрғын үй салынып, іске қосылды. Үш бригада ұйымдастырылып, үш жерден механикаландырылған тоғыт салынып, іске берілді. Бұрын күнге екі отар қой зорға тоғытылатын болса, енді екі сағатта бір отар қой тоғытылды. Бұрынғыдай қолдап 30 адам емес, тоғытта 3 адам ғана жұмыс жасайтын болды. Содан бастап, жүннің сапасы артты, зауытқа тапсырылған жүннің тазалығы 80-85 процентке дейін жетті. Бұл көрсеткіш Маңғыстау ауданы емес, облыс көлемінде алдыңғы орынға шықты. Осы жағдайға байланысты шопандар жеке меншік қойларының жүнін дайындау мекемесіне емес, кеңшарға өткізетін болды. Оның себебі, дайындау мекемесі жеке адамдардан жүн қабылдағанда тазалығын 60 пайыздан жоғары етіп алмайтын еді. Осылайша жүн жыл сайын зауытқа жоғары сортпен өтетін болды. Жүн өнімі жоспарланған бағасынан арзанға өтіп келген болса, енді жыл сайын қыруар қаржы қосымша түсетін дәрежеге жеттік.

Маңғыстаудың ауа райы қолайлы емес. Жиі қуаңшылық болады, жаңбыр аз, жердің шөбі шабындық түгіл жайылысқа болмай жатады. Осыған байланысты және арзанға түсіру мақсатында жұмыс істеген он жылдың ішінде бірнешедеген облыстардан шөп сатып алып, темір жолмен тасып жеткіздік. Даладан сатып әкелген шөбіміздің құны өз облысымыздан дайындалған шөптен қымбатқа түскен жоқ. Өз жерімізден дайындалған шөптің әр центнері 5 сом 20 тиыннан келіп тұрса, Қостанайдан алған шөптің әр центнері 4 сом 90 тиыннан келді. Қостанайдан үш жыл қатарынан шөп алдық. 7,5 мың тонна шөп сатып алып, темір жолмен аудан орталығы Шетпеге әкелініп, ары қарай тасып алып отырдық. Бұл жерде кеңшар орталығы Шайырдың Шетпеге жақындығы да біз үшін, әрине, тиімді болды. Шөп алудың бастамасындағы түрлі қиындықтарға байланысты үнемі өзімнің барып ұйымдастырып қайтуыма тура келді. Қостанайдан екінші рет шөп алатын мезгілде біздің облысымыздың барлық жерінде қуаңшылық болып, соған байланысты Қазақстан үкіметінің 10 мың тонна шөпті Қостанайдан дайындап алуға деген жарлығы бойынша бірнешедеген кеңшар директорлары болып, өз машиналарымызбен барғанбыз. Бізді бастап апарған Маңғыстау аудандық атқару комитетінің төрағасы Есболов Қабіболла деген азамат еді.

Қостанайға барып, біздің директорларды аудандарға бөлгенде, 3 мың тонна шөпті Федоров ауданынан алатын біздің кеңшар бо-

лып белгіленді. Кейбір аудандарда шөп беретін мүмкіндік жоқ деген әңгімеге байланысты басшымыз Қабиболла сол аудандарға өзі барып жолығу үшін кейбір кеңшарлардың директорларын алып жүріп кетті де, мен Федоров ауданына келдім. Аудан орталығына келіп, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Ахметов деген өзіміздің қандасымыз екен, сол кісінің қабылдауында болып, негізінен келіскенінен кейін, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына кірудің қажеттігі туды. Себебі Ахметов: «Негізгі қорытындыны сол кісі айтады, болады десе болады, болмайды десе, оған біздің билігіміз жетпейді», – демесі бар ма. Ол кісіге барып салым суға кетіп шықтым. «Шөп егін аяқталғасын қыркүйек айында беріледі», – деді. Өзі Жоғарғы Кеңестің депутаты, Еңбек Ері, «ту» десе түкірігі жерге түспей тұрған адам екен.

«Енді қайттім?» күйге түсіп, Қостанайға кештетіп қайтып келдім. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы бастығына кіріп, хабарымды айттым. «Олай болса обкомның ауылшаруашылық бөліміне барып хабарласқаныңыз дұрыс шығар, біздің айтқанымызды ол кісі тыңдай қоймайды», – деді. Обкомға барсам, ауылшаруашылық бөлімінің бастығы жолсапарда болып шықты. Ауылшаруашылығы жөніндегі хатшысының да ауруханада жатқандығын айтты. Нұсқаушылардың біреуі қазақ жігіт екен маған жайлап қана: «Климов Демиденкодан басқасын тыңдамайды, басқалар айтса болады дейді де, болғызбайды. Сіз тек қана Демиденкоға кіруіңіз керек, оған кіру қиын, ол кісі үнемі танертеңгі сағат алтыда келеді, сонда күтіп тұрып айтып қалмасаңыз, басқа жолы жоқ», – деді.

Келесі күні таңғы сағат 5-те келіп күттім: дәл сағат алтыда келіп, машинасынан түскенде мен де қарсы жүріп, сәлемімді бердім. Маңғыстау облысынан келгенімді айтып, 5 минутқа қабылдауын сұрадым, ол кісі өзімен бірге жүруге ишара жасады. Барғасын жағдайымды қысқаша айтып шықтым. Тындап болғасын қолма-қол телефон соқты, соққан адам жұмыс орнында болмады-ау деймін, «Климовтың үйіне кос» деді, сонда барып, Федоров ауданының хатшысына соғып жатқанын білдім. Амандасып болысымен, тікелей менің жұмысыма көшті. «Менде Маңғыстау облысының бір совхозының директоры отыр, кеше саған барған екен, қуып жіберіпсіз, алатын 3 мың тонна шөбін кеңшарларының директорларына тапсырма беріп, Тобольға тасытып бересің, мен еңбек демалысынан келгенде бұл директор сенде болмайтын болсын, осы шөпті жіберіп болғанша, саған демалыс бермеймін», -- деп жымынып күліп отырды. Ана кісінің не айтқанын білмеймін, «жарайды, жарайды» деді де, тағы күлімсіреп, трубканы орнына қойды. Сосын телефонмен тағы

біреуді шақырды, шақырған адамы келгесін маған қарап: «Мына кісі обкомның екінші хатшысы, мен ертең демалысқа шығайын деп отырмын, жұмыста кедергілер болса, осы кісімен хабарласарсың, Климов та ертеңнен бастап демалысқа кетеді, сен қазір Федоров ауданына бар, Климов директорларын шақырып, сенімен кездестіреді, тапсырмасын береді, шөбінді аласың», – деді. Мен рахметімді қайта-қайта айтып: «Демалысқа кетсеңіз, жолыңыз болсын», – деп қолын алып, көңілімді бірлеп, Федоров ауданына келдім.

Бірінші хатшының қабылдау бөлмесінде бірнеше адам отыр екен, келген мені көріп, хатшы қыз: «Маңғыстаудан келген сіз бе, сізді хатшы күтіп отыр, кіре беріңіз», – деді. Мен кіріп барғанымда Климов жалғыз отыр екен: «Кел, мына жерге отыр», – деп өзіне жақын орындықты нұсқады. «Демиденконың тапсырмасы бойынша қазір бес кеңшардың директорын шақырып алып отырмын. Үш мың тонна шөпті соларға бөліп беремін, шөпті кедергісіз тасып әкеліп береді, вагон мәселесін өзің шешесің», – деп ескертті. Әңгімеміздің үстіне аудандық атқару комитетінің төрағасы Ахметов келіп отырды. Қабылдау бөлімінде отырған шақырумен келген кеңшар директорлары екен. Кейіннен олармен таныс болып кеттім, төртеуі – неміс ұлтынан екен, біреуі – өзбек жігіт болды. Климов мені таныстырды да, Демиденконың тапсырмасын дәл айтқан күйінде жеткізді. Тіпті, «демалыс бермеймін» деген әңгімесіне дейін жасырмай айтты. Әр директорға 600 тоннадан биылғы шабылған шөптен тасып беруді, бұл жұмысты бір айдың ішінде астық басталғанға дейін бітіру қажеттігін қайталап айтты. «Кім не айтады?», – деп еді, ешкім үндемеді. «Жұмысты қалай ұйымдастырасыздар, оны шыққан соң келісіңіздер», – деп шығарып салды.

Қабылдау бөлмесінен шыққасын нұсқаушылардың бірінің бөлмесіне барып, директорлардың мекен-жайын, телефон нөмірлерін жазып алып, тасып әкелуді қашан бастайтындарын, күніге неше тонна шөп жетістіре алатынына келістім. Енді вагон мәселесін шешу қалды. Аудан орталығының қасында Тоболь деген үлкен қалааралық темір жол станциясы бар. Шөп соған тасылуы керек. Станция бастығына келіп, күніге 10 вагонның қажеттілігін айтқанымда, ондай вагонды бере алмаймын, ол үшін Қостанайдың теміржол басқармасының бұйрығымен жоспарға еңбесе болмайтынын айтты.

Кештетіп Қостанайға қайта келіп, ертесіне теміржол басқармасының бастығы Романовта болып, вагонның жайын айтқанымда: «Күніге 10 вагонды бөлуге мүмкіндігіміз жоқ, Целиноград теміржол басқармасы шешеді», – деп қарап отыр. Бастықтан шығып жүк тасымалдау бөлімінде қазақ жігіттің отырғанын бағана бастықтын

отырған жерін іздеп жүргенімде көріп кеткенмін, сол жігітке келіп жағдайымды айтып, Целиноград теміржолының бастығының аты-жөнін сұрап және ол кісінің ертең орнында болатын-болмайтынын біліп беруді өтіндім. Ол жігіт Нығметжан Есенғариннің өзінде екенін, ертең де жұмыс орнында болатынын телефон арқылы сөйлесіп, біліп берді және сол күнгі сағат 14-00-де Қостанайдан Целиноградқа ұшақ болатынын айтты. Қош айтысып, «тәуекел, аэропорт қайдасын?» деп тартып кеттім.

Келіп, билеттің барлығын біліп, ұшақтың қашан ұшатынын сұрасам, «екі сағаттан кейін» деді. Жалма-жан билет алып, шоферім шайырлық Қалшабек деген жігіт еді: «Қазір мен ұшып кеткесін, біздің қосқа барып, демал. Ертең күндізгі сағат 9-00-де Целиноградтан келетін ұшақты күтерсің, ертең келмей қалсам, арғы күнгі ұшақтан күтерсің», – деп тапсырмамды бердім. Менің «біздің қосқа бар» деп отырғаным, Шайырдан вагонмен 7 қалқандаулы жүк машинасы, 1 адам тасуға жабдықталған машина, 20-ның үстінде адам осыдан бір күн бұрын Қостанайдан түсіп, қаланың шетінде палаткаларын құрып алып жатқан. Палатка деп аталғанмен, сүйегі ағаш, сырты брезентпен қапталған, құрастырылмалы, әрқайсысы төрт адамдық алты үй әкелгенбіз. Сонымен Целиноградқа бір сағатқа жетер-жетпес уақытта келіп қалдық. Ұшақтан түсе салысымен теміржол басқармасына тарттым.

Теміржол басқармасы бастығының қабылдау бөлмесіне келсем, бастықта мәжіліс жүріп жатыр екен. Мен барғасын көп ұзамай тарады. Хатшы қызға Маңғыстаудан келгенімді айтып, бастыққа кіргізуді сұрадым. Ол бастыққа кіріп шықты да, «рұксат» деді. Мен кірсем, жұмыс кабинеті өте үлкен екен. Кіріп алғасын бастыққа жеткенше де біраз жүрген сияқтандым. Келіп амандасып, шаруамның жайын айттым. Тыңдап болғасын: «Сіздің облыстағы кеңшарларда қонақүй болмайды дейді ғой, барған адам әркімнің үйінде қонақтап жүреді деген рас па?», – деп сұрады. Мен қонақүйдің де, асхананың да жоқ екендігін, оның бізге қажетінің жоқ екендігін, қызмет бабымен келген неше адам болса да, кеңшардың қызметкерлерінің үйлерінде қонақ етіп сыйлап жіберетінін, ол біздің ертеден келе жатырған бұзылмаған ата салты екендігін әңгімеледім. Нығметжан ағамыз менің әңгімеме дән риза болды-ау деймін: «Біздің аталарымыздың дарқан жомарт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сіздерде әлі қаймағы бұзылмай сақталған ғой, ол, әрине, кімге болса да мақтанышпен айта алатын, көрсете алатын дәстүріміздің бірі емес пе?», – деп қатты көңілденіп кетті.

Нәкең менің сұраным хатыма бұрыштама соғып, тасымалдау бөлімінің бастығы болар, бір кісіні шақырып алып, жиырма бесінші маусымнан бастап, қырық бес күнге күніге он вагонды бөлуді көрсетіп, жоспарға енгізіп, Қостанай теміржолына бүгін бұйрық жіберуді тапсырды. «Теміржолға тіреліп қалған жұмыс болатын болса, менімен хабарласуға болады», – деді үйінің, жұмысының телефон нөмірі көрсетілген картасын берді. Менің аты-жөнімді, тұрағымды өзіне жазып алды. Мен рахметімді айтып жүретінімді білдірдім. «Бүгін Қостанайға ұшақ болмайды, таңертең сағат сегізде болады, қазір осы жерде біздің қонақүй бар, соған жатып, жақсылап демал», – деді. Мен рахметімді айтып тұра бергенімде, маған қарап күліп: «Сіздердей болмағанмен біздерде де үй бар, бірақ үйдің бастығы бүгін жолаушылап кетіп еді», – деді. Мен рахметімді айтып: «Қызметімді бітіруге көмегіңіздің өзі мен үшін қонақасынан гөрі қымбатырақ сияқты», – дедім. Шындығында да солай еді. Бір адамды шақырып алып, мені бір бөлмелік люкске жатуға талон беріп, орналастыруды тапсырды.

Мен ертесіне қайта ұшып, Қостанай теміржол басқармасына келсем, бұйрық келіп Тобылдың бастығына да тапсырма беріліп қойған екен. Қосты сол күні Тобылға көшіріп, станцияның таза, ашықтау жеріне үйлерімізді тұрғыздық. Сөйтіп, біз ай жарымда үш мың тонна шөпті тасып алғанбыз.

Бұдан кейін де Нығметжан Қабатайұлымен кездесудің екі-үш рет сәті түсті. Ол кісі соңынан Алматы теміржолының бастығы болып ауысты, одан кейін Бүкілодақтық жол қатынасы министрінің бірінші орынбасары болып Москваға ауысып кетті. Алматы облысында жүрген кезінде жиналысқа барғанымда амандасып шықтым. Мен барып кіргенімде жазбай танып, Маңғыстаудың жағдайын сұрап, «Шаруа тіреліп калып жатса, хабарлас», – деп жылы қабақ танытып шығарып салған. Біздің шөп іздемеген жылымыз санаулы болар. 1987 жылы болуы керек, шөп іздеп тағы да Алматы облысына бардық. Кеңшарларынан шөп алатын болып, енді вагон бөлуді сұрап, теміржол басқармасына бардым. Басқарма бастығы Попов деген кісі екен. Бір ай мерзімге күніге бес вагоннан бөлуді сұрап, хатымды бердім. Попов бір вагон да бере алмайтынын, вагондардың астық тасудан босайтынын айтты. Ауылшаруашылық министрлігіне барып, министрдің орынбасары Серікболсын Әбділдинге Маңғыстау ауданының сол кездегі бір басшысы Сармурзин Оңайжан екеуміз кіріп, вагонның жағдайын әңгіме қылғанымызда: «Қазір астықтың кезі, вагонның жағдайы қиындау», – деді. Солай деді де: «Адайлар тартып алмайсыңдар ма?», – демесі бар ма. Шаруамыз бітпей шыққасын, мен Оңкеннен: «Жанағы кісінің тартып алмайсыңдар ма

дегені қалай?», – деп сұрағанымда, Оңкен: «Әзілқой адам шығар», – деді де қойды. Ол кісінің «адайлар» деп бізді неге әзілдегенін артынан, көп кейіннен соң барып білдім.

Оңкен Маңғыстаудың басқа кеңшарлары үшін шөп мәселесімен Алматы облысы аудандарын аралауға жүріп кетті. Маған: «ЦК-ның ауылшаруашылық бөліміне барсаң да, вагон алудың қамын жаса», – деп тапсырма берді. Сонымен мен теміржол басқармасына қайта бардым, ойымда Есенғаринмен байланыс жасағым келді. Басқармаға келіп, «диспечерское» деген жазуы бар бөлмеге кірсем, ішінде бір әйел адам отыр екен. Жан-жағы самсаған байланыс аппараттары. Мен сәлемдесіп, шаруамның бітпей жүргенін, Москвадағы Н. Есенғаринмен байланыс жасағым келетінін, телефон нөмірін білмей жүргенімді айтып, мүмкіндік болса Москвамен байланыстыруды сұрадым. Ол: «Есенғаринді танитын ба едіңіз?», – деді. Мен: «Ол кісі менің туысым еді», – дедім. «Бұл жерден ол кісімен клиенттерге сөйлесуге рұқсат етілмейді», – деп басқа кабинетке ертіп әкелді, онда отырған бір әйел адамға айтып еді, ол кідіртпей Есенғаринді қосып берді. Мен Маңғыстаудан келіп тұрғанымды, аты-жөнімді айтып және жаңа жұмыс орнымен құттықтадым да, содан соң шаруамның жайын айттым. «Басқа қандай шаруалар бар?», – деді де: «Кеңшарлардың басшыларының бәрі сіздей болса, ауылшаруашылығы жылдам қарқын алатын болар», – деп күлді. Мен шаруамның тағы да бітетін болғанына қуанып кеттім. «Қазір Поповқа айтамын, сіз барып қабылдау бөлмесінде күтіңіз, өзі шақырады», – деді. Мен Поповтың қабылдау бөлмесінде 10 минуттай күттім, сосын шақырды. Мен кірісімен Попов: «Есенғаринмен байланыс жасаған екенсіз, вагонмен көмектес деп сұрап жатыр, сұраным хатыңызды беріңіз, ертеңнен бастап, күніге бес вагоннан қойдыртамын», – деді. Мен: «Ертеңнен бастап емес, мына хатта көрсетілген күннен бастап қойдырсаңыз болады, сіз кешіріңіз, мен сіз туралы ештеңе айтқаным жоқ, ол кісі менің жақын туысым болады, сондықтан әрі амандық білісіп, әрі жұмысыма көмек сұрағанмын», – деп әдейі айтып салдым. Сөйтіп, Алматыдан алатын шөбімізді мезгілінде кедергісіз жеткізіп алғанбыз.

Осылайша өздеріміздің жоспарлы жұмыстарымызды шапқылаумен жүріп, іске асыра бердім. Кеңшардың экономикасы да жайлап көтеріле бастады. Кеңшар орталығынан он бес малшы-бақташының отбасына үй салынып берілді. Жыл сайын онның үстінде отбасы жаңа үйлерге кіретін болды. Жаңадан типтік жобамен кеңшар орталығынан орта мектеп, интернат, балалар бақшасы салынып бой көтерді. Әлеуметтік-тұрмыстық орындарға үй салынып, іске қосыл-

ды. Ферма орталығы Тигеннен көптеген тұрғын үйлер салынды және клуб, кітапхана үйі іске қосылды. Кеңшар орталығы Шайырдан, ферма орталығы Тигеннен механикаландырылған мал азығын ұнтақтап нәрлендіретін, күніге 50 тонна мал азығын дайындайтын цех салынды. Үш мың бастық мал жемдеп семіртетін алаң қайта жасалынды. Кеңшар орталығы Шайырдан, ферма орталығы Тигеннен теледидар қондырғысы орнатылып, кеңшардың адамдары көгілдір экран арқылы әлем жаңалықтарын көретін болды. 370 га суармалы егістік көлемі қосымша скважиналар қаздыру арқылы 560 гектарға ұлғайтылды. Жаңадан бірнеше жаңбырлатқыш аппараттары алдырылып іске қосылып, егіннің (жоңышқаның) түсімділігін арттырып, жыл сайын 1200-1500 тоннаға дейін көк жоңышқа алуымызға қолымыз жетті. Суармалы егістікті толықтай механикаландыруға сол кездегі облыстық Казсельхозтехника мекемесінің бастығы инженер-механик Әнуарбек Қадырғалиевтың, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, инженер-геолог Қабиболла Есболовтың көмектері аз болған жоқ. Көптеген қыстақтар жоғары кернеулі тоқ желілеріне қосылып, шопандардың тұрмыстық қызметтері жеңілдеді. Он жылдың ішінде 120 отбасы жаңадан типтік жобамен салынған үйлерге кірді.

Мал басы 1990 жылы қой – 37300, түйе – 1700, жылқы – 6700 басқа жетті. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы С. Керелбаев облысқа жұмыс аударуына байланысты, орнына келген басшымен мен де екі жылдай қызметтес болдым. Балалар ер жетіп, жоғарғы оқу орындарын бітіріп, алған мамандықтарына сай Ақтауда қызмет жасады. Осыған байланысты менің де қалаға келгенім дұрыс болатын болды. Ол кездегі облыс басшысының бірі Нәсіпқали Марабаевта болып жағдайымды айтқанымда: «Күні бүгін дұрыс қызметтің төбесі көрінбейді, Жаңаөзенге нан заводының директоры қызметіне қазір жіберуге болады», – деді. Мен Жаңаөзенді қаламайтынымды айттым. «Онда әзірге кідіре тұр, жұмыстың реті келсе, өзім шақырамын», – деді.

Сөйтіп жүргенімде, облыстық ауылшаруашылық кәсіподақ комитетінің конференциясы өтетін болып, соған байланысты кеңшарлардан конференцияға делегаттар сайлануымен бірге кәсіподақ басшысы да ұсынылатын болды. Кеңшарда кәсіподақ ұйымының жиналысы болды. Жиналыста мені конференцияға делегат етіп және облыстық ауылшаруашылығы кәсіподақ комитетінің төрағасына ұсынды. Жиналысқа кеңшардың активистері, малшы-бақташылары, механизаторлар, жұмыс адамдары, барлығы 200-дің үстінде адам қатысты. Жиналыс тыншып қалды. Себебі, менің кәсіподаққа бастық болып ұсынылуым тосын болды-ау деймін. Біреулер сұрақ қойды: «Біздің ди-

ректорымыздың өзінің келісімімен болып отыр ма, әлде жоғарының тапсырмасы ма?» – деді. «Өзінің келісімімен ұсынылып отыр», – деген жауап берілді. Топырағы торқа болсын, Атшыбаев Әскербай деген шопан сөз сұрап шығып: «Мен бұл ұсыныстың жайына түсінбей қалып тұрмын. Он жылдай қызметтес болдық, кеңшардың жағдайы жақсы, бізге салсаңыздар Төлеуғалиевтың конференцияға делегат болып қатысуына қарсы емеспіз, директорлықтан кетуіне наразымыз», – деп орнына барып отырды. Одан кейін сөз алған Бекқалиев Еділбай, Досанов Сүлеймен деген азаматтар да Атшыбаевтың сөзін қолдайтынын айтты. Залдан «жібермейміз» деген дауыстар шыға бастады.

Мен жағдайымның қиындап бара жатқанын түсіндім де, өзімнің жайымды айту үшін сөз сұрап, түсіндіріп айтып шықтым. Егер мен ауылшаруашылығы кәсіподақтарының төрағалық қызметіне сайланып өтіп кеткен жағдайда да олардан қол үзбейтінімді, қоян-қолтық қызмет атқаратынымды айтып, ұсынуларын сұрадым. Сөйтіп, дауысқа салғанда облыстық кәсіподақ комитетінің төрағалығына көптеу адам қол көтергендіктен өттім-ау, әйтеуір. Одан кейін он шақты күн өткен соң облыстық кәсіподақ конференциясына келдік. Делегаттар барлық аудандар мен қалалардан жиналған екен. Конференцияға облыстық кәсіподақ комитетінің төрағалығына алты адам ұсынылғанымен, жиналыстың үстінде үш адам дауыстарын қайтып алды. Сонымен сайлауға үш адам түстік: Самешов Нәсіпқали – облыстық селолық құрылыс тресінің біріктірілген кәсіподақ комитетінің төрағасы, Төребаев Райс – сельхозтехника мекемесінің төрағасы, үшіншісі – мен. Қарсыластарым да ел танымастай адамдар емес, солай бола тұрғанмен, жабық, жасырын дауыстың қорытындысында қатысқан 96 делегаттың 76-сы мені қостап дауыс бергендіктен, 1991 жылдың 3 қаңтарынан бастап облыстық ауылшаруашылық кәсіподақ комитетінің заңды төрағасы болып отырдым. Біраз уақытқа дейін кеңшарға директор жіберілмей, екі жұмысты қосып атқаруға тура келді. Директорлыққа облыстық су шаруашылығы мекемесінің бастығы Қартбаев Аманжол келіп отырды. Алу-беру құжатын жасап, кеңшарды тапсырдым.

Кәсіподақ жұмысында алғашқы бес жылдың ішінде облыстың ауылшаруашылығы саласында жасайтын жұмыс адамдарының 300-дей балаларына тегін жолдама алып, Алматы, Көкшетау, Шымкент облыстарына тынығу-демалу санаториясына жіберіп, барғасын ішінде жүрегі ауыратын балалардың бар екендігі анықталып, емделді. Жиенбаев Қалам деген шопанның баласының жүрегіне операция жасалып, құлантаза жазылып келді. Одан кейін де «Маңғыстаумұнайгаз»

ААҚ-ның көмегімен Қырғызстанға, Қостанай облыстарына көптеген балалар тегін жолдамамен барып демалды. Кәсіподақ жұмысы кеңшар директорлығымен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл, жауапкершілігі де, ауыртпалығы да жоқ, жалқаулыққа үйрететін жұмыс болып шықты. Үш-төрт жылға дейін не істерімді білмей, біртүрлі болып жүрдім де, артынан бұған да үйренуге тура келді. Кәсіподақта жүріп те Нығметжан Есенғаринмен тағы кездесудің реті келді. Қазақстан кәсіподақтар съезіне алғашқы делегат болып барғанымда съезге Назарбаев, Есенғарин қатынасты. Ол кезде Нығметжан ағамыз – Премьер-министрдің бірінші орынбасары болатын. Ағамызбен сол жерде сәлемдескенімде: «Сен немене кәсіподаққа ауысып кеттің бе?», – деді. «Мен жақында осы жұмысқа ауыстым», – дегенімде, «Оның не. жанының тыныштығын осы бастан ойлағаның ба, әлде басқа кедергілер болды ма?», – деді. Мен балалардың ер жетіп, жоғарғы оқу орындарын бітіріп, Ақтауда жұмыс жасап жүргенін, соған байланысты келгенімді айтқанымда, «Сен, меніңше, ауылшаруашылығына керегірек сияқтысың, әлі де ойлан, менімен жолыққың келсе, кез келген мезгілде кел», – деді. Мен рахметімді айтып қалдым, одан кейін ол кісімен маған кездесудің сәті түсе қойған жоқ. Осылайша социалистік қоғамды мұратына жеткіземіз деп жүргенде, заман өз дегенін істеді.

Мәселеге бойлау үшін тарихи ақиқатқа жүгіну керек. 1987 жылдан бастап жағдай қандай еді. Кеңестер Одағының әміршіл-тоталитарлық жүйесі өзінің құлдырау шегіне жетті. Қаржы құнсызданып, экономикалық байланыстар әлсіреді. Қысқасы қоғамдық, экономикалық өмірдің қай саласында да дағдарыс белең алып, мұның өзі империяның күйреуіне әкеліп соқты. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп жазады: «Коммунистік режимнің сан жылдар бойғы күш-жігерімен құрылған тоталитарлық қоғам көз алдымызда және де елеулі сыртқы ықпалдың әсерінсіз-ақ ойыншық үйшіктей быт-шыты шықты. Аса қуатты державаның соншалықты тез және қайтып келместей күйреуінің көптеген себептерін айтуға болар еді. Бірақ, меніңше, олардың ең бастысы, КСРО-да бастапқы кезден-ақ адамның өзін өзі ұғына білуі және өз тағдырын өзі айқындау механизмінің болмағандығына байланысты. Кеңес адамдары өздерін, өз өмірлерінің, өз меншігінің, өз елінің шынайы қожайындары ретінде ешқашан да шынайы сезінбей, партиялық-мемлекеттік машинаның бұрандасы ғана болып келді».

Осының салдарынан бұрынғы Одақтық жүйенің түкпір-түкпірінде демократиялық дүмпулер белең алып, ұлттық санада сілкініс басталды. Мұның бәрі жиылып келіп одақтас республикалардың ортақ одақтан қол үзіп, егемендік, тәуелсіздік алуына ұласты. Айтуға

жеңіл болғанымен бұл процестер қоғамдық-саяси өмірімізде оп-оңай өте кеткен жоқ. Түрлі саяси қозғалыстар, топтар мен бірлестіктер арасындағы көзқарастар қайшылығы, мінез шарпысулары белгілі бір өңірлерде қактығыстар алдындағы ахуалға алып келді. Айталық, республика тарихындағы «ақтаңдақ» жылдарға қайта баға беру, әділеттілікті орнықтыру, ел егемендігі, тіл мәселесі, жер тағдыры, елді мекен атаулары жөніндегі пікір таластар аса өткір жағдайда шиеленісіп шешіліп жатты. Өте қиын кезеңдерді басымыздан 10 жылдың ішінде-ақ өткерген сияқтымыз. Солай бола тұрса да алда жасалатын, іске асырылатын қызмет түрлері жеткілікті. Соның бірі – тәртіп мәселесі дегім келеді. Біздердің кейбіреулеріміз Одақтың кезінде зәбір-жапа көрдік деп көз жасымызды көл қылғанмен, тәртіп жағы үнемі қадағаланып отырылды. Сол тәртіп дегенді қасиетті сөз, қастерлі ұғым деп түсінгеніміз жөн сияқты. Тәртіп жоқ елде бейбітшілік тұрақтамайды, бейбітшілігін жоғалтқан ел ұзақ өмір сүре алмайды.

Тәртіп дегенді мен қарапайым адам есебінде әкенің – балаға, ағаның – ініге, ағайынның – ағайынға, адамның – қоғамға, қоғамның – адамға ілтипаты, сыйластығы, бірінің біріне құрметі деп түсінемін. Біздер әуелден бабалар рухын сыйлап, алдағы өмірге де бабалар өсиеті негізінде көз салып үйренген ұрпақпыз ғой. Қазір сол қасиеттеріміздің көпшілігінен қол үзіп бара жатқан сияқтымыз. Меніңше, ауылдың тозғандығы сол тәртіптердің әлсірегендігінен бе деп ойлап қаласың. Мен бұрын да баспасөзде әңгіме қылғанмын, тағы да қайталап айтуға тура келеді, біз ауыл өмірін оңдырмай ақсатып алдық, өзін-өзі басқару, өзін-өзі қаржыландыру болып басталып, ақыр соңында «жекешелендіру» деп соның көлеңкесімен миллиондаған адамдардың маңдай терімен жиналған мал-мүліктер жекелеген жебірлердің қалтасында кетті. Қорытындысында, адамдар жұмыссыз қалды. Бұл олқылықтың орнын қалай қармансақ та әлі де 10-15 жылсыз қайтадан қалпына келтіре алмайтын сияқтымыз. Сондықтан да бұған үлкен әрекет жасауымыз керек. Мұндайда өмірден алған тәжірибесі мол, зиялы жасы үлкендердің ақылын пайдаланса дұрыс болар еді деген ойдамын.

Осы жерде ашып айтуға тура келеді. Елуден, алпыстан асқаннан кейін адамдар ақыл иесі бола бастайды. Бұдан, әрине, елуден асқан адамның бәрі мықты ақылды болады деген сөз шықпайды. Солардың ішінен оқыған-тоқығаны көп, өндіріс басқарған, ел басқарған, тұйыққа тірелген, кейбір қиындықтардан алып шыға алатындарын әңгімелеп отырмын. Мұндай тәжірибе әуелден бар, мұсылман елдерінен басқа халықтарда да болған. Ежелгі римдіктер адам алпыстан асқанда ғана

кемеліне келіп, ақылы кенге айналады деген қорытынды жасаған. Сол себепті олар жасы алпысқа келген адамдарды ғана ел билеуге қойған. Тіпті, патшаны да жасы алпысқа келгендердің ішінен қоятын болыпты. Бұл жағдай бізге де таңсық емес. «Алпысқа келген – ақыл иесі» деген пікір әу бастан бар емес пе? Қазір біздің қоғамымызда мынадай жағдай қалыптасып келеді. Ол қоғамдағы жастар жасы үлкендерді «не біледі дейсің?» деп бөле қараушылық. Жас жігітті басшы қойғаннан кейін олар жасы үлкен жақтарын ығыстырудың жолдарын ойластырумен болады. Өткеннің тәжірибесіне, көпті көрген аға ұрпақтың ақылына пысықырып та қарамайды. Қателіктің көбі, тәртіптің әлсіреуінің төркіні – осында ма деген ойға келесің. Менің пікірім: екі ұрпақты қызметке қатар пайдаланып, бірінің бай тәжірибесі мен білімін, екіншісінің күш-жігерін ұштастырып, ынтымақты бірлік жасалынса, алда біз жеңбейтін қиындық болмас еді.

Әрине, елдің ішіндегі барлық қозғалыстар да, ұсыныстар да заңмен реттеледі. Бұл орайда қабылданған заңның да жүректен шығуы لازым.

Мысалы, еліміздегі «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңын әңгімелегенде, соның бір бабында: «Кез келген еңбек адамын өзінің жасасқан еңбек шартының мерзімі біткесін жұмыстан шығаратынға құқы бар делінген». Бұл сөйлемнің астарында нендей мән жатқанына заң шығарушы органдарымыздың, депутаттарымыздың қалай назар аудармағаны түсініксіз. Заңның осы бабы басшылыққа алынып, жұмыстан кемшілік жібермесеніз де, шартта көрсетілген мерзімнің біткесін қызметінен босатыласың, орнына бастықтың өзі ұнататын адамдары қабылданып жатады. Адамдардың, ұлттардың, өркениеттердің арасын жымдастыратын жаңа әлеуметтік тәртіп кешеуілдеумен келеді. Кім күшті – сол билейтін өктемшілдік мәдениеттің кім әділетті болса, соның сөзі өтетін бейбітшілік мәдениетіне қалай алмасатындығының тетігі әлі жасақталынбағандықтан заң да күштілердің ығына жығылатын сияқты. Әрине, мұндай кемшіліктер таяу уақытта түзелетін болар, оның себебі, біздің қоғамда жағдайды осылай жан-жақты талдап, оны түзетудің тиімді жолдарын қарастыруға тәуекелі тұратын салиқалы сарапшылдық, өтпелі кезеннің қырық құбылмалы қиындықтарынан қалыптасып отырған жағдайдың ырқына жіберіп қоймай, ақылға сыйымдылық ауқымында ұстап отыра алатын саяси шешімділік пайда болды.

Мәселен, «Тікелей инвестицияны қолдау туралы» Заңның жасалуына байланысты біздің облысымызда шетелдердің инвесторлары көптеп келіп, өндірісімізді дамытып, экономикалық жағдайымызды көтеруге септігін тигізуде. Осы Заң 1997 жылы ақпанда шыққан еді.

Осыған байланысты біздегі инвесторлар түгелдей мұнай өнімдерімен айналысуда. Мұнай өзімізден өндірілгенмен бағасының өсуіне күн сайын куә болып отырмыз. Мұның себебі, мұнай мен мұнай өнімдері әртүрлі салықтармен басып тасталынып отыр. Сондықтан мұнай өндірушілерге мұнайды шет елге шығару әлдеқайда пайдалы. Соның салдарынан өзіміз де мұнай өнімдерінен тапшылық көрумен келеміз. Сонымен қатар мұнай өнімдері зауыттардан тікелей сатылмайды, олар міндетті түрде бірнеше сатылы делдалдар арқылы сатылады. Сондықтан да азды-көпті халықтың әлеуметтік жағдайын жеңілдету үшін жанар-жағар майдың сапасын арттырып, оны арзандатып беретін мезгіл болған сияқты. Облыс халқы «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясының облыс қалаларына жанар-жағар май станциялары, оның ішінде Ақтау қаласының өзінен бірнеше жерден салып бастаған. Жанармай зауыттан тіке келетін болды, арзанға бензин, солярка алатын болдық деп, «Қазақойл» компаниясынан көп жақсылық күткен болатын. Станциялар да салынып бітті, бірақ жанар-жағар майлардың бағасы бұрынғы май бағасымен бірдей болып шыға келгенде қуанышымыз су сепкендей басылды.

Кемшіліксіз жетістікке жету мүмкін емес, жетістіктеріміз көп. Облысымыздың экономикасы соңғы екі жылдың ішінде қатты көтерілді. Жұмыссыздардың саны азайды, зейнетақы, жәрдемақылар, жұмыс адамдарының жалақылары мезгілінде берілетін болды. Облысымыздың қара шаңырағы – Маңғыстау ауданына қашықтығына қарамастан табиғи газ жеткізілді. Қалалардың ішіндегі асфальт жолдар қайтадан төселінді. Көптен оңдау көрмеген үйлердің іші-сырты жаңартылды. Облыс халқының көңіл-күйі көтерілді. Жетістіктеріміздің барлығы еліміздің тәуелсіздігінің арқасында мүмкін болып отыр. Баршамыздың бүгінгі басты міндетіміз – ел тәуелсіздігінің нығая түсуін, көк байрағымыздың бейбіт аспанда желбірей беруін, ұрпағымыздың амандығын сақтау екендігін есімізден шығармағанымыз жөн. Ауызбірлік болып, түтініміз бір жерден шықса, біз алмайтын асу жоқ дегім келеді.

«Маңғыстау» газеті, 2000 жыл

ҰЛЫЛАРДЫҢ КЕЗДЕСУІ

Мен 1954 жылы Гурьев облысы Маңғыстау ауданының белгілі жыршысы Айтқұл Шыманұлынан Ораз бен Мұраттың айтысын жазып алған едім. «Жұлдыздағы» жарияланған айтысты өзімдегі жазбама салыстырып қарағанымда, Ораздың сөздері менің жазбаммен бірдей де, Мұраттың айтқанының көп жерлері жоқ екендігі көрініп тұр.

Мұрат пен Ораздың айтысының «Алқалаған әлеумет» жинағындағы жариялануы да Мұраттың Оразға айтқаны жағынан менің жазып алғанымға дәл келмейді. Және де Мұраттың Қашағанмен соңғы кездесудегі бір-бірімен өлеңмен сәлемдескенін еш жерден кезіктіргенім жоқ.

Жыршы Айтқұл ақсақал 1962 жылы 75 жасында Маңғыстауда қайтыс болды. Сол кісі әңгімесінде Мұрат пен Қашағанның Қырдың үстіндегі жаз жайлауында отырған Адайдың Сығай деген байының үйінде кездескенінде өзінің болғандығын, жасының 13-те екенін, Қашағанның қасында еріп жүргендігін әңгімелеген. Айтқұл жыршының деректеріне жүгінсек, Мұрат Мөңкеұлы мен Қашаған Күржіманұлын ешкім айтысып жеңбеген деп көрсетеді. Қашаған мен Мұрат жас кезінде біраз уақыт бірге жүріп, бір-бірімен тату дос болғандығы айтылады. Екеуі жас жағынан да шамалас, Қашағанның Мұраттан екі жас үлкендігі бар көрінеді. «Қашекен 1900 жылы жазда Маңғыстауда Қырдың үстін жайлап отырған елдерін аралап жүргенде қасына мені ертіп жүрді. Кейде маған домбырасын беріп, өзінің жырларынан айтқызып, елге тындататын еді», – дейді Айтқұл Шыманұлы. Сол кезде Сығай деген байдың үйінде отырғанымызда қасында бір адам бар Мұрат кіріп келіп, Қашекенге өлеңмен сәлем берді. Қашаған да орнынан тұрып өлеңмен сәлем алды, екеуі ұзақ құшақтасып көрісті. Мұраттың Қашағанды іздеп келе жатырғанын алдында естігенбіз, біреулер келіп, «Мұрат сізбен айтысуға іздеп келе жатырған көрінеді» дегенде, Қашекен мырс етіп күліп: «Келсе келсін, жақсы болған екен», – деген. Мұраттың амандасуынан оған да жолдан біреулердің хабар айтып, айдап сатмақ болғанын өлеңмен сәлем берген сөзінен байқадық.

Мұраттың өткен жылы екі айдай сырқаттанып жатып қалғанын, Қашекен көнілін сұрауға бара алмағандығына кешірім сұрап, өзінің

амандасу өлеңіне қосып жіберіпті. «Сөйтіп, екі ақын жиырма күндей бірге болып, жайлаудағы бірге отырған қалың елді жырмен сусындатқан еді, сонда Мұрат Бала Оразбен айтысқанын да жырлаған, мен сол жерде жаттап алғанмын», – дейді Айтекең жыршы. Айтекеңнің айтуы бойынша, Мұрат пен Қашағанның сәлемдесуі:

*Аман-есен жүрмісің,
Қашаған ағам, заңғарым,
Қайдан білсін мына жұрт
Қашаған мен Мұраттың
Анттасып дос болғанын.
Біліп келе жатырмын,
Кейбір жылпос құлардың
Айдап салып біздерді,
Айтыстырмақ болғанын.
Несібеміз таусылмай
Көрістірді бізді тағы да,
Бергені ғой бұл да Алланың, –*

деп Мұрат бастағанда Қашекең оған:

*Бармысың, менің жүйрігім,
Алдына қара салмаған.
Айыбым бар, білемін,
Іздеп сені бармаған.
Қу тірліктің қамымен
Ініден хабар алмаған.
Болдың ба тәуір, тарланым,
Құшағыңды аш, кәнекей,
Мауқымды басып алайын.
Отырғасын жайласып,
Айтармыз сөздің қалғанын, –* деген көрінеді.

Енді, Айтқұл жыршының Мұраттың өз аузынан естідім деген әңгімесін және айтыстың өзін қаз-қалпында қағазға түсіріп отырмын.

«Өзі жайына жүргенде мен Оразға тиіспейтін едім. Ораз бізден үлкен, тісқаққан ақын. Мен ол кісіні көргенім жоқ, сыртынан естіп аға көріп, барып сәлем беріп, батасын алармын деп жүргенімде, маған өтірік айтпайтын адамдар: «Оразға барып батасын алмай-ақ қой, Беріштен не оңған ақын шықты дейсің, ит жоқ жерде түлкі үріп жүрген бала болар деді», – демесі бар ма?!

Мен осыны естігеннен кейін Оразға өкпелеп қалдым. Бірінші рет іздеп барғанымда кездестіре алмадым. Екінші рет 1870 жылы Үйшіктің базарына іздеп барып кездестім.

Байұлының белгілі азаматтары бар екен, айтыстырмай тастады, сондағы азғантай сөз қағыстыруымыздың реті былай болды. «Барғаннан кейін шыдай алмады, Ораздың өзі бастады», – деді Мұрекең.

*Мұратжан, бала сен бе едің,
Жоқ еді бұрын көргенім.
Көрмегеннің белгісі –
Жасы үлкен аға деп,
Көрісіп сәлем бермедің.
Былтырғы жылдың күзінде,
Алдаберген мырза қасыңда,
Рас па еді, Мұратжан,
Айтысам деп іздеп келгенің.
Көп ішіне тап болдың,
Не қылғаның, қарағым,
Ағаңды жеңіл көргенің?!
Біздің мынау Қаратаздың ішінде,
Төремұрат, Нарынбай,
Өтен деген ерлерім.
Ол ерлерім тұсында,
Қазақты деңгел көрмедім,
Қолдан намыс бермедім.
Жемнің бойын алдырмай,
Дін қылышын сермедім.
Қарабау мен Қаракөл
Бұқпақтап көшкен Берішке,
Тола ма менің шеңгелім?!*

Сондағы Мұраттың жауабы:

*Мұратжан бала мен едім,
Естігенім болмаса,
Жоқ еді бұрын көргенім.
Жасың үлкен болғанмен,
Әдейі сәлем бермедім.
Алыстан сыйлап жүргенде,
Шайпау сөз айтып сыртымнан,
Қалдырасың неге көңілді,
Әзәзілдерге сенің ергенің.
Былтырғы жылдың күзінде,
Алдаберген бар қасымда,
Рас еді, Ораз-ау,
Сізді іздеп барғаным.
Кездесе алмай сенімен,
Тістеулі кеткен бармағым.*

Мойындай бер, Ореке,
Құдайдың енді салғанын.
Кім болса да қалқаның,
Шығады енді талқаның.
Көп ішінде тап берсем,
Ағаны жеңіл көргенім,
Өзіме-өзім сенгенім.
Менің аузым – от-жалын,
Иманыңды айта бер,
Осы жер болар өлгенің.
Тогыз жасқа келгенде,
Естіп жүрген шығарсың,
Қазтуған мен Шалкиіз
Екеуі келіп түсімде,
Маған аян бергенін.
Содан бастап желіктім,
Естіген жоқ шығарсың
Мені ешкім жеңгенін.
Алқалаған жиында,
Өздеріңдей тақ-тақтың,
Талайын басып жеңгенмін.
Қас ақылсыз болмасаң,
Ағасының артынан
Інісі өсіп ер жетсе,
Ол кимес болар ма,
Ағаның қанды көйлегін?
Өзің айтқан Қаратаздың ішінде,
Төремұрат, Нарынбай,
Өтен деген ерлерің.
Соларыңның біреуін,
Қолыңнан бар ма көмгенің?
Үшарыс таздың баласы,
Соларыңның өлгенін
Көзіңмен бар ма көргенің?
Төремұрат, Нарынбай –
Бақытсыз туған ерлерің.
Бақытсыз демей, немене,
Ит қорлықпен өлгені.
Ондай қашқын ұрыңды
Мақтау етіп келгенің –
Тірілей сенің өлгенің.

Заманға қарай саз керек,
 Бұл күндегі барыңыз –
 Дүйсалы мен Қосымбай,
 Соларды айтсаң келісті.
 Бұқпалап көшіп жүрсің деп,
 Жекелеп айттың Берішті –
 Беріштің ісі тегіс-ті.
 Бұл Беріштің ерлері,
 Құлшар менен Кебісті.
 Гүбірнатыр-жандарал –
 Офицер шенді орысқа,
 Қылышын шешпей көрісті.
 Беріш пенен Адай зой –
 Байұлының асқары.
 Оларға келіп тиіссең,
 Құдайдың сені атқаны.
 Жеті баулы Беріштен,
 «Не оңған ақын шықсын» деп,
 Рас па, Ораз, сенің күлгенің?
 Беріштердің қасында
 Таз дегенің кім еді,
 Осы ма сенің білгенің?
 Естігенің Ораз бар ма еді,
 Аспандағы қыранды
 Жапалақтың ілгенін?
 Байұлының шалдары
 Тізгініме жармасып,
 Айтқызбай отыр сөзімді.
 Сынасаң етті-ау, ақсақал,
 Беріш емес, өзімді.
 Сырттан айтқан сөздерің
 Кетіріп кетті төзімді.
 Қой-қойлап отыр ағалар,
 Амалым жоқ, қайтейін,
 Тоқтатайын сөзімді.
 Тұншықтырып тастауға,
 Келіп едім өзіңді.

Осы бір айтыс қысқа болғанмен, тыңдаушыға Мұраттың басымдығы байқалып тұрған сияқты.

ЗИРАТТАҒЫ ОТПАР

1960 жылдың жазында Шебір жерінде тұратын Санаубердіұлы Әби ақсақалмен бірге Тұщықұдықтан шығып, Қияқты арқылы Кәрі деген жерге баратын болып жолымыз түсті. Әби ақсақалдың жасы сол кезде сексенге келіп қалған шамасы болу керек. Қияқтыдан шығып жүргеннен кейін Әбекең: «Қапам» деген қауымның басына соғып, дұға оқи жүрейік», – деді. Қауым төбенің басында орналасқан, жол төбенің етегімен жүреді. Қауымға баратын адам сол жолмен келіп тоқтайды. Қауым жолдан 30-40 метр қашықтықта, аралағысы келетін адам жаяу барады. Біз де солай еттік. Қауымның басына барғаннан кейін Әбекең ұзақ әйет оқыды. Әйет оқып болғаннан кейін ішін аралауға бет алдық.

Осы кезде мен Әбекеңе екі жерде от жанатынын айттым, бірақ қай тұстан көрінетінін анықтағаным жоқ. Әбекең маған үндемеді. Орта жеріндегі ағаш шаншылған қаратастардың үйіндісі ғана қалған зираттын басына келіп тағы да ұзақ әйет оқыды. От жанатын орынның біреуі осы шығар деді. Жобасы осы екенін біз де ішімізден білетінбіз. Жобасы дейтін себебім, от жанып бастайтын уақытын күтіп тұрған кезімізде бірінші үлкен жарық, жалын емес, бір тастардың арасынан жанған шамның сәулесі сияқты ұзынша болып көрінетін. Жанып тұрған уақытында дәл қасында болуға жүрексінетін біз және де ешкімге жазығы жоқ сәулені зерттеуге пиғылымыз да жоқ болатын. Екінші кішілеу жарық қауымның шеттеу жағынан көрінетін. Әбекең жаңағы айтқан екі ауыз сөзінен кейін жүрелеп отырған орнынан шапанының етегін қаққылап тұрды да, қауымның шет жағына қарай, біздің кішілеу жарық көріп жүрген жерімізге қарай бағыттады. Шеткілеу жағындағы, оның да басына ағаш шаншылған зиратқа келіп жүрелеп отырып, тағы да ұзақ әйет оқыды. Әйетін оқып болғансын ештеңе айтпастан жүруге беттеді. Машинаға келіп жүріп кеттік. Қауымнан ұзаққырап шыққансын, Әбекеңе: «Жаңағы басына барып Құран оқыған адамдар кімдер?» – деп сұрақ қойдым.

– Бұл – «Қапам» деп аталатын қауым, – деп бастады әңгімесін. – Қапам деген түрікпен ұлтынан, түрікпендер бұл жерден көшіп кеткенде бұл кісі көшпей қалыпты. Осы төбенің басына ең бірінші осы кісі жерленгендіктен, қауымның аты «Қапам» аталып кеткен. Бұрын бұл жерлерде түрікпен ағайындар жерленген. Қапам деген атак жалғыз

бұл емес, Маңғыстаудың ойында басқа жерде де кездеседі. Мен ең бірінші әйетімді барлық өлілерге арнадым. Содан кейінгі барып арнап оқыған адамым Сармолда деген әулие, одан кейінгі барған зират Сармолданың немересі Атанафестікі деді. Жарық осы екі адамның қабірінен көрінеді. Бұл адамдар тірі кезінде үлкен әулие атанған, еліне пайдалы қызметтер жасаған, халқына қадірлі болған азаматтар, – деп әңгімесін жалғастырды. – Біздер – Адайдың ішінде Мұңал тайпасы боламыз. Мұңал – әруақ дарыған, өніп өскен, Адайдың ішіндегі белгілі бөлімдерінің бірі. Мен тарихты айтпай-ақ қояйын, беріден бастайын: Мұңалдың ішінде Жары, Жарыдан Назар, Назардан Тастемір ауылы болып бөлінеміз. Сол Тастемірдің бір баласы осы Сармолда, бір баласы – біздер, біздің аталарымыз – Тұяқ деп аталады.

Сондықтан да Сармолда біздің әкеміз болып есептеледі. Тастемірден бала көп болған. Сол балалардың ішінде зерделі, ақылды, ойлы баласы деп аталған, артынан оқымысты болып келгесін жеңгелері ат қойып, содан Сармолда атанып кеткен. Сармолданың зеректігін бала кезінен байқаған әкесі Түркияға жіберіп, көптеген жыл оқытып алған көрінеді. Сармолда оқуын бітіріп келгеннен кейін үйленген, қызметін мешіт салдырып, балаларды оқытудан бастаған. Ол кездері Түрікпендер мен Адайлардың арасы жақсы болмаса керек. Түрікпендер қайта-қайта шағын топ болып, елдің ішіне кіріп, жазықсыз елге тиіп, кісісін өлтіріп, малын айдап алып кетуді жиілетіп отырған кезі екен.

Сармолда Ыстамбұлдағы оқуын аяқтағаннан кейін Меккеге тағы да бір жыл сегіз айдың үстінде оқып, еліне бір-ақ оралған көрінеді. Еліне келіп, бір-жар ай демалғаннан кейін әкесі ел ішіндегі бір шаруаға жұмсапты. Баратын жері атты адамға күн жарымдық жол болғандықтан, жолдағы елге конуға тура келген. Келген ауылда бір белгілі Түрікпенадай руының күйлі тұратын адамы болып шыққан. Үй иесі келген жас жігіт қонақпен жөн сұрасып, Тастемірдің баласымын дегесін дұрыстап сыйлаған. Қонған үйінің өзімен жас шамасы қатар үйленбеген баласы Сармолдамен танысып әңгімелесе келе, Сармолданың атын сыртынан естіп, қанық болғандықтан «Менің бір қыздан ойым болып жүр, бірақ, мені жуытпайды, сол қызды маған көндіріп берсейші, сенің оған оқуың жететінін естідім» деп өтініш жасап қоймапты. Сармолда «Менен әділетсіздікті талап етіп отырсыз, мен ондай жадылықты істемеймін» деп өтінішін қабылдамапты.

Таңертең ерте тұрып жүрейін деп атын әкеліп ерттеп, жұрт ұйқыдан оянбай тұрғанда кетіп қалғысы келіп жатқанда, құрдасы да тұрып, тағы түндегісін қайталап, жалынып тұрып алған. «Сен жалынып қоймадың ғой, сол қыздың бір тал шашын алып кел», – депті.

«Жарайды онда, жігіт» деп жігіт қатар тігілген киіз үйлердің шеткі жағындағы үйге кіріп кетіп, көп ұзамай бір тал қылды әкеліп берген. Сармолда қылды қолына алып тұрып: «Осы шаштың иесін сүйемін, мәңгі жолдас етемін, сөзімді қайтып алмаймын», – дегізіп, үш рет қайталап айтуды құрдасына талап еткен. Құрдасы үш рет қайталап айтып шыққан. Содан кейін барып қылға дем салып, жігіттің қолына берген. «Енді қызыңның түстен қалмай өзі келеді» деген де, қош айтысып жүріп кеткен көрінеді.

Ел орнынан тұрып, мал сауылып, өргізіліп болған сәске түстің кезінде шеткі үйдің тулағы жатқан жерінен қозғалып домалаумен ауылдың сыртындағы атын ерттеп жатқан құрдасының басына келіп сарт ете түскен көрінеді. Ерттеліп жатқан ат үркіп, жайына кеткен, желідегі боталар үріккен, көріп тұрған адамдар шошыған. Жігіт қашып, үйіне тығылған, бірақ, тулақ қалмаған. Ауылдың барлық адамы сол үйге жиналып қалған. Үй іші, апа-қарындастары мен шешесі жылап, дауыс шығара бастаған. Жиналғандардың ішіндегі жасы үлкен ақсақалы жігіттен мән-жәйды айтуды сұраған. Жігіт болған жағдайды айтып берген көрінеді.

Сол бойда Сармолдаға соңынан ат шаптырып, жағдайды толық айтуды тапсырып, қайтарып алып келудің жолын қарастыр деп адам жіберген. Жіберген адам Сармолданы жолда қуып жетіп, болған жағдайды хабарлап, құрдасының бір білместігін кешірсін, келіп, мына жағдайды калыпқа келтірсін деген хабарын жеткізген. Сармолда тындап болғансын: «Бұған енді ештеңе істей алмаймын, құрдасының кете-кеткенше өтініш жасап қоймағанын, таңертең азаннан құрдасынан қашып кету үшін жолға жиналғанын, бірақ, жолымды кес-кестеп жібермей, өлердегі сөзін айтып жалынғанын, солай бола тұрса да мен құрдасымның өтінішін қабылдайтын едім, егерде ол қыздың шашын емес, тулақтың қылын әкелмегенде, қыздың шашын әкелгеннің өзінде де адамды жадылауға қақым жоқ болатын. Ол тулақтың қылын әкеліп, мені мазақ еткісі келді. Мен құрдасымның үш рет айтқызып, тулақтан айрылмаймын деген уәдесін алдым. Енді құрдастың өмірлік жолдасы сол тулақ болады. Сәлем айтыңыз», – деп жөніне жүре берген.

Қуғыншы не айтарын білмей, атының басын ауылына бұрған. Сармолданың енді қайтпасын естіген үйдің иесі Тастемір ақсақалға өзі барып жағдайды айтып, кешірім сұрап, уақиғаны шұғыл тоқтаттыруды өтінген. Сол бойда Тастемір ақсақал баласына қос ат шаптырып, баратын жеріне жаңа жеткенде кері шақырып алып, болған жағдайды баласының өз аузынан естіген. Сармолда әңгімесін айтып болып, сіздің шұғыл қайтып келсін деген хабарыңызды естігенсін

осы жағдайға байланысты екенін білдім, сонсын тулақты орнына қойдым. Егер сіз араласпағанда, тулақ құрдасыма кемі үш жыл жолдас болатын еді деген көрінеді. Құрдасы соңынан қонаққа шақырып, кешірім сұрап, ат-шапан айыбын төлепті дейді. Осы уақиғадан кейін Сармолданың атағы елге жайылып, «Тулақты ұшырған Сармолда хазірет» аталып кеткен.

Сармолда үйленгеннен кейін бала оқыту жұмысын қолға алған. Жоғарыдағы айтылған түрікпен басқыншылары шабуылдарын жиілетіп тұрған кезі. Осындай шапқыншылықтарда Сармолдадан көмек сұралатын болған. Сондайда, Сарекен жолға шығып келе жатқан басқыншылардың жолын тұман қылып адастырып, аттарын болдырып, кері қайтуларына мәжбүр етіп отыратын көрінеді.

Осындай бір оқиғаның есімде қалғанының біреуін айта кетейін деді Әбекең қария:

– Сармолда жасы қырықтардың ішінде болса керек, баласымен бірге қолына құсын қондырып, соңына тазысын ертіп аңға шығыпты. Аң іздеп ауылдан ұзаққырап кеткенсін астындағы аты жер тарпып, кісінеп, пысқыра беріпті. Атынан түсіп, баласына атты бауыздатып, екеуі бір атқа мінгесіп жүргеннен кейін, бұл ат та кісінеп жер тарпығасын, бұны да бауыздап тастапты. Баласы екеуі жаяу жүрген, күн кешкіріп кеткен, сол кезде қолындағы құсы шаңқылдап қатты дыбыс шығарады. Баласына «құстың басын кес» деген. Енді екі жаяу, қасында бір ит бар, жүріп келе жатқанда ит қайта-қайта ұлыпты. Итті де басына атқызып тастаған. Күн кеш болып түнге айнала бастаған, еңді қашық емес, алдымыздан төбелдірікті там кездеседі, сонда барып жаңбырдан паналайық депті. Айтқанындай, алдарынан үлкен төбелдірікті там кездесіпті. Тамға кіріп жайласа бергенде даладан ат тұяғының дыбысы, көп адамдардың сөйлегендері естілген. Сармолда баласына «үндемей отыр, пышағыңды қолыңа даяр ұста» депті. Көп атты келіп тоқтап, «осы төбелдірікті тамға келіп ықтайық, жаурап қалдық, осы жерден Тастемірдің ауылы қашық емес, таңертен түндігін найзамен ашармыз» деген көрінеді. Келіп жатқан түрікпендер екені белгілі болған. Зираттың ішінде екеуі босағаға сүйеніп шығуға даяр тұрған. Түрікпендер зираттың ішіне толық кірген кезде біреуі дауыстап, аттарды біріне-бірін байластыру қажет дегенде, Сармолда «біз байластырайық» деп баласын ертіп зираттан шығып, аттардың түгелдей тұсауын қиып, екі атқа екеуі мініп, тұсаудан босаған аттарды қамшымен орып-орып жібергенде, өзі тоңып тұрған, өзі аш аттар құлан-құтаяқ шапқылап алып жөнелген. Өздері ауылдарына келіп, елді оятып, адамдарын қаруландырып, тамның ішінде жаяу қалған жауларды тұтқындатқан көрінеді.

Соңынан ел адамдары «тазыны, құсты неге өлтірдіңіз?» деп сұрағанда, оларды өлтірмегенде біздерді түрікпендер өлтіретін еді ғой деп жауап беріпті. Себебі, зираттың қасында ат тұрса, ішінде адам бар екені белгілі болмай ма, дыбыс шыққансын құс та қозғалып сілкінеді, сөйтіп, адам бар екені анықталатын болғансын, өлтіруге тура келді деп жауап беріпті. Баласын ертіп, зираттан шығып кетуін, қараңғыда көп түрікпеннің біреуі деп ойлауы мүмкін-ау деген ой бізге де келді. Ол кезде сіріңке жоқ, шақпақ тасты біріне-бірін соққылап майға суарылған түтілген құрғақ шөпті түтетіп барып от жағатын кез. Ол құрғақ болуы керек, жауын жауып тұрғанда оның да тұтана қоюы қиын. Оның атын бұрын «қу» деп атаған. Сондықтан да тас қараңғы зират ішіндегі бөгде адамның барын білу мүмкін еместігі белгілі. Баласына пышағынды даярлап тұр деп неге айтты екен дегенімізде, Әбекең «аттардың бекіту тұсауын жылдам кесіп тастау үшін айтқан болар» деп жауап берді. Әбекең әңгімесін жалғастыра берді.

Сармолда Хазірет жасы үлкейіңкіреп барып дүниеден өтсе керек. Ол кісіден алты бала болғанмен осы қауымдағы екінші жарық шығаратын зиратта жатқан Атанафестің жайына ауысайын. Атанафес Сармолданың немересі. Сармолданың Базылбек деген баласының тұңғышы. Сармолданың немерелерінің ішінен еншілеп өзіне бала кылып алған Атанафес екен. Сармолда Базылбекті жастайынан үйлендіріпті. Базылбектің үш баласы болған, Атанафес, Шыман, Тәжіғұл деген. Атанафес жастайынан қасиетінің бар екендігін елге байқата бастаған. Атанафес жеті жасқа шыққанда үлкен той жасап, қырық ту бие беріп, сабына дұғалық жаздырып, алтын кездік соқтырып, Сармолда әкесі сыйға тартқан дейді. Атанафесті он жасында Қазан қаласына жеті жылға оқуға жіберіп, оқытып алса керек. Атанафес жыл сайын жазда су жолымен аулына демалысқа келіп жүрген кезінде алтын кездігін жоғалтып алыпты. Ол оқиғаны да айта кетейін деді Әбекең.

Ауылда жаздың кезі, жастардың қымыз ішіп, қызып жүрген мезгілдерінің бірінде ауылдың сыртынан үлкен құйын Атанафестер отырған үлкен ақбоз үйге қарай беттеп келе жатқандығын сырттағы адамдар хабарлайды. Үйде отырған Атанафес бастаған бір топ қыз-жігіт тез сыртқа жүгіре шығып, қараса үлкен қара құйын үйге жақындап қалыпты. Атанафес құйынға қарай тура жүгірумен барып, жақындай бере жанындағы алтын кездікті лақтырып жіберген. Сол бойда құйын жалт бұрылып кері кеткен. Құйын кеткенмен алтын кездікті түгел ауыл адамдары болып кешке дейін қарап, таба алмаған. Сонымен Атанафес демалысы аяқталып оқуына кетіп, оқуды бітіріп, келесі жылы ауылына келген. Жастармен бірігіп ел қыдырып, той

тойлап, кешке ақсүйек, алтыбақан, қыздармен қыдыру сияқты көңілді күндерін өткізумен болған. Ол кезде күйлі адамдар балаларына қыз айттырып, оның қалыңмалын алдын ала беріп қою салттарының сақталып тұрған уақыты. Атанафеске де Жиделі-Қазан жерінен біреудің қызын еншілеп, жол-жоралғысы жасалып қойылыпты. Қалыңдығын бұрын көрмегендіктен барып көріп, танысып келу мақсатымен ешкімге айтпай, қасына жолдас ертпей қайын жұртының аулына келіп, бір-екі күн болып, елге қайтады.

Жолда Қаратөбе деген жерге жақындағанда анадай жерде төбенің үстінде бес-алты ақбоз үйді, үйдің сыртында желідегі байланған құлынды биелерді көріп, кеше өткенімде жоқ еді, бүгін қонған болды-ау деп, түс мезгілі болып қалғандықтан ауылға бұрылып көлеңкелеп, демалып жүруді жөн көреді. Атын ауылдың сыртына тұсап тастап, өзі ортадағы үлкен ақ боз үйге сәлем беріп кіріп келсе, шай ішіліп жатыр екен, оң жақта саргедер бәйбіше, оның төр жағында бой жеткен қыз, одан кейін жас жігіт, шайды келіншек құйып отыр, менің сәлемімді ешкім алмады депті. Естімей қалды ма деп, қайталап дауыстап сәлем беріп едім, естімегендігі, бұған назар салмағандығы байқалған. Сонда барып перінің еліне тап болғандығын біліпті.

Пері туралы оқуды оқытып еді де, көзімізбен көрген жоқ едік, кездескенімде қуанып кеттім, шөлдеп келгендіктен шыдай алмадым, босағадағы сабадан қасында тұрған аяққа қымыз құйып іштім де, шай ішіп отырған қыздың жоғарғы жағына барып отырдым депті. Дастарқандағы тағамдардан ауыз тидім. Мен барып отырғаннан кейін дастарқанның үстінде жарамсыз кикілжің әнгімелер басталды. Жас жігіт келіншекке «шайың мұздап кетті» деп дауыс көтере бастаса, өз шайыңды ішпей маған құйылған шайды неге ішесің деп тыжырына бастады, не керек шайдың берекесі кетулі. Осы кезде жақын отырғандықтан болу керек, менің денем қызға сәл тиіп еді, сол-ақ екен қыздың есі ауып тала бастаулы. Шешесі қыздың басын сүйеп, әбігерге түскен көрінеді. Жиналып қалған көршілерінің ішіндегі жасы үлкен қариясы біреудің атын атап, жылдам алып кел деп хабар жіберулі. Енді біреулері мал сойып, садақа жасауға кіріскен. Шақырған перілерін көрейін, кездесейін, бастадым ғой, аяғына дейін шыдайын деген оймен даладағы атымның ер-тұрманын алып, тар қылып бекітіп тұсап, үйге қайтып оралсам, қыз аздап тәуір болып қалған екен, мен жақындағанда тағы тала бастады, осыны білгеннен кейін қыздан кейінірек төрге қарай шегініп отырдым, депті.

Жын-пері туралы оқытқанда, кездесе қалғанда зәбір көрсетпеуге ант бергенбіз, менің бұл елді әбігерге салғанымның дұрыс еместігін біле тұрсам да, нәтижесін көргім келетін құштарлығым жеңіп, аяғына

дейін күткім келді. Кешке қарай, шақырылған перілері де келді. Келісімен оқып, қызға дем сала бастады. Олар сүйтіп жатқанда Атанафес сыртқа шығып, қазанның басынан ет жеп, үйге келіп, қызға жақындаған екен, талмасы күшейсе бастапты. Үйдегі шақырылған пері Шолақ ағаны тез алдырмасақ, сұрқостың жайы нашарлап баратыр деп, қос атпен хабаршы жіберіпті. Мен де сол әулиенің келгенін күткім келді. Ер-тоқымымды үйдің көлеңке жағына әкеліп жастандым, мен үйге келіп отырғансын-ақ, қыз қайтадан ыңқылдай бастады. Үйдегілер тұрып шай жасаған болды, енді біреулері аксарбас қойды әкеліп, союға кірісті. Сәске түстің кезінде сырттан «келе жатыр» деген сөздер естілді. Үйдің іргесі тұрулі, керегенің көзінен сырттағылар түгел көрінеді. Үйдің сыртына екі-үш атты келіп, аттарынан түсіп, ішіндегі орта жастағы бір аяғы қарасанның ортасынан жоқ балдақты періні есік ашып, тағзым етіп үйге кіргізді, сәлем беріп үйге кіргенсін, төрде жатқан Атанафесті бірден көрген, кідірмей келіп ол да төрге шығып, менің алдыңғы жағымнан ортаға таман отырып, қымыз ішті. Әлден уақытта «киын болған екен, үйді адам перісі иеленіп қалыпты, өзі ғұлама жас пері, осыдан бір жыл бұрын менің аяғымды да дұғалы кездікпен ұрып жұлып еді, енді аулыма әрекет салып отыр. Бұндай әділетсіздікке бармауы керек еді, антын не себептен бұзғаны түсініксіз, енді қу баспен көшіру ғана қалды» депті. Ет даяр болып, қол жуылып, дастарқан жайылған. Аксарбас қойдың басын әкеліп тартыпты. Сол мезгілде қынынан өткен жаздағы жоғалтқан алтын кездігімді суырып алып, бастың құйқасын бөле бастады. Мен пышақтың қашан дастарқанға қойылуын күтіп жатырмын, сол-ақ екен, пышақты қойып, басты екіншісіне ұсына бергенде, кездікті жылдам алып, қалтама салдым. Сонымен ет желініп болғасын жылқынын қу басын үйдің сыртқы қапталына қойғызып, өзі маған бұрылып, оқуын бастады. Күн де ұясына батуға айналды. Ара-арасында дем салады. Бұл оқылып отырған оқуды Атанафес те білетін көрінеді, егер де өзіңіз әділ болсаңыз қарсы оқуға болады – бірақ өзінің ісінің дұрыс болмағандығынан қарсы оқымаған. Сонымен түн ортасы болыпты. Шолақ әлі оқып отыр, оқып, дем салған сайын Атанафеске қарай жылжып қоятынды бастаған. Мезгіл түн ортасынан ауған уақытта Атанафес терлеп, ауа жетпей жайсызданған. Шолақ жақындап қалғандықтан, кейін қарай жылжып қоятынды бастаған, осы кісі ұстаса кетсе, менің әлім жетпей қалады-ау деген ой пайда болған, оның себебі, әлсіреп, шаршай бастадым депті. Сөйтіп, маған Шолақ жылжыған сайын мен де шегініп отырамын. Осылайша жылжи-жылжи босаға керегеге де келдім, әлім кетті, енді тек есікке жетіп, үйден шыға алсам деген ой болды, еңбектеп есіктен шығып, үйге сүйеніп ауа

жұтып, бір-екі аттағанымда үйдің белдеуінде байлаулы тұрған ақбоз атты көріп, тізгінін шешіп атқа зорға міндім де, қаштым депті. Бір уақыттарда көзімді ашсам, күн сәске болып қалыпты, жылқының қу басының үстінде қара терге түсіп отыр екенмін. Басым мең-зең, тұла бойым езіліп, болдырып қалыппын. Маған не болды, түсім бе, өнім бе деп қарасам, қасымдағы ер-тоқымыма көзім түсіп, болған жағдайлар ойыма орала бастады деген көрінеді. Ер-тоқымды арқалап, тар қылып бекітіп тұсаған атым да ұзамаған екен, шөлден курап қалған атпен Қаратөбенің құдығына барып атын суарып, өзі жуынып, демалып отырғанда ойына кездігі түсіп, қалтасына қолын салса, кездік тұр. Сонда барып болған уақиғаның шындығына көзім жетті депті.

Ауылына келіп қонғансын, ертесіне таңертең Сармолда атасы қайдан келгенін сұраған. Атанафес көрген-білгенін түгелдей айтып берген. Тыңдап болғаннан кейін: «Бүгіннен бастап ойын-сауықты қой, мектеп даяр тұр, алған білімінді еліңнің қажетіне жарат, ұстаздық етіп бала оқытуға кіріс», – деп тапсырыпты, басқа ештеңе айтпаған. Бірақ, Атанафес бұл тапсырманы орындауға асықпай, жастықтың жетегінде жүріп қалыпты. Бір күнде ақсүйек ойнап жүрген кезінде ағарып жатқан затты сүйек екен деп ұстай бергенде ол ақ жылан болып, өзіне қарай тұра ұмтылған. Атанафес жыланнан қатты қорқады екен, тұра қашқан. Артына қараса, жылан қуып келе жатыр, сөйтіп келе жатқанда сүрініп жығылған, қуып келе жатқан жылан шақпастан, кідірместен санының үстінен өтіп кетулі. Үйіне келіп жатайын деп шешініп қараса, жыланның өткен орнында, санында қара жолақ із қалғанын көреді.

Ертесіне тұрып, Сармолда атасына барып, жыланның жайын айтып қорыққанын білдірген. Атасы ештеңе айтпаған, тек қана айтқаны: «Енді баланы дұрыстап оқыт», – депті. Келесі күні түнде ұйықтап жатқанда тарс еткен дыбыстан ояна кетсе, аяғының жыланның қалдырған ізінен сынып, бөлек жатқанын көрген. Осылайша жастықпен қоштасып, ұстаздық жұмысқа біржолата кірісіп кетіпті.


Атанафес – емсектік, сынықшылық, құмалақ ашу өнерлерінің биік шыңында болған адам. Ұстамалы, талып қалатын немесе есінен адасқан ауруларды емдеп жазып отырған. Үлкен-үлкен қауіпті сынықтарды орнына сала беретін болған. Құмалақ арқылы айтқан болжамдары барлық кезде шынға айналып, елдің құрметіне бөленіп, алғысын алып отырған. Алпыс жасқа жетер-жетпесінде дүниеден өтті. Мен ол кісіні көріп, жүздескен адаммын. Атанафестен бір қыз, бір ұл болған. Ұлының аты Нұртілеу, қазір Ақшұқырда тұрады. Жасы біздермен шамалас, ол кісі де қасиеттен құр емес, деп Әбекең ақсақал әңгімесін аяқтады.

Бұл әңгімеден кейін мен Нұртілеу ақсақалмен бірнеше рет кездестім. Сол мезгілде жасы сексенге таяп қалған болуы керек. Әбекеннің әңгімелерін айтқанымда, «Оның бәрі рас, олар үлкен оқымысты, әулие адамдар ғой» деді. Нұрекен де сол маңайдың адамдары құмалақ аштыруға жиі келеді екен. 1980 жылдың бас кезінде тоқсан жасты тауыса жаздап, Нұрекен ақсақал дүниеден өтті.

Нұрекен ақсақалдың баласы Нұртілеуов Рамазан өз жолдастарының арасында беделді, абыройлы азамат. Қазір Ақшұқыр кентінде тұрады. Балалары ер жеткен, әрқайсысы отау көтеріп үй болған. Нұрекен қарттың інісі Айтқұл облысқа белгілі ақын-жыршы болды, өмірінің аяғына дейін мәдени қызметпен айналысты. Оның баласы Айтқұлов Алпамыс қазір Ш. Есенов атындағы Ақтау университетінің кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы. Ал мен Маңғыстаудағы үш жүз алпыс әулиенің қатарынан орын алып жатқан Сармолда, Атанафес хазіреттердің қасиеттерінен хабардар ету мақсатында Әбекең қарияның әңгімесін оқырмандарға ұсынуды жөн көрдім.

Күні бүгінде осы екі адамның басына барып тәубе етушілер аз емес. Бірақ, сол кездегі қойылған белгілер тозып, орны жоғалып кету қаупінде тұрғандығын әруақтарды сыйлайтын азаматтардың есіне салғым келеді.

«Маңғыстау» газеті, 1995 жыл



ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕГЕН АДАМ МЕМЛЕКЕТІН ДЕ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

Тіл тағдырын ел тағдырынан ажыратып алуға болмайды. Тілсіз елдің болашағы бұлыңғыр. Тілдің – тірегің болмай, ұлттық намысың – жүрегің болмай, істің ілгері басуы екіталай.

Қазақстан болашаққа өзінің Ата Заңында жазылғандай, унитарлы мемлекет, яғни қазақтың, қазақ ұлтының мемлекеті болып баруы үшін, ең алдымен, қазақ тілінің сақталуы, оның қоғам өмірінің барлық саласында толықтай қолданылуы шарт. Өкінішке орай, ана тіліміздің Ақтау қаласындағы жай-күйі көңілге қуантарлық жағдайда емес. Мұның бәрімізге де белгілі жағдай екені де рас.

«Егер туған тілім ертең жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын» деген екен авар ақыны Расул Ғамзатов. Тап осындай рухы биік сөзді «Мен – қазақтың» деп өзіміздің ақынымыз Жұбан Молдағалиев кеңес дәуірінде айтқан болатын. Әрқайсымыздың бойымызда осындай рух атойлап тұрса, сөз емес істі алға шығарсақ, қазақ тілі қағажу көрмейді деп шүбәсіз айта алар едік. Бірақ ондай патриоттық бастаманы қала басшылары қостап, дұрыс екен деп түсіністікпен қолдамаса іске аспайтыны тағы да түсінікті. Тәуелсіздік алдық. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жарияладық. Он екі жыл өтті. Осы уақыт ішінде қаламызда тілге деген қандай күрделі өзгеріс болды? Мемлекеттік тіліміз мемлекеттік мекемелердің табалдырығынан аттап, ішіне еркін ене алды ма? Сол мекемелердің құжаттарының тіліне айнала алды ма? Өкінішке қарай, келер болашаққа үміт артып, әлі де күдерімізді үзбегенімізді білдіру үшін ғана – «әзірше толық қуатына ене алған жоқ» деп жауап береміз.

Мұның негізгі себебі, тіл мәртебесі ресми тұрғыдан жарияланғанымен, оның үйретілуі мен қолданылуын жүзеге асыратын тетік бізде әлі де ойдағыдай іске қосылған жоқ. Мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері оның «мемлекеттік» деген мәртебені иеленуімен ғана шектелмесе керек. Барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар мемлекеттік тілде жұмыс атқаруға тиісті. Сол мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы қандастарымыздың көбі қазақшаны толық мәнінде сөйлей алмайды, дұрыс ұғынықты сөйлей алмаған адамның жаза алмайтыны, әрине, белгілі.

Мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас әлі күнге дейін қосалқы сипатта ғана атқарылып келе жатыр.

Кейбір қара көздер ана тілі – қазақ тілін білмейтіндіктерін өздерінің кемшілігі, түрлі жағдайлардың салдарынан болған кесел ретінде қараса, екінші біреулері сол олқылықты мақтан көретін сияқты. Немесе, өз тілін өзі менсінбейді. Қандай надандық? Ықылым заманнан бергі адам баласының ең ескі байлықтары «Авеста», «Гильгамеш» жырларында негізінен түріктік, қазақтық сарындар жатса, тасқа жазылған көне жәдігерлер мың жарым жыл өткенмен бүгінгі ұрпаққа түсінікті болып шыққан жоқ па? «Диуани лұғат ит-түрік», «Құдатқу білік» сипаттас энциклопедиялық еңбекті тудырған тілдің жалғасы қазіргі осы біздің сөйлеп тұрған тіліміз болса, осы шындықтарды дәлелсіз жоққа шығарғысы келгендердің әрекетін нигилистік деуге болмайды, опасыздық деп түсінгеніміз жөн.

Тәуелсіздік алған Қазақстан халқы, оның ішінде, әсіресе, біздің облысымыздың тұрғындары мемлекеттік тілін дүниеге әкеліп, билік тізгінін толық қолына беру жолында әлі толғатып келеміз. Толғақ мерзімі тоғыз ай болса, біз он екі жыл толғаттық. Маңдайымызға торсық шекелі «қазақ тілі» деп аталатын жап-жас, жап-жаңа, аймандай тілдің түбінде келетініне жүрегіміз сенгендей болады. Бірақ, қашан келетінін ел билігінің тізгіндерін ұстап отырғандар айтатын болар.

Меніңше, қазақ тілін жып-жылдам алтын тағына отырғызуға болады. Ол үшін жекелеген азаматтардың немесе қоғамдық бірлестіктердің емес, мемлекеттің өзінің ықпалы басым болуға тиісті. Немесе, қала әкімшілігінен бастап, мемлекеттік мекемелердің барлық құжаттары мемлекеттік тілде жазылып таратылатын болса, сол бойда облысымыз түгелдей айқай-шусыз ана тіліне толық көшетіні айдан анық. Олай болмаған жерде осы шалағайлығымызбен әзір жүріңкірейтін ретіміз бар. Үкімет жасаған Мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен орталық атқару органдарының жергілікті құрылымдарының көшу кестесіне сай қазақ тіліне көшетін мерзімі өтіп кетті. Мемлекеттік тілге көшуге мүмкіндігі бар делінген Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау облыстары толығымен мемлекеттік тілге көшкендігінен хабардармыз. Маңғыстау облысы да көшетін шығар деп дәметеміз.

Дін, мәдениет, тарихи сана, мемлекеттік қызмет, басқа да өмірдің салалары ұлттық ортаны қалыптастырмайынша, тілге де сұраныс болмайтын сияқты. Қазақ тілі – ғылым тілі, білім тілі, заң тілі, кеңсе тілі, экономикалық, саяси, халықаралық қарым-қатынас тілі болса ғана өмірі ұзақ болып, салтанат құрмақшы.

Қазақ тілінде іс жүргізетін мамандардың, мемлекеттік қызметтегі мәртебесін, дәрежесін көтеріп, материалдық жағынан ынталандырып отырса көмегі тиген болар еді. Осы тұрғыдан мемлекеттік қызмет

жөніндегі заңға өзгеріс енгізілсе де бөтендігі жоқ. Мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың мемлекеттік тілді шала білетіндерінің орындарын ауыстыратын мезгіл келген сияқты.

Тіл туралы Занда да, тілдерді дамытудың Бағдарламасында да қос тілділікке кеңінен орын берілген. Ал, шындығына келсек, мемлекеттік тілдің өркендеуіне осы қос тілділік едәуір кедергі болып келе жатқаны байқалады. Мемлекеттік тіліміздің қоғамда қолданылуына облыс әкімі тарапынан да күрделі қолдау көрсетіліп, басымдылығын арттырмаса тұсаулы аттай шапшып-шапшып ақыр түбінде аяғын тұсау қиып, аяқ артарға да жарамай қалу қаупінде тұрғандығын жасыруға болмайды. Мемлекеттік органдардың бәріне қызметке адамдарды мемлекеттік тілде таза жаза алатын, қазақтың салт-санасын жақсы білетін азаматтардан іріктеп алынса, іс оңғарылар еді деген ойымыз да, ұсыныстарымыз да жоқ емес. Осыған сәйкес мемлекеттік тілді білуге деген ынта-ықыласты күшейту үшін мектепте де, арнаулы орта, жоғарғы оқу орындарының бәрінде де осы тілден емтихан алуы толықтай енгізе, бұл да бөтен болмас еді.

Содан соң біздің облысымызда шетелдің көптеген инвесторлары жұмыс атқаруда. Оларға қызметке ағылшын тілінде емес, мемлекеттік тілде сөйлеп, жаза алатын адамдардың алынуын, ағылшын тілі қажет болса аударма қызметін қолдануды үкімет талап ететін болса өте дұрыс болар еді. Бұл ұсынысты облыс әкімінің алдында да, Үкімет алдында да қойғымыз келеді.

Тіл туралы әңгімесінде академик Зейнолла Қабдолов: «Бір кездері Қазақстанға басшылық жасаған Паномаренко деген кісі «Абайды оқыдың ба?» деп сұрайды екен үлкен басқосуларда. «Оқымадым» дегенді залдан шығарып жіберетін болған. Бұл да тілге мән берудің тәсілі шығар», – дейді. Немесе, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Өмірзақ Айтбайұлы: «Қазақ тілінің көркеуі лауазымды адамдарға байланысты онға басады. Бір кездері лауазымды адамдар балаларын орыс тілінде оқытып, білгізіп, орыс тілін жете меңгертуге жанталасқан. Оларға тіл емес – қара басы, жылы-жұмсақ орны қымбат. Әсіресе, орыс тіліне жүйріктер, қазақ тіліне шорқақтар ана тіліміз бел алып кетсе тірліктерінің қиындай түсетінін біледі. Сол себептен қашқақтайды. Егер тәуелсіздік алған жылдардан бастап көп бұлтаққа бой алдырмай, ұлттық рухты алға шығарғанымызда мұндай күй кешпес едік?! Соның кесірінен көп жұрттың бетін қайтарып алдық, ынта-ықыласын төмендеттік. Орыс тілінсіз «Қазақстан өмір сүре алмайды екен, басты ауыртып қайтеміз» деген ұғымды қалыптастырдық», – дейді. Әрине, бұдан енді біз кешігіп қалыппыз, «Тіл туралы» заңның енді орындалуы мүмкін емес деген ойдан аулақ

болған жөн. Оған енді жігерлілік, ынталылық, ана тілімізге деген сүйіспеншілік төмендемеуі қажет.

Ортақ мүдденің ең үлкені – тіл мәселесі. Қазағымыздың тілі болашақ Қазақстанды мекендеген барлық тіл өкілдерінің екінші ана тіліне айналуына тілекшіміз. Бұрынғыларды айтпағанның өзінде күні бүгінгі Шерхан, Әбіш, Мұхтар Мағауин, Қабдеш, т.б. азаматтарымыз қазақ мектебін бітіріп, қазақша сөйлеп, жазып-ақ елге танымал болған жоқ па? Немесе, Ақтау қаласындағы кейбір орыс өкілдерінің қазақ тілін өздерінің ана тілінен кем сөйлемейтіні басқа ағайындарға үлгі-өнеге болып, мемлекеттік тілді меңгеруге ықпал етуі керек қой.

Тіл үйрену, әрине, онай шаруа емес, ол өнімсіз, өте ауыр еңбекпен теңдес. Шыңғыс Айтматов ағамыздың тіл туралы айтқан пікірлерінің ішінде мынадай бір сөздері ойға оралады. «Туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден, бұла кезіннен басталмаса, кейін қиынға соғады. Айналандағы адамдарға, өзін өскен ортаның табиғаты мен халқының Мәдениетіне, Дәстүріне деген көзқарас та туған тіліңді білуден басталады», – деген еді. Мәселен, адамның алғашқы мүшел жасқа толғанша қай тілде сөйлесе, кейін қанша тіл үйренсе де, сол бастап білген тілінде ойлап, негізінен, сол тілде сөйлейтіні ғылымда да, өмірде де дәлелденген жағдайлар.

Ана тілімізді өзіміз өгейсітіп, еміренбей сыртқа теуіп жүргенімізде, ағылшынша білудің қажеттілігі бұрынғыдан да күшейді. Облысымыздағы қалталы қандастарымыздың көңілінен шыға алмаған, ілгері басқан қадамы кері кетіп келе жатқан мемлекеттік тіліміздің қатарға қосылуынан күдер үзіп, қайтадан балаларын ағылшын пәнін оқытатын орыс мектептеріне ауыстырды. Әрине, ағылшын тілін білу керек, ол – заман талабы. Солай бола тұрғанмен, ана тіліміз ардағымыз екенін естен шығармауымыз керек емес пе?!

Осы жерде мынадай бір ұсыныс айтқымыз келеді. Қаладағы қазақ мектептерін бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқытатын оқытушылармен қамтамасыз етіп ұйымдастырса, азаматтар балаларын қайтадан қазақ мектебіне толықтай беретініне шүбәлануға болмайды. Қазірде Ақтау қаласында орыс мектептерінде ағылшын пәнінің оқытушылары жеткілікті және бастауыш кластардан бастап ағылшын тілі оқытылады. Ал қазақ мектептері мен аралас мектептердегі жағдай бұған келіңкіремейтін сияқты. Осы мәселеге облыстық білім беру басқармасының назар аударғаны дұрыс болар еді.

Қазақстандықтардың, қазақтың алдындағы қазіргі міндет жаппай ағылшынша үйрену емес, жаппай мемлекеттік тілді меңгеру екендігін ұғынғанымыз жөн болады. Бәріміз ағылшынша білгеннен шетелде, шетелдік мекемеде түгелдей қызмет істемейтін шығармыз.

Біздің облысымыздың көптеген жерлері немесе Ақтау қаласынан басқасы түгелдей мемлекеттік тілде қызмет жүргізеді. Ақтау қаласының өзінде де кейбір мекемелер мемлекеттік тілге көшіп отыр. «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесі, оның барлық бөлімдерінде қазақ тілі толық бедел алған деп айта аламыз. Іс қағаздары екі тілде жүргізіледі. Жалпы, бұл мекеме мемлекеттік тілге толықтай көше алады деп айтуға болады.

Кейбір мекемеде қызмет адамдарын қазақ тіліне оқыту, үйірмелер ашу жұмыстары да жүргізілді. Осы оқу жүргізіп жатқандарға Қазақстанның тіл мамандары мен ғалымдарының мынадай ұсыныстарын ескергендері дұрыс сияқты. Республикадағы белгілі ғалымдардың бірі, бірнешедеген оқулықтардың авторы Шәбікен Бектұров: «Бізге нені оқытамыздан бұрын, нені үйретемізді алға шығару керек. Оқыту – қазақ тілін жақсы білетіндер арасында жүріп, тілдің фонетикасы мен морфологиясын, лексикасын, синтаксисін бірінен кейін бірін қатар қарастырады. Бұл шара сауатты қазақ мектептерінде жүргізілетін болу керек. Қазақ тілін түсінбейтіндерге немесе шала түсінетіндерге грамматиканы қосып, тілді оқытамын деу мүлде қате. Алдымен, біртіндеп сөйлесуге, білетін сөзін дұрыс жазуға дағдыландыру керек, содан кейін барып оқытуға көшкен жөн», – депті. Бұның бәрі де мемлекеттік тілді білгізудің жолындағы әрекеттер. Тиімді жағын пайдаланып, қазақшаны орнына қою бәріміздің міндетіміз.

Жасыратыны жоқ, күні бүгіннің өзінде кейбір азаматтарымыз тіл жайындағы әңгіме қозғалса сылтау іздеп, сырт айналып қашқалақтауға дайынбыз. Басқа болса бір жөн-ау, сондайлардың көбі тамырын ауылдан тартқан өзіміздің қазақтар. «Төркінін танымаған көргенсіз қыздай» кекірейеді.

Мынадай бір әңгіме бар. Бір орта жастағы азамат қыстың күні мұзға тайып жығылып, тұра алмай жатып былай депті: «Әй, керзіби, керзіби, оқсаттың-ау!». Жан-жағына қараса айналасында ешкім жоқ. Сонда әлгі кісі: «Керзібисіз жүргенде де сорлы едің ғой», – деп күрсінген екен.

Біздегі тіл жағдайы осының кері. Кешегісі – анау, бүгінгісі – мынау. Оны өзімізден көрмей, өзгені жазғырамыз. Көршілес жатқан өзбектің жайына келейік. Қызыл империяның дәуірін бірге кештік. Коммунизмге тез жетудің міндеті оларға да жүктелді. Бізден айырмашылығы – сыртын берсе де, ішін берген жоқ. Түнілмей түбін ойлаған екен. Мұндай үрдісті Балтық жағалауы халықтарынан да көруге болады. Әзірбайжан, армян, грузиндердің де тіл жөніндегі есебі түгел. Жақында Бакуге барып қайтқан бір азамат аузының суы құрып қызығып келді. Тіпті, күні бүгінде орыстардың құрамында отырған

татар ағайындардың орталығы Қазан қаласында болғандарыңыз бар шығар. Кенес Одағының шашасына шаң жұқтырмай тұрған уақытында – 1969 жылы жолым түсіп, Қазанда болғанымда таң қалғанмын. Сондағы қызмет бабындағы көрген адамдарым түгелдей татарлар болды. Муса Жалил атындағы кітапханаға барып, орыс тілінде сөйлегенімде маған «неге өз тілінде сөйлемейсің?» деп шамдана бастамасы бар ма. Менің қасымдағы татар жігіті «бұл кісі татар емес қазақ, біздіңше дұрыс сөйлей алмайды» деп түсіндірмегенде ренжісіп қалуға айналып едік. Содан менің білгенім – өздерінің ішінде іс қағаздары да татарша жүреді екен. Қызмет басындағы отырған адамдары да түгелдей татар ұлтынан екен.

Тағы бір мысал келтіре кетейін. Украинаның Одесса қаласында 1980 жылы ауруханада жатып емделгенім бар. Сонда маған ауырғаным туралы құжатымды украин тілінде толтырып берді.

Ақшұқырдың көлеміндей жері бар, саусақпен санағандай ғана халқы бар кішкентай Дағыстанның авар тілінде жазатын ақыны Расул Ғамзатов – өзінің ешкім ондай тіл бар деп білмейтін авар тілімен, өзінің ата даусымен атақ-даңқын әлемге жайған жоқ па?

Біздің қазағымыздың ішінде мынадай әңгіме бар: «Біз әсіре-қызылдау халықпыз, бір затты бастаймыз десек, бастап кетеміз, соңынан ұмытып кетеміз, аяқсыз қалдырамыз, науқаншылмыз», – дейді өздеріміздің ішімізде. Осы әңгіменің жаны бар сияқты. Қазір тіл мәселесіндегі белсенділік төмендеп кетті. Заң қабылданғанына, оның бағдарламасының белгіленгеніне, мекемелердің оған қарап шаралар жасақтағанына тоқмейілсіп отырмыз.

Әкімшіліктің өзінен құралған «Қазақ тілі» комитеттері бұдан көп бұрын жабылып қалды. Қоғамдық негіздегі құрылған Ақтау қаласының «Қазақ тілі» қоғамы деген атақ қалалық әкімшілікте есепте бар шығар. Бірақ қаладағы тіл, діл, мәдениет, салт-сана жөніндегі жиындар мен басқосуларға да шақырылмайтын сияқтымыз.

Облыс әкімі Палымбетов Болаттың ұсынысымен Ақтау қаласының «Тіл туралы» Заңның орындалысын тексеретін қалалық комиссияға мүше болғанымға екі жылға аяқ басты, бірақ олардың жұмысына араласып, қатынасуға тапсырма беріліп жатқан жоқ. Ол комиссия тарап кеткен шығар деп ойладық. Немесе ол жұмыстарға басшылық жасап отырған қала әкімінің орынбасары Ұлдай Сыдықова қарындасымыз қалалық «Қазақ тілі» қоғамының қажеті жоқ деген ұғымда болған шығар.

Осындай жағдайларды ойласаң, қазақтың «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген мақалы ойына оралады. Жағдай осындай болса, «Қазақ тілі» қоғамының орны шамалы болатыны белгілі емес пе?

Бұның бәріне кінәлі науқандық әсіренің салдары. Егер бастаманың ырғағын қалыпты ұстасақ, бұл күнге дейін біраз жерге баратын едік. Естеріңізде шығар, алғашқы уақытта жергілікті әкімшіліктерде кәдімгідей сілкіністер болды. Өмірінде ана тілінде жақ ашпаған бастықтар қазақша баяндама жасауға кірісті. Пәрменге мойынсынды. Сол істердің арқауын қазірде босатып алдық. Мәселе өзінді жаттай сыйлауда. Өзгелердің құрметіне кенелу өзімізге байланысты. Елуінші, алпысыншы жылдардың сипаты басқаша болған. Онда орыс ағайындар қазақшаға кейбіреулері тым тәуір болатын. Қарымта ретінде қазақтар да орыс тілін үйренді. Бірақ, кара шаңырақтың мұрагері екенін ұмытқан жоқ. Бұл – намысты ерге лайықты мінез. Ол мық-тылықтардың сыры – қазақ пен қазақ қазақша сөйлескенінде. Президент Н. Назарбаев қазір соны бәрімізге қаратып қайта-қайта нықтап айтып жатыр. Бекерге емес. Қазақ пен қазақ қазақша сөйлесу – мемлекеттік тілді өркендетудің ең басты кепілі және ең нәзік кілті. Перзенттік парызы ретінде сезініп, әркім осы қағиданы сабырмен жүзеге асыратын болса, дау да, далабай да болмас еді. Президентіміз ел зиялыларынан үміт күтіп, салмақ салды. Әр адамның шамасы жететін карапайым қағиданы ұсынды. Бар болғаны үш-ақ сөз: «Қазақпен қазақша сөйлес». Әр отбасы осы сөзді көңілінің төрінде сақтап, қолданып отырса онды болар еді-дағы.

– Қазақпысың?

– Иә.

– Онда менімен қазақша сөйлес. Мен де сенімен қазақша сөйлесемін. Сөйтсек, қана ана тіліңді үйренесің.

Әркім орысша шүлдірлеген қазақтарға осылай десінші. Мұнысын ол камқорлық ретінде қабылдауға тиіс. Тілге, бір-бірімізге камқорлық танытайық. Сонда көсегеміз көгереді.

Тіл – жазушы мен журналистікі, әдебиетші мен әртістікі ғана емес, халықтікі; ата мұра – Президентімізден бастап барлық қандастарымыздікі, олар – туған тілінің иесі, соның жақтаушысы, соның сақтаушысы. Ел түсіміздің қоңырлығына карамайды, ұлтымыздың қасиетіне қарайды. Соны нығайтқан қазақ ғана – нағыз қазақ. Шерағамыздың күні бүгінге дейін туған тілін өгейсітпеуге деген даусының бәсеңдемеуі, Фаризаның депутат әріптестеріне ашық хат арнағаны – ұлт алдындағы ұлы жауапкершілікті мойындағаны деп түсінеміз. Осындай ашық хаттарды неге басқа азаматтарымыз жазбайды? Түсініксіздеу. Жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығы тіліміздің мәртебесін көтерер. Шерағаң сияқты қазақтың ұлдары мен Фариза сияқты қазақтың қыздарының көбейгенін Құдайдан тілейік! Өздеріңізге белгілі «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға

арналған Мемлекеттік бағдарламасы» деген құжат дүниеге келді. Онда бір жерінде былай депті:

«Сонымен қатар тіл заңдылығының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселесі іс жүзінде шешуді талап етеді. Оның негізгі ережесін бұзғаны үшін пәрменді санкциялар жүйесін әзірлеу қажет» делініпті. Бұдан біздер мемлекеттік тілге деген көзқарастың мықтап өзгеретінін сезгендейміз.

Тәуелсіздіктің босағасының берік болуы, мемлекеттік тіліміздің басқа елдердің тілімен терезесінің тең болуына байланысты. Өзі ана тілін ел қатарына қоса алмаған елдің тәуелсіздігінің дінгегі де әлсіз болмақшы. Мәселен, өзіміздің облысымыздың орталығындағы қазақтар жұмыс жасап жатырған кейбір мекемелердің өзінде қазақ тіліне деген ілтипаттың байқалмауын қалай түсіндіруге болады?

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің директивалы орындарында сөйлеген сөздерінде: «Мемлекеттік тіл үшін заң шығарып бердім, оның бағдарламасын жасатып бердім, ендігі шаруа сіздерге тіреледі, сіздер мемлекеттік тілге толықтай көшіп, қазақ тілінің мәртебесін көтеріп жатырсаңыздар – кім қолдарыңыздан қағады?», – дегенін бәріңіз де газеттерден оқып, теледидар арқылы тындадыңыздар.

Президент әрекетін көре, біле тұра селт етпейтін басшыдан не үміт, не қайыр?! Алдымен ана тілін, Мемлекеттік тілді сыйламай тұрып, олар халқыма қызмет істеп жүрмін деп қалай айтады!? Өз тілінде сөйлемейтін, өзі басқарып отырған мекемесін мемлекеттік тілде сөйлетпейтін, тіпті, оған әрекет жасап, ұмтылмайтын жанды Қазақстанның, қазақ халқының адал перзенті, отаншыл патриоты деп тануға бола ма? Бұл әңгімем тек қана өз қандастарыма арналады.

Өткен жылы еңбек демалысымды Москвада өткіздім. Бір сырқат адамның шаруасымен барғанмын. Өзімнің оқыған жерім болғасын танытын сондағы қызметтегі адамдармен кездестім. Сонда бір әкімшілік органда жасайтын жолдасыммен әңгімелескенімде, Россияда орыс тілін білмейтін немесе нашар білетін адамдарға азаматтық берілмейтінін, жұмысқа қабылданбайтынын естідім. Қазақ тіліне көшу қажет дегенде, орыс тілінің керегі жоқ деген әңгіме тумайды. Ондай ойдан аулақ болуымыз керек. Біздегі жұмыс жасап отырған орыс ағайындарымыз өз тілдерінде сөйлеп, өз тілінде жазуын жазсын. Біздің басты назар аударатынымыз өз қандастарымыз болғаны жөн. Қазақ тілін білмейтін жерлестерімізге, оның ішінде жасына қарай, мысалы, 20-ның үстіндегілерге мемлекеттік тілді білуді міндеттесек, ал жасы 50-ге келгендерге өз тілінде жұмысында қалдырсақ – болмас па еді?!

Өзінің тілек-талабын тұжырымдап отырған тіл туралы құжаттардың ең белсенді жанашырлары бұқараның өзі болатынын түсінбей

тұрып, істе нәтиже болмайды. Сондықтан қоғам белсенділері ендігі жердегі жұмысты мүлдем басқаша, жаңаша қарқынмен жүргізуіне тура келеді. Неге десеңіз, осы уақытқа дейін жайлап бойға сіне бастаған қазақ тіліне деген көзқарастың әлсірегендігі байқалады. Мына бүгінгі семинарымызда біздің бойымыздағы, ойымыздағы Ана тілге деген сүйіспеншілігімізді төмендетпейік дегім келді. Біздер әлі де бар мүмкіншілігімізді жұмсамаған сияқтымыз. Президенттің бекіткен «Тіл туралы» Заң мен мемлекеттік тілді толық өмірге ендірудің Бағдарламасы біздерді жігерлі әрекетке бастайтын болуы керек.

Қазақ тілі – халықтың рухын әйгілейтін құдіретті қару ғана емес, ол бүкіл болмыс-бітімімен тұтастай халықтың өзі. Тілі жоқ ұлт болмайды, сондықтан да ол тілі туралы ойланбай тұра алмайды. Қазақ тілінің қадірін айтып қанша күйзелсең де, өз тіліңнен безініп, өзге тілді мұрат тұтқан өз ағайынымыздың қатары көбеймесе азаймай тұр. Бұрын бүкіл бір ұлттың жан дүниесін жаулап алған орыс тілінің үстемдігін сөз етіп әуреге түссек, енді байқап қарасаң, мән-мұңдалап көзге ұрып тұрған шетелдік жарнамалар. Күнделікті еніп жатқан осы тектес «жаңалықты» көрген сайын «орысымызға сағынып көрісетіннің» кері келмесе болар еді деп ойлайсың. Осыдан келіп біздің зиялы қауым алдында өзгеше бір іс-әрекет, жауапты міндет күтіп тұрғанын түсінеміз. Тәуелсіздіктің маңдайға жазған үлесін дұрыстап пайдалана алмасак, қай-қайсысымыздың да халық алдындағы парызымызды өтей алмағанымыз.

Біріншіден, назарды облыс орталығы Ақтау қаласына аударғанымыз жөн. Күні бүгіннің өзінде қаладағы болатын мәртсәбелі жиындар немесе қалалық мәслихаттардың сессияларында, болмаса салтанатты жиналыстарда жасалатын баяндамалар мен кіріспе сөздер «н»-ның орнына «н»-ды қойып, бір-екі сөйлеммен қазақша басталады да, әрі қарай орысшаға жол беріледі. Сол жиындарда қатынасып отырғандардың 90 пайызы қазақтар екендігіне ешкім де назар аудармайды. Осы жағдайды түзеткен дұрыс. Қазақша білмейтін, сөйлегенде өзінің ойын қазақша жеткізе алмайтын басшыны ауыстырған жөн. Осы кезге дейін Ақтау қаласында Мемлекеттік тілге мән берілмеуі нәліктен? Тәуелсіз Қазақстанның «Тіл туралы» заңының оларға қатысы шамалы нәрседей он екі жылдың бедерінде ешбір әрекеттің болмауын немен түсіндіруге болады? Еліміздің заңын, тәртібін, Конституциясын қадірлемейтін басшыларға «қой» дейтін уақыт болды.

Екіншіден, «Тәрбие басы – тіл» деген мәтелді ұмытуға болмайды. Әрбір мекеме осы мәтелді маңдайшасына көрнекілеп іліп қойса да артық болмас еді.

Үшіншіден, қазақтың тірегі – ауыл. Ол тілдің де, өнердің де, мәдениеттің де, салт-сананың да қуат алар, қоректенер жері. Ақылды да парасатты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ауылға деген қамқорлығының арқасында, «Ауыл жылы» жарияланып жатқаны нұр үстіне нұр болды. Енді біздің облыс басшыларының, ғылым, білім қуған зиялыларымыздың, осы заман амалдарының құлағындағы бизнесмендеріміздің «ақша бөлініп жатыр ғой, жағдайы жақсарады ғой» деп қол қусырып отырмай, бар игілік атаулының негізін құрап отырған ауылдың көркеюіне жаппай атсалысуымызға тура келеді. Осыған орай айта кететін бір жай – ауыл адамдары, ауылдағы мектептер қазақшаға кенде емес. Орта мектепті бітірген балалардың шет тілін білмей шығатыны жанға батады. Осы Ауыл жылына байланысты ауылдық мектептерге тәжірибелі шет тілі мамандарын жіберуді шұғыл шешсе дегім келеді. Егерде экономикалық, тұрмыстық мәселелерін шешетін болса оған тәжірибелі оқытушылар баратыны сөзсіз. Егерде олар жоғары жалақымен, жақсы тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, отбасыларымен көшіп баратыны анық.

Төртіншіден, қазақ қазақпен қазақша сөйлесуді бәріміз болып жолға қою үшін күресейік.

Бесіншіден, ғылым мен білім саласында нәтижелі еңбек етіп келе жатқан зиялыларымыздың да ана тіліне тәрбиелі бетбұрыс жасайтын кезі келді. Мемлекеттік тілдің тағдырын ғалымдар мен оқытушы-тәрбиешілер ойламағанда кім ойлайды? Сіздердің тілдеріңіз Ақтауда әлі күнге дейін күнделікті іс, жұмыс қажетін өтейтін дәрежеге көтеріле алмай келеді. Ойланайық та, ағайын!

Тіл мен елдің жағдайын Сіз бен Біз ойламаған да, кім ойламақ?! «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос!» Бар қазақтың басын қосуды арман еткен Абайдың осы бір сөзі бүгінгі біздер үшін айтылғандай!..

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына жолдауында: «Әрбір лауазым иелері жер, тіл және мемлекет алдындағы міндетін адал атқарар болса, тәуелсіздік тұғыры мықты болары даусыз», – деп айтты емес пе?!.

Сөздің соңында «Қазақ тілі» қоғамының тірі екенін, дүниеде бар екенін, баспасөз беттерінен, радиодан, теледидардан ұсыныстарымды жазып, айтып, естіріп жүрмін. Бұдан былай «Қазақ тілі» қоғамын барлық қоғамдық ұйымдар сияқты бір қалыпқа салып қоюдан жұмыс өнбейді. Сондықтан, бұның статусын қайта қарап, жартылай болса да мемлекеттік етсе, дұрыс болар еді деген ойдамыз. Себебі, тіл мәселесі мемлекеттік мәселе болып саналады. Сондықтан да бұл қызметке тікелей мемлекеттің ықпалы керек.

ҚОШ БОЛ, АРДАҚТЫ АРДАГЕР АҒА!

1941-44 жылдары арасында Ұлы Отан соғысында болып, Сталинград, Курск, Харьков, Днепр үстіндегі шайқастарды басынан өткізіп, үш рет жараланып, елге оралып, еңбек майданында да есесін жібермей, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 55 жылдығы мерекесіне аз-ақ күн қалғанда, 79 жасында көз жұмған 2-топтағы соғыс мүгедегі нағашым Мәтенұлы Мағзам туралы естелік жазып отырмын.

1938 жылы 8-сыныпты бітіреді. Сол кезде елде сауатты адамдар жоқтың қасы. Сегізінші сыныпты бітірген адам жоғарғы оқу орнын бітірген адаммен бірдей болып саналады. Сондықтан да шығар, Мақанды 13-ауылдың кеңесіне хатшы етіп алады. Бір жыл өтісімен Атырау қаласына (Гурьев) бір жылдық ауылшаруашылық мектебіне – мал дәрігерін дайындайтын курсқа жібереді. Курсты аяқтап жатқан кезде, 1941 жылдың жазында соғыс басталып, сол жерден тура майданға аттандырады. Бұларды тиеген эшалон тікелей Ростов қаласына әкеледі. Мақанды сол жерде сержанттар дайындайтын мектепке қабылдайды. Жаудың қауырт шабуылы күннен күнге жақындай беруіне байланысты, алты айлық курсты екі айда тамамдауға тура келеді. Сөйтіп, Мақанды Сталинградты қорғаушыларға көмекке баратын генерал А.И. Родимцевтің дивизиясының атқыштар полкіне жібереді.

Сталинградтағы шайқасты сұрағанымызда Мақан: «Ауыз-бен айтып жеткізе алмайтын жағдай болды, қаланы қорғаушылар ұшықиыры жок лапылдаған өрттің, қаптаған қою кара түтіннің, арасы жок жарылып жатқан бомбаның, копарылып құлаған үйлердің, өліп жатқан жансыз денелердің арасында шыбын жанды шүберекке түйіп соғыс жүргізді. «Бір адым кейін шегінуге болмайды» деген атакты №227 бұйрықты сол кезде алдык. Бұл дегеніміз «тәніңнен жаның кеткенше шегінбе» деген тұжырым еді, өте киын кезеңдер болды», – деп отыратын.

«1942 жылдың желтоқсан айының 17-сі күні Сталинград қаласының ортасындағы «Мамай» қорғанына біздің дивизия (А.И. Родимцев дивизиясы) шабуыл жасады. Адам көрмеген қырғын шайқас болды. Адам өлімінен аяқ алып жүруге мүмкіндік болмады. Сол кезде оқ тиіп, құлағанымды білемін. Жаралыларды жинап, Сталинград облысындағы Серафимово қаласындағы госпитальға апарыпты.

Мен он бір күннен соң есімді жинаппын. Оқ жауырынымды тесіп өтіп кетіпті, төрт ай жатып шықтым. Сол шайқастағы ерлігім үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталдым. Госпиталда жатып, генерал-фельдмаршал Паулос орналасқан Сталинградтағы универмаг үйі қоршауға алынып, 1943 жылдың 30-қаңтарында ақ жалауын көтеріп берілгенін естідім. Госпиталдан сауығып шыққасын, мені өз дивизияма жіберді. Өз полкіме қайтадан оралдым.

1943 жылдың 18 тамызында Курскіде қиян-кескі шайқас кезінде, аспанда да алапат соғыс жүріп жатты. Сол кезде біздің бір самолетімізге оқ тиіп жана бастады да, ұшқыш парашютпен біздің рота орналасқан позициядан 400 метр жерге түсті. Ұшқышты жаудан қорғап алып шығуды біздің автоматшылар ротасына жүктеді. Сол кезде рота жауынгерлері ұшқыш түскен жерге лап қойды. Бір кезде маған оқ тиіп құладым. Оқ аяғымнан тиген екен, екі айдай далалық госпиталда жатып емделіп шықтым. Сонда «Ерлігі үшін» медалімен наградталдым. Днепр үстіндегі өткен шайқаста үшінші рет екі жерден жараланып, алты айдай госпиталда жаттым. Оқ оң қолымның саусақтарын жұлып кетіпті, сол иығымның сүйектері жарылыпты. Сол жаракаттан кейін мені жарамсыз болуыма байланысты елге қайтарды, деп еді бір әңгімесінде.

Мақаң туған жеріне – Маңғыстау ауданының Елтай колхозына 1944 жылдың қыркүйек айында келді. Сол жылдың басында «Сталинград шайқасында, Серафимово қаласында аға сержант Мәтенев Мағзам ерлікпен қаза тапты» делінген қара қағаз алып, жалғыз баласынан айырылғанын естіген кемпір-шал, Мақанның әке-шешесі Мәтен ақсақал мен оның зайыбы Ылия шешеміз қайғы жұтып, қаусап отырған шағы еді. «Балаларыңыз тірі келе жатыр» дегенді естігенде екеуі де қуаныштан есінен танып қалды», – деп күні кешеге дейін көрген адамдар әңгімелеп отыратын-ды.

Елге оралғаннан кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденін әкеліп табыс етті. Мақаң 1945 жылдан бастап еңбек майданына етене араласты. Соғыстан кейінгі еңбек жолын 1946 жылы «Елтай» колхозында есепшіліктен бастады. Бір жылдан кейін, 1947 жылдан 1986 жылға дейін мал дәрігері болып қызмет атқарды. Бірнеше дүркін ауылдық, аудандық кеңестің депутаты болды. 1950 жылдардың аяқ кезінде Қызылорданың ауылшаруашылық техникумының мал дәрігерлік бөлімін бітірді.

Мақанның соғыстан еліне келгенде өзімен бірге ала келген былғары планшеті (папка) болды. Ішінде үш түрлі тасқа басылған қағазы болды. Көпке дейін сақталып келді.

Біріншісі. Сталинградтың қалалық қорғаныс комитетінің үндеуі. Онда: «Қымбатты жолдастар! Сталинградтық бауырлар! Осыдан 24 жыл бұрынғыдай қаламыз тағы ауыр күндер кешуде. Қанды қол гитлершілдер күн сәулесі Сталинградқа, орыстың ұлы өзені Еділге қарай ұмтылуда... Туған қаламызды, туып өскен үйімізді, туған семьямызды жауға бермелік. Әрбір үйді, әрбір кварталды, әрбір көшені алынбас қамалға айналдырайық... Сталинградты қорғаушылар! Сонау қаһарлы 1918 жылы біздің әскерлеріміз қызыл Царицынды неміс жалдамалыларының бандасынан қорғап қалды. 1942 жылы біз де Қызыл тулы Сталинградты қорғап қалайық. Жауды әрі ығыстырып тастау үшін, содан соң неміс басқыншыларының қанқұйлы бандыларын талқандау үшін қорғап қалалық... Қолына қару ұстай алатын әрбір адам, туған қаласын, туып өскен үйін қорғап қалу үшін баррикадаларға шықсын!»

Екіншісі. «Ленинградтықтар жау қоршауында отырып, Сталинградты қорғаушыларға хат жолдапты: «Сіздер туып өскен қалаңызды фашистік хайуандардан қорғауда қажырлылықтарыңмен өздерінді мәңгі даңққа бөледіндер. Ленинградтықтар Сталинградты есінен шығармай, станок жанына тұрады, Ленинград майданының жауынгерлері сіздің қалаңыздың атын жауынгерлік ұран етіп ұрысқа кіреді. Сталинград – қазір Отанға адалдықтың анты, табандылықтың өнегесі, ерліктің үлгісі».

Үшіншісі: Сол күндері еңбекшілер депутаттары Сталинград қалалық Советінің атына Англияның Ковентри қаласының мэрінен келген телеграмма екен. Онда: «Британияның анағұрлым көп зардап шеккен қаласы Ковентри батыр қала Сталинградтың қорғаушыларына зор мақтаныш сәлем жолдайды. Оның үлгі-өнегесі әрбір адал адамды ортақ жауға қарсы тұруға жігерлендіреді», – деп жазылыпты.

Мен осы бір үш қағаздағы сөздерді көшіріп жазып алғанмын. Оның себебі, осы үндеулерді оқығанда бір түрлі жан дүниеме әсер ететін еді. Сол кездегі интернационалдық рухтың өте жоғарылығы адамды таң қалдырмай қоймайтын еді.

Маңғыстау облысы бойынша Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлер туралы «Боздақтар» атты кітап жарық көрді. Олар Отан соғысы ардагерлеріне таратылды. Сол кітапта «Мәтенев Мағзам 1943 жылы Серафимо қаласында ерлікпен қаза тапты» деп көрсетіліпті. Соны оқып Мақаң ренжіп отыр екен. Мен оған: «Несіне ренжисің, ол кітапқа атағыңның шыққаны жақсы емес пе? Сізден басқа тірі жауынгерлер ілінген жоқ. Өмір жасыңыз ұзақ болады екен!», – деп әзілдегенім әлі есімде.


Мақаң зейнеткерлікке шыққасын балаларының өндірісте қызмет жасауына байланысты 1986 жылы Қызылтөбе елді мекеніне көшіп келді.

Облыс әкімінің шешіміне сәйкес, Отан соғысы ардагерлерін өндірістік мекемелердің қамқорлыққа алуына байланысты Мақаңды «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ мекемесінің бірінші басшысы Мендеш Салихов қазіргі «Маңғыстаумұнай жолдары» мекемесінің қамтуына беріп, жағдай жасауын қадағалап отырды. Одан кейін «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесіне Сағын Қырымқұлов басшылық жасады. Бұл кісінің тарапынан Мақаңа қамқорлықтар аз болған жоқ. Мекеме басшылары Сисенбаев Оразалы, одан кейін Сихов Сәтқали сияқты азаматтар Мақаңа қолдан келген көмегін үнемі көрсетіп, жәрдемдесіп отырды.

Өмір өз дегенін істейді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажал келмесе өлмейсің» деп өзі айтып отыратын еді. Сол қырғыннан аман келіп, Ұлы Жеңістің 55 жылдық мерекесін көруге 52 күн қалғанда сұм ажал алып кетті.


Майдангер, ардагер аға, топырағың торқа болсын!

«Маңғыстау» газеті, 2000 жыл





**АВТОР ТУРАЛЫ
ШҚІРЛЕР
мен
ҚҰТТЫҚТАУЛАР**



ШАҢЫРАҒЫ – ШАЛҚАҚ, КЕРЕГЕСІ – КЕҢ БЕКТҰР ТӨЛЕУҒАЛИЕВ ТУРАЛЫ СЫР

Қадірлес аға Бекең – Бектұр Төлеуғалиұлымен бастап танысканыма мынадай жағдай себеп болды.

1832 жылы Хиуа ханы Аллақұл қолы Маңғыстауды тұтқиылдан шапқан ғой. Сонда елден ерек ерлік көрсеткен – Беріш Құлбарақ батыр. Батыр қанша жан салып соғысқанмен көптің аты көп. Ақыры шейіт болды. Сүйінқараны өлтірдік деп ұққан жаулар Құлекеңнің басын хандарына апарып көрсету мақсатымен кесіп алып кетеді. Хан алдына апарғанда бас күліпті дейді. Сонда Аллақұл:

– Сендер Сүйінқара деп Құлбарақ батырдың басын кескен екенсіңдер ғой. Ол бізге жиен болатын. Хас батыр еді. Көрдіндер ме, мінә өлгенде де сағы сынбай күліп жатқанын. Бұл батырлығының үстіне әулие екен. Құрметпен жерленіздер, – деп әмір етіпті. Хан бұйрығын екі болмайды. Бас үлкен мешіт қасына жерленеді. Кейіннен, ол «Бас әулие» аталады. Басына осы күнге дейін ел түнейді. Ойдағы Құлбарақ батырдың денесі жерленген жер, сірә, әулиелі орын. Бұл айтылғандар әрине, аңыз. Ал, аңыз атаулының қай-қайсысы да зерттеуді қажет етеді. Сондай қажеттілік баураған менің ізденіске түсетін жерім ғой. Сонда көптің нұсқағаны осы Бекең болды. Бекеннен Құлбарақ батыр туралы оның басының жерленген жері жөнінде толық мәлімет алынған әңгімелескен болатынмын.

Содан бері екеуміздің жұбымыз жазылған жоқ дерлік. Ол – Ағамен – Іні. Көп мәселеде көзқарас ортақ. Түпкі мүдде, сірә, бір. Екеумізді етене еткен тағы бір жай Бекеннің қай салада болса да терең білімділігі, әдебиет пен тарихқа деген құштарлығы өзгешеден оқшау көрінетін арыдан да, беріден де хабарының молдығы. Бекеннің Олжас Сүлейменовтың «Таңбалар тілі» атты үлкен, кез келген адам түсіндірмейтін ғылыми еңбегі мен оның жалғасы болып есептелетін үш томдығына орыс газетінде «Местное времяда» жарияланған «Новая высота Олжаса» атты мақаласы Бекеңнің зердесінің терең ойшылы екендігін паш етті. Немесе, өзінің құрдасы, сыныптасы Ә. Кекілбаевтың 60-жылдығы қарсаңында қазақ-орыс тілінде ол жазған естелігі сол «жалау иін, жетім көкірек» кездің бір үзік сыры – әсем элегиясы дерлік.

Осыларды оқып шыққанда: «Қап, Бекең шаруашылық емес, қаламды қаузағанда қазақ әдебиетінде ендігі Бектұр Төлеуғалиев деген белгілі жазушы болады да қояды екен-ау» деп сүйсінген болатынмын. Осы ойымды өзіне айтқанда: «Біз үшін ол уақытта жазушы болуды ойламақ түгілі, қараға ерудің өзі күш болды ғой» деп үнсіз қалды. Мұның дұрыстығына өмірбаянымен танысқан соң барып, көз жеткізуге тура келді.

Ол 1940 жылдың 27 қаңтарында Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылының Егдір деген жерінде үлкен қоңыр төбенің күнгейінде дүниеге келіпті. Әкесі Қарақожаев Төлеуғали келесі жылы соғысқа кетіп, 1944 жылы 5 сентябрде Варшаваны азат ету ұрысында қаза болды. Оның қара қағазы 1945 жылдың май айының аяғына үйлеріне келіпті. Төлеуғали Қарақожаевтың есімі қазір Варшавадағы обелискте жазулы. Ана жылы Бекең басына екінші рет барып қайтты. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Анасы колхоздың сан-сапат жұмысының басын шала жүріп жалғыз ұлын қара канат қылды. Әуелі Шахта орта мектебін бітірді. Әбіш Кекілбаев досы мен екеуінің басы алғаш осы мектептің интернатында тоғысты. Мектепте оқып жүріп қысқа мерзімді шоферлік курсты бітірді. Алғашқы еңбек жолы Тұщықұдықта шофер-тракторшыдан басталды. 1964 жылы Гурьевтің ауылшаруашылығы техникумының ауылшаруашылығын механикаландыру бөлімін бітіргеннен кейін Аманкелді колхозында механик, орталық жөндеу шеберханасының меңгерушісі, артынша «Октябрдің 50 жылдығы», Куйбышев, Ералиев атындағы совхоздарда бас инженер, Куйбышев атындағы совхозда партком хатшысы, Маңғыстау аудандық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі, «Октябрдің 50 жылдығы» атындағы совхоздың директоры, облыстық агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы – міне, Бекеңнің анкетадағы қызмет жолдары осындай! 1970 жылы Москвадағы Бүкілодақтық кәсіподақтар қозғалысы жоғарғы мектебінің экономика факультетін бітірді.

Көңілдеріне келсе де айтпасқа болмайды, осы күнгі бір сыпыра алдыңғы толқын өкілдеріне тән кемшілік – мен пәлен болғанмын, мен ананы істедім, мынаны тындырдым, ой, тәйірі, «мен болмағанда» деп кит етсе, кеуде кере кетушілік бар. Бекең ағамыз ондайдан адал. Кішік. Ол жасаған игілік оның өз аузымен айтылмайды. Айтушысы көп. Сол көптің бірі сол уақыттарда облыстық газеттің қызметкері маған да болуға тура келеді. Демек, айтушы болып жатсам, естігенімді емес, көргенімді айтатын куәгермін.

Сенек – бұрынғы Форт-Шевченко ауданының мал жайылым участ-касы, артынан ферма орталығы болып келін, кейіннен дербес Ера-

лиев атындағы совхозға айналған-ды. Қашаннан бір бүйір, шет қақпай қалып келген жаңа шаруашылыққа бірден қаз тұрып кету оңай түсе қоймағаны анық. Бектұр бас инженер болып келгенде мұнда 300-ге жуық маркадағы ауылшаруашылық машиналар мен 50-ге жуық трактордың, 80-ге тарта машинаның тең жартысы жарамсыз. Орталық Сенекте электр жарығы – дизель арқылы. Ауыл үстінен жоғарғы кернеулі тоқ желісі дауыс естім жердегі Түйесуға барып тұрса да, шапағаты ауылға жетпеген. Бас инженердің алдымен қолға алғаны осы болды. Тынбай жүріп, бес дәне подстанция (трансформатор) тауып, сынақтан өткіздіріп дайындап болғансын, Бекең сол кездегі облыстық кеңестің төрағасы Н.А Гуляевке кіріп, жағдайды толық баяндады. Ол кісі мәселені үлкен түсіністікпен қабылдады. Сол бойда мұнай бірлестігі басшыларына тапсырма берілді. Біз бүгінде кеңестік кезенді қанша ғайбаттасақ та орындаушылық тәртіп жақсы еді ғой. Тапсырманың ізі суымай үлкен өндіріс орындарының бас мамандары Төлегенов Қалабай, Бекбосынов Нұрлыхандар бастаған бригада келіп іске кірісті. Ертеңгісін бастаған жұмыс кешке бітті. Бүкіл ауыл бір түнде мемлекеттік желісіне қосылды. Сенек жеті қараңғы түн ішінде іргесіндегі сеңгір құмға шағылысып, жарқырап жүре берді. Сол жарқырағаннан әлі жарқырап тұр. Белі кетіп, шойырылып, мертіліп, іш-құрылысы қаусап, аяғына жем түсіп тұрған техникаларға да жан бітті.

1973-75 жылдары Ералиев атындағы совхоз жыл сайын 9, 10, 11 мың тоннадан шөп шауып, шабылған шөпті өз техникаларының күшімен қыстақ, база бастарына түсіріп алды. Бұл Маңғыстау жағдайындағы ең үздік көрсеткіш еді. Ауылда механизатор – шешуші буын. Дені – жастар. Сондықтан да болар олардың арасында әртүрлі шалдауарлық, шалағайлық, бос белбеулік те кездеспей тұрмайды. Тұтымы берік Бекең оны да тезге салды. Бірақ талапты қатты қойғанмен жастайынан қам көкірек, көпшіл болып өскен басшы жүрекке жара салып, қудалаушылыққа түсіретіндей қатыгездікке барған жоқ. Көпке осы қасиетімен жақты.

Октябрдің 50 жылдығы атындағы совхоз – Шайыр аулының ізінде. Осы шаруашылыққа сол жылдары директор құтаймай-ақ қойды. Ақыры облыстық партия комитеті, сол ауданда аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып отырған Бектұр Төлеуғалиевті шақырып, директорлыққа жұмсады. Сөйтіп, 1981 жылы ауылға жаңа директор келді. Әдетте, директор келген бойда жұмысын кеңседен бастайтын еді. Бекең ол шырықты бұзды. Орнында 1-2 күн отырған соң шаруашылықты түгел аралауға жүріп кетті. Содан 10 күн жүріп оралды. Оралған бетте шұғыл бас қосу өткізіп, арнаулы комис-

сия құрды. Берілген тапсырма қатты. Ең алдымен, жағдай малшы-бақташыларға жасалсын. Үйі мен қорасы сайлы болсын. Айтылған сөз, берілген тапсырма аяқсыз қалмады. Бас аяғы екі жыл ішінде 39 малшы үйі мен 19 мал қорасы күрделі жөндеуден өтсе, 2 жанұялық 8 малшы үйі, 3 жерден механикаландырылған электр қуатымен жасайтын мал тоғыты салынды. Типтік жобадағы елтірі дайындайтын пункт іске қосылды. Бұрын өнім өткізу жоспарын орындамай, басынан тоқпақ арылмай қойған совхоз мемлекетке 76-78 пайыз арасында жоғары сапалы таза талшықты жүн, 80-85 пайыз аралығында сапалы елтірі тапсырып, республика бойынша жоғары деңгейден орын алды.

Шайыр бағзы баяғыдан ел қонысы болғанмен соңғы кездері заман көшіне мимырт қарқынмен, өте баяулап келе жатқан ауыл еді. Жер бедері ойлы-қырлы, таулы-тасты. Тұрғын үйлер соның ыңғайына қарай салына берген. Ауылдың бас жобасы ескеріле бермеген. Бірі кетіп, бірі келіп жатқан басшылар тұрғын үй құрылысын өрістетуге онша мән бермеген сыңайлы. Әйтеуір, бәз баяғы «барымен базар» деген тірлік күйттеле беріпті. Осы олқылықты дөп басқан Бектұр Төлеуғалиұлы директор болған жылдары орталықтан 76 жанұяға типтік жобамен тұрғын үй, 500 балалық мектеп, 150 балалық интернат салдырды. Совхоздың таза пайдасы есебінен орталық – Шайырға, ферма орталығы – Тигенге телевидения қондырғысын орнатып, әлем жаңалықтарын көгілдір экран арқылы көруге қолдарын жеткізген.

1988 жылы менің облыстық газет қызметкері ретіндегі іс сапарыммен барғаным бар. Көп жылдардан соң ат ізін салғаным еді. Әуелгі көргенде ауылды тіпті, танымай қалдым. Кілең бір қыз жинаған жүктей әп-әсем үйлер, түп-түзеу көшелер. Ана жылы қырдың қаймана қазағының сақал мұртындай үрпі-түрпі болса, енді қарасам жаңадан декоративтік бақ пайда болып, алма бағындай етек жеңдері жиналып, қоршаулары қалпына келіп, бейне жас тоқал алған шалдардың жүзіндей жып-жинақы бола қалыпты. Бұрын бей-берекет ағып жататын бұлақ та жинақыланып бір арнаға біріктірілген. Ауыл орталығындағы әдемі мектеп үйі Ақтаудың ортасынан сол күйінде көшіп келе қалған сияқты. Дәл сондағы Шайырды Қаратаудың бір қойнауындағы алтын алқаға ұқсатқандайсын. Ауылдан әрі Шетпеге баратын қатқыл табанды жол да бұрынғы қиындықты ұмыттырған сияқты.

Сол күні Бекең екеуіміз малшы ауылдарына жол тарттық. Ферма орталығы Тиген – мен туған жердің бір пұшпағы. Баяғы №18 ауылдың кеңсе орталығы, 1952 жылға дейін колхоз орталығы да осы болған. 1970 жылдары оншақты терезесі сығырайған бәкене үйлері бар еді. Ендігісін бейне шағын қалашық дегендей. Түзу көше, еңсесі биік клуб-кітапхана үйі, ақшаңқан тұрғын үйлер шетінен шатырлы, көгал-

дандырылған, әр үйде телевизор, әр тұсынан жинақылық, ширақтық көзге ұрады. Малшы ауылдарда да сол жағдай. Бәрінің етек-жеңі жинақ. Әр шопанның үйінің моншасы бар. Ең азы малшы үйінің қыстық орны қиына дейін мұқият үйілген, көмір ыбырсымай белгілі орынға түсіріпті.

Мал азығы тек-қана нәрлендіріліп, ұсақталып, жем цехтарынан шығарылып берілетін болыпты. Пішендердің айналасы қоршалған. Салақ шопанның ауызғы қорасында опырылып, құлап жататын астаулар да мұнда іргелей бекітіліп қойған.

Бекеңнің бұл атқарып жатқан қызметтері қорытылып, іс тәжірибесі «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен 1988 жылы Алматыдан «Қайнар баспасынан кітап басылып, көп тиражбен республика көлеміне таратылды.

Бектұр Төлеуғалиев директор болған 10 жылда Шайыр ауылы он қыр асты. Сол жылдары Бекең үлгісі, Бекең үрдісі бұл ауылда әлі күнге қимас сағынышпен «Шіркін, басшы атаулы сондай болса ғой» деген рәуішпен малшы-бақташылар аузынан жиі айтылады. Тегі, алғыс атаулының көкесі осы болса керек.

Маңғыстау облыстық агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің кәсіподақ комитетін Төлеуғалиев 1991-1998 жылдар аралығында басқарды. Өздеріңізге белгілі ол жылдар қиын кезеңдердің бірі болды. Соған қарамастан Бекең кәсіподақ жұмысын жоғары деңгейге көтере білді. Жоғары деңгей дейтін себебім жеті жылдың ішінде Маңғыстау облысындағы кеңшарлардағы жұмысшылар мен малшы-бақташылардың екі мың бір жүз баласын облыстан тыс жерлерге, Кавказға, Бішкекке, Алматының өзіне, Көкшетауға демалыс лагерлеріне ірі мұнай мекемелерімен Бекеңнің тікелей тіл табысқанының арқасында тегін жолдамамен жіберуге қол жеткізілді.

Сол кездер жекешелендірудің науқанды түрде жүргізіліп жатқан кезі екенін білеміз. Осыған байланысты Маңғыстау облысы кеңшарларындағы малшы-бақташылардан Бекеңнің атына арыздар түсе бастады. Сол арыздардың ішіндегі ең маңызды делінген екі арызды айта кетейін:

1) кеңшарларда 40-50 жыл мал бақташысы болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан шопандар балаларының жұмыс орындарына байланысты кеңшардан басқа жерлерге көшкеніне бір, бір жарым жыл уақыт болғанда, оларға жекешелендіру үлесі есептелмеген. Енді кеңшарға жұмысшы, малшы, зоотехник болып кіргеніне 2-3 жыл болған адамдарға жекешелендірудің үлесі есептелетін болған. Осы жағдайдың дұрыс еместігін айтып арыздар түскен.

2) Кеңшар орталығында отырғандар кіріп отырған үйлерін жекешелендіріп алды. Ал совхоздың малшы-бақташылары қыстақ басындағы үйлерде тұрды. Ол үйлерді ведомственный үйлер деп жекешелендіруге рұқсат етілмеді. Кеңшар орталығындағы малшы-бақташылардың балаларын жатқызып оқытатын интернаттар да жабыла бастады. Сөйтіп, малшылар қауымы орталыққа келіп бала оқытуға үй болмағандықтан қиналысқа ұшырады.

Дәл сол кезде Қазақстан кәсіподақтарының құрылтайына Бекен делегат болып сайланды. Құрылтайға Елбасы Н. Назарбаев қатысады делінген болатын. Барған делегаттар Алматыдағы «Аққайың» санаторийіне орналасқан. Құрылтай ертең басталады деген күні сағат күндізгі 15.00-де қасында сол кездегі жекешелендіру комитетінің төрағасы С. Кәрібжанов бар Президент Н. Назарбаевтың өзі келіп делегаттармен кездесу өткізеді. Делегаттар жиналғаннан кейін Елбасы сөз сөйлеп, ертеңгі құрылтайға қатыса алмайтындығын айтып, делегаттардан қандай ұсыныс-пікірлеріңіз бар, соны естіін деп келдім депті. Делегаттар біраз уақытқа дейін үнсіз қалыпты. Сол кезде Бекен қол көтеріп орнынан тұрып өзін таныстырып, жоғарыдағы малшы-бақташылардың өтініштерін толық түсіндіріп айтса керек. Сөзді тыңдап болғаннан кейін Елбасы қасындағы Кәрібжановқа қарап, бұл не деген жағдай, неге олай болған?» – деулі.

С. Кәрібжанов: «Бұл мәселе бірінші рет айтылып отыр», – дегенде залдағы отырған делегаттар «Бәріміздің де басымыздағы осы жағдай» деп шу ете түсіпті.

Сол кезде Елбасы Б. Төлеуғалиевқа: «Ертең сағат 10.00-де маған келіңіз, бұл мәселені шешеміз», – депті. Ертесіне Бекен Елбасының қабылдауында болып, мәселенің түбегейлі шешілуіне қол жеткізген.

Сөйтіп облыстағы барлық малшы-бақташылардың алғыстарына ие болған азамат.

Қазір Бекен «Мұнайтелеком» ЖШС мекемесінде аудармашы болып қызмет жасайды. Барлық іс қағаздары орыс тілінде жазылатын еді. Бекен мұнда келгесін жұмысын қазақ тілін оқытып үйретуден бастады. Қазір бұл мекемеде іс екі тілде жүретін болды. Айта кету керек, Бекеннің өзі екі тілде жазады. Оның үстінде әдебиетші. 1957-62 жылдардағы Республикалық байқауларда өлең, фельетондары бірінші орын алды. Очерк, эссе, мақалалары әртүрлі облыстық, республикалық басылымдарда жарияланумен келеді. Қай тілде жазса да әдеттегідей сүйкектету емес, әдеби тілдің нәшін келтіреді.

Бекен – жан-жағы жайылып өскен үлкен Бәйтерек. Балалары ер жетіп, әрқайсысы үй болып шаңырақ көтерген. Соғыста шейіт болған жауынгердің артында аяғын алып-талып басып қалған қара бала

Бекең бүгін 63 деген жасқа шыққалы отыр. «Құдай берді» дейді қазақ мұны. Әйтсе де бақ та бап таңдап, бас талғап қонатынын естелі шығармаған абзал. Ол, ең алдымен, ақтың ақ жарылған маңдайын қонақтайды. Тегі, Тәңірдің шапағаты шатпа аяқтап жүрмес болар. Онда аттайтын ақ табалдырығын дөп басады.

Сондай шалқак шаңырақ, кең кереге иесі Бекең аға, мерей жауларың сыңыз құтты болсын!

Әбілхайыр СПАНОВ

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
«Маңғыстау» газеті, қаңтар, 2003 жылы*

* * *

АТАЛАР АТЫН АРДАҚ ТҮТҚАН

Мамандығы инженер-экономист, көп жылдар шаруашылық, партия, кәсіподақ жұмысында басқару қызметінде болған, қазір «Мұнай телеком» ЖШС мекемесінде жауапты қызметтегі, рухани даралықты тек өз көкірегінен аулар қаламгерлікті мен Бектұр Төлеуғалиұлы ағамыздың әдеби және тарихи мазмұндағы жариялаған еңбектерінен көріп, риза болып жүрген адамдардың бірімін.

Оның Маңғыстауды жайлаған Адайдың Мұңал тайпасының Назар ауылынан шыққан қасиетті Сармолда, Тұяқ аталарымыздың істерін, Тұяқ бабамыздың ұрпағы Әби Санаубердіұлының осыдан 41 жыл бұрын ауызша айтқан әңгімесін қағаз бетіне түсіріп алып, осы кезге дейін сақтап, еліміз егемендігін алып, тоталитаризмнің қыспағынан кейін жарыққа шығарғанын үлкен қанағаттанарлық сезіммен қабылдадық. Облысымыздағы «Маңғыстау», «Огни Мангистау» газеттеріне және Россияның «НГ-религии» газетіне «Зираттағы оттар», «Огни на могилах святых» деген тақырыптармен мақалалар басылып шыққаннан кейін, Тұяқ-ата мен Сармолда-ата ұрпақтары мен ел азаматтары Қапам-Атада қасиет дарыған аталардың басына белгі орнатып, түнемелік үй салып іске қосты. Бұл жұмыстың бірден-бір ұйымдастырушысы болып Маңғыстау халқына белгілі Матаев Жәнібек ағамыздың баласы, Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Матаев Жаңбырбай және Алтай немересі Саясыұлы Ынтабек, ағамыз Нұртілеуұлы Рамазандардың еңбектерін жазбай кетуге болмайды.

Осындай игі істің басталуына өзінің жазған мақаласымен қозғалыс салған ағамыз Бектұр биыл алпыс үш жасқа толғандықтан және «Огни на могилах святых» деген мақаланың Россияның «НГ-религии» газетіне Испаниядан шығатын «PAIS, EL» газетіне испан тілінде

көшіріліп басылып, Испаниядағы «Миф и религия» ғылыми орталығы Бекеннің еңбегін жоғары бағалап, оған лайықты сый ұсынғандығын естіп, құттықтау үшін барып, күні бойы әңгімелесіп, ағамыздың жазушылық қабілетінің табиғи таланттан туындап жатқандығына көзім жетті.

Әлемдік даңқа бөленген қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтің «Таңбалар тілі» атты үш томдық антропология мен лингвистика ғылымына теңдесі жоқ үлес қосқан еңбегіне пікір жазып, оны Москваның «Русская литература» журналының жариялағаны және оның Италияның «OGGI» журналына италиян тілінде көшіріліп басылуы, немесе Маңғыстау топырағында туған мемлекет қайраткері, Халық жазушысы Әбіш ағамыздың 60 жасқа шығуына байланысты «Біздің балалық шағымыз» деп аталатын көлемді әдеби шығармасының республикалық дәрежедегі ақпарат құралдарының беттерінде орыс, қазақ тілінде шыққандығы, әсіресе, оның әдеби көркем шығармаларды сирек басатын «Юридическая газета», «Инфо-Цес» басылымдары жариялағаны оның еңбегінің құндылығын көрсетеді.

Сол кезде әртүрлі газеттерде Қазақстан жазушыларының Әбекен туралы жақсы лебіздері шықты, бірақ Бекендікіндей тартымды болған жоқ. Немесе, Бектұр ағамыздың «Құткелдің оралуы», «Возвращение Куткелды» деп аталатын өзінің туған жерінің бір кішкентай төбешігінің тарихы туралы туындысы тағы да «Русская литература» журналына жарияланып, оны редакция алқасының классикалық шығарма деп бағалағанын біреулер біледі, біреулер білмейді. Бекеннің көптеген шығармалары үзбестен Қазақстан Жазушылар одағының журналы «Жұлдызда» жарық көріп келеді. Ағамыздың үйінде болғанымда 1925 жылдардан бастап шығарыла бастаған ескі орыс алфавитімен, латын әріптерімен басылып шыққан А. Байтұрсыновтың, Е. Бекмахановтың, Қ. Жұмалиевтың еңбектері жарияланған газеттер мен журналдар, кішігірім кітапшаларды көріп, «Бұл сізде қалай сақталған!» деп сұрағанымда, әкесінен қалған дүниелер екендігін, анасының киізге орап, теңге салып сақтағандығы, әкесі Төлеуғали ақсақалдың да 1939-1940 жылдары Астрахан қаласындағы сельхозшколада екі жылдай оқығандығы, сол кездегі адамдардың сауаттысы болғаны, сол кісіден қалған дүниелер екендігі әңгімеленді. Әкесі Төлеуғали 1941 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, 1944 жылдың 5-қыркүйегінде Варшава қаласында қаза болыпты. Қазірде Варшаваны азат етушілерге арнап қойылған обелискідегі тізімнің бел ортасында Төкеннің аты-жөні де жазылған.

Бірде Бектұр ағамызға «Көп азаматтар кітаптарын шығарып жатыр ғой, сіздің жазбаларыңыз да едәуір қомақты дүние секілді, чеге

баспаға бермейсіз?» дегенімде күліп: «Менің шатпақтарым үлкенді-кішілі ақпарат беттеріне шығып жатыр. «Жұлдыз» журналы да кітап емес пе? Және бұл журнал көптеген шетелдерге де таратылады екен, осыған да місе тұтсақ, жарамай ма?» – деді. «Сонда да болса бір кітабыңды шығарғаның дұрыс», – дегенімде, «мен мектеп қабырғасында жүргенімде әдебиетке деген ынтам зор болды. Оны мен Әбіш туралы жазған «Біздің жастық шағымыз» деген мақаламда көрсеткенмін. Мектеп бітіргеннен кейін әдебиеттің жолын қуып, жоғары оқу орнына түсіп оқуға жағдай көтермеді, қым-қуыт ауыл шаруашылығының көп салалы жұмыстарына кірісіп кеттім. Әдебиетпен, күрделі жазбалармен шұғылдануға уақытым болмады, анда-санда облыстық газеттерге, «Лениншіл жас», «Соц. Қазақстан» газеттеріне партия тұрмысы, шаруашылық тұрғысындағы мақалаларымның шыққаны болмаса, көлемді ештеңе жаза алғаным жоқ.

Өткен 2002 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің 5 және 12 шілде-сіндегі нөмірінде, бір автордың Махамбет туралы көлемді мақаласы жарияланып, ішінде қиянат әңгімелер болғандықтан «Тарихи ақиқатқа көлеңке түсірмейік» деген тақырыпта сын тұрғысында пікір жазғанмын. Ол пікір «Жұлдыз» журналына, «Маңғыстау», «Үш қиян» газеттерінде жарық көрді. Осы сын мақаламның жарық көргендігінен болар, жақында «Маңғыстау» газетінің жауапты қызметкері бір ініміз Махамбет бабамыздың 200 жылдығына сай мақала дайындауымды сұрап еді. Соған байланысты тарихи деректерді және Маңғыстаудың белгілі жыршысы, топырағы торқа болсын, Айтқұл Шыманұлының Мұрат ақынның өз аузынан естіген әңгімелерін негізге алып бірдеме шатпақтадым. Облысымыздың газеттеріне толық күйінде басылмайтын болса, тәуекел деп, «Жұлдыз» журналына ұсынайын деп отырмын. Мақаң туралы талай мақалалар жазылса да, жүрек жұтқан батыр, жалынды ақын туралы ауыз-екі әңгімелер мен білетін-түйгендерімді жарыққа шығарсам деген ойдамын. Егер де «Жұлдыздың» редакция алқасынан сүрінбей өтіп, жарық көріп жатса, кейіннен толықтырып, бір кітап етіп баспаға даярласам деген ойым бар», – деді.

Мен тағы Бекені Махамбет бабасының рухына тәу етіп, оның өмірінің бұрын айтылмаған тұстарын көрсетіп жазып жатқан шығармасы үшін де және ұмыт болып бара жатқан қасиетті аталарымыздың атын Маңғыстаудың үш түбегіне, бүкіл Қазақстан халқына паш еткені үшін алғысымды айттым.

проф. А. АЙТҚҰЛОВ

«Ана тілі» газеті, 2002 жыл

* * *

АРНАУ

(Бектұр Төлеуғалиевқа)

Бойымда жігер, ойымда намыс тұрды,
Араладым жақынды, алыс қырды.
Маңғыстау үстіндегі жолдар мені,
Неше бір жайсаңдармен таныстырды.

Демендер: «Мақтағысы кеп тұр екен»,
Көрдім алғаш: «Көзінде от тұр екен».
Сенек бетте жолыққан сол бір адам,
Ағамыз Төлеуғалиұлы Бектұр екен.

Содан бері тоғыз жыл өткені ме,
Жастықтың қолын бұлғап кеткені де...
Бірақ та ризасың білем, аға,
Осы күнге дін аман жеткеніңе.

Оу, мезгіл, қайда, қалай асығасың?
Бажайлатпай адамның басы-қасын.
«Жазыңнан, көктеміңнен көз жаздым» – деп,
Беке, көңілің ешқашан жасымасын.

Жақсы сөз айтсақ бүгін теріс пе еді?
Жан емессің әйтеуір еңістегі.
Тұлғаланып көрінер азаматсың –
Он екі ата Байұлы-Беріштегі.

Толғанып қызметтік ар алдымен,
Шаруа күйттеп кездің ғой далаңды кең.
Ұмытып барады екем, мерейтоймен
Құттықтап алайыншы ағамды мен.

Ақ бұлақтар алып ап құздан басын,
Лайланбай таулардың бұзған тасын...
Сондай болып көзіме елестейсің,
Тенеуімді өзгелер қызғанбасын.

Шаруашылық – қазақтың байырғы әні,
Мал болды алдына сап қайырғаны.

Жаңғырығып дауысың тұрған шығар –
Бақ ішінде – ауылың Шайырдағы.

Бой жағынан келгенде аласа адам,
Біздің Бекен биікпен таласа алған.
Әдемі дауысымен әуелетіп,
Салатындай дарын бір «тамашада» ән.

Шығардың еңбегіңмен айды аспанға,
Жаманға жақсы атақ жарасқан ба?!
Күні кеше құттықтау қағаз алдың,
Кемеңгер Омарұлы Олжастан да.

Жек көрмеуім Бекенді түсінікті,
Бойында адалдық бар, ісі мықты.
Жеткен бір жеңісіңе қуанып ол,
Танытып тұрады ылғи кісілікті.

Таныс қылған атыңды елге біздің,
(Шындық бұл: артқа емес, өрге жүздің)
Еңбегі де бар болар, мойындайық,
Үйдегі қос бұрымды жеңгеміздің.

Мейрамбай ҚИБАСОВ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қаңтар, 2000 жыл

* * *

**«БАЛДАҒЫ АЛТЫН АҚБОЛАТ»,
«БАС САРДАР»**

Біздің кешегі көшпенді бабаларымыз кейінгі ұрпағына патриоттық тәлім-тәрбие беруді әсте естен шығармаған. Олар өздерінің әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен, тәлім-тәрбиесімен, ерлік-еңбегімен атадан балаға жалғастырған. Күні бүгінде ұланғайыр жерімен үлгілі Ұлт болып, не тайпа болып қалу – соның нәтижесі деп түсінгеніміз абзал. Кешегі кеңес кезеңінде атадан қалған асыл қасиеттерді жалғастырып кетуге толық мүмкіндік бола алмады. Күрмеулі ой көкірек түбінде жатты. Ал ел еркіндік тізгінін қолына алғаннан кейін өшкендерін жаңартып, өлгендерін тірілтті. Аталған жазушының шығармасы –

міне, осы кезеңнің туындысы.

*«...Талайлар сая тапқан, жат аймақтан,
Тарихын өткен бүгін атай мақтан,
Асынып ақ семсерін, көк найзасын,
Бабалар айдалада ат ойнатқан....», –*

деп ақын Серік Тұрғынбеков жырлағандай, осыдан бірнеше ғасырлар бұрын жұмыр жер бетінде тек күштілер мен ақылдылар ғана өмір сүрді. Әлсіз ұрпақ әлдінің жемтігіне айналды. Осындайдың нәтижесінде қанша ұлт, қанша тайпа жойылды? Қанша жәдігер болып, топырақпен көмілді? Бұл, мүмкін, көшпенді дала заңдылығы да болар! Міне, бізге дейін жеткен ұлттар – ақылмен, айласымен, күшігімен, батырлық-батылдығымен ұрпақ жалғастырғаны даусыз. Осының барлығында да кейінгі ұрпағына тәлім-тәрбие беруде, патриоттықты қалыптасыруда қаншама ой, жаттығу, еңбек жатыр.

Осы шарт еске оралса, әркім өз ұлтының мақтанышқа тұрарлық тұлғасымен мақтану қажет-ақ сияқты. Кейбір шетелдіктер қазақты Абай, Мұхтар, Нұрсұлтан арқылы білуі, тануы мүмкін. Ал Маңғыстау түбегін Адайдың Бекеттей пірі мен Әбіштей ғұлама жазушымен еске түсіретіні анық.

Міне, патриоттық деген осы! Бұл жазушының ержүрек патриоттығы! Елінің елеулі есімдері арқылы кейінгі ұрпағын патриоттыққа, ерлікке елін-жерін сүйеге тәрбиелеуді ұстаған бағыты, көздеген нысанасы. Кім де болса пенде баласы өмірден озуға тиісті. Ол жер астынан өз орнын табады. Тарихқа енген қаһармандар ғана өлмейді. Ол өз ұлтының тарихында сақталып қалады. Жазушы көтеріп отырған Махамбет те, Шотан да халқының жүрегінде сақталып қалған қаһармандар. Болмаса, жазушы бастаған болашақ ер Адай да сондай бейнелер. Патриоттық деген – тағы да осы! Әрбір жас өз елінің патриоты болғысы келсе, осы шығармалардан әсер алары даусыз. Мысалы, шығармада Шотан батыр бірден Бас сардар болып шыға келмейді. Қазақтың халықтық тәрбиесін бойына сіңіру арқылы тәрбиеленіп қалыптасады.

Сәлемдесу, аман-түгел алысу, жоралғы жасауды кішкентайынан үйренеді. Жасөспірім кезінде ат үстінде ойналатын «көкпар тарту», «қыз қууларды» меңгереді. Ал Махамбет болса қазақтың саз, сөз, тіл өнерлерін меңгеру арқылы жетіледі. Жазушы ұстаған кейіпкерін жан-жақты өсіріп, сомдауда – сөз бастауға да, қол бастауға да, қажетті жерінде әдіспен шапшығаны мен үстіндегі Шотанның қылышының оңды-солды жарқылы қайта-қайта көзге түсумен болды. «Оның жаудың ортасын жарып шығып, оң қапталға көзінің түсе бергені сол еді, есік пен төрдей жерде Бөкенбайдың ту сыртынан желкелігін

көздеп, найза ұруға жақын қалған енгезердей қалмақты байқап қалған Шотан шалт қимылмен қолындағы найзаны одан бұрын атты. Шотанның қарулы қолынан атылған найза бұрын тиді, қалмақ лақтырып үлгере алмай, кеңірдегіне шаншылған найзадан өкірумен барып, атынан құлады. Сонда ғана барып Бөкенбай Шотанды көрді. Құлаған қалмақтың көкірегінде қдалалып тұрған найзасын күшпен суырып алғанда кеңірдегін қолымен басып қорылдаған қалмақ тірі күйінде қала берді.

Шотан Бөкенбайға:

– Аға, артыңызды жалаңаш қалдырмаңыз, енді артыңызда мен болатын шығармын! – деді («Бас сардар», 52-бет).

Ал жазушы Махамбетті ауыл ішінде түйенің құмалағын найзамен шаншып алу сынығынан өткізуден бастап, ханның алдына тайсалмай, өзіне-өзі сенімді болғаннан кейін баратын дәрежеге жеткізеді. Ол елдің қамы жолындағы күресте, хан алдында: «...Махамбет жеке бастың қамын ойлаған жоқ. Оның артында өшпес ерлік, ұмытылмас данқ қалды. Оның ойлағаны тек қана ел мүддесі болды. Өзінің отбасын ойынан шығарды, ұмытты. Қысқа өмірінде рахат көрген жоқ». Тебінгісін терге шірітіп, терлігін майға ерітіп, алты малта ас болып, өзінен туған жас бала орнын толтырғандай ғұмыр кешкен.

Қазіргі жұмыр жер бетінде де, бірінің тыныштығын екіншісі бұзбай бейбіт өтіп жатқан өмір бар ма? Қарап отырсаң бәрі қақтығыс. Біріне-бірі сүйкену. Тынымын алу, тынышын кетіру. Әлсіз болсаң, намыссыз болсаң, сені жүндей түтуге дейін барады. Аузыңыздан несібеңізді қағып алып, жер бетінен жойып жіберуге әрекет жасайды. Бұл жұмыр жер жаратылғаннан бері күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Әр қазақ өз ұрпағының болашағын ойласа, өткенге зерделеп қарап, жақсысын жадында қалдыруға әрекет жасаса, жас ұрпақ өзінен-өзі түсінеді. Жақсының жақсы қасиеттерімен кейінгісі тәрбиеленеді. Жазушының көтерген жүгі салмақты ойда жатыр.

Ұлтын сүю, ұрпағын патриоттыққа тәрбиелеу деген осындай болса керек!

«Махамбет – шын мәнінде өз халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның өлеңдері – езілген халқын тереннен сүюшіліктің көрнекті үлгісі» (Қажым Жұмалиев), – дегендей қазақ әдебиеті тарихынан өз орнын ойып алған патриот ақын.

Ал Шотан батыр да солай болғанмен, әдебиет тарихында, тіпті ел тарихында елеусіз, ескерусіз жатқан тұлға. Жазушының тұлғаландыруына Шотанның да елін сүюі, жаңа қонысқа қоныстандыруы, сыртқы жауына қарсы күресі – патриоттық сезім. Сондықтан да мектептердегі сынып оқушыларының ой-өрісінің ынғайына қарай қазақ тарихын оқыту бағдарламасына жүйелі енгізу дұрыс деп есетпеймін.

Мен білетін жазушы әдебиетке үлкен дайындықпен келді. Ал жүректілігі мен батылдығы, ізденімпаздығы мен еңбеккерлігі оған Алланың берген несібесі. Жазушы ел ішіндегі кәріқұлақ ақылды ақсақалдардың әңгімесін көп тыңдаған. Түбек тұрғындарының өткен ізімен жүрген. Олардың күнелтіс көзі – мал шаруашылығының сан қырын жетік меңгерген. Өткен тайпалардың арасындағы жанжал болған жердің нақ төсінде туып өскендігі де – шығарма жазуға қажеттіліктің өз бойында бар екендігі. Сондықтан да жазушы да патриоттық сезім мықты. Ондай сезім жүрегінен нық орын алғанда ғана шығарма арқылы жастарға патриоттық тәрбие бере алатыны даусыз.

Осы жағдайды ой елігінен өткізе отырып, келгеніне аз уақыт өте тұрса да Қырымбек Елеуұлы інімізден Бектұр Төлеуғалиевтың «Бас сардар» атты кітабын іздеушілердің көп екендігін ескеріп, баспадан қайтадан көп тиражбен бастырып шығарып, кітапханаларға, кітап дүкендеріне салдырса және алға қарай мектептердің тарих оқулығының бағдарламасына енгізсе, осыған қоса бұл жазылған екі еңбекті Мемлекеттік сыйлыққа ұсынса дұрыс болар еді деген ойдамыз.

Бесінбай БЕГЕНІШ,

ардагер-тәлімгер ұстаз,

Халық ағарту ісінің озат қызметкері.

«Маңғыстау» газеті, 21 сәуір, 2007 жыл

* * *

ШЕЖІРЕЛІ ЕЛДІҢ ШҰҒЫЛАЛЫ ТАРИХЫ

Махамбет заманы, Махамбет дәурені күні кеше ғана болып өткен жағдай емес пе еді десек те, әйгілі ақын, батыр туралы бүгінгі біздің рухани әлемімізде тарихи деректер де, сыры сарқылмас аңыздар да көп-ақ. Жазушы Бектұр Төлеуғалиев «Балдағы алтын ақ болат» хикаясында тарихи тұлға рухына дендеп ене отырып, оның шын болмыс-бітімі мен тарихта, бүгінгі ұрпақтарының тарихи санасында қалуға тиісті дара тұлғасын уақыт атты «шаң-тозаңның арасынан» аршып алып, өзіндік көркемдік биігінің шыңына дейін шығара біліпті. Шығарма сонысымен сенің есінде қалып, сонысымен-ақ әр қазақ отбасындағы кітапханадан орнын тапса, Б. Төлеуғалиев араға аз уақыт салып, арғы дәуірлердегі қазақ-жонғар соғыстарында айрықша көзге түскен Шотан батырдың ерлік дастандары хақында «Бас сардар» атты жаңа көлемді көркем туындысын жазып, жарыққа шығарды. Жазушы шығармашылығын біршама биікті-ау дегендердің

өздері үшін де бұл тосын жәйт болды. Жазушының соңындағы көркемдік нысанасы да тарихи тақырып, тарихта аты қалған ірі тұлға еді. Сөз жоқ, бүгінгі қазақ баласы үшін өткен тарихымыздың қай-қай кезеңі де бесік жырынан-ақ таныс тақырып, таныс әуен, таныс мұң мен таныс сыр ғой десек те, ұлттық әдебиетіміздегі Илияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Софы Сматаев, Қойшығара Салғариндер салған соны соқпақтардан кейін, қазақ оқырмандарының бұл мәселедегі танымдық көкжиегі кеңейіп, үміт-сеніміменен бірге талап-тілегі де ұлғая түсті.

Бірақ, бір қарасаң, сол әлгі қауқары мықты деген қаламгерлер бір жүріп, бір сүзіп өткен жерден қайта жеміс теріп, қайтадан оқырмандарды өзіме қаратамын деу де бос әурешілік секілді болып көрінетін. Ондай ерлікке барса да, тек қалам өрісіндегі көзсіз ерлік жасағысы келетіндер мен «жүрек жұтқан» қаламгерлер ғана барар еді. Әр шығармасы сайын өсіп, толысып, құлашын кеңге салып келе жатқан Б. Төлеуғалиев бұл жолы да таң қалмасты таңғалдырып, тарихи тақырыптағы өрісін тіптен-ақ тыннан салыпты.

Қаламгердің тарихи тақырыптағы «Балдағы алтын ақ болаты» да, «Бас сардары» да оның алдағы тағы бір көлемді шығармасына кірісер алдындағы даярлығының басы болыпты. Бұл екі бірдей айтулы шығарманы егжей-тегжейлі оқыған адам Б. Төлеуғалиевтің 2007 жылы Алматыдағы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесінде ашылар есіктің алтын кілтін де тез-ақ табар еді. Өйткені, бұл да – батырлар туралы шығарма. Жазушы бұл жолы да өзі ұнғыл-шұнғылына дейін зерттеген тарихи кезеңдердің сырына үңіледі. Және де дер кезінде үңіліп, өзінің әу бастағы межелген оқиғалары мен сол оқиғалардың сырын ашатын тарихи кейіпкерлердің өнегелі өміріне де дөп түсіпті. Жазушы бұған дейінгі шығармаларында киелі қазақ даласындағы небір қырғын шайқастар мен сол аласапырынның арасынан бір өзі ғана тірі шықпай, бүтіндей ел-жұртын да аман алып қалуға атсалысқан батырлар мен хандар өміріне сыр шертсе, енді ол өзіне таныс адай тарихын тұп-тұяқанынан бері қарай ақтара отырып, батырлардың батыры болған Адай батырдың өмірі арқылы бүтіндей еліміздің, арғы дәуірлердегі Қазақ хандығының тарих аренасына шығу себептерінен де тың әңгімелер шертеді. Бір қарасаң, бұның бәрі бұған дейін де талай рет айтылған, сыры әбден-ақ белгілі болған тақырыптар секілді. Жок, сүйтсе, бүгінгі біз білмейтін, бүгінгі өз өткенінің бәрін бір кісідей-ақ біледі-ау деген көзі қарақты оқырмандардың бәрі бірдей көз жеткізіп үлгермеген «көмбесырлар» әлі де аз емес екен.

Романдағы Адай батыр да – аңыз-тұлға емес, кәдімгі өмірде, тарихта шын болған тарихи тұлға. Орта ғасырдағы әйгілі Алтын Орда империясы ыдырап, сол ұлы империяның іргесін мықтап тұрған талай түрік тектес халықтардың ішінде сан тайпалы қазақ ұлысының ұлан-ғайыр атажұрт еліндегі қазантүп болып қалғандығын бүгінде кім білмейді?! Біз көп ретте қазақ халқы, жалпы қазақ елі сол Алтын Орданың ескі жұртынан шықты деп те жатамыз. Алтын Ордан кейін Ноғай Ордасы болғандығын, оның астанасы Сарайшық қаласында ірге көтергендігіне дейін де жақсы білеміз. Сол кезде ондаған тарихи тұлғалардың болғандығынан, керек десеңіз, солардың бірінен-бірі асып жатқандығынан да хабарымыз бар. Сол кезде біз олардың біреулерін көбірек дәріптеп, ендігі біреулерін сәл көлеңкелеу жақта қалдырып кетіп жататындығымыз да жалған емес-ті. Бірақ соны біздің тарихтың қатпар сырларына үніліп, күн-түн демей, көз майын тауысып, қалам тербейтін қаламгерлеріміз әдейі істейді ғой деймісіз?! Түптеп келгенде, тарихтан тартылар сыр да, сенің оқырмандарыңды сан күйге енгізіп, әріден қозғар әңгімелердің де шын басындағы межесін іздеген алтын жебе секілді; ол бірде басты меженің тек бір жиегін ғана жағаласа, бірде орта ендікке сәл-пәл жақындап та қалғандай болады. Меніңше, «Адай тарихы сыр шертеді» романының авторы айтулы тарихи кезең оқиғаларының шындығы мен сырын ашу деген мәселеге келгенде, өзіндік межесін де дәл тапқан деуге толық негіз бар.

Бас кейіпкер Адай батыр – тарихтың өзі дүниеге әкелген, әрі десе, қазақ тарихының кезендік оқиғаларының кезінде өсіп жетілген дара тұлға. Романда оның өжеттігі мен батырлығы, көрегендігі мен даралығы да қатар көрініп отырады. Мәселен, оның сындарлы сәттерді Жәнібек пен Керей хандардың жағына шығуы, қажет кезде, Жәнібекпен шешіле әңгімелесіп, етектен тартқан Әбілқайыр ханмен кетісер сәтте, әйгілі аңғал да, жүрек жұтқан Қобыланды батырды өз қоластындағы әскерімен бірге, жау жағында қалдырмаудың айласын алға тартуы, кейін тағы көптеген тамырлас-тағдырлас оқиғалардың оң шешімін табуына бірден-бір себепші болатындығына да көз жеткізесің. Бір ғажабы, Төлеуғалиев романындағы Адай батырдың әрекеттері бүгінгі Маңғыстауды жайлап отырған қалын адайдардың арғы-бергі өмірлеріне қатысты небір тарихи деректер мен небір шұрайлы аңыздардың да табиғатынан тамыр тартып жатады. Демек, бұл автордың тарихи жағдайдан ауытқымау да бірден-бір басты себеп болған секілді.

Біз Адай батыр роман-эссенің басты шамшырағы деп жоғарыда айттық. Сонымен бірге Адай батыр, адай тарих, адай шежіре – ав-

тордың осы туындысындағы жазушылық шеберлігі мен суреткерлік даралығын да молынан аңғартып жатыр. Жазушы Әбілқайырдан ірге ажыратып, Шу бойындағы Қозыбасы деген жерге өз Ордаларын тіккелі жатқан Керей мен Жәнібек Ордасының көшбасында жүрген батырлардың бірі ретінде Адай батырдың өмірінен сыр ақтара отырып, бүгінгі қазақ тарихы мен дана халқымыздың өз алдына Ордалы ел болғалы бергі бастан кешкен небір қиын шақтардың бәрінен де хабардар етеді. Қасиетті қазақ Ордасының ілкі бастағы көздеген киелі жерге түпкілікті қоныстанып қалулары, Адай батырдың осы жерлерге иелік етіп отырған Моғолстан әміршісі Исан бұғы мен Сүйіндік батырға елшілік қызметпен барып, сол әлгі мүйізін шайқап отырған әміршілермен тіл табысып қайтуына да қатысқан екен. Бірақ бұның өзі де Адай батырдың тарихи кезеңдегі бір ғана тұлғалы қыры. Ол кейін Қазақ Ордасына көз алартқан жоңғарлар мен қытай әскерлеріне қарсы небір алапат ұрыстарға да қатысып, дара шығады. Бұл реттегі Адай батырдың арқа тұтары – Қобыланды батыр мен оның қалың қолы. Десек те, қазақтың бұл қос батыры бір-бірін толықтырып, біздің арғы дәуірлерден бергі келе жатқан дана да, дара батырлар туралы таным-түсінігімізді байытып, тағы да тереңдете түскендей.

Төлуғалиевтің аталмыш роман-эссесінің тағы бір құнды жағы – оның тарих пен бүгінгі өмірді жақындастырып, кеше мен бүгінгі өмірді сабақтастыра білгендігінде дер едік. Бұнда да екі бірдей үлкен рухани желі жатыр. Оның біріншісі – Адай батырдан басталған батырлар рухының үзілмей, өзінің заңды бір жалғасын тапқандығы болса, екінші – жазушының батыр рухын ардақтап, аялауды мақсат тұтқан бүгінгі қоғамымыздың рухани мәдени үрдісін романның көркемдік желісінде арқау ете отырып, бүгінгі өмірдегі кейіпкерлер өмірінен де шынайы сыр шертуі дер едік. Бұл оқиғалардың өзі де романның бүтіндей екі бірдей тарауын («Адай рухы Отпанға оралды», «Іс оңға басты») алып жатыр. Сеніңіз, сенбеңіз, бұл екі бірдей үлкен тараудың кейіпкері де – Адай және Кіші жүздегі адайдың баласы. Бірақ солардың да ішіндегі Сабыр Адай деген дарасы. Бүгінгі ел оны ақын Адай деп біледі, бәлкім, оны бұл жерде батыр Адай дегендігіміз де дұрыс шығар?! Ана жылы Премьер-министр Иманғали Тасмағанбетов оны батыр бабаларына арнаған дастанының сәттілігімен құттықтап, жедел хат жолдаса, сол кезде от боп жанған ақын інілерінің шабытына шабыт қосып, Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев пен арқылы ақын Фариза Оңғарсынова арнайы мақала да жазған болатын. Түптеп келгенде, Сабыр Адай жыр әлемі, жыр рухы арқылы арғы дәуірлердегі батыр бабаларының рухымен

тілдесіп, тәуелсіздік рухымен қоса-қабат оянған батыр-бабаларының көзге көрінген рухын бағзыдағы Түркі қағандарына ұқсап, мәңгілік мәрмәр тасқа қашап, ел назарына ұсынуды мақсат етеді.

Бүгінгі қазақ жұртшылығының білетіні бар, білмейтіні бар, Сабыр Адай 2004 жылы маңғыстаулық «Үш қиян» газеті арқылы жергілікті халыққа үн қатып, «Адай Атаның ескерткіш кесенесі Отпан шоқысының басына орнатылып, қасына Құдайке мен Келімберді аталарымызға құлпытас қойылып, сегіз арыс Адайдың құрметіне сегіз белгі жасалынып, есімдері жазылса», – дейді. Адай батыр, Адай Атаның бүгінгі ұрпақтары сол кезде дүр көтеріліп, үлкен бір іске қызу кірісіп кетеді. Маңғыстаулықтардың арасында үлкен бір рухани сілкіністердің жасалуына бірден-бір себепші болған бұл оқиғаның түпкі нәтижесіне жуықта бүтіндей ел-жұртымыз да куә болды. Отпан таудың басында межеленген ескерткіш-кесене дүниеге келді. Адай батыр, Адай Атаның рухы қайта тірілді. Ел-жұрт, бүгінгі қазыналы Маңғыстау өңіріне ағылған мыңдаған саяхатшылар да Отпан таудың басындағы Адай Атаның ескерткіш-кесенесіне келгенде, батырлар рухына бас иіп, осындай жау жүрек батырлары бар және батырлар рухына осыншама ізет-құрмет көрсеткен қазақ деген ұлы халыққа қызыға да, қызғана да қарайды.

Бірақ біздің бұл жердегі қадап-ақ айтайын дегеніміз ол да емес-ті. Жазушы Б. Төлеуғалиев бүтіндей бір роман-эссесін арнап отырған адай тақырыбы – бүгінгі рухани-мәдени өміріміздегі тын тақырыптардың да бірі. Шын мәнінде, адайлардың жауынгер, қайсар қазақтар болғандығы да рас еді, олар кешегі келмеске кеткен кеңестік империяның өктем саясатына оңайлықпен бас ие қоймаған. Сол себепті, адайлар тақырыбы сол кезде қоғамдағы жабық тақырыптардың да бірі болды. Ал, осыншама сыры ашылмаған, осыншама жылдар бойына тарихтың бір қалтарысында ғана қалып келген адайлар өмірі «ақтаңдақтарының» сенін қак айырып, мұзын жібіткен іргелі бір әдеби туынды да Төлеуғалиевтің осы жолғы роман-эссесі еді. Ең бастысы, жазушының мифологиялық пайымдаулар жасай отырып, мифо-поэтикалық толғаныстарға құрылған жаңа туындысы да өте сәтті шығыпты. Бәлкім, бұл туынды біздің ұлттық әдебиетіміздің Отпан тауының басына қойылған өзіндік бір шоқы-белгісі шығар?!.

Біз де солай деп сеніп, солай деп қабылдайықшы, Оқырман!..

Серікқали ХАСАН,

жазушы

«Ана тілі» газеті, №48, 29 қараша, 2007 жыл

* * *

ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАНУҒА ҚОСЫЛҒАН ҮЛКЕН ҮЛЕС

Біздер осы кезге дейін бабамыз Адай туралы ақсақал қарттарымыздың шежіресінен XV ғасырдың ішінде болған адам екендігін білетінбіз. Ол адамның кім болғаны, қандай қызмет атқарғаны, қай хандықта болғаны, сонымен бірге ол кісі батыр ма, ауызы дуалы би ме немесе қасиетті бар әулие адам ба, бұл жақтары бізге белгісіз болып келіп еді. Солай бола тұрғанымен Адайды қарапайым адамның бірі емес шығар деген ойда болып келгенбіз.

Себебі, Адай деген атақты бүкіл қазақ біледі. Үш жүздің қазақтары әуелден бір-бірімен араласып жатқан ел. Қыз беріп, қыз алысып, құдандалы болып келеміз. Сондай кездесулерде адаймын десең елең етіп қалады. Адай туралы көптеген қашты-қуды әңгімелердің тарап кеткендігі де рас. Адайдың батырлығы да ауыздан-ауызға ұласып келе жатқандығы белгілі. Адайдың баласы Құдайкені, оның ұлы Қосайды ел қадірлеп әулие тұтатындығын да естіп келеміз. Әсіресе Қосайды біздің әдет-ғұрпымызда жолы үлкен деп санап, құрмет көрсетіп отырады. Ұлы жолға немесе жорыққа атанғанда да адай тайпасының ішіндегі Қосай ауылының ел сыйлайтын ақсақал адамының үйіне түсіп дәм татып, батасын алып аттанатын болған. Осы жағдайларды ести-көре жүре Адай, оның балалары Келімберді, Құдайкелерді, одан тарайтын Қосай бастаған немерелерін неде болса ел құрметтейтін ардақты адамдар болған болар деген ойда келдік.

Енді, міне, маңғыстаулық жазушы Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі жарық көріп, бабамыз Адай туралы, оның ұрпақтары Құдайке, Қосай туралы дүдәмал ойларымыз бен пікірлеріміздің рас екеніне көзіміз жетіп қуанып қалып отырмыз. Кітаптын кіріспе бөлігінің алдында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінен былай деген үзінді келтіріліпті: «Сонымен бірге қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттілігінің ғұмыр-шежіресін ірге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспіз. Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі – Түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніз осыдан аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең ...» деген екен. Еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлының осы сөзін басшылыққа алып жазылған «Адай тарихы сыр шертеді» атты Бөкеннің еңбегі Қазақ мемлекетінің ірге көтерген кезінен басталыпты. Қазақтың бес ғасырлық тарихын қамти отырып сол кездегі Адайдан басталған бабаларымыз-

дың кім болғаны тарихи деректерге сүйеніп жазылған бұл кітапты аса құнды еңбек деп бағалаймын.

Менің әкемнің ағасы Айтқұл Шыманұлы деген ақсақал кеңестік дәуірдің колхоздастыру кезеңінен бастап үгіт-насихат, мәдени ұйымдастыру жұмыстарымен айналысқан, елге атағы таралған жыршы-термеші адам болған. Алғашқы қызыл отауларды ұйымдастырушылардың бірі. Сонымен қоса Адай шежіресін де жазған адам. Бірақ ол кезде Адай шежіресін жараққа шығаратын мезгіл емес екені белгілі. Менің балалау кезімдегі бір әңгімесінде Адай тарихын ирандық Әл Ибн Бахури деген адам жазыпты. Ташкенттің архивінде бар көрінеді. Әдейі барып іздеткенімде таптырмады. Ұзағырақ жатып іздеуге мүмкүндік келмеді» деп айтып отырытын еді.

Міне, бүгін Бөкеңнің «Адай тарихы сыр шертеді» деген роман – эссесін оқып отырып әкем Айтқұлдың айтқан Әл Ибн Бахуриының атын кездестіргенімде таң қалдым. Бөкеңнің ізденімпаздығына риза болдым. Бөкеңнің алдында Маңғыстаудағы, бұдан тыс жерлердегі адай азаматтары, олардың бірі өзім, қарыздармыз деп есептеймін. Оның себебі 1723 жылдан басталған жоңғар-қазақ, қазақ-жоңғар соғысына бастан-аяқ қатынасқан даңқы батырларымыз Қабанбай, Малайсары, Шақшақ, Жәнібек, Бөгенбай, Бөкенбай, Есет, Ханкелді, Райымбек, Наурызбай, Өтеген, Олжабай т.т. батырлардың ерлік істерін қазақ жазушылары Абылайдан бастап осыдан 20-30 жыл бұрын жарыққа шығарып, дәріптелініп жатты. Солармен бірге жүрген адайдың мұнал тайпасынан шыққан, Кіші жүз қолын басқарып, жоңғарға қарсы жан аямай күрескен Шотанның ерлік істері еш жерде жарық көрген жоқ. Тек қана Бөкеңнің 2005 жылғы «Бас сардар» атты тарихи еңбегінің арқасында жарыққа шықты. Күні бүгін қазақ халқына әйгілі болып отырған Шотан Назарұлының еңбектерін танымсыз ізденіспен мұрағаттардан тауып жараққа шығарған Бөкене Маңғыстау ғана емес Қазақстанның түкпір-түкпірінен түскен оқырмандар сұранысы бойынша «Бас сардар» атты кітап баспадан үш рет басылып шығып, таралымы 15 мың дәнеге жетіп отыр. Назарұлы батыр Шотанның ерлік істерінің дәлелденгені сондай – Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында Шотан атымен күні бүгінге дейін аталып келген жердің, көлдің, өзеннің бар екендігі анықталды. Жаңарқадағы тау сілемдерінде 1950 жылдардың басына дейін адамдардың қу сүйектерінің жатқандығын, оның Шотан кырғыны аталғандығын сол жердегі ақсақал қариялардың айтып растанғандығын Маңғыстаудан әдейі Бекбол Қартбаев мырза бастаған делегация құрамы барып, Шотанның атымен аталып тұрған орындарды суретке түсіріп әкелген болатын. Артынан бұл материал «Жұлдыз»

журналына суреттерімен басылып шықты. Оның соңынан 2006 жылы еліміздің белгілі тарихшы, жазушылары да әдейі барып көздерін жеткізгендігін естідік. Енді міне, Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесін оқып шығып, қатты қуанып отырмыз. Бұл еңбек қазақ халқының, оның ішінде адай тайпасының тарихын білгісі келетін көпшіліктің сұранысын өтеуге қоса жастарды Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық рухта тәрбиелеу жолында мектептер мен жоғары оқу орындарында оқулық есебінде пайдаланатын тағылым-тәрбиесі өте зор еңбек деп түсінеміз.

Сонымен бірге роман-эссесінің үшінші, төртінші бөлімдері Отпан шоқысына Адай ата кесенесін орнату жөнінде тұңғыш ұсыныс жасап, өзінің ойы мен пікірін облыс басшыларының алдында дәлелдеп, соның нәтижесінде аса зор мәні бар жұмысты өзі бастап, білегін сыбана кіріскен республикамызға белгілі ақын Адай Сабырдың еңбектерін жария етіпті. Бөкеңнің Сабырдың еңбегіне талдау жасап, жарыққа шығарғаны нұр үстіне нұр болды. Елбасы бастамасымен 2003-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оны іске асыру мақсатындағы іс-шараларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі №903 қаулысымен бекіткені белгілі. Сабыр бұл жұмысты сол «Мәдени мұра» бағдарламасына сай, бағдарламаның көздеген мақсатын іске асыру жолында жасады.

«Сабырдың Адай ата кесенесін Маңғыстаудың ең биік жері Отпан шоқысының басына орнату дегеніміз – тек адамдар мен қоғамның концепциясы ғана емес, табиғат пен өркениет, тарих пен болашақ жолдарын жаңаша қарастырудың алғашқы қадамы болатын мойындауымыз керек. Оның себебі, мәдениет тарихы, түптеп келгенде, адамзат тарихы. Сондықтан да ол ұлттық тарихтан да гөрі керегірек. Керегі сол, осылардың бәрінің бастауында атақты адамдар тұр. Олай болса, адай деген халықтың бастауында тұрған Адай Атаны дұрыстап танытқымыз келсе, өз тілімізді, дінімізді, салт-санамызды жоғалтқанның үстіне жоғалта бергіміз келмесе – Маңғыстаудың кіндігі болып саналатын Қаратаудың Отпан шоқысының басына Адай атаның ескерткішін орнату – бұл тұрғызу өте орынды іс болмақ. Олай болса, біз өз тарихымызды тек қана ауызбірлік пен ақылға сыйымдылыққа бағыттауымыз басқа елдер сияқты өмір сүріп келе жатқан халықтардың тарихына қарағанда өзіндік ерекшелігі болмай, керісінше, өзіннің мәдениетінді, қазақ деген халықтың тарихына лайтын жағдайда келуіміз керек. Осылайша Адайды елге таныту», – де

Бөкеңнің осы бір сөздерін зерделеп, ой елегінен өткізіп қарасандар – тұнып тұрған парасаттылық пен ақылдылық көреміз.

Қазір де (атын атамай-ақ қояйын) кейбір азаматтарымыз осы «Адай шежіресі сыр шертеді» атты Б. Төлеуғалиұлының роман-эссесі жарық көргеннен кейін, «Біздер бұрынғы адайлардан тарадық па немесе сол XV ғасырдағы Адайыңыздан тарадық па? 1435 жыл дегеніңіз жастау көрінеді» деп орыс ғалымы С. Толстовтың жазбасын, Никита Бичуриннің жазбаларындағы II-I ғасырларындағы, немесе VI ғасырларындағы адайларды әңгімелеп, «Негізіміз сол адайлар болар» деген ұғымды ұсынады. Жалғыз Толстов пен Бичурин емес, көптеген тарихшылар сол дәуірлерде адайларды «дайлардан», «дахтардан» шығарып әңгімелеген. Ол кезде де «Адай» деген атаулар болған болар, оған біздің дауымыз жоқ. Ал Бөкең жазып отырған біздің тікелей бабамыз Адай Атаның оларға қатысы жоқ екені дәлелденіп тұрғанын мойындағанымыз жөн. Бөкеңнің бұл еңбегінен бұрын, 2003 жылы шыққан, Маңғыстау ауданының 75 жылдығына арналған «Өскен орда» (тарихи-танымдық шолу) атты еңбекте елімізге белгілі қаламгер ағамыз Терекбай Жанбыршин: «Қазіргі мерзімді баспасөзге жарияланған кейбір мақалаларда адай руына байланысты (біздің адай) жайларды біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрынғы сақ дәуіріне апарып соқтырады. Иран тілдес, Днөпріден Енисейге дейінгі ұлы даланы мекендеген сақтардың азиялық бөлігі негізінен үш тайпалық одақтан тұрған: тигарахауд, массагет (парадарай) және хаомоварг. Осылардың ішіндегі массагет Каспий сырты мен Арал теңізі жағалауын мекендеген тайпалар тобының ортақ атауы. Ерте дүние тарихшылары Каспий теңізінің бүкіл солтүстігі мен шығысын алып жатқан сақтардың көбісі «дай» тайпасынан екенін көрсетеді. Олар «дай» атауы оғыздардың «ада» (арал), «адай» (аралдар) деген сөзінен шыққан дей келіп, Адайдың арғы тегі дайлардан басталуы мүмкін деп топшылайды. Осыған сүйеніп кейбір «шежірешілеріміз» біздің жыл санауымыздан бұрынғы 530 жылы Арал теңізі маңында парсы патшасы Ұлы Кир 2-ні талқандап, басын қан толтырған меске салып, еліне беріп жіберген массагеттердің патша-ханымы Сапарганис кызы Томиристі «біздің апамыз, адай кызы екен» деп шығарды. Рас, Адай да, Томирис те даңқты адамдар болған. Оларға жақын болу кімге де арман шығар. «Дай», «Ада» деген тайпалар бағзы заманда өткен жауынгер елдер шығар, оған дауымыз жоқ. Бірақ олардың нақты адам, XV ғасырда дүниеге келген руы Байұлы Елтайұлы Адай есімді кісіге не қатысы бар? Адам, жұлдыз саны көбейген сайын құнды коньяк, ұзақ сақтаған сайын дәмді болатын шарап емес қой. Адам өзі өмір

сүрген кезеңіндегі елі, жері үшін өткен еңбегімен, төккен қанымен ұрпаққа үлгісімен ұлы емес пе? Адай бабамызды бағзы заманғы өткен белгілі ру, көрнекті кісілерге телімей-ақ, жеке өзінің, ұрпақтарының арысы адамзат, берісі алаш үшін өткен еңбегі ұлықтап тұрған жоқ па? Адай тарихына осындай «жиендік» неге істеледі – бабалар рухын биіктете беру үшін бе, әлде өткен зерделей білмейтін білместіктен бе, болмаса біреулердің орынсыздау істерін «заңдастыру» үшін берген әлауметтік тапсырмасын ба? Тіпті, кеңестік дәуірден келе жатқан «көсем» өзгергенде тарихты соның ыңғайына қарай қайта жазуға үйренген қолбала тарихшылықтан ба? Ең дұрысы ақиқаттан аттамаған болар», – депті («Өскен орда», 20-21-бб.) Терекбай ағамыздың осы бір әңгімелерін бүгін Бөкеңнің «Адай тарихы сыр шертеді» атты еңбегі толықтай шындық екенін дәлелдегі отыр. Дәлелдегенде де Адай туралы бұлтартпас шындықты жарыққа шығарды. Роман-эссенің кіріспесінде – ішкі рулық, тайпалық бөлінулерді, таңбалар мен белгілерді, жүздерге бөлінулерін, тайпалардың ұрандары, олардың пайда болу негіздерінде толық жауап бергендігі және көптеген ертеде өткен ғалым тарихшылардың еңбектерін пайдаланғанын көреміз. Біздер өз тарихымызды жоғалтып алуға айналған ел едік. Енді, міне, азғана уақыттың ішінде, бас-аяғы он бес жылда өзімізді-өзіміз енді танып жатырмыз. Әсіресе, адай деген елдің тарихы түгелдей жойылып кетпегенмен оның негіздерінен айырылып қалғанымыз рас. Көптеген мұрағаттардан Адай атағы өшірілген. Және олар кезіндегі билеушілердің пікіріне түп-тамырымен өзгертіліп ақиқаттан жұрдай болып қайта шығарылды.

«Отар елдің тарихы неге нанымсыз болды? Өйткені оны отаршылар жазады», – деп Д. Неру айтқандай, мәңгүрттер өз тарихына гөрі Батыс елдерің тарихын, мәдениетін жоғары қойды. Сол мәңгүрттерден өздері секілді ұрпақ тарап, бүгінге дейін жалғасып келеді. Осыдан кейін жастарымыздың ұлттық рухы неге төмен деп таңғалуға бола ма? Жастарымыздың тым еліктегіш болуының да басты себебі, олардың өз салт-дәстүрінен, тарихынан, жалпы ұлттың тамырдан айрылуында жатыр. Қысқасын айтқанда, бөтен халықтың рухымен өз халқымызды бақытты ете алмаймыз. Бүгінгі Бөкеңнің «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі қатып қалған мұзды жарып өткен мұзжарғыш кеме екенін мойындауға тура келеді. Себебі біздің бабаларымыздың Адайдан бастап XV ғасырдағы тұңғыш Қазақ мемлекетін құрысқан – Керей, Жәнібек, Хақназар сияқты атақты хандармен үзегілес жүріп елін қорғаған ерліктерін естіп, төбеміз көкке жетуге аз-ақ қалып отыр. Екі ғасырдай отарлықтың қамытын киіп келген еліміз тәуелсіздік алғаннан соң қысқа мерзімде құлдықтың сарқыншақтарынан бірден құтыла салу қиын екенін

түсінеміз. Қазақ халқы жаңа ғасырға өзінің асқақ рухымен, өзінің бай мәдени мұрасымен, өзінің ана тілімен кіруі керек. Оған жетуі үшін өз тарихымыздың бет-пердесін ешкімнен сескенбей ашып, өзімізді-өзіміз аласартпай биіктете отырып, оны түгелдей құрметтеп қана қоймай, ұлттық идеологияны жүргізудің құралы дәрежесіне көтеруге тиістіміз. Бөкеннің жарыққа шығарып отырған бұл еңбегі осы ойымыз бен қорытындымызға дәл келеді. Бектұр Төлеуғалиұлының бұл еңбегі еленбей қалатын еңбектерінің бірі емес. Маңғыстауда ел бастап, билікке қосылып жүрген зиялы азаматтар баршылық. Бұл еңбектің тұсау кесері облыс бойынша кең көлемде өткізілуге тұрады деген тұжырымға келіп отырмыз. Осыған қоса бұл еңбек үшін Бектұр Төлеуғалиұлын үкіметіміздің жоғары наградаларына ұсынып, құрметті атақтар беру мәселесін облыс басшылығы қолдайды ғой деп ойлаймын. Бөкене айтарымыз – қаламыңыз ұштала берсін, денсаулығыңыз мықты, отбасыңыз аман болып, үнемі биіктен көріне беріңіз

проф. Алпамыс АЙТҚҰЛОВ,
«Маңғыстау» газеті, 1 желтоқсан, 2007 жыл

* * *

ҚАЗАҚ РУЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ЕҢБЕК **немесе Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді»** **атты роман-эссесі хақында**

Көне замандардан бергі тарихымызды түгендеу үшін алдымен қазақ халқын құрған ру-тайпалардың тарихын бір ізге түсіруіміз қажет екендігі көпшілікке белгілі. Мұның тарихи шындық екендігін бәзбіреулер мойындағысы келмейді. Шындығына келгенде, осы уақытта дейін ру-тайпа тарихын зерделеу рушылдыққа, жүзшілдікке апарып соғуы мүмкін деп келдік. Рудың, тайпаның тарихын зерттеу біртіндеп қазақ тарихының қалтарысты беттерін түгендеуге алып келеді. Рушылдықтың, жүзшілдіктің қазақ қоғамына жат екендігін қазақ халқы ежелден біледі. Бұл жөнінде Төле бидің «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деген аталы сөзі қалған. Мұны қатаң тәмсіл ретінде халқымыз ежелден-ақ ұстанып келеді. Ғылым үшін, төл тарихымыз үшін жекелеген ру-тайпалардың өткенін зерттеумен шұғылданып жүрген қазақ ғылымдары бар.

Әсіресе «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының ат төбеліндей ғалымдары (Х. Ғабжалилов, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, т.б.) соңғы екі-

үш жыл көлемінде орасан зор жұмыстар атқарды. «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының зерттеушілері қазақ халқының құрамына енген бірқатар ру-тайпалардың баянын хаттап берді. Бірнеше томдар жарыққа шықты. Дегенмен қазақ ру-тайпаларының тарихы тереңде екендігін фактологиялық материалдар айқындап отыр. Оны толық меңгеру үшін басқа да зерттеушілер, өлкетанушылар, шежірешілер атсалысуы керек. Ел болып жұмыла кіріссек, өткенге қатысы бірқатар дүниелердің парқын иеге алар едік.

Мұны кейбір әуесқой зерттеушілер де жақсы түсініп отыр. Өздері жинақтаған материалдарды жарыққа шығарып та жатыр. Мысалы, бұлардың арасында Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты еңбегі де бар. Бұл роман-эссе туралы көп толғауға болды. Қолымыздағы бұл кітап қазақ халқының тарихымен тікелей байланысты екендігі байқалады. Біріншіден, онда қазақ халқын құрған ірі рудың тарихы төл тарихымызбен астасады. Екіншіден, сан ғасырлар қойнауынан сыр шертеді. Қазақ жерінде болған тарихи үрдістер аясында адай руының өткені баяндалынады. Аталмыш роман-эссе ірі-ірі төрт бөлімнен тұрады. Оның алғашқы бөлімі Адай және Құдайкен Қосай тарихына арналған. Тарихты автор тереңнен толғаған. Дәлірек айтсақ, XIII ғасырдан бастап тарихи оқиғаларды баяндап келеді де, қазақ ханы Бұрындыққа дейінгі тарихи үрдістерді сипаттап шығады. Мұны автор бірқатар мемлекеттерде орын алған ірілі-кішілі оқиғаларды адай тарихымен қоса өрбітеді. Екінші бөлімде Бұрындықтан бастап Хакназар ханға дейін белгілі оқиғалар аясында адайлардың тарихы айтылып кетеді. Бір айтатын жайт, автор адай тарихының шырмауында қалып қоймайды, сан қырлы тарихи оқиғаларға тоқтала отырып, Қазақ жеріндегі әңгімелерді бір ізге түсіріп шығады. Біздің ойымызша, осы екі бөлім кітаптың ең құнды бөлігін құрайды. Бұл басқа бөлімдердің құндылығы аз дегенді білдірмейді. Керісінше, автордың кейде тарихшылар бара бермейтін сауалдар жөнінде ой айтқанын, бірқатар оқиғаларға кәнігі тарихшыдай тайсалмай барғанын, жекелеген мәселелерді баса көрсеткендігін ғана білдіреді. Басқа бөлімдердің де өзіндік ғибраты мол. Себебі, бұл бөлімдер жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелейді. Онда ата-баба тарихының көптеген жайттары ел ішіндегі аңыз-әңгімелер ғибраты мол эпсаналар келтірілген. Негізінен алғанда, роман-эссеге енген кейбір мақалалар бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Олардың көпшілігі қалың оқырманға жігі таныс. Бұл мақалаларында бабаларға кесене-күмбез орнату, өткенді ұлықтау, сұхбат, т.б. мәселелер айтылған. Кітапты оқыған қауым адай тарихына қатысты ғана емес, қазақ тарихына, тіпті көрші елдер тарихы-

на да қатысты жайттардан хабардар бола алады. Ондағы көрші елдермен болған қарым-қатынастар, саяси байланыстар өздігінше бір төбе. Қазақ хандарының сыртқы саясаты жайында көп дүниелер айтылады. Мұның өзі Бектұр Төлеуғалиұлының орта ғасырлардағы төл тарихымызды жақсы білетіндігін білдіреді. Тек тарихта ғана емес, Бектұр Төлеуғалиұлының әдебиет, этнология, өлкетану т.б. ғылымдар саласынан да молынан хабардар. Мұны автор келтірген көптеген әңгімелер де айғақтайды. Қорыта айтқанда, Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі қалың оқырманға жол табатын тартымды еңбек болып шыққан. Онда сан түрлі мақал-мәтелдер, ғибраты мол әңгімелер көптеп кездеседі. Мұның өзі кітаптың тартымдылығын арттырған. Керек болса мұндай еңбектер жоғарыда аталған «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының мамандарын да қызықтырары сөзсіз.

Ғалымжан БЕКСЕЙІТОВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

тарих факультетінің аға оқытушысы, т.ғ.к.

«Президент және Халық» газеті, 23 мамыр, 2008 жыл

* * *

ҒЫЛЫМИ ДЕРЕКТЕРМЕН ӘСПЕТТЕЛГЕН ӘФСАНА

(Б. Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді»

кітабы хақында)

Ұлтымыздың өткені қазақ халқын құрған ру-тайпалар тарихымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Мұны соңғы ғалымдардың біразы басып айтып та жүр. Сонда да болса ру тарихын зерделеу елімізде кенжелеп келеді. Мұны «рушыл», «жүзшіл» деген сөзден қашқақтап, көпшілік мамандардың сырт айналып келгендігімен, әлі де артын бағуға бой ұрып, бұғып қалып жатқандығымен түсіндіруге болады. Шындығына келгенде, ру-тайпа тарихынан сан ғасырлар бойы ұлтымыздың жанына сүйеу, рухына медеу болып келе жатқан бірқатар асыл қасиеттер сақталып қалған. Соның бірі – ел тарихын сүю, өткенді бағалау. Мұны жақсы түсінген көнекөз қариялар артында далалық ауызша тарихнаманы (ДАТ) қалдырған-ды. Кезінде ру-руға бөлініп, өзара араздасқан елді тыныштыққа шақырған ұлы бабамыз Төле биден «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деген сөзі қалған. Соны тәмсіл ретінде ұстанған қазақ халқы әрқашан бірлікке, елдікке ұмтылды. Өскелең ұрпақты ел тарихының жарқын беттері-

мен тәрбиеледі. Осы жерде солардың ісін біз жалғастыра аламыз ба, сол ұлттық мәйектен сусындаған үрдісті қалыптастыра аламыз ба, өткен тарихты жас буынға қалай жеткіземіз. Қайтсек ұлттық тәлім-тәрбие береміз деген түрлі сауалдар көкіректі мазалағаны рас. Сондықтан да, артында ел айтарлықтай ұлағатты еңбек қалдырып, елдің өткенін карапайым тілмен жеткізу қажеттілігі де күн санап артып келеді. Бұл бағытта жазылып жатқан ізденістер де баршылық. Солардың бірі – қоғам қайраткері және жазушы Бектұр Төлеуғалиұлының өткен жылы Алматыдағы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі.

Бұл роман-эссе бір қалыпқа құйып қойғандай жаттанды дүние емес. Ол оқырманға ой салатын, өткенді бағамдайтын еңбек болып табылады. Сондай-ақ бір сарынды мақтау мен марапатқа толы шығармалардың қатарына да жатпайды. Ол – тереңнен тарихты таразылайтын өлкетанушылық шығарма. Автордың өзі де – қалың қазаққа кеңінен танымал азамат. Оның Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына арналған «Балдағы алтын ақ болат» және Шотан батырдың 300 жылдығына арналған «Бас сардар» деп аталатын еңбектері оқырмандарға жақсы таныс. Бұл шығармалары да еркін жазылғандығымен, мәнерлі сөз саптауымен және келелі ұсыныстарымен ерекшеленді.

Ал, Бектұр Төлеуғалиұлының біз сөз етіп отырған «Адай тарихы сыр шертеді» деп аталатын роман-эссесі осы аталған шығармалардың жалғасы іспеттес. Тарихқа ден қойған жорналшы, филолог, т.б. ғылым салаларының мамандары қазіргі таңда өз кітаптарын шығарып жатыр. Бірақ, олардың көпшілігі «эссе» сөзін қолданбағандықтан, кей жағдайда тарихшылар тарапынан сынға ұшырап та жатады. Тарих – нәзік дүние. Белгілі бір оқиғаны баяндап бере салу немесе құбылыстың өрбуіне қатысты тың материал табу тарихшылықтан хабар бермейді. Тарихты меңгеру үшін оның ғылыми-зерттеу әдістемесін, түрлі тәсілдері мен сан салалы арнайы тарихи пәндерін білу қажет. Ол базалық біліммен, ұзақ ізденіспен, практикалық сұрлеумен келетінді белгілі жайт. Мұның бәрін Бектұр Төлеуғалиұлы жақсы түсінген, кәсіби тарихшы болмағандықтан, оның өз шығармасын роман-эссе деп көрсетуі осындай талаптардың қажеттілігінен туындағаны анық. Эссе жанрында еңбек етуге әркімнің-ақ еркі, азаматтық құқығы бар. Мәселе, қандай шығарма жазылуында ғой.

Біз сын-пікір беріп отырған кітап құрылымы өзара үйлескен кіріспе, «Адай және Құдайке-Қосай», «Асылдың тұяқтары», «Адай рухы Отпанға оралды», «Іс оңға басты» және қорытынды бөлімдер-

ден тұрады. Әрқайсысында қызықты оқиғалар мен аңыз-әпсаналар молынан берілген. Әрбір тарауды бағамдау көлемі шағын мақалада мүмкіндік бермейтіндіктен, біз автор көтерген, ғалымдар назарына ұсынған кейбір түйінді мәселелерді айтып өтсек деген ниетіміз. Автор еңбегін ежелгі сақ, массагет, кейін печенег, қаңғылы, оғыз субстраттарының Сібір мен Алтайдан келген қыпшақ, қалмақ, кидан, Алшын, Байұлы тайпаларымен араласуынан осы заманғы Кіші жүз рулары түзілгендігінен бастайды. Күрделі тарихи үрдістер нәтижесінде қалыптасқан ұлыстар, мемлекеттер жайында сөз қозғап, олардың қазақ халқының тарихындағы орнын саралайды. Еңбектің аты «Адай тарихы сыр шертеді» деп аталғанымен, онда автор адай тарихымен ғана шектеліп қоймайды. Ол адайлардың тарихын қазақ тарихымен біртұтас дүние ретінде қарастырды. Мұны автордың шығыс дерек көздерін талдауынан, ру-тайпаларға қатысты зерттеу жүргізген орыс ғалымдарының (В.В. Вельяминов-Зернов, А. Харузин, Л. Меер, А.И. Аристов, Н.И. Гродеков, Г.Е. Грумм-Грижимайло, В.В. Бартольд, т.б.), сонымен қатар қазақ ғалымдарының (Х.М. Әділгереев, С.А. Аманжолов, т.б.) еңбектерін зерделеп, келелі пікірлерін келтіруінен де байқаймыз. Бұдан біз Бектұр Төлеуғалиұлын жүз, ру-тайпалар таңбасы мен ұраны, қазақ ру-тайпаларының құрамына, шежіреге қатысты өз ойларын білдірген этнолог ретіндегі қырынан да танимыз.

Мысалы, ол шежіреге қатысты: «Шежірелерді жинақтап, салыстырмалы түрде қарағанымызда, біріне-бірі ұйқаспай жатады. Солай болғанымен, шежіредегі мәліметтердегі түгелдей қисық деп ешкім айта алмайды. Шежірелер тайпалар мен рулардың пйда болуы, олардың орналасқан аумақтары, қазақ халқының дамуына үлес қосқан жеке тұлғалар жөнінде құнды-құнды мәліметтер беретіндігі рас. Кейбіреулердің шатастырып жіберетіні де рас. Шежірелерге де нақты тарихи талдау жасауды керек десек, артық болмас. Тура-сын айтсақ, шежірелерді жинақтап, бір орталықтан қазақ халқының рулар тарихы жан-жақты зерттелсе деген ойдамыз», – деп қорытындылайды. Мұны толық қолдауға тиіспіз. Кеңестік дәуірде Ә.Х. Марғұлан сынды ғұлама ғалым шежірені зерттеу орталығын ашқан кезде, пиғылы ала зерттеушілер ол орталықты айға жеткізбей жапқызып тастаған еді. Расын айтқанда, қазақ тарихшылары шежіреге қатысты қазіргі таңда екіге бөлініп отыр: басым бөлігі (М. Мұқанов, Х. Арғынбаев, Ж. Артықбаев, Е. Тұрғынбаев, А. Сәрсенбаев, М. Алпысбесұлы, т.б.) шежірені дерек көзі ретінде қарастыру қажет десе, кертартпа көзқарастағы аздаған келесі бір тобы шежіренің ешқандай деректік құндылығы жоқ, оның бәрі өтірік дейді.

Бұлайша төл деректерден қол ұзу кейбір тарихшылардың кәсіби деңгейі төмен екендігін ғана көрсетеді. Себебі, қазақ шежіресі арнайы зерттеу нысанасына айналып, оны ішкі және сыртқы сыннан өткізбей, оның материалдарын фольклормен және өзге де деректік қормен салыстырып зерделемесек, нәтижесінде қай мағлұматтың дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтамасақ, онда шежіренің қатпары ашылмаған тақырып болып қала беретіндігі анық. Мұны Б. Төлеуғалиұлы сынды көзі қырақты, қаламы қарымды азаматтардың түсінгендігіне тек риза боласың! Сонымен-ақ, Бектұр Төлеуғалиұлы ғалымдардың адай тайпасының шығуы туралы айтқан ой-пікірлеріне тарихнамалық шолу жасай білген. С.П. Толстов, С.А. Аманжолов, В.В. Бартольд, В.В. Востров, Я.Ф. Гулямов, Ә. Әбдірахманов, А. Медоев, т.б. сынды ғалымдардың көзқарастарын талдай келе, алшын, адай, байұлы тайпаларының тамыры тереңде екендігін көрсете білді. Өзі адай тарихын ерте темір дәуірінде өмір сүрген дай тайпаларымен байланыстырған ғалымдардың пайымдауларын қолдады. Сөйтіп, сол заманнан бері болып өткен түрлі тарихи үрдістердің нәтижесінде қалыптасқан қазақ ру-тайпаларының белді бір шоғырының тарихын баяндады.

Әсіресе, автор негізгі бөлімдерде ортағасырлық кезеңдегі адай тарихына ерекше ден қойған. Ұзақ сонар қазақ халқының көшімен байланыстырып, адай тайпасының тарихын бір ізге түсірген. Бұл жерде автор Қазақ хандығы тұсындағы тарихи оқиғаларға көбірек тоқталады да, сол замандардағы тұлғалардың іс-әрекеттеріне баға береді. Кейбір ортағасырлық тарихи деректемелерді пайдаланып, болған оқиғалар аясын кеңіте қарастырады. Авторға оқиға желісін жазушылық тұрғыдан өрбіту тән. Кей жағдайда тарихи тұлғаларды өзара сөйлестіріп, негізгі мәселелерге қатысты өз көзқарастарын да айтып отырады. Тек Қазақ хандығы ғана емес, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті) сынды мемлекеттердің арасында болған қатынастар тарихы да баяндалынады. Кітап мәтінінен қазақты құрған белді тайпалардың да (қоңырат, дулат, найман, қыпшақ, т.б.) орны нақтыланып, олардың да қатысқан шайқастары жайында айтылады. Мысалы, Б.Төлеуғалиұлы Қазақ хандығының шекарасын кеңейткен даңқты қолбасшы, әрі мемлекеттік қайраткер Тәуекел ханның XVI ғасырдағы жеңістерін айта келе мынадай патриоттық ой айтады: «Қазақ халқының мұраты жолында басын байлаған Тәуекелдің көкейінде жалғыз-ақ мақсат тұрды, ол – ұлттын мерейі, халқының баянды болашағы еді» (174-б.). Міне, осыдан-ақ автордың бір рудың шеңберінде қалып қоймай, ауқымды мәселе көтергендігі және де оның отансүйгіштігі байқалады.

Кітаптың басты артықшылықтарының бірі – халық ауыз әдебиеті материалдарының көптеп пайдаланылуы болып табылады. Сан алуан әңгімелерді тарихи оқиғалармен қабыстырып, арасында жырларды дерек көзі ретінде қолданып, оқырманға өз тұжырымдарын шебер жеткізгендігі байқалады. Бұл жерде оның Адайға қатысты мол мағлұматтар жинағанын көреміз. Адай және де өзге де батырлар, билер, хан-сұлтандардың ел үшін жасаған ерліктерін қарапайым халыққа паш етіп, күрделі оқиғаны шешудегі қайраткерліктері көрсетілді. Б. Төлеуғалиұлы ата-баба салған қастерлі жолды ұлықтап отырған азаматтардың бірі екендігін осы күні елді бірлікке шақырған, қазақтың ұлдарына ескерткіштер салу, асын өткізуге үндеген сөздерінен-ақ көруге болады.

Қорыта айтқанда, жазушы, эссеші Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты ізденісі бір тайпаның ғана емес, бүкіл халықтың қажетіне жарайтын, жастарды елі мен жерін сүйеге шақыратын іргелі еңбек болып табылады.

Досбол БАЙҒҰНАҚОВ,
тарихшы, Абай атындағы Қаз ҰПУ доценті.
«Ақиқат» журналы, №3, 2008 жыл

* * *

ТАМЫРЫН ТАРТҚАН ТЕРЕҢНЕН

Заманмен бірге адам да өзгереді деген қағида бар. Адамымен қоса оның амалының өзгередіні де белгілі жайт. Оң һәм сол зарядтар сияқты амалдар өзгерісінің де жақсы, сондай-ақ жаман жақтары болмақ. Соңғы дәуірде ата-бабаның өткен ізі мен тарихын жаңғыртып, ақпарат айдынына шығару мақсатында түрлі кітаптар, кинолар, спектакльдер шыға бастады. Оған деген көзқарастар да әртекті. Біреу мақұлдаса, біреу мақұлдамайды. Мақұлдағандардың алға тартар уәжі тарихи ақиқаттардың бұрмаланбауын алға тарту болса, мақұлдамайтындар – архиві, мұражайы болмаған көшпелі елдің деректі пастулаттарға арқа сүйей алмайтынын, көптеген дәйектердің ауызекі әңгімеден, аңыздан бастау алатынын айтады. Десек те, қазақы түсінікте ата-баба рухынан құдіретті ештеңе жоқ. Ата-баба аруағын әспеттеудің қазақ жағдайында тіпті, теологиялық канондардан да басым түсіп, фетишизмнің мәртебесін аспан мен жердің деңгейіне дейін көтерген ақиқаттары бар.

Сан ғасырлық тарихи арпалыстар мен қақтығыстар кезінде қазақ есімінің бүгінге дейін жетіп, елдікті сақтай алуымыздың бір себебі де патриотизмге негізделген осынау ерекшелікте болса керек деп топшылаймыз. Сондықтан ата-баба есімін ұлықтаудан кінәрат іздеудің қажеті жоқ (әлбетте, тарихи ақиқаттардың бұрмаланбау керегі белгілі жайт). Керісінше, одан ел мен жерге деген құрметті, өткенге ілтипатты аңғару – міндетіміз. Осы тұрғыдан алғанда, аса белсенділік танытып жүрген аймақтың бірі – Қазақстанның батысы. Оны күнделікті өмірден, республикадағы саяси-әлеуметтік оқиғалардан да айқын аңғаруға болады. Жалпы, адай тайпасы – қазақ құрамындағы беделді де берекелі, өскен, өнген рулардың бірі. Жаратылысынан қолына найза ұстап туған батыр елдің тарихи ерліктері мен қазақ этносының қалыптасуына қосқан қосқан үлесі ұлттық түсінікте «танысаң – адайыңмын, танымасаң – Құдайыңмын» деген лаконистік монологпен де тұжырымдалып тұр.

«Қатты жерге қақ тұрар, қайратты елге бақ тұрар». Әлемдік эканомиканың төбесіне мұнай шыққан заманда Қазақстанның батысының саяси-экономикалық мазмұнға ие болғаны да белгілі. Бүгінгі қазақы әзіл әңгімеде жоғарыдағы минимонологтың көктегі Құдай мен жердегі мұнайдың ортасына біз әңгімеге өзек етіп отырған елді жайғастырып отырғызып қоятын дағдысы да бар... Сөйткен адайлар ата-баба рухын әспеттеуде керемет ерлік жасады. Маңғыстау өңірінде азуын айға білеген Адай Ата кесенесі асқақтайды бүгінде!

Бұл турасында баба алдындағы перзенттік парызын адал орындаған белгілі ақын Сабыр Адай былай деп жазады: «Мен 2001 жылы Адай Атаға кесене салу мәселесін «Үш қиян» газетінде көтергенмін. Одан кейін халық үнсіз қалды. Ақтау қаласының жанынан салынса болады ғой деген пікірді де жүрегіме жатқыздым. Қалай болғанда да, елдің ұлттық рухын көтеретін осындай бір игілікті шараның керек екендігіне күннен-күнге көзім жете түсті. Бұрын көңілімнің түкпірінде: «Шіркін-ай, Адай Атамыздың әруағына бағыштап белгі қойсақ» деген бозбалалық пен жастыққа тән қызу қанды арман болса, кейін-кейін оны жүзеге асыру мен халықтың рухани қажеттілігіне бейімдеу реттіліктерінің жоспарын тынымсыз жасай бастадым. Көп уақыт кетті. Халықтың да хал-ауқаты, қарбалас тұрмыс-тіршілігі мен көтеріп жүрген ұранмен мұндас болса да, үндес емес еді. Ішім сезетін... Оның үстіне, сан түрлі тарихи тоқпақтың езгісінен шыққан жәутеңкөз, жалтақ психология «Адай» деген сөзге жол бермеуі мүмкін еді. Ішкі жан бұлқынысымды Маңғыстау, ұлт тақырыбындағы өлеңдермен халықтың еншісіне үздіксіз ұсынып та

көрдім. «Өлеңің жақсы екен, па, шіркін!» – дегеннен басқа, «Адай», «Адай Ата» тақырыбына ешкім бел шешіп кірісе қоймады».

Жалпы, тоталитарлық кезеңнің әсерімен қазақ халқының ата-баба ерлігін естен шығарып ала жаздағаны өтірік емес. Алайда уақыт өте келе, өткеннің есесінің қайтуы да заңды. Тарихи тақырыпқа қалам тербеп жүрген жазушы Бектұр Төлеуғалиев бұған дейін де бернеше тарихи-эпсаналық шығармаларымен оқырмандарға танылып қалған қаламгер. «Адай тарихы сыр шертеді» атты Бекеңнің роман-эссесі – о баста тарихи оқиғалардың сырын ашуға, персонаждың тарихи келбетін айқындауға ден қойған шығарма. Бас кейіпкер Адай батыр арқылы қазақ тарихына тікелей қатысы бар оқиғалар әдіптеледі. Шығарма барысында персонаждың батырлығы, ақылы, болашақты болжай білетін көрегендігі нанымды түрде сипатталады. Тарихта Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр билеген Көк Ордадан бөлініп, Қазақ ұлысын құрғаны белгілі. Шығармада осынау кезеңнің тарихи шындықтары қисынды суреттеліпті. Адай батыр онда Жәнібек ханмен әңгімелесіп, қазақ ұлысын өз уысынан шығарғысы келмей жанталасқан Әбілхайырмен қарсыласады. Әбілхайырдан Қобыланды батырды самсаған қолымен бірге бөліп алып, қазақ жағына шығаруға күш салады. Сондай-ақ Төлеуғалиевтің романында Адай батыр жасаған істердің ішінде бүгінде Маңғыстау түбегін жайлап отырған адайлардың өміріне, тарихына, әдет-ғұрпына қатысты деректер де көп.

Сөз ыңғайы келгенде тарихи тақырыптың қазақ прозасына екібастан жат емесін айта кетуіміз керек. Илияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев сынды әдебиет тарландары қазақ тарихына қатысты тұстарда бастарын бәйгеге тіге отырып, талай тарихи ақиқаттардың сырын халқына жеткізе білді. Өз заманында солары әрі ерлік деп саналады. Ал бүгін ше? Бүгінгі ақиқаттар мынадай: қазір бұрынғыдай қазақтың өткен тарихын жазуына кедергі де, цензура да жоқ. Қазақ өз тарихын өзі еркін жаза алады. Соған сай, қазақ қаламгерлерінің алдында үлкен борыш-міндетпен қоса, телегей-теңіз мүмкіндік те бар. Қыруар тарихи материал игерілмей жатыр. Жазушыны тарихи тақырыптарға қалам тербеуге жетелеуі осыны айқын сезінуі болса керек. Автордың оған дейін де мәлім болған «Балдағы алтын Ақболат» және «Бас сардар» шығармаларында да осындай ниет басшылыққа алынған. Ал 2007 жылы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесі жазушы шығармаларының шыңы дер едік. Онда жазушыға тән шығармашылық үрдіс бар. Жалпы, әдеби персонаж есебінде қабыл-

дануы жеңіл Адай образының тарихи тұрғыда түрлі тараптарда дау-дамай, карсылық тудыратын образ екені де өтірік емес.

Маңғыстау түбегінде Адай Ата кесенесі бой көтерер шақта әлдебіз телеарнадан қазаққа пейілі онша түзу емес әлдебір комментатордың мыскылымен Адам Ата мен Хауа Ананы тұспалдай отырып, «Адай 1 Ева» деп қазақтың патриоттық ниетін аяқасты еткісі келген жымысқы әрекеті де болған. Ал Б. Төлеуғалиев Адай батырды тарихта болған нақты адам есебінде суреттейді. Мұнда қаншалықты ақиқат қаншалықты қисын бар дегенге келейік. Техника ғылымдарының докторы, профессор Алпамыс Айтқұлов былай деп жазады: «Әкемнің ағасы Айтқұл Шыманұлы деген ақсақал кеңестік дәуірдің қолхоздастыру кезеңінен бастап үгіт-насихат, мәдени ұйымдастыру жұмыстарымен айналысқан, елге атағы танылған жыршы-термеш адам болған. Алғашқы қызыл отауларды ұйымдастырушылардың бірі Сонымен қоса Адай шежіресін де жазған. Бірақ ол кез Адай шежіресін жарыққа шығаратын мезгіл емес екені белгілі. Менің бала кезімдегі бір әңгімесінде ол: «Адайдың тарихын ирандық Әл Ибн Бахури деген адам жазыпты. Ташкенттің архивінде бар көрінеді. Әдейі барып іздеткенімде таптырмады. Ұзағырық жатып іздеуге мүмкіндігім келмеді», – деп айтып отыратын еді. Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» деген роман-эссесінен Әл Ибн Бахуридың атын оқығанымда таңғалдым».

Төлеуғалиев романының баянына сүйенсек, оның басты персонажы Адай батыр – кәдімгі өмірде, тарихта болған тарихи адам Әрі көшпелілер тарихындағы ортағасырлық бұлыңғырлау кезеңнің қайраткері. Бұл кезең қазақ тарихында Алтын Орда дәуірі атымен мәшһүр, ұлттық тарихымыздың көптеген алтын қазыналары да сол кезеңге тән. Әуелі Алтын Орда, одан кейін Ноғай Ордасы болған. Айшықты Сарайшық қаласының жұрнағы әлі де бар. Жалпы ортағасырлық тарих қазақы таным үшін бұлыңғырлау болғанымен фольклоры қатты дамыған елдің бұл орайда сүйенер, қиын шақта арқа сүйер алтын қазығы да мықты. Сол кезеңнің тарихи ақиқаттары бізге алдымен эпостық шығармаларымыз, ауыз әдебиеті, ұлттық шежірелер арқылы мәшһүр. Жазушының да роман-эссені жазу барысында алдымен осынау алтын қазыққа сүйенгені айдан анық. Романда басты кейіпкердің болашақтағы Қазақ Ордасының уығын шаншар тұста отырған Моғолстан әміршісі Есенбұғы мен Сүйіндік батырға барғаны баяндалады. Сондай-ақ ол сәл кейін құрылған Қазақ Ордасына шабуылдаған жоңғарлар мен қытай әскерлеріне қарсы соғыста да көзге түседі.

Осынау роман-эссенің тағы да бір құнды жағы бар. Онда тарихи ақиқаттар бүгінгі өзіміз көріп отырған шындықтармен де жалғасын тауып жатады. Мақсат белгілі. Ол – Адай батырдан басталған жеңімпаз рухтың ХХІ ғасырға да ұласып жататын ұқтыру. Ол романның өн бойынан айқын түрде көрініс тауып жатады. Бұл орайда айта кетер бір ақиқат мынау. Тарихты түлету, бүгінгі ұрпаққа түсінікті ету мақсатындағы мемлекеттік ұстанымдар да белгілі. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай жазады: «Сонымен бірге мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр-шежіресін ірге көтеретін кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспін. Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі – Түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніміз, осыдан аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...». Бұл орайда авторды діттеген жеріне жетті деуге болады. ХVІІІ ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысында даңққа бөленген аруақты батырларымыз Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Малайсары, Шақшак Жәнібек, Райымбек, Өтеген, Олжабай туралы жазылған шығармалардың сапына қосылған Адай батыр туралы кітабымен қоса, халқына еңбегі сіңген Шотан батырдың ерлігін де бір жаңғыртты. Төлеуғалиевтің 2005 жылы жарық көрген «Бас сардар» атты тарихи еңбегі Шотан Назарұлыныңнақты бейнесін ашып бере алған шеберлігімен әйгілі. Осынау кітапқа сұраным да көп болды. «Бас сардар» үш рет басылып шығып, таралымы 15 мың данадан асты.

Шотан да – тарихи тұлға. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Шотан атымен аталатын жер, көл мен өзен бар. Осы өңірде болған айтулы қазақ-қалмақ қырғыны тарихта Шотан қырғыны атымен мәлім. Бұл жерде 50-жылдардың басына дейін сол соғыста құрбан болған марқұмдардың сүйегі шашылып жатқан деседі.

Бұған дейін Махамбеттің 200 жылдық құрметіне «Балдағы алтын ақ болат» және Шотан батырдың 300 жылдығына байланысты «Бас сардар» атты еңбектері жарыққа шыққан Бектұр Төлеуғалиұлының бұл жаңа кітабы да оқырмандардың жылы лебізіне ие болып отыр.

Өмірзақ МҰҚАЙ,

тарих ғылымының докторы.

«Жұлдыз» журналы, №5, 2008 жыл

* * *

АЛҒЫ СӨЗ!

Ер Адай ат қарғытып қамалдатты,
 Дұшпанын қамықтырып алаңдатты.
 Баласы Бейбарыстың, Бектұр аға,
 Ақыры ер салмағы саған батты.
 Баһадүр батыр мінген Тайбурылдай,
 «Адайдың тарихынан сыр шерткізген» –
 Үстінде үстелінің қалам жатты.
 «Тайбурыл-қаламыңның
 Құйрық-жалын
 Түбінде тараймын!» – деп заман жатты.
 Күтеді бір ғаламат
 Күннің күні –
 Басынан Отпан таудың Адамзаты!
 ...Құшақтап қолтығына тартып айды,
 Сол сәтте жұлдызың бір жарқырайды!

Бектұр аға!
 Ұларманы – ұлтымен!
 Ер арманы – елімен!

Ұл-қыз тәрбиелеп, ұлтыңыз үшін еңбек еттіңіз. Халық тағдырын: қабырғаңыз қайысып, қаламгерлік тұрғыдан көркем де, тарихи танымдық еңбектер жаздыңыз. Мәдени, саяси және әлеуметті мәселелерге араласа жүріп, «Бас сардар», «Балдағы алтын ақ болат» тарихи романдарының, «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман эссенің авторы атандыңыз. Сол шығармалардың қайсысы да ұяда алған тәрбиеніз бен ұлттан алған кемелдігіңіздің рухани жемісі!

Әсіресе, «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссеніздің оқырманға берер тәлімдік мәні аса зор. Өз тамырынан көктеген жемі ағашы ғана бағбанның бағын ашып, бала-шағасының таңдайы жібітеді... Адай халқына және түп атасы – Адай-Ата рухына деген құрметіңіз үшін, қаламгерлік батыл шешіміңіз бен есепсіз еңбегіңіз үшін алғыс айтамыз!

Түсінген жанға Ұлы Бабаның (Адай-Атаның) ұрпақтары тарапынан ризашылық білдіру парызымыз!

Сізге, Алланың нұры жаусын, Әулиелердің киесі дарысын!

Қадірлі Бектұр Төлеуғалиұлы, «Жел жемсеген Ақберен» атты толғауымды 70 жасқа шыққалы отырған мерейтойыңызды қарсаңындағы інілік ізетіммен жыр-шашуым ретінде қабыл алыңыз!

Құрметпен, Сабыр АДАЙ

* * *

ЖЕЛ ЖЕМСЕГЕН АҚБЕРЕН*(...Қаламгер Төлеуғалиұлы Бектұр ағаның мерейтойына арнаймын)***Ақ толғау***(Маңғыстау жырларының сазымен)*

Кербез жыр Керқұланның жалында ма?
Кең Адай, бір сөйлесін Сабыр бала!
Аранға өзі түскен
Ақ киік ем,
Қойкөз оқ, қоша мылтық бабында ма?
Көздеген көлден қуды мергенбісің?
Жең түріп желкілдейді жеңген кісің.
Кім өзі, «Адай» деген,
Қаңғабай ма?
Құрмаш па!?!.. Нысаналы елденбісің?!
Ер Құрмаш елін ойлап қанға бөкті,
Талай Ер тарыққаннан зарлап өтті.
Өңгерген көк найзасын көкбөрілер, –
Адайдың бостандығын арман етті.
«Ақ Орыс», «Қызыл Орыс» кезек келді,
Кезек-кезек кездігін кезеп келді.
«Аңқау елге арамза молда болып» –
Бал жағып жақ пен тілін безеп келді.
Сол екен, содан соң ба?.. босып тындық!..
Ер мен Ел отырмадық қосып түндік.
Жүрегін қозыдайын маңыратып,
Жат жерде жетімдерді отықтырдық.
Көңілде қан, көмейінен жыр ыршыған,
Басынан бұл Адайдың дәурен көшті,
Інгендей тұлыбына ыңырсыған.
Жанынан Маңғыстаудың жас көремін,
Ерімес жүрегінен тас көремін.
Іздеген жақыннан – жау, жаттан – досты,
Сергелден сегіз бірдей бас көремін.
Жат жерде жау ісіне қаныққанмын,
Таппайсың хандық көрген халықтан мін.
Сергелден сегіз басты – бір бағытқа:
Бұрсам – деп, – Отпан тауға алын бардым!..

Саламыз тілге шідер айта түсіп,
 (Заманның епіршігін байқа пісіп.)
 Көп арман күлдей ұшып кетпесін де,
 Көн қатып қалыбына қайта түсіп.
 Етегін «Паң көйлектің» қанға малған,
 Хиуадан «бес қаруын» таңдап алған,
 Ер Шабай,
 Есен-Сүгір,
 Өмір-Темір,
 Қош күнім!.. Қолдан кетті, арда жалған!..
 Сәйкісі сәнмен басқан кербез керік,
 Қайқысы әнмен асқан, желмен кезіп.
 Қанағат Хан сарайын тойдырмаса,
 Барады Қыдыр қашып, елден безіп.
 Қашаған, Ақтан болып жылады жыр,
 Берен-тіл бес жүйріктің тұрағы бұл!
 Айтымнан – Жаңасуда Мұстафаның,
 Алашқа айғақтаған ұраны жүр.
 Хазірет, Халфе, Ишан, Сахабасын
 Сабыр ет, сақта Жардың махаббатын!
 Күннен – құт,
 Көлден – суат,
 Жерден – қуат,
 Тілепті Тәңірден – бақ, Аталасым.
 Иә, Алла, Хақ мәзірі қабірімнен,
 Болсайшы, сағана там, сәні бір кем!
 Ішіне бір саусағын бүгіп тұрып,
 Жас жусан тілдеседі кәрі қырмен.
 Бүгулі біздің де сол бармағымыз,
 Көмейде – кештегі мұн, таңдағы мұз.
 Барамыз көшкен бұлттай күңіреніп,
 Күрсінтіп өткен көктем, алдағы күз.
 Бұл күнде
 Қара қытай қайымдасты,
 Ол күнде орыс еді жан-жағымыз.
 Қылғынып, қылсағаттан құла болып,
 Шыңғырып, шыңнан төмен құлап өліп,
 Шайтанға арба сыйлап,
 Дорба беріп,
 Бір бәледен мың бәле тұрар өріп.
 Жә, жақсы, жампоз кетті, нардан кетті,
 Күтеміз енді, келер таңнан көпті.

Ер кетті, ермен бірге
Жігер кетті,
Жер кетті, Жермен бірге арман кетті.
Өреуіл
Өткен күнге оралайық.
Айт, Адай, көкірегі жарған кекті!
Ақ келді... Қызыл келді... Иман кетті,
Алтын зер, күміс тұрман, жиған кетті.
Опынып, он саусағын қатар шайнап,
Кешегі Мырзалы мен Бижан кетті.
Кәпірге оғын атты Мырзалы хан,
Түбектің тін іздесең сырмағынан.
Түбінде әр жусанның
Түгел тарих,
Тамшылар ойдағы жас, қырдағы қан.
Дәм іздеп,
Дәулет іздеп, өріп жүрміз,
Шашылған сүйектердің қырманынан.
Бағытымыз – сор болды бастан анық,
Бағланымыз қор болды хаққа налып.
Таразыда таң суып,
Жылу кетті.
Сүмбіледе су суып,
Сұлу кетті.
Қаракөзден аққан қан жатқа жағып!..
Тентек Дәлу тепсініп,
Амал апшып,
Сүйекті жер, сұр жанды аспан алып,
Аспан алып есімін тасқа қағып,
Жең ішінде қол сынып, бас та жарып,
Кірпігін Аруана жасқа малып.
Жамау ер,
Жалсыз тұяқ,
Жансыз дала
Тағдырын жел,
Табағын тасқа жанып,
Сайраған Сауран ізі хатқа қалып,
...Біздің Ел әлі көшіп келе жатыр:
«Бір Алла!», «Пір Бекет» – деп қасқа халық.
Алау қыр, айқұшақ шөл, ындыны зар,
Ындында ыза судай шындығы бар.

Борай құм,
 Сенсең бөрік, таз төбешік,
 Көрдiң бе, көмейiнде бұлбұлы бар?!
 Аршын төс,
 Бедеу құрсақ,
 Шаппа құлау –
 Даланың өзiне сай ұл-қызы бар.
 Шелденiп батар күннiң аңғалағы,
 Шер бұрқап, қарашығы шаң қабады.
 Қабысып құс жолына кетпек, әне,
 Қан iшiп көшкен ауыл, ал, манағы!
 Адайдың қосқайырма
 Адайы бар,
 Жарылған «Маңғыстау!» – деп, таңдайы бар,
 Қағылған шерден шеге маңдайы бар.
 Көкжалы, көкте бүркіт – қанбалағы,
 Жерде жатсам
 Желкеме бәрі үйір,
 Бас көтерсем бақырып, таң қалады.
 Қанбалағы қанатсыз
 Отпанда тұр,
 Жан бағары сүйекке алданады.
 Соның бәрiн сорлы көз
 Көрiп тұрып,
 Өлiп-өшiп, өксидi, қарғанады...
 Ел едiк, Теке-жәумiт, Татар көрген
 Қанатын Қаз едiк қой қатар керген.
 Жаратқан
 Лаухул-Махфуз тақтасында
 Адайға бақ пен сорды қатар берген...
 Көрдiң бе, Бектұр аға, беркiнгенiм,
 Тiлiң – бал, тiлегiң – құт, көркiнде – күн.
 Баяғы Баба дәстүр, намыс – ортақ.
 «Адай!» – деп,
 Ақтан сөйлеп желпiнгенiң.
 Ыстық қан, ықылас бiр,
 Көнеден көз,
 Жоқ екен, жолай көште, сертiнде мiн.
 Жүректiң қанжылатып арда басын,
 «Аһ» ұрып ардалықтан зар қағасын.
 Аңқасын аңызакқа тосар Отпан,
 Адайдың жинай алмай бар баласын.

Сүйеніп ару-күннің кірпігіне,
Айналды біздің арман жыр тіліне.
«...Бір тайлақ көштен сайын бос келеді»,
Шамам жоқ енді менің іркілуге!
Ақберен желге жемсеп жүзденеді.
Не екен,
Қансусардың іздегені?..
«Қырғынын Қызданаидың» еске салды,
Қымсынып туған айдың қыз бедері.
Жаралған жеті саздан, жалған ба, шын?!
Маңғыстау ақтармақ па «Ақжармасын»
Қу жалған,
Құмай жалған,
Шұбай қалған,
Күйшіл жан – қоңыр күнге алданбасын.
Адайдың қойтас – қоры, мола – бағы
Жел кеулеп, құм құнысып жоғалады.
Мысалы, Маңғыстауды – Қайып делік,
Ақша бұлт – Ақбөбектің орамалы.
Заманның бізге жұмбақ жайы мына,
(Қошан жоқ айтқа тігер айыбына...)
Адайдан Ақбөбек боп, дәурен кетті,
Бұлғалап орамалын Қайыбына.
Қош енді, Ақбөбек – Күн, күйіктім-ау!
Қозыдый қойыныңда бұйықтым-ау!
Күрсінген көк аспанның мұнар бұлтты
Көзіңнің шарасына сиып тұр-ау!
Жалынан «Жадаукөктің» ән салсам ба,
Ақырғы күшімді бір, жиып мынау?
Тастама, орамалың мендік емес,
Ит-құсқа жем болмасын, сүйіктім-ау!
Ер Шотан, Атағозы, Лабаққа сын,
Лабаққа сын болған соң – қазаққа сын.
Самды сағым, сананы күдік жайлап,
Ұстайды Асау-көңіл, Барақ басын.
Адайды айт!
Адай десең, Бабасын айт!
Құттықтап, жаудан болған жарасын айт!
Құдайдың құлай сүйген періштесі –
Әулие – Пір Бекеттей баласын айт!
Шағадам, Жаңғақты мен Жем-Сағыздың,
Қан төккен қайран шалдар арасын айт!

Боз жусан, бетегелі, ебелектім,
 Білмеймін, Керемет кім, Кебенек кім?!
 Шалдар жоқ, Шалқұйрық та қара бауыр,
 Төбемнен ысқырады дегелек-күн.
 Дүңгірлек, Жұзадымның тұнығындай,
 Кеттік-ау, тұнба сырды бір ұғынбай!
 Сүрме қас түн бетінен жұлдыз ақты,
 Жалаудың сүрмей кеткен ғұмырындай.
 Бәйті мен Тоқсанбайға сырын бүккен,
 Ноғайлы қырық баулы қырым біткен.
 Қатепті қаранарды қайыстырған,
 Құрғамас көңіл күптен, жырым жүктен.
 Ой – Адай, кеуде – Адай, өрде – Адай,
 Орным жоқ өрде тусам, төрде қалай?!
 Сақау қыр, Жібек жолдың бөкеніміз,
 Бөктерден домалаймын көрге қарай.
 Көргені көп ел еді, көрмегенімен,
 Ақиқат айтқан жанға бөгде білем.
 Байқасам, Бектұр аға, «Ер адай!» – деп,
 Шындықты бір көтердің жөргегінен!
 «Іңгәлап» біздің шындық шыңғырады,
 Құлағын «Абыл» күйдің мың бұрады.
 Серігі Қобыландының Ер Адайға,
 Сейілмей дүниенің тұр мұнары.
 Қармағын салды заман қалытқылы,
 Шындықтың шықты көзден жан ұшқыны.
 Түбінде мұнарлы кім?
 Ұранды кім?!..
 Көкжалға көптен таныс «Барыс құны».
 Бел шешіп болашаққа бекін бүгін,
 Ізетшіл, іштен танып, жетіл үнім!
 «Алаш түгіл
 Арабқа атым мәшһүр» –
 Адай ем, енді, қош бол, есіл күнім!
 Ей, күнім, кең жайлаған, орда тігіп,
 Тектіден төбел тауып, жорға шығып.
 Жабырқап жан дүниең кетті өзгеріп,
 Әр заман бір-бір ұрып, торға тығып.
 Тар жерге тағы келіп жол қысылды,
 Нар шөкті көтерерме соңғы сынды?!

Әркімдер: Бөріден – Қой жасап алмақ,
Әр Дәуір қайта сомдап болмысыңды!
Ер Адай елге айшықтап атын берді,
Дегенмен жат иелеп жатыр жерді.
Ащы ішек бұдан артық созылмайды,
Не жалғар!.. Не үзілер сәтің келді!..
Молдасы Хақтан тілеп қырағаттап,
Хақтан нұр, ақтан жырды мұрағаттап.
Өз жұртым,
Өлең-төсек,
Кең сарайым,
Келемін босағасын сұрап аттап!
Ұлпасын ай төгеді, күн төгеді,
Маңғыстау – жер жәннаты, білсең еді!
«Жәннатың
Иесі – біз!» – дегенменен,
Шынында, бізден кейін кім сенеді?!
Сенбейді, дегеніне қалды мұра
Көрген түс – өткен дәурен, барлығы да!
Мысалы, мұнайым – мұң,
Шырайым – құм,
Бергенін өз қолымен алды құда!
Заманның хан талапай қарғалары,
Ал, қашан?!.. Халалдан жеп, ар бағады!
Шындықты шымылдықтап тағып қойып,
Тіліне өтіріктің бал жағады.
Көкмойнақ көкке кетті:
«Көрмеймін» – деп,
Қылаң Нар көппен кетті: «Өлмеймін» – деп,
Жылау – Ар,
Төккен Намыс төрден кетті,
Талау зар, талмау күнге шөлдеймін деп!
Ұран От Отпан таудан
Сәулеленді:
«Сенбеймін!.. Көнбеймін де!..
Сөнбеймін!» – деп.
Білмеймін, базарда пұл кім несімен?
Шындықтың шатыр тіктің іргесінен,
Бектұр аға,
Осынша бек арманның
Сыр тартып, ту көтердің мінбесінен!

Айтайын, қандай тілек, қалай баға?
 Ұлт аман, ұл да туар талай дара.
 «Болғанда көкте – Құдай, жерде – Адай»,
 Сүйеді Маңғыстауды Адай бала.
 Сүйгесін айтпақ оны анық қылып,
 Жүрегінен қанды жас тамып тұрып.
 «Әр Қазақ – Жалғызым!» – деп елжірейді,
 Адайды құшағына алып тұрып.
 Ер Адай тұрды тарих санатына,
 Көз ашты, нұр себездеп дара тұма.
 Махамбет, Құлбарақтан қалған кие
 Жұғыпты қаламыңның қанатына.
 Белді бу, Бектұр аға!
 Адай-Атам
 Қалдырмас, кей жаманның табасына!
 Болды сол,
 Абай – ортақ,
 Қазақтың ханы менен қарасына!
 Баласы Әр Жалғыздың – бір-бір Қазақ,
 Айналып қашан түсер сабасына!
 Желбірек желкеніндей ақ кемеңің,
 Жетпіс жас – Бектұр аға, нақ кемелің!
 Пәк сыйлап, ақ толғадым жүрегіммен,
 Аман жүр, жел жемсеген, Ақберенім!

Сабыр АДАЙ,

*Махамбет атындағы сыйлықтың иегері,
 Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер.
 «Ана тілі» газеті, қаңтар, 2010 жыл*

* * *

ҚАЗЫНАЛЫ ЖҮРЕК

«Жұлдыз» журналының қара шаңырағында қызмет атқарған ширек ғасырға жуық уақыт белесінде әдебиетті төңіректеген жазушы-оқушысы бар, талай адам көз алдамыздан өткен екен. Ағын судай сырғып өте шыққан елес сияқты, көбінің таңертең көрсен, түске жетпей түсін ұмытасың. Бір көргеннен жарқ етіп жүрек түбі, көңіл төрінде бедерленіп бекіп қалатыны некен-саяқ. Сол аздың бірі һәм

бірегейі маңғаз басып Маңғыстауда жүрген марқасқа ағам Бектұр Төлеуғалиев десем, үстеме қосып әсірелеп айтқаным бола қоймас.

Бектұр ағамен әуелі сырттай таныстым. Бірден тәнті болдым, пайым-парасатына. Ұмытпасам, 90-жылдардың соңы шығар деймін. Олжастың ой қазанында ұзақ кайнап дүниеге келген әйгілі туындысы «Таңбалар тілінің» Римде басылып шығып, елге тарап, зиялы қауымның қолдан-қолға тигізбей жапатармағай оқып дүрлігіп жатқан кезі. Ұлы ойшылдың тіл мен адамзат мәдениеті тарихын қырық құлаш тереңінен қопара зерделеген бұл іргелі шығармасы шын мәнінде ғасырларда бір туар, арысы әлемдік лингвистикаға, бергісі түркология ғылымына олжа салған кемел туынды еді. Осындай дәуірлік еңбектің төл топырығымызда тууы ғылым үшін, жалпы қазақ өркениеті үшін үлкен мерей екені даусыз. Бірақ біз мақтана алмадық. «Көрмес түйені де көрместің» күйін кештік. Жайшылықта болмашыны жалаулатып, «Ойбай, сенсация, фурор. Міне, ғаламат!» деп жар салып жарылып кете жаздайтын баспасөз де, маман ғалымдар да, өресі жетпеді ме, әлде өзге себебі болды ма, әйтеуір ауыздарына маржан толтырып тым-тырыс үнсіз қалды. Біз өз тарапымыздан қалың оқушыла шет-пұшпақтап болса да жете берсін деген ниетпен «Таңбалар тілінің» алғашқы тарауларын жазушы Сайын Мұратпековке аудартып, «Жұлдыздың» екі санына басқанбыз.

Көп өтпей Ақтау қаласынан қалың конверт келді. Бектұр Төлеуғалиев деген автордың «Таңбалар тілі» туралы жолдаған пікірхаты. Көлемді мақала. Анау-мынау маманның тісі бата бермейтін күрмеуі қиын күрделі зерттеуді жан-жақты талдап, байыпты пікір айтыпты. Сөзі нық, ойы дәйекті. Төселген қалам машығына қарап, бұрын аты-жөні таныс болмағандықтан, осы салада еңбектеніп жүрген зерттеушілердің бірі болар деп топшылағанмын. Сөйтіп, бүкіл Ғылым академиясы қалғып-мүлгіп отырғанда сонау Маңғыстаудың маң даласында жатқан Бектұр Төлеуғалиев деген қазақ «Таңбалар тілі» туралы ағынан жарылып, айғайлап тұрып елден бұрын пікір айтып еді. Қалың қазақтың сүйінші сұрағандай, шын тебіреніп сүйінішін білдіріп еді. Бекеннің аты-жөнімен алғаш осылай қауышқанмын.

Журнал шығысымен бір күні қоңырау шалды. Әдетте «Жұлдызда» алғаш көрінген авторлар алғысын үсті-үстіне жаудырып, сөйлескенде елбелектеп кететін. Бұл кісиде ондай жоқ. «Жіберген кішкентай бір мақаламды басыпсыздар, оларыңыз дұрыс болған екен» деді де басқа бір бұйымтайға көшті. «Осындағы бір баланың шаруасын орындай алмай ұятты болып тұрғаным, – деді қиналықырап. – Тоғызыншы сыныпта оқиды екен. «Таңбалар тілінің» «Жұл-

дыздағы» үзіндісін оқыпты. «Толықтай оқығым келеді. Кітапты тауып беріңізші» – дейді. Өзі бір болайын деп тұрған бала екен. Нар сұраса да ұстата салар едім, кітаптың қолымда болмай тұрғаны. Дүкенге де, кітапханаға да түспепті. Сіздерден қандай жәрдем бар? Егер табылып жатса поштамен салып жіберіңіздер. Ақшасын бірден жіберемін!»

Айдаладағы бір баланың өтінішін жерге тастамай үлкен басымен осынша әбігерге түскеніне таңқалдым. Мынау қатыгез, жатбауыр заманда сирек кездесетін мінез. Осы бір елеусіз әрекеттен-ақ Бекеннің болмыс-бітімін танып-білгендей болдым. Менің көз алдымда ешкімді жатырқамайтын, жақсыны бауырына тартып, соның жолында жаны жапырақ боп жүгіретін акеділ, ғазиз жанның асыл бейнесі тұрды. Жүрегім алдамапты. Кейін телефонмен жиі хабарласып тұрдық. Әр сөйлескен сайын осы сенімім беки түсті. «Кісі сөйлескенше, жылқы кісінескенше» демекші, бет-үзімді көріспесек те бір риясыз бауырмалдық сезім шым-шымдап тартып, арамызды жақындастыра бергендей. Журналдың жұмысы кашанда қарбалас. Әсіресе баспасөзге жазылу науқаны барысында қызылтануа боп жатамыз.

Бұрынғыдай тиражынды иек қағуымен жасаттырып, жетпеген қаржыны бюджеттен бөліп беріп, әлпештеп отыратын Үкімет жоқ, нарық заманының қатал заңы өз күнін ді өзің көр дейді. Осындай жан қысылған сәтте қазан құлағын ұстаған басшы мен байларға алақан жаясың, жанашыр азаматтарды жағаттайсың. Сөйтіп, Маңғыстау облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып отырған Бекене де амалсыз өтініш айтуға мәжбүр болғанбыз. «Жұлдыздың» бұйымтайынан садаға кетпеймін бе? Менің қолымнан келетін шаруа болса, аянбаспын!» деп бірден елп ете түсті. Жасының егделігіне, денсаулығының сыр бере бастағанына қарамастан, ала жаздай аптап ыстықта ақ тер-көк тер шапқылап жүріп алақандай Маңғыстаудан мыңға жуық тираж жинады. Екі күнде бір телефондап, дәл бір міндетті адамдай есеп беретінін қайтерсің. Ақы-пұлсыз, кара басына кара бакыр пайдасы жоқ жұмысқа қызылтабан боп осылай ебіл-дебіл жүгірген адамды қайдан көрдіңіз?! Бекен әлі күнге дейін сол әдеттен жаңылмай өзінің сүйікті «Жұлдызы» үшін майлық-сулық боп қызмет атқарып келеді.

Алматы мен Ақтаудың арасын телефонмен күнара жалғастырсақ та жүздесудің сәті бірер жылдан соң бір-ақ түсті. Алматыға емделуге келгенін естіп, емханаға іздеп барғанмын. Ортаншы ұлы – Володя інім екеуі бір палатада оңаша жатыр екен. Көрген бойда көп жылдан кейін сағыныса табысқан ағалы-інідей құшақтарымыз айқаса кетті. Сол көңіл, сол ықылас әлі күнге суыған емес. Менің алдым-

да кеудесін шалқак ұстап, шымыр денелі, ақ жүгірген сұйқылтым шашын шалқайта қайырған, ақсары өңді ажарлы кісі тұрды. Аялы, қонырқай көздері ұшқындай бетіне тіке қарайды. Ішіне дүрбі салып сұқтана үнілген жабысқақ көз емес. Жұмсақ, мейірімді. Кең ашылған жанарының айнасында бүкіл жан дүниесі жарқырап менмұнда лап тұрғандай. Аман-саулықтан кейін: «Абай айтпақшы, бұрынғының – артымыз, бүгінгінің қартымыз. Ескі машина сияқты біз де тоздық қой, аздап ремонтталып алмасақ болатын емес», – деп бүгін-ертең операцияға жатқалы отырса да сырқатынан сыр бермей жадырай күлді. Бекең, әуелгіде өзімше тұспалдағандай, әдебиет пен лингвистика ғылымын індетіп жүрген зерттеуші емес, мүлдем басқа саланың адамы болып шықты. Мамандығы – инженер-экономист. Ал әдебиетке деген құштарлық көкірегіне ана сүтімен дарып, бала күнінен жүрегіне байланған ұлы ансары болса керек. Ат жалы, түйе комында күнделікті арпалыспен біраз ғұмыры өтіп кетсе де, сол арман бәрібір қолынан жетелеп Музаның төріне алып келіпті. Әңгімешіл. Қоңыр даусын соза асықпай баптана сөйлеп қозғағанда сонау бағзыдағы шумер, Элладаға дейін аттың басын жіберіп-жіберіп алады. Ел-жер тарихына келгенде жорғадай төгіліп еркін көсілгенмен, өзі туралы айтуға сараң. Суырпақтап сыр тартпақ болғанымызда: «Шырағым, ел қатарлы тірлік қой, ауыз толтырып айтарлықтай не тындырды дейсің. Біраз жыл партия, кеңес қызметінде болдық, одан қалды совхоздың шаруасымен шапқылап жүргенде, қайран өмір өтіп кетіпті ғой...» деп, күрсіне қысқа қайырудан арыға бармады. Мұнысы мақтануды жаны сүймейтін сырбаз, сахи адамның кішік мінез сыпайлығы шығар. Әлде үлкен шаруашылықты басқарып, көрнекті қайраткер дәрежесіне көтерілсе де, сол өмірін қанағат тұтпай, «Әттең-ай, бәрін жиып тастап, әуелден осы жазудың жолына түскенімде, ендігі біраз жерге барар едім ғой» деген шынайы өкініш пе? Әсілі, соның екеуі де болса керек. Өзі тіс жарып, ішін ашпағанмен, ол жайлы біраз сырға өзгелер арқылы қанықтық. Бекеңмен тонның ішкі бауындай жақын араласып, сонау қияндағы совхозды басқарған жылдарындағы ерлікке пара-пар қажырлы қызметіне куә болып талай рет газеттерге мақала жазған белгілі журналист Ә. Спанов, профессор А. Айтқұлов, А. Өтегенов, т.б. өздерінің естеліктерінде жазушының өмір жолы жайлы көптеген мәліметті көлденең тартып, әсерлене тоолғанады.

Бекең тарихта «Ұлы Отан соғысы» деп таңбаланған ұлы зұлмат тұсында дүниеге келіп, сол зобалаңның бүкіл қайғы-қасіретін басынан өткерген жанкешті, қамкөңіл ұрпақтың өкілі. Әкенің нұрлы жүзін, аялы алақанын көрген жоқ. «Аузын ашып сүйген, көзін ашып

көрген», отының басы, суының тұнығы жалғзының қаз тұрып қалтаңдап тәй-тәй басқанын көрместен қайран әке майданға аттанып еді. Төрт жыл етігімен қан кешкен Төлеуғали Қартқожаұлы 1944 жылы мамырда Варшава қаласында қаза табады. Қазір ол кісінің есімі Варшавадағы обелискіде жазулы тұр. Заманның тауқымет азабын көппен бірге көре жүріп ержетіп, етек жапқан балаң жігіт тіршілік күйбеңімен етекбасты боп отбасы, ошақ қасында қалып қойған жоқ. Талабы өрге сүйреді. Мектепте оқып жүріп қысқа мерзімдік шоферлік курсты қоса тамамдаған талапты жас біраз жыл өзі туып-өскен Тұшқыұдықта механизатор болып істеді. Күш-қайраты бойына сыймай тасқындап тұрған жігерлі жас нендей істі болмасын шырқ үйіріп әкететін алғырлығымен, адал да принципшілдігімен бірден көзге түседі. Еңбек жолын «Амангелді» колхозында механик боп бастаған ол сатылап өсіп, аз уақыттың ішінде біраз лауазымды қызметтің басын қайырады: жиырма екі жасынан бастап табандатқан он алты жыл бойы «Октябрьдің 50 жылдығы», «Куйбышев», «Ералиев» совхоздарында бас инженер болып істейді. Одан бергі уақытта аталған шаруашылықтардың партком хатшысы, директоры қызметтерін атқарып, Маңғыстау аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Маңғыстау облыстық ауылшаруашылық қызметкерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы лауазымына дейін көтерілді.

Шаруашылықтың біраз сатысында тәжірибе жинақтап әбден ысылған, кәнігі маман ретінде Бекенді 1980 жылы аудандық партия комитеті «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы совхозды басқаруға жібереді. Бұл бір басшы құтаймай, шаруашылығы шатқаяқтаған қиырдағы совхоз болатын. Бекен осы шаруашылықты табан аудармай он бір жыл бойы басқарды. Айтты-айтпады, осы кезең Бекен үшін жұлдызды жылдар болғаны анық. Білікті маман, іскер басшылық қабілетін танытып, сан қырынан жарқырап көрінді. Майталман басшының шаруашылық басқарудағы һәм ауыл мәдениетін көтерудегі бұл озық тәжірибесі 1988 жылы «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен «Қайнар» баспасынан жеке кітап боп шығып, бүкіл республика көлеміне насихатталды. Бұл айтқандарымыздың бәрі Бекеннің азаматтық, қайраткерлік келбетін танытатын қадау-қадау мысалдар ғана. Десек те, Б. Төлеуғалиевті қалың елге мәшһүр еткен оның жазушылық өнері. Бүгінде басшы Төлеуғалиевті, қайраткер Төлеуғалиевті біреу білсе, біреуі біле бермес, ал қаламгер Б. Төлеуғалиев есімі көзі қаракты қаймана қазақтың көбіне таныс. Бекен әдебиетке кездейсоқ келген жоқ, ол әу баста жазушы боп жаратылған жан. Ойы ұшқыр, санасы сергек. Тек орнығып отырып қалам ұстауға ат үстін-

дегі қым-қуыт қарбалас тірлік мұрсат бермеген сынайлы. Хатқа түсірмегенмен оқып түйгенін, көне көз қариялардәан естіп-білгенін шырғасын шығармай көкірегіне қаттай берсе керек. Сол қордалы қазына сарқырап ағар бұлақтай көзі ашылар сәтін күтіп жатыпты. Бұрын қазақ, орыс тілдерінде тиіп-қашты мақала, суреттемелер жазғаны болмаса, Бекеңнің шегеленіп отырып қаламға ден қойғаны соңғы он жылдың ар жақ-бер жағы ғана. Өткен жылдардың есесін толтырғандай қарқындата жазып, түйдек-түйдегімен үш бірдей кітапты дүниеге әкелді. Үшеуі де көлемді роман-эссе. Тарихи деректер мен ел аузындағы аңыз-әфсананың ара-жігін әдемі қиюластырып, алтын зердей көркем сөзден кесте төгеді. Алғашқы қомақты туындысы – «Балдағы алтын ақ болат» Махамбеттің өміріне арналған. Махамбеттің тағдыр-тарихы – біршама игерілген тақырып, жаңадан бірдеңе айта алмай қиындау. Әйткенмен жазушы ескі-сүрлеуге түсіп қайталауға ұрынбаған. Жалпақ жұртқа онша мәлім емес еміс-еміс ел жадындағы әңгіме-деректерді уақиға желісіне көптеп қиыстыруға тырысыпты. Түйенің құмалағын найзамен шаншып жауынгерлік іске машықтанып жүрген жас Махамбеттің ханның алдынды қасқайып сөйлеген хас батыр болғанға дейінгі өсу эволюциясын айшықты тілмен нанымды суреттейді. Қазақ тарихы – ерлікпен елдіктің тарихы, жан алып, жан берген қиян-кескі шайқастар тарихы. Туған жердің ұлтарақтай пұшпағын қорғап талай баһадүрлер шыбын жанын шүберекке түйіп, толарсақтан қан кешкен. Көкбөрідей шайнасқан жұлымыр заман не бір даңқты ерлерді тарих сахнасына шығарғаны мәлім. Түн қатып, түс қашып қанды жортуылда тебінгісі терден шіріген кемеңгер көсемдер мен батырлардың ерлігін халық ғасырлар бойы жырға қосып, жадынан өшірген жоқ. Отандық тарихта он сегізінші ғасырдың жиырма-сыншы жылдарындағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің маңызы айрықша зор. Бұл шын мәніндегі Отан соғысы еді. Қазақтың тағдыры қыл үстінде тұрды. Ары қарай ел бола ма, әлде ұлы құл, қызы күң болып, дұшпанының бодауында жұтылып кете ме деген қауіп шындап төнген. Міне, осы тұста дүр көтеріліп атқа қонған байтақ даланың баһадүрлері бір тудың астында табылып, асқан ерліктерімен өшпес даңққа бөленді солардың бірі – Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары сияқты аруақты ерлермен қатар найзасын жауға тіреген Шотан батыр Назар ұлы болатын. Өкінішке орай, осынау ұлы тұлға көп уақыт тарихшыларымыздың назарынан тыс қалып келді. Ел аузындағы қисса-дастандарда аты дәріптелгені болмаса, ресми танылып, отандық тарихтан өзінің лайықты бағасын әлі алған жоқ. Жазушы Б. Төлеуғалиев «Бас сардар» аталатын шығармасында осы олқылықтың орнын толтыруға талпыныс жасапты. Шотан Жоңғарға қарсы

соғыста Әбілқайыр хан қосынының бас сардары болып қол бастап, небір жан алқымға тірелген тығырықтан ақыл-ерлігімен жол тапқан даңқты баһадүр, Бұланты, Аңырақай шайқастарының қаһарманы. Қалай асқақтатсақ та сыйып тұр. Бірақ жазушы кейіпкерін эпостық батырларша құр қызыл сөзбен дәріптей бермей, оны үнемі іс-әрекет үстінде көрсетеді, кісілік сыр-сипатын әр қырынан айшықтайды. Мысалы: «Шотан бастаған адайдың 600 жігіті қалың қамысты жапырып келе жатқан құйын сияктанып, жаудың орта тұсының ұйпа-тұйпасын шығарды. Анда-анда шұбардың шапшығаны мен үстіндегі Шотанның қылышының онды-солды жарқылы қайта-қайта көзге түсумен болды. Оның жау ортасын жарып шығып, оң қапталға көзінің түсе бергені сол еді, есік пен төрдей жерде Бөкенбайдың ту сыртынан желкеден көздеп, найза ұруға жақын қалған еңгезердей қалмақты байқап қалған Шотан шалт қимылыменен қолындағы найзаны одан бұрын атты. Шотанның қарулы қолынан атылған найза бұрын тиді, қалмақ лақтырып үлгере алмай, кеңірдегіне шаншылған найзадан өкірумен барып атынан құлады. Сонда ғана барып Бөкенбай Шотанды көрді. Құлаған қалмақтың кеңірдегіне қадалып тұрған найзасын күшпен суырып алғанда мойнын қолымен басып қорылдаған қалмақ тірі күйінде қала берді...».

«... Шотан бастаған Адай жасақтарының жүрген жерлері жайрап қалып жатты. Күн бесінге таянғанда қалмақ қолдары бытырап, бөлек-бөлек қаша бастады. Осыны байқаған қалмақ қолының негізгі бөлігін қоршауға алды. Көп ұзамай қоршаудан оншақты қалмақ жауынгері шығып, жандарын қалдыруды өтініп, сауға сұрады. Шотан Абылайға қарады. Абылай Шотанға:

«Жауды жеңген сіз, билік жеңген адамның қолында болуға тиісті. Сондықтан шешімін өздеріңіз, Ералы сұлтан екеуіңіз айта-сыздар. Біздер сіздердің алған шешімдеріңізге ризамыз», – деді. Осы үзінділерден Шотанның ерлік қимылдарымен қоса, үлкен алдындағы кішік мінезін, ізет-ибасын танып-білеміз һәм хан Абылайдың ризашылық пейілінен-ақ батыр бейнесі одан ары асқақтай түседі.

Қазір қазақ даласында ру аралық жаппай бәсеке басталып кеткені жасырын емес. Әр ауылда бір-бір әулие. Бұрын ауызда қақпақ, төбеде тоқпақ боп айтылмай келгені болмаса, одан асқан баһадүр, одан асқан әулие жоқ екен. Ең тамашасы, осы күнгі ат үстіндегі қаратаяқтар мен дүмі мықты байлардың бәрінің ата-бабасы, нағашы аталары, қайын жұрттары ... шетінен ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен боп шықты. Қалам ұстаған түлкіқұрсақ көгенкөздер соларды бір-бірден «приватизациялап» алып, бірінен-бірі асыра том-том ғұмырнама жазу үстінде. Кешегі тоқымы кеппеген барымташы бүгін батыр, ауыл-

үйдің сойыл соғыры – ұлт қаһарманы ... тоқта, бәлкім мұнымыз ұшқары айтылған байлам болар. Бел асып кеткен бұлыңғыр баба тарихтың кіндігін кескен ешкім жоқ. Хатқа түскеннің өзі де қағида емес, белгілі бір көзқарас ұстанған жеке адамның әлеуметтік индивид ретіндегі субъективтік пікір-әсері, түсінік-пайымы. Сондықтан бүгінгі сөздің бәрі долбар. Тарих ғылымынан гөрі өнерге қоңсылас. Айта біл, дәлелдей біл. Қисынды сөз ғана шындықтың жоралғысына жүрмек. Айтты-айтпады, қаптаған хан-нама, баһадүр-намалардан балалап өрген қалың батыр мен бағлан бір-бір жотаның басына барып қонжиып алды. Күндердің күнінде оларға жота жетпей қала ма деп қорқасың.

Бекеңнің «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесін қолымызға алғанда, «Япырай, рулар бәсекесінің бәйгесіне бұл ағамыз да ат қосты ма?» деген күмән қылаңдап көкейімізде кесекөлденендегені рас. Қуанышқа орай оқи келе ол күдігімізден айықтық. Жазушы басқа тараптан, басқа із кесіпті. Қазір көптеген ру «тарихшылары» өз ата-тегін таратқанда Адам-ата, Хауа-ананың ар жақ-бер жағынан қайырып жүр. Мұндай рекордтық көрсеткіштен кейбір Адай шежірелері де құралақан емес. Т. Жаңбыршин қария айтқандай, олар адайлардың тегін біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырда Каспий сыртын мекендеген «дайлардан», «дахтардан» шығарып, парсы патшасы Кир екіншінің басын қан толтырған меске салып, еліне жіберген массагеттердің патшасы Томирисі «біздің апамыз, адай екен-мыс» деп әңгімені ары қарай ертегіге айналдырып жібереді. Б. Төлеуғалиев осы сүрлеудің сорабымен кетпей, көптеген архивтерді ақтарып, көз майын тауыса іздену нәтижесінде басқаша қисынға жүгінеді.

Қазіргі адайлардың түп атасы – Адай батыр дегенге атбасын тіреп, сол тұжырымын тиянақты дәйектермен дәлелдейді. Романның бас кейіпкері Адай батыр – нақты тарихи тұлға, Қазақ Ордасының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек ханның ту ұстаған батыры. Оны заманның өзі туғызған. Жастайынан ел тағдыры сынға түскен небір күрмеуі қиын уақиғалардың қайнаған ортасында жүріп ширап, шыңдалып өсті. Дара бітім, даналығымен көзге түседі.

Кейіпкер өмір жолы арқылы қазақ тарихына тікелей қатысы бар арғы-бергі оқиғалар кеңінен сараланып, қызықты баяндалады. Әсіресе кітаптің негізгі екі бөлімі тартымды оқылады. XIII ғасырдан бастап Бұрындық, Хақназар хандарға дейінгі кезеңді қамтитын бұл тарауларда сан қырлы оқиғалар адай тарихымен сабақтаса өрбіп отырады.

Керей мен Жәнібек Көк Орда билеушісі Әбілқайырдан ірге бөліп, Қазақ Ордасын құрғаны мәлім. Осынау тарихи кезеңде Адай батыр

өзінің қосынымен Жәнібектің қасынан табылып, жаңа ұйысқан Қазақ мемлекетінің шаңырағын көтеріседі. Қанды балақ, шұбар төс Әбілқайырдың іргелі бір ұлысты оңайшылықпен уысынан шығара қоймасы белгілі. Айлакер, әккі билеуші тіс-тырнағымен жабысып жанталасып бағады. Осы тұста жалпақ жұрттың Керей мен Жәнібектің айналасына ұйысуының мән-маңызы зор екенін елден бұрын түсінген Адай батыр ақ найзаның ұшы мен де, ақыл-парасаттың күшімен де айрықша қажыр-қайрат, көрегендік танытады. Кекжигеннің басын идіріп, тірескеннің тізесін бүктіріп, қан майданда қасарысқан жауының кеңірдегіне найза тіреген жойдасыз ерліктерімен қатар оның ел арасында ара ағайын боп жүріп, қасты дос қыла білетін саяси шеберлігі, дипломатиялық даналығы осы сөзімізге дәлел. Автор шығарманың өн бойындағы оқиғаларға өз қиялынан ештеңе қоспаған. Тарихи деректермен қоса ел жадындағы әңгімелерді жаңғыртып, әдемі қиюластыра білген. Мәселенки, парсы саяхатшысы Әл Ибн Бахуридің «Алғашқы қазақтардың бірігуі» атты жазбасында: «...Сол кездегі ұрыстың немесе басқа да келіспеушіліктің өте қиын тұстарында Жәнібек хан үнемі шешілмей тұрған түйінді шешуге, жеңілмей тұрған жауды жеңуге Алшынның Адайын жұмсап отырыпты» деуі осынша ерлік жасаған жанның ойдан шығарылған аңыз емес, нақты тарихи тұлға екеніне оқушының көңілін иландырып, сенімін шегелей түседі. Біздің бұл қысқа қайырған қадау-қадау шолуымыз мол табыспен жетпістің мерейлі биігіне қадам басқан көрнекті қаламгердің көкірегіндегі қордалы қазынаның шым-шымдап сыртқа шыққан шет-пұшпағы ғана. Кенеріне толып, кемеліне келген асыл ағаның алдағы уақытта әлі де талай құнарлы туындылармен ел-жұртын қуанта беруіне Алла тағала нәсіп еткей деп тілеймін.

Тұрысбек СӘУКЕТАЙ,

жазушы,

«Жұлдыз» журналы редакторының орынбасары.

«Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан, 2009 жыл

* * *

ШЫНДЫҚТЫ ЖАЗҒАН ШЫҒАРМА

Бұрын отарлаушы елдің мытып ұстаған уысында бұлқынып, кейін қан кешіп жүріп тәуелсіздікке табан тірегенімен егер билік пирамидасына көтерілгендер белгілі бір кезеңге дейін ұлттық идеологияны жасақтауға дәрменсіздік танытса, онда сап ғасыр

бойы еркіндік үшін күрескен байырғы этностың өзін түбегейлі қатерсіз сезінуі екіталай.

Демек, бұл ұлттық сананың желеп-жебеушісі – зиялы кісі атаулының басым бөлігі мазасыз өмір сүріп, түрлі ой кешуін тоқтатпайды деген сөз. Әсіресе, көзі ашық сауатты топтың тоар болған кезде – үстемдігін жүргізген бөгде жұрттың езгісінен тұрмыстық санаға дейін құлдыраған ұлтының бойына сіңіп қалған жалтақтық, жағымпаздық психологиядан арылтуды көксейтіні де сондықтан.

Осы жерде қарапайым еңбек торысының немесе басқа мамандық иесінің тарихқа қол сұғуының өзіндік заңдылығы барын ескертпей кетуге де болмас. Оның сыры – қысқаша айтқанда ұлттың сонау бағзы заманнан бастап соңғы кезеңіне дейінгі қол жеткізген жетістігі мен жіберген кемшілігін, яғни айтқанда тарихын жіпке тізіп нақты айғақпен жазып шыққанда барып, ұлттық философия қалыптасып, сол философия негізінде ғана этнос болашақта бағыт-бағдар етіп ұстанатын идеологияны жасақтауға қол жеткізетігінде. Оған дейін Отанына жаны ашитын әрбір тірі жанның толғанбай, ойланбай жүруі және онысын көп талқысына ұсынбауы мүмкін емес. Бұл тұрғыдан қарасақ, Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесін нақ осы ниетте жазылған, тарих бетінен әлі күнге дейін қағажу көріп, өз дәрежесінде бағаланбай келе жатқан ірі-ірі бірнеше тұлғаның Қазақ мемлекетін құрудағы төккен тер, еткен еңбегін жарқыратып жарыққа шығарған еңбек деп батыл айтқаны орынды. Құдайшылығына келгенде Отан тағдырына алаңдамайтын, ол туралы ойланбайтын азамат некен-саяқ шығар. Сондай кезде біздің алдымен қазіргі Қазақстанның картасын көз алдымызға елестететініміз шындық қой. Еліміз бай, жеріміз кең деп мақтанатындар да жетерлік. Көңілге медеу, жанға демеу осы бір мол қазына сонау қадым заманда өмірген сүрген Сак, Ғұн, Түрік, Оғыз бабаларымыздан қалған екен деушілер де табылды. Олар түстігі – Амудария, теріскейі – Ақтеңіз, шығысы – Алтай тауы, батысы – Қаратеніз аралығында өмір сүріпті дейтіндер де ұшырасады. Бірақ бір ғажабы, ғылыми еңбекте солардың қазаққа қандай қатысы бары айтылып жарытпайтынында шаруамыз жоқ екені де рас. Ал енді мұндай сөйлеу тілінің жақындығына сүйену де көңілге қонымсыз. Өйткені, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, тағы басқа туыс-туманы қайда қоямыз. Дін бірлігіне жармасу да қисынсыз. Себебі, Сактың да, Ғұнның да, Түріктің де, Оғыздың да қарақұрым халқы Көк тәңірге сыйынған. Қазақ болса, баяғыдан белгілі Ислам уағызын ұстанғандар. Сонда қазақты қайдан шыққан халық демекші. Оны айтасыз, Бектұр Төлеуғалиұлы өзінің

кітабында қазіргі картада белгіленген Қазақстан шекарасын былай қойғанда, әлгі жоғарыда аты аталған бірнеше қағанаттың қарамағына қараған жерді Шыңғысхан жаулап алып, бұрын жер бетінде жоқ Моңғол мемлекетін құрғанын жазады. Әрине, бұлардың бәрі сонау «Моңғолдың құпия шежіресінен» бастап талай ғұлама бірін-бірі қайталап, сан мәрте хатқа түсірген мәлімет. Соған қарамастан бұлардың бәрі «Адай тарихы сыр шертеді» кітабындағы автордың ойын жеткізуге себі тиіп, ерекше міндет атқарып тұрған маңызды айғақ екенін ескерген жөн. Мәселен, қазақ елінің пайда болуы өзіміз айта беретін бабалардың өркен жайған бірнеше қағанаттың негізінде емес, Шыңғысхан ұрпағы билігін жүргізген Моңғол мемлекетіне қарайтын бір ұлыста жеке өз алдына ел болуға ұмтылуынан басталмай ма! Немесе Шыңғысизм идеологиясы мейлінше күшейіп, хан сайлануға тек төрелерге құқық берілген заманда сол Шыңғыс ұрпағының бірінің өзі түркі тілінде сөйлейтін мүлде жаңа Қазақ мемлекетін құрудағы мақсаты төңірегінде ойланып көрейікші. Осы тұрғыдан қарағанда осындай ақилы сұраққа жауап беру үшін роман-эссе авторының әңгімені сол түркі жұртшылығының елдік нышаннан ақа-тақа айырылып, күні моңғолға қарап қалған кезінен бастауының өзі оқыған кісінің бұрыннан қалыптасқан пікірін өзгертуіне, тың пайым жасауына мүмкіндік бермей ме?!

Қолдағы бар айғаққа жүгініп жазылған бұл кітапты оқи отырып, егер Шыңғысхан ұрпағы таққа таласып, өзді-өзі қырқыспаса, онда қара халық саналатын түркі тілінде сөйлейтін бабамыздың кейінгі ұрпағының үстем ұлттың зорлық-зомбылығы нәтижесінде тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтап қала алмай моңғолға айналып кетуі де мүмкін екенін де осы роман-эсседен оқып үрейің ұшады. Онда қазір біздер өмір сүріп жатқан ұлан-байтақ жерде қазақ емес, басқаның немесе санасы мүлде өзгерген ұлттың өмір сүріп жүруі мүмкін екенін қайсымыз ескереміз. Бектұр Төлеуғалиұлы осындай болжам-пайыммен оқушысын шошындыра отырып, бұрынғы Сақ, Ғұн, Түрік, Оғыз қағанатының топырағында солар қалыптастырған сананың қайта өрлеуіне дем берген Қазақ елінің қалай пайда болғанын баяндайды. Бектұр Төлеуғалиұлының шығармасының құндылығы да осында.

Бұл кітаптағы жазуға қарағанда біздің бабаларымыз ғасырдан ғасыр ұластырып жасаған өркениеттің игілігі моңғол ұлтының табысына айналыпты. Онымен де қоймай байырғы түрік тілінде салт-санасы қалыптасқан халықты басқаруға мүмкіндік беретін хан сайлану құқығын айырып, тобырлық топ дәрежесіне дейін құлдыратыпты. Кейін сол Шыңғыс ұрпағы өзді-өзі билікке таласып жүріп, сол Сақ, Ғұн, Түрік, Оғыз қағанаты дәуірлеген жердің ұлтанының ұлтарактай

аумағында Қазақ елінің іргетасын қалапты. Міне, автор баяндайтын, кісіні толғандырмай қоймайтын гәптің бір парасы осы.

Автор алға қойған мақсатына жету үшін тарихтан белгілі жайды қайталап, Алтын Орданың ыдырауына қысқаша шолу жасайды. Алтын Ордаға қарайтын жер: «Алтайдан бастап Дунайды қосқанда ұлан-асыр кең жерді жайлап жатқан зор мемлекеттің оң жағы Еуропалық, сол жақ қанаты Азиялық бөлік деп бөлінді. Немесе оның оң қанатын – Ақ Орда, сол қанатын – Көк Орда деп атады. Көк Орданың алып жатқан жері – қазір біздің Қазақстанның жерін толық қамтып жатты. Оның орталығы – Сыр бойындағы Сығанақ шаһары еді. Көк Ордада билік жүргізген Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының ұрпақтары болатын. Көк Орда халқы Алтын Орданың бір бөлшегі болып саналатын. Солай бола тұрғанмен, терістігі Сібір тайпасына дейін, түстігі Сырдарияға дейін, бір жағы Маңғыстауға дейін жерге ие болған, әбден кемеліне келген жұрт саяси бірлігі, халқының тұтастығы бекіп қалыптасып қалған болатын» дейді (Сонда, 20-бет). Қаламгер бұдан басқа түрлі оқиғаға тоқтала келіп: «... бір мың төрт жүз жиырма жетінші жылы Жошының бесінші ұлы Сайбаннан тарайтын Дәулет-Шайхы сұлтанның баласы Әбілқайыр таққа отырды», – дейді (Сонда, 21-бет). Осы жерде қазіргі қазақтың елге айналуына Жошы ұрпағы Әбілқайыр мен Керей, Жәнібектің бір-бірімен билікке таласының себі тигендігінің ішкі-сыртқы себебі роман-эсседі бұрынғы айтылып жүргендерге қосымша боларлық өзгеше болжам-пайымға құрылған. Сонау VIII ғасырдан бастап, ұлттық идеологиясынан айырылған, соның салдарынан басы бірікпей, шілдің қаңсырығындай пышырап, әрқайсысы көрінген басқыншының құлына айналған, ал моңғол шапқыншылығынан кейін бір заманда Тәңірден басқаға бас июді білмейтін ұлы даланың тәкаппар ұлының төрелерге тізерлеп, тағзым етуге дейін төмендеген, қорлық пен зорлықтың түр-түрін бастан кешкен кара халықтың кенеттен көңіліне бостандыққа деген үміт шырағын жаққан қасиетті жолда қателеспеу үшін жан ұшыра әрекетке кіріскенін қаламгер келісті етіп баяндайды. Сонымен қатар автордың осы күндері айтпасақ отыра алмайтын ру, жүзді былай қойғанда Қазақ елі атауының өзі дүниеде жоқ кезінен бастауының өзі кісіні еріксіз түрлі ойға жетелейді. Себебі, XV ғасырда Алтын Орданың бір бөлшегі Көк Орда халқы Шыңғысхан ұрпағы Әбілқайырдың, яғни Моңғол билеушісінің қоластына қарайтын. Осындайда билікке таласқан Керей мен Жәнібектің төңірегінде алғашқылардың бірі болып, бірқауым жұртшылықты соңына ерткен Адай бабамыздың топтасуын автордың көрсетуі – Шыңғысхан ұрпағы – төре атауының билікке таласы мен әділетсіздігінен

ығыры шыққан қарапайым халық өкілі – қара атаулының сол шақтарда бостандыққа жету үшін қандай азапқа да төзуге даяр екенін тарихи шындық тұрғысынан көрсете алғаны деп қабылдаймыз.

Автор кітабын толайым Адайдың өмір дерегін түгендеуге құрғанына қарамастан Керей мен Жәнібекке жеке-дара жәрдемдескен тек қана Адай болған деуден де аулақ. Оған Әбілқайырмен арасы алшақтаған әдепкі қарқынның өзінде-ақ Керей мен Жәнібектің «... Алтынның, Арғынның, Найманның, Тарақтының, Керейдің, Қоныраттың, Уақтың батырлары мен билерін шақырып кеңес өткізгенін» жазғаны дәлел (Сонда, 23-бет). Дегенмен, дүниедегі көптеген ғалымның еңбегін зерттей отырып, соның ішінде, әсіресе, Иран саясатшысы Әл Ибн Бахуридың 1814 жылы жазған «Алғашқы қазақтардың бірігуі» атты еңбегін негізге алған Бектұр Төлеуғалиұлы Адай бабамыздың Қазақ елінің іргетасы қалануға бағыт алған қатерлі де қиын тұстағы атқарған тарихи міндетін нағыз шындық арқылы бетін ашуға күш салады. Адай енді ғана біріккелі жатқан қазақ жұртшылығы еңсесін тіктемей жатып, жан-жақтан анталаған жаудың жемтігіне айналып кетпес үшін, алдымен ұлы дала жұртшылығы арасындағы Керей мен Жәнібектің ықпалын арттырудың орасан зор маңызы барын басқа жұрттан бұрын түсініп, майдандағы жеке айқаста жүрек жұтқан қас батыр, саясатта кеменгер оқшау тұлға екенін дәлелдейді. Сол мақсатта ол жас елге арағайындық, елшілік қызмет көрсетуге кіріседі. Оған кітаптағы Адай бабамыздың Әбілхайырдың ықпалындағы Қобыланды батырдың бетін Керей мен Жәнібекке бұрудағы, Шағатайдың ұрпағы Моғолстанның ханы Исан Бұғыны өздеріне тілеулес қана емес, жақтас етіп алу үшін жүргізген саяси шеберлігін жатқызуға болады. Осы келіссөздің нәтижесінде соңына ерген сарбазын шұбыртып, дала кезген Керей мен Жәнібекке Исан Бұғының: «... Шу, Бадам, Сарысу, Талас өзенінің бойы, Қаратаудың Моғолстанға қарайтын жағы мен Қозыбасын түпкілікті беретінін айтады» (Сонда, 50-бет). Бұған қоса қаламгер осы басқосуда Исан-Бұғы Керей мен Жәнібек Алшынның жас батырын Адайды өзіне күйсеу бала етіп алғысы келетінін, оған Бек-Бұғының қызы Айнұрды қосуға ниет етіп отырғанын да жеткізеді. Осындай тарихи шындыққа негізделген түрлі деталь арқылы қаламгер олардың құрған одағының болашақта да баянды болғанын ұқтырады. Соның негізінде ұлы далада қойдың құмалағындай шағылған бауырлас жұрттын бір-бірімен жақындасып, селбесіп, ішкі-сыртқы жауға қалай қарсы тұрып, Қазақ елінің туын көтергенін баяндайды.

Арада бір жыл өтпей жатып Қазақ елі Жоңғардың шапқыншылығына ұшырайды. «Адай қолы Амансанды Тайшының он бес мың

әскерімен Ақсу мен Қараталдың арасында сәске түстің мезгілінде кездесті», – дейді кітапта (Сонда, 61-бет). Бұл айқаста Адай бабамыздың басшылығымен аз қолмен айтарлықтай жеңіске жетеді. Керей мен Жәнібектің мерейі артады. Олар басқарған ел-жұрттың етек-жеңі кеңейеді.

Қарадан шыққан Адай бабамыз тұңғыш Қазақ мемлекетінің шаңырағын көкке көтерген хан Керей мен Жәнібектің мерейін асырған бұдан да басқа небір жойқын ерлік жасайды. Әбілхайырдың Адайдың басын алып келуге жұмсаған Қарашы басқарған он бес мың әскерді өз жағына шығарып алып, мәміле арқылы мәселе шешудің ең озық үлгісін көрсетеді. Сондай-ақ, сол сансыз әскерін қайтадан бетқаратпастай етіп талқандайды. Әбілхайыр өлгеннен кейін таққа отырған Шайх-Хайдармен арадағы соғысты да аруақты батыр Адайдың тапқырлығы мен ерлігі баяндалады. Қаламгер осындай тарихи айғақтарды жіпке тізіп жаза отырып, қазақтың тұңғыш ханы Керейдің, ол өлгеннен кейін ағасының өсиетін орындаушы Жәнібек ханның алға қойған мақсатын жүзеге асыру жолында жасаған баһадүр бабамыздың нағыз бейнесін тарихи шындық тұрғысынан сомдауды алдына мақсат етіп қояды және оны айтарлықтай етіп орындап та шығады.

Бұл кітапта қазақ елін тұңғыш біріктірген, мемлекет есебінде жарты әлемге танытқан Керей мен Жәнібек бабамыз дүниеден өткеннен кейінгі халық бастан кешкен түрлі хикмет те мейлінше тебіреніспен жазылған.

Біздің қай-қай бабамыз да ұлан-байтақ атақонысын аянбай қорғай білген ғой. Аянбайтыны одан өзге өмір сүрудің жолы да кез келген ауылдан небір алпауыт батыр шыққан. Олардың бірде-бірін ұмыт қалдырмай дәріптеу, елдің есіне салу кім-кімнің де міндеті. Дегенмен, ұлы баһадүр Керей мен Жәнібек тұңғыш қаланған Қазақ мемлекетінің іргетасын нығайту жолындағы Адай бабамыздың дана пікірі мен ерен еңбегі болашақта қазақ тарихынан ойып тұрып өз орнын алу керектігін, Бектұр Төлеуғалиұлы роман-эссесінде дәлелдеп шығады. Және оны жай айта салмайды, түрлі ғылыми еңбекке сүйене отырып, соның ішінде Қазақ хандығының кемелденуіне, абыройының асқақтап, мәртебесінің биіктеуіне Алшынның Адайы мен оның үрім-бұтағының сіңірген еңбегінің орасан болғанын жазған Әл Ибн Бахуридың «Алғашқы қазақтардың бірігуі» еңбегінің 145-бетінен: «Сол кездегі ұрыстың немесе басқа да келіспеушіліктің өте қиын тұстарында Жәнібек хан үнемі шешілмей тұрған түйінді шешуге, жеңілмей тұрған жауды жеңуге Алшынның Адайын жұмсап отырыпты», – деп үзінді келтіріп, күдікке, күмәнға жол қалдырмайды.

Кітапта талантты ақын Сабыр Адайдың ата кесенесін Маңғыстаудың ең биік жері Отпан шоқысының басына орнатудағы еткен еңбегі жайлы да сөз болады. Оқып отырып ақынның азаматтығына риза боласың. Өткенді ойлап, Адай бабамыздың қазақ елінің қалыптасу кезіндегі саясатта кемеңгер, соғыста көреген қолбасшы болған тұлғаның осы кезге дейін тиіп қашты ғана жазылып келгеніне өкінесің. Сондай өкінішті жағдайдың бұдан да әрі жалғаспауына осы «Адай тарихы сыр шертеді» кітабының себі тиетініне сенгің келеді.

Турасын айтқанда, «Адай тарихы сыр шертеді» кітабы кейбір стильдік, композициялық, жанрлық кем-кетігіне қарамастан құнды шығарма. Оның құндылығы – көкпарға түсіп келген тарихымыздағы шындықты айтып, Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылардың бірегейі Адай бабамыздың ғасыр қойнауында көмескі тартқан тұлға екенін дәлелдеп шығуында. Бұл сөз жоқ, «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесінің авторы Бектұр Төлеуғалиұлының ғана табысы емес, болашақ тарихшылар есте тұтатын тұтастай Қазақстан тарихын түгендеуді мақсат еткен білікті қауымның да үлкен олжасы.

Адам МЕКЕБАЕВ,

жазушы

«Қазақ әдебиеті», 10-16 қазан, 2008 жыл

* * *

ШАР ҚАЙРАҚ

Төлеуғалиұлы Бектұр (1940 ж.т. Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы) – белгілі қаламгер, өлкетанушы.

Гурьев, қазіргі Атырау қаласындағы а.ш. техникумын (1968 ж.), Мәскеудегі Шверник атындағы кәсіподақтардың жоғары мектебінің экономика факультетін бітірген. 1960-78 ж.ж. Маңғыстау аудан кеңшарларында бас инженер, 1976-80 ж.ж. Куйбышев кеңшарында партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1980-91 ж.ж. Октябрьдің 50 жылдығы кеңшарының директоры, 1991-2004 ж.ж. Маңғыстау облысы кәсіподағы төрағасы, 2004 жылдан Ақтау қаласындағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы. «Бас сардар», «Балдағы алтын ақ болат» тарихи повестерінің, «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссенің авторы... ҚР Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстанның мәдениет қайраткері және Құрметті журналисі, Маңғыстау ауданы мен Ақтау қаласының құрметті азаматы («Маңғыстау» энциклопедиясы, 562 бет).

Жазушының әдебиетте түсіп қалған жолы күрделі десек, оған келер жолдың күрмеуі тіпті қиын. Бұл жерде әңгіме тек қаламның нағыз қатепті нар дерлік бейнетқоры, тек бейнет иесі де емес, қағазға кестеленіп түскен сөзінің мәні мен нәрі қатар өрілген хас қаламгер туралы айтылып отырғаны түсінікті болар. Салған соқпағы темір-қазықтай адастырмайтын қалам иесі ғана жазушы. Сөз теріп, сөйлем құраған шимайшының бәріне ол атақты қия берсек, ақиқатқа қиянат болмақ.

Жоғарыдағы өмір деректеріне қарап отырсақ, біздің Бекеніміз – Бектұр Төлеуғалиұлының жазушылар ауылына ат шалдырар реті жоқтай. Әуелгі Алған кәсібі механик, ауыл шаруашылығы техникасының маманы, одан кейінгісі кәсіподақтың жоғары мектебі, оның да ішіндегісі – экономист мамандығы. Атқарған қызметтерінің бәрі дерлік «атқамінерлік». Әйтеуір, әдебиеттен алыс, сөзден жырақ. Солай бола тұрып, сөйте жүріп, қазақ әдебиетінің тайқазанына үш бірдей еңбекті шиырып «тәшләп» келіп жіберіпті. Ойнап көр мұнан соң, құнан қойдың сақасымен! Соған қарағанда бұл, тегі, әлгі жазушылыққа болуға тиіс болғандығы, жазбауға тіпті де болмайтындығы себепті қалам қайрап келген «шерменделердің» бірі мен деп шығарамаларын қолға алғанбыз. Көкей көзіміз алдамапты. Тап солай екен. Романдарда сөз болатын тақырып тым тереңге кеткен тылсым тарихты, қым-қуыт жағдайларды, талайлы шақтарда алдаспанын серт ұстап атқа мінген хас батырлардың жазмышына өзалдан хатқа түсіріп қалдыру тек Бектұрға ғана жазылыпты. Олар бір ғана Бектұр Төлеуғалиұлының қолынан келер кесек кимыл болып шықты. Жарықтықтар-ай, сан жылдар бойына шапандарыңның шалғайын тарс бүркеніп тым-тырс жатып алғандарың тегіннен-тегін емес екен ғой! Өткенімізді түгендеп бастайтын сәтті кезенді күтіпсіздер. Сонымен бірге тыңға түрен тарта аларлық еріңнің де зар жүгін тосып жатқандарың анық. Міне, сол дегендеріңнің болып, кезеңіне кемел қаламгерінің қауыша кеткені! Нәтижесінде аталған шығармалар жазылды. Қазақ әдебиетінің қоры үш романмен көбейді. Және шығарма болғанда қандай, оқырманын қолға алған сәттен-ақ оңқай асықтай үйіріп әкете берер жұлдызды шығармалар. Әдебиеттің пешенесіне де жандыға тән болмысты қияр болсақ, ол Бектұрын баяғыдан бері сарғая күткен екен. Ерте кезіге, ұшыраса, қауыша кете алмағандарына сен кінәлі – сор соғыс.

1940 жылдың 27 қаңтарында Маңғыстау ауданы, Тұшықұдық ауылының Егдір деген күнгейге қараған қара көнде Қарақожа марқұмның қарашаңырағы астында Бектұр есімді шар қайрақтың кіндігі кесілді. Әкесі Төлеуғали келесі жылы майданға кетті. 1944 жылы

5 қыркүйекте Варшаваны азат ету ұрысында қаза болыпты ол. Қара қағазы мамыр айының аяғында жетті үйіне. Солай, Бектұр бала бойын тіктеп үлгермей жатып қу жетімдіктің тауқыметімен бетпе-бет келді.

Түкпірдегі әр тепсеңнің құдығын сағалаған ауылда өткен балалық шақ. Еске алар қызығы жоқ, бұйығы, бірқалыпты тірлік. Бірақ іш пыстырар емес. Соғыс кезінің, одан кейінгі жылдардың балалары зерігу білген емес. Демалыс деген олар үшін ертелі-кеш мігірсіз шаруа соңында жүру деген сөз. Мал бағады, тығырға мінеді, буыны ката ат тырмаға отырады. Ең азы интернатта, бұрышта күйелеш-күйелеш жарбиып тұрып алып, отын шақ келтірмейтін пешке сексеуіл бұтарлайда, ки ояды, тезек тереді. Бектұрдың өзге балалардан бөлек бір «жұмысы» бар, ол – кітап оқу. Қолы қалт етсе кітапқа жабысады. Ауылда ол да оңайлықпен таптыра бермейді. Тіпті жоқ. Бары әлденеше қайта оқылып қойылған. Жаңа кітап аз жазылады, сол аз ауылға тым кешігіп жетеді. Пошта аптасына бір ғана түйемен келеді. Соны екі көзі төрт болып күтетін Бектұр поштаның қомдаулы атаны шөгеріле кеткенде ерікті және тындырымды қолбала бола кететін. Ақысы келген газет-журналдарды оқу. Қазіргідей емес, ол уақытта қазақша басылымдар өте тапшы. Аудандық, облыстық, республикалық екі газет – («Социалистік Қазақстан» мен «Лениншіл жас»), «Қазақстан әйелдері», «Пионер» журналдары, жалғыз әдеби журнал «Әдебиет және искусство». Бұл соңғысы – Бектұрдың ең сүйіп оқитын басылымы. Ол келген күн – мереке. Әттен, не керек, журнал тым жұқалтаң. Жақсы қызықты роман, повестерден үзінді шағындап беріліп, дінкенді құртады. Бектұр бала ол кезде бұл журналдың кейіннен «Жұлдыз» деген атпен қалың болып шығатынын, әрине, білген жоқ. Тұшықудықта бірде-бір орыс тұрғыны жоқ. Соған қарамастан кітапханада орысша кітаптарға қызыға қараумен ғана жүрген бала оқырман бірте-бірте қолына алып парақтап көретін болды. Сосын жұқалау жағын оқуға көшті. Екінші сатыда – қазақшасын оқып алған шығармалардың орысшасын оқу. Сөйте-сөйте, орысша оқуға машықтанғанын өзі де білмей қалды. Ілкіде ұлы мағынасын айырғанына мәз еді. Бірер жылдан соң толық түсінуге жетісті. Бір жазда ауыл іргесіне обаға қарсы күресетіндер тобы келіп қоныстанған. Бәрі орыстар. Орысша сөйлейтін ортада болсам-ау деп жүрген Бектұр алдымен жетті. Ауыл баласының орысша сөйлегенін қызықтаған орыстар үйіріле қалсын. Акцент жағы, сірә, ақсап жатыр. Ал енді сөздік қорының молдығына таң қалған жаңа достар шүйіркелесіп, әңгімелесіп, баурап әкетті. Зерек бала аз уақытта әжептәуір дұрыс сөйлеуге жетісті. Сол жаздың басты олжасы осы еді. Ол уақытта орта мектеп тек Таушықта ғана бар. Білімге құштар бала күзге

салым ауданға жолы түскен көрші шалдың түйесіне мінгесіп, солай тартқан. Бар мүкәммалы – фанерден шегелеп жасаған қолсандық. Ішінде бір киер ішкі киімі мен кітаптары. Соғыста өлген сарбаздың баласы екені ескеріліп, мектеп жанындағы интернатқа алынды. Басқа ауылдардан да келген балалар көп екен. Көбі әкесіз жетімдер. Солардың ішінен бірден жылыұшырай кеткені – бұйра шаш арық кара бала. Оңдыдан келіп тұрған беті. Аты – Әбіш, фамилиясы – Кекілбаев. Оның да арқалағаны дәл Бектұрдікіндей қол сандық. Іші толы кітап. Ішінен бұл оқымаған бірер кітап шығып, Бектұрдан оның да сондай «жоғы» табыла кетіп, екеуі жырғады да қалды. Сабақ басталды. Орыс тілі мен әдебиеті сабағы. Мұғалім – мектепке алдында ғана келген жап-жас орыс қызы. Қазақша білмейді. Оқушылардың аты-жөнін атап тұрғызып, танысып жатыр. Кезек Әбішке келді. Ол орысша мүдірмей жауап берді. Оның орысша тіпті жатық сөйлегеніне мұғалім де, балалар да қатты таңғалған. Артынан білсе, Әбіш 4-ші, 5-ші сынып бітірген жылдардың жазында Қаратауға келген экспедициямен бірге жүріпті. Екі баланың достығы солай басталып кете барды. Екеуі ертесіне-ақ аудандық кітапхананың тұрақты оқушысына айналды. Әбіштің білімділігі бірден-ақ аңғарылды. Оқығаны тіпті көп. Әсіресе, орыстың классик жазушыларына үйір. Олардың шығармаларынан алған әсерін алдымен Бектұрмен бөліседі. Әбекеннің «Автомобиль» повесіндегі Жақан, ол оқыған шопырлық курс бар ғой. Сол өмірден алынған. Аудан орталығында сол жылдары мамандық беретін бірден-бір оқу орны сол курс қана болатын. Ауылдар шопыр, тракторшы маманға сусап отыр. Соның олқысын толтыру үшін жоғары сынып оқушыларын да курсқа оқыта бастаған. Бектұр да жазылып, оқуға кірісті. Бірақ оны мектеп, интернат басшыларынан жасырып оқып жүр. Курс 7-шахта деп аталатын әріректегі ауылда. Интернаттан 4-5 шақырым қашық. Сабақтан шығып, тамақтана салысымен солай жүгіреді. Кештетіп оралады. Кей күндері кешкі тамақтан кешігіп қалса, Әбіш досы наны мен бірер шақпақ қантын алып, күтіп отырады. Оған қоса, әртүрлі сылтау айтып, сыртқа мұның қосымша шопырлық курста оқып жүргенін білдірмеу қамын жейді. Сөйтіп, Бектұр курсты да бітірді. Әбіш екеуінің арманы – мектеп бітірген соң, жұп жазбастан ҚазМУ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне тарту, соны бітіріп, ақын, жазушы болу еді. Амал не, қысқа жіп күрмеуге келтірмеді. Қол қысқалық етті. Бектұр аурусырқаулы, жалғызілікті анасына қарайлап, ауылда қала берді. Студент аудиториясының орнына ескі «Газик» машинасының кабинасына отырды. Солайша жаны жазушы, әдебиетші, тәні шаруа Бектұр Төлеуғалиевтің ұзақ жылдарға созылған еңбек жолы ала қырдағы алашапқын шопырлықпен бастап өріліп кете барды.

Сөз өнерінің дерттілігі нақты өмір тәжірибесінен алынған. Оны ұстану, алып жүрудің дерті бір басқа. Біздің елде «Қанеке қаққан» деген сөз бар. Ол тікелей осы өнерге қатысты. Өнерді алып жүре ал-маған немесе бар өнерінің бағасын білмеген адамның қашан да жолы бола бермеген. Ішімдікке салыну, отбасынан опа көрмеу, рухани азып-тозу, қияли болып кету, т.т. көлеңкелі жайттардың халық берген «диагнозы» біреу. Ол – «Қанеке қаққан» делінеді. Жомарт Құдайы сегіз қырдың қай-қайсысын да қиып, бір-бірінен олқы қылмай бере салған. Бекенді тап осы дерттен сақтауын сақтапты. Көз сұғының қарауылына іліндірмепті. Солай, сондай Бекен 50-ін артқа салғанда барып бір кездегі жоғалтқанымен қайта табысты. Және калайы жоқ, бірден кесек турады. Шағын жанрларды бекет қылып жатпастан, бірден повесть пен романнан бастады.

Тағдыр талайына елдің шетінде, желдің өтінде жүру жазылған Маңғыстау жұртының өткені тым өзгеше түзілген. Жоңғармен ұрыс, орыс отаршылдарымен жағалас, Хиуа хандығымен жаға ұстасу – әйтеуір, бұл елдің бес қаруы белінен түспеген, ереуіл атының тері кеппеген. Әсіресе, ең бір сын кез 1700 жылдардан басталғаны белгілі. Тарихи дерек, бұл уақыттағы үлкен ұрыс жоңғар қалмақтарымен арада болған ғой. Бір емес, бірнеше рет. Сонда талай рет қол бастап, тұстаған бас сардар Назар ұлы Шотан батыр. 1697 жылы бергі беттегі қалмақтардың ханы Аюкенің жоңғар қонтайшысы Сыбан Рабтанға ұзатылып келе жатқан қызының көшіне шауып, барымталап екі жауын да жер еткен қазақтардың Үстірт, Еділ мен Жайық үшін жандасқан күресі аттай жарты ғасырға созылды. 1741 жылы қалмақтармен Сарайшық түбінде ұрыс салып жатқан қазақтардың ту сыртынан қалмақтармен астыртын сөз байласқан Хиуа хандығының әскері шабуыл жасайды. Ханның әскер қосыны – түрікмендер. Екі от ортасында қалған қазақ қолы атының басын кері бұрып, енді Хиуамен соғысады. Әуелгі шабуылдан Үстірттің Айрақтасына дейін жетеді. Осы жерде бас батырдың бірі, бізге Ә. Кекілбаевтің «Үркер», «Елең-алаң» романдарынан белгілі Табын Бөкенбай батыр өледі. Келесі жылы қайта жасанып, Шотан батыр бастап келген қазақ қолы Үстіртті түгел басып алады. Осыған дейін қазақ, түрікмен тарихшылары қазақтар Маңғыстауды түрікменнен тартып алды, ол әуелде түрікменнің атақонысы болған деп қате пайым жасап келді. Дұрысында, Маңғыстау, Үстірт ежелден ноғай мен қазақтың екеуі бөлінбестен бұрынға атақонысы. Түрікмендер кейіннен келген. Бейбіт түрікменге қазақ өздігінен тиіскен емес. Хиуа ықпалындағы түрікмендер сол 1745 жылдан соң опасыздықтарының дауасын тартып, біржола Хиуа жеріне ығысып кеткені – қазақтың Маңғыстауға келуі, өз жерін қайта иеленуі. Міне, Шотан батыр аты дәріптеліп, халықтық

қаһарман дәрежесіне көтерілуі елі мен жері үшін болған осы ұрыста айқын көрсетілген. Жазушылығынан тарихшылығы, өткенді зерттеушілік қыры кем түспейтін көкейкөз иесі Бектұр аға «Бас сардар» атты еңбегінде осы жайттарды кеңінен кеңінен сөз етеді. Сонысымен «Бас сардар» қазақ әдебиетінің тарихи романдар галереясының төрінен орнын ойып ала алады.

Махамбет тақырыбы түпсіз терең тұңғиық. Жатқан бір әлем. Біз осыған дейін Исатай, Махамбет бастаған бұқара бұлқынысын көбіне бір жақты қараудан аса алмай келдік. Жәңгір жаман, Қарауылқожа кісәпір, Баймағамбет қанішер, олардың маңындағы билер жемқор, кеңестік тарих пен оның зерттеу әдісі бізді солай деуге мәжбүрледі, санамызға сіңірді. Ал шын жағдай одан әлдеқайда күрделі. Көтеріліс ең алдымен отарлық езгіге қарсылық еді. «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге, мал толтырсам деп едім» – өзге емес, өз жайын, күрес мақсатын Махамбеттің өзі осылай айтып, беріп отырған жоқ па?! Ешбір ғалым, ғұлама академик, жазушының делдалдығынсыз-ақ, бүкіл қозғалыс мақсатын ақын екі ауыз сөзімен-ақ соқырға таяқ ұстағандай етіп айтып кетіпті ғой. Жоқ, біз қайдағы-жайдағының басын шалып, шиырлап әлі жүрміз. Осы шиыр Исатай мен Махамбет көтерілісінің ауқымын тарылтып, Еділ мен Жайық, Жем мен Ақбұлақ айналасынан шығартпай қойды. Осы сенді Бекен болды бұзған. Оның «Балдағы алтын ақ болат» хикаясы Исатай, Махамбет батырлардың көтеріліс кезінде Адай елінің азаматтарымен де тізе қосып бірге қимылдағанын паш етеді. Адайлар бұл кезде Хиуа ханының билігін мойындамай, орыстарға да бас имей, өз дербестігін уақытша болса да сақтап тұрған қазақтың бірден-бір руы еді. Кенесары ханның баласына Айғаныс атты қызын беріп құда болғаны бұл елдің ол қозғалысты қолдағанын көрсетеді. Кенесарының бәйбішесі Күнімжан Мұналжан етегіндегі Жаңай өзенінің (Жаңай – Ә. Кекілбаевтың арғы атасы) жағасына той қамымен көшіп келген жерінен тұтқындалады. Орынбор губерниясындағы квартирмейстерлік бөлім бастығы, бұл әскери барлау, тыңшылықпен айналысатын арнайы қызмет, Бларамбергтің жазуынша, бұған дайындық күнілгері, өте құпия жағдайда жүрген. Және жүзеге асырушының бірі Баймағамбет сұлтан болған. Патша үкіметі Кенесарының Исатай, Махамбетпен бірігіп кетуінен қатты қорыққан. Егер «тілекті Құдай беріп» бұлар қосыла кеткенде, тарих тегершігі басқаша айналуы мүмкін еді ғой. Қазақтар орыс отаршыларының бетін біржола қайтара алмаған күннің өзінде жау Хиуа ханын тақтан тайдырып, Кенесары дербес – қазақ, қарақалпақ хандық мемлекетін құруы әбден мүмкін ғой. Айтып өтуге тиіспіз, жалпы, Исатай, Махамбет мәселесін алдымен өндіріп, жан-жақты зерттеп пайымдаған

жазушы қауым, оның көрнекті өкілдері – Ә. Кекілбаев, Әнес Сарай («Шандоз», «Исатай–Махамбет»). Сол қатарға Б. Төлеуғалиұлы толығымен қосылды. «Балдағы алтын ақ болат» – Махамбет-намаға қосылған сүбелі үлес.

Бекеннің көп жұрт біле бермейтін бір қыры – тілшілігі, орыс тілінде шебер жазатындығы! Олжас Сүлейменовтың «Таңбалар тілі» кітабына алғаш орыс тілінде пікір жазған – осы Бекен. Ол орыстың атакты басылымы «Литературная газетада» жарияланды. Орыс өпіремшілерінің Олжасқа қызғанышпен қарап келе жатқанын білеміз. Бакшасына тас лақтырғанды кім жақсы көрсін. Олжас «Игорь полкі туралы жырдың» тегі түріктік, орыс тіліндегі мыңдаған сөздердің түбірі түрік нәсілді халықтардан алынған деген ақиқатты айтқаны үшін «жазықты». Енді солай Олжастың кезекті шығармасы, Байрон айтқандай, «Сорға қарай ол да әкесіне ұқсаған» деп, алдыңғы ізбен сәл қыңыр тарта берген «Таңбалар тіл» туралы пікірді ең беделді орыс басылымының жариялауы, бұл – біріншіден, ақиқатты мойындау десек, мойындатқан – автор Бекеннің шеберлігі, біліктігі, қалам күдіреті. «Адай тарихы сыр шертеді» – Бекеннің көп жылғы ізденісінің нәтижесі.

Кісіге қараған күнін құрсын, кешегі кіріптар кезде қазақ халқының негізін құраған, қарашаңырағының күлдіреуіші дерлік белгілі ру, ұлыстардың өткені, тарихы түтілі, қазақтың шын мәнісіндегі халықтық, ұлттық дербес тарихын қағазға түсірудің өзі мүмкін болмады. Гитлердің бас жаршысы Геббельс ұлтты жоқ етудің басын сол ұлттық тарихын жойып тастау туралы әдістемесін алға тартқан емес пе?! Геббельс сол арманына жете алмай өмірем қауып еді. Кеңестік, дұрысы, ұлы орыстың өпірем саясаты Геббельс өсиетінің біразын жүзеге асырып-ақ тастады (Қазақ мұндайды «ұқсамасаң тумағыр» дейді). Соның дәлелі – заманауи өркениеттің көшбасшысы болған, бүгінде әлемнің әр шалғайына шашырап, орнында бірнеше ұлтқа бөлініп жұрнағы ғана қалған ұлы Дешті Қыпшақ, оның бір ұлысы – біз, қазақ халқы, біздің соңғы бодандық өткеніміз. Егемендік алған бойда ұлт зиялыларының, алдымен тарихшыларымыз бен әдебиетші жазушыларымыздың сол олқымыздың орнын толықтыруға ұмтылуы содан. Біздің Бекен – сол топтың басында тұрған тұлға.

Бекен аталған шығармасында Адайлардың көл-көсір тарихын ел аузындағы жалаң деректер емес, хатқа түсіп қалған жазба деректер арқылы саралай алған. Шындығына келсек, Ибн Бахури мен Әкрам Мұхитбердінің осыған дейін белгісіз болып келген еңбегін ғылыми айналымға әкеліп қосқан басқа емес, осы – Бектұр Төлеуғалиұлы! Бекен Мәскеудегі мұрағаттарды жылдап жатып, толықтай қарап

шыққан, одан басқа Ташкенттің, Бішкектің мұрағаттарымен де ұзақ айналысқан кісі. Онымен қоса, шежіре деректерін де орынды пайдаланғаны көрініп тұр.

Шежіре зерттеуді алғаш қолға алған әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов. Ол қазақ шежіресі туралы мақаласында «Дала мәдениетінде ерекше орын алатын – далалық тарихи дәстүрді жан-жақты қарастырып, оның маңыздылығын ашатын шежірелер» деп көрсетті. Шоқанның шежіре пайымдауынша, тарихи шежірелер кешенді мәндегі құбылыс. Немесе шежіре – көшпенділердің ауызша тарихи-аңыз, қария сөз үлгісінде жалғасатын тарихи-дәстүр деп түсінеміз. Қазақ тарихына қатысты шежіре деректері ғылыми қолданысқа толық ене бастауы кейінгі 10-15 жылдардың үлесіне кіреді.

Б. Төлеуғалиұлы тарихта болған «Адай» есімді батырды алға тартады. Қазіргі Адайлардың дені содан тарайды дей келіп, одан да бұрын Адайлар болғанын жоққа шығармайды. Тап осы жерде баласына аруақты бір бабасының атын ырым қылым қоятын ұлттық жақсы үрдісіміздің бар екенін еске алсақ, адай аты да соны қайталауы әбден мүмкін ғой! Тарихта болған Елтайұлы Адай өмірге келгенде, оның шілдеханасында бас қосқан уәлі ауыз абыз қариялар бір кезде Адай атымен танылған қауымдық одақ ұлтанды ел болғанын жақсы біледі. Оның тамғығы тарыдай шашылып, алды Қап тауына кетіп, арты Балқан асып, түріктеніп, парсыланып кеткенінен де хабардар. Олар да елінің баяғы бұла дәуренін көксеуші батагөйлері болып өткен. Сол дәуренді қайта оралтар «ұранды ұл болғай» деген ақ тілекпен қойылуы – Елтай батырдың артында қалған жалғыз тұяқ Адай баланың аты! Шежіре дерегінде Елтай батырдың тегі Арғын руынан делініп те жібереді. Бұл да жүрекке жылы тиеді. Босқа, құбақұп, болмай ойдан шығарылған жағдайда мұнда қазақтың бәрін бір-біріне туыс қылу, бауыр етудің тамаша жоралғысы жатыр. Атамыз Адай солай болғанда, бүгінгі қазақтың арқалы ақындарының бірі Сабыр Шеркешбайұлы Адай «Әр қазақ – менің жалғызым» деп, сол уәлі ауыз абыздарымыздың өсиетін ту қылып ұстап келеді! Б. Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» – тек бір рудың ғана тарихи баяны емес, бүкіл қазақтың бағзысының бағалы хикаяты, әдеби көркемдігі тұрғысынан алғанда жыры. Исі қазақ бірлігін ту еткені ала байрағы! Біздің Бекең – міне, осындай қаламгер! Б. Төлеуғалиұлы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі болумен бірге ана тіліміздің батыл жанашыры. Егер кешегі күнге дейін «орыс» болып келген таза орыстілді қала Ақтау бүгінде «қазақ қаласы, орысы да былжырақтап қазақша сөйлейтін қала» атанса, онда қалалық «Қазақ тілін» көп жыл басқарған Бекеңнің үлесі жетіп-артылады.

Бекеннің қаламгерлік қарымы, туған әдебиетімізге қосқан үлесі, тарихи тақырыпты қамтудағы өзіндік қолтаңба, нақышы, шеберлігі әдебиет жанашырларының – сыншылар мен белгілі жазушылардың наразынан да тыс қалған жоқ.

Тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Мұқай, профессор Алпамыс Айтқұлов, тарих ғылымдарының кандидаты Досбол Байғұнаков, жазушылар Адам Мекебаев пен Серікқали Хасан, т.б. республикалық «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», өзге де басылымдарда автордың аталған шығармаларын жоғары бағалады.

Біздің Маңғыстаудың Қаратауында бір тас бар. Және ол бір-ақ жерінде ғана бар. «Шар қайрақ» дейді оны ел. Аты айтып тұрғандай, ол – қайрақ. Шар қайраққа, әдетте, балта, суық қару қайралатын еді ғой. Бұл тастың үстіңгі беті сондай шар қайрақ. Ал соның астыңғы беті ондай шамалыға үгілмейтін емес. Бірақ бұл да шар қайрақ делінеді. Әуелі шарға салынып алған құрал сонынан осы соңғы қайраққа жанылып алынғанда тіпті қылпып шыға келеді. Шамалыға кетілмейді, майырылмайды. Тіпті кәдуілгі ұстарамен шашын алғанда ауырсынып, қыңқылдап жылайтын жас бала әлгі шар қайраққа қайралған ұстара басына тигенде ұйқысынан оянбай отыра беретінін қайтерсің. Мен Бекенді көргенде осы қайрақта есіме алып, соны қолыма ұстағандай әсерде боламын. Бекен – Маңғыстау ауданы мен Ақтау қаласының «Құрметті азаматы» атағының иегері, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының Атырау, Маңғыстау облыстары бойынша меншікті тілшісі, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның Маңғыстау облысы бойынша өкілі. Соңғы қызметінде оның публицистік қарымы туралы сөз етудің сәтті күнін кейінге сақтадық.

Әбекең (Ә. Кекілбаев) сыныптасы, досы, құрдасы қырқынан шыққан соң көп ұзамай шыр етіп дүниеге келген Бекен ағамыз бүгінде 70-ке келіп отыр. Екінші дүниежүзілік соғыс сарбазының соңында қалған жалғыз тұяқ Бекен жеңгемізбен бірге бұл жасына жапырағы жайылған бәйтеректің діні бірнеше отаудың отағасы болып келіп отыр. Төрехан жеңгемізбен қосылғанына 50 жыл толыпты. Алтын тойыңыз құтты болсын! Балаларыңыздың қызығын көріп, қазақ мемлекетін дамытуда аянбай өз үлесіңізді қоса беруіңізге тілектеспіз!

Әбілқайыр СПАН,

*Махамбет сыйлығының лауреаты,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.
«Ана тілі» газеті, 31 желтоқсан, 2009 жыл*

* * *

ҚАЛАМ ҚАЙРАТЫ

1976-77 жылдың қақаған қысы болатын. Қар қалың жауып, мал ауылының қыстақтарына барудың өзі қиындап кеткен еді. Сол күндердің бірінде шаруаның ретімен Аққұдық елді мекенінен кеңшар орталығы Сенекке қарай келе жаттым. Автокөлігіміз қалың қарды кесіп өтетін, шамалы кедергілерге тоқтамайтын «КамАЗ» еді. Қарашық деп аталатын қыстау қоныстарынан өте бергенімізде қалың қардан жүре алмай, шөп пен жем тиесп шоғырланып тұрған оншақты машинаға кездестік.

Біз сол топтың қатарына кідіргенімізде алдыңғы жқтан қалың қарды омбылап келген кісі қарға батқан автокөліктерді шығаруға көмектесуімізді сұрады. Менің қасымда Ақжігітов Елубай тәжірибелі жүргізуші еді. Өзі бұрын ауылдық жерде өскендіктен қыстаудағы шаруашылықтың ретін де жақсы білетін. Сондықтан әлгі азаматтың өтінішін орындауға кірісіп кетті. Қалың қарға батқан автокөліктерді тегіс шығарып, енді-енді ілгері жүрмекші болып тұрғанымызда әлгі бізге жолыққан кісі келіп, жақын маңдағы қыстауға жеткізіп тастауға көмектесуді өтінді. Өзін таныстырды. Ол – осы Ералиев атындағы кеңшардың бас инженері Бектұр Төлеуғалиев деген азамат екен. Елубай сол жолы жем-шөп тиелген автокөліктерді Қарашық, Бұрма, Бесоқты маңындағы қыстауларға жеткізіп, ауыл азаматтарынан алғыс алды.

Сол сапардан оралғаннан кейін Бектұрдың өтініші бойынша Елубайдың «КамАЗ»-ы сол шаруашылыққа көктемге дейін қызмет етіп, малдың қыстан аман шығуына көмектесіп еді.

Міне, сол кезден бастап, Бектұр Төлеуғалиұлымен тығыз достық қарым-қатынаста болып, араласып келеміз. Енді осы азаматты газет арқылы көпшілікке таныстыруды жөн көрдім.

Бектұр Төлеуғалиев 1940 жылы 27 қаңтарда Маңғыстау облысы (бұрынғы Гурьев) Маңғыстау ауданындағы Тұщықұдық ауылында дүниеге келген. Әкесі Қарақожаұлы Төлеуғали 1940 жылы соғысқа кетіп, 1944 жылы 5 қыркүйекте Варшаваны азат ету ұрысында қаза тапты. Оның қара қағазы 1945 жылдың мамыр айының аяқ жағында үйлеріне келіпті. Төлеуғали Қарақожаұлының есімі қазірде Варшава қаласындағы обелискіде жазулы. Өткенде Бекен әкесінің зиратына екінші рет барып қайтты. Анасы колхоздың сан-сапат жұмысының басын шала жүрін жалғыз ұлын өсіріп, қатарға қосты. Бектұр Шахта

орта мектебін бітірді. Әбіш Кекілбаев досымен осы мектеп-интернатта бірге оқыды.

Бекең орта мектепті бітіргеннен кейін Атыраудың ауыл шаруашылық техникумының ауылшаруашылығын механикаландыру бөлімін және Москвадағы бүкілодақтық кәсіподақтар қозғалысы мектебінің экономикалық факультетін бітірді. Алғашқы еңбек жолын Аманкелді ұжымдық шаруашылығында механиктен бастап, орталық жөндеу шеберханасының меңгерушісі, артынша «Куйбышев», «Ералиев» атындағы кеңес шаруашылықтарында бас инженер, «Куйбышев» атындағы кеңшарда партком хатшысы, Маңғыстау аудандық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі, «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың директоры, облыстық агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Б. Төлеуғалиев 2004 жылдан бері Ақтау қаласының «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болған кезден бастап қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолында көптеген қызметтер атқарды. Қалада жыл сайын ақындар айтысын, жыршы-термешілер сайыстарын, Оралхан Бөкейдің еңбектерінен көркемсөз оқудың конкурстық жарыстарын ұйымдастыруда Бекең өзіндік мол үлес қосып келеді. Маңғыстау облысында 2005 жылдан бастап Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың еңбектерінен шығарма жазушылар жарыстары ұйымдастырылып келеді.

Сонымен қатар Төлеуғалиевтің ұйымдастыруымен соңғы бес жылдан бері қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы жөнінен шығарма жазудан жарыстар өткізілуде. Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында Махамбет Өтемісұлы, халық батыры Шотан Назарұлының ерлік істері жөнінде шығарма жазылып, жеңімпаздар дипломдармен және баға сыйлықтармен марапатталды. Б. Төлеуғалиев «Қазақ тілі» қоғамының Құрылтайы жиналысына үш рет делегат болып қатынасып және құрылтайда сөз сөйлеп, өзінің құнды ұсыныстарын ортаға салған болатын.

Ол Қазақстан Жазушылар және Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Қазақ-жонғар, жонғар-қазақ соғыстарындағы Шотан батырдың 300 жылдығына байланысты ерлік істері жөнінде «Бас сардар» және Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына орай «Балдағы алтын ақ болат» және «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі жарық көрді. Сонымен қоса бірнеше прозалық, публицистикалық шығармалардың авторы.

«Нұр Отан» саяси кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Лениннің 100 жылдығы», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалдармен және Маңғыс-

тау облысы әкімі мен мәслихатының Құрмет грамотасымен екі рет марапатталған. Бірнеше дүркін аудандық, облыстық кеңестерінің депутаты болып сайланған. Сенек – бұрынғы Форт-Шевченко ауданының мал жайылым учәскесі, артынан ферма орталығы болып келіп, кейіннен дербес Ералиев атындағы совхозға айналды. Қашаннан бір бүйір, шет қақпай қалып келген жаңа шаруашылыққа бірден қаз тұрып кету оңай түсе қоймағаны анық. Бектұр бас инженер болып келгенде мұнда 300-ге жуық әртүрлі маркадағы ауылшаруашылық машиналары мен 50-ге жуық трактордың, 80-ге тарта автомашинаның тең жартысы жарамсыз еді. Орталық Сенекте электр жарығы – дизель арқылы. Ауыл үстінен жоғары кернеулі тоқ желісі дауыс естім жердегі Түйесуға барып тұрса да, шапағаты ауылға жетпеген. Бас инженердің алдымен қолға алғаны осы болды. Бекен сол кездегі облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы Н.А. Гуляевтің қабылдауында болып, жағдайды толық баяндады. Ол кісі көтерілген мәселені бірден қолдап, сол бойда мұнай бірлестігі басшыларына тапсырма берді. Тапсырманың ізі суымай үлкен өндіріс орындарының бас мамандары Қабылов Жайғали, Төлегенов Қалабай, Бекбосынов Нұрлыхандар бастаған бригада келіп іске кірісті. Ертенгісін бастаған жұмыс кешке бітті. Бүкіл Сенек кенті бір түнде мемлекеттік желіге қосылды. Сөйтіп бір үлкен кеңшарының орталығы жеті қараңғы түн ішінде іргесіндегі сеңгір құмға шағылысып, жарқырап жүре берді. Ауыл сол жарқырағаннан әлі жарқырап тұр. 1973-75 жылдары Ералиев атындағы кеңшар жыл сайын 9, 10, 11 мың тоннадан шөп шауып, шабылған шөпті өз техникаларының күшімен қыстақ, база бастарына түсіріп алды. Бұл Маңғыстау жағдайындағы ең үздік көрсеткіш еді. Ауылда механизатор – шешуші буын. Дені жастар. Сондықтан да болар олардың арасында әртүрлі шалдуарлық, шалағайлық, босбелбеулік те кездеспей тұрмайды. Бекеннің қойған қатаң да әділ талабы арқасында жағдай түзелді, ел риза болды. «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың орталығы – Шайыр ауылы. Осы шаруашылыққа сол жылдары директор құтаймай-ақ қойды. Облыстық пария комитеті аудандық пария комитетінің бөлім меңгерушісі Бектұр Төлеуғалиевты директорлыққа жұмсады. Сөйтіп, 1981 жылы ауылға жаңа директор келді. Ол кеңшардың экономикалық көрсеткіштерін қарап алды да, шаруашылықты 10 күн бойы аралады. Оралған бетте шұғыл бас қосу өткізіп, арнаулы комиссия құрды. Берілген тапсырма қатты. Ең алдымен, жағдай малшы-бақташыларға жасалсын. Үйі мен қорасы сайлы болсын. Айтылған сөз, берілген тапсырма аяқсыз қалмады. Бас-аяғы екі жыл ішінде 39 малшы үйі мен 19 мал қорасы күрделі жөндеулерден өтсе,

2 жанұялық 8 малшылар үйі, 3 жерден механикаландырылған электр қуатымен жасайтын мал тоғыты салынды. Типтік жобадағы елтірі дайындайтын пункт іске қосылды. Бұрын өнім өткізу жоспарын орындамай, басынан тоқпақ арылмай қойған савхоз мемлекетке 80-85 пайыз аралығында сапалы елтірі тапсырып, республика бойынша жоғары деңгейден орын алды. Шайыр аулында Бектұр Төлеуғалиұлы директор болған жылдары орталықтан 76 жанұяға типтік жолмен тұрғын үй, 500 орындық мектеп, 150 орындық интернет салдырды. Кеңшардың таза пайдасы есебінен орталық – Шайырға, ферма орталығы – Тигенге теледидар қондырғысын орнатып, элем жаңалықтарын көгілдір экран арқылы көруге қолдарын жеткізген. Бекеннің осындай іс-тәжірибесі «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен 1988 жылы Алматыдан «Қайнар» баспасынан озат тәжірибе ретінде жарық көрді. Бектұр Төлеуғалиев директор болған 10 жылда Шайыр аулы он қыр асты. Сол жылдары Бекен үлгісі, Бекен үрдісі бұл ауылда кейбір зиялы азаматтардың кимас сағынышпен «Шіркін, басшы атаулы сондай болса ғой» деген әңгімелері күні бүгінге дейін айтылып келеді.

Бекен 1990 жылдан бастап агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ комитетінің төрағалы қызметіне сайлану жолымен ауысты. Кәсіподаққа келгеннен кейін ауылшаруашылығы саласында жасайтын еңбек адамдарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жолында үлкен қызметтер атқарды. Жекешелендіру кезіндегі кейбір жол берілген кемшіліктерді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей алдына қойып, оң шешім табуына септігін тигізді. Облыстағы мал шаруашылығында жасайтын малшы-бақташылардың балаларын тынығу, демалу, емдеп сауықтыру үшін жоғары орындарға мәселе қойып, жүзеге асырды. 1991 жылдан бастап он жыл ішінде жеті мың бала республика ішіндегі емдеу, тынықтыру орындарына тегін жолдамамен жіберілді. Сол балалардың ішінен сегіз балаға түрлі дәрежеде операция жасалып, сауығып шықты. Лагерлерге жіберілген балалардың жартысына жуығына Төлеуғалиевтың тіл табысқанының арқасында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы арқылы көмек берілді. Бекеннің ауылшаруашылығы саласындағы қызметтері мен түрлі тиімді ұсыныстары Қазақстан кәсіподақтар кеңесінің көзіне бірден түсті. 1991-2004 жылдар арасындағы өткізілген төрт съезде делегат болып сайланды. Осымен қатар алғашқы қатынасқан съезінің өзінде-ақ Кәсіподақтар кеңесінің мүшесі және президиум мүшесі болып сайланды. Қазақстан Республикасы кәсіподақтары федерациясының Құрмет грамотасымен үш рет марапатталған ко-

ғам қайраткері. Бекеннің әдебиетке құштарлығы бала кезінен басталған. Мектеп қабырғасында бесінші сыныптан бастап-ақ әлем классиктерінің шығармаларын оқи бастаған. Бекеннен: «Ең алғаш кімдердің шығармаларын оқудан бастап едіңіз?», – деп сұрағаным бар. Сонда ол:

– Мұхтар Әуезовтың «Қараш-қараш», «Қилы заман», «Абай жолы» эпопиясын, Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім», «Ботагөз», Әбдіжәміл Нұрпейісованың «Курляндясын», Жюль Верннің таңғажайып қиял кітаптарын, Пушкиннің, Тургеневтің, Чеховтың қазақша аударылған шығармаларын оқыған болатынмын. «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қарасай-Қазы», т.б. дастандарын да жатқа білетін едім. «Кербаланың соғысы», «Зарқұм», «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық», «Сал-Сал», «Дариға қыз», дастандарын да сол кездегі жыр айтатын Тоқсанбай, Айтқұл ақсақалдардан естіп жадыма түйгенмін, – деп еді.

Бекен еңбек майданының ішінде мігірсіз жұмыс атқарып жүрген мезгілдерінің өзінде 1956-57 жылдардан бастап әңгімелері мен мақалалары республикалық газет-журналдардың беттеріне жарияланып тұрды. Олжас Сүлейменовтың көп оқушылардың зердесі жете бермейтін «Таңбалар тілі» сияқты кітабына терең пікір жазған мақаласының «Русская литература» газетіне басылуы көптеген оқушылардың қызығушылығын туғызды. Немесе Қазақстанның халық жазушысы Ә. Кекілбаевтың 60 жасқа толуына байланысты «Біздің балалық шағымыз» атты мақаласының көптеген газеттерге көшіріліп басылуы Төлеуғалиевтің жазушылық қабілетінің мол екендігін байқатты. Бұдан басқа да көптеген әңгімелері мен шығармалары «Жұлдыз» журналына жарияланып келеді. Махамбет пен Шотан батырлар туралы жызылған «Балдағы алтын ақ болат» және «Бас сардар» атты повестерін оқырман қауым жоғары бағалап, мемлекеттік сыйлыққа ұсынуды қолдап отыр. Егер ұсынылып жатса дұрыс болар еді деген ойдамыз. Әр қазақ өз ұрпағының болашағын ойласа, өткенге зерделеп қарап, жақсысын жадына қалдыруға әрекет жасаса, жас ұрпақ өзінен-өзі түсінеді. Жақсының жақсы қасиеттерімен кейінгісі тәрбиеленеді. Жазушының көтерген жүгі салмақты. «Біздің қай-қай бабамыз да ұлан-байтақ атақонысын аянбай қорғай білген. Аянбайтыны одан өзге өмір сүрудің жолы да қалмайтынында еді. Сондықтан да кез келген ауылдан небір алпауыт батыр шыққан. Олардың бірде-бірін ұмыт қалдырмай дәріптеу, елдің есіне салу кімкімнің де міндеті. Дегенмен, ұлы баһадүр Керей мен Жәнібек тұңғыш қаланған Қазақ мемлекетінің іргетасын нығайту жолындағы Адай бабамыздың дана пікірі мен ерен еңбегі болашаққа қазақ тарихынан

ойып тұрып өз орнын алу керектігін, Бектұр Төлеуғалиұлы роман-эссесінде дәлелдеп шығады» – деген Адам Мекебаевтың пікіріне толық қосыламыз (Қазақ әдебиеті, №41, 2008 ж).

«Бүгінгі ақиқаттар мынандай: қазір бұрынғыдай қазақтың өткен тарихын жазуына кедергі де, цензура да жоқ. Қазақ өз тарихын өзі еркін жаза алады. Соған сай, қазақ қаламгерінің алдында үлкен борыш-міндетпен қоса, телегей-теңіз мүмкіндік те бар. Қыруар тарихи материал игерілмей жатыр. Жазушыны тарихи тақырыптарға қалам тербеуге жетелеуі осыны айқын сезінуі болса керек. Автордың оған дейін де мәлім болған «Балдағы алтын ақ болат» және «Бас сардар» шығармаларында да осындай ниет басшылыққа алынған. Ал 2007 жылы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесі жазушы шығармашылығының шыңы дер едік. Онда жазушыға тән шығармашылық үрдіс бар», – дейді тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Мұқай.

Төлеуғалиев романының баянына сүйенсек, оның басты кейіпкері Адай батыр – кәдімгі өмірде, тарихта болған тарихи адам әрі көшпенділер тарихындағы ортағасырлық бұлыңғырлау кезеңнің қайраткері. Бұл кезең қазақ тарихында Алтын Орда дәуірі атымен мәшһүр. Ұлттық тарихымыздың көптеген алтын қазыналары сол кезеңге тән. Әуелі Алтын Орда, одан кейін Ноғай Ордасы болған. Айшықты Сарайшық қаласының жұрнағы әлі де бар. Ұлтын сүю, ұрпағын патриоттыққа тәрбиелеу деген осындай болса керек. Төлеуғалиевтың екі кітабы да баспадан сымға тартқан күмістей әдемі шыққан. Бұл шығармаларды мектептердегі сынып оқушыларының ой-өрісінің ыңғайына қарай қазақ тарихын оқыту бағдарламасына жүйелі енізуді дұрыс деп есептейміз. Жазушы Бектұр Төлеуғалиевтың әдебиетке үлкен дайындықпен келгендігін оның еңбектерінен көріп отырмыз. Оның жүректілігі мен батылдығы, ізденімпаздығы мен еңбеккерлігі Алланың берген несібесі деп білеміз. Жазушы мұрағаттардағы сирек кездесетін деректерді тауып пайдаланған. Түбек тұрғындарының өткен ізімен жүрген. Олардың күнелтіс көзі – мал шаруасының сан қырын жетік меңгерген. Өткен тайпалардың арасындағы жанжал болған жердің нақ төсінде туып өскендігі де – шығарма жазуға қажеттіліктің өз бойында бар екендігі. Сондықтан да жазушыда патриоттық сезім мықты! Ондай сезім жүрегінен нық орын алғанда ғана шығармалары арқылы жастарға патриоттық тәрбие бере алатынымыз даусыз. Одан кейін «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі жарық көрді. Бұл еңбекті де оқушылар қауымы жылы қабылдады. Қазірде Бектұр Төлеуғалиев Ақтау қаласының «Қазақ тілі» қоғамын басқарады. Облыстық еңбек ардагерлері

кеңесінің төрағасының орынбасары, республикалық «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Маңғыстау облысы бойынша өкілі және «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің Атырау, Маңғыстау облыстарындағы тілшісі. Бірнеше рет облыстық, аудандық кеңестерінің депутаты болып сайлаған. Ақтау қаласының және Маңғыстау ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегері. Бекеңе бұдан да гөрі жоғары атақтар беріліп жатса дұрыс болар еді деген ойдамыз. Бекең жан-жағы жайылып өскен үлкен бәйтерек. Балалары ер жетіп, әрқайсысы үй болып шаңырақ көтерген. Соғыста шәйт болған жауынгердің артында аяғын апыл-тапыл басып қалған қара бала Бекең бүгінде жапырағы жайылған ата, қасындағы зайыбы немерелерінің ортасында әже болып отыр. «Құдай берді» дейді қазақ мұны. Әйтсе де, бақ та, бап та таңдап, бас талған қонатынын естен шығармаған абзал. Ол, ең алдымен, ақтың жарқыраған ақ маңдайына қонақтайды. Тегі, Тәңірдің шапағаты шатқаяқтап жүрмес болар. Ол аттайтын ақ табалдырығын дөп басады. Сондай шалқак, кең кереге иесі Бекеңе 70 жасыңыз құтты болсын, зайыбыңызбен қосылғаныңызға 50 жыл толып отыр екен, «қосағаңызбен қоса ағар» деген көпшілік тілегінің қабыл болғанына қуаныштымыз! Абыройыңыз артып, мәртебеңіз биіктеп, мықты денсаулықпен ұзақ өмір сүріп, балаларыңыздың қызығын көре берулеріңізге тілектеспіз.

Асылбек АЙДАРОВ,

Жаңаөзен қаласы әкімі жанындағы

Ардагерлер кеңесінің төрағасы,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«Экономика» газеті, 24-31 желтоқсан, 2009 жыл

* * *

БИІК МӘРТЕБЕ ИЕСІ

Биылғы жылы ел ағасы атанып, тіл тағдырын ел, ұлт мүддесіне сай шешуге атсалысып жүрген, ана тілінің тұғырына нық қону жолында ұрандап Маңғыстаудың рухын аспандатып жүрген Бектұр Төлеуғалиұлы ағамызды жетпіске келді деп ойламаппыз.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында дүниеге келіп, бұғанасы бекіп үлгермей жатып, кер заманның әрі ауыр, әрі жауапты жүктерін, аға-көкелерімен бөлісе көтерген буын өкілдері де бұл күнде егде тартып, ел ағасы атаныпты. Соның бірі қазақ әдебиетіне Махамбет

Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Балдағы алтын ақ болат» повесі мен қазақ-жоңғар соғысы батырларының бірі – Шота батырдың 300 жылдығына орай жазылған «Бас сардар» және «Ада тарихы сыр шертеді» атты роман-эсселерімен келген белгілі қаламгер Бектұр Төлеуғалиұлы еді. Ол 1940 жылы 27 қаңтарда Маңғыстаудың Тұшықұдық аулына қарасты Егдір деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Төлеуғали Қарақожаұлы соғысқа алғашқылардың бірі болып кетіп, 1944 жылы Польша жерінде қаза табады. Содан өмірдің барлық тауқыметін анасымен бірге тарта жүріп, қанында бақайсарлықтың, өрліктің, ізденгіштіктің арқасында биіктерге қана қағады. Биік мәртебе иесіне айналады. Алғаш еңбек жолын қаржұмыстан бастаған ағамыз 1964 жылы Атыраудың ауыл шаруашылығы техникумының механикаландыру бөлімін бітіріп, Аманкелді колхозына шеберхана меңгерушілігіне қызметке жіберіледі. 1970 жылы өндірістен қол үзбей жүріп, Мәскеудегі Бүкілодақтық кәсіп одақтар қозғалысы жоғары мектебінің экономика факультетін д бітіріп, біліктілігін дамыта түседі. Кейінгі еңбек жолында Бектұр Төлеуғалиұлы бас инженер, партком хатшысы, аудандық партия комитетінің өндірістік-транспорт бөлімінің меңгерушісі, совхоз директоры, облыстық агроөнеркәсіптік кешенінде кәсіподақ комитетінің төрағасы, және т.б. қызметтік сатылардан өтеді. Ағамыздың өмірмен еңбек жолын ой елегінен өткізе отырып, өзінің еңбексүйгіштігі мен, білікті маман иесі болуымен тапсырылған қызметтері абырой мен атқарғанына куә болдық. Осы күні бірсыпыра адамдарға тәлкемшілік қасиеттері олардың «Мен пәлен болғанмын, мен ананы істедім, мынаны тындырдым, тіпті, мен болмағанда» деп кеуде керетіні жасырын емес. Ал, Бекең ондайдан ада. Ұлық болса кішік бол деген қағиданы ұстанады екен. Оның мұндай қасиетін үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Алматыға келген сапарыңд көз жеткізгендей болдық. Алматыда болған жиырма күнде ағамыз көп сөздің емес, нақты ісінің адамы екенін, мойнына алған міндетін өзіне тапсырылған жауапкершілікті қай жерде, қандай жағдайда болмасын бірінші орынға қойып, соның қамын жейтіндігін байқатты. Жалпы ағамыздың өмір жолын саралай отырып, ол жасаған игілікті істері оның өз аузымен айтылмайтынын аңғардық. Айтушысы көпшілік.

Енді Бектұр ағамыздың ел құрметіне бөленген жақсы істері мен қызметтеріне тоқталайық. Бектұр Төлеуғалиұлы Ералиев атындағы совхозға бас инженер болып келгенде ауылдың шаруашылығы аудан басшыларының назарынан тыс қалған, әлеуметтік жағы кенжелеп

калыпты. Жанадан тағайындалған бас инженер мұндағы 300-ге жуық әр түрлі ауыл шаруашылық машиналары мен 50 шақты трактордың, 80-нен астам автомашинаның тең жартысы жарамсыз болған. Ал, орталық жарық жүйесі дизель арқылы, яғни мотормен жағылады екен. Жоғары кернеулі электр желісі иек астындағы Түйесуда тұрса да бұл ауылға жетпеген. Содан облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы Н.А. Беляевке және басқа да тиісті кабинеттерге кіріп, ауылдың жағдайын айтып, оны шешудің жолдарын ұсынады. Сол бойда мұнай бірлестігі басшыларына нақты тапсырмалар беріледі. Қабылов Жайғали, Төлегенов Қалабай, Бекбосынов Нұрлыхандар бастаған бригада іске кірісіп те кетеді. Таңертең басталған жұмыс кешке бітеді. Бүкіл Ералиев кенті бір күнде мемлекеттік электр желісіне қосылып, совхоз орталығы самаладай жарқырап тұрды. Бекең мұрындық болып жасаған жарық, бүгінгі күнге дейін сөнген жоқ. Бекеңнің басшылығымен сол кездері Ералиев атындағы совхоз жыл сайын 10-11 тоннадан шөп шауып, шабылған шөпті өз техникаларының күшімен тиісті жерлерге тасымалдап алатын. Ал, бұл Маңғыстау жағдайындағы үздік көрсеткіш болып табылатын. Біздің әңгімемізге арқау болып отырған ағамыздың тағы бір ерекшелігі – ол қай жерде болмасын ұжымға жастарды көптеп тарта білді. Ауылдағы негізгі жұмыс күші де солар болатын. Олардың арасында небір шалдуары да, шалағайы да, жалқауы да, менмені де болатын. Соның бәрін Құлбарақ батырдың ұрпағы тезге салып, тәрбиелейтін. Талапты қатты қойғанмен өркөкіректікке салынып, жастардың жас жүректеріне жара салмады. Бұзықты қудалап, қатыгездікке барған жоқ. Сондықтан да ағамыз осындай қасиетімен көпшілікке сыйлы болды.

Бірде мынадай жағдай болыпты: Ералиев атындағы совхозбен көршілес «Ильич» атындағы совхоздың К-700 тракторы елден жырақ жерде қиялап қалыпты. Ал оны тартып шығаруға сондай үлкен трактор керек. Сонымен совхоздың бас инженері Тұрар Жолдыбаев не істейді? Көрші ауылға көмек сұрай барады. Ол кезде ұжымға қарасты малға су көлікпен тасып беріледі. Малға суды шаруашылықтағы екі К-700 тракторы таситын. Ит арқасы қиянда батып қалған көлікке еш жәрдем бере алмайтындығын айтып Тұрардың меселін қайтарған Ералиев совхозының директоры Қамысбай Қаржаубайұлы алыс шаруашылықтарын аралауға кетіп қалады. Салы суға кетіп, ұнжырғасы түскен көрші ауылдың инженері «Неде болса, Бекеңді күтейін, содан бір қайыр болар» – деп үміттенеді. Түстен кейін Бекең жұмысқа келген соң, болған жайдың бәрін баян-

дайды, басшының рұқсат етпегенін де қалдырмайды. Бекең директормен өзі сөйлеспекші болады. Директор орнында жоқ. Не істеу керек?! Тәуекел деп, екі тракторшысын шақырып алып, оларға да жағдайды түсіндіреді. Тракторшылар Бекеңнің сөзін құп көреді. Сонда Бекең: «Олай болса, екеуіңіз де тездетіп ертеңгі рейстеріңізді бүгін кештетіп болса да жасап, ертеңгі күні мал сусыз қалмайтындай етіңіздер. Сосын түнделетіп ұшпада тұрған тракторға барып, ертең түске дейін шығарып беріп келуді тапсырады. Тракторды шығара алмаған жағдайда кешігуге болмайтынын тағы ескертеді. Екі тракторшы тапсырылған істі өз уақытында орындап, көрші ауылдан алғыс алыпты. Ал, Бекең совхоз бастығынан сөгіс алады. Міне, осындай істерден Бекеңнің адамдық, азаматтық қасиетінің анық көрінісін, қиын жағдайда қалған жолдасқа көмек қолын соза алатындығын көреміз. Бектұр ағаның елге жасаған жақсылық істерінің тағы бір мысалы былай өріледі. Шайыр ежелден ел қонысы болғанымен соңғы жылдары заман көшінен қалып, кенжелеп қалған ауыл болады. Ал, ондай елді мекенге міндетті түрде қолынан іс келетін, ұйымдастыру қабілеті жоғары маманның жіберілетінін білеміз. Осы олқылықты өз орнына келтіріп, жолға салу үшін сол баяғы Бекең жіберілдеі. Жолдары ретсіз, ойлы-қырлы шоқалақтары көп. Ұйлері болса қалай болса солай, жүйесіз салынған. Ауылдың бас жобасы ескерілмеген. Әйтеуір, күйбең тіршілікпен өмірін өткізіп жатқан ел. Ауылға басшы болып келген Бектұр Төлеуғалиұлы өзі директор болған мерзімде 76 жанұяға типтік жобамен үй, 500 оқушы оқитын жаңа мектеп, 150 бүлдіршінге арнап интернат салдырады. Үкіметтен қаржы алмай-ақ, совхоздың өзінің таза тапқан пайдасы есебінен совхоз орталығы Шайырға және Тиген фермасына теледидар қондырғысын орнатып, халықтың көгілдір экранға көруге қолын жеткізеді. Сол Шайырда Бекең 10 жыл басшы болып, халықтың алғысына бөленеді. Бекеңді білетін кісілер бүгінде «Шіркін, басшы болса, осындай болсын» деп өткен жылдарды сағынышпен еске алысып отырады екен. Ал Бектұр Төлеуғалиұлының атқарған іс-тәжірибелері қорытындылап, кезінде «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен аудандарға таратылған да. Міне, бұл келтірілген мысалдар қай жерде, қандай қызметте болсын алдымен халықтың қамын жасайтын қамқор азаматтың жасаған жақсылық істерінің бір парасы ғана.

Бекең қоғамдағы қызметпен қатар ел арасында айтылып жүретін аңыз-әңгімелерді көнекөз қариялардан құйма құлағына құйып алып, кейінгі ұрпаққа жеткізуде үлкен еңбек сіңірген. Бұған Бекең әдебиетке, тарихқа деген құштарлығының арқасында жетеді. Соның

бір мысалы ретінде «Құлбарақ әулие» атты аңызды айтуға болады. Бұл аңыз бойынша 1832 жылы Хиуа ханы Аллақұл қалың қолмен келіп, Маңғыстауды тұтқиылдан шауыпты. Сонда хиуалықтарға аз ғана сарбазын бастап қарсы аяқасқан Беріш Құлбарақ батыр ерен ерлігімен көзге түседі. Батыр қанша жерден жан аямай соғысқанымен көп көптігін жасап, арда туған азаматты шейіт қылады. Мұсылман дұшпандар өздерінің көздеп келген адамы Сүйінқара осы болар деп, Құлбарақ батырдың басын кесіп ханға алып кетеді. Содан хан алдына алып барылған басқа жан бітіп, күліпті дейді. Басты таныған Аллақұл хан: «Сендер Сүйінқара деп Құлбарақ батырдың басын әкеліпсіндер. Бұл адам тек батыр ғана емес, бір тұтатын әулие еді. Енді құрметпен жерлендер» – деп бұйырған екен. Батыр әулиенің басы жерленген жер «Бас әулие» аталып кетіпті. Ал Маңғыстаудағы батырдың денесі жерленген жерге халық Құлбарақ әулие деп ат қойған екен.

Бектұр Төлеуғалиұлының әдебиетке ден қоюы бала кезінен, яғни мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ басталыпты. Сол кездердің өзінде Мұхатр Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Әбдіжәміл Нұрпейісовтермен қатар Пушкин, Тургенев, Чеховтардың да қазақша аударылған шығармаларын оқып, қанығады. Сонымен бірге «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қарасай-Қази» және басқа да ауыз әдебиеті үлгілерін жаттап өскен. Ал «Ләйлі-Мәжнүн», «Сал-Сал», «Зарқұм», «Кер баланың соғысы», «Мұңлық-Зарлық», «Дарига қыз» сияқты шығыстық қисса, дастандарды сол кездегі Токсанбай, Айтқұл және т.б. ауыл ақсақалдарынан естіп, жадында сақтаған. Ауыл адамдары Бекеннің екі аңыз-әфсаналарды көп білетіндігін, әңгімешілдігін алға тарта отырып, одан осындай құнды дүниелерді қағазға түсіріп, жазумен айналасуын сұраған да, тумысынан қарапайым, ойлы ағамыз: «Көрелік, бірдеңе шыкса», – деп сабырлы қалыпта жауап қайтарыпты. Содан, Бектұр Төлеуғалиұлы еңбек майданының қайнаған ортасында жүрсе де, көңілге түйгендері мен естіп өскен ел аузындағы аңызға айналған әңгімелерді қағаз бетіне түсіріп, жазуды жанына серік етеді. Оның жазған мақалалары республикалық газет-журналдардың бетінде жиі жарияланып тұрады. Ол, тіпті, өзіне ұнаған кітаптарға сараптама жасай отырып, пікір де жазған. Соның бір мысалы ретінде Олжас Сүлейменовтың «Таңбалар тілі» атты кітабына жазған пікірі кезінде «Русская литература» журналына басылады. Ал, бүгінгі таңда Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың 60 жасқа толған мерейтойына байланысты жазған «Біздің балалық шағымыз»

атты мақаласының республикалық басылымдардың бірінен кейін бірі көшіріп басуы Бекеннің шығармашылық қабілетінің қандай екенін әйгілеп тұрғандай. Оның басқа да көптеген әңгімелері мен эсселері «Жұлдыз» журналында үнемі жарияланып келеді.

Бектұр Төлеуғалиұлын қаламгер ретінде танытқан, әсіресе, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Балдағы алтын ақ болат» повесі мен қазақ-жоңғар соғысы батырларының бір Шотан батырдың 300 жылдығына орай жазылған «Бас сардар» және «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эсселері деп айтар едік. Ол аталған осы шығармаларында көтерген мәселесі – батырлық, елі мен жерін сүю, қара қазан сары бала қамы үшін елдің қамын ойлау, соның жолында еш нәрседен тайынбау.

Белгілі түрік жазушысы Омар Сайфеддин өзінің «Бала қалай түрік сүйгіш болады?» деген әңгімесінде жас ұрпаққа жеті шартты естен шығармау керек екенін айтады. Олар: ана тілін білу, дінін сүю, тарихын үйрену, түрік ұлтын құрметтеу, бағалау, ұлтқа қызмет ету, өз ұлтының мәңгі екенін естен шығармау. Осы айтылған шарттарды үнемі есте ұстауды, соны орындауға шақырады. Міне, патриоттық, ұлтжандылық дегеніміз осы депті. Түрік жазушысының осынау керемет сөзін ту қып ұстаған Бекен елінің жарқын болашағы үшін шайқасқан Махамбет пен Шотан сияқты ерлердің ерліктерін, ел мүддесі үшін жасаған істерін қаламына арқау етеді. Мұнда елдің елеулі ерлерінің ерліктері арқылы жас ұрпақты патриоттыққа, ерлікке, елін-жерін сүюге тәрбиелеуді нысана етіп алғаны байқалады. Ал, осындай сарында жазылған шығармаларды оқыған әрбір жас тәуелсіз еліміздің патриоты болары хақ.

Бектұр Төлеуғалиұлының қаламынан туған тарихи шығармаларға шамалап болса да талдау жасай кетсек артық болмас. Жазушының жазған дүниелеріндегі Шотан батыр да, Махамбет те халықтың жанында сақталып, жүрегінің төрінен орын алған қаһармандар. Айталық, «Бас сардар» атты роман-эсседе Шотан батыр бірден бас сардар болып шыға келмейді. Ол да бала кезінде ауыл арасында асық ойнап, тайға мінген. Жасөспірім шағында көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық өнердің қыр-сырын меңгеріп өседі. Ал, «Балдағы алтын ақ болатта» Махамбет батырлығымен кабат қазақтың саз, сөз өнерлерін жаттап, ақындық қасиетін жетілдіре түседі. Бұл кейіпкерлердің бейнелері шығармада жан-жақты сомдалған, олар сөз бастауға да, қол бастауға да, тіпті, қажетті жерінде әдіс-айланың да шебері бола алады. Ал, ақыл мен сабыр сияқты қасиеттерді автор батырлардың бойына табиғатынан дарыған деп суреттейді. Соның бір мыса-

лы, «Бас сардардағы» ер Шотанның ұрыстағы қайраты мен ерлігін суреттегенде былайша өріледі: «Артына ерген жасақтары тастай түйіліп, Шотаннан бір елі қалмастан жау ортасына кірді де кетті. Шотан бастаған адайдың алты жүз жігіті қалың қамысты жапырып келе жатқан құйын сияктанып, жаудың орта тұсының ұйпа-тұйпасын шығарды. Анда-санда шұбардың шапшығаны мен үстіндегі Шотанның қылышының оңды-солды жарқылы қайта-қайта көзге түсумен болды. Оның жаудың ортасын жарып шығып, оң қапталға көзінің түсе бергені сол еді, есік пен төрдей жерде Бөкенбайдың ту сыртынан желкеден көздеп, найза ұруға жақын қалған еңгезердей қалмақты байқап қалады. Батыр Шотан шалт қимылмен қолындағы найзаны одан бұрын атты. Шотанның қарулы қолынан атылған найза бұрын тиіп, қалмақ кеңірдектен қадалған найзадан өкіріп барып аттан құлап түседі. Сонда ғана болған жағдайды аңғарған Бөкенбай Шотанды көреді. Құлаған қалмақтың кеңірдегіне қадалып тұрған найзасын күшпен суырап алғанда мойнын қолымен басып қорылдаған қалмақ тірі күйінде қала береді. Шотан Бөкенбайға қарап:

– Аға, артыңызды жалаңаш қалдырмаңыз, енді артыңызда мен болатын шығармын! – деді...». Үзіндіден ер Шотанның ұрыс кезінде тек дұшпанмен соғысып қана қойма, сонымен бірге қасындағы арыстанша арпалысып, соғысып жатқан жолдасының да қауіпсіздігін көзден таса қылмайтын қырағылығы байқалады.

Ал Махамбет қалай суреттелген? Қаламгер оның ер тұлғасын суреттей келіп жаңа қырларын ашуға тырысады. Өсіресе, бұрын ескерілмеген Махамбеттің қыстың күні қырауда Каспий теңізінен Маңғыстауға тіке кесіп өткендегі тапқырлығы тартымды да қызықты суреттелген. Шығармада Махамбет жеке бастың қамын ойламайды. Оның ойлағаны тек қана ел мүддесі. Өзінің отбасын ойынан шығарады. Ұмытады. Қысқа ғұмырында рахат көрмейді.

Содан болар Махамбет ақынның:

*Тебінгі терге шерімей,
Терлігі майға ерімей,
Алта малта ас болмай,
Өзіңнен туган жас бала
Сақалы шығып жат болмай... –*

деп ер-азаматтың намысын жанып, қайраттандырып, ұлт мүддесі жолында аянбауға, ел тағдырын отбасы тіршілігінен жоғары қоюға шақырғаны.

Жалпы шығарманы оқыған оқырман қауым өз халқының ерлігі мен елдігін дәріптеу мақсатында жазғандығын сезінеді. Түбек тұрғындары жауынгер, ер, сен тұр мен атайын қырынан танылады. Рас, қазақтың аяқтан тартып, қыңыр пенделері де болады. Бекен осы шығармасы арқылы сол олқылықтың орнын толтыруға қадам басқанын айтуға тиіспіз. Жазушының көтерген жүгі салмақты. Ұлтын сую, ұрпағын патроиттыққа тәрбиелеу деген де осындай қадамдардан тұратын шығар, сірә. Қаламгер Бектұр Төлеуғалиұлының әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін оның еңбектерін оқыған әрбір ойлы адам бірден аңғарады. Туындылардың тағы бір құнды жағы – жазушының ізденімпаздығы. Оның мұрағаттардағы сирек қолжазба қорларынан тың деректерді тауып, пайдалануымен қатар, ел ішіндегі кәрі құлақ шешіре ақсақалдардың әңгімесін көп тындағаны тарихи шығармаларды жазуына көп пайдасы тигендігі байқалады.

Қазақ халқының сан ғасырдан бергі тарихында асыл қасиеттерімен, ел қорғаудағы батырлықтарымен халықтың жадында мәңгі сақталған, тағдырлары ел тағдырымен біте қайнасып, нәзік тіндей бірге өрілген тұлғаларды дәріптеуге, олардың ерлік істерін зерделеуге кеңестік кезеңде солақай саясаттың тұсау салғандығы да жасырын емес. Дегенмен елдің дербестікке қол жеткізіп, тәуелсіздік таңының атарын болжай білген қаламгерлер де болады. Сондықтан да олар өз шығармашылықтарында тарихи тақырыпқа қорықпай барды. Солардың бірі Бектұр Төлеуғалиұлы еді.

Ел ағасы – ардақты ұғым. Бұл жасаған жастың мөлшеріне, беттің әжіміне, сақал-шаштың ағарғанына берілетін ат емес, төгілген тер, сіңірілген еңбекке арналған құрмет. Ел дегенде алдымен табиғи қарапайымдылық қасиетті бойына дарытқан дана халқымыздың «Елу жылда ел жаңа» деген мақалы ойға оралады. Осыдан елу жыл бұрын кеңестік жүйені дүрілдетіп тұрған кеңес өкіметі келмеске кетті. Қазақ халқы дербес даму жолына түсті.

Бектұр ағамыз құрметті демалысқа шықса да, ұлт мүддесі үшін қызмет етуін тоқтатқан емес. Елдегі кенже қалып келе жатқан қазақ тілі мәселесін көтеріп жүр. Ол Ақтау қаласындағы «Қазақ тілі» қоғамын басқарады. Сонымен қатар Облыстық еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасының орынбасары әрі «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Маңғыстау облысы бойынша арнаулы өкілі қызметін де атқарады.

Бекен ерен еңбегі, қажырлы қайратының арқасында Маңғыстау өңірінде ел құрметтеген азамат болды. Ақтау қаласының және Маңғыстау ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегері.

Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен үш рет марапатталды. Оның осындай мәнді де мағыналы ғұмыры тек өзіне ғана тән тектіліктің, зиялықтың нәтижесі деп бағалаймыз.

Белгілі қоғам қайраткері Бектұр ағамызға зор денсаулық, баянды ғұмыр тілейміз.

Мұхитдин САЛҚЫНБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты.
«Ақиқат» журналы, №1, 2010 жыл

* * *

БАТЫРЛЫҚ ПЕН БАТЫЛДЫҚ
(жазушы Бектұр Төлеуғалиұлы – 70 жаста)

Сен, сен, сен едің,
Белгілі арғы сүйегің.
Желі тартып жатасың,
Махамбеттей бабаңа
Қорғаған жердің сүйемін,
Хандар менен сұлтанға
Демеген басын иемін.
Сені де осал демедім.
Тіке тартқан батырға
Жүні бар-ау жүрегің?!
Патриот-ақын атанған
Махамбетті білемін.
Екі жүз жыл өткенде
Атқа қайта мінгізіп,
Ақ болатын ұстатып,
Құрыштай еттің білегін!

Адайда Сардар атанған
Шотандайын ерімнің
Алла берген тілегін,
Әр қиырдан тірнектеп
Жинадың оның дерегін.
Ізінің тауып сілемін
Түсіпте оған жүдедің
Басына да түнедің.

Ерінбеген еңбекпен
300 жыл өткен Шотаным,
Бас сардардай сомдалып
Сілкінтті туған түбегін!

Тағы да карап жатпадың
Қоңыраулы қалам қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Адайға қарай жол тарттың!
Адай деген аруақ –
Батылы ешкім жетпеген,
Суға салса кетпеген,
Қылыштаса өтпеген.
Таныса Адай атанған,
Танымаған шаталған,
Бұрыннан бейне сомдалған,
Тіреседі көкпенен
Өсектейді еппенен...

Қанша тентек болса да
Орынсыз көже төкпеген.
Сүйер ұлдың озалдан
Аты сірә көп деген.
Кім ойлаған шынында
Адайды жазар жазушы
Шығады деп Шетпеден.
Ақсұңқар құстың сойысың
Осындаймен көрінген
Батырлық, Батыл, тек деген!

Жақсыларға еп едің,
Жамандарға көп едің,
Қарадан хан атанған
Нұрсұлтан басшым келгенде
Айқара ашып құшақты
Маңғыстау халқы атынан
Құттықтаған сен едің.

Сен, сен, едің сен едің,
Жүрегіңнің жүні бар
Шалдардан жеткен көзі едің,

Айтылмаған сөзі едің!
Батырлық, батыл бойыңда
Патриот Бектұр деп едім!

Жетпіске келген жасыңда
Мерекеңмен құттықтап,
Осы еді ғой, шырағым
Айтайын саған дегенім!

Бесінбай БЕГЕНІШ,

ақын, ардагер ұстаз,

Халық ағарту ісінің үздігі.

«Маңғыстау» газеті, 28 қаңтар, 2010 жыл

* * *

ӨМІР КҮРЕСІНДЕ ШЫНДАЛҒАН

Бекеннің «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесін қолымызға алғанда «Япырай, рулар бәсекесінің бәйгесіне бұл ағамыз да ат қосты ма?» деген күмән қылаңдап, көкейімізде көлденендегені рас. Қуанышқа орай, оқи келе ол күдігімізден айықтық. Жазушы басқа тараптан із кесіпті. Қазір көптеген ру «тарихшылары» өз ата-тегін таратқанда Адам-ата, Хауа-ананың ар жақ-бер жағынан қайырып жүр. Мұндай рекордтық көрсеткіштен кейбір адай шежірелері де құралақан емес. Т. Жаңбыршин қария айтқандай, олар адайлардың тегін біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырда Каспий сыртын мекендеген «дайлардан», «дахтардан» шығарып, парсы патшасы Кир екіншінің басын қан толтырған меске салып, еліне жіберген массагеттердің патшайымы Томирисі «біздің апамыз, адай қызы екен-мыс» деп әңгімені ары қарай ертегіге айналдырып жібереді. Б. Төлеуғалиев осы сұрлеудің сорабымен кетпей, көптеген архивтерді ақтарып, көз майын тауыса іздену нәтижесінде басқаша қисынға жүгінеді. Қазіргі адайлардың түп атасы – Адай батыр дегенге атбасын тіреп, сол тұжырымын тиянақты дәйектермен дәлелдейді. Романның бас кейіпкері Адай батыр – нақты тарихи тұлға. Қазақ Ордасының Керей мен Жәнібек ханның ту ұстаған батыры. Оны заманның өзі туғызған. Жастайынан ел тағдыры сынға түскен небір күрмеуі қиын уақиғалардың қайнаған ортасында жүріп ширап, шындалып өсті. Дара бітім, даналығымен көзге түседі.

Кейіпкердің өмір жолы арқылы қазақ тарихына тікелей қатысы бар арғы-бергі оқиғалар кеңінен сараланып, қызықты баяндалады. Әсіресе кітаптың негізгі екі бөлімі тартымды оқылады. XIII ғасырдан бастап Бұрындық, Хакназар хандарға дейінгі кезеңді камтитын бұл тарауларда сан қырлы оқиғалар адай тарихымен сабақтаса өрбін отырады.

Керей мен Жәнібек Көк Орда билеушісі Әбілқайырдан ірге бөліп, Қазақ Ордасын құрғаны мәлім. Осынау тарихи кезеңде Адай батыр өзінің қонысымен Жәнібектің қасынан табылып, жаңа ұйысқан қазақ мемлекетінің шаңырағын көтереседі. Қанды балақ, шұбар төс Әбілқайырдың іргелі бір ұлысты оңайшылықпен уысынан шығара қоймасы белгілі. Айлакер, әккі билеуші тіс-тырнағымен жабысып, жанталасып бағады. Осы тұста жалпақ жұрттың Керей мен Жәнібектің айналысына ұйысуының мән-маңызы зор екенін елден бұрын түсінген Адай батыр ақ найзаның ұшымен де, ақыл-парасаттың күшімен де айрықша қажыр-қайрат, көрегендік танытады. Кекжигеннің басын идіртіп, тірескеннің тізесін бүктіріп, қан майданда қасарысқан жауының кеңірдегіне найза тіреген жойдасыз ерліктерімен қатар оның ел арасына ара ағайын боп жүріп, қасты дос қыла білетін саяси шеберлігі, дипломатиялық даналығы осы сөзімізге дәлел. Автор шығарманың өн бойындағы оқиғаларға өз қиялынан ештеңе қоспаған. Тарихи деректермен қоса ел жадындағы әңгімелерді жаңғыртып әдемі киюластыра білген. Мәселенки, парсы саяхатшысы Әл Ибн Бахуридың «Алғашқы қазақтардың бірігуі» атты жазбасында: «... Сол кездегі ұрыстың немесе басқа да келіспеушіліктің өте қиын тұстарында Жәнібек хан үнемі шешілмей тұрған түйінді шешуге, жеңілмей тұрған жауды жеңуге Алшынның Адайын жұмсап отырыпты» деуі осынша ерлік жасаған жанның ойдан шығарылған аңыз емес, нақты тарихи тұлға екеніне оқушының көңілін иландырып, сенімін шегелей түседі.

Біздің бұл қысқа қайырған шолуымыз мол табыспен жетпістің мерейлі биігіне қадам басқан көрнекті қаламгердің көкірегіндегі қордалы қазынаның шым-шымдап сыртқа шыққан шет-пұшпағы ғана. Кенеріне толып, кемеліне келген асыл ағаның алдағы уақытта әлі де талай құнарлы туындылармен ел-жұртын қуанта беруіне Алла тағала нәсіп етпей деп тілеймін.

Бекенді өткен ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап таныл біле бастадым. Ол кезде ағамыз 40 жастағы жігіт екен ғой, шіркін-ай десеңіші! Біз де жас болдық. Онда Маңғыстау аудандық комсомол комитетінде екінші хатшы болып жасайтын едім. Бектұр Төлеуғалиев деген кісі Маңғыстау аудандық партия комитетінің өнеркәсіп

және транспорт бөліміне басшы болып келді деген хабар лезде тарап кетті. Оның алдында Бекең қазіргі Жыңғылды ауылындағы Куйбышев атындағы совхоздың партия комитетінің хатшысы болып жасайтын еді.

Совхоз директоры, партком хатшысы дегендер ауыл шаруашылығы аудандарындағы халық құрметтейтін, аудандық, облыстық, Орталық партия Комитеттерінің номенклатураларына енгізілген жоғары лауазымдар болатын. Ондай лауазымдарға кез келген адам бара алмайтыны өзінен-өзі түсінікті болуы керек. Қысқасы, партияның қырағы да талғампаз сүзгісінен бірнеше қайтара өткізілетін-ді. Осындай басшылардың көбі әрі-беріден соң жас кадрлармен, төменгі лауазымдағылармен көп сөйлесіп жатпайтын еді. Мүмкін уақыттары болмайтын шығар деп ойлайтынбыз. Әй, қайдам, ол да лауазыммен бірге келіп, кейбір жандардың бойына енетін дерт болуы керек.

Ал Бекең қашан көрсең де қарапайым, ашық, кез келгенмен тіл табысып, әңгімеге тартып, шүйіркелесіп кете баратын және қазақтың мәймөңкесіз қара тілімен турасын айтып тіліп те түсетін, ақжарқын эзілімен орайын келтіре ойып та алатын қасиетімен де біреуге жақты, біреуге ұнамады.

Мен Бекенді алғашқы кездерден-ақ осы бір қасиеттері үшін және бауырмалдылығы үшін қатты сыйлап, өз ағамдай көріп кеттім. Кейін байқасам, бұл қасиеттер, яғни жігерлік, шешімділік, қажет болған жерінде бірбеткейлік, сонымен бірге адамгершілік пен бауыры жұқалық, қарапайымдылық пен ақжарқындық қасиеттердің қатар жүруі оның жастайынан басына түскен ауыртпалықтарды жеңе білу, өмір күресінде өз орнын өзі табуға ұмтылудан қалыптасқан болар деп ойлаймын.

Аудандық партия комитетіне бөлім бастығы болып келгеннен кейін мені бөлімге қызметке шақырудан жалықпады. Сөйтіп, 28 жасымда 1981 жылы партиялық жауапты қызметке ауыстым. Яғни, партия тезіне салып, өмірлік тәжірибе жинақтауымда тәлім-тәрбиесімен көмектескен алғашқы партиялық ұстазым Бекең болды, тұсауымды кесті, тұмылдырығымды шешті. Комсомол жұмысының қазанында қаншама қайнап, пісіліп шықтым дегенмен, сол кезеңнің, яғни өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы «кемелденген социализм орнату» дәуірінің дәстүрге айнала бастаған әдетінің салқыны ма, нақты жасалған жұмысқа аздап та болса өтірікті қыстыра салу жаппай орын ала бастағандай еді. Әсіресе, комсомолдың қызметінде романтика басымырақ болатын. «Міндетеме алдың – орында, жарысқа түстің – озып шық» ұраны пайғамбар хадистерінен де ілгері саналған комсомол уставы талаптарының біріндей саналып кетті. Шаруашылықтар

мен шаруашылықтар арасында, аудандар мен аудандар арасында қалай да озып шығуға ұмтылу комсомол жұмысының принципіне айнала бастады, іштей жасырын тартыстар белең алды. Осындай жағдайға Одақ пен Республика комсомолының жеңімпаздарды марапаттап отыратын ауыспалы Қызыл Туы да итермелей түсті. Осыдан барып өтірік көбейді, жасалмағанды жасалды деу, болмағанды болды деп көрсету етек алды. Кейіннен, Одақ басшылығына Ю. Андропов келіп, Өзбекстанның өтірік мақтасының, тағы да басқа партиядағы ағаларымыздың былығын ашқанда, комсомолдағы «іс-әрекетіміз» үшін ұяты барлардың өз-өзінен шиесей болғаны рас. Осы жерде Бекең басқарған аупартком бөлімінің табалдырығын аттаған алғашқы күндеріме кері шегініс жасап, айтқым келгені, бұндағы жұмыстың мазмұны да, стилі де комсомолдан өзгереді болып шықты. Нұсқаушы деген кішкене лауазым болғанмен, Бекең маған күн сайын және апта қорытындысымен аудандағы барлық өнеркәсіп және транспорт мекемелерінен жинақталып отыратын ақпараттық мәліметтерді ешқандай именбестен, сол мекеменің бірінші басшысымен күн сайын сөйлесіп, тікелей өзінің аяқтай келіп тапсырып отыруына жетісуімді тапсырды. Әуелгі уақытта мені «комсомолдан келген шикі өкпе ғой, не қыла қояр дейсің» деп мойындағысы келмеген бір-жар басшының көкірегіні мұздай су құйғандай қылып, сабасына түсіріп бергенін әлі ұмытпаймын. Бекең кабинетте отырып жаман үйренесің, кәсіпорындарға апта құрғатпай шығып тұр, жұмысшылардың жұмыс орындарымен таныс, партия жиналыстарына қатынасып, сөз сөйлеп, партия саясатының талаптарын түсіндіріп кел, мына бір жұмысшы арызын жерінде тексеріп, жағдайға көз жеткізіп қайт деп үнемі жұмсап отыратын. Ал, ақпараттар немесе партия жиындарында сөйленетін баяндамаларға құжаттар әзірлегенімде – комсомолдық поэтиканы ұмыт, партиялық ресми тілдің өз стилі болады, мінекей, былай жазу керек деп оқытатын. Осылардан кейін, санаңда бірдемең болса, үйренбей кара. Жұмысты ұйымдастыра білу де, қарамағындағылардан жұмысты талап ету дағдысын қалыптастыру да, сондай-ақ, жасалған жұмысты көрсете білу де өнер. Ал, өнерді үйренуге ұмтылу – парыз. Басшылардың сипаты, мінез-құлықтық қасиеттері жөнінде әртүрлі әдебиеттік шығармалар да, ауыз-екі әңгімелер де жеткілікті ғой. Солардың ішінде, бір ағамыздың: «Қарағым, басшының бір түрі болады: өзі біледі, білгенін әуелі бағыныштыларына үйретеді, содан соң олардан талап етеді; екінші бір түрі болады: өзі тырнақшаның ішінде «көп біледі», бірақ, бағыныштыларын ештеңеге де үйретпейді, тек талап ете береді» – дегені жадымда. «Шындығында, білім-білігі тайыз болса, несіні

үйретесін, «бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампитардың» арамтер болған кейпі-дағы, оқып үйренуден жалықпа, қарағым», – дегенді еді-ау, қайран да біздің ағалар.

Өкінішке орай ма, әлде қуанышымызға орай ма, Бекең бұл қызметте көп отырмай, қазіргі Шайыр ауылындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» совхозына директор болып жоғарылап кетті.

Ол жерде де ол өзін іскер басшы, шаруаның білікті ұйымдастырушысы ретінде көрсете білді.

Кенес заманында кеңшарларда, ауылдарда, аудандарда, облыстарда жұртшылық жиындары, партия жиналыстары, одан да басқа басқосулар болып, онда өмірлік маңызды деген мәселелер талқыланып, басшы да, қатардағы қызметкер мен қарапайым жұмысшылар да өз пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын айтатын. Сын тезіне салатын үрдіс бар болатын. Қазір осы дәстүрді қайта жаңғыртатын, көпшілік пікірін де есепке алатын кез келген сияқты.

Осындай жиындарда өз ойын бүкпесіз ортаға тастайтын шешендердің бірі Бектұр ағамыз еді. Мезгіл-мезгіл орталық баспасөздерге дейін шығып, көкейкесті мақалалар да жазып тұратын-ды. Байқасақ, қаламға құштарлық, жазу өнері кез келгеннің маңдайына жазылмаған жазушылық талант қайнарынан шығып жатады екен ғой. Кейіннен Бекең екеуіміз өмір-өзен ағымымен Ақтау қаласына жұмыс ауыстырып келгенімізде де бір-бірімізді тағдыр өзі жақындатқай боп, жұмыс бабымен тағы да аралас-құралас жүрдік. Оралхан Бөкеев атындағы дәстүрлі республикалық тілдер байқауының аясында облыста тілдер апталығы мен облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының мемлекеттік қызмет ауқымына жатса, Бекең Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы ретінде осы апталық байқаудың дiттеген дәрежеде өткізілуіне тұрақты белсенділікпен қатысып отырды. Облыстық ақпарат басқармасын басқарып жүрген жылдарымның бірінде «Жұлдыз» журналының бас редакторы, белгілі жазушы Мұхтар Мағауиннен Маңғыстау облысынан меншікті тілшілікке қабілеті қарымды, қаламы жүйрік журналист іздейтіндігі жөнінде сәлем хат келіп түсті. Шыны керек, көп ойланып жатпастан Бекеңе қоңырау шалып, келісімін алдым. Себебі, ол әркез «Жұлдыздың» кезекті нөміріне шыққан материалдар жөнінде әңгімеге тартып, осы нөмірді сатып алсаң өкінбейсің деп, ұдайы жанашыр болып жүретін еді. Сөйтіп, Бекең қазақтың маңдайына біткен бірегей де белгілі басылымның облыстағы меншікті тілшісі ретінде күні бүгінге дейін ұйымдастырушылық та, шығармашылық та жұмыстарымен оның өміршеңдігіне өзінің сүбелі үлесін қосып келеді.

Еңбек ету бар да, оның жемісін теру, әділ бағасын алу бар. Еңбегің еш, тұзыңның сор болғанынан сақтасын. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дейді. Бекен өз халқы тарапынан еңбегіне лайықты бағасын алған кісі. Өзі көп жылдар еңбек еткен Маңғыстау ауданы мен облыс орталығы Ақтау қаласының «Құрметті азаматы» деген мәртебе кез келгенге беріле бермейді. Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев та мәдениет пен әдебиет, өнер мен спорт ардагерлеріне, еңбек майталмандарына үнемі үлкен құрмет, қамқорлықпен қарап келе жатқанына бәріміз де куәміз. Ел разы деп есептеймін. «Айтпаса сөздің атасы өледі» деген бар, айтуға тура келген соң айтып отырмын. Осындай құрмет пен қамқорлық Бекеннің азаматтық қалпы мен жемісті еңбегіне де көрсетіліп келе жатқанын айтуға тиістімін.

Ағамыз бүгін жеңгемізбен жарты ғасыр бірге ғұмыр кешіп, жеңісті де жемісті 70 жасына жайсаң күйінде, аман-есен, абыройлы, ұл-қызын өсіріп, немере сүйіп дегендей жағдайда жетіп отыр. Шын жүректен ақжарыла құттықтаймыз, қуанамыз. Ұзақ ғұмыр тілейміз. Жаңа шығармалар күтеміз.

Мұқанбет ЖҮНБАСОВ,

Ақтау қаласы.

«Маңғыстау» газеті, 28 қаңтар, 2010 жыл

* * *

ТӘЛІМІ МОЛ МЕРЕЙТОЙ

немесе сапардағы туған үш өлең

Менің байқағаным, «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары, белгілі жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың әріптес ағасы Бектұр Төлеуғалиевты елден ерекше құрмет тұтатындығы. Оны – маңғаз басып Маңғыстауда тұрып жатқан жазушының 70 жылдық мерекесі қарсаңында «Егемен Қазақстан» газеті мен «Жұлдыз» журналында жарияланған «Қазыналы қария» очеркінде өзіне тән көркем тілімен тәгілдіріп жазды да. Сол очерктен «көңілінің түбінде бедерленіп бекіп қалған» ағасының жақын қалған тойына баруға қамданып жүрген болар деген ой да болған. Әдетте, мұндай ел құрметіне бөленіп, жақсы тірлігімен жетпіске толған ақсақалдар тойына, өзі құрмет тұтар інілерімен бірге, атағынан ат үркетін жазушылар да ықылас танытып, топты

көбейтіп жататыны бар ғой. Құданың мынасына қара, ойламаған жерден мені сол Тұрысбек бауырымның өзі шақырып алып:

– «Бәке жолға дайындалыңыз, Жазушылар одағы мен «Жұлдыздың» атынан құттықтап, өзіміздің Бекеңнің тойына Сіз баратын болдыңыз», – дегенде алғаш не дерімді білмей де қалдым. Ойлағанға – оңай шаруа емес, жауапкершілігі бар үлкен сенім. Қазақ жазушыларының қара шаңырағы атынан жазушы тойына барған соң, қолтығыңа қыстырып жіберген құттықтау хат пен иығына жабар Одақтың шапанын тапсырумен қатар, құрмет тұтып барған жаныңның еңбегіне орай, мерейін тасытар өз тарапыңнан жүрекжарды жылы лебіңді білдіруің керек. Ол үшін жазушы еңбектерін аз-кем болсын қайта зерделеп қарап шығуың ләзім. Уақыт болса қысқа. Үш күннен соң – жол.

Менің ұққаным, Бектұр ақсақал жазушылыққа кемел жас алпыстан соң бет бұрып, соңғы бес-алты жыл көлемінде берекелі жұмыс жасап, «Балдағы алтын ақ болат», «Бас сардар» және «Адай тарихы сыр шертеді» атты көлемі бірінен-бірі өтер үш роман-эссени оқырманға ұсынуы. Осындай аз уақыт ішінде мұндай комақты тірлікті кәнігі деген мықты жазушылардың өзі игеруі оңай шаруа емес. Кітаптардың бас кейіпкерлері де онды-солды, артық-кем жасанды көтермелеуді қош көре бермейтін, қазақ тарихынан ойып тұрып өз орындарын алған қас тұлғалар. Алғашқы романы «Балдағы алтын ақ болат» Исатай батырдың серігі, әйгілі ақын Махамбет туралы болса, «Бас сардар» романында Бұланты, Анырақай шайқасында қас батырлар Қабанбай, Бөгенбайлармен қатар найза шаншысқан, Әбілқайыр хан қосынын бас сардары Шотан батыр Назарұлының ерлігі паш етіледі. Ал үшінші «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесінде Қазақ Ордасының шанырағын көтерген Керей мен Жәнібек ханның ту ұстаған батыры, қазіргі адай ағайындардың түп атасы Адай батырдың даналығы мен даралығын тиянақты дәйектермен сомдаған. Ел-жер, көне мәдениет тарихына келгенде жазушы нағыз қоңыр жорға, сырғытып отырады екен. Бекеңді қалың елге жазушы ретінде мәшһүр еткен де, менің байқауымша, кесек-кесек қалпында өмірге келген осы үш романы. Қазір осы үш романымен қаламгер Төлеуғалиевті бүкіл қазақ мойындап отыр.

Біз мінер ұшақ Ақтауға жұрт тәтті ұйқысын қимайтын кезде, таңғы сағат жетіде көтеріледі екен. Аэропортта осы тойға «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан арнайы шыққан, осы ұжымға қарасты «Ана тілі» газетінің бас редакторы Самат Ибрайым ұшырасты. Бұрыннан сәлеміміз түзу Самат кезінде осы

облыста «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде дүрілдеген тілші болды. 1989 жылғы «Жаңаөзен оқиғасының» қалың ортасынан көрінген қаһарман ініміз. Бүгінгі Маңғыстаудың да тыныс-тамырын маған қарағанда дөп баса білетін азамат. Барар жерінді бақайшағына дейін білетін осындай азаматпен серік болу қандай ғанибет. Білмеген жайттарыңа қысылып қымтырылмайсың, білетін серігің бар. Ұшақ салонындағы екеуміздің орынымыз екі жерде жолда болған соң, ішке кіре тәтті ұйқы өз құшағына алып, жұмылғалы көз іліне кетті. Күн ұзақ Бекеннің кітабымен кейіпкерлері туралы ойланып жүргеннен соң ба, мен көзім іліне батыр тұлғалы бір қарияның жетегінде кеттім...

Ұшақтан түскен сонда, сол ілескен елеспен ағамыздың өз шаңырағының табалдырығынан аттағанда, сақалының жоқтығы болмаса, қарына ілген шоқпарды ұршыққа иірет, жілік майы жігерлі, болмысы шымыр Бектұр ағамыз өзінің жігерлі құшағына тартқанда, мына бір өлең шумақтары ойға әдемі оратылды.

*Аққудай алып ұшып сезім-үміт,
Ұшақта кеткендей бір көз ілініп...
Алдымнан айбаты зор атқа мінген,
Ақсақал қолын созды көзі күліп.*

*Өзі бір тұнып тұрған шежіре екен,
Тарихты қозғағанда сөзі бөтен.
Аңызын Адай батыр естуші едім,
Білмеймін әлде соның өзі ме екен.*

*Керей мен Жәнібек хан әңгімесі,
Тұтасып кеткен бірге жан дүниесі.
Солармен бір болмаса шежіре айтар,
Мұншалық қайдан болсын пәнде үлесі!*

*Тарихқа ауысқанда Үстірттегі,
Жаңғырды Жайық пенен Еділ кегі.
Шырылдап Сарайшықтан шыға келді,
Бас Сардар Шотан батыр, Назар тегі.*

*Жармақ па бір қарасам жанымдағы,
Кәдімгі Махамбет боп табылғаны.
«Еділдің ен тоғайын ел етуге...»,
Батыр боп шықты Иастай жанымдағы...*

*...Басы жоқ, «балдағы алтын»,
Тұманданды...
Есітіп шын тарихты құмар қанды...
...Сергітті «Жеттік» деген сөз сол кезде,
Аққудай Ақтау көзге мұнарланды...*

*Рахмет Алматының ұшағына,
Білмеймін, нұр-пыраққа ұсады ма,
Ақтауда,
Ақсақалдай бірге келген,
Мен тұрдым Бектұр аға құшағында...*

Ақын үшін өлең – перзент. Жүректен туатын сүйкімді перзент. Оның да туылған күні, өзіне тән тарихы болады. Бірі ауырлау келсе, енді бірі жұп-жұмыр болса да, жеп-жеңіл туылып жатады. Бұл өлеңді де өмірге өз тарихымен осылай келді. Жалпы, жақсы сезім жақсы өлеңді өмірге әкеледі ғой. Оның үстіне 360 әулиелі, Бекет ұранды Маңғыстаудың киелі жеріне қадам басу, біз келгенше соңғы қырық жыл көлемінде жаумаған қар басып жатса да, ерекше бір жылылықпен қарсы алғандай болды.

Бектұр ақсақалдың үйінде облыс әкімінің кеңесшісі, облыс әкімі жанындағы облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, белгілі мемлекет қайраткері, тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбаевпен ұшырастық. Астанадағы Елбасы Жолдауы жиынына кеткен облыс әкімі Қ. Көшербаев ініміз жол сапары алдында жазушы Б. Төлеуғалиевке байланысты мерекелік салтанат жиыны мен той дастарқанын жүргізуді тікелей осы азаматқа тапсырыпты. Қара тілдің жорғасы екен. Сөз дорбасының емес, қанарының аузы сөгілгендей, әп-сәтте біраз әңгіме төгіліп, төгіліп кетті... Дастарқан басында Бекеннің әйелі Төрехан жеңгеміз бен той қамымен байыз таппай жүгіріп жүрген өз кемерлерінен шыққан, бүгінде жеке-жеке үлкен жанұя болып үлгірген алты ұл, үш қыздарымен де таныстырып үлегерді. Адам баласына баладан үлкен байлық, баладан үлкен бақ бола ма?! Жеңгеміз қамырдан қыл тартқандай, сабырлы жан көрінді.

– Кемпірінің соңғы кезде бауыры ауырыңқырап жүрген соң, балаларым менің 70 жылдығыммен қатар, екеуміз қосылған 50 жылдық алтын тойымызда да қоса атап өткенді мақұл деп тауып, бір тойға екінші тойды жалғастырып жібергелі отырмыз. «Құтты қонақ келсе қой егіз табады» демекші, осы той қарсаңында жаратушымыздың тартуындай үшем немереміз Сымбат, Сара және Сәуле өмірге келді. Шүкір, шүкір деймін. Құдайым қаласа сендер де бір тойдан соң, бір тойдың мейманы болғалы отырсыңдар», – деген Бекеннің әңгімесі үй

іші, от басында болып жатқан қуаныш шуағын біздің де көңілімізге екендей болды.

70 жылдық салтанат қала орталығында Н. Жантөрин атындағы мәдениет үйінде өтті. Салтанатты жиын басталмас бұрын Б. Төлеуғалиевтің өмір жолынан түсірілген көрініс, осыдан төрт жыл бұрын, 2006 жылы Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Маңғыстау халқымен кездескен актив жиналысында сөз сөйлеген жазушы, зор сабырлылық сақтап, өз сөзінің соңында өнегелі уәжбен қалқан сахна төрінде төс түйістіріп, құшақ қауыстыруы болды. Осы бір есте қаларлық ерекше көрініс сол жылдың наурыз айында «Жұлдыз» журналында жазушының сол жиындығы сөйлеген сөзімен толық басылған да болатын. Бірақ бейне фильмдегі мына жанды көрініс, маған бұрынғыдан да тереңірек ой салды. Елбасын үлкен зал сахнасында аялы шапалақ көмген зор қошемет үстінде бұлайша шығарып, ел алдында төс түйістіріп құшақ түгілі, үлкен кісінің қолын алып немесе ұзақтан көргенін ұзақ уақыт жыр етіп тауыса алмайтын талайларды көріп жүрміз ғой. Бұлай жасау үшін барыс жылында туылған Бекендікіндей үлкен жүрек керек.

Бекеннің бұлайша жарасымды түрде Елбасы құшағы құлпының кілтін табуы ұзамай-ақ түсінікті болды. Жазушымен болатын кездесуде Ақтауда тұратын ақсақалдар тобы мөрлерін бұзбай түгелге жуық қатынасты. Қандай жарасымды көрініс. Бәрі маңғаз, бәрі паң. Аз сөйлейді, көп тыңдайды. Барлығы бір кісідей өз замандастары, сөз шебері Бұқтұрға құрмет көрсетіп келіп отыр. Сөздерін айтсайшы, алтын асықтай. Барлығы өз кезінде осы Маңғыстау облысын көркейтуге еңбегі сіңген марғасқалар. Осы отырған қалпында біразының кеудесіне, бүгінге дейін Елбасы мен Әбішке ғана бұйырған «Маңғыстау облысының Құрметті азаматы» атағын қадап жіберсе жарасып-ақ кеткелі тұр. Айтулы азаматтарға берілуге тиісті осы бір құрметті атақтың облыста тіршілік етіп жатқан осындай аптал азаматтарға күні бүгінге дейін берілмей келе жатуы ойланарлық-ақ мәселе екен... Араларынан өзім алғаш 1984 жылдың мамыр айында Бейнеу ауданында болғанда, белгілі жазушылар Кемел Токаев, Маршал Әбдіхалыков, Темірхан Медетпековпен бірге жүрген жерінде танысқан Дүйсенбі Әріпов ағамды көзім шалып қалды. Бүгінде жасы 77-ке келген ел ағасы ол кезде сол берекелі Бейнеу ауданының бірінші хатшысы болатын. Мен «Қазақстан» телеарнасында қызмет жасайтынмын. Бес жыл қатарынан Бүкілодақтың социалистік жарыстың жеңімпазы атанған ауданға жыл қорытындысымен берілетін ауыспалы Қызыл Ту Бейнеуге мәңгілік ескерткішке қалдырып, сол тәжірибені елге насихаттау үшін барған бола-

тынбыз. Аудан орталығына әдемі алтыбақан құрғызып, ауыл жастарының көңілді кешін хабарға түсіргеніміз әлі күнге көз алдымда. Өз еңбек жолын аудандық газеттен бастаған Дүйсекеңмен сол сапардан соң жап-жақсы араласып, ұзақ уақыт хабарласып тұрғанмен, соңғы жылдары қол үзісіп қалған едік. Дүйсекең өзім көрген сол сыйлы да сабырлы қалпын сақтапты. Кейінгі кезде елімізде байыз табар жер таппай жүрген, қарттарға ғана жарасар осы бір сұлу да сұңғыла қасиет, осы әулиелі жер қарттарының жандарына келіп, жарасымды тұрағын тапқан сияқты. Абай айтқан «бұрынғының арты, кейінгінің жарасымды қарты», міне, осылар. Мен мұны неге айтып отырмын, ауруын жасырғанның арты ашылады демекші, соңғы кезде Алматыда жүріп пәтуәлі қарттардың осындай жарасымды топ болып бас қосып жүргенін көрген емеспін. Көрген былай тұрсын, кешегі ел ағасы болған ақсақалдарымыз, балалары бола тұра, қарттар үйінде бас сауғалап жүргенін көргенде, жыл өткен сайын сондай «мақтанып айтар» үйлер саны көбейіп бара жатқанын естігенде, «Осы қарттардан тәрбие алған балалар ел басқаруға араласып жатса, қайран қазақ, ертеңіміз не болар екен?...» деп қалың ойдан шыға да алмай қалатын кездеріміз бар. Әрине, осы бір жылы көріністен соң Ақтаудағы осыншама зиялы қарттардың көңіл кілтін тапқан Бекендей елі сыйлаған азаматқа, Елбасы құшағының кілтін табу пәлендей қиын емес екеніне көзім толық жетті.

Жетпіс жылдық жиында алдын ала бағдарламада белгіленгендей, белгілі қоғам қайраткері, ғалым Өмірзақ Озғанбаев ашып, облыс әкімінің орынбасары Жауынбай Қараев жазушы творчествосы мен өмірі туралы жан-жақты жарасымды талданған зерделі баяндама жасады. Жасалынған баяндамадан екі нәрсе менің есімде қалды. Бірінші, Бектұр әдебиетке түбегейлі бет бұруын, оның тоқсаныншы жылдардың соңында, Олжас Сүлейменовтың тіл мен адамзат мәдениеті тарихы қатпарынан терең сыр тартар Римде басылып шыққан «Таңбалар тілін» одақ көлемінде жан-жақты талдап, алғаш нағыз әдебиеттанушы ретінде байыпты пікір жазуынан бастау керек деген нақтылы түйін. Бұл пікірмен толық келісуге болады. Аталған шығарма сол кезде «...арғысы әлемдік лингвистикаға, бергісі түркология ғылымына олжа салған оқшау кемел дүние» (Т. Сәукетаев) болды. Осы әлем назарын өзіне аударған күрделі зерттеуге айтулы ғылымдардың өзі тіс батырып пікір айта алмай жатқан кезде, Бектұр ағамыз әдеби тұрғыдан байыпты әрі саликалы пікір жазды. Екінші, Б. Төлеуғалиевтің белгілі жазушы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевпен орта мектепті бір жылда, бір сыныпта бірге бітіруі. Әбіштің 50 күндік үлкендігі бар екен. Екеуі де Ұлы Отан соғысы-

нан қайтпай қалған қыршын жастардың жалғыздары. Батыл айтуға болады, бүгінгі күні қазақ әдебиетінде Әбіштің дәуірі басталып отыр. Кеменгер әрі қайраткер Әбіштің Еңбек Ері атануы Қазақстан Жазушылар одағының абыройын көтерді. Жазушы кеудесіне қадалған Жұлдыз жалпы қазақ жазушыларының мерейін үстем етті. Менің ойымша осы Әбішке қызырдың назары ауғанда, парталасы Бектұрға көбірек айналыңқырап қалғандай. Әбіштің еңбегін елеп Елбасымыз 70 жылдығына кеудесіне Еңбек Ері жұлдызын қадаса, Жаратушымыз Бектұрға шекелері тұмсықтай үшем немере сыйлады. Салыстыр, ағайын, салыстыр да шүкіршілікке кел...

Мерекелік салтанатта Сабыр Адай, Сайын Назарбек, Жаңабай Тілеген бастаған біраз қаламгерлер мерейтой иесіне өз өлеңдері мен жылы лебіздерін арнады. Маған осы салтанатта және ағаның жеңгемізбен қосылғанына 50 жыл толған Алтын тойында сөйлеген ел аналары мен ағамыздың жеңгелері Тұрар, Арухан, Күнше, Бұрыш, Зәуреш пен Жұма әжелеріміз айтқан, құлаққа сирек естілетін, тебіреністері тереңнен шыққан көне жәдігер сөздерге толы әңгімелері ерекше әсер етті. «Бұл сөздердің көбінің мөрін бұзбай мен пайдаланайыншы» деген Самат інімнің өтінішіне орай, естіген сол тілектерден үзінділер келтіре де алмай отырмын. Дегенмен, сол аналардың бірінің аузынан шыққан «Мен ағана адал, сексеннің үстіне шыққан жесір жеңгелеріңнің бірімін. Жесірдің жайын жесір ғана ұғады. Жесір ана еш уақытта өз қайғысына баласын ортақтастырмайды. Сенің анаң Тұржан бір сен үшін жесірлікке көніп, бүкіл өмірін сенін жолыңа сарп етті, өзіңе арнады. Сенің сағың сынбасын деп ерге де шықпады. Алладан сенің амандығыңды сұраумен бірге, сенің соңына ерер ұрпақты, келінінен күтті. Жаратқаннан соны сұрады. Адал жанның тілегі қашан да қабыл болған. Бүгінгі келіншегің тапқан тоғыз бала мен мына немере, шөберелер, кеше өмірге келген үшемнің – сол адал тілектің қайтарымы. Сол жаны таза ананның, өзі қатынаспаса да, бүгінгі тойға рухы қатынасып, риза болып отырған болуы мүмкін. Сен ұзақ өмір сүр, қалқам. Тіршілігімізде ағаларың мен әкелеріңе адал болып өткен біздерді өз қолыңмен сол жаққа жөнелтіп салу енді сендерге жазсын» деген жан тебіренерлік әңгіме, ортаға бойындағы бар сырқатын ұмыттырып, кешегі осы шаңыраққа жас келін болып түскен кезіндегідей Төрехан жеңгемізді шығарды. «Мынадай әңгімеден соң, жеткен жерде қалайын, енеміз бен көзін көрген мына аналардың құраметіне салдым кешегі «Гэккуге» деп, әнші Күләш апасы айтқан әнге басқанда, тойға жиналғандар өз көздеріне сенер-сенбестерін білместей, сілтідей тына қалысты. Бұлбұл көмейден шыққан жіңішке дауысты әсем ән сыңғырлап аққан бұлақтай

жүректерге жол тартып жүре берді... «Сырлы қасықтың сыры кетсе де, сыны кетпейді». Жеңеміз бұдан жарты ғасыр бұрын осы әнімен Алматыдағы республикалық жастар байқауына қатысып, жеңімпаз атанып, бас бәйгеге тиесілі «Радиоланы» жеңіп алып қайтқан екен. Сол сапардан соң, алдында екі жол тұрыпты, бірі – өнер жолы, екіншісі – Бектұрға тұрмысқа шығып бала сүю, ұрпақ өсіру. Жеңеміз табиғи жаратылысқа қарсы келмей, аналық жолды таңдапты. Бұл таңдауынан жаңылмапты... Ақтауға келген күні жеңемізбен ұшырасудан соң кешкілік қонақ үйде мынадай өлең жазылып еді.

*Келін болып аттаған босагадан,
Менің жеңгем болмапты осал адам.
Жарты ғасыр жол жүрген төрге дейін
Сұрайтыным көп боп тұр осы Анадан.*

*Жарты ғасыр жол жүрген жарасымды,
Жарасымды аттай боп таңасулы.
Есік пен төр арасы – өмір зой бұл,
Сол өмірден табамыз бар асылды.*

*Сол асылды кім қалай көреді екен?
Көру үшін керек қой өре бөтен.
Асыл кеуде болмаса тұрақтайтын
Асыл нәрсе бұйдасын бере ме екен?*

*Сол асылды сабырмен бұйдалаған,
Сол асылды гүлдей зып жиган адам.
Қара шалын қолтықтап төрге жетті,
Одан бөтен байлықты жинамаған.
Қара шалға өмірін қиған адам.*

*Басқа нені сұрайсың сыйлы Анадан?..
Беу, дүние-ай...
Келін еді келгенде, керім еді,
Төрге сәлем иіліп беріп еді.
Жарты ғасыр сол төрге салынаған жол
Қайыстай боп бүгінде керіледі.*

*Көзді ашып жұмғандай өткен жалған,
Қамшының сабындай боп көрінеді...
Жарты ғасыр жол жүрген Асыл Ана,
Құтты болсын қол жеткен төрің енді.*

Ұзақ шабар Құлагердей онайлықпен сыры мен түрін бере қоймас қайсар жеңгемізге осындай өлең арнағаным өзіме өзім разы болдым...

«Тымауратып жүр» деп аянышпен қарап жүрген жеңгеміздің осы батыл қадамы қуат берді ме, жарты ғасыр бұрын өзі қатарлы жастардың өнер коллективіне жетекшілік еткен ағамыз Бектұр да, өз кезінде шырқалған екі әнді жеңгемізден соң қысылмай айтып шыққанда жарты ғасыр артта қалған қайран жастық шақ, қайта оралғандай, жұрт үлкен қуанышқа бөленді.

Адам баласы тіршілігінде қуаныштарды мол көру үшін жаратылған. Кереметі сол, сол қуаныштарды көптеп ұйымдастыру да адамдардың өз еншісінде екен. Бұған қосымша, біреудің қуанышына қуана білудің өзі де өзің іздеген қуанышқа бастайтын тура жол ғой. Жазушы Бектұр ағамыздың ел алдында есеп берген 70 жылдығы мен жеңгемізбен қосылғанына 50 жыл толу Алтын тойы осыны көрсетті.

Мерейтой иесіне той үстінде жылы лебіздермен бірге көптеген заттай сыйлықтар да тартылды. Ұрпақтары қолына темір тұлпардың кілтін ұстатты. Жабылған шапанда есеп жоқ, Ақтауда шапан жауған күн болды. Сол шапандардың біразы келген қариялардың иығына жабылды. Бір-бір шапан той мейманы болып қатысқан Самат ініміз екеумізге де бұйырды. Бізге шапаннан да бұрын тойға қатысқан ақсақалдар мен Бектұр ағамыздың берген батасы үлкен қазына байлық болды.

*Пай, пай, шіркін,
Дүркіреген той өтті
Маңғыстауда, Ақтауда
Ұл берген соң Жаратқан,
Блайықты мақтауға.
Сүңгі кірпік, мұзбалақ
Бектұр 70 жасында
Саңқ-саңқ еткен қырандай
Берді есебін еліне,
Ел шапанын жапқанда,
Шүкіршілік тапқанда.*

*Түз қыраны, өр мінез
Тұғырынан қарайды,
Жанарынан жарқ еткен
Нұрлы сәуле тарайды.*

*Шырақшысы тарихтың
Маңғыстаудан міз бақпай
Қорған тұрған сияқты,
Сарайшық пен маңайды.*

*Көппен бірге ағаға
Үмітпен мен қараймын,
Күйеу бала Ақтауға
Қызын алған Адайдың.
Пайғамбардай сыйлаған
Төрге оздырып күйеуді
Мен Ақтаудың қарттарын
Тірі әулие санаймын...*

*Қош бол енді, қош, кәне,
Әулиелер мекені.
Қуаныштан, шаттықтан
Желп-желп етер етегі.
Маң-маң басқан
Марқасқа
Құрдастары Бектұрдың,
Көңілімде қап қойды
Тірі әулие екені...*

*...Той үстінде қанишама
Әулие аты аталды.
Аталды да ел болып,
Аталардан бата алды.
Іліп тұрып иыққа
Мен де кигем шапанды,
Аузыма алып Махамбет,
Шотан, Адай атамды.
Әулиелі Маңғыстау,
Бекет ата пірім-ау,
Ауызымда Кәлима,
Қол жайып күттім батаңды.
Әумин!*

Бұл – жолсапардағы туған үшінші өлең. Елге деген сүйіспеншілікпен туған өлең. Келешек Маңғыстау туралы, Ақтаудың азаматтары мен табиғаты туралы, әулиелері мен әнбиелері туралы жазылатын өлеңдердің беташары...

Біз қайтар күні ашылған күннің шуағынан ба, әлде асау Каспий теңізінен ескен толқындардың жылы лебінен бе, болмаса Ақтаулықтардың мерекелі мейірімінен бе, жауған қар аздап еріп, жерге сіңіп жатты. Осы бір сұлу көріністі ақындық сезіммен байқап қалған, бізді ұшаққа мінгізіп салуға арнайы келген облыстық газет бас редакторының бірінші орынбасары, белгілі ақын Ғалым Әріп ініміз: «Амандық болса биылға көктемде Маңғыстау мен Үстіртте ғана емес, Ақтау қаласының маңына да қырық жыл көрінбеген шөп шығатын болды. Сол көріністі бірге көруге жазсын, ағалар» деді. Біз де: «Жауған қарларын жер қойнына нұр болып сіңіп, ару көктемде көркіне көз тоймас гүлдер шыққанын көруге жазсын, Ақтау» деп ағамыздың тойынан алған рухани байлықпен Самат Ибраим ініміз екеуіміз кезекті ұшақпен Алматыны бетке алдық...

Бақтыбай АЙНАБЕКОВ,

ақын, жазушы.

«Жұлдыз» журналы, №5, 2010 жыл

* * *

ЖАСАЙ БЕР, ЖАРҚЫРАЙ БЕР, ЖАҚСЫ АҒА!

«Өткен күнде белгі жоқ» деген сөздің ақиқаттығына сол өтіп бара жатқан уақыттың өзі көзді жеткізе береді екен. Күні кеше ғана сияқты еді, Бекең ағаммен – Бектұр Төлеуғалиевпен алғаш бірге сапарлас болғаным. Бүгін міне, содан бері 30 жылдың бедері артқа түсіп қалыпты.

Әңгіме басынан болсын. Мен 1990 жылдары облыстық газет қызметкерімін. Ал бүгінде жазушы атағымен танымал Бекең шаруашылық басшысы – Маңғыстау ауданындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшарында директор. Сырттай жақсы білетін адамым. Әсіресе Сенекте жанадан ұйымдасқан кеңшардағы қызметі арқылы ылғи жақсы жағынан еститінмін бұл аға туралы.

Қазір де көп болатын жиналыс ол уақытта тіпті барырақ. Сонын бірінен шыққан бетіміз.

– Әбілқайыр, сен біздің ауылға да бір ат ізін салсаң етті. Арала, көр, шаруамен танысып дегендей ғой, – деді Бекен.

– Өте дұрыс ұсыныс болды бұл. Өзім де солай ойлап жүр едім, – деп келісе кеттім.

Ол уақыттың журналист қауымы қагілез. Араға бірер сағат салын жолға шықтық. Шайырға баратын жол қазіргі жаңасынын со-

рабымен тау асады онда. Ауылға құлайтын тұсы қиындау. Бірақ жер қарада қауіпті емес. Бекең үйіне түнделегіп жеттік. Ертеңгісін кеңсеге соғып, сәскеге таман сапарымызды қырдағы ауылдарға қарай жалғастырдық.

Бұл сол кезде облыстағы іргелі шаруашылық. Қойдың өзі 40 мыңға жуықтайды, 5 мыңдай жылқы бар. 1950 жылдары Бозашы беттегі Тиген Шайырға қосылып іріленген. Қазір ол ферма орталығы. Тигеннің Тұщықұдық жағындағы Тасмұрын үстіндегі Тегістік астындағы суы итеріліп, қазір кеңшар соған егін егеді. Бекең директорлыққа бекімек болып Алматыға барғанында Ауыл шаруашылығы министрлігінен 5 жаңбырлатқыш агрегат әкеліп, оларды республикада алғаш рет сынақтан өткізгенінен де хабарлымын. Бұрын кеңшардың бас инже-нері болған Бекең олармен жұмысты өзі қолдап істеп жүріп үйреткен ғой мамандарына.

Шынымды айтсам, мен бұл кеңшардың қыстауынан гөрі Солтүстік Үстірттегі жайлауын жақсырақ білетін едім бұған дейін. Қайдаққа қараған Қарнаудың аз ғана жері. Бұл жерде аз деу тек сөз сырлығы ретінде айтылып қалып жатыр. Дұрысы тіпті тапшы. Аралап жүріп, «Соншама малды мұнда қалай сыйғызып отыр екен. Тегі біраз отарларды ойда қалдырып лаждайтын шығар», – деп ойлағанмын. Мына қыстауларды аралап жүріп ол ойымның асығыс болғанына көз жеткіздім. Әр сайдың тұйығы бір-бір қыстау. Біразының аралары көрініп тұр. Шайырдың теріскейі Қырық кез, Құла ат болып келеді де, Ақтау қыратына ұласады ғой. Оның шығысы, сірә, Иірдің ойы. Бұдан теріске қарай Күмірәнің қапысы шығады. Оның аяғы Тиген. Бұдан әрман жүре түскенде Мәстек. Бұл кеңшар шекарасы шығысқа қарай созыла беріп Ауызорпа құдығы тұсынан тұйықталады. Оның құбыласы Қызылиттің қырқасымен шектеледі. Мұның Ақтауға қараған тұмсығына таяу суы алғаулы бір құдық. Оның күнгеі Желшенің аңғары жайылысы аз, тілкем-тілкем сай.

– Күйекті қалай, қайда аласыздар? – деп сұрап қоямын.

– Көбіне Ақтаудың үстіндегі еңсіз жазықта. Қызылиттің маңында. Жалпы қоныстың ретіне қарай. Бізде ұлтарактай өрістің өзі есепте. Қуаң жылдары мықтап қысыламыз, – деп жатыр Бекең.

Қоныстарың тым таршандау екен. Жалпы бұл кеңшар ғана емес, Маңғыстаудың көп шаруашылықтары, әсіресе тау бойындағы кеңшарларға сол кезде өрістен тарлық көре бастаған еді. Жоғарының республикада қой санын 50 миллионға жеткіз деген ұраны бар. Соған орай Маңғыстау да мал санын ұлғайтудың жоспарын жасақтап, соны орындаймыз деп екі етек.

Ал, соншама мал қайда жайылады, шабындық қайда бұл жағы капелімде ескерілмеген сыңайлы. 1986-ның жазында осы кеңшар жер түбі Қостанай облысының Федоров ауданынан 2 500 тонна шөп дайындап алып қыстан зорға шықты. Артынан облыстық бір жиналыста мен осы мәселені айтып, бірінші хатшы Ю. Казаченко «журналист жер жағдайын білмей сөз етіп тұр» деп өзімді таяқтағаны бар. Бүгінде, әрине, соның бәрі ертегі дерлік. Сол өріс малсыз тұяқ қалады, мал қоралары мен малшы үйлері жаппай бұзылып алынады деп кім ойлаған?

Б. Төлеуғалиев директор болған жылдары Шайырда 500 балалық мектеп, 150 балалық интернат, 76 жанұялық тұрғын үй салынып, ауыл мүлдем дерлік жаңарды, жаңғырды. 1988 жылы Алматыдағы баспадан директордың іс-тәжірибесі «Дербестік және жауапкершілік» деген тақырыппен кітап болып басылып шыққаны ол уақытта директорлар есімі тым сирек дәріптелетін кез болатын. Бәкең қалай бел асып кетіп жүр дерсіз. Одан да хабардар етелік. Тек әлгі Қостанайдан алынған шөп мәселесіне аз сөзбен тоқталсақ жеткілікті. Бұл жағдайға бұрыннан облыстық ауылшаруашылық басқармасынан, облыстық партия комитетінен талай рет естіп қанық болсам да Бекеннен осы бір болған жайды өз аузыңызбен айтып берсеңіз деп сұрағанымда былай деді:

– Сондай бір қуаншылықтың кезінде, ұмытпасам, 1986 жылдың жазында, «Маңғыстау ауданының кеңшарларына Қостанай облысынан мал азығын дайындап алуға» деген Қазақстан министрлер кеңесінің жарлығы болды. Сол жарлыққа байланысты «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшары Қостанайдың Федоровка ауданынан екі мың бес жүз тонна шөп дайындап алатын болды. Бөлінген мал азығын дайындап алу үшін алты трактор, екі шөп пресі, төрт КДП-4 шөп шабатын агрегатымен төрт тырманы, жиырма бір адамды пойызбен Қостанай облысына жөнелттім де, өзім «Уаз-469» жеңіл машинасымен кеңшардың еңбек жөніндегі экономисі мен кассирін алып жүрдім. Жолда үш түнеп, төртінші күні Қостанайға келдік. Келсек, біздің жіберген адамдарымыз бен техникаларымыз да Қостанайға сол күні келген екен. Шөпті Федоровка ауданынан алатын болғандықтан, адамдарымыз бен техникаларымызды, алты дәне палаткамызды Тобыл станциясына әкеліп түсірдік, себебі, Федоровкадан алынған шөп Маңғыстауға Тобылдан жіберіледі екен. Тобыл станциясының шетіндегі аланқайға қостарымызды тігіп, техникаларымызды апарып, адамдарымызды орналастырып, ертесіне Федоровкаға аудандық совет атқару комитетіне келдім. Аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Ахметов деген азамат екен, сол кісіге келіп

қолымдағы Қазақстан Республикасы министрлер кеңесінің шешіміне сай, Қостанай облыстық ауылшаруашылық басқармасының Федорова ауданынан екі мың бес жүз тонна шөп бөлген жарлығымен таныстырып, шаруамның жағдайын айттым. Ол кісі менің әңгімемді түсіністікпен тыңдап: «Несі бар шөп беріледі, қазір аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Борис Николаевичке кіріп шығайық», – деп мені ертіп аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетіне келдік. Ахметов менің жағдайыммен таныстырып болған соң бірінші хатшы: «Қазір астық науқаны басталып кетті, шөп бере алмаймыз, қыркүйектің аяғында келіп алуларына болады», – деді. Ол кезде шөптің алынбайтыны белгілі, себебі, Қостанайда ауа-райы бұзылып қар жауып, шөп алуға болмайтын еді. Мен осы әңгімемді хатшыға айта бастағанда сөзімді бөліп: «Қайта-қайта айта берудің қажеттігі жоқ, шөп қазір берілмейді дедік қой, болды», – деді.

Сонымен мен қоштаспастан кабинеттен шығып кеттім. Қайтадан Ахметовтың кабинетіне барып, қабылдау бөлмесінде сол кісінің келуін күттім. Көп ұзаған жоқ, Ахметов те келді, кабинетіне келген соң маған қарап қолын жайды да: «Бұл кісі бір рет айтады, бұны Демиденко ғана өзгерте алады, басқа адамның қолынан келмейді», – деді. Мен Федорова ауданынан шығып Қостанайға келіп облыстық ауылшаруашылық басқармасына болған жағдайды баяндадым. Ол кісі: «Облыстық партия комитетіне барасың, жағдайды енді сол жер ғана шешеді, біздің қолымыздан келмейтін шаруа болды», – деді. Ауылшаруашылық басқармасынан шығып облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөліміне келсем, бөлім бастығы жолсапарға кетіпті. Ауылшаруашылығы жөніндегі хатшы еңбек демалысында болып шықты. Бөлім бастығының орынбасарымен жолығып, жағдайымды айтқанымда: «Бұл мәселені тек қана Демиденко шешеді», – деді, «Бірақ сіз оған кіре алмайсыз, қалайда кірем десеңіз, таңертең сағат алтыда қара «Волгамен» есіктің алдына келеді, күтіп тұрып сол жерден тілдесіп, бес минутке қабылдауын сұрайсыз», – деді. Келесі күні таңертең облыстық партия комитетінің есігінің алдына таңғы сағат бесте келіп, Демиденконы күтіп тұрдым, дәл сағат алтыда айтқандай қара «Волга» келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен түсті, мен де қасына барып сәлем бердім де: «Маңғыстау облысынан келдім, кеңшар директорымын, бір минут уақытыңызды бөлсеңіз сізге кіріп шығайын», – дедім. Маған «кір» деген де жоқ, «кірме» деген де жоқ, мен өзімнен еріп жүре бердім. Екінші қабатқа көтеріліп бір есікке келді де маған қарап: «Сіз арғы жағынан оралып келіңіз», – деді. Мен кері оралып жүріп келе жатқанымда алдымнан

бір орыс жігіті шығып: «Сіз кімсіз, бұл жерге қалай келдіңіз?», – деп қыспаққа ала бастады, «Мен Василий Петровичпен бірге келдім, өзі кабинетіне кіріп кетті, маған арғы жақпен оралып кел деді», – дегенімде, «Онда осы жерде тұра тұрыңыз», – деді де, өзі бір есікке кіріп кетті, көп ұзаған жоқ қайта келді де, мені ертіп Демиденконың кабинетіне кіргізді. Есіктен кіріп кідіріп қалып едім, «Келіңіз, отырыңыз шаруаңызды айтыңыз», – деді. Мен алдына барып отырып, шама-шарқым жеткенше барлық жағдайымды толықтай айтып шықтым. Ол кісі: «Астықтың басталып кеткені рас қой», – деді. Мен тағы да: «Техника, адам күшімді алып келіп алып, екі мың жарым тонна шөпті ала алмай Маңғыстауға баратын болсам, менің дұрыс коммунист емес екенімді көрсетеді, сондықтан да мені өзіңіз партиядан шығарып тастаңыз», – дедім де, партбилетімді алып столының үстіне апарып қойдым. Демиденко маған карап: «Эй, ты, сукин сын, сені партиядан мен емес, Казаченко шығарады, билетінді ал», – деді. Мен: «Сіз ҚКП Орталық комитетінің мүшесісіз, саяси бюроның мүшесісіз, Қазақстан Республикасының басшысының бірісіз, сондықтан да сіз мені партиядан шығара аласыз», – дедім. Демиденко маған карап басын шайқап күлді де, біреуге телефон шала бастады, телефон шалған жері жауап бермеді-ау деймін, екінші бір жерге телефон соқты да: «Сен әлі үйінде отырсың ба, маған Маңғыстау облысының кеңшар директоры келіп отыр, Федоровка ауданы екі мың жарым тонна шөп беруі керек екен, саған барған екен, сен қыркүйектің аяғында кел деп қуып жіберіпсің. Сол директор мен партияның берген тапсырмасын орындамай, көшіріп әкелген бригадамды бос кері қайтарғаннан гөрі партиядан шыққаным дұрыс деп, партбилетін менің алдыма қойып, партиядан шығаруды талап етіп отыр. Борис Николаевич, бұның арғы жағында не жатқанын білесіз бе, егерде Димаш Ахметович еститін болса, екеуіміз де қызметпен қоштасатын шығармыз. Сен ертең еңбек демалысына шықпайтын болдың, осы директордың екі мың жарым тонна шөбін өзің көзіңмен отправка жасатып болған соң демалысқа шығасын», – дегенде арғы жағынан сөйлесіп тұрған адам тағы біраз айтса керек, «Ладно», – деді де, «Қазір мына директор сізге қайта барады, жұмысын толық шешетін болыңыз», – деді. Маған карап: «Енді мына билетінді алып жанқалтаңа салып қой», – деді. «Ертең мен демалысқа кетейін деп отырмын, жұмысыңа кедергі келетін жағдайлар болса, облыстық партия комитетінің екінші хатшысына келіп хабарласуыңа болады, қазір ол кісіні шақырып, өзіңмен таныстырамын», – деді де, телефон тұтқасын көтеріп біреуге: «Маған келіп кетіңіз», – деді. Көп ұзаған жоқ, екінші хатшы келді, Демиденко ол кісіге менің жағдайымды айтып таныс-

тырды. Екінші хатшы: «Жарайды, жұмысыңызға кедергі келіп жатса кез келген уақытта маған телефон шалыңыз, мынау менің тіке номерім» – деп визиткасын берді. Сөйтіп мен Федоровка ауданына қайтіп кеттім. Келіп бірінші хатшының қабылдау бөлмесіне кірсем, алты-жеті адам отыр екен, хатшы қыз: «Сіз Маңғыстаудың кеңшарының директорысыз ба, бірінші хатшы күтіп отыр, кіріңіз», – деді. Кірсем, Климовтың кабинетінде аудандық атқару комитетінің төрағасы Ахметов екеуі отыр екен, кірген бойда қабылдау бөлмесінде отырған жеті адам совхоздың директорлары болып шықты, соларды кіргізіп мені таныстырды. «Қазір ауылшаруашылық бөлімінің кабинетіне барыңыздар да, шөпті тасып берудің кестесін жасап, маған қайта келіңіздер», – деді. Ауылшаруашылық бөлімінің кабинетіне барып, шөпті тасып теміржолға жетістірудің кестесін жасадық, қай совхоз қай күннен бастап таситынын, қашан тасып бітіретінін көрсетіп, жиырма жеті күннің ішінде аяқтайтын болып, кестеге қолдарын қойып, аудандық ауылшаруашылық бөлімі бастығы қайтадан біздерді бірінші хатшыға кіргізді.

Кіргеннен кейін Климов жасалған кестені қолына алып оқып шығып: «Көрсетілген мерзімде жұмысты бітіру керек, мен ертеңнен бастап еңбек демалысына кетемін, орындалысын бақылауға өзіңіз аласыз», – деп Ахметовке қарады, Ахметов: «Жарайды», – деді. Сонымен кестенің бір дәнесін қолыма алып, енді теміржолмен жолығуға Тобылға келдім. Тобыл станциясының бастығына келіп, күніге он вагон бөлуді сұрағанымда, «Он вагонды күніге бөле алмаймыз, оған Қостанай теміржолы бастығының бұйрығы керек», – деді. Бұйрық алу үшін Қостанайға қайтадан келдім. Қостанай теміржолының бастығы «Күніге он вагонды бөлуге біздің құқығымыз жоқ, оған «Целинная железная дороганың» бұйрығы керек», – демесі бар ма. Сол бойда Целиноград қаласына ұшатын ұшақтың бар-жоғын сұрасам, самолет кешке ұшады екен. Сол ұшақпен Целиноградқа ұшып кеттім. Ертесіне теміржол басшысы Есенғаринның кабинетіне барсам, қабылдау бөлмесіндегі қыз жиналыс басталып кеткенін айтты. Сол жерде екі сағаттай күтіп, жиналыс тараған бойда кіріп, келген жұмысымды айттым. Біраз сөйлесіп түсініскеннен кейін Нығметжан Қабатайұлы маған: «Осы сіздің жақта қонақ үйі, асхана дегендер болмайды дейді ғой, сол рас па?» – деп сұрады, «Ия, рас» деп жауап бердім. Сонда «Қалай?» – деді ол кісі маған қарап, «Барған қонақтар қайда жатады» деп таңданыс білдірді. «Қонақтар далада қалмайды» дедім мен, «Олар әуелі кеңшардың директорының үйінде қонақ болады, содан кейін бас зоотехниктің, бас инженердің, бас бухгалтердің, бас экономистің, бас агрономның, алты-жеті күннен кейін қай-

тадан директордың үйіне келіп немесе партком, сельсовет тағысын-тағылар үйіне қонаққа алып кетеді», – дегенімде, Нығыметжан ағамыз басын шайқап: «Пай, бұрынғы біздің предкаларымыздан қалған салт сіздерде әлі бар екен ғой», – деп, үлкен ризашылық байқатты.

Менің дайындап барған хатымды алып оқып шықты да, бетіне бұрыштама соғып, бір адамды өзіне шақырды. Ол адам жүк тасымалдау бөлімінің бастығы екен, сол кісіге менің хатымды берді де, менің хаттағы көрсеткен мерзімімнен бастап күніге он жабық вагон бөлуді жоспарға енгізуді тапсырды. Мен шаруамның біткеніне ішімнен қатты қуанып кеттім. Рахметімді айтып орнымнан тұра бергенімде: «Қостанайға самолет бүгін кешкі сағат 8-де болады, оған дейін біздің ішімізде тамақ ішетін орын бар, ауқаттанып алыңыз, біздің көлік аэропортқа алып барады, менің көмекшім қасыңызда болады, ұшаққа билет алып алыңыз», – деді де біреуді телефонмен шақырды. Ол кісі келген соң «Мына қонақтың қасында болыңыз, ауқаттанып алыңыздар, кешке аэропортқа апарып ұшаққа миңгізіп жіберерсіз», – деді. Ол жігіт Есенғариннің көмекшісі екен, екеуміз бірге тамақ іштік, ұшаққа билет алып, аэропортқа келдік, аэропортқа келген соң мен ол жігітке жұмысына жүре беруіне рұқсат еттім. Өзім Қостанайға сол күні түнде ұшып келіп, ертесіне теміржол бастығына кіріп сөйлескенімде, «Бұйрық келді, жоспарға енгіздік Тобылға күніге он вагон бөлінетін болды», – деді.

Сөйтіп Федоровка ауданының жеті кеңшары кесте бойынша престелген бидай-арпа араласқан көк жоңышқаны таси бастады. Тасып әкелген шөпті біздің жігіттер жабық үш вагонға қатар тиеп үлгеріп тұрды. Егер көп келіп тиеп үлгере алмайтын жағдайда қосымыздың қасына әкеліп түсіріп қойып, өзіміздің қалқанды машинамызбен әкеліп тиеп тұрдық.

Сөйтіп жиырма жеті күннің ішінде екі мың бес жүз тоннаның орнына екі мың сегіз жүз тонна шөп алдық. Шөпті шауып, престеп тасу жұмысынан Демиденконың арқасында құтылып, шаруамыз әрі жылдам, әрі сапалы түрде бітті. Алынған шөптің бағасы барлық тасымалдау шығынымен есептегенде, Наборбудақ жерінен дайындалған шөптен әлдеқайда арзанға түсті. Наборбудақтан әкелінген сапасыз шөптің бір центнерінің өзіндік құны бес сом жетпіс тоғыз тиын болса, Қостанайдан әкелінген шөптің бір центнерінің өзіндік құны үш сом он тиынға шықты. Ол кезде теміржол тасымалы өте арзан болатын.

Сөйтіп біраз шаруа бітіріп, ауылға келгеннен кейін бес күннен соң аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы телефон соғып,

«Сені обкомның бірінші хатшысы шақырып жатыр», – деді. Мен қандай шаруамен шақыратынын сұрағанымда: «Неге шақырып отырғанын біздерге айтқан жоқ, таңертеңгі сағат онда обкомның бірінші хатшысында болатын болыңыз», – деді. Мен таңертең ерте шығып, сағат онда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қабылдау бөлмесінде болдым. Мені келген бойда бірінші хатшының көмекшісі Казаченкоға кіргізді, келіп амандасып отырғаннан кейін Казаченко: «Төлеуғалиев, Қостанайда сен не бүлдіріп жүрсің?» – деді. Мен біртүрлі болып қалдым, «Юрий Георгиевич, кешіріңіз, мен ештеңе бүлдірмеген сияқтымын, түсінбей қалып отырмын», – дедім. «Қалай бүлдірмеген сияқтысыз, партбилетіңізді алдына тастап партиядан шығарыңыз деп Василий Петрович Демиденконың зәресін кетіріпсіз ғой, бұдан артық қандай бүлдірген керек?» – деді. Мен бастан-аяқ болған жағдайды ештенесін қалдырмай Казаченкоға түгел айтып бердім. Хатшы: «Василий Петрович Демиденко сіздің жасаған іс-әрекетіңіздің бәрін айтып директорларыңның бәрі осындай болса, сіз үлкен бақытты адам екенсіз деді, молодец, Бектур, я благодарен вам!», – деп қолымды алды. Бұл хабарды біздің облыстық ауылшаруашылық басқармасындағылар да естіпті.

Казаченконың сөзіне орай айта кетелік, жалпы біздің сол уақыттағы кеңшар директорларының қай-қайсысы да осал емес-ті.

Мен Төлеуғалиевтің еңбек, қызмет жолдарына әдейі тоқталмай отырмын. Себебі ол осы елдің «қолында өскен жігіті». Таушықта Шахта орта мектебін бітірген соң сонда училищеге қатынап жүріп оқып алған мамандығы бойынша Тұщықұдықта шофер болды. Одан техникумды, Москвадағы жоғары кәсіподақ мектебін бітірді. Сондай Бекен, балалық шағында қазақ аулынан, қазақы ортадан аттап шықпаған Бекен орысша өте жақсы біледі. Әртүрлі оқу орындарында орысша дәріс алғаны өз алдына сол орысшасын өз бетімен үйренген ол. Қалай депсіз ғой. Орыс әдебиетін оқу арқылы. Шахта орта мектебінде Әбіш Кекілбаевпен сыныптас, дос болған. Сонда Әбекен екеуінің қолы босай кеткендегі кәсіптері (мен ермегі деген сөзді әдейі бұл жерде осы сөзбен алмастырып айтып отырмын) ауданның сол кезең үшін бай кітапханасындағы бар орысша кітапты оқу, талдау, әсерлерін ортаға салу. Әрине, Әбекен бұл ретте жүйріктеу, орысшасы да мықты. Бекен одан қалыспауға тырысады. Іштей бәсекеге түскен ретте. Алғашқы мектебі осылай басталды. Мұның да арманы университетке түсіп, жазушы болмақ еді. Бірақ ку жоқтық, жетімдік қолын байлады да қойды. Студенттік аудитория орнына мектептен соң ескі «ГАЗ-51»-дің май-май кабинасы болды тапқаны, дұрысы

жазмышына жазылғаны. Әбішпен солай Гаушықта басталған достық әлі жарастығымен жалғасып келеді.

Б. Төлеуғалиевтің жазушылық, жалпы қаламгерлік үлкен өнері жайлы филология ғылымының кандидаты Әділет Қабылов жақсы жазыпты. Тереңнен қайырыпты. Өзге ғалымдар мен сыншылар да біраз қалам тербеді. Мен қанша тырыссам да олардан асып ештеңе айта алмаймын. Қосарым Бекеннің шығармаларын оқып, зерделеу үшін үлкен дайындық, білім керек. Онсыз оның тұнығына бойлау қиын. Әсіресе «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссенің берері мол. Бұл осы Адай елінің Маңғыстауға келу кезеңіндегі біраз тарихын шертеді. Тек баяндап айтып қана қоймайды. Керісінше, үлкен жүрекпен, перзенттік махаббатпен әдемі, әсем баяндап береді. Білмегенінді білдіреді. Оны оқи отырып автордың тек ел тарихы ғана емес этнология, этнография, өлкетану мәселесінің де білгірі екендігіне ден қоясың. Соны көре отырып тегі бұл жазушылық деген киелі өнердің басына әбден көріп, ақыл-ойың толысқанда, яғни Бекенше 60-ты алқымдап барып келген жөн екен бе деп ойлап қалатының құпия емес.

Жазушы Б. Төлеуғалиевтың оқырманын баурап, тәнті етіп алатын үлкен шеберлігі, мұны оның басты қыры деуге болады, тарихи деректерді орнымен пайдаланып, оған үлкен жауапкершілікпен қарайтындығы. Соның мысалы Махамбет Өтемісұлы мен Шотан Назарұлының бейнелерін сомдағанда көрініс табады. Әсіресе Махамбетке келгенде. Бұл өзі қазақ әдебиеті мен тарихында ең бір көп зерттелген тақырып. Ғалым, жазушы, зерттеушілеріміз оның өмірінің әр сәтін дерлік саралады дерліктей. Бірақ әлі бері де жүр екенбіз. Бекен Махамның Маңғыстауға қатысты өмір дерегін нақтылай түсті, байытты. Ал заманында Адай елінің тарихы туралы қалам тартқан Әл Ибн Бахури ше? Көбіміз бұл есімді осыған дейін естімеппіз де. Ал Бекен болса соны тауыпты. Тауып қана қоймай мұқият зерттеп еңбегінде ондағы деректерді пайдаланған.

Бекен жазушылығының үстіне көсемсөзші де. Бұл бағытта тым белсенді. Жас ұрпақ тәрбиесі, халықтық салт-дәстүр, ана тіліміздің жағдайы – қысқасы ол сөз еткен тақырыптар ауқымды. Соның бәрінде авторы өзін шешен, ақылман ретінде көрсете алып, оқырманын сонысымен тәнті етеді.

Бекеннің «Адай тарихы сыр шертеді» және «Бас сардар» атты еңбектері Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында талқыланып, орынды баға алғанын, болашақ тарихқа пайдаланатын болғанын айтпай кетуге болмайды.

Қазақ «қарт койнында қалаш бар» деген де ғой. Тап сол осы Бекен сияқты ағаларға берілген баға. Осыларға ғана арналған сөз.

Сондағы емес пе, жақында ол Маңғыстау ауыл шаруашылығы энциклопедиясын шығару туралы бастама көтеріп, ол облыстық әкімшілік тарапынан қолдау тапты. Бұл жұмыс сәтімен басталып да кетті. Бекең алдымыздағы 27 қаңтарда 75 жасқа толады. 1944 жылы Варшава маңындағы ұрыста қаза болған жауынгердің отбасында есін білмей қалған бала. Енді кешегі бір кездің өлшемімен қария, бүгінгі мына жасаруға пейіл кезеңде аға жасында. Алғы өлшемге салғанда болды, толды, тоқырады дейтін кез. Бірақ өзін уақыт талабына сай сергек, тың сезінетін ағамыз, асып айтты дей көрмеңіз, нағыз бабында. Сондағы ғой бүтін бір ғылыми ұғымның өзінің дәтке қуат ете алмайтын энциклопедияның жауапкершілігін алуы мойнына. Осындай көкейкөзді үлкендері бар ел неге өміршең болмасқа! Мұндай елдің ертеңі қазір ойлап, жоспарлап, жобалап, армандап жүргеннен де нұрлырақ, бақыттырақ болуы тиіс те ғой. Жаса, жарқырай бер Беке – Бектұр аға!

Әбілқайыр СПАН,

Махамбет сыйлығының иегері.

«Маңғыстау» газеті, 29 қазан, 2014 жыл

* * *

БИІК ПАРАСАТ ИЕСІ

Көп жылдар бір салада жұмыстас болған інім Бектұр Төлеуғалиұлын көптен бері білемін. Көптен бері дейтін себебім, 1970 жылы Гурьев облыстық партия комитетінде ауылшаруашылық бөлімінде нұсқаушы болып істеп жүрген кезімде Бектұрмен кездесіп танысқанмын. Ол кезде Бектұр Маңғыстау ауданында кеңшарда инженер болып жасайтын.

Артынан, 1973 жылы Маңғыстау өз алдына Гурьевтен бөлініп отау көтеріп шыққанда партия мені де сол жаңадан құрылған облысқа жауапты жұмысқа жіберді. Сол кезден бастап Бектұрмен жақсы таныс, ол іні, мен аға болып кеткен едік. Жұмыстың аты жұмыс, кейде келіспей де қалатынбыз. Бектұр өте турашыл, бастаған ісін сапалы аяқтамай тынбайтын, әділетсіз әңгімелерге, жөнсіз істерге төзе алмайтын, өтірік, өсек дегендерге жаны қас, әділетсіз жағдайлар кездесе өзінен жоғары бастықтарға бетің бар, жүзің бар демей айтып тастайтын өте өткір, турашыл жігіт еді.

Сол Бектұрымыздың 75 жасқа жақындап қалғаны есіме түсіп, әдейі келіп әңгімеге тартқанмын. Бектұрдың жұмыс ұйымдастыру-

дағы істерінің көбі есімізден шығып кеткенімен, кейбір ел есінен кетпейтін жұмыстары да жеткілікті еді.

Бектұр мен Маңғыстау облысына келгенімде Куйбышев атындағы кеңшарда бас инженер болып жасайды екен. Әлі есімде, 1993 жылы сәуір айының ішінде сол кездегі Ералиев атындағы кеңшардың директоры Қаржаубаев Қамысбай облыстық ауылшаруашылық басқармасына келіп, кеңшар техникаларының жағдайларының нашар екенін хабарлап, бас инженерді ауыстыруды ұсынып, орнына Куйбышев атындағы кеңшардың бас инженері Б. Төлеуғалиевті сұрапты. Сол кездегі ауылшаруашылық басқармасының бастығы Ахтанов Халекес еді. Халекес бұл ұсынысты қолдамады, себебі Куйбышев кеңшарына жіберетін инженердің жоқтығы және ең бастысы кеңшардың бас инженерлері обкомның номенклатурасында тұратын болғандықтан бұл мәселені аудандық, облыстық партия комитеттері шешеді депті. Сонымен (қазір өмірде жоқ, топырағы торқа болсын) Қамысбекнің жолы болып бұрынғы Куйбышев кеңшарының әскер қатарына кеткен инженері Көшімов Әмірхан қайтып келіп, Бектұр облыстық, аудандық партия комитеттерінің шешімімен, облыстық ауылшаруашылық басқармасының бұйрығымен Ералиев кеңшарына бас инженер болып тағайындалды. Бектұр келгеннен кейін жағдайды бір-ақ білулі. Кеңшардағы 400-дей ауылшаруашылық машиналары мен әртүрлі маркадағы 51 трактордың, 82 автомашинаның тең жартысы жарамсыз болып шықты. Ал, кеңшар орталығы Сенектің үстімен жоғарғы кернеулі электір желісі қасындағы Түйесуға барып жатса да, орталықта ескі дизель арқылы түнгі сағат 12-ге дейін ғана жарық беріледі екен, тіпті кейде ескі дизель бұзылып, бірнеше күн жарықсыз қалатын күндері де жиі болып тұратын көрінеді. Бектұр жағдайға толық танысқаннан кейін кеңшар директоры Қамысбай Қаржаубаевқа кіріп, өзінің ойларын ортаға салады. Ең бірінші қозғаған мәселесі Сенекті мемлекеттік электр жүйесіне қостырумен айналысқысы келетінін білдірді. Кеңшар директоры оған менің қарсылығым жоқ, бірақ оныңнан ештеңе шықпайтын шығар деді. Себебі бұл шаруамен мен де айналысқанмын, бірақ түбіне жете алмай шаршап қойғанмын десе керек, Бектұр оған мен де шаршап көрейін деп келісіп шығулы.

Бектұр ертесіне Жаңаөзен қаласына келіп, ол кезде бас энергетик болып жасап жүрген Нұрлыхан Бекбосыновқа жағдайды айтып көмек сұраған. Нұрлыхан ойланып барып саған көмектесуден қашпаймын, бірақ бұл жұмысқа араласып кету үшін облыс басшылығының бірі ауызша болса да түрткі болса, ар жағын өзіміз жасап тастауға болады деген. Бектұр сол бойда Ақтауға келіп облыстық кеңес

атқару комитетінің төрағасы А.Н. Гуляевтың қабылдауында болып, барлық жағдайды жасырмай айтқан екен, төраға Бектұрдың әңгімесін бөлмей байыппен тыңдап, Қаржаубаев ол кеңшарға қай жылдан бастап директор болды деп сұраған көрінеді, Бектұрдың кідірместен бір жыл деп айта салыпты (шындығында Қаржаубаевтың ол кеңшарға барғанына үш жыл болған болатын). Сонда Гуляев сен қашан инженер болдың деп Бектұрға қарапты, Бектұр екі ай болды деп жауап беруді.

Бір жыл бойына кеңшар директоры неге келіп бұл жағдайды айтпаған деп басын шайқаған көрінеді. Үстінен мемлекеттік электр желісі өтіп тұрған кеңшардың орталығы электр желісіне қосылмай қараңғыда отырғанын Косыгин естісе, біздерді қызметтен шығарып тастайтын шығар деп тағы да басын шайқапты. Сөйтіп Николай Александрович Бектұрға бара-бер, тапсырма бүгін В.М. Тимонинге беріледі, ертең Мұнай бірлестігіне барып хабарласыңыз депті. Бектұр сол күні Сенекке келіп, келесі күні түсқайта Жаңаөзенге Нұрлыханға қайта келсе, Нұрекең хабарды естіп тапсырманы алып отыр екен. Сол жерде Бектұр Нұрлыханға Сенекте жоғарғы кернеулі тоқты қосатын подстанциялардың жоқ екендігін білдірді. Нұрлы-хан Бектұрға қарап ешқандай трансформатор жоқ па дейді, жоқ деді Бектұр. Олай болса Бектұр сен осы қалада УБР деген мекеме бар, бастығы Марабаев Нәсіпқали деген жігіт, соның мекемесінде подстанциялар бар, сен сол жігітке барып жағдайларыңды айтып өтініш жаса, ол дұрыс азамат жігіт, менің өзім саған көмектесетініне сенімдімін, подстанция болмаса, өзің де білесін, тоқты қоса алмаймыз ғой депті. Бектұр Нұрлыханнан шығып УБР-дің бастығына келіп, барлық жағдайын егжей-тегжейлі айтып шыкса керек. Нәсіпқали айтқан әңгімені түсіністікпен қабылдап, бұндай жағдайға көмектеспегенде қайда көмектесеміз депті де, Бектұрға ертең Мұнай бірлестігінің бастығының атына кеңшар орталығы Сенектің электр желісіне қосылмай қараңғыда отырғандығын айтып, соны жарықтандыру үшін уақытша транспорматор алдырғанша бес дәне 100 квт подстанциясын бөлдіртуді сұраймыз деп хат жазып, сенімхат алып маған әкеліп бер депті. Бектұр ертесіне Нәсіпқали сұраған хатпен, сенімхатты әкеліп бергенде, мәселе шешілді, екі күннен кейін бізін жігіттер 5 дәне подстанцияны алып барады, олар барғанша энергетик апарып орындарын белгілетіп қойыңыздар депті. Сонымен не керек, екі күннен кейін 100 квт бес комплекті подстанция әкелінген, сол аптаның алтыншы күні Нұрлыханның өзі бастап 13 адам бригадасымен, жер қазатын машиналарымен, түрлі құрал-жабдықтарымен Сенекке тәңертеңгі сағат 10-дардың шамасында келіп жұмысты баста-

тып, өзі басы-қасында жүріп, кешкі сағат 10-да аяқтап, сол жарықпен кеңшардың конторында өзімен бірге келген энерго-инспектр Мазенов Қамаш екеуі барлық қажетті құжаттарды жасап бітіріп, қараңғыда тұрған Сенекті жарқыратып кетіпті. Сенек сол жарқырағаннан әлі жарқырап тұр.

Бектұр көңіліне алған бірінші шаруасын бітіріп елден алғысын алғансын енді техникаларды қалыпқа келтірумен айналысады. Бұл 1973 жылдың сәуір айының аяқ кезі болатын. Мал азығын дайындайтын науқанның жақындап қалған кезі болғандықтан, әуелі тракторлармен мал азығын дайындайтын техникаларды шұғыл түрде іске қосуға кірісті. Техникаларды сапалы оңдап іске қосуда кеңшардың орталық жөндеу шеберханасының менгерушісі Салықбаев Төлестің еңбегін Бектұр күні бүгінге дейін жоғары бағалайды, сол сияқты трактор жүгізушілері Бұзау Шопанов, Аман Мыңбаевтарды сол кеңшардың тұтқасын ұстап тұрған азаматтар деп біледі. Сөйтіп Бектұр кеңшардың техникаларын аяқтарынан тік тұрғызып, соның нәтижесінде кеңшар жыл сайын сапалы мал азығын артығымен дайындауға қолдары жетті. Немесе Ералиев атындағы кеңшар 1973-76 жылдары қатарынан төрт жыл бойына мал азығын дайындаудан КПСС орталық комитетінің, Минстрлер кеңесінің, ВЦСПС-тің Ауыспалы Қызыл туын жеңіп алып отырды. Осы еңбектері ескеріліп, Бектұр 1994 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медаліне ие болды.

Бектұр 1976 жылдың аяғында ауданаралық Казселхозтехниканың бастығының бірінші орынбасарлығына жоғарылатылды. Одан көп ұзамай Куйбышев атындағы кеңшарға партия комитетінің хатшылығына жіберіледі. Хатшылықтан бір-екі жылдан кейін Маңғыстау аудандық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің бастығы болып тағайындады. Ол жерге де көп тұрғызған жоқ, бір жылдан кейін «Октябрьдің 50-жылдығы» атындағы кеңшарға директор етіп отырғызды.

Сол кездегі Маңғыстау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Юрий Георгиевич Казаченконың: «Біздің бір директорымыз Қостанайдың басшысы Демиденконы таң қалдырыпты, директорларыңыздың бәрі осындай болса, сіз бақытты хатшы екенсіз» деді маған, – деп айтқан әңгімесін ұмытқанамыз жоқ. Тағы да басқа шаруашылық басқарудағы ұйымдастырушылық қабілетінің молдығы, жекешелендіру кезіндегі кетіп жатқан кемшіліктерді Елбасының өзіне ауызба-ауыз жеткізіп, соның нәтижесінде малшы-бақташылардың үлкен проблемасының шешілуі, тағысын-тағыларды ой слегінен қайтадан бір өткізсек қайтеді деп бұйымшыладым.

Бұның негізгі себебі, Бектұрдың басынан өткізген кейбір патриоттық істері қазіргі егемен елдің жастарына сабақ болсын деген оймен бір көлемді мақала жазуды мақсат еттім.

Бектұр: «Аға, сұрап отырсыз ғой, кейбір ойымда ұмытылмастай болып қалғандарын өзіңіз де білесіз ғой, сонда да айтайын», – деді.

– Сонымен, 1980 жылы сәуір айында Маңғыстау аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болып жасап жүрген кезімде аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Мырзабаев Киев деген азамат менің бөлмеме келіп амандасты да: «Ал, Төлеуғалиев, кететін болдың ба, жолың болсын», – деді де шығып жүре берді. Киевтің не айтып кеткеніне түсінбей қалдым да, менімен әзілдесетіні бар болатын соның бірі шығар деп ойлады, сонда да шыдай алмай кабинетіне бардым. Барсам ол бөлмесінде жалғыз отыр екен: «Кел-кел, Төлеуғалиев, отыр, қашан кетейін деп жатырсың, хабарыңды айт?», – демесі бар ма.

Мен Киевтің бетіне қарап: «Айтып отырғаның не әңгіме екенін түсінбей отырмын, жұмбақтамай айтсайшы?» – дегенімде, «Саған бірінші хатшы айтқан жоқ па еді, мен айтты деп айтып қойып жүрме, сені облыстық партия комитетінің ұсынысымен «Октябрдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың директорлығына жіберетін болып шешті, құттықтаймын!» – деп келіп қолымды алды. Мына сөзді естігеннен кейін, мен біртүрлі болып, отырған орнымда ұзақ отырып қалсам керек, Киев дауыстап: «Ау, Бектұр саған не болды, түрің бұзылып кетті ғой, неғып отырсың жұмысыңа бармайсың ба?» – деді, сонда барып мен ұзақ отырып қалғанымды білдім.

Сол жерде мен Киев Мырзабайұлына ол кеңшарға директор болуға даяр емес сияқты екенімді айттым. «Октябрдің 50 жылдығы» атындағы кеңшарға аудандық партия комитеті мені екі рет шаруашылық жағдайы төмендеп кетті деп себебін анықтауға жіберіп алған. Содан ол кеңшардың жағдайы маған танысырақ еді. Шаруашылық жағдайы төмендеп кеткен оның негізгі себебі жер көлемі басқа кеңшарлармен салыстырғанда анағұрлым аз, басқа кеңшарлардың жер көлемі мал басына шаққанда 10 гектардан келсе, «Октябрдің 50 жылдығы» атындағы кеңшарда мал басына шаққанда 5 гектардан келеді, оның өзі де жартысы сор, тақыр болып келеді. Осындай объективтік жағдайлармен ол кеңшардың шаруасы шайқалып тұрған болатын. Сондықтан да мен ол кеңшарды басқара алмаспын деген шешім басыма сол бойда келді де, Киевке: «Мен ол жерге бара алмайын деп отырмын, қандай ақыл бересің?» – дедім.

«Төлеуғалиев, сен не айтып отырғаныңды білесің бе, мына әңгіменді тек мен естімін, басқа адам естімесін. Партияның жұмсаған

жерінен бас тартқанның артының не болатынын түсінетін шығарсың. Мен саған өзің білесің, достық ойлайтын адаммын, жұмсаған жерге ешқандай қарсылықсыз баруың керек, бармасаң енді ешқайда жұмсалмайсың, бұл жұмыстан да көп кешікпей кетесің, инженер етіп те жібермейді, бір кеңшарға механик болып кетесің, ендігісін өзін біл», – деді де күліп: «Енді кабинетіңе баршы, шырағым, көп отырмашы, отказ берсең менен көріп жұмыстан шығып қалармыз», – деді тағы да күліп.

Мен ойланумен өз бөлмеме келдім, жұмысқа зауқым соқпады. Сол күнгі жұмысты енжарлықпен аяқтадым. Келесі күні де, оның арғы күні де мені бірінші хатшы шақырған жоқ. Үш күннен кейін шақырып, кеңшар директорлығына үш адамның кандидатурасының ұсынылғандығын, солардың ішінен облыстық партия комитеті менің кандидатурама тоқтағанын айтып, содан соң: «Ертең обкомға жүресің, обкомның хатшылары жеке-жеке қабылдап әңгімелеседі, содан әрі қарай Алматыға жүретін шығарсың, Орталық комитет бекітетін болады», – деп қолымды алды да, «Жолың болсын», – деді.

Келесі күні Ақтау қаласына облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Шәкен Сұлтановта болдым. Сұлтанов мені ауылшаруашылығы жөніндегі хатшы Мұрат Қасиевке кіргізді, ол кісі мені көп ұстаған жоқ: «Қалай, көңіл-күйің көтеріңкі ме?» – деп бетіме қарады, мен: «Мұреке, көңіл-күйім онша емес, директорлықтан қорқып тұрмын», – деп шынымды айттым, хатшы маған қарады да: «Шаруашылықтың ішінде туып-өскен адам қорқама екен және ол кеңшарда 500 гектар суармалы жер бар, жоңышқа егеді, соны оңдыра алмай келеді, сол суармалы жердің қажетті түрлі маркалы техникалары іске аспай, бұзылған күйінде жатыр, соларды іске қосып, жылына 12-15 мың тонна жоңышқа алсаң, кеңшарды аяғынан тұрғызатыныға мен сенемін. Директорлықтан қорқып тұрмын деп Саламат Мұқашевқа айтсаң ұят болады, қазір сол кісіге кіресіз», – деді. Сонымен Саламат Мұқашевтың қабыдауында болдым, маған: «Үш адамның ішінен сіздің кандидатураныңа тоқтадым, ертең Алматыға жүресіз, Орталық комитет бекітеді», – деді.

Сонымен ертесіне Алматыға ұшып кеттім, ұшақтан түскен бойда Ауылшаруашылық министірлігіне келдім, келсем министр жоқ екен, орынбасары қабылдады. Орынбасардың аты-жөнін ұмытыппын, мені көп кідірткен жоқ, азғантай сөйлескеннен кейін алдындағы қағазға «бекітемін» деп қол қойды да: «Сізді қазір біздің бір жауапты адамымыз Орталық комитетке апарды, ауылшаруашылығы жөніндегі хатшы Трофимов командировкаға жүретін еді, сіздерді күтіп отыр, тез баруларыңыз керек», – деді. Министрдің машина-

сымен Орталық комитеттің ауылшаруашылық бөліміне келдік, одан шығып ұйымдастыру бөліміне, содан соң барып Орталық комитеттің хатшысына кірдім. Хатшы орнынан тұрып келіп, қолымды алып амандасып, ауданның, оның ішінде мал шаруашылығының жағдайларын әңгімелей келді де, «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың жағдайына ауысты.

– Маңғыстау облысы шөлейт аймаққа жататын облыстардың бірі, сондағы суармалы жері бар жалғыз кеңшарға директор болып барайын деп отырсыз, – дегенде барып ол кісінің алдында кеңшар туралы толық мәліметтің жатқаны белгілі болды. «Суармалы 500 гектар жонышқа егетін жері бар емес пе?» – деді. «Иә, солай», – деп жауап бердім. «Аудандық партия комитетінде жүргенінде барып көрдің бе, неге ол жерден дұрыс өнім алынбайды, себебін анықтадың ба?» – деп сұрақ қойды. Мен ойланып қалдым. Себебі мен аудандық партия комитетінде жүргенімде суармалы жерге екі рет барып, өзімше өнім алынбаудың себебін екі нәрседен деп тұжырым жасағанмын. Енді сол ойымды айтуыма тура келді.

– Ойланып отырмын, себебі, екі нәрсенің кедергісінен болып тұр деген қортындыға келіп едім, оным дұрыс па, дұрыс емес пе айтуға бата алмай отырмын, – деп жауап бердім. Хатшы маған қарап: «Егер де адам ойындағы пікірін сыртқа шығарып айтпаса, оның дұрыс-бұрысы білінбейді емес пе, айтыңыз, тыңдайық», – деді.

– Біріншіден, – дедім мен тұздылығы нормадан жоғары, екіншіден, жаңбырлатып суару керек, түгелдей жаңбырлатқыш қондырғысын қондыру қажеттігі туады, – дегенімде, хатшы: «Өте дұрыс ұсыныс, қазір ауылшаруашылық министрлігімен сөйлесіп сіздерге тегін бес жаңбырлатқыш агрегатын жіберткізейін», – деді. Тегін болу себебін сұрағанымда, «Бұл агрегат жаңадан бірінші шыққанынан мүлдем өзгеше, сондықтан өндірістен сынақтан өткізуге он дәнестін жіберген, сізге өте жақсы болды, өздерінің маманы апарып құрып, жұмыс жасатып, пайдалы жақтарын анықтап, әрі қарай пайдалануға сіздерге қалдырады. Басқа қоятын талаптары болса сөйлесіп шешесіздер ғой», – деді де министрмен сөйлесіп: «Бес жаңбырлатқыш агрегатын Маңғыстау облысының «Октябрьдің 50-жылдығы» атындағы кеңшарға апарып, сынақтан өткізіп, пайдалы жақтарын көрсетіп келіңіздер», – деді. Арғы жақтан көп әңгіме айтылды, хатшы қабағын шытып: «Маңғыстау облысы шөл аймақ екенін сіз жақсы білуіңіз керек қой, облыстағы суармалы жері бар тек сол кеңшар, сондықтан да біз екеуміз көмектесуге міндетті екенімізді ұмытпалық», – деді, арғы жағынан не айтып жатқаны маған естілмейді, «келістік» дегеніне қарағанда шаруа тиянақталды-ау деп ойладымын.

Хатшы телефонын қойды да, «Қазір менен шыққансын министр жок, демалыста, орынбасарына тапсырма берілді, сол кісіге барып тиянақтап кететін болыңыз», – деді де, «Сізде көлік жок екен ғой», – деп тағы министрдің орынбасарына телефон шалып: «Мына директорыңыздың көлігі жок қой, бүгін жұмысын бітіріп ұшырып жіберген дұрыс болады», арғы жағынан тағы бір әңгіме болса керек, «Бізде бронь бар, қазір алып кетеді», – деді. Мен сол күнгі кешкі рейске ұшаққа билетімді алып, министрліктің «Волга» машинасымен ауылшаруашылық министрлігіне қайта келіп, жаңбырлатқыш агрегаттарын алып, жүретін жауапты инженермен кездестіріп, сөйлесіп жұмысты тиянақтап, министрліктің ішіндегі буфеттен ауқаттанып шықтым да, аэропортқа келіп, сол күні кешке Ақтауға қайтып келдім-ау. Сол күннің ертесіне танертең облыстық партия комитетіне Саламат Мұқашовтың қабылдау бөлмесіне келдім. Қабылдау бөлмесінде Отаров Исатай деген кісі жүр екен, мені көрді де: «Сен кеткен жок па едің?» – деді. «Мен кеше барып, кешкісін қайтып келдім», – дедім. «Не сонда, шаруаң бітпеді ме?» – деді. «Жок, шаруам бітті, бекіп келдім», – дедім. «Жақсы, күте тұрыңыз», – деді де, өзі С.Мұқашевтің кабинетіне кіріп кетті. Көп ұзаған жок, қайта шықты да маған: «Кіре беріңіз», – деді. Мен кабинетке кіре бергенімде ол кісі де орнынан тұрып келді де қолымды алып: «Отыр», – деді, өзі орнына отырып болғансын: «Ал кәне, «тентектен тез хабар» деген, хабарынды айт», – деді. Хабарымды толық айтып болғанша сөзімді бөлместен аяғына дейін тыңдады да: «Дұрыс болған екен, шаруаның бәрін осылай бітіре алсаң, онда жақсы директор боласың», – деді де, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Ахтановқа телефон шалып: «Төлеуғалиев бекіп келді, қазір сізге барады, Өтеуовпен хабарласып барып отырғызыңыздар», – деді.

Сонымен мен кеңшарға директор болып 1980 жылдың сәуір айының 15-ші жұлдызында отырдым.

Енді Бектұрмен басталған әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық.

– Маңғыстау деген жер Қазақстанның шөл-шөлейт аймақтары тізімінің ең басында тұрады. Мен «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшарына директор болып барғалы дұрыс жаңбыр болып, мал жайылыстан семірген кездері болған жок десем өтірікші болмаспын. Оның үстіне ол кеңшардың жер көлемі мал басына өте тарлық етті. Кеңшарда 1981 жылдың бірінші қаңтарында отыз тоғыз мың бас қой, бес мыңның үстінде жылқы, үш мың түйе малы болды. Маңғыстау ауданының «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшарының басқа кеңшарлардың жер көлемімен салыстырғанда өте аз екені жоғарыда айтылды. Осындай объективтік жағдайларға байланысты респуб-

ликаның басқа облыстарынан мал азығын дайындап немесе сатып алуға тура келетін кездері жиі болып тұрды. Бұл жағдайға бұрыннан облыстық ауылшаруашылық басқармасынан, облыстық партия комитетінен талай рет естіп қанық болсам да Бекеңнен осы бір болған жайды өз аузыңызбен айтып берсеңіз деп сұрағанымда былай деді:

– Сондай бір қуаншылықтың кезінде, ұмытпасам 1986 жылдың жазында, «Маңғыстау ауданының кеңшарларына Қостанай облысынан мал азығын дайындап алуға» деген Қазақстан Министрлер кеңесінің жарлығы болды. Сол жарлыққа байланысты «Октябрьдің 50 жылдығы» кеңшары Қостанайдың Федоровка ауданынан екі мың бес жүз тонна шөп дайындап алатын болды. Бөлінген мал азығын дайындап алу үшін алты трактор, екі шөп пресі, төрт КДП-4 шөп шабатын агрегатымен төрт тырманы, жиырма бір адамды пойызбен Қостанай облысына жөнелттім де, өзім «Уаз-469» жеңіл машинасымен кеңшардың еңбек жөніндегі экономисі мен кассирін алып жүрдім. Жолда үш түнеп, төртінші күні Қостанайға келдік. Келсек, біздің жіберген адамдарымыз бен техникаларымыз да Қостанайға сол күні келген екен. Шөпті Федоровка ауданынан алатын болғандықтан, адамдарымыз бен техникаларымызды, алты дәне палаткамызды Тобыл станциясына әкеліп түсірдік, себебі, Федоровкадан алынған шөп Маңғыстауға Тобылдан жіберіледі екен. Тобыл станциясының шетіндегі алаңқайға қостарымызды тігіп, техникаларымызды апарып, адамдарымызды орналастырып, ертесіне Федоровкаға аудандық совет атқару комитетіне келдім. Аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Ахметов деген азамат екен, сол кісіге келіп қолымдағы Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің шешіміне сай, Қостанай облыстық ауылшаруашылық басқармасының Федоровка ауданынан екі мың бес жүз тонна шөп бөлген жарлығымен таныстырып, шаруамның жағдайын айттым. Ол кісі менің әңгімемді түсіністікпен тыңдап: «Несі бар шөп беріледі, қазір аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Борис Николаевичке кіріп шығайық», – деп мені ертіп аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетіне келдік. Ахметов менің жағдайыммен таныстырып болған соң, бірінші хатшы: «Қазір астық науқаны басталып кетті, шөп бере алмаймыз, қыркүйектің аяғында келіп алуларына болады», – деді. Ол кезде шөптің алынбайтыны белгілі, себебі, Қостанайда ауа-райы бұзылып қар жауып, шөп алуға болмайтын еді. Мен осы әңгімемді хатшыға айта бастағанда сөзімді бөліп: «Қайта-қайта айта берудің қажеттігі жоқ, шөп қазір берілмейді дедік қой, болды», – деді.

Сонымен мен қоштаспастан кабинеттен шығып кеттім. Қайтадан Ахметовтың кабинетіне барып, қабылдау бөлмесінде сол кісінің келуін күттім. Көп ұзаған жоқ, Ахметов те келді, кабинетіне келген соң маған қарап қолын жайды да: «Бұл кісі бір рет айтады, бұны Демиденко ғана өзгерте алады, басқа адамның қолынан келмейді», – деді. Мен Федоровка ауданынан шығып Қостанайға келіп облыстық ауылшаруашылық басқармасына болған жағдайды баяндадым. Ол кісі: «Облыстық партия комитетіне барасың, жағдайды енді сол жер ғана шешеді, біздің қолымыздан келмейтін шаруа болды», – деді. Ауылшаруашылық басқармасынан шығып облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөліміне келсем, бөлім бастығы жолсапарға кетіпті. Ауылшаруашылығы жөніндегі хатшы еңбек демалысында болып шықты. Бөлім бастығының орынбасарымен жолығып, жағдайымды айтқанымда: «Бұл мәселені тек қана Демиденко шешеді», – деді. «Бірақ сіз оған кіре алмайсыз, қалайда кірем десеңіз, таңертең сағат алтыда қара «Волгамен» есіктің алдына келеді, күтіп тұрып сол жерден тілдесіп, бес минутке қабылдауын сұрайсыз», – деді. Келесі күні таңертең облыстық партия комитетінің есігінің алдына таңғы сағат бесте келіп Демиденконы күтіп тұрдым, дәл сағат алтыда айтқандай қара «Волга» келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен түсті, мен де қасына барып сәлем бердім де: «Маңғыстау облысынан келдім, кеңшар директорымын, бір минут уақытыңызды бөлсеңіз сізге кіріп шығайын», – дедім. Маған «кір» деген де жоқ, «кірме» деген де жоқ, мен өзімен еріп жүре бердім. Екінші қабатқа көтеріліп бір есікке келді де маған қарап: «Сіз арғы жағынан оралып келіңіз», – деді. Мен кері оралып жүріп келе жатқанымда алдымнан бір орыс жігіті шығып: «Сіз кімсіз, бұл жерге қалай келдіңіз?», – деп қыспаққа ала бастады, «Мен Василий Петровичпен бірге келдім, өзі кабинетіне кіріп кетті, маған арғы жақпен оралып кел деді», – дегенімде, «Онда осы жерде тұра тұрыңыз», – деді де, өзі бір есікке кіріп кетті, көп ұзаған жоқ қайта келді де, мені ертіп Демиденконьң кабинетіне кіргізді. Есіктен кіріп кідіріп қалып едім, «Келіңіз, отырыңыз шаруаңызды айтыңыз», – деді. Мен алдына барып отырып, шама-шарқым жеткенше барлық жағдайымды толықтай айтып шықтым. Ол кісі: «Астықтың басталып кеткені рас кой», – деді. Мен тағы да: «Техника, адам күшімді алып келіп алып, екі мың жарым тонна шөпті ала алмай Маңғыстауға баратын болсам, менің дұрыс коммунист емес екенімді көрсетеді, сондықтан да мені өзіңіз партиядан шығарып тастаңыз», – дедім де, партбилетімді алып столының үстіне апарып қойдым. Демиденко маған қарап: «Эй, ты, сукин сын, сені партиядан мен емес, Казаченко шығарады, билетіңді

ал», – деді. Мен: «Сіз ҚКП Орталық комитетінің мүшесісіз, саяси бюроның мүшесі, Қазақстан Республикасының басшысының бірісіз, сондықтан да сіз мені партиядан шығара аласыз», – дедім. Демиденко маған қарап басын шайқап күлді де, біреуге телефон шала бастады, телефон шалған жері жауап бермеді-ау деймін, екінші бір жерге телефон соқты да: «Сен әлі үйінде отырсың ба, маған Маңғыстау облысының кеңшар директоры келіп отыр, Федоровка ауданы екі мың жарым тонна шөп беруі керек екен, саған барған екен, сен қыркүйектің аяғында кел деп қуып жіберіпсің. Сол директор мен партияның берген тапсырмасын орындамай, көшіріп әкелген бригадамды бос кері қайтарғаннан гөрі партиядан шыққаным дұрыс деп, партбилетін менің алдыма қойып, партиядан шығаруды талап етіп отыр, Борис Николаевич, бұның арғы жағында не жатқанын білесіз бе, егерде Димаш Ахметович еститін болса, екеуіміз де қызметпен қоштасатын шығармыз. Сен ертең еңбек демалысына шықпайтын болдың, осы директордың екі мың жарым тонна шөбін өзін көзіңмен отправка жасатып болған соң демалысқа шығасың», – дегенде арғы жағынан сөйлесіп тұрған адам тағы біраз айтса керек, «Ладно», – деді де, «Қазір мына директор сізге қайта барады, жұмысын толық шешетін болыңыз», – деді. Маған қарап: «Енді мына билетінді алып жанқалтаңа салып қой», – деді. «Ертең мен демалысқа кетейін деп отырмын, жұмысына кедергі келетін жағдайлар болса, облыстық партия комитетінің екінші хатшысына келіп хабарласуыңа болады, қазір ол кісіні шақырып, өзінмен таныстырам», – деді де, телефон тұтқасын көтеріп біреуге: «Маған келіп кетіңіз», – деді. Көп ұзаған жоқ, екінші хатшы келді, Демиденко ол кісіге менің жағдайымды айтып таныстырды. Екінші хатшы: «Жарайды, жұмысыңызға кедергі келіп жатса кез келген уақытта маған телефон шалыңыз, мынау менің тіке номерім», – деп визиткасын берді. Сөйтіп мен Федоровка ауданына қайтып кеттім. Келіп бірінші хатшының қабылдау бөлмесіне кірсем, алты-жеті адам отыр екен, хатшы қыз: «Сіз Маңғыстаудың кеңшарының директорысыз ба, бірінші хатшы күтіп отыр, кіріңіз», – деді. Кірsem, Климовтың кабинетінде аудандық атқару комитетінің төрағасы Ахметов екеуі отыр екен, кірген бойда қабылдау бөлмесінде отырған жеті адам совхоздың директорлары болып шықты, соларды кіргізіп мені таныстырды, «Қазір ауылшаруашылық бөлімінің кабинетіне барыңыздар да, шөпті тасып берудің кестесін жасап, маған қайта келіңіздер», – деді. Ауылшаруашылық бөлімінің кабинетіне барып, шөпті тасып теміржолға жетістірудің кестесін жасадық, қай совхоз қай күннен бастап таситынын, қашан тасып бітіретінін көрсетіп, жиырма жеті күннің ішінде аяқтайтын болып, кестеге қолда-

рын қойып, аудандық ауылшаруашылық бөлімі бастығы қайтадан біздерді бірінші хатшыға кіргізді.

Кіргеннен кейін Климов жасалған кестені қолына алып оқып шығып: «Көрсетілген мерзімде жұмысты бітіру керек, мен ертеннен бастап еңбек демалысына кетемін, орындалысын бақылауға өзіңіз аласыз», – деп Ахметовке қарады, Ахметов «жарайды» деді. Сонымен кестенің бір дәнесін қолыма алып, енді теміржолмен жолығуға Тобылға келдім. Тобыл станциясының бастығына келіп күніге он вагон бөлуді сұрағанымда, «Он вагонды күніге бөле алмаймыз, оған Қостанай теміржолы бастығының бұйрығы керек», – деді. Бұйрық алу үшін Қостанайға қайтадан келдім. Қостанай теміржолының бастығы «Күніге он вагонды бөлуге біздің құқығымыз жоқ, оған «Целинная железная дороганың» бұйрығы керек», – демесі бар ма. Сол бойда Целиноград қаласына ұшатын ұшақтың бар-жоғын сұрасам, самолет кешке ұшады екен. Сол ұшақпен Целиноградқа ұшып кеттім. Ертесіне теміржол басшысы Есенғаринның кабинетіне барсам, қабылдау бөлмесіндегі қыз жиналыс басталып кеткенін айтты. Сол жерде екі сағаттай күтіп, жиналыс тараған бойда кіріп, келген жұмысымды айттым. Біраз сөйлесіп түсініскеннен кейін Нығметжан Қабатайұлы маған: «Осы сіздің жақта қонақ үйі, асхана дегендер болмайды дейді ғой, сол рас па?» – деп сұрады, «иә, рас» деп жауап бердім. «Сонда қалай?» – деді ол кісі маған қарап, «Барған қонақтар қайда жатады» деп таңданыс білдірді. «Қонақтар далада қалмайды» дедім мен, «Олар әуелі кеңшардың директорының үйінде қонақ болады, содан кейін бас зоотехниктің, бас инженердің, бас бухгалтердің, бас экономистің, бас агрономның, алты-жеті күннен кейін қайтадан директордың үйіне келіп немесе партком, сельсовет тағысын-тағылар үйіне қонаққа алып кетеді», – дегенімде, Нығметжан ағамыз басын шайқап: «Пай, бұрынғы біздің предкаларымыздан калған салт сіздерде әлі бар екен ғой», – деп, үлкен ризашылық байқатты.

Менің дайындап барған хатымды алып оқып шықты да, бетіне бұрыштама соғып, бір адамды өзіне шақырды. Ол адам жүк тасымалдау бөлімінің бастығы екен, сол кісіге менің хатымды берді де, менің хаттағы көрсеткен мерзімімнен бастап күніге он жабық вагон бөлуді жоспарға енгізуді тапсырды. Мен шаруамның біткеніне ішімнен қатты қуанып кеттім. Рахметімді айтып орнымнан тұра бергенімде: «Қостанайға самолет бүгін кешкі сағат 8-де болады, оған дейін біздің ішімізде тамақ ішетін орын бар, ауқаттанып алыңыз, біздің көлік аэрапортқа алып барады, менің көмекшім қасыңызда болады, ұшаққа билет алып алыңыз», – деді де біреуді телефонмен шақырды. Ол кісі келген соң «Мына қонақтың қасында болыңыз. ауқаттанып

алыңыздар, кешке аэропортқа апарып ұшаққа мінгізіп жіберерсіз», – деді. Ол жігіт Есенғариннің көмекшісі екен, екеуміз бірге тамақ іштік, ұшаққа билет алып, аэропортқа келдік, аэропортқа келген соң мен ол жігітке жұмысына жүре беруіне рұқсат еттім. Өзім Қостанайға сол күні түнде ұшып келіп, ертесіне теміржол бастығына кіріп сөйлескенімде, «Бұйрық келді, жоспарға енгіздік, Тобылға күніге он вагон бөлінетін болды», – деді.

Сөйтіп Федоровка ауданының жеті кеңшары кесте бойынша прес-телген бидай-арпа араласқан көк жоңышқаны таси бастады. Тасып әкелген шөпті біздің жігіттер жабық үш вагонға қатар тиеп үлгеріп тұрды. Егер көп келіп тиеп үлгере алмайтын жағдайда қосымыздың қасына әкеліп түсіріп қойып, өзіміздің қалқанды машинамызбен әкеліп тиеп тұрдық.

Сөйтіп жиырма жеті күннің ішінде екі мың бес жүз тоннаның орнына екі мың сегіз жүз тонна шөп алдық. Шөпті шауып, престеп тасу жұмысынан Демиденконың арқасында құтылып, шаруамыз әрі жылдам, әрі сапалы түрде бітті. Алынған шөптің бағасы барлық тасымалдау шығынымен есептегенде, Наборбудақ жерінен дайындаған шөптен әлдеқайда арзанға түсті. Наборбудақтан әкелінген сапасыз шөптің бір центнерінің өзіндік құны бес сом жетпіс тоғыз тиын болса, Қостанайдан әкелінген шөптің бір центнерінің өзіндік құны үш сом он тиынға шықты. Ол кезде теміржол тасымалы өте арзан болатын.

Сөйтіп біраз шаруа бітіріп, ауылға келгеннен кейін бес күннен соң аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы телефон соғып, «Сені обкомның бірінші хатшысы шақырып жатыр», – деді. Мен қандай шаруамен шақыратынын сұрағанымда: «Неге шақырып отырғанын біздерге айтқан жоқ, танартеңгі сағат онда обкомның бірінші хатшысында болатын болыңыз», – деді. Мен таңертең ерте шығып, сағат онда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қабылдау бөлмесінде болдым. Мені келген бойда бірінші хатшының көмекшісі Казаченкоға кіргізді, келіп амандасып отырғаннан кейін Казаченко: «Төлеуғалиев, Қостанайда сен не бүлдіріп жүрсің?» – деді. Мен біртүрлі болып қалдым, «Юрий Георгиевич, кешіріңіз, мен ештеңе бүлдірмеген сияқтымын, түсінбей қалып отырмын», – дедім. «Қалай бүлдірмеген сияқтысыз, партбилетіңізді алдына тастап партиядан шығарыңыз деп Василий Петрович Демиденконың зәресін кетіріпсіз ғой, бұдан артық қандай бүлдірген керек?» – деді. Мен бастан-аяқ болған жағдайды ештенесін қалдырмай Казаченкоға түгел айтып бердім. Хатшы: «Василий Петрович Демиденко сіздің жасаған іс-әрекетіңіздің бәрін айтып директор-

ларынның бәрі осындай болса, сіз үлкен бақытты адам екенсіз деді, молодец, Бектур, я благодарен вам!» – деп қолымды алды. Бұл хабарды біздің облыстық ауылшаруашылық басқармасындағылар да естіпті.

Шаруашылықты басқаруда бұндай жағдайлар жиі кездесіп тұрды. Біздің өз жерімізден мал азығын дайындап алу жұмыстары сирек кездеседі. Себебі осы әңгімемнің басында айтқандай бізде дұрыс жаңбыр жиырма бес, отыз жылда бір болады. Малдың басын көбейтіп, одан сапалы өнім алу үшін берік жем-шөп қоры болу керек. Сол болмағандықтан мал бағудың жайы өте қиыншылықпен өтіп келеді, – деп аяқтады.

Бектур кәсіподақ жұмысына ауысқаннан кейінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуда көптеген елге пайдалы қызметтер атқарып ауыл еңбеккерлерінен үлкен алғыстар алғанын, қазір де жасының ұлғайғанына қарамастан қалалық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, жастарға Отанын сүйетін, патриоттық тәрбие беруде және қазақтың озық салт-дәстүлерін жаңғыртып, жас отбасыларын тәрбиелеуде оң нәтижелерге қол жеткізгенін айтпауға болмайды. Бектур Елбасының сайлауларында, референдумдарда Елбасының ерен еңбектерін халыққа нақтылап түсіндіруде үгіт тобын басқаруымен қатар, барлық уақытта сенімді өкілі болып та жұмыс атқарады. Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауын жұртшылыққа талдап түсіндіруде үнемі үлкен таланттылық көрсетумен келеді

Бектур қазір елге танымал жазушы, «Қазақстан Жазушылар одағының» мүшесі, «Құрметті журналисі», бінеше кітаптары жарыққа шықты. Бектурдың еңбектерін оқушы қауым жылы қабылдады. Көптеген оқушылар, олардың ішінде философия, тарих, тіл-әдебиеті ғылымдарының кандидаттары мен докторлары шыққан кітаптарын жоғары бағалап, республикалық, облыстық ақпарат беттеріне көптеген пікірлерін жазды. Кәзір де Бектур облыс әкімінің келісімімен редакция алқасын құрып, облыстың ауыл шаруашылығы жөніндегі энциклопедиясын жазуды қолға алып жатыр.

Бектурдың соңғы қоғамдық жұмыстарды атқарудағы еңбектеріне тоқталар болсақ, онда көпке кетерміз. Ол жұмыстарды тағы бір жазушының еншісіне қалдыралық.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, Бектур қай қызметте де өзінің ұйымдастырушылық қасиетімен, жақсы жақтары мен көрініп, көп ұлтты халқымыздың ауызбіршілігіне, мығзымас достығына, берекелі еңбек етуіне септігін тигізіп келе жатқан азамат.

Бектұрдың атқарып келе жатқан адал еңбектерін облыс әкімі Әлік Айдарбаев мырза ескеріп, жоғары наградаға ұсынатын болар деген ойдамыз.

Маңғыстау облысы ардагерлері атынан біздің бұл өтінішімізді Елбасына жеткізуді газет редакциясынан сұраймыз.

Бектұрға айтар тілегіміз, 75 жасыңыз құтты болсын, әлі де қатардан қалмай, осындай биік абыройлы күйіңізде егеменді еліміздің тұтастығы жолындағы ерен еңбегіңізді жалғастыра беруіңізге тілектестігімізді білдіреміз!

Әңгіме жүргізген еңбек ардагері,
Маңғыстау облыстық ауылшаруашылық
басқармасында көптеген жылдар
малшаруашылық бөлімін басқарған,
«Құрмет белгісі» ордені мен
«Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері

Тельман БАЙНИЯЗОВ,
«Экономика» газеті, №37, 18-24 қыркүйек, 2014 жыл

* * *

ҚАЙРАТКЕР ҚАЛАМГЕР

Төлеуғалиев Бектұр Маңғыстау ауданының «Октябрдің 50 жылдығы» атындағы кеңшардың директорлығынан кәсіподақ жұмысына 1991 жылы ауысты. 1991 жылдың қаңтар айының үшінші жұлдызында алтернативтік жолмен сайлауға түсіп, бес адамның ішінен көп дауыс алып, 89% дауысқа ие болып, Облыстық агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы болып сайланды. Кәсіподақ жұмысына отырғаннан кейін, құтты болсын айтайын деп барғанымда мына жұмыс қызық екен, жиналыстан басқа шаруа жоқ, мен біртүрлі болып жұмыс кабинетіме сыймай жүрмін деп мені күлдірген. Сен демалысы жоқ кеңшардың жұмысына үйреніп қалғансың, мына келген жұмысыңыз ондай емес, жайлы қызмет қой, қазір-ақ үйреніп кетесіз дегенімде, үйрене алсам болар еді, мен үнемі қызмет жасап, кабинетте көп отырмаған адаммын ғой деп, шынымен олқы көріп тұрғанын байқадым. Ол кез жекешелендірудің жүре бастаған уақыты еді. Жекешелендіру туралы елдің көбісінің түсінігі аз болатын.

Осы жекешелендіруге байланысты 1993 жылдың басында Қазақстан кәсіподақтарының Құрылтайы шақырылды. Құрылтайға қаты-

насатын делегаттардың ішінде Бекеңмен бірге мен де болдым. Облыстан барған делегаттардың көбін «Аққайын» санаториясына орналастырды. Маңғыстаудан барған делегаттар да солардың ішінде болды. Құрылтайға Елбасының өзі қатынасады деп хабарлаған болатын. Сол күні түс қайта сағат үштердің шамасында кәсіподақтар кеңесінің басшысы Сиязбек Мұқашев келіп делегаттарды санаторияның залына жинап, қазір бір сағаттан соң Елбасы келіп сіздермен дидарласып, сіздердің ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдап жиналыс өткізеді. Ол кісі ертеңгі Құрылтайға қатынасып сөз сөйлейтін еді, ресми қызметке байланысты келе алмайтын болғандықтан, бүгін сіздермен кездесетін болып шешті. Ол кісінің уақыты аз, бәріңіз бірдей сұрақ қойып, сөз сөйлеп мазаламауларыңызды сұраймын, пікірлеріңізді, сұрақтарыңызды жазбаша түрде бізге беріңіздер, біз жинақтап ол кісіге апарып берейік деп делегаттармен келісіп алды.

Біздер Елбасын осы залда отырып күтіп алдық. Қасында сол кезде республиканың жекешелендіру жұмысына басшылық етіп отырған Кәріпжанов деген азамат, сонсын Мұқашев бар, үшеуі келіп отырды. Отырған бойына Елбасы сөзін бастап, делегаттарды ертеңгі болатын Құрылтаймен құттықтады, содан сөзін әрі қарай жалғастырып, қазіргі жағдайдың уақытша қиындықтарын айтып, бұл қиындықтың уақытша екенін, ауызбіршіліктің қажет екенін, көп ұзамай жағдайдың жақсаратынын егжей-тегжейлі түсіндіріп, біздердің көкейімізде келген көптеген сауалдарымызды айтқызыбай-ақ өзі толықтай түсіндіргені сондай, жан-жақты түсінік алып, көңіліміз көтеріліп қуанып қалдық. Елбасы өзінің сөзін аяқтап болып, залдағы делегаттарға қарап өздеріңіздің маған айтатындарыңыз бар ма, болса мен тындауға даярмын деді. Залда тыныштық орнап қалды. Біраз мезгіл өткендей болды, ешкім ештеңе айтатын сияқты болмады.

Сол кезде Бекең орнынан тұрып, Маңғыстау облысы агроөнеркәсіптік кешені кәсіподақ комитетінің төрағасымын деп өзін таныстырады да, қазіргі жүргізіліп жатқан жекешелендіруге байланысты кейбір түсінбестік жағдайлар туралы сұрайды. Оның бірі – кеңшарда бұрын ұзақ жылдар бойы мал бағып, баласы өндіріске оператор, жөндеуші немесе жүргізуші болып жұмыс жасап жүргендіктен, кеңшардың жерінен көшіп, өндіріске жақындап қонғанына бір жыл да болмаған шопан-бақташыларға пайлары олардың кеңшардан кетіп қалғандығы себепті есептелініп берілмейтіні, ал кеңшарға малшы немесе зоотехник болып кіргендеріне бір жыл да толмаған адамдарға үлестерін есептеп беріп жатқандықтан, оған малшы-бақташылар наразылық білдіріп отырғаны болса, екіншісі – кеңшардың орталығындағы үйлер иелеріне жекешелендіріп берілгенде,

малшылардың үйлері қораның басында болғандықтан, оларға үйлерін ведомстволық үйлер деп бермей отырғанын, сондай-ақ мектеп жанындағы интернат жабылып жатқандықтан, бұрын интернатта жатып оқитын малшы балаларының бұдан әрі оқуы қиын болып тұрғандығы еді. Бұл жайларды естіген Елбасы мұндай жағдайлардың орын алуына ренішін білдіріп, тиісті адамдарға жағдайды шұғыл түзетуге тапсырма береді.

Ертесіне Елбасы Б. Төлеуғалиұлын жеке қабылдап, әңгімелеседі, елдің жағдайын сұрайды. Сол жолы Бекен Президенттің өте қарапайымдылығы мен елжандылығына, елдегі жағдайларды түгелдей біліп отырған сұңғылалығына тәнті болып, оның көрегендігі мен ақылды-лығының, үлкен парасаттылығының арқасында елі үшін әлі де көп пайда келтіретін Тұлға екендігіне нық сенім артып, оның еліме құрттай болса да пайдамның тигеніне қуанамын дегенін күні бүгінге дейін айтып келеді.

Бұдан басқа елге деген елеусіздеу болса да тағы бір қызметтің түріне тоқтала кетейін. Бұл да сол 1993-1995 жылдары болатын. Ол жылдары жағдайдың қиын екенін бәріміз де ұмытқан жоқ шығармыз. Облыс көлеміндегі мал шаруашылығымен айналысып отырған малшы-бақташылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары төмендеп кетті ғой. Міне, тап осы кездерде Бекен облыстағы ең ірі мұнай мекемесі «Маңғыстаумұнайгаздың» бас директоры Сағын Қырымқұловқа барып (ол азаматты бұрыннан жақсы таныс болмағанмен, сырттай білетінбіз, бұрын облыстық партия комитетінде жауапты жұмыста болған, елдің жағдайын білетін азамат деп есептейтінбіз), ауылдың жағдайларын айтып, малшылардың балаларын демалдыру, емдеп-сауықтыру лагерлеріне «Маңғыстаумұнайгаздың» есебінен тегін жіберткізуге көмектесуді сұрапты. Сағын ойланып қалады да, «Жылына он балаға көмектесейін», – депті. Бекен өзінің Сәкен туралы айтқан сөзінде, «Жоқ, Сәке, – дедім, – жылына кем дегенде елу балаға көмек жасаудың жолын табуын сұрадым. Сағын маған қарап: «Бектұр мен сені түсініп отырмын, мен де малшының баласымын, қазір ауылдың жағдайының қиын екенін де түсінемін, бірақ жылына 200 баланы «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің есебінен жіберуге менің құқым жоқ, сондықтан да сен жоғарғы жақтарыңызға шығып, біздің басшылықпен жолықсын, мен де жоғарғы жағыма шығып сөйлесейін, біздің облыстық партия комитетімен де сөйлесіп хат аздырып алсаң да артық болмас», – деді.

«Мен Сағынмен келісіп шыққаннан кейін, – деді Бекен әңгімесін жалғастырып, – облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші басшысы Ф.А. Новиковқа келіп, жағдайды айтып «Маңғыс-

таумұнайгаздың» бас директорымен келіскенімді, енді сіздің хатыңыз керек болып тұр дегенімде: «Пожалуйста, қазір хат жаздырып беремін», – деп телефонды көтере бергенде: «Кешіріңіз, Фёдор Афанасьевич, мен хаттың текістісін өзім жазып келіп едім, оқып көріңіз-дағы, жарайтын болса осыны бастыра қойсаңыз жақсы болар еді», – дегенім де қағазды алып оқып шықты да «жарайды» деп бастырып, істен шығартып, қолын қойып қолыма берді. Сөйтіп Фёдор Афанасьевичтің өте қарапайым, менмендікпен ауырмаған басшы екеніне көзім жетіп шықты», – деген әңгімесін де естігенбіз.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қолын қойған хатты алғаннан кейін жұмыс орныма келдім де, Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешені кәсіподақтарының орталық комитетінің төрағасына шығып, жағдайды айтып көмектесуін сұрадым. Ол кісі маған: «Ауылшаруашылық министрімен сөйлесейін, шешудің жолдарын қарастыралық, қалай шешілгенін өзім хабарын айтамын» деді. Ертесіне Сағынға қайта келіп, Новиковтың хатын беріп, хабарымды айттым. Сағын маған өз тарапыңыздан айналыса беріңіз, мен өз каналдарым арқылы шешуге жұмыстанамын деді. Бір аптадай мезгіл өткенде орталық кәсіподақ комитетінің төрағасы телефон шалып, «Мұнай министріне хат жазылды, жауап алғанымыз жоқ, бұл жақтан қашан шешім шығады, ол белгісіз, сондықтан өздеріңіздегі «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің басшысымен жолығып келісе берген дұрыс», – дегендей әңгімесін айтты.

Сонымен жоғарғы жақтан күдерімді үзіп, Сағынға қайта келіп хабарластым, келсем Сағын маған қарап: «Бектұр, сенің шаруанды шешкендей болдым, енді баратын балалар сол малшы-бақташылардың балалары болуы керек, атағы ауылдың балалары болып, ал нақтысында Ақтаудың балалары болып кетіп, ұятқа қалып жүрмелік», – деді. Сонымен Сағынның өз еліне деген сүйіспеншілігі мен зор адамгершілігінің нәтижесінде төрт жылдың ішінде 200-дің үстінде ауылдың балаларын республикамыздың өз ішіндегі және республикамыздан тыс жерлердегі тынығу, емдеу-сауықтыру лагерлеріне жіберіп, ішінен кейбір балалардың аурулары анықталып, ем жасалып, жазылып шыққандары болды. Маңғыстау ауданынан шопан Жиенбаевтың баласына, және тағы бір-екі балаға Алматыдағы «Гүлдер» лагерінен медициналық байқау кезінде аурулығы анықталып, ота жасалып, ауруларынан құлантаза жазылып келді. Демалған балалардың көпшілігі көршілес Қырғыз Республикасындағы Ыстықкөл лагерінде демалды.

Міне, Сағынның қол ұшын бергенінің нәтижесінде Маңғыстау малшыларынан мен де алғыс алып қалғанмын деп Бекең Сағынға деген ризашылығын күні бүгінге дейін білдірумен келеді.

Бекең ағамызбен бірге өсіп келе жатқандықтан оның бойындағы жан-жақты жақсы қасиеттерін кішкентайымыздан көріп-біліп өстік. Бекең Таушықтағы орта мектепті бітірісімен өзінің туған ауылы Тұщықұдықта Аманкелді атындағы колхозда шофёрлықтан бастап, техникум бітіргесін механик болып жасады. Сол кезде мәдени жұмыстарға үлкен мән беріліп, ауыл орталығындағы клубтарда күнде кешке дайындықтар болып жататын. Жылына «Творчестволық есеп» беріледі, әуелі ауылда дайындалып, одан кейін ауданға барып өнерлерін көрсетіп, ол жерден өнері үстем болғандары іріктелініп алынып, тағы дайындалып барып, облыс орталығына, одан әрі облыстардан іріктелінгендер республика орталығына, әрі қарай Мәскеуден басын бір тартатын болған. Бекең ол кезде колхоздың қоғамдық негіздегі комсомол ұйымының хатшысы болатын. Колхоздың мәдени-көпшілік жұмыстары мен творчестволық есептерін де ұйымдастырудың бір жағында Бекең жүретін. Себебі Бекеңнің тұла бойы тұнып тұрған өнер еді.

Сол жылдардың бірінде КПСС Орталық Комитетінің идеология жөніндегі пленумы болып, соған байланысты ішімдікке, карта ойындарына қарсы фельетондар, тақпақ өлеңдер айтылу қажеттігі туындаған. Сол кезде Маңғыстау ауданының партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Алшынбаев Өтежан деген ағамыз болатын (қазірде өмірде жоқ, топырағы торқа болсын). Сол кісі тікелей келіп қалайда пленумның қаулысына сай творчестволық есепке қосу үшін сатиралық материал дайында деп Бектұрға тапсырма береді. Содан Бекең көп ұзатпай «Тау ішінде» мен «Қайықта» әндеріне пародия шығарып, кешке клубқа келгенде өнерпаздар алдында орындап берген. Бұл пародиялар көп ұзамай-ақ елге тарап кетті. Әрқайсысы бес шумақтан тұратын «Тау ішінде» әні мен «Қайықта» әнінің пародиясы әлі күнге дейін некен-саяқ тойларда, кештерде орындалғанына куә болдым, кімнің шығарғаны деп сұрағанымда ешкім білмеді, мен Бектұр деген ағаларыңның шығарғаны дегенімде танданыс білдірді.

Сол екі өлеңнің пародиясының бірінші шумақтарын еске сала кетейін.

ТАУ ІШІНДЕ

Келемін көрші үйден түнделетіп,
Бураға айлық ақшам түгел кетіп.
Алдымнан шықты әйелім айқай салып,
Ұйқыдағы көршілерді дүркіретіп.

Әй, қаңғыма,
 Неғып тұрсың,
 Түрің құрсын!
 Сағат үш болды,
 Қарақасқа, қайда
 Жүрсің?!

ҚАЙЫҚТА

Бір болсақ та дастарқанда,
 Ішсек те алғаш рюмка,
 Таныспаппыз жөн білісіп,
 Бұйырмашы айыпқа.

Соңы болса құйшы маған,
 Мен ішейін, сен ішпе.
 Стақанда сылдыр қаққан,
 Сенің күлкің емес пе? –

деп әрі қарай кете береді.

Бекеңнің бұл шығарған екі пародиясына кезінде үлкен мән берілді. Осы екі пародияның көмегінен облыста Маңғыстау ауданы бірінші орынды иеленді. Бекең осы екі пародиясымен Республикалық творчестволық есепке қатысып, бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сол кездердің өзінде Бекеңнің «Лениншіл жас» газетіне түрлі тақырыпта әңгімелері мен мақалалары шығып тұратын еді. Бекең соңынан шаруашылық басқарып кеткеннен кейін жазу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндігі болмағаны рас. Кеңшарға директор болып жүрген кезінде бір кездескенімде: «Жазуды қойып кеттіңіз бе, газет беттерінен көрінбей қалдыңыз ғой?» – дегенімде, «Сен мақаланы айтасын, жиналыста сөйлейтін сөзімді жазуға қолым тимейді», – дегені есімде қалыпты.

Бекең кәсіподақ жұмысына келгеннен кейін барып төселіп, жазушылық жұмысына кірісті. Ұлы Мақамбет туралы «Балдағы алтын ақ болат» деген повесі, бұдан кейін көп ұзамай «Бас сардар» деген атпен қазақ-жоңғар, жоңғар-қазақ соғыстарында бастан-аяқ болған, елін жаудан қорғауда асқан ерліктер көрсеткен Шотан батыр туралы тарихи повесі және «Адай тарихы сыр шертеді» деген роман-эссесі жарық көрді. Бұл еңбектерді жұртшылық қауым қызығушылық танытып оқыды. Оқушылардың арасынан бұл еңбектерін жоға-

ры бағалап, мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керек деп облыстық, республикалық деңгейде шығатын газеттерге мақалалар да жарияланды.

Маңғыстау облысындағы ардагер ұстаздарымыздың алдыңғы сапында келе жатқан халық ағарту ісінің озат қызметкері, Маңғыстаудағы тұңғыш Қазақ мемлекеттік университетін бітіргендердің бірі, тіл-әдебиет пәнінің маманы, ардагер тәлімгер ұстаз Бесінбай Бегнишев өзінің жазған «Балдағы алтын ақ болат» және «Бас сардар» мақаласынан («Маңғыстау» газеті, 21-сәуір, 2007) үзінді келтіре кетейік: «Артына ерген жасақтары тастай түйіліп, Шотаннан бір елі қалмастан жау ортасына түсті де кетті. Шотан бастаған Адайдың алты жүз жігіті қалың қамысты жарып келе жатқан құйын сияқтанып, жаудың орта тұсының ұйпа-тұйпасын шығарды. Анда сонда шұбардың шапшығаны мен үстіндегі Шотанның қылышының оңды-солды сермеген жарқылы қайта-қайта көзге түсумен болды. Оның жаудың ортасын жарып шығып, оң қапталға көзінің түсе бергені сол еді, есік пен төрдей жерде Бөкенбайдың ту сыртынан желкелігін көздеп, найза ұруға жақын қалған еңгезердей қалмақты байқап қалған Шотан шалт қимылмен қолындағы найзаны одан бұрын атты. Шотанның қарулы қолынан атылған найза бұрын тиді, қалмақ лақтырып үлгере алмай, кеңірдегіне шаншылған найзадан өкірумен барып атынан құлады. Сонда ғана барып Бөкенбай Шотанды көрді. Құлаған қалмақтың кеңірдегіне қадалып тұрған найзасын күшпен суырып алғанда мойнын қолымен басып қорылдаған қалмақ тірі күйінде қала берді. Шотан Бөкенбайға қарап: «Аға, артыңызды жалаңаш қалдырмаңыз, енді артыңызда мен болатын шығармын», – деді (Төлеуғалиев Б. Бас сардар, 52-бет.).

Ал жазушы Махамбетті ауыл ішіндегі түйенің құмалағын найзамен шаншып алу сынағынан өткізуден бастап, ханның алдына тайсалмай, өзіне-өзі сенімді болғаннан кейін баратын дәрежеге жеткізеді. Немесе: «...Махамбет жеке басының қамын ойлаған жоқ. Оның артында өшпес ерлік, ұмытылмас даңқ қалды. Оның ойлағаны тек қана елінің қамы болды. Өзінің отбасын ойынан шығарды, ұмытты. Қысқа өмірін күреспен өткізді, рахат көрген жоқ. Тебінгісін терге шірітіп, терлігін майға ерітіп, алты малта ас болып, өзінен туған балдары сакалы шығып жат болып жүргендегі көкsegені – қазағының болашағы немесе біздің бүгінгі қазақ халқының егемендігі...», – деп көрсетеді (Төлеуғалиев Б. Балдағы алтын ақ болат, 77-78-бб.).

Міне, осыны түсініп оқыған сезімтал оқушы өз халқының еңбегі мен ерлігін көрсету үшін жазылғандығын сезеді. Түбек тұрғындары жауынгер, ер, батыр, батыл аталғанымен, осыған дейінгі белгілі дәрежеде сомдалған кейіпкері бар шығарма жоққа тән. Қайта аяқтан

тартатын жағына қарай қия тартады. Жазушы осы олқылықтардың орнын толтырғандай еңбектенгенін көріп отырмыз.

Қорытып айтқанда, жазушы Б.Төлеуғалиевтің бұл еңбегі жас-тарға отансүйгіштік, патриоттық тәрбие беретіні сөзсіз. Осы жағдайды ой елегінен өткізе отырып, келгеніне аз уақыт өте тұрса да Қырымбек Елеуұлы інімізден жаңадан шыққан «Бас сардар» атты кітапты іздеушілердің көп екендігін ескеріп, баспадан қайтадан көп тиражбен бастырып шығартып, кітапханаларға, кітап дүкендеріне салдырса және алға қарай мектептердің тарих оқулығының бағдарламасына енгізсе, осыған қоса бұл жазылған екі еңбекті мемлекеттік сыйлыққа ұсынса дұрыс болар еді деген ұсыныстарын жазған.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Айтуар Өтегенов өзінің «Қарымды қаламгер» атты мақаласында («Жұлдыз» журналы, №2, 2000) былай деп көрсетіпті: «Сонау жылдары бір топ дарынды жазушыларымыз І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, С. Сма-таев, т.б. қазақ хандығының құрылып-қалыптасуын, сыртқы-ішкі жаулармен жанталасып күресуін, сөйтіп, тарихқа шынайы мемлекет болып шығуын асқан білімділікпен зерттеп, зерделеп, кесек-кесек романдарды дүниеге әкелген еді. Тіпті олардан кейін жазылатын ештеңе қалмаған сияқты еді. Бектұр ағамыз сол қалың жынысты орманның ішінен көзге көрінбей, ауызға ілінбей қалғандарын асықпай қарап, мұрағаттарды ақтарып жарыққа шығарыпты. Осы жердің түлегі, ғұлама Әбіш ағамыздың «Үркері» мен «Елең-алаңып» оқығанда өзімізге іс-әрекеттері, сөз саптаулары таныс тұлғалар қаптап жүргенімен, жеме-жемге келгенде, қазақтың бұрыннан белгілі, көрнекті өзге батырларының бейнесін сомдауға материал ретінде пайдаланғаны көзіңе оттай басылады. Оның салдары сонау патша заманындағы Иса-Досан, бергісі кеңес кезіндегі Адай көтерілісінде жатса керек, компартияның «Адайлардан басшы қоймау керек» деген жасырын қаулысының салқыны. Тарихшы да, тарихи шығарма жазатын жазушы да бұл «камалды» кезінде бұзып өте алмады. Бектұр ағамыз жіберілген осы кемшіліктерді көре біліп, оның орнын дұрыстап толтырғаны көрініп тұр. «Бас сардар» атты кітапта Бектеміс ахунның Әйтеке биді емдеуі, Шотанның далалық ұрыс техникасын шебер меңгергендігі, Барақ сұлтаннан Әбілхайыр ханның құнын адайлардың қалай алғандығы өте тартымды суреттелген.

Әсіресе Бекеннің «Балдағы алтын ақ болат» атты повесінде Махамбеттің күрескерлік өмір жолын тың тарихи деректермен өте тартымды суреттегенін айтып кетуге болмайды.

Ғылым докторы Айтқұлов Алпамыс «Тарихымызды тануға қосқан үлкен үлес» деген мақаласында («Маңғыстау» газеті, 1 желтоқсан, 2007) былай деп жазады: «Менің әкемнің ағасы Айтқұл Шманұлы деген ақсақал кеңестік дәуірдің колхоздастыру кезеңінен бастап үгіт-насихат, мәдени ұйымдастыру жұмыстарымен айналысқан, елге атағы танылған жыршы-термеші адам болған. Алғашқы қызыл отауларды ұйымдастырушылардың бірі. Сонымен қоса адай шежіресінде жазған адам. Бірақ ол кез адай шежіресін жарыққа шығаратын мезгіл емес екені белгілі. Менің балалау кезімде бір әңгімесінде: «Адайдың тарихын ирандық Әл Ибн Бахури деген адам жазыпты. Ташкенттің архивінде бар көрінеді. Әдейі барып іздеткенімде таптырмады. Ұзақ жатып қарауға жағдайым келмеді деп айтып отыратын еді.

Міне, бүгін, Бекеннің «Адай тарихы сыр шертеді» деген роман-эссесін оқып отырып әкем Айтқұлдың айтқан Әл Ибн Бахуриінің атын кездестіргенімде таң қалдым. Бекеннің ізденімпаздығына риза болдым. Бекеннің алдында Маңғыстаудағы, бұдан тыс жерлердегі адай азаматтары, олардың бірі өзім, қарыздармыз деп есептеймін. Бұл еңбек қазақ халқының, оның ішінде адай тайпасының тарихын білгісі келетін көпшіліктің сұранысын өтеуге қоса жастарды Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық рухта тәрбиелеу жолында мектептер мен жоғарғы оқу орындарында оқулық есебінде пайдаланатын тағылым-тәрбиесі өте зор еңбек деп түсінеміз.

Немесе 1723 жылдан бастап жоңғар-қазақ, қазақ-жоңғар соғыстарында бастан-аяқ қатынасқан даңқты батырларымыз Қабанбай, Бөгенбай, Бөкенбай, Жәнібек, Шақшақ Жәнібек, Есет, Ханкелді, Райымбек, Саңырық, Малайсары, Наурызбай, Өтеген, Олжабай т.т. батырлардың ерлік істерін қазақ жазушылары осыдан 40-30 жыл бұрын жарыққа шығарып, дәріптеліп жатты. Солармен бірге жүрген, Кіші жүз қолын басқарып, жоңғарға қарсы жан аямай күрескен Шотанның ерлік істері еш жерде жарық көрген жоқ. Тек қана Бекеннің 2005 жылғы «Бас сардар» атты тарихи еңбегінің арқасында жарыққа шықты. Күні бүгін қазақ халқына әйгілі болып отырған Шотан Назарұлының еңбектерін тынымсыз ізденіспен, әсіресе Москвадағы Сыртқы істер министрлігі жанындағы мұрағатта ұзақ мезгіл болып, нақты деректерді тауып жарыққа шығарған Бекене айтар алғысымыз шексіз.

Бұл еңбегі жарыққа шыққаннан кейін Бекеннің тапсырмасымен Маңғысау облысынан бір топ делегация Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Шотан атымен күні бүгінге дейін аталып келген жердің, көлдің, өзеннің бар екендігін көздерімен көріп және

сол жердегі тау сілемдерінде 1940 жылдардың аяғына дейін адамдардың қу сүйектерінің жатқандығын, ол жерді «Шотан қырған» деп атайтындығын сол жердің ақсақалдары әңгімелеп беріпті. Міне, Бекеннің мұрағаттардан алған материалдарының толықтай дәлелденгеніне куә болдық.

Бектұр Төлеуғалиұлының бұл еңбегі еленбей қалатын еңбектердің қатарына жатпайтыны айдан анық. Бұл еңбек егерде қызғаншақтық деген кесепат кедергі келтіріп тастамаса, жоғары наградаларға ұсынылатын еңбекке жататыны даусыз.

Жазушы Серікқали Хасан «Шежірелі елдің шұғылалы тарихы» атты («Ана тілі» газеті, 29 қараша, 2007) мақаласының соңында: «Шын мәнінде, адайлардың жауынгер, қайсар қазақтар болғандығы да рас еді, олар кешегі келмеске кеткен империяның өктем саясатына да оңайлықпен бас ие қоймаған. Сол себепті, адайлар тақырыбы сол кезде қоғамдағы жабық тақырыптардың да бірі болды. Ал, осыншама сыры ашылмаған, осыншама жылдар бойына тарихтың бір қалтарысында ғана қалып келген адайлар өмірі «ақтаңдақтардың» сенін бұзып, мұзын жібіткен іргелі бір әдеби туынды да Төлеуғалиевтың осы жолғы роман-эссесі еді. Шынын айтсақ, бұл туынды біздің ұлттық әдебиетіміздің Отпан тауының басына қадаған туы болды», – деп жазыпты.

Елімізге белгілі жазушы Адам Мекебаевтың «Шындықты жазған шығарма» деген мақаласында (Қазақ әдебиеті, №41, 2008): «Б. Төлеуғалиевтің дүниедегі көптеген ғалымдардың еңбектерін зерттей отырып, соның ішінде әсіресе Иран саяхатшысы Әл Ибн Бахуридың 1814 жылы жазған «Алғашқы қазақтардың бірігуі» атты еңбегін негізге алып, Адай бабамыздың Қазақ елінің іргетасы қалануға бағыт алған қатерлі де қиын тұстағы атқарған тарихи міндетін нағыз шындық арқылы бетін ашқан.

Турасын айтқанда, «Адай тарихы сыр шертеді» кітабы кейбір стильдік, композициялық, жанрлық кем-кетігіне қарамастан құнды шығарма. Оның құндылығы, көкпарға түсіп келген тарихымыздағы шындықты айтып, қазақ мемлекетінің негізін қалаушылардың бірегейі Адай бабамыздың ғасыр қойнауына көмескі тартқан тұлға екенін дәлелдеп шығуында. Бұл сөз жоқ, «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесінің авторы Бектұр Төлеуғалиұлының ғана табысы емес, болашақ тарихшылар есте тұтатын тұтастай Қазақстан тарихын түгендеуді мақсат еткен білікті қауымның да үлкен олжасы», – деп жазыпты.

Тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Досбол Байғұнаковтың «Ғылыми деректермен

әспеттелген әфсана» деп аталатын мақаласында («Ақиқат» журналы, №3, 2008): «Қоғам қайраткері, жазушы Бектұр Төлеуғалиұлының өткен жылы Алматыдағы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі. Бұл роман-эссе бір қалыпқа құйып қойғандай жаттанды дүние емес. Ол оқырманға ой салатын, өткенді бағамдайтын еңбек болып табылады. Сондай-ақ бір сарынды мақтау мен марапатқа толы шығармалардың қатарына жатпайды. Бұл тереңнен тарихты айтатын өлке танушылық шығарма. Автордың өзі де қалың қазаққа кеңінен танымал азамат. Оның Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына арналған «Балдағы алтын ақ болат» және Шотан батырдың 300 жылдығына арналған «Бас сардар» деп аталатын еңбектері оқырмандарға жақсы таныс. Бұл шығармалары да еркін жазылғандығымен, мәнерлі және келелі ұсыныстарымен ерекшеленеледі.

Бекеңнің «Адай тарихы сыр шерітеді» роман-эссесінде Адайға қатысты мол мағлұматтар жинағанын көреміз. Адай және өзге де батырлар, билер, хан-сұлтандардың ел үшін жасаған ерліктерін қарапайым халыққа паш етіп, күрделі оқиғаны шешудегі қайраткерліктері көрсетіледі.

Қорыта айтқанда, жазушы, эссесі Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты еңбегі бір тайпаның ғана емес, бүкіл халықтың қажетіне жарайтын, жастарды елі мен жерін сүйеге шақыратын іргелі еңбек екеніне дау жоқ».

Тарих ғылымының докторы Өмірзақ Мұқай жазушы Бектұр Төлеуғалиұлы туралы жазған «Тамырын тартқан тереңнен» деп аталатын пікірінде («Жұлдыз» журналы, №5, 2008) былай деп көрсетеді: «Жазушы Бектұр Төлеуғалиұлының 2007 жылы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесі жазушы шығармашылығының шыңы дер едік. Онда жазушыға тән шығармашылық үрдіс бар. Роман-эссенің құнды жақтарының бірі, ондағы тарихи ақиқаттар бүгінгі өзіміз көріп отырған шындықтармен де жалғасын тауып жатады. Жазушы Адай батыр туралы роман-эссесімен қоса, халқына еңбегі сіңген Махамбет Өтемісұлы мен Шотан Назарұлының нақты бейнелерін ашып берген шеберлігімен әйгілі.

Бұл орайда айта кететін бір ақиқат мынау. Тарихты түлету, бүгінгі ұрпаққа түсінікті ету мақсатындағы мемлекеттік ұстанымдар да белгілі. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай жазады: «Сонымен бірге мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр-шежіресін ірге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық тол тарихын білуге тиісімін.

Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі – Түркі қағанатын естен шығаруға болмайды; ал бұл дегеніміз осыдан аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...».

Бұл орайда жазушы Бектұр Төлеуғалиұлын дйттеген жеріне жетті деуге толық негіз бар деп тұжырымдаған.

Немесе тарих ғылымдарының докторы Ғалымжан Бексейітовтың «Қазақ руын зерделеген еңбек» деген мақаласында («Президент және халық» газеті, №21, 23 мамыр, 2008): «Кітапты оқыған қауым адай тарихына қатысты ғана емес, қазақ тарихына, тіпті көрші елдер тарихына қатысты жайттардан хабардар бола алады. Ондағы көрші елдермен болған қарым-қатынастар, саяси байланыстар өздігінше бір төбе. Қазақ хандарының сыртқы саясаты жайында көп дүниелер айтылады. Мұның өзі Бектұр Төлеуғалиұлының орта ғасырлардағы төл тарихымызды жақсы білетіндігін көрсетеді.

Тек тарихта ғана емес, Бектұр әдебиет, этнология, өлкетану, т.б. ғылымдар саласынан да мол хабардар екендігін байқатады. Мұны автор келтірген көптеген әңгімелер де айғақтайды. Қорыта айтқанда, Бектұр Төлеуғалиұлының «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі қалың оқырманға жол табатын тартымды еңбек болып шыққан. Онда сан түрлі мақал-мәтелдер, ғибраты мол әңгімелер көптеп кездеседі. Мұның өзі кітаптың тартымдылығын арттырған. Керек болса мұндай еңбектер жоғарыда аталған «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының мамандарын да қызықтырары сөзсіз», – дейді.

Халыққа белгілі жазушы Тұрысбек Сәукетай «Егемен Қазақстан» газетінде басылған «Қазыналы жүрек» деген мақаласында былай деп жазыпты: «Бектұр ағамен әуелі сырттай таныстым. Бірден тәнті болдым пайым-парасатына. Ұмытпасам, 90-жылдардың соңы шығар деймін. Олжастың ой қазанында ұзақ қайнап дүниеге келген әйгілі туындысы «Таңбалар тілінің» Римде басылып шығып, елге тарап, зиялы қауымның қолдан-қолға тигізбей жапа-тармағай оқып дүрлігіп жатқан кезі. Ұлы ойшылдың тіл мен адамзат мәдениеті тарихын қырық құлаш тереңнен қопара зерделеген бұл іргелі лингвистикаға, бергісі түркология ғылымына олжа салған кемел туынды еді. Осындай дәуірлік еңбектің төл топырағымызда тууы ғылым үшін, жалпы қазақ өркениеті үшін үлкен мерей екені даусыз. Бірақ біз мақтана алмадық. «Көрмес түйені де көрместің» күйін кештік. Жайшылықта болмашыны жалаулатып, «Ойбай, сенсация, фурор, міне, ғаламат!» – деп жар салып жарылып кете жаздайтын баспасөз де, маман ғылымдар да, өресі жетпеді ме, әлде өзге себебі болды ма, әйтеуір ауыздарына маржан толтырып тым-тырыс үнсіз қалды. Көп

өтпей Ақтау қаласынан қалың конверт келді. Бектұр Төлеуғалиев деген автордың «Таңбалар тілі» туралы жолдаған пікір-хаты. Көлемді мақала. Анау-мынау маманның тісі бата бермейтін күрмеуі қиын, күрделі зерттеуді жан-жақты талдап, байыпты пікір айтыпты. Сөзі нық, ойы дәйекті. Төселген қалам машығына қарап, бұрын аты-жөні таныс болмағандықтан, осы салада еңбектеніп жүрген зерттеушілердің бірі болар деп топшылағанмын. Сөйтіп, бүкіл Ғылым академиясы қалғып-мүлгіп отырғанда, сонау Маңғыстаудың маң даласында жатқан Бектұр Төлеуғалиев деген қазақ «Таңбалар тілі» туралы ағынан жарылып айғайлап тұрып елден бұрын пікір айтып еді. Қалың қазақтан сүйінші сұрағандай, шын тебіреніп сүйінішін білдіріп еді.

Бекеңмен танысып сөйлескесін ол кісінің жазушы да, журналист те емес, мамандығы инженер-механик, экономист, көп жылдар шаруашылық басқарған азамат екенін білдім. Жазушылық өнері бойына тумысынан құдайдың өзі тікелей дарытқан қасиет болып шықты. Шаруашылықтың біраз сатысында тәжірибе жинақтап, әбден ысылған, кәнігі маман ретінде кеңшарға директор етіп жібергенін, құдай көмектескен болар дейді Бекең өзінің бір сөзінде. Он жылдың үстінде кеңшар басқарған кезімде шаруашылықты жөнге келтіргендей болдым, содан да болар менің озат тәжірибем 1988 жылы Қазақстанның үш кеңшар директорының бірі болып «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен «Қайнар» баспасынан жиырма мың тиражбен кітап болып шығып, бүкіл республика көлеміне таратылып насихатталды, – деп еді. Артынан ол кітапты да тауып, ақиқатына көзімізді жеткіздік.

Бүгінде басшы Төлеуғалиевті, қайраткер Төлеуғалиевті біреу білсе, біреуі біле бермес, ал жазушы Бектұр Төлеуғалиев есімі көзі қаракты қаймана қазақтың көбіне таныс. Бұрын қазақ, орыс тілдерінде тиіп-қашып мақалалар, әңгімелер жазғаны болмаса, шегеленіп отырып жазуға қолы тиген жоқ. Тек қана кәсіподақ жұмысына келгеннен кейін қолы босап, өтіп кеткен кездердің есесін толтырып қарқындата жазып, түйдек-түйдегімен бірнешедеген кітаптарды дүниеге әкелді. Алғашқы туындысы «Балдағы алтын ақ болат» Махамбеттің өміріне арналған. Бұл еңбекте Баба деген жас жігіттің Махамбетпен жолдас болып сенімді серікке айналуы тың дерек немесе түйенің құмалағын найзамен шаншып жауынгерлік іске машықтанып жүрген жас Махамбеттің ханның алдында қасқайып сөйлеген хас батыр болғанға дейінгі өсу эволюциясын айшықты тілмен нанымды суреттей білді.

Енді Бекеннің «Бас сардар» деп аталатын құнды еңбегінің нәтижесінде еш жерде аты аталмай ұмыт болуға айналған Шоган

Назар ұлының ерлік істері бүкіл қазақ халқына паш етіліп жонғар-қазақ, қазақ-жонғар соғыстарындағы даңқты батырлардың қатарына барып қосылды. Бұны Бекеннің тікелей еңбегі деп түсінеміз.

Жазушының «Адай тарихы сыр шертеді» роман-эссесін қолымызға алғанда «Япырай, рулар бәсекесінің бәйгесіне бұл ағамыз да ат қосты ма?» деген күмән қылаңдап көкейімізде кесе көлденең дегені рас. Қуанышқа орай, оқи келе ол күдігімізден айықтық. Бұл еңбекте Бекен көптеген архивтерді ақтарып, көз майын тауыса іздену нәтижесінде басқаша қисынға жүгінеді. Қазіргі адайлардың түп атасы – Адай батыр дегенге ат басын тіреп, сол тұжырымын тиянақты дәйектермен дәлелдейді. Романның бас кейіпкері Адай батыр – нақты тарихи тұлға, Қазақ Ордасының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек ханның ту ұстаған батыры. Оны заманның өзі туғызған. Автор шығарманың өн бойындағы оқиғаларға өз қиялынан ештеңе қоспағанын көреміз. Тарихи деректермен қоса ел жадындағы әңгімелерді жаңғыртып әдемі киюластыра білген. Мәселенки, парсы саяқатшысы Әл Ибн Бахуридің «Алғашқы қазақтардың бірігуі» атты жазбасында: «Сол кезде ұрыстың немесе басқа да келіспеушіліктің өте қиын тұстарында Жәнібек хан үнемі шешілмей тұрған түйінді шешуге, жеңілмей тұрған жауды жеңуге Алшынның Адайын жұмсап отырыпты», – деуі осынша ерлік жасаған жанның ойдан шығарылған аңыз емес, нақты тарихи тұлға екеніне оқушының көңілін иландырып, сенімін шегелей түседі.

Біздің бұл қысқа қайырған қадау-қадау шолуымыз мол табыспен жетпістің мерейлі биігіне қадам басқан көрнекті қаламгердің көкірегіндегі кордалы қазынаның шым-шымдап сыртқа шыққан шет-пұшпағы шығар деген ойдамын», – деп аяқтапты.

Бекенмен жұмыстас болған інісі, қазірде жауапты қызметте жүрген Мұқанбет Жұнбасов «Өмір күресінде шыңдалған» атты мақаласында: «Мен Бекен ағамды өткен ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап танып-біле бастадым. Ол кезде ағамыз 40-жастағы жігіт екен ғой, шіркін-ай десеңісі! Біз де жас болдық. Онда Маңғыстау аудандық комсомол комитетінде екінші хатшы болып жасайтын едім. Сол уақытта Бекен аудандық партия комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөліміне басшы болып келді. Оның алдында Бекен Куйбышев атындағы совхоздың партия комитетінің хатшысы болып жасайтын еді.

Совхоз директоры, партком хатшысы дегендер ауылшаруашылығы аудандарындағы халық құрметтейтін, аудандық, облыстық, Орталық партия Комитеттерінің номенклатураларына енгізілген жоғарғы лаузымдар болатын. Ол кезде ондай басшылардың көбі жас

кадрлермен, төменгі лауазымдағылармен көп сөйлесіп жатпайтын еді. Мүмкін уақыттары болмайтын шығар деп ойлайтынбыз. Әй, қайдам, ол да лауазыммен бірге келіп, кейбір жандардың бойына енетін дерт болар.

Ал Бекең қашан көрсен де қарапайым, ашық, кез келгенмен тіл табысып, әңгімеге тартып, шүйіркелесіп кете беретін және қазақтың мәймөңкесіз қара тілімен турасын айтып тіліп те түсетін, ақжарқын әзілімен орайын келтіре ойып та алатын қасиетімен де біреуге жақты, біреуге ұнамады.

Аудандық партия комитетіне келгеннен кейін көп ұзамай мені өз бөліміне шақырды. Мен ол кезде аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып істейтінмін. Сөйтіп, 28 жасымда партиялық жауапты қызметке ауыстым. Яғни, партия тезіне салып, өмірлік тәжірибе жинақтауымда тәлім-тәрбиесімен көмектескен алғашқы партиялық ұстазым Бекең болды, тұсауымды кесті, тұмылдырығымды шешті.

Бекең көп отырған жоқ, бір жылдан кейін совхозға директор болып кетті. Ол жерде де ол өзін іскер басшы, шаруаның білікті ұйымдастырушысы ретінде бірден көрсетті. Олай дейтін себебім, Бекең кеңшарға директор болып барғаннан кейін төрт-бес жылдан соң Қазақстан бойынша үш совхоз директорының іс-тәжірибесі «Озат тәжірибе көпке ортақ» деген атпен «Қайнар» баспасынан 20 мың тиражбен кітап болып шығарылып, бүкіл республика көлеміне таратылды. Сол үш директордың біреуі біздің Бекең екенін мақтанышпен айта аламыз. Бекеңнің сол кездердің өзінде саяси, өндірістік бағыттағы мақалалары газет беттеріне шығып тұратын-ды. Бекеңнің кітаптары кейіннен кәсіподақ жұмысына ауысқаннан кейін жарыққа шыға бастады.

Бекеңнің жарыққа шыққан еңбектері турасында еліміздің түпкір-түпкірінен тарихшы, әдебиетші ғалымдар, газет қызметкерлері, тіл-шілер өздерінің пікірлерін жазып, жоғары бағаларын беріп жатыр.

Еңбек ету бар да, оның жемісін теру, әділ бағасын алу бар. Еңбегің еш, тұзыңның сор болғанынан сақтасын. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дейді. Бекең өз халқы тарапынан еңбегіне лайықты бағасын алған кісі. Өзі көп жылдар еңбек еткен Маңғыстау ауданы мен облыс орталығы Ақтау қаласының «Құрметті азаматы» деген мәртебе кез келгенге беріле бермейді.

Алб шындығына келсек, Бекеңе бұл атақтар аздық етеді. Себебі, Бекең өмірде өндірістік салада да, қоғамдық салада да, рухани салада да атқарған қызметтерінде үнемі жақсы жақтарынан көрінумен келеді. Ұзақ жылдар Маңғыстау облысының бінешелеген жерінде

жауапты жұмыстар атқарған кездерінде жағымсыз қылықтары білініп, елден қарғыс алып, аяғын шалыс басқан кездерін естігеніміз жоқ. Сондықтан Бекен болашақта үлкен марапаттарға ие болатын шығар деген ойдамыз», – дейді Мұқанбет інісі.

Бекен ағамыз туралы Махамбет сыйлығының лауреаты, журналистер одағының мүшесі елге танымал жазушы Әбілқайыр Спанның «Шар қайрақ» атты мақаласы жарияланды. Содан үзінді бере кетейін: «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы совхоз Шайыр ауылының ізінде. Осы шаруашылыққа сол жылдары директор құтаймай-ақ қойды. Ақыры облыстық партия комитеті, сол ауданда аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып отырған Бектұр Төлеуғалиевті шақырып, директорлыққа жұмсады. Сөйтіп, 1981 жылы ауылға жаңа директор келді. Әдетте, директор келген бойда жұмысын кеңседен бастайтын еді. Бекен ол шырықты бұзды. Орнында 1-2 күн отырып, кеңшардың экономикалық цифрларына қаныққан соң, шаруашылықты түгел аралауға жүріп кетті. Содан 10 күн жүріп оралды. Оралған бетте шұғыл басқосу өткізіп, арнаулы комиссия құрды. Берілген тапсырма қатты. Ең алдымен жағдай малшы-бақташыларға жасалсын. Үйі мен қорасы сайлы болсын. Айтылған сөз, берілген тапсырма аяқсыз қалмады. Бас-аяғы екі жыл ішінде 39 малшы үйі мен 19 мал қорасы күрделі жөндеуден өтсе, 2 жанұялық 8 малшылар үйі, 3 жерден механикаландырылған электр қуатымен жасайтын қой тоғыты салынды. Тиіптік жобадағы елтірі дайындайтын пункт іске қосылды. Бұрын өнім өткізу жоспарын орындамай, басынан тоқпақ арылмай қойған совхоз мемлекетке 88-90 пайыз аралығында сапалы елтірі, 87-88 пайыз аралығында таза талшықты жүн тапсырып, республика бойынша жоғары деңгейден орын алды.

Шайыр ертеден ел қонысы болғанмен, соңғы кездері заман көшіне мимырт қарқынмен, өте баяулау еріп келе жатқан ауыл еді. Жер бедері ойлы-қырлы, таулы-тасты. Тұрғын үйлер соның ыңғайына қарай салына берген. Ауылдың бас жобасы ескеріле бермеген. Бірі кетіп, бірі келіп жатқан басшылар тұрғын үй құрылысын өрістетуге онша мән бермеген сыңайлы. Әйтеуір, бәз баяғы «барымен базар» деген тіршілік күйттеле беріпті. Осы олқылықты деп басқан Бектұр Төлеуғалиұлы директор болған жылдары орталықтан 76 жанұяға тиіптік жобамен тұрғын үй, 500 балалық мектеп, 150 балалық интернат салдырды. Кеңшардың таза пайдасы есебінен орталық Шайырға, ферма орталығы Тигенге телевидение қондырғысын орнатып, әлем жаңалықтарын көгілдір экран көруге қолдарын жеткізген.

1988 жылы менің облыстық газет қызметкері ретіндегі іс сапарыммен барғаным бар. Әуелі көргенде ауылды тіпті танымай қалдым. Кілең бір қыз жинаған жүктей әп-әсем үйлер, түп-түзу көшелер. Ана жылы қырдың қаймана қазағының сақал-мұртындай үрпі-түрпі болса, енді қарасам жаңадан декоративтік бақ пайда болып, алма бағының да етек жеңдері жиналып, қоршаулары қалпына келіп, бейне жас тоқал алған шалдардың жүзіндей жып-жинақы бола қалыпты. Бұрын бей-берекет ағып жататын бұлақ та жинақталып, бір арнаға біріктірілген. Ауыл орталығындағы әдемі мектеп үйі Ақтаудың ортасынан сол күйінде көшіп келе қалған сияқты. Дәл сондағы Шайырды Қаратаудың бір койнауындағы алтын алқаға ұқсатқандайсың. Ауылдан әрі Шетпеге баратын грейдер жолы бұрынғы қиындықтарды ұмыттырыпты. Сол күні Бекен екеуіміз малшы ауылдарына жол тарттық. Ферма орталығы Тиген мен туған жердің бір пұшпағы. Баяғы №18 ауылдың кеңсе орталығы, 1952 жылға дейін колхоз орталығы да осы болған. 1970 жылдары оншақты терезесі сығырайған бәкене үйлер бар еді. Кәзіргісін бейне шағын қалашық дегендей. Түзу көше, еңсесі биік клуб, кітапхана үйі, ақшаңқан тұрғын үйлер шетінен шатырлы, көгалдандырылған, әр үйде телевизор әр тұсынан жинақылық, ширақтық көзге ұрады. Малшы ауылдарда да сол жағдай. Бәрінің етек-жеңі жинақ. Әр шопанның үйінің қасынан монша салып берілген. Ең азы малшы үйінің қыстақ орны қиына дейін мұқият үйілген, көмір ыбырсымай белгілі орынға түсіріліпті.

Мал азығы жем цехтарынан ұсақталып, нәрлендіріліп берілетін болыпты. Пішендердің айналасы қоршалған. Салақ шопанның жабық қоранын ауласында опырылып, құлап жататын астаулар да мұнда іргелей бекітіліп қойған. Бекеннің бұл еңбегі еленбей қалған жоқ, республика бойынша үш кеншар директорының атқарған қызметтері қорытылып, іс-тәжірибесі «Дербестік және жауапкершілік» деген атпен 1988 жылы Алматыдан «Қайнар» баспасынан озат тәжірибе айдарымен басылып шығып көп тиражбен елге таратылды.

Бектұр Төлеуғалиев директор болған 10 жылда Шайыр ауылы он қыр асты. Сол жылдары Бекен үлгісі, Бекен үрдісі бұл ауылда кейбір зиялы азаматтардың кимас сағынышпен «Шіркін, басшы атаулы сондай болса ғой» деген әңгімелері күні бүгінге дейін айтылып келеді», – деп Бектұрдың директор болған кезінде жұмыс жайын көзімен көрген Әбілқайыр осылай деп жазыпты.

Қазақстанның мәдениет қайраткері, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, атакты ақын Сабыр Адайдың «Жел жемсеген ақ берен» атты Бекен туралы көлемді толғауы «Үркер» журналына, сонынан «Сертеу» атты 2011 жылғы шыққан таңдамалы жыр-жинағын-

да (475-б.) жарық көрді. Толғаудың бір жерінде акын былай деп жырлапты:

*...Ер Адай тұрды тарих санатына,
Көз ашты, нұр себелеп дара тұма.
Махамбет, Құлбарақтан қалған кие
Жұғыпты қаламыңның қанатына.
Белді бу, Бектұр аға!
Адай-Атам
Қалдырмас кей жаманның табасына!
Болды сол,
Абай – ортақ,
Адай – ортақ,
Қазақтың ханы менен қарасына!
Баласы Әр жалғыздың – бір-бір Қазақ,
Айналып қашан түсер сабасына! –*

деп тебірене жырлайды.

Бекеннің 2013 жылы Ш. Есенов атындағы университет оқытушысы Әділет Қабыловпен бірігіп жазған «Салт-дәстүр және қазақ тілін оқыту» деген оқу-әдістемелік құралы Алматыдағы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Бұл оқу-әдістемелік құралда «халқымыздың ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрі туралы толғам-түсініктер және тіліміздің лексикасы мен фразелогиясын оқыту әдістемесі мен оқу материалдары қамтылған. Тілдегі сөз мағыналарын, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді оқыту жолдары, соған байланысты оқу материалдары (түсінік-ережелер мен жаттығулар), сондай-ақ салт-дәстүрге байланысты деректер берілген. Бекеннің осы шыққан еңбегіне елімізге белгілі акын, «Маңғыстау» газетінің редакторы Ғалым Әріп былай деп пікір жазыпты (Маңғыстау газеті, 12 қыркүйек, 2013): «Бүгінгідей Тәуелсіздікке қолымыз жетіп, шын мәніндегі егемен ел болуға кіріскен жауапты тұста, жас ұрпақтың бойына ана тілі мен ата дәстүр, жөн-жоралғыларды сіңіру, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу тәрізді адамгершілік сезімін ояту, олардың тілдік қоры байып, рухани жағынан өсуіне дем беру үшін мұндай оқу құралдарының маңызы ерекше. Қазіргі уақытта педагоктардың алдында тұрған басты міндет – елін, жерін сүйетін, халқының тарихы мен болмысын, салты-ғұрпын кастер тұтатын ұлтжанды азамат тәрбиелеу болса, міне, біздің қолымыздағы кітап та осы мақсатқа қызмет етеді. Кітап авторлары – Бектұр Төлеуғалиев пен Әділет Қабылов өңірге белгілі сөз өнерінің саңлақтары. Әсіресе Төлеуғалиевтің уақыт талабындағы тың дүниені колға алып, біршама көлемді еңбек шығаруы құптарлық дүние. «Ұлттық мәдениет пен

салт-дәстүр» аталатын бірінші бөлім «Қазақ хандығының хандары», «Қазақ халқының құрамы», «Қазақ Ордасындағы хан сайлау дәстүрі», «Жыл қайыру», «Наурызды ұйымдастырушыларға көмек», «Жеті Жарғының» негіздері», «Жеті ата», тағы сол сияқты өте керекті мәселелерді қамтыған. Бұл еңбек қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, студенттер мен мектеп оқушыларына арналған».

Бекең 1995 жылдан күні бүгінге дейін Ақтау қаласының «Қазақ тілі» қоғамын басқарып келеді. Бұл саладағы атқарылып жатқан жұмыстар өз алдына бір төбе. Бекеннің бұл жұмысты да жемісті атқарғаны сондай, Ақтау қаласының «Қазақ тілі» қоғамының қызметі республика бойынша жақсы жағынан орын алып тұрғандардың қатарында келеді. Оған өткен 2013 жылдың қортындысымен Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының қызметін жоғары деңгейге көтергені үшін «Тіл жанашыры» қоғамдық бірлестігінің Құрметті төрағасы М.Б. Қасымбековтың, «Тіл жанашыры» қоғамдық бірлестігінің басшысы А.Қ. Әбішевтің қолынан «Тіл жанашыры» құрмет белгісімен марапатталуы дәлел бола алады.

Қазірде облыс әкімінің келісімімен Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамы Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы жөніндегі энциклопедиясын Төлеуғалиевтің ұйымдастыруымен редакция алкасы құрылып, жұмыстарын бастап кетті.

Бектұр Төлеуғалиұлы Маңғыстау облысы бойынша алғашқылардың бірі болып «Отан» партиясына мүше болды. Елбасын сайлаған өткен сайлаулардың бәрінде, референдумда Елбасының сенімді өкілі болып қоғамдық қызмет атқарумен келеді.

Бекең – аузы дуалы, өте шешен сөйлейтін адам. Сайлаудың кездерінде облыстың әр жерлерінде сайлаушылардың алдында үлкен жиындарда бір-екі жерде сөйлеген сөздерін тындап, таң қалғанмын.

Әсіресе Елбасы Маңғыстау облысына Қырымбек Көшербаевты әкім етіп тағайындап отырғызуға келгенде облыс активінің жиналысында жалғыз Төлеуғалиевқа ғана сөз берілді. Сондағы Бекеннің ағынан жарылып сөйлегені, Елбасын құшақтап тұрып құттықтағаны активке қатынасқандардың әлі есінде шығар.

Сондағы сөйлеген сөзінде: «Нұрсұлтан Әбішұлы, шын мәнінде Қазақстан халқының маңдайына біткен қайталанбас дара тұлға, Алланың қазақ деген елге берген сыйы, біртуар перзенті. Қазақстан халқы арты шын, алды түпсіз құлама шымырауға тіреліп тұрғанда, етегін түрініп, білегін сыбанып, елін бастап ұшпадан ұшырмай алып шыққан кім еді, білесіңдер ме? Әрине, білесіңдер, ол Нұрсұлтан Назарбаев еді ғой. Қазақстанды тәуелсіз мемлекет етіп тізгінін ұстағаннан бері адам айтса нанғысыз қаншама жұмыстар атқарылды.

Етігімен су кешіп жүріп кемел ертеңге апарар баспалдақтарды қалап тастады. Мемлекеттік шекараны бекітті, қарулы күштерді жасақтады, ұлттық экономиканың іргесін бекітті, ұлттық валютаны енгізді, ұлттық саясатты айқындады, ұлттық бизнесті қалыптастырды. Егемендікті жариялаған соң, 130 күннен кейін мемлекеттік рәзімдерді бекітті, төл теңгеміз өмірге келді. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ бейбітшіліксүйгіш ұстанымымен ерекшеленді. Гуманистік идеяларды жоғары бағалайтын Елбасы 1991 жылдың тамыз айында аты шулы Семей полигонын жапты. Өлім жазасына 2003 жылы мораторий жариялап, 2004 жылы ол толықтай алынып тасталынды. «Нұрлы көш» бағдарламасының аясында атамекенге бір миллионға жуық қандастарымыз оралып, қатарымызды көбейтті. Әр ұлтқа өзінің тілі мен мәдениетін, ділі мен дінін сақтау үшін барлық жағдай жасалды. Астананы Сарыарқаға көшіріп, ешкімнің үш ұйықтаса түсіне кірмейтін ғажайып қала орнатты.

Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей бастамасымен 2004 жылы басталған «Мәдени мұра» стратегиялық жобасының арқасында ұлттық құндылықтарымызды түгендедік. Осы жерде бір аксиоманы айта кетуге тура келеді.

«Әлемдік тәжірибені жинақтаған ғылыми тұжырымдарда жас мемлекеттер толыққанды елге айналу үшін ең кемі 50-60 жыл керек екендігі дәлелденген. Ал біздің еліміз – Тәуелсіз Қазақстан бастауы 13-14 жылда адам айтса нанғысыз дәрежедегі жетістіктерге жеттік. Елімізде орасан зор өзгерістер болды. Барлық өңірде атқарылған жұмыстар, адам өміріне қуанышпен келіп жатқан жаңалықтар қаншама!

Жасыратыны жоқ, біз бұл жасампаздыққа өз еліміздің Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен жеттік!

Барлық салада аянбай тер төгіп еңбек еткен отандастарымыз бен қандастарымыздың арқасында қол жеткіздік», – деп аяқтап еді.

Бекеннің Елбасы туралы үнемі сөйлеп тұрған мезгілдерінде әдемі тыныштық орнайды. Сөзі аяқталғаннан кейін залда немесе аланда жиналып тұрған көпшілік ұзақ қол соғатын. Бұндай қасиет аузы дуалы шешен адамдарда болады. Қазақта туа біткен қасиет қартаймайды деген бар. Осы бір теңеу сөз Бекенге арнап айтылған сияқты болады да тұрады.

Бектұр Төлеуғалиұлы көп уақыттардан бері Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Құрметті журналисі және Маңғыстау ауданы мен Ақтау қаласының Құрметті азаматы атақтарының иесі.

Бекең осыншама еңбек етсе де, күні бүгінге дейін жоғары награда алмапты. Бекең мен мынаны жасадым, мен осындаймын деп өзін-өзі көрсететін өзімшілдіктен ада адам.

Жақсы адам жақсымын деп айта алмайды,

Жамандар жақсымын деп айқайлайды,

Үнемі етегінде жүргендіктен,

Таудың да биіктігі байқалмайды, –

дегендей, Бекең де – жақсымын деп айта алмайтын адам. Ағамыз алдымыздағы жылдың қаңтар айында 75 жасқа шығады. Бектұр Төлеуғалиұлының еңбектері ескеріліп, болашақта Үкімет тарапынан жоғары награда берілетін шығар деген ойдамыз. Бекеңе айтарымыз, 75 жасыңыз құтты болсын! Еліміздің саяси өміріне араласып, Елбасының ерен еңбектерін облыс жұртшылығына кеңінен түсіндіру жұмысын бұрынғыдан да жандандырып, қаламыңыз мұқалмай, творчестволық қызметіңізді жалғастырып, тағы да бұрынғы кітаптарыңыз сияқты жұртшылық бас алмай оқитын шығармаларды өмірге әкеле беруіңізге тілектеспіз!

Маңғыстау ауданының көп жылдар
кәсіподағын басқарған, еңбек ардагері

Қуантқан ИСАЕВ.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 10-16 қазан, 2014 жыл

* * *

ҚАЛАМ ҚУАТЫ

Тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан халқымыздың еңбекқорлығы, бірлігі мен татулығы қашан да өзекті десек, сондай қасиеттерге тәрбиелеуде аталар мен ағаларымыздың өнегелі ісі мен өсиет сөзінің атқарар маңызы үлкен. Өйткені, жастарымыздың өмірлік позициясы мен рухани болмысын қалыптастыруда тарихи құндылықтар мен ата-ағалардың өнегесі – қашан да сарқылмайтын қазына.

Заман озып, қоғамдық формациялар өзгеріп жатса да, еліміздің тарихындағы түрлі кезеңдердегі аға ұрпақ өкілдері көрсеткен еңбектегі қажырлы істері мен ерлік жолы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өнеге бола бермек. Қазіргі кезде де арамызда сондай еңбекқорлығымен, табандылығымен, елі мен жерінің тағдыры үшін алаңдап, жиған-терген рухани қазынасын келешек ұрпағына үлгі етіп

келе жатқан қазыналы қарттарымыз баршылық. «Елінде қартың болса – жазулы тұрған хатпен тең» деп халқымыз осындай жаны дарқан жандардың қоғамдағы орнын тап басып айтқан ғой.

Бүгінде жетпіс бес жасқа келсе де, елімізге өзінің еңбегін сіңіріп, қоғамға игілікті қызметімен де, қарымды қаламымен де елеулі үлес қосып келе жатқан осындай ағаларымыздың бірі – Бектұр Төлеуғалиұлы.

Бектұр Төлеуғалиұлы 1940 жылы 27 қаңтарда Маңғыстау облысы (бұрынғы Атырау облысы) Маңғыстау ауданындағы Тұшықұдық ауылында дүниеге келген. Бесіктен белі шықпай жатып сұм соғыстың дәмін татқан ол балалық шағын соғыс ұрлаған ұрпақтың өкілі. Әкесі соғысқа аттанып, майданда қан кешіп жүріп, 1944 жылдың мамыр айында Варшава маңында қаза тапты, сол жердегі бауырластар зиратына жерленген.

Алапат кезең әке алақанының жылуын сезіндірмей, шеше тәрбиесін ғана дарытқанмен, өмірдегі қиыншылыққа қасқая қарайтын төзімділік пен еңбекқорлық, жақынға жанашырлық пен жалпыға қамқорлық секілді адамшылық қасиеттерге жастайынан үйретті. Тумысынан зерек те елгезек жас еңбекке ысыла жүріп, бірте-бірте қолы жеткен білім баспалдақтарынан өтіп жетіледі.

Маңғыстау ауданының орталығы Шахта орта мектебінде оқи жүріп, қысқа мерзімдік шоферлық курсты қоса тәмамдады. 1957 жылы мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын өзінің туған ауылы Тұшықұдықтағы «Амангелді» ұжымдық шаруашылығында жүргізушіліктен бастап, кейін механизаторлық жұмысқа ауысады. Атырау қаласындағы ауылшаруашылық техникумының механикаландыру бөлімін және Мәскеудегі Кәсіподақтардың жоғары мектебінің экономика факультетін бітіреді.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарында жүріп шындалған ол 1962-78 жылдары Маңғыстау ауданының «Октябрьдің 50 жылдығы», Куйбышев, Ералиев атындағы кеңшарларда бас инженер болып қызмет жасап, осы саланың қыр-сырына жетіле түседі.

1978-80 жылдары Куйбышев атындағы кеңшарда партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып, партиялық жұмыстың да ұңғыл-шұғылын меңгереді. Осындай қызметтерде жүріп, өзінің білікті маман болумен қатар, ұйымдастырушылық жұмыстарында да шеберлік пен табандылық таныта алуының арқасында сол кездегі партия, кеңес орындары басшыларының сеніміне не болып, оған Маңғыстау секілді табиғаты

қатаң өңірдегі ұжымдық шаруашылықты басқару жұмысы тапсырылады.

Сөйтіп ол 1980-91 жылдары Маңғыстау ауданындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы кеңшар директоры болып қызмет етті. Бұл бір басшы тұрақтамай, кежегесі кейін тартып, шаруасы шатқаяқтаған, облыс басшыларының бас ауруына айналған қиырдағы бір шаруашылық болатын. Бәкеңнің кеңшар директоры болып жұмыс жасаған кезеңі оның замандастары мен кейінгі ізін басқан інілерінің естеліктерінде аңызға бергісіз штрихтармен әдіптеліп айтылады. Бұл лауазымда да ол өзін іскер басшы, шаруаның білікті ұйымдастырушысы ретінде бірден таныта білді. Шаруашылықты аяғына тік қойып, тасын өрге домалатумен қатар, мәдениетін де көтеріп, бірнеше жылдың ішінде аудан ғана емес, облыстағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың қатарына шықты.

1991-2004 жылдары ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Маңғыстау облыстық кәсіподағы комитетінің төрағасы болып қызмет еткен Бектұр ағамыз өзінің еңбекшілер мүддесін қорғау мен өтпелі кезең қиындықтарынан шығу жолындағы қолдан келген көмегін аяп қалған жоқ. Еліміз егемендікке жетіп, халқымыздың қуанышында шек болмағанмен, күйреген кеңестік жүйеден мұра боп қалған қиыншылықтар шаш етектен болғаны мәлім. Ел ішін таршылық пен жетімсіздік жайлаған кезеңде өмірден көргені мен түйгені мол, шаруашылық пен елдің жайын бір кісідей білетін Бәкең секілді жаннның кәсіподақ басшылығына келуінің өзі іздегенге сұрағандай еді.

Өтпелі кезеңдегі ел басына түскен ауыртпалықты жеңілдету жолын іздестіру, жекешелендіру кезіндегі үлестен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің құр қалмау жайын күйттеу, шопан-бақташылар балаларының жазғы демалысы мен сауықтыру шараларын ұйымдастыру, титықтаған ауылға өңірдегі ірі мұнай-газ мекемелері басшыларының назарын аудару секілді сан салалы шаруаларды үйлестіруде кәсіподақ жетекшісі ретінде Бәкең аянып қалмады. Мұның бәрі айтуға ғана оңай. Қағаз жазып, хат жолдаумен іс бітпейді, аяқтай барып, әрбір есікті қағып, араға адам салып деген секілді түрлі жолдарды қарастыруға тура келеді. Мұндай істерде Бәкеңнің ел ішіндегі беделі мен іскерлік қабілеті көп септігін тигізгені анық.

Ол облыстық, республикалық түрлі жиындарда сөйлеп, елдің жағдайын айтып, тығырықтан шығу жолының өз нұсқасын ұсынып отырды. Осындай жағдайдың бірі ретінде замандастары мына бір оқиғаны әлі күнге дейін айтып, Бәкеңнің елжандылығын үлгі қылып отырады.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында жекешелендіру науқанының басталғаны мәлім. Бұрын орын алмаған жағдай болғасын елдің жекешелендіру туралы түсінігі де әртүрлі болды, әр жерде бұра тарту, жетпіс жыл бойы жинаған ел қазынасынан қарпып қалу, қақшып қалу ниетінің болмай қалмағаны да мәлім. Осы жекешелендіруге байланысты 1993 жылдың басында Қазақстан кәсіподақтарының Құрылтайы шақырылады. Құрылтайға облыстан қатынасатын делегаттардың ішінде Бекен де болады. Осы Құрылтайдың қарсаңында Елбасы делегаттармен кездесіп, қазіргі жағдайдың қиындықтарын, мұндай уақытша қиыншылықтарға төзімділікпен қараудың, ауызбіршіліктің қажет екенін, көп ұзамай жағдайдың жақсаратынын айтып, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап береді де, делегаттардың ойларын білгісі келетінін айтады.

Сол кезде Бекен орнынан тұрып, Маңғыстау облысы агроөнеркәсіптік кешені кәсіподақ комитетінің төрағасымын деп өзін таныстырады да, қазіргі жүргізіліп жатқан жекешелендіруге байланысты кейбір түсінбестік жағдайлар туралы сұрайды. Оның бірі – кеңшарда бұрын ұзақ жылдар бойы мал бағып, баласы өндіріске оператор, жөндеуші немесе жүргізуші болып жұмыс жасап жүргендіктен, кеңшардың жерінен көшіп, өндіріске жақындап қонғанына бір жыл да болмаған шопан-бақташыларға пайлары олардың кеңшардан кетіп қалғандығы себепті есептелініп берілмейтіні, ал кеңшарға малшы немесе зоотехник болып кіргендеріне бір жыл да толмаған адамдарға үлестерін есептеп беріп жатқандықтан, оған малшы-бақташылар наразылық білдіріп отырғаны болса, екіншісі – кеңшардың орталығындағы үйлер иелеріне жекешелендіріліп берілгенде, малшылардың үйлері қораның басында болғандықтан, оларға үйлерін ведомстволық үйлер деп бермей отырғанын, сондай-ақ мектеп жанындағы интернаттар жабылып жатқандықтан, бұрын интернатта жатып оқитын малшы балаларының бұдан ары оқуы қиын болып тұрғандығы еді. Бұл жайларды естіген Елбасы мұндай жағдайлардың орын алуына ренішін білдіріп, тиісті адамдарға жағдайды шұғыл түзетуге тапсырма береді.

Ертесіне Елбасы Б. Төлеуғалиұлын жеке қабылдап, әңгімелеседі, елдің жағдайын сұрайды. Сол жолы Бекен Президенттің өте қарапайымдылығы мен елжандылығына, елдегі жағдайларды түгелдей біліп отырған сұңғылалығына тәнті болып, оның көрегендігі мен ақылдылығының, үлкен парасаттылығының арқасында елі үшін әлі де көп пайда келтіретін Тұлға екендігіне нық сенім артып, оның еліме

құрттай болса да пайдамның тигеніне қуанамын дегенін күні бүгінге дейін айтып келеді.

Бәкең 2004 жылдан бастап осы кезге дейін «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде аудармашы және республикалық «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Маңғыстау облысындағы өкілі болып қызмет жасайды, сонымен қатар Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы қызметін қоғамдық негізде атқарып келеді.

Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болған кездерінде Б. Төлеуғалиұлы облыс орталығы мен облыстағы мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін өсіру бағытында көптеген жұмыстар атқаруда. Жыл сайын ақындар мүшәйрасы мен жыршы-термешілер, О. Бөкей атындағы көркемсөз оқушылар байқауын ұйымдастырумен қатар, 2005 жылдан бері Қазақстанның халық жазушысы Ә. Кекілбаев еңбектерінен шығарма жазушылардың байқауын өткізіп тұруды жолға қойды. Сол секілді, соңғы бес жылдан бері қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жөнінде ғылыми-танымдық жұмыстардың жарысын өткізіп тұру дәстүрге айналып отыр. Жастарға патриоттық тәрбие беру мен елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ел мақтаны, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы мен халық батыры Шотан Назарұлының ерлік істері мен үлгі-өнегесі туралы шығарма жазудан тұрақты түрде жарыстар ұйымдастырылып келеді. Қалалық «Қазақ тілі» қоғамы облыс пен қала көлемінде көптеген игі шараларға мұрындық болып, нәтижесінде қаламыздағы мемлекеттік тілдің мәртебесі өсіп, қолданыс аясы кеңі түскенін айту лазым.

Бәкең республикалық «Қазақ тілі» қоғамының соңғы үш Құрылтайына делегат боп қатысып, туған тіліміздің тағдыры мен мәртебесі орайындағы өз ұсыныстарын ұдайы айтып, ой-пікірлері мен ұсыныстарын жоғары орындарға жеткізіп отырады. Ол бүгін де елін сүйген азамат әрі туған тілдің кестесін келтірген қаламгер ретінде мемлекеттік тіліміздің болашағы жолында аянбай еңбектенуде. Тіл майданындағы ағамыздың жемісті еңбегінің бір бағасы – 2013 жылдың қорытындысымен Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының қызметін жоғары деңгейге көтергені үшін «Тіл жанашыры» белгісімен марапатталуы дер едік.

Асылы, тіл мен әдебиет – Бәкеңнің етене бір стихиясы. Оқыған әдеби шығармалар мен гуманитарлық саладағы елеулі еңбектерге ауызша да, жазбаша да үнемі пікір айтып жүретіні әуелден бар. Сонау Мәскеуде оқып жүрген кезінде О. Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабын қалай қолға түсіріп оқып, әсерленіп қабылдағаны туралы көсіліп

бір әңгімелегені есімізде. Олжас демекші, ойшыл ақынның өткен ғасырдың соңына таман Римде басылып шыққан әйгілі «Таңбалар тілі» кітабы туралы «Жұлдыз» журналының бетінде көлемді мақала жазып, білгірлікпен талдау жасап, байыпты пікір айтқаны оқырман қауымның есінде болар.

Бәкеннің соңғы жиырма жылда кеңінен танылып, қазақ оқырмандарының құрметіне бөлеген жаңа бір қыры – оның қаламгерлігі. Ол – Қазақстанның Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Жас кезінен әдебиетке құмартып, көпшілік үшін болмаса да, өзінің жан құштарлығы үшін көңіл күйінің әсерімен оқта-текте өлең жазып, облыстық, республикалық баспасөз беттеріне ел өміріндегі жаңалықтар мен қоғамның толғағы жеткен мәселелері туралы мақалалар жариялап жүргені болмаса, қаламгерлік іске біржола ден қоймаған. Оған уақыт та болмады, шаруашылықтың бастан асып жататын мігірсіз тірлігі мүмкіндік те бермеді. Алайда бойдағы сөз өнері мен халық тарихына деген құштарлығы бәрібір жанына тыныштық таптырмады. Тынымсыз шаруашылық жұмыстарынан қолы сәл босап, кәсіподақ жұмысына келгеннен кейін ол біржола жазушылық жолға ден қойды.

Қаламгерлікке келуі аяқ астынан оянған арман немесе қарап жүргенше кітап жазып, атымды шығарайын деген пендешілік қадам емес еді. Жазушылық деген де – талантқа тағат бермей, қолына қалам алдырмай қоймайтын бір сиқыр сынды құбылыс қой. Қазіргі кезде кітап жазғыштар көбейіп кеткенмен, олардың ішінен жасығынан асылын аршып алу – оқырманның еншісінде. Сөз өнерін қадірлеп, қалам қасиетін түсінетін көзі қарақты әрбір жан кімнің кім екенін жақсы таниды.

Бәкең – кәсіби жазушы болмаса да, қаламгерлікке үлкен дайындықпен келген адам. Құнарлы топырақта дүниеге келіп, жас кезінен асыл сөздің байыбына бойлап, ел ішіндегі ескі шежіре мен есті сөздерді құлағына құйып өскен ол жылдар өткен сайын адамзаттың танымы мен парасатына сөз өнерінің тигізер әсерін терең пайымдап, халқының өткені мен бүгінін жалғастырып, келешегіне көпір салып жататын алтын тін оның тарихына деген құрметі екеніне айқын көз жеткізеді. Сондықтан халықтың ауызша тарихы мен шежіресінің ізімен әлі көпшілікке таныла қоймаған жазбаша тарихи деректерді сабақтастыра отырып, тарихтың ақтаңдақ беттерін ашып, оны деректі-көркем, эссеистикалық тұрғыда елге танытуды мақсұт тұтты. Сөйтіп, оның қаламынан соңғы оншақты жыл ішінде «Балдағы ал-

тын ақ болат», «Бас сардар» және «Адай тарихы сыр шертеді» атты кітаптар дүниеге келді.

Жазушы шығармашылығының негізгі арқауы – тарих, халық тарихындағы ақтаңдақ тұстар, ел жадында мәңгі сақталғанмен, ресми тарихтан лайықты орнын ала қоймаған елеулі тұлғалардың ерлік істері. Әдебиетіміздегі І. Есенберлин, С. Сматаев, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ә. Әлімжанов, Қ. Жұмаділов, т.б. суреткерлермен жалғасып келе жатқан игі дәстүрге өзіндік үлес қосуға ниеттенген қалам иесі халық жадындағы шежірелі әңгімелерді қаперде ұстаумен қатар, тарих көшінде хатталып қалған тарихи еңбектерді де негізге алып, айқын таяныш етіп отырады. Жазушы нені жазса да, құрғақ қиялдың жетегінде кетпей, тарихи нақты деректерге сүйенеді, тарихтың ұрымтал тұстарын бейнелеуде тарихи шындық пен елдік мүддені сабақтастырып, айқын суреткерлік концепция ұстанады.

Тарих – ұлттық сананың алтын қазығы, түп-тамырдан бастау алып, бүгінге желі боп тартылған, өзінді-өзің тануға жетелеп, тұтастық пен тұрақтылыққа үндейтін назар, өткеннің өнегесін үлгі етіп, қателіктерінен сабақ ұсынатын ұлы ұстаз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаңның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлы кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға серпін беруі керек» (Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 1999, 56-бет).

Бәкеңнің әуелгі көлемді еңбегі – дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының өміріне арналған «Балдағы алтын ақ болат» хикаяты. Шығармада автор Махамбет туралы белгілі деректерді қайталаудан, таптаурын сүрлеуге түсіп кетуден бойын аулақ салып, күрескер ақынның өсу жолын бейнелеуде өзіндік машық таба білген. Шығарма желісіне ел аузындағы деректер мен естелік әңгімелерді сәтті кірістіріп, штрих-детальдарды өнімді пайдаланған. Мұның өзі күрескер ақынның өсу эволюциясын көрсетуде оқиғалар орамына орынды орайласып, шығармаға шынайылық дарытып отырады. Махамбетті ауыл ішіндегі түйенің құмалағын найзамен шаншып алу сынағынан өткізуден бастап, хан алдында тайсалмай сөйлейтін тұрашылдығына дейінгі кезең-кезеңдер оның ел үшін бүкіл ғұмырын сарп етіп, қысқа ғұмырының қисынды мәнін күрескерліктен тапқан қайран ақынның отты өлеңдерімен сабақтасып жатады. Шығарманың түйіні де осындай қисынды ойдың тарабына меңзейді: «...Махамбет жеке басының қамын ойлаған жоқ. Оның артында өшпес ерлік,

ұмытылмас даңқ қалды. Оның ойлағаны тек қана елінің қамы болды. Өзінің от басын ойынан шығарды, ұмытты. Қысқа өмірін күреспен өткізді, рахат көрген жоқ. Тебінгісін терге шірітіп, терлігін майға ерітіп, алты малта ас болып, өзінен туған балдары сақалы шығып жат болып жүргендегі көкsegені – қазағының болашағы немесе бізін бүгінгі қазақ халқының егемендігі» (Төлеуғалиев Б. Балдағы алтын ақ болат. 77-78-бб.).

Қазақ тарихындағы он сегізінші ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан басталатын жоңғар басқыншылығына қарсы күрес пен оның қаһармандары туралы тарихшыларымыз бен жазушыларымыз біраз еңбектер жариялағанымен, оның ашылмай жатқан тұстары да жетерлік. Ел тәуелсіздігіне қатер төнген осы бір кезең, шын мәнінде, халық тағдыр-талайының қыл үстінде тұрған, елдігі мен ерлік дәстүрін сын тезіне салған Отан тарихындағы даңқты беттерді шежіреледі. 1723 жылдан бастап жоңғар-қазақ, қазақ-жоңғар соғыстарында бастан-аяқ қатынасқан даңқты батырларымыз Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Наурызбай, Бөкенбай, Жәнібек, Шақшақ Жәнібек, Есет, Ханкелді, Райымбек, Саңырық, Өтеген, Олжабай секілді көптеген батырларымыздың ерлік істері қазақ жазушыларының еңбектері арқылы әдебиетте бейнеленіп, ұлттық санамыздан берік орын алған ұлы тұлғалар ретінде ұлықталып келе жатқанына біршама жылдар болды. Солармен бір қатарда жоңғарға қарсы жан аямай күрескен, Кіші жүз қолын басқарып, ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Шотан Назарұлының ерлік істері еш жерде жарық көрген жоқ еді. Тек ел есіндегі аңыз-әңгімелер мен қисса-дастандарда ғана дәріптелетіні болмаса, тарихшылардың назарынан тыс қалып, тарихымыздан өз орнын ала алмай келген осы тұлғаның есімі тек Б. Төлеуғалиұлының 2005 жылғы «Бас сардар» атты тарихи-деректі хикаятында тұңғыш рет жарыққа шығып, оқырмандармен қауышты.

Шотан Назарұлы – жоңғарлармен соғыста Әбілқайыр ханның бас сардары болып қол бастаған, небір жанкешті ұрыстарға қатысқан, ақыл-айласының арқасында тығырықтан жол тауып, хан қосынын қыспақтан шығарып отырған, Бұланты, Аңырақай шайқастарында ерен ерлік көрсеткен атақты батыр. Күні кешеге дейін ресми тарихта мойындалып, бағасын алмай келген осы тұлға Бәкеңнің тынымсыз ізденісінің арқасында қазақ халқына мәлім болды. Автор оны Мәскеудегі Сыртқы істер министрлігі жанындағы мұрағат секілді құтханаларда ұзақ уақыт көз майын тауысып, нақты деректер табу арқылы жарыққа шығарды.

Шығармада автор Шотанның бейнесін ашу үшін оны әрдайым іс-әрекет үстінде, замандас һәм майдандас жолдастарымен қоян-қолтық байланыста көрсетіп, сөз бен істің бірлігі тұрғысынан нағымды бейнелейді. Кітаптағы Бектеміс ахунның Әйтеке биді емдеуі, адайлардың Әбілқайыр ханның құнын Барақ сұлтаннан қалай қайтарғаны өте тартымды суреттелген. Шотанның далалық ұрыс техникасын меңгеру жолдары, ұрыс суреттері де шынайылығымен көрінеді. Кейбір соғыс суреттеріне назар аударалық: «...Осы кезде қазақ қолы бастап майданға кірді де кетті. Оң қанаттан Сауырық бастаған Ұлы жүз қолы бірден ұмсынып жауды ығыстыра бастады. Орта тұстан сұғына кірген Тайлан бастаған Орта жүз жасақтары ортаны ойсыратын ойып түсіп, ілгерілей жөнелді. Сол жақтағы кірісіп кеткен Кіші жүз қолының тегеурініне шыдай алмай жау әскері екі жарылып, бөлектеніп қалды. Сол қанаттағы бөлектенген қалмақ қолын Шотан бастаған Байұлы жауынгерлері қоршауға ала бастады. Жырылып шыққысы келгендерін шашау шығармастан темір құрсауды сала қойды»; «...Онтайланып тұрған Ложбы шаншымын дегенше ауыр салмақпен ұшып келіп кіндіктен соққан Шотанның найзасының соққысынан белі екі бөлініп, ат үстінде бүк түсіп қалған еді. Шотан шабумен оралып келіп, басын шауып түсірді де, қағып алып, жетекке атын алып жүре берді. Мұны көріп тұрған қалмақтар одан әрі шыдамады. Аласапыран майдан басталды да кетті. Жан-жақтан жартылай қоршаған қалмақ қолы көптігіне сеніп, ортаны бұзғысы келіп жанталасқанмен, ештеңе жасай алмады. Төрт күн бойы қамап, қанша сұғынып келгенмен тұмсықтарын қанатып, көп шығынмен кейін қайтып отырды. Амалы таусылған қалмақтар ақыр түбінде ақ жалауын көтеріп бітімшілік сұрауға мәжбүр болды».

Б. Төлеуғалиұлы шығармашылығының шыны – оның 2007 жылы «Өлке» баспасынан жарық көрген «Адай тарихы сыр шертеді» атты роман-эссесі. Шығарма қазақтың адай руының түп атасы Адай батырдың өмір жолы мен ерлік істерін нақты құжаттарға сүйене отырып тарихи шындық тұрғысынан баяндап, тарихи әділеттілік орнықтыруға бағдар жасауымен құнды. Романда қазақтың аңыз-шежірелері мен ғылыми еңбектердегі деректерді жинақтап, әсіресе иран саяхатшысы Әл Ибн Бахуридың 1814 жылы жазған «Алғашқы қазақтардың бірігуі», сондай-ақ тарихшы Әкрам Мұхитбердінің «Қазақ құрамасы» атты 1797 жылы жазылған еңбегін негізге алып, Адай бабамыздың Қазақ елінің іргетасын қаласула атқарған еңбегін бейнелейді. Қазақ хандығының құрылу процесіндегі іргелі оқиғалар аясында Адаймен тайпасынан шыққан егді қазаққа мәжбүр жү-

жүрек батыр Адай мен оның балалары Келімберді мен Құдайке, олардан тарайтын Қосай мен Тәзіке туралы әсерлі баяндалады.

Роман туралы белгілі жазушы Тұрысбек Сәукетай: «Романның бас кейіпкері Адай батыр – нақты тарихи тұлға, Қазақ Ордасының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек ханның ту ұстаған батыры. Оны заманның өзі туғызған. Жастайынан ел тағдыры сынға түскен небір күрмеуі қиын оқиғалардың қайнаған ортасында жүріп ширап, шыңдалып өсті. Дара бітім, даналығымен көзге түсті. Кейіпкер өмір жолы арқылы қазақ тарихына тікелей қатысы бар арғы-бергі оқиғалар кеңінен сараланып, қызықты баяндалады. Әсіресе кітаптың негізгі екі бөлімі тартымды оқылады. XIII ғасырдан бастап Бұрындық, Хақназар хандарға дейінгі кезеңді қамтитын бұл тарауларда сан қырлы оқиғалар адай тарихымен сабақтаса өрбіп отырады», – деп әділ бағасын береді («Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан, 2009).

Әр адамның өз тегін білуге талпынуы – табиғи нәрсе, ал жеті жасар баласына дейін жеті атасын жатқа айтып, кез келген қазақтың тұқым-тұяғын індете келіп, төрт құбыласын түгендеп беретін біздің халық үшін әр рудың, тайпаның тарихтағы орнын түгендеп, нақтылай түсу – рухани қажеттілік. Ол – ата-баба аруағы алдындағы парыз, ұрпақ алдындағы міндет. Бұл ұлтымызды ұйыстырып, халқымыздың бірлігін, ынтымағын арттыра түсетін маңызды тұтастандырушы фактор екені сөзсіз. Ерлігі мен өрлігі, қайсарлығы мен өжеттігі аңыз болып келген адай руы хақында аңызға бергісіз әңгімелер қаншама көп болғанмен, шығу тегі нақтыланудың орнына әркім әртүрлі жорып, алыпқашпа әңгімеге айналып кете беретіні жасырын емес еді. Кешегі кеңестік кезеңдегі осы елге деген сенімсіздік пен селкостықтың әсері бұл тақырыптың аяғын тұсаулай берген болатын. Тәуелсіздіктің шарапаты берген мүмкіндікті пайдаланып, Бөкеңнің мұрағаттардағы тарихи деректерді негізге ала отырып, осы олқылықтың орнын толтыруға деген талпынысын ерлікке барабар еңбек деуге болады.

Осы орайда Елбасымыздың: «Түптеп келгенде, көптеген қарапайым қазақтың өз тегіне ден қоюы қазақ ұлтының төл болмысына тән танымға деген іңкәрлігіне байланысты. Мұндай іңкәрлік азат мемлекет аясында одан әрі дамып, әртүрлі қиындықтармен беттескенде кім-кімнің де парасат-пайымына бағдаршы болып отыруы керек» (Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 1999. 52-бет), – деген сөзінің терең мәнін ұғына түсеміз.

Бөкеңнің шығармалары жұртшылық арасында жылы қабылданып, зор қызығушылық туғызды, ол туралы баспасөз беттерінде әде-

биетші, тарихшы ғалымдар мен журналист, қаламгерлердің көптеген мақалалары жарияланды. Олардың ішінде ғалымдар Ғ. Бексейітов, Ө. Мұқай, А. Айтқұлов, Д. Байғұнақов, қаламгерлер Т. Сәукетай, А. Мекебай, С. Хасан, Ә. Спан, А. Өтегенов, т.б. бар. Оқырмандар арасында бұл еңбектер жоғары бағаланып, мемлекеттік марапатқа ұсыну туралы да ұсыныстар айтылды. Енді солардың кейбір ойтұжырымдарына кезек берелік.

Бәкең жас ұрпақ тәрбиесіне арнап қазақтың салт-дәстүрі туралы құнды деректік материалдар мен толғамды ойларын баспасөз бетінде де, жеке жинақ түрінде де ұсынып жүр. Бұл орайда осы жолдар авторымен бірлесіп жариялаған «Салт-дәстүр және қазақ тілін оқыту» оқу-әдістемелік құралынан да (Алматы, «Арыс» баспасы, 2013) оқырманның пайдалы деректер табары сөзсіз. Бұл құралда мектеп мұғалімдерінің, ата-аналар мен оқушылардың қажетіне әбден жарайтын тіліміздің лексикалық қорындағы салт-дәстүрге қатысты атаулар сыры мен қазақ тарихына қатысты деректер, сондай-ақ лексиканы оқытудың әдістемелік мәселелері қамтылған.

Бәкең – аузы дуалы, шешен сөйлейтін дегдар ойдың адамы. Ол Маңғыстау облысы бойынша алғашқылардың бірі болып «Отан» партиясына мүше болды. Елбасын сайлаулардың бәрінде, референдумда Елбасының сенімді өкілі болып қоғамдық қызмет атқарумен келеді. Сайлау кездеріндегі облыстың әр жерінде өткен сайлаушылармен кездесулерде Елбасы саясатын қолдап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуден ешқашан қалыс қалған емес.

2006 жылдың басында Елбасының Маңғыстау облысының әкімі қызметіне Қ.Е. Кошербаевты тағайындаған облыс активінің жиналысында жалғыз Б. Төлеуғалиевқа ғана сөз берілді. Сондағы Бәкеннің ағынан жарылып сөйлегені, Елбасын құшақтап тұрып құттықтағаны жиынғы қатысқандардың әлі есінде шығар. «Нұрсұлтан Әбішұлы – шын мәнінде, Қазақстан халқының мандайына біткен қайталанбас дара тұлға, Алланың қазақ деген елге берген сыйы, біртуар перзенті. Қазақстан халқы арты шын, алды түпсіз құлама шынырауға тіреліп тұрғанда, етегін түрініп, білегін сыбанып, елін бастап ұшпадан ұшырмай алып шыққан кім еді, білесіндер ме? Әрине, білесіздер, ол Нұрсұлтан Назарбаев еді ғой. Қазақстанды тәуелсіз мемлекет етіп тізгінін ұстағаннан бері адам айтса нанғысыз қаншама жұмыстар атқарылды. Етігімен су кешіп жүріп, кемел ертеңге апарар баспалдақтарды қалап тастады. Мемлекеттік шекараны бекітті, қарулы күштерді жасақтады, ұлттық экономиканың іргесін бекітті, ұлттық валютаны енгізді, ұлттық саясатты айқындады, ұлттық бизнесті

қалыптастырды. Егемендікті жариялаған соң, 130 күннен кейін мемлекеттік рәзімдерді бекітті, төл теңгеміз өмірге келді. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ бейбітшіліксүйгіш ұстанымымен ерекшеленді. Гуманистік идеяларды жоғары бағалайтын Елбасы 1991 жылдың тамыз айында атышулы Семей полигонын жапты. Өлім жазасына 2003 жылы мораторий жариялап, 2004 жылы ол толықтай алынып тасталынды. «Нұрлы көш» бағдарламасының аясында атамекенге бір миллионғаға жуық қандастарымыз оралып, қатарымызды көбейтті. Әр ұлтқа өзінің тілі мен мәдениетін, ділі мен дінін сақтау үшін барлық жағдай жасалды.

Елбасының «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы аясында елімізде жаңа жұмыс орындары құрылып, кәсіпорындар, тұрғын үйлер салынды, еңбекақылар, жәрдемақы мен зейнетақы, шәкіртақы көбейтілді. Астананы Сарыарқаға көшіріп, ешкімнің үш ұйықтаса түсіне кірмейтін ғажайып қала орнатты.

Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей бастамасымен 2004 жылы басталған «Мәдени мұра» стратегиялық жобасының арқасында ұлттық құндылықтарымызды түгендедік.

Осы жерде бір аксиоманы айта кетуге тура келеді. Әлемдік тәжірибені жинақтаған ғылыми тұжырымдарда жас мемлекеттер толыққанды елге айналу үшін ең кемі елу-алпыс жыл керек екені дәлелденген. Ал біздің еліміз – тәуелсіз Қазақстан бас-аяғы он үш-он төрт жылда адам айтса нанғысыз дәрежедегі жетістіктерге жетті. Жасыратыны жоқ, біз бұл жасампаздыққа өз еліміздің тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен жеттік! Барлық салада аянбай тер төгіп, еңбек еткен отандастарымыз бен қандастарымыздың арқасында қол жеткіздік», – деп аяқтап еді сөзін.

Соңғы кезде Бәкең «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы энциклопедиясын» шығару жөнінде бастама көтеріп, облыс әкімі А.С. Айдарбаевтың қолдауымен осы іске белсене кірісіп те кетті. Облыстың ауыл шаруашылығы туралы кең көлемде мәлімет беретін осындай іргелі басылымның қажеттігі біраздан бері сезіле бастаған болатын. Бұл бастама облыс тұрғындарының тарапынан да кең қолдау тауып отыр. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап өңірімізде құрылған серіктестік, артельдер, колхоздастыру кезеңі, ауылдық кеңес, кәсіподақ, партия, комсомол ұйымының басшылары, еңбек озаттары мен ардагерлер туралы мәліметтер мен Маңғыстаудың мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, аңшылық,

ұсталық, зергерлік, т.б. салалардан танымдық материалдарды қамтитын басылымның редакция алқасы мен жұмысшы тобы құрылып, бұл игілікті іске Бәкең тікелей жетекшілік жасауда.

Бәкеңнің еңбектегі жетістіктері лайықты бағаланып, «Нұр Отан» саяси кеңесінің Құрмет грамотасымен, «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тіл жанашыры» медальдарымен және Маңғыстау облысы әкімі мен мәслихатының Құрмет грамотасымен марапатталған. Ол – «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері», «Қазақстанның құрметті журналисі», сондай-ақ Маңғыстау ауданы мен Ақтау қаласының «Құрметті азаматы» атақтарының иегері.

Б. Төлеуғалиұлының атқарған елеулі еңбектері ескеріліп, болашақта мемлекеттік жоғары наградаға ұсынылатын болар деген ой-дамыз.

Бәкеңе айтар тілегіміз, жетпіс бес жасыңыз құтты болсын! Еліміздің саяси өміріне араласып, Елбасының ерен еңбектерін облыс жұртшылығына кеңінен түсіндіру жұмысын бұрынғыдан да жандандырып, қаламыңыз мұқалмай, шығармашылық қызметіңізді жалғастырып, тағы да бұрынғы кітаптарыңыз сияқты жұртшылық бас алмай оқитын шығармаларды өмірге әкеле беруіңізге тілектеспіз!

Әділет ҚАБЫЛОВ,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

«Ана тілі» газеті, 2-8 қазан, 2014 жыл.

МАЗМҰНЫ

ӘНЕС F. Сағасы алтын нар болат	3
ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР	5
МАХАМБЕТ ЖӘНЕ ИСАТАЙ.....	81
МАҚАЛАЛАР ЖӘНЕ БАЯНДАМАЛАР.....	155
АВТОР ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР МЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАР	257

«Арыс» баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

**БЕКТҰР
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**

ҒАСЫРЛАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Редакторы *Жангелді Естенбай*
Компьютерде беттеген *Нұрбүбі Садықова*
Дизайн *Орынбек Әнес*

*Басуға 30.12.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік қағаз.
Қарпі Times New Roman. Баспа табағы 26,0.
Таралымы 2000 дана.*

*«Арыс» баспасы
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143. 425-кеңсе
тел/факс: 8(727) 394 38 32, 385 74 67
E-mail: arys-kz@mail.ru*

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы жанындағы
«Арыс», «Қазақ тілі», «Абзал-ай»
баспаларының өнімі**

КІТАПТЫҢ АТЫ	Бағасы (теңге)
СӨЗДІКТЕР	
Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15 том (А-Я) 2006-2009 ж.	45000
Қазақ тілінің синонимдер сөздігі (академиялық сөздік). 2005 ж., 16500 сөз	2000
Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі (академиялық сөздік). 2005 ж., 61000 сөз	3000
Русско-казахский словарь 1-2 том (А-Я) 2007 г.	1600
Орфографиялық сөздік. 2007 ж.	800
Синонимдер сөздігі. 2007 ж.	800
Фразеологиялық сөздік. 2007 ж.	800
Тұрақты тенеулер сөздігі. 2007 ж.	800
Диалектологиялық сөздік. 2007 ж.	800
Орфоэпиялық сөздік. 2007ж.	800
Жер-су атауларының анықтамалығы. 2009 ж.	2500
Қазақ есімдерінің анықтамалығы. 2009 ж.	2000
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛЕРІ	
Кенесбаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2008 ж.	2000
Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2008 ж.	2000
Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2007 ж.	2000
Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2008 ж	2000
Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2007 ж.	2000
Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы) 2008 ж.	2000
Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. (оқу құралы) 2010 ж.	2000

Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер 2010 ж.	2000
Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания (оқу құралы) 2008 ж.	2000
ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ	
Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептология негіздері. 2007 ж. (оқу құралы)	400
Омарбекұлы. С. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. (еңбектің негізгі бөлімінде диалектология, фонетика, грамматика, әдеби тіл, тіл мәдениеті, ономастика мәселелері қарастырылады (оқу құралы) 2007 ж.	600
Жапбаров. А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 1-кітап (оқу құралы) 2007 ж.	400
Жапбаров. А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 3-кітап (оқу құралы) 2007 ж.	400
Жапбаров. А. Оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 4-кітап (оқу құралы) 2008 ж.	400
Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 5 кітап (оқу құралы 2009 ж.)	400
Ескеева. М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. 2007 ж.	500
Амирова. Т. Қазақ тілі. Оқу құралы / Учебное пособие. 2005 ж.	270
Қазақ тілінің этнограмматикасы. (оқу құралы) 2005 ж.	250
Әлісжанов.С. Ғылыми прозаның синтаксисі. 2007 ж. құрымдылық және коммуникативтік негіздері (оқу құралы)	400
Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. 2007 ж. (оқу құралы)	1000
Казахский язык без грамматики обучение по моделям речи (полноцветка, оқу құралы), 2008 г.	500
Әлімбек Г. Мазғұмбекова Ә. Қазақ тілі (тарих мамандығын игерушілерге арналған), 2008 ж. 168 бет.	350
Әлімбек Г . Қазақ тілі (көркем шығармалар арқылы тіл үйретуге арналған), 2008 ж. 192 бет.	350
Жүнісбек А. Введение в сингармоническую фонетику (книга посвящена анализу просодии слова на общefonетическом уровне) 2009 г.	300
Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы (бұл оқу құралы қазіргі қазақ фонетикасының өзекті мәселелеріне арналған) жұмсақ мұқабада – в мягком переплете 2009 ж., 312 бет.	400

Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар (ғылыми-танымдық зерттеу) 2009 ж., 272 бет.	400
Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (кітапта ақын тіліндегі қолданысы жиі жекелеген өзек сөздер мен ақынның сөздік қоры, оның идиостилін анықтау мақсатында талданды). 2008 ж., 256 бет.	650
Әбілқасымов Б. Қазақ тілі тарихына қатысты түркологиялық ізденістер. 2011 ж.	350
ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР	
Қондыбай С. Таңдамалы шығармалар жинағы, I-XII т.	8400
Байжумин Ж. Туран. Взгляд на историю человеческого общества. 1-4 тетради, 2012 г.	2100
Байжумин Ж. Тұран. Адамзат қоғамының тарихына көзқарас. 1-4 дәптер, 2013 ж.	2100

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» баспасы

Тел/факс 8(727) 390-74-15,
272-24-19, 8-777-796-30-06
e-mail: kazbaspa@mail.ru

**«АРЫС» және «АБЗАЛ-АЙ»
баспалары**

Тел/факс 8-(727)-394-38-32,
385-74-67, 8-705-111-0387.
e-mail: bekbosin-serik60@mail.ru
arys-kz@mail.ru

Ардақты Алаш азаматтары!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының, мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры жиырма екі жылдан бері жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың, мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен шығармашылығын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді.

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді*

*050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
4-қабат.
425-бөлме
тел./факс: 394 38 32,
385 74 67*



*е/ш.: 001700102
30070492 (валюта)
Алматы қ-сы
Казкоммерцбанк
МФО 190501724
РНН 600400010767*

**E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru**



АРЫС

ISBN 978-601-291-250-0



9 786665 175198